



**“Университет - ой пікірлер аймағы”
YESSENOV FORUM
аясында халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының
материалдары**

I TOM

Ақтау, 2019

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Университет – ой-пікірлер аймағы»
Yessenov Forum аясында халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының**

МАТЕРИАЛДАРЫ

I Том

8 қараша 2019 ж.

Ақтау

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
У59

Жалпы редакциясын басқарған – Yessenov University ректоры
Б.Б.Ахметов

Редакциялық алқа:

Е.Т. Нұрмағанбет, Н.С. Камарова, А.М. Джанисенова

У59 «Университет – ой-пікірлер аймағы» Yessenov Forum аясында
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
материалдары. I Том, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019, -
419 б.

ISBN 978-601-308-226-4

Жинақта ғылыми зерттеулерді, ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологияларды дамыту мен қолданудың практикалық нәтижелерін қарастырады. Сондай-ақ жоғары сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, отын-энергетикалық кешен мен мұнай-газ геологиялық ғылымды дамытуға бағытталған өзекті мәселелер, Каспий аймағының экологиялық проблемаларын, жасыл технологияларды, инновацияларды және қолжетімді энергия көздері мәселелері қарастырылады. Экономикалық және құқықтық жүйелерді басқарудағы өзекті мәселелерін және оның проблемаларын шешуге, сондай-ақ студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіпкерлік белсенділігін дамыту сұрақтары қарастырылады.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білімалушыларға арналған.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

© Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2019

ISBN 978-601-308-226-4

СЕКЦИЯ 1

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ – ТАПСЫРМАЛАРДЫ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА БАҒЫТ»

«ПРОГРАММА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – НОВЫЙ ПОДХОД К РЕШЕНИЮ ЗАДАЧ»

ӘОЖ 913.1

МҰНАЙ БАЙЛЫҒЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Демеев З.Р., студент

Ғылыми жетекшісі: Демеев А.Д.

**Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан**

Аңдатпа. Ғылыми мақалада әлемдік мұнай байлығының орналасуы, құрамы, түсі, оны өңдеуден алынатын өнімдер, табиғатта мұнайдың түзілуі, мұнайдың шаруашылық маңызы және түрлі жылдары дүниежүзі елдерінде өндірілу көлеміне географиялық сипаттаматтама беріледі. Оның құрамында оттегі, азот, күкірт, асфальтты шайыр қосындылары да кездесетіндігі баяндалады.

Түйінді сөздер: каустоболит, ультракүлгін, кремдер, парфюмерия, микроағза.

Мұнай - сұйық каустоболиттер қатарына жататын табиғи ішкі зат. Мұнай ашық сары, жасыл және қоңыр, кейде қара түсті болып келетін, өзіне тән иісі бар, ультракүлгін сәуле жарығын шығаратын сұйықтық. Оның түсі құрамындағы элементтерге байланысты.

Кей жағдайларда түсі ақшыл мұнай да кездеседі, мысалы, Азербайжан мемлекеттеріндегі Сурахана кен орнынан ақтүсті мұнай өндіріліп келеді. Генетикалық тұрғыдан алғанда мұнай шөгінді тау жыныстары орталығында пайда болған, басқаша айтқанда мұнай тектерінің өзгеріске ұшырауынан пайда болған органикалық заттардың қалдығынан өз алдына көшу (миграция) арқылы шоғырланып жиылған табиғи концентрат болып саналады.

Мұнай - көмір сутектердің күрделі (негізінен парафинді және нафтенді, аз дәрежеде - ароматты) қоспасы. Әр түрлі кен орындарында мұнайдың көмірсутектік құрамы түрліше өзгеріп отырады.

Негізінен алғанда көмірсутектерінен (85 %-ға дейін) тұратын бұл заттар дербес үйірімдер шоғыры түрінде жекеленеді: метанды, нафтенді және ароматты (хош иісті) тізбектер.

Оның құрамында оттегі, азот, күкірт, асфальтты шайыр қосындылары да кездеседі. Мұнайдың түсі қызғылт, қоңыр қошқыл, кейде ол ашық сарғыш түсті, ақшыл болып та келеді. Мысалы, Әзірбайжанның Сурахана алақында ақшыл түсті мұнай өндіріледі. Мұнай судан жеңіл, оның меншікті салмағы 0,65-0,95 г/см³.

Мұнай өз бойынан электр тоғын өткізбейді. Сондықтан ол электроникада изолятор (айырушы) ретінде қолданылады.

Осы кезеңде мұнай құрамынан екі мыңнан астам халық шаруашылығына керекті заттар алынып отыр: бензин, керосин, лигроин, парафин, көптеген иіссу түрлері, кремдер, парфюмериялық жұмсақ майлар, дәрі-дәрмектер, пластмасса, машина дөңгелектері тағы басқа. Ол қуатты әрі арзан отын - бір тонна мұнай үш тонна көмірдің, 1,3 тонна антрациттың, 3,3 тонна шымтезектің қызуына тең.

Қазір «Қара алтын» деп бағаланатын мұнайдың өзіндік мол тарихы бар. 1539 жылы ол тұңғыш рет Америка құрлығынан Еуропаға тасылатын тауарлардың тізіміне кіріпті.

Сол жылы Венесуэладан Испанияға жөнелтілген мұнай тасымалының алғашқы легі бірнеше темір құтыға ғана құйылған жүк екен.

Ол кезде дәрігерлер оны тек артрит ауруын емдеуге ғана пайдаланатын болды. Мұнайдың, ал ертеректе оны «тас майы» деп атаған, болашағы зор екенін болжаған орыс ғалымы М.В. Ломоносов, Пенсильванияда ең алғаш рет мұнай ұңғымасы бұрғыланғанға дейін жүз жыл бұрын, мұнайдың шығуы жайлы өзінің бірегей теориясын ұсынған еді. «Жер қойнауында тереңнен орналасқан шымтезекті шөгінділерден жерасты ыстығымен қою, майлы материя шығарылып, саңылаулар арқылы ағады...

Бұл дегеніміз - сирек, әртүрлі сұрыпты, жанатын және құрғақ, қатты материялардың пайда болуы, бұл тас майы - мұнайдың негізі...», - деп жазады 1763 жылы М.В. Ломоносов.

Мұнайды қыздыру кезінде мұнайға біраз ұқсайтын карамайларды беретін көмір мен тақтатастардан шығу теориясы да орыс ғалымдары -академиктер Паллас пен Абихтікі болған еді. Алайда ол кезде олардың қорытындыларының мұнайды іздестіруде практикалық мағынасы аз еді. Ең жемісті болғаны өткен ғасырдың соңында Д.И. Менделеев ұсынған мұнайдың бейорганикалық шығу теориясы еді. Ұлы орыс химигінің айтуы бойынша, жер шарының орталық ядросы темір және құрамдарында көміртегі бар басқа металдардың қоспаларынан құралады. Жер қыртысындағы жарықтардан өткен сулардың әсерінен бұл ядро жеңіл көмірсуларды - ацетилен, этилен және т.б. түзеді.

Жер жарықтары арқылы жоғары жер қыртысының суық бөліктеріне көтеріле бере олар мұнайдың негізгі құраушы бөліктері болып табылатын ауыр көмірсулар қоспасына айналады. Харичков және басқа да орыс ғалымдары мұндай әдіспен табиғи мұнайға ұқсас сұйық -жасанды мұнайды алды.

Д.И. Менделеев теориясы бойынша мұнай қарқынды тау түзілу орындарында кездеседі.

Мұны жиі бақылауға болады, сондықтан Д.И. Менделев қорытындыларын барлаушылар мұнайды іздеуде көп уақыт қолданды. Мұнай өнеркәсібінің дамуы барысында, әдетте, мұнай кездесуі тау түзілу процестері қосымша фактор болып табылатын жағдайларда кездесетініне көз жетті. Мұнай көбінесе теңіздің түбінде, соның ішінде жағажайлық шөгінділерде жиі табылады.

Сірә, теңіз өсімдіктері мен жануарлары қалдықтары судың түбіне жинақтала беруінен болар. Өйткені онда су ағысы болмайды, ол тыныштықта тұратындықтан, оған ауаның келуі қиындай түседі.

Ауаның әсерінен бұл қалдықтар тотығар еді, ал ауа болмағандықтан, бактериялардың әсерінен бұл қалдықтар құрамы бойынша мұнайға ұқсас, бірақ оларда толығымен мұнайға айналмайтын процестер өтеді. Мұндағы түсініксіз жайт: осы қалдықтардан мұнай қалайша түзіледі? Әңгіме мынада: онда хлорофилдің, яғни өсімдіктердің жасыл түсі негізінің және басқа да екі жүз градустан жоғары температурада тұрақсыз болатын заттардың қалдықтары табылған.

Ал барлық мұнайға жақын өнімдерді алатын белгілі химиялық реакциялар тек жоғары температураларда өтеді.

Ақыры 1930 жылы ірі кеңес ғалымы - академик Н.Д. Зелинский бұл жерде катализ, яғни өздері аз өзгеріске ұшырайтын заттардың әсерінен химиялық өзгерістерді тездететін құбылыс орын алатынын дәлелдеді. Катализаторлармен өсімдіктерге, бактериялық әсердің өнімдеріне жақын орналасқан заттарға әсер етіп, ол жасанды мұнайды екі жүз градустан төмен температурада алды. Осылайша сұрақтың жауабы шешілді, бірақ түпкілікті емес: ол тәжірибесінде қолданған катализаторлар табиғатта болуы мүмкін емес, олар өте тұрақсыз еді.

Табиғатта мұнай түзілуді іске асыратын заттарды ұзақ іздегеннен кейін химия ғылымдарының докторы, профессор Андрей Владимирович Фрост бұл, әдетте, мұнай қыртыстарын жауып тұратын кейбір сазбалшықтардың қатысымен болатынын анықтады.

Өсімдіктер және жануарлар қалдықтарымен бірге тұнып, сазбалшықтар, жануарлар сүйектері мен микроағзалар кейін мұнай түзетін фактор болып табылатын материалдың негізін түзеді. Лай - бұл сазбалшық, өсімдік және басқа да қалдықтардың түр өзгерген қоспасы - бактериялардың әсерінен құмды және басқа да кеуекті тау жыныстарымен қапталады. Олар, өз кезегінде, мұнай мен су өтпейтін сазбалшық және басқа да тау жыныстарының қабаттарымен қапталып, температурасы шамамен жүз градустай қабаттарға дейін түседі. Мұнда мұнай түзілу процесі аяқталады; құрамында лай болатын мұнай біртіндеп қабаттасады да, біз мұнай кенорындарынан табатын кеуекті тау жынысына енеді. Мұнайдың шығуының жаңа теориясының зор тәжірибелік маңызы бар. Ол мұнайшы-геологтарды мұнайдың түзілу жағдайларын анықтау әдісімен таныстырады. Мұнай қалай пайда болатынын білетін кен барлаушылары оны іздеу орындарын тез анықтайды.

Барлығы мұнай құрамында 50-ден аса элементтер табылған. Мысалы, жоғарыдағылармен қоса V(10-5 - 10-2%), Ni(10-4-10-3%), Cl (іздерінен бастап 2•10-2%-ға дейін) т.с.с. Әр зат әр кен орнында әр мөлшерде кездесетіндіктен орташа химиялық қасиеттерге ие. Мұнай дүниежүзілік жанар-жағар май-энергетикалық балансында орасан зор үлеске ие: оның адамзат пайдаланатын қуат көздері ішінде 48% алады. Болашақта бұл көрсеткіш мұнай өндірудің қиындай беруінен, және атом және басқа қуат көздерін пайдалануының өсуінен кеми береді.

Химия мен мұнай-химия өнеркәсіптерінің қарқынды дамуына байланысты мұнайға деген сұраныс жанар-жағар майлар үшін ғана емес, синтетикалық каучук, синтетикалық талшықтар, пластмасс, жуу құралдарын, пластификатор, бояғыштар т.б. (әлемдік өндірістің 8%-нан астамы) өндіру шикізат көздері үшін өсуде. Осыларды шығаруға бастапқы заттар ретінде көп қолданылатындар: парафиндік көміртектер - метан, этан, пропан, бутан, пентан, гексан, және жоғарымолекулярлықтар (10-20 атомды молекулалы көміртектер), циклогексан; ароматты көміртектер - тилен, пропилен, бутадиен; ацетилен.

Қазақстан Республикасы ежелгі мұнай өндіретін мемлекеттердің бірі болып табылады. Мұнай өндіріс тәсілімен шамамен 100 жыл бойы өндіріліп келеді. Мұнай мен газды игеру көлемі бойынша Атырау және Маңғыстау облыстары алғашқы орында, осыған байланысты облыс аймағында қазіргі ірі компаниялар құрылды. Ірі, ұлттық «МұнайГаз» компаниясының болжамы бойынша 2010 жылға қарай Қазақстан 102 млн т мұнай өндіреді делінген. Мұнай өндіру көлемінің жоғарлауы және Каспий ауданына 7 млн қоры бар Шығыс Қашаған кен орнының кіріктірілуі мұнай өндіру перспективасын қарқынды дамытуда.

2010 жылға қарай Қазақстан мұнай өндіруді 3-4 есе өсуруді жоспарлауда. Қазіргі уақыттағы мұнай өндірудің жылдық көлемі 25-30 млн т құрайды. Бұл төменгі көрсеткіш болып саналады.

Көптеген кен орындары ұзақ уақыт қолдануда, содықтан олар аздебетті саналады. Мысалы, Маңғыстау облысының түелдей дерлік барлық мұнайы «Жетыбай», «Қаражанбас», «Қаламқас» және «Өзен» сияқты ірі кен орындары елде өндірілетін көмірсутек шикізаттың 1/3-ін өндіреді, қиын өндірілетін мұнай категорияларына жататын 60% қалдықты мұнай қоры бар, дегенмен «Өзен» және «Жетібай» қорлардың түгелдей дерлік өндірілуімен, «Қаламқас» және «Қаражанбас» 30% және 9% өндірілуімен сипатталады. Сонымен, қазіргі уақытта мұнайдың экоөнімді қорын қарқынды өндіруде, ал ол өз кезегінде қордың қиын өндірілуіне әкеледі, бірақ көмірсутекті өндіру өсуде. 2010 жылы 100 млн т нүктесіне жету болжанды. Көпшіліктің пікірі 2010-2015 жж. қарай Қазақстанның ірі үш кен орындары - «Теңіз», «Қарашығанақ» және «Қашағаннан» мұнай өндіру тәулігіне 9 млн баррелге жетеді деген оймен келіседі.

Құрамында парафин және меркаптанның көп болуы, қазақстандық мұнайды тасымалдауға, сақтауға және өндеуге тиімсіз, себебі қосымша шығынды талап ететін оның коррозияға түсу қасиеті жоғары, қоршаған ортаға кері әсерінің болуымен сипатталады.

Қазақстанның мұнайгазды кешенінің дамуы энергетикалық шикізаттың сыртқы нарыққа шығару мәселелерімен тығыз байланысты, сосын салдарынан транспортты фактор аса маңызды мәселеге айналып отыр. Қазіргі уақытта шамамен мұнайдың 80%-ы Қазақстаннан мұнай құбырлары арқылы эксплуатацияланады, 12% темір жолдармен және 7% су көлігімен тасымалдау үлеісне тиесілі. Әр түрлі бағалаулар бойынша дәлелденген мұнайдың әлемдік қоры 143,4 млрд. тоннаға (немесе 1035 млрд. баррельге) жетеді; оның ішінде шамамен Таяу Шығысқа - 91,2, Орталық және Оңтүстік Америкаға - 13,0, Солтүстік Америкаға - 11,5, Африкаға -10,1, Ресейге - 6,7, Еуропаға - 2,7, ал қалған елдерге - 8,2 млрд тоннадан келеді. Әлемдегі мұнайдың ең ірі қоры (260 млрд баррель) - Сауд Арабиясында. Қазақстан көмірсутектік шикізаттың мол қоры бар 15 мемлекеттің қатарына кіреді. Теңіздегі кен орындарының есептемегеннің өзінде еліміздің территориясында мұнай мен газ конденсатының қоры - 2,9 млрд тонна, газдың қоры - 1,8 трлн м³. Қазақстанның жер қойнауында есептеліп дәлелденген көмірсутектердің әлемдік қорының 2%-ы бар. Қазақстанның құрлықтағы және Каспий шельфіндегі мұнай мен конденсаттың болжамдық қоры 12-13 млрд тонна деңгейінде деп бағаланады. Бұл кен орындары Қазақстанның 14 облысының алтауында орналасқан: Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Оның ішінде көмірсутектердің шамамен 70% - Қазақстанның батысында шоғырланған.

Мұнайдың барланған қорының көпшілігі Атырау облысында, оның үлесіне Қазақстанда барланған сұйық көмірсутектердің үштен бірінен көбі сәйкес келеді. Облыстың ең ірі кен орны - Теңіз (республиканың барланған мұнайының шамамен үштен бірі осында).

Маңғыстау облысының аумағында елімізде өндірілетін мұнай қорының төрттен бірі шоғырланған. Мұнда 70 кен орны ашылған, олардың ең ірілері - Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражамбас. Бұлардың ішіндегі Өзен кен орны республикадағы Теңізден кейінгі екінші орында, оның үлесіне Қазақстанның құрлықтан өндірілетін қорының 10%-ынан астамы сәйкес келеді. Көмірсутектердің 15-ке жуық кен орындары Батыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Олардың ең ірісі - Қарашығанақ мұнай -газ конденсатты кен орны, ол республикамыздың ең ірі үш кен орнының бірі болып табылады. Ақтөбе облысында көмірсутектердің 25 кен орны ашылған, оның ең ірісі - Жаңажол кен орындарының тобы, одан алынатын мұнай мен конденсаттың қоры шамамен - 170 млн тонна. Қызылорда мен Қарағанды облыстары шекарасында Қазақстанның маңызы бойынша бесінші мұнай-газды провинциясы - Құмкөл кен орындарының тобы.

Кесте 1 - Әлемде мұнай өндіру бойынша көшбасшы елдер (1970-2006 жж.), млн. т

Мемлекет	1970 ж.	Мемлекет	1990 ж.	Мемлекет	2016 ж.
АҚШ	475,3	КСРО	570,6	Сауд Арабиясы	585,7
КСРО	353,0	АҚШ	417,1	Ресей	554,3
Венесуэла	194,3	Сауд Арабиясы	341,3	АҚШ	543,0
Иран	191,3	Иран	161,4	Ирак	218,9
Сауд. Арабиясы	188,4	Мексика	147,1	Канада	218,2
Ливия	159,7	Қытай	138,3	Иран	216,4
Кувейт	150,6	Венесуэла	115,9	Қытай	199,7
Ирак	76,5	Ирак	105,1	БАӘ	182,4
Канада	61,9	ОАӘ	105,0	Кувейт	152,7
Нигерия	54,2	Канада	92,3	Бразилия	136,7
Барлығы әлемде	2269,7		3180		4382,4

Мұнай өндіретін елдердің ішінен Қазақстан қазіргі уақытта мұнай өндіру көлемі бойынша 23-орынды алады. 2002 жылы республикада 45 млн тонна сұйық көмірсутектер және 13 млрд м³-ден астам газ өндірілген. 2005 жылы мұнайды өндіруді 60 млн тоннаға дейін, газды 20,5 млрд м³-ге дейін, ал 2010 жылы мұнайды 100 млн тоннаға, газды 35 млрд м³-ге дейін арттыру жоспарланып отыр.

Әлемнің басты бес мұнай кен орындарының сипаттамасы мен олардың географиялық орналасуы туралы келесілерді айтуға болады.

1. Бұл бағытта Мексикада 20-ншы ғасырдың орталарында ашылған супер ірі Чиконтепек кен орны көш бастайды. Ол Шығыс жағалауда 3 штаттың аумағында орналасып, көлемі 4 мың км²-ді құрайды. Мамандардың есебі бойынша, ресурстың жалпы қоры 19-22 млрд тоннаға жетеді. Мұнай эоцендегі линзалық қабаттарда орналасып, қуаты 2 шақырым. Жұмысты талапқа сай орындау мақсатында 17 мың ұңғыманы бұрғылау жоспарлануда.

2. Гавар ірі кен орны Сауд Арабиясында орналасып, ұлылығы бойынша екінші саналады. Бұл 1948 жылы ашылып, Парсы шығанағындағы негізгі мұнай көздерінің бірі болып табылады. Аумағы 280 x 30 шақырымды құрайды. Гаварда шамамен 70 миллиард баррель мұнай барлығы анықталған. Бұл көз елде экспортқа шығаратын барлық мұнайдың 60% өндіреді.

3. Үлкен Буран. Кувейттегі мұнай кеніштерінің тұтас тобын құрайды. Кувейт бүкіл әлемдегі мұнай көздерінің 5%-ына иелік етеді. Ол 3 негізгі кен орыннан тұрып, барлығы дерлік шөл далада орналасқан. Бұл деректер Кувейттегі барлық тексерілген қорлардың 75%-на жуық. Жалпы ауданы - 920 шаршы км. Қазба қоры - 13 миллиард тоннадан астам. Дереккөздерде Жұмыс бұл жерде мұнай табылғаннан кейін 1946 жылдың соңында басталды.

4. Атлант мұхиты. Рио жанында орналасқан бірегей кен орны. Салыстырмалы түрде жақында анықталды (ресми құжаттарға сәйкес, бұл 2008 жыл). Ел басшылығы аталған көзді төрт негізгі блокқа бөлді: BM S8, BM S9, BM S21, BM S22. Ол «Кариока-Пан-ди-Асуар» деп аталады. Қазба қоры - 11 миллиард тонна. Қазіргі қалпына келтірілген қорлар барлық мүмкіндіктердің аз бөлігі ғана.

5. Закум. Біріккен Араб Әмірлігінде орналасқан бұл көз қоры бойынша өте маңызды саналады. Парсы шығанағында локализацияланған. Ол әр түрлі уақытта ашылған еңкі бөлек: 1965 жылы ашылған Төменгі Закум және 1967 жылы ашылған Жоғарғы Закум көздерінен тұрады бар. Жалпы қорлары өте әсерлі болып - 10,7 миллиард тоннаға бағаланады. «Қара алтын» қоры Жоғарғы Закумда - 8,2 миллиард, Төменгі Закумда - 2,5 миллиард тоннаны құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ОПЕК. ОПЕК Annual Statistical Bulletin 2017 (англ.). ОПЕК (2017). Дата обращения 22 июня 2017.

2. Statistical Review of World Energy 2017 (англ.). BP (08.06.2017). Дата обращения 22 июня 2017.

3. Нефтяная промышленность мира: развитие, структура, проблемы, перспективы. 4 Февраль, 2017 Базовые и полезные знания.

4. Уәлиев Т.О. және т.б. Өнеркәсіп географиясы: Т.О. Уәлиев, Д.І. Жангелдина, Қ. Сарқытқан, Н.М. Тұрғымбекова. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 300 б.

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫН ӨНДІРУ ТАРИХЫ

Батырбекұлы А., студент

Ғылыми жетекшісі: **Бекешов С.С.**

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Қазақстанда, әсіресе Батыс Қазақстанда мұнай өндірудің тарихы, осы бағыттағы орыс ғалымдары, саяхатшылары мен кәсіпкерлерінің бастамалары, бұрғылау жұмыстарын жүргізуі, мұнай кен орындарын ашуы, сондай-ақ Маңғыстаудың мұнайлы-газды кенорындарын игеру мәселесіне мамандар мен ғалымдардың үлкен мән беруі туралы баяндалған.

Түйінді сөздер: парафин, натуралист, көмірсутек, шикізат, геофизика.

Батыс Қазақстандағы мұнай қабаттарының белгілерін ежелден-ақ жергілікті халық байқаған. Әсіресе Құмсай, Иманқара, Доссор секілді мекендерде қышқылды мұнайға қаныққан құмдардың бөлінуі осының дәлелі болса керек. Ол аз десеңіз, Қарашұңғыл өзенінің оңтүстік бөлігінде бензин иісті, құрамында мұнайы бар бұлақтың ағып жатуы тегін емес екенін халық сол кезде-ақ түсінген.

Олай болса, оқырман, Қазақстан жеріндегі мұнайдың игерілу тарихына тоқталып, шамамыздың жеткенінше назарларыңыздан өткізіп көрелік. Қазақстан жеріндегі мұнайға ғылыми көзқарас орыс халқының саяхатшысы Г.С.Карелин Қайдақ шығанағында қайықпен жүзіп жүргенінде басталыпты.

Ол қалай десеңіз, ескекті ескен сайын судың бетінде майлы ақшыл заттың пайда болатындығын көріп қайран қалып, осы аймақты зерттеуге көңілі ауыпты деседі натуралист ғалымның. Бұл сонау 1832 жыл еді.

Осы және де басқа белгілер атағы дардай геологтар мен мұнайшыларды да қызықтырмай қоймады. Жер қойнауындағы қара алтынды игеріп пайдаға белшесінен батқысы келгендердің ең алды Леман атты кәсіпкер болды.

Табыстың көзін жақсы білетін Леман “Эмба-Каспий” компаниясын құрып, жүргізілген зерттеулерден соң 1894 жылы Қарашұңғыл жерінде алғашқы бұрғылау жұмыстарын бастап кетті. Епті Леманның бұл бастамасы тура 5 жыл өткен соң, яғни 1899 жылы өз жемісін берді ау әйтеуір. №7 скважинада 40 метр тереңдіктен мұнай фонтаны атқылап, бұл уақиға Қазақстан төсіндегі алғаш мұнайдың өндірілуі болып тарих бетіне жазылып кете барды. Міне осы сәттен бастап, еліміздегі мұнай өндірісінің қарқынды дамауы басталған еді. Ғалымдар жаппай осы аймақты зерттеп, нәтижесінде әскери топограф Г.А.Насибяның Таспас құдықтарының айналасында топографиялық зерттеулер өткізіп шайырлы мұнайдың бөлінулерін байқаған.

Ал академик Андрусовтың шәкірті М.В. Баярнаус болса тура он жылдан соң Төбешік атты аймақта қышқылды мұнайға қаныққан құмды қабаттың бар екендігін анықтады. Ғалымдар мұнайлы мекендерді табам деп көз майын тауысып зерттеулер жүргізіп жүргенде пайда көзін көре тұра тыныш жата алмайтын кәсіпкер Леман “Орал-Каспий мұнай бірлестігін” құрып, Доссорда бұрғылау жұмыстарын жүргізіп жатты. Осылайша бір жыл өткенде 1911 жылы №3 скважинадан 226 метр тереңдіктен мұнай фонтаны атқылады. Көп ұзамай ақ осы жерде жүйелі түрде мұнай өндіру бастау алып, Қазақстандағы алғаш өнеркәсіп бой көтерді. 1913 жылы Мақаттан мұнай табылып, ол жер де қызу жұмыстың аймағына айналды.

Доссор-Мақат зонасындағы мұнайдың сапасы өте жақсы еді. Мұнай жеңіл, күкірті аз, парафині де көп емес-тін.

Бұл мұнайдан төменгі температурада қолдануға өте ыңғайлы мотор майларын жасап шығаруға болады.

Дегенмен бұл артықшылықтар мұнай өндірісінің қарқындауына әсер ете алмады. Сол кездегі революция, азаматтық соғыс, бірінші дүниежүзілік соғыс деген сияқты саяси жағдайлар өндірістің дамуына мұрша бермеді. Елдегі саяси жағдай біржақтыланып, тұрақтылық орнаған соң, мұнай саласы қайта күшіне мініп, жандана бастады.

Нақты айтсақ, 1926 жылы Қосшағыл кен орны ашылды. Қосшағылдағы мұнайдың көлемі Доссор мұнайынан үш есе көп болды.

Бұл Қосшағылдың ашылуы да бір қызық әңгіме. Жергілікті тұрғын Бешім Қызылбасов осы аймақта мұнай қабаттарының белгілерін байқап, оны “Казнефтеразведка” трестінің геологы П.Я. Авровқа көрсеткен. Көп ұзамай осы жерде бұрғылау жұмыстары басталып, мұнай қабатының бар екендігі айқындалған. Нәтижесінде Бешім мырза “Құрметті мұнайшы” атағын иеленіп, тосыннан келген олжаға қарық болды. 1935 жылы Гурьевте (Атырау) академик Иван Губкин төрағалық ететін КСРО ғылым академиясының сессиясы өтті. Бұл басқосуда Орал Ембі мұнай аумағының болашағы талқыланып, нәтижесінде бұл аймақта жылына 25 млн тонна мұнай өндіруге болады деген қорытынды жасалды. Бұл сол кездегі шкала бойынша өте үлкен көрсеткіш еді.

Дәл осы жылы “Казнефть” бірлестігі Боранкөл кен орнын ашты. Маңғылшактың геологиялық құрылымын зерттеу жолға қойылды.

Каспий жағасындағы порттық елді мекен Баутинода бүкілодақтық геологиялық барлау ғылыми зерттеу институтының комплекстік барлау экспедициясы құрылып жатты.

Мұнайлы Маңғыстау жерінің жаңа дәуірі басталып, ұйқыдағы ару осылайша ояна бастады. 1957 жылы Маңғыстау жерінде барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында “Казахстаннефть” өндірістік бірлестігінің жанынан “Мангылшакнефтегазразведка” тресі құрылды. Осылайша 1961 жылы алып мұнай мен газға бай Өзен кенорны ашылды. Тура жарты жыл өткенде мұнайға бай Жетібай кенорны ашылды.

Өзендегі сәтті жүргізілген жұмыстардан соң, КСРО министрлер кеңесі жаңа бұйрық шығарды. Бұйрық бойынша, Маңғыстауда “Мангылшакнефть” және “Узеньнефть” мұнайөндіру бірлестіктері құрылды.

Бұл аймақтардағы жұмыстар сәтті жүріп жатса да, Бозашы жартыаралындағы зерттеу жұмыстарының нәтижесі мәз емес еді. “Мангылшакнефтегазразведка” тресінің Қызан, Қырын, Қошақ жерлеріндегі терең бұрғылау жұмыстары оң нәтижесін бермеген соң, жартырал тәжірибелік полигон ретінде Қорғаныс Министрлігіне берілді.

Геолог мамандар жұмыстардың текке кеткеніне қапа болып жүргенінде мынадай бір іс болды.

Жергілікті жолсерік Дүйсекең Ақмырзаев геологтарды газ бөлінісі болып жатқан аймаққа сілтеп, нәтижесінде “Мангылшакнефтегазразведка” тресі зерттеу жұмыстарын жандандыру туралы шешім қабылдап, бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін әскери полигонның бастығы Гайденкодан рұқсат сұрады.

Генерал-майор жұмыс қыс мезгілінде жүргізілетін болсын деп шарт қойып, рұқсатын берді.

Қақаған қыстың аязында бұрғылау жұмыстары басталып, 1974 жылдың 26 қаңтарында Қаражамбас аймағындағы К-12 ұңғысынан 302 метр тереңдіктен екпінді мұнай фонтаны атқылады.

Бір жыл өткенде Солтүстік Бозашы кенорны ашылды. Одан көп ұзамай Қаламқас кенорны ашылып, Бозашы мұнайлы аймағы пайда дами бастады.

Маңғышлақ жеріндегі жүргізілген жұмыстар мұнайдың өндірудің жылдық көлемін арттырған сайын арттыра берді.

Нәтижесінде осы көрсеткіш бойынша Қазақстан аумағы бүкіл Одақ бойынша екінші орынға шықты. Осы басталған шаруалардың жалғасы ретінде 1979 жылдан бастап бірнеше мұнайлы және газды-конденсатты кенорындары ашылды. “Теңіз”, “Имашев” (Атырау облысы), “Қарашығанақ”(Батыс Қазақстан облысы), “Кенқияқ”,

“Жаңажол”(Ақтөбе облысы) кенорындары қойнауынан қара алтынды жер бетіне төге бастады.

Еліміздегі мұнай мен газдың қоры Қазақстанды әлемдік нарықтың белді мүшесіне айналдырды. Қазіргі таңда үкімет озық технологиялар мен білікті кадрларға ие шет елдік компаниялармен ұзақ мерзімді келісімшартқа отырып, бірігіп жұмыс жасауда. Бұл 2001 жылы ірі Қашаған кен орнының ашылуына негіз болды деуімізге әбден болады.

Құрметті оқырман, атамекеніміздегі мұнай саласының даму тарихы қысқаша осылай өрбіді.

Хал-қадірімізше назарларыңызға маңызды оқиғаларды ұсынып, жеткізуге тырыстық.

Енді осы байлығымызды өз еліміздің дамуына пайдалануға құлшыну біздің перзенттік парызымыз болып қала бермек [Massaget.kz]. Маңғыстаудың мұнайлы-газды кенорындарын игеру мәселесіне үлкен мән бере отырып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1962 жылдың 19 қаңтарында «Маңғыстау түбегінде және Каспий маңы ойысының оңтүстік-шығыс бөлігі аумағында жүргізілетін мұнай мен газға деген геологиялық барлау жұмыстарының қарқынын күшейту және осы аудандарда ашылған мұнай кенорындарын игеруге дайындау туралы» деп аталатын арнаулы Қаулы қабылдады.

Оңтүстік Маңғыстау байлығын өнеркәсіптік игеру мақсатында 1964 жылдың қаңтарында «Маңғыстаумұнай» өнеркәсіптік бірлестігі құрылды. Тыңнан табылған мұнайлы өлкені игеруге Әзербайжаннан, Татарстаннан, Башқұртстаннан, Краснодар, Ставрополь аймақтарынан мыңдаған білікті мамандар мен тәжірибелі инженер-техникалық қызметкерлер тартылды. Ералиев, Жетібай сияқты мұнайшы кенттері мен Жаңаөзен қаласы пайда болды. Қазақ КСР Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің 13 ақпандағы №123 Қаулысына сәйкес, «Маңғыстаумұнай» Бірлестігі бойынша 1964 жылдың 3 шілдесінде «Өзен мұнай кәсіпшілігі басқармасын құру» деп аталатын №27 арнаулы бұйрық шықты.

Бұл Басқармаға Рахмет Өтесінұлы Өтесінов басшылық ететін болды. Басқарма мамандары құрамында 9 адам ғана жоғары білімді болатын, олар Мәскеудің мұнай институтын, Әзербайжанның индустриялық институтын, Грозныйдың мұнай институтын бітірген әр түрлі ұлттардың өкілдері еді. 1965 жылдың 10 шілдесінде Маңғыстаудың алғашқы мұнайы темір жол арқылы Гурьев мұнай өңдеу зауытына жөнелтілді.

Өзен және Жетібай сияқты аса ірі кенорындары бар Оңтүстік Маңғыстау мұнайлы-газды аймағы ашылғаннан кейін мұнайдың өнеркәсіптік категорияға тиесілі барланған қоры 20 есеге, ал жылдық өнім 14 есеге артты. Кейінгі 10 жыл ішінде Тенге, Тасболат, Қарамандыбас, Шығыс Жетібай т.б. жаңа кенорындар ашылып, олар барланды және игеруге берілді. Мұнай өнімінің еселей артуына байланысты оны Гурьев мұнай өңдеу зауытына және КСРО-ның өзге де зауыттарына тасымалдайтын мұнай құбырларын салу мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Аз уақыт аралығында, екі-ақ жылдың ішінде бұл мұнай құбыры тартылып үлгерілді, сөйтіп Маңғыстау мұнайын тасымалдау проблемасы шешілді. 1969 жылы Өзен–Гурьев–Куйбышев (Самара) мұнай құбырының бірінші кезегі іске қосылды. Жоғары парафинді мұнайды «ыстық мұнай құбыры» арқылы тасымалдау шаралары тұңғыш рет Маңғыстауда жүзеге асырылды. Маңғыстау мұнайы ұзындығы 700 шақырымдық жерасты арнасы арқылы Гурьевке жеткізілді. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында мұнайды іздеу мен барлау жұмыстары Бозащы түбегіне қарай ойысты, бұл жұмыстар Қаражамбас, Солтүстік Бозащы, Қаламқас сияқты кенорындардың ашылуымен аяқталды. Батыс Қазақстанды зерттеудің соғыстан соңғы жылдардағы тарихында бұл өңірдің көмірсутек шикізатына деген перспективаларын ғылыми тұрғыдан негіздеуге және іздеу-барлау жұмыстарының тиімділігін арттыруға 1946 жылы академик Қ.И.Сәтбаевтің пәрменімен Батыс Қазақстанның табиғи ресурстарын зерттеу мақсатында әдейі ұйымдастырылған Қазақ КСР Ғылым Академиясының Орал-Ембі ғылыми-зерттеу базасының қызметкерлері айтарлықтай үлес қосты. Бұл база 1956 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының Мұнай

институты, ал 1960 жылы Геология және геофизика институты болып қайтадан құрылды, соңғы құрылымдық өзгеріс барысында Институттың химия бағытындағы бөлімшелері Химия және табиғи тұздар институты болып жеке отау тікті.

1963 жылы Геология және геофизика институты республиканың Геология министрлігінің қарамағына берілді, ол 1972 жылдан бастап Қазақ мұнай барлау ғылыми-зерттеу геологиялық институты (ҚазНИГРИ) деп аталатын болды. Іздеу жұмыстарының нәтижелілігін қамтамасыз етуде техникалық қамсыздандыру шараларының кеңі түсуі, жұмыс көлемінің артуы, геофизикалық зерттеу әдістеріне жаңа әдістемелердің енгізілуі үлкен әсер етті. 1957 жылы Қазақ геофизикалық тресінің құрамына Гурьев мұнайкәсіпшілік кеңсесі берілді, ол 1960 жылы дербес «Қазақстанмұнайгеофизика» тресі болып бөлініп шықты. 1960 жылы Алматы қаласында Бүкілодақтық барлау геофизикасы институтының Қазақ бөлімшесі ұйымдастырылды. 1962 жылы «Қазгеофизтрестің» жөндеу шеберханасының негізінде «Қазгеофизприбор» эксперименттік зауыты құрылды. 60-шы жылдардың орта шеніне қарай Қазақстанның геофизикалық қызметі құрамында 6 экспедициясы және «Қазгеофизприбор» зауыты бар Қазақ геофизикалық тресінен, 4 экспедициясы бар «Қазақстанмұнайгеофизика» тресінен, сол сияқты аумақтық геологиялық басқармалар құрамындағы 7 жекелеген геофизикалық экспедициялардан және бірнеше партиялардан құралды. Бұл жылдары мұнай іздеу геофизикалық жұмыстарының басым бөлігі Гурьев, Орал, Ақтөбе, Тұрлан (Шымкент қаласы), Іле (Алматы қаласы) геофизикалық экспедициялары, сол сияқты Қазақ КСР Геология министрлігінің құрамына кіретін Батыс Қазақстан (Гурьев қаласы) және Маңғыстау (Шевченко қаласы) кәсіптік-геофизикалық экспедициялар тарапынан жүргізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. История добычи нефти и мировой нефтяной промышленности
2. Ергин Д. Добыча: Всемирная история борьбы за нефть, деньги и власть. ДеНово, М, 1999.
3. История развития, динамика и перспективы добычи нефти и газа в России и зарубежных странах
4. История добычи нефти в мире. История открытия нефти. 23.07.2019

ӘОЖ 908 (045)

МАҢҒЫСТАУДЫҢ МАРҒҰЛАНЫ

Жайлымысова Г.Ж., студент

Ғылыми жетекшісі: Өтесова Г.Е.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Маңғыстау өлкесінен шыққан бүгінде Маңғыстау мақтанышына айналған танымал тұлға, ұстаз, өлкетанушы Есбол Өмірбаевтың өскен ортасы, қоғамдық қызметі және елі үшін еткен еңбегі баяндалады.

Түйінді сөздер: Маңғыстау, өлкетанушы, мектеп, ұстаз, тарих.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында жастардың үлгі алуына, заманауи Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік беретін «100 жаңа есім» жобасы ұсынылған. Бұл жоба жайында Елбасы «Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек» деп ескерткен болатын. «Жаңа есім» жобасы өзінің батыры мен ақынын көрсеткісі келетін қалың жұртшылық тарапынан кең қолдау тауып, республикалық маңыздағы үздік

тұлғалармен қатар, әрбір облыстың, әрбір ауданның, тіпті әрбір мектептің, ұжымның үздік жүз тұлғасын тізімдеп шығу бастамасы жиі көтерілуде. Елдегі меценаттар мен қамқорлық пен қайырымдылық жасаушы тұлғалардың көпшілігі танымалдылыққа танытуға мән бермей жатады. Танымалдылықты артық дүние санайтын көптеген меценат тұлғалар өздерінің мерейлі істері үлкен бір ұрпақты тәрбиелеуге жететіндігін ескермейді. Адамгершілігі мол адамның қарапайым келетіндігі де белгілі. Алайда мұнда халық қалаған, аймақ қолдаған тұлғаны жұрттың өзі ұсына алады. Қазірдің өзінде жүз есімді анықтау мақсатында әр өлкеде қызу ұсыныстар келіп түсуде. Ақылымен, дарынымен заманауи қазақстандық қоғамды қалыптастыруға үлес қосқан тұлғалардың санатын сағат санап өсіп жатқандай. Республикаға танымал адамдармен қатар игі іс тындырған өзге де жайсаң тұлғалар жобаға ұсынылуда. Қазақстанның жаңа заманғы келбетін қалыптастыруға ұмтылған тұлғалардан өнеге алған жастар да өзін жетістік жолында, елге еңбек сіңіру мақсатында өмірін сарп ететін болады. Елі үшін, жері үшін қандай да бір сауапты іс сіңіріп кетуге ұмтылады. Әрбір адамның мақсаты бұл туған елі мен кіндік қаны тамған атамекеніне еңбек сіңіру, бұл өмірге келуінің де басты миссиясы екендігін сезіне алуы қажет. Олай болса, Маңғаз Маңғыстауымызға көптеген күш жұмсап, еңбек еткен, Есбол Өмірбаев атамыз туралы сыр шерткім келеді.[1.1] Маңғыстау өлкесінде тұңғыш қазақ тілінде орта білім беретін С.М.Киров атындағы орта мектептің тарихында есімі алтын әріппен жазылар абыз ұстаз Есбол Шадрқұлы Өмірбаев 1916ж. Қаратау ойындағы Ағашты-Онды жерінде дүниеге келген. Ол 13 жасында балалар үйіне орналасып, мектепке қабылданды. 1932ж. көктемде бесінші сыныпты бітірісімен, «ІІ Иниернационал» ұжымшарына балықшы болып ерте еңбекке араласты. 1933ж. аупарткомның есеп бөліміне ауысты 1934ж. қазан айынан бастап Ганюшкиндегі мектептің 8-сыныбына қабылданды. 1935ж. Фурмановтағы 12 айлық мұғалімдік курсың бітірді. Осылайша,күнелтіс қамымен еңбекке араласа жүріп, жиған терген білімін ел игілігіне жаратуды мақсат еткен Есбол Өмірбаев Маңғыстауға келіп, ұстаздық қызметке кірісті. 1938ж. Орал пединститутына оқуға түсті. Екі жылдай оқығаннан кейін, денсаулық, тұрмыс жағдайына байланысты оқуын тоқтатуға тура келді. 1961ж. үзіліп қалған оқуын ГурПИИ-де жағастырып, жоғарғы білім алды. Қазақ жұрты сауатты болуды көксеген жылдары еңбек жолын ұстаздықтан бастаған Есбол Өмірбаев 20 жылдан астам уақыт ағарту ісімен айналысты. 1936-1937ж.ж. Бозашы түбегіндегі «Коммунизм жолы» ұжымшарына қарасты ІІІ ауылдағы Тапей бастауыш мектебінің меңгерушісі, 1937-1938ж.ж. Баутин елді мекеніндегі М.Горкий атындағы орта мектебінде мұғалім, 1940-1943ж.ж. Сығынды ауылындағы Тельман орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, 1943-1949ж.ж. С.М.Киров атындағы орта мектебінің директоры, 1950-1961ж.ж. бастауыш сыныптардың оқу ісінің меңгерушісі, қалалық интернат диреторы болып қызмет атқарды. [2.4] Сұрапыл соғыс жылдары жоғары сыныпта оқитын балалар саны азайып, орта мектеп мәртебесінен айырылып қалуға шақ қалған білім ордасына қайта қан жүгіртіп, жан кіргізу мектеп директорына оңай соқпағаны белгілі. Ол соғыстан кейін еңсесі түскен елдің балаларын қайта мектепке тарту үшін ауыл-ауылды атпен аралап, әр отбасымен жеке-жеке сөйлесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бүгінгі таңда қария жасына жеткен мектеп түлектері осы жылдарды, әсіресе мектеп басшысы Есбол Өмірбаевтың тигізген шарапаты мен жасаған қамқорлықтарын көздеріне жас ала еске алды. Самайларын қырау шалған шәкірттері «Есекең болмаса оқу дегенді білмей өтүміз де мүмкін еді» деп ақ пейілдерімен ақтарылды. Жаратылысынан өз ойын өзгеге жеткізу шеберлігі, сөйлеу мәнері ерекше Есбол Өмірбаев әр сабақта, үзіліс кезінде еліміз үшін сын сағаттарда қан майданда жаумен айқасқан ерлер ерлігі туралы айтып, шәкірттерінің болашағына сенім ұялатып, алға ұмтылдыратын. Жетім балаларға ерекше қамқорлық танытып, тапқанын тамағына жұтпай әуелі солардың аузына ұсынатын жомарттығы өз алдында бір аңыз. Тұрмыс жағдайы өте төмен балаларды сабақтан тыс кезде мектепке жұмысқа орналастырып, күнкөріс қамына қолғабыс ететін. Кең пейілді, жылы жүректі мектеп басшысы Есбол Өмірбаевты көз көргендер осылайша ерекше құрметпен еске алады. Ел ішін қиыншылық, жоқшылық белең алған кезеңде

Маңғыстау түбегінің оқу-ағарту саласын қалыптастыруда абыз ұстаз Есбол Өмірбаевтың аямай жұмсаған күш жігерін, қосқан қомақты үлесін, ерен еңбегін кейінгі ұрпақ ешқашанда ұмытуға тиісті емес. Өз заманының ыстығына күйіп, суығына тоңған, мектеп тағдырын ойлап, түн ұйқысын төрт бөлген Есбол Өмірбаев соғыстан кейінгі кезеңдерде орта мектепті педагог кадрлармен толықтыру жолында да аянбай тер төкті. Ой мен қырдан жинап-терген балаларын оқытатын мұғалім жетіспей салы суға кетіп, жігері құм болған күндерді де бастан өткерді. [3.1] Нысанасы берік, мақсаты айқын жандар тағдырдың қандай кедергілері кездесе де табысқа жетпей тынбайтыны белгілі. Есбол Өмірбаевтың тынымсыз ізденісінің, сұранысының нәтижесінде мектептің педагогикалық ұжымы тарих пәнінің мұғалімі Бибінұр Мифтахова, химия-биология пәні мұғалімі Микош Лапытова, математика пәні мұғалімі Нұржан Оразов секілді жас мамандармен толықты. Неміс тілінің мұғалімі Умова Роза Августовна мен орыс тілінің мұғалімі Найденишова Вера Сергеевнаны өзі барып Гурьевтен алып келді. Осылайша, үміт пен сенімнің қос шырағын қос қанатына байлап, мектепті оқушылармен және педагог кадрлармен қамтамасыз ету жолында жаяу жалпылап ел аралап, орта білім беретін мектеп мәртебесін сақтап қалу жолында өлшеусіз еңбек етті.[4.3] Білікті басшы, қамқор ұстаз Есбол Өмірбаев мектеп бітірген түлектерді жоғары білім алуға, ұстаздық мамандық таңдауға бағыт-бағдар береді. Ол 1946-1954ж.ж. Орал пединститутының оқу және ғылым жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі қызметін атқарған мектеп түлегі Шайқы Еркеғұловпен сөйлесір, ауылдан барған балаларды күтіп алып, жатақханамен орналасуға көмектесуді сұрайды. Мұндай ерекше қамқорлық таныту шынайы ұстаздың ғана қолынан келеді. Ол Маңғыстау тарихында белгілі тұлғалардың тағдыры туралы естеліктер көп жазып, келер ұрпаққа баға жетпес мұра қалдырды. Мектеп тарихын жазуда оның жазу машинкасымен жазылған қолжазбалары біз үшін құнды дүние болғаны сөзсіз.[5.2] Бала шақтан туған жердің табиғатына деген сүйіспеншіліктен туған тамаша ойлары, тұла бойын түртпектеп маза бермеген тебіреніске толы ой толғамдары оны өлкетанушы болға жетеледі. Осылайша, ол еңбек жолын ұстаздық арнадан өлке тарихын зерттеу жұмысына бұрды. 1962-1982ж.ж. Форт-Шевченко қаласындағы Т.Г.Шевченко мемориалдық мұражайының директоры, 1982-1988ж.ж. Маңғыстау этнографиялық мұражайының директоры секілді басшылық қызметтерді де абыроймен атқарды. Ұлт керегіне жарайтын жәдігерліктің барлығын ел ішінен аяқтай жүріп жинап, этнографиялық мұражайдың негізін салған Есбол Өмірбаевтың еңбегін елі ерекше бағалайды. Қазақ жерінде айдауда болған украин ақыны Т.Шевченконың шығармашылығын жинақтап, насихаттап, екі ел арасында достық көпірін орнатуда да аянбай тер төкті. Оның ерен еңбегі жоғары бағаланып, «ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі», «ҚР еңбегі сіңген мәдениет қызмекері» төс белгілерімен, Украин КСР Жоғары Кеңесі Президиумының «Құрмет грамотасымен» марапатталады. Украина жазушысы А.Костенка екеуінің авторлығымен «Гүлденді өмір» кітабы 1977ж. Киевте украин тілінде, 1984ж. Алматыда орыс тілінде жарық көрді. Ол-«Октябрь арайында», «Маңғыстау» кітаптарының авторы. Маңғыстау тарихы жайында баспасөз беттерінде 100-ден астам мақала, зерттеу еңбектері жарияланды. Осылайша, түбек тарихында өшпес қолтаңбасын қалдырған ардақты азамат Есбол Өмірбаев 1988ж. 73 жасында дүниеден өтеді. Халық депутаттары аудандық кеңесінің 20.10.1992ж. №11/13 қаулысына сәйкес өзі тұрған көше және 1999ж. 21 сәуір ҚР Үкіметінің №441 қаулысына сәйкес Форт-Шевченко қаласындағы С.М.Киров атындағы орта мектеп ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, белгілі педагог Есбол Өмірбаев есімімен аталады. [6.3]

Зердемді сен ашпасаң не етер едім?

Өмірден сыбағасыз өтер едім

Ғажайып дүниенің сырын жайып,

Қияға қызықтырып жетеледің.

Тамаша әннің осы бір шумағы Есбол Өмірбаев атамыздың Ұстаз сөзіне кір келтірмей, алға ұмтылғаны еріксіз ойыма орала берді. Ел Президенті Н.Назарбаев «Ұлы

дала ұлағаттары» жазбасында: «Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін біз халқымыздың қайраткер тұлғаларының өмірбаяндарынан білеміз» деген пікір айтқан-ды. Елі үшін аянбай қызмет етіп, зор құрметке бөленген Есбол Өмірбаев есімі түбек халқымен бірге жасары анық ақиқат[7.3].

Пайданылған әдебиеттер:

1. <https://massaget.kz/mangilik-el/47808>
2. Маңғыстау энциклопедисы, Алматы 1997ж.
3. Октябрь арайында. Е.Өмірбеу, Қ.Сыдиқов
4. //Ақкетік арайы газет.

ӘОЖ 316.32(574-25)

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ НЕКЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ҰЛТЫ ҮШІН МАҢЫЗЫ

Тақабает А.Қ., студент

Ғылыми жетекшісі: **Қыйзатова С.М.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ жастарының ұлтаралық некелерінің даму тенденциялары мен оның қазақ қоғамындағы алатын орны туралы айтылады. Сонымен қоса, ұлтаралық некенің мәні мен тарихи-этнографиялық алғышарттары және де оның әлеуметтік өмірге қандай әсері бар екені туралы мәселелер қарастырылды.

Түйінді сөздер: неке, ұлтаралық неке, отбасы, этнология, демография.

Ұлтаралық отбасылар қоғамның биоәлеуметтік өзін-өзі реттеуі процесіндегі маңызды құрал болып табылады. Аралас отбасындағы ерлі-зайыптылық проблемаларын зерттеу неке-отбасылық қатынастардың қазіргі жай-күйі туралы білімді толықтыруға және олардың одан арғы дамуын болжамдауға, қалыптасқан этнодемографиялық жағдайды, күнделікті өмірдегі этносаралық өзара ықпал мен ұлтаралық процестердің барысын, тілдік және мәдени өзара әрекеттердің және т.б. барысын айқын бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан да ұлтаралық некенің санының өсуін экономикалық және психологиялық көрсеткіштерінің бірі деп есептуге болады. Бүгінгі таңда әлемде этносаралық некелердің көбейуі байқалуда. Кез келген саяси, экономикалық, мәдени немесе дінге қатысты неке-отбасы қатынастары этникалық сипат алуда. Қазақстанда аралас қазақ-орыс, қазақ-ұйғыр, орыс-украин, орыс-корей, қазақ-корей, қазақ-татар, орыс-неміс, орыс-татар және т.с.с. некелер өте көп.

Қазақстан-егеменді демократиялық мемлекет. 130-ға жуық ұлт пен ұлыстарды бір тудың астына айрандай ұйытып отырғаны мақтанарлық қасиет. Елдің қауіпсіздігінің кепілдігі ол ауызбіршілік екені анық. Осыған орай елдегі әлеуметтік қатынастардық кең көлемде зерттелу қажеттігі туады. Сонымен қоса әртүрлі этностар қатар өмір сүріп жатқан қазіргі Қазақстан қоғамында аралас неке болмай тұрмайды. Бірақ аралас неке қазақ ұлтының болашағына пайдалы ма, әлде зиянды ма? Нақтырақ айтқанда, өз ұлттары азулы ұлттардың кең көмейіне жұтылып жатқан мына заманда, бар жоғы 10 миллионнан жаңа асқан қазаққа аралас некенің берері бар ма екен? Өкінішке орай қазіргі заманауи зерттеушілер ұлттардың аралас некесіне көр көңіл бөлмейді, барлық назар әлеуметтік-саяси, экономикалық мәселелерге аударылған. Бірақ XX ғасырдың 60-80 жылдарында бұл тақырып өте белсенді зерттелген болатын.

Мақала жазу барысында жалпы ғылымдық (анализ, синтез, жүйелі әдіс) тарихи, этнографиялық және этносоциологиялық әдістер, статистикалық ақпарларды талдауға негізделеді. Мақаланың теориялық негізіне Ю.В.Артунян, Қ.Аманжол, С.Уәлиева,

А.Сусоколов т.б. ғалымдардың теориялық ойлары мен тұжырымдары басшылыққа алынды.

Зерттеу барысында келесі теориялық-методологиялық әдістер қолданылады: нақтылы тарихи әдіс – тарихи хронологиялық, тарихи-салыстырмалы әдісті пайдаланылды.

1940 жылы Кеңес Одағы өзінің құрамында өмір сүріп жатқан 130 ұлтқа зерттеу жүргізілген болатын. «Орыстармен үйленген басқа ұлт өкілдері қанша екен?» деп, санақ жасағанда, бірінші орынға Латвия секіріп шыққан да, екінші орында – Қазақстан. Ел басқарған азаматтардың қуаныштан бөркі қазандай болып, бірер жылда Латвияны басып озуға ұмтылыс жасағаны жасырын емес. Кейін 1950 жылдары тың игеру кезінде елімізде аралас неке күрт өскен. 1940 жылдары 15 пайыздың шамасында болса, 1950 жылдардың соңында 23 пайызы жеткен. 1979 жылы дегенде әрбір бесінші неке – аралас неке болыпты. А.Г.Волковтың еңбектерінде 1985 жылғы жүргізілген зерттеулер бойынша КСРО-да қазақтардың басым бөлігі аралас некеге орыстармен және татарлармен тұрарды екен. Дәлірек айтсақ, орыстармен -36,6%, татарлармен – 22,1%, өзбектермен -, украиндармен - 7,1%, каракалпақтармен – 5%, қырғыздармен – 4,8%, башқұрттармен -3,4 %, және немістермен -2,9% [1, 70-6].

Бір таңданарлық жағдай, 1980 жылдардың аяғында аралас неке күрт төмендеген. Тіпті, 9,7 пайызға дейін құдырап кеткен. Бұлай болуына әсер еткен дүние – елдегі демократиялық өрлеу мен ұлттық сананың оянуы сияқты.

Тәуелсіз Қазақстанда жыл сайын шамамен 100 мыңдай неке қйылса, оның 20 пайызы немесе 20 мыңы аралас неке екен. Кейбір қоғамдық ұйымдардың зерттеуіне қарасақ, 18-20 жасатағы қазақстандық қыздардың үштен бірі шет елдік жігітке күйеуге шыққысы келеді. Бұл бойжеткендердің 50 пайызы қазақ қыздары. Шетелдік азаматтармен аралас неке құрушылардың 50 пайызы ресейліктердің үлесінде. Келесі орында Қырғызстан мен Өзбекстан. Бұл ағайындар жұмыс іздеп келіп-ақ, қалыңсық қазақ қыздарын құшып жатыр. 2007 жылы Астана қаласында азаматтығы жоқ тұлғалармен 36 неке қиылса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 47-ге жеткен. 2009 жылдың алғашқы жартыжылдығында 37 неке тіркелген. Бұл сан жыл сайын өсуден [2]. Әрине, ұлтаралық неке көп ұлтты елде болуы заңдылық, тіпті, елдегі татулықтың белгісі деуге де болады. Алайда, қан тазылығы үшін жеті атадан сұрасып қыз алыстаны қазақ ұлты үшін өзге ұлтпен туыстасу қаншалықты пайдалы? Бұл мәселені қазақылық тұрғысынан қарасақ ұлттың бұзылуы ретінде қабылдаймыз, ал әлемдік стандарттаға сай болуға талпыныс жасаймыз десек, бұл аралас некелер процесін қолдауға мәжбүрміз. Өткені қаншама көп ұлт болғанымен олар бір тудың астында тұрғандықтан бір тұтас ел болуы міндетті. Солтүстіктегі көршіміз Ресей Федерациясын мысал ретінде алсақ, қазіргі таңда Ресей азаматтарының төлқұжаттарында «ұлты» деген бөлім алынып тастаған. Әрине Ресей мемлекеті бұны азаматтардың құқығын шектемеу, толық еркіндік мақсатында деп жоғары адамзаттық көзқарас білдіріп отыр. Ұлтаралық қатынаста, конфессияаралық толеранттылықты қалыптастыруда, әрине, бұл заман қажеттілігі. Құрамында 170-тен астам ұл өкілдері тұратын Ресей жағдайында бұл келісті де, үйлесімді де, болар [3, 158-6]. Өткені бұл олардың қанына сіңген ұлттардың бірігуі, ұлтаралық некелердің көбеюі Ресей жағдайында өте тиімді болар.

Тәуелсіздік алғанға дейінге кезеңде жоғарыда атап айтақан XX ғасырдың 60-80 жылдар аралығында аралас некелердің өте көп болғандығын айтып өттік. Ол кезеңдегі аралас некелердің өсуін ғалымдар ұлттар арасындағы қарым-қатынастардың дамуы мен нығайуы ретінде бағалаған [4, 120-6]. Әрине оны жоққа шығармаймыз, алайда бұл процестен орыстандыру, кеңестендіру сияқты саясаттың мүңкіген иісін байқамау ақымақтық.

Сонымен қоса осы аралас некелердің пайдасы мен зияны туралы ғалымдар арасындағы таластың қаріргі күнге ейін шегі жоқ. Әрине патриоттық тұрғыдан қарағанда «аралас неке» ұлтты құрдымға кетіретін қауіпті процесс. Алайда, ұлт әрқашан бір

формада бір қалыпты сақталып қалмайтынын да ескеріп кеткен жөн. Мәдениеттің дамуы тек айналандағы басқа да мәдениеттермен өзара қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Олай болмаған жағдайда егер мәдениет сырттан келген жаңа үлгілерді мүлдем қабылдамай өзінің сана сезімі шеңберінде қамалып қалса ол мәдениет жойылудың жолдын деген сөз. Бұл сөздердің біздің еліміздегі аралас некелерге де тікелей байналысты. Шындығында да, біздің ұлтымыздың дамуына септігін тиігіуі мүмкін деген ой келеді. Алайда қазақ қанын тазалығын сақтау үшін өзге мәдениеттермен қабысуы керек болса қазақ болудан бас тарқанымен бірдей деп ой топшылауға болады.

Жалпы ғылымда ұлтаралық аралас некелер туралы зерттеулер өте көп. Сонымен қоса некенің түрлері де өте көп. Мысалы эндогамиялық және экзогамиялық некелер. Яғни, эндогамиялық неке –некелесушілер бір этностан немесе тек өз «тобынан» болады. Ағайындық, ауылдық немесе тайпалық эндогамия қарапайым қоғамдарда кездеседі. Ал, экзогамия бұл түсініке мүлдем кереғар.

Қазақ халқы сан ғасырлар жоғарыда айтқан эндогамиялық некені қатаң сақтап келгені тарихтан белгілі. Кей халықтардың тарихын оқысақ дипломатиялық мақсатта өзге елмен құдаласу жағдайларның көп болғаныны байқаймыз. Алайда ең қызығы, қазақ өзге ұлттан қыз алса да, қыз бермеген. Өйткені ұлдан туған бала қазақ болса да, қыздан туған жиен жат болатыны белгілі. Соған орай дана халқымыз «жиен ел болмас, желке ас болмас» деп бекер айтпаған. Кеңестік кезеңнің ызғары келісімен экзогамиялық некелердің көбеюі қазақтың ұлттық психологиясына да үлкен әсерін тигізбей қоймағаны анық. «Ұлттық дәстүрлерді сақтап қалу үшін эндогамия қажет, өйткені эндогамиялық некеде балаға қалыптасып қалған стереотиптер дайын күйіндер беріледі, ал экзогамиялық отбасыда екі түрлі қалыптасып қалған[5, 96-б].

Қазақ ұлтына зиянын былай қойғанда аралас некенің өзі – екі түрлі қоғам өкілерінің біргеуі отбасы ішіндегі өте үлкен стерссті туғызуы ықтимал. Екі жақтың ұлттық психологияларының арасындағы қайшылықтан болатын қиыншылықтар да жоқ емес. Этномәден көрсеткіштері қарама-қайшы европалық этноспен түркі этносынан құрылған отбасылардың тұрақты неке құруы екі талай. Оған себеп, жұбайлардың отбасылық тәрбиесі, мәдени құндылықтары екі бөлек. Соның әсерінен тұрақсыз некелер мен ажырасу саны да көбея түсетіні анық. Жалпы алғанда, ұлтаралық неке интернационалдық тәрбие беру ошақтарының бірі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың екуінің де материалдық және рухани мәдениетіқұндылықтарының терең қабысуы, бірін-бірі өзара толықтыруы, бірін-бірі өзара өзгеруінің өзі өскелең ұрпақты барлық өз ұлт адамдарына құрметпен қарауға тәрбиелейді.Ерлі-зайыптылардың екеуінің де мәденибпйлығымен және олардың меңгеру ұлтаралық отабсында баллардың психологиясы мен санасының қалыптасуына мүмкіндік жасайды яғни, олардың интернационалдық психологиясының қалыптасуына септігін тигізеді. Аралас некелердің бір ұлттың тіпті жойылып кетуіне де әсері үлкен зор екені ғылымда дәлелденіп отыр. Ұлтаралық аралас некелердің нәтижелер шамамен мындай үш түрлі болуы мүмкін: 1) «бұлыңғырлық» , жұбайлардың бірінің ұлттық құндылықтарының әлсіреп, ассимиляция процесінің дамуы; 2) немесе екі ұлт арасындағы ұлттық құндылықтар мен ұлттық психологияларының жанасып, бірігіп кетуі; 3) жаңа субэтникалық яғни ұқсас таптың немесе тек аралас некелерге ғана тән топтық белгілердің пайда болуы [6, 17-б]; И.М.Сеченов атындағы Мәскеу медицина университеті педиатрия кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Олег Ботвиньев осындай қарама-қайшылық байқалған генетикалық құбылысты аралас некеде бұрыннан қалыптасқан ген кешені бұзылып, жаңадан пайда болған ген кешені мыңдаған жылдардың сынынан өтпегендіктен, биологиялық тұрғыдан өте әлсіз болатындығын айтады. Соның салдарынан дертке шалдығу, бала өлімі көбейіп, адамдардың өмір сүру ұзақтығы қысқаруы мүмкіндігін айтты. АҚШ-тың Стэнфорд университетінің медициналық орталығының жүргізген зерттеу нәтижесіде адамзат денсаулығына аралас некелердің зиянды екенін айғақтап берген. Осы зерттеу тобының мүшесі, Калифорния университетінің профессоры Аарон Кофи: «Бұға дейін бала туу процесіне ата-аналардың

этностық тегі емес, әлеуметтік-экономикалық жағдайы көбірек әсер етеді деп саналып келген. Сондықтан біз ашқан жағалықтың биология мен медицина үшін маңызы зор. Өйткені, ол нәсілі әртүрлі адамдардың бойында аса маңызды биологиялық ерекшеліктері бар екендігін көрсетіп отыр», - деді [7, 17-б]. Мәскеу діни академиямының әйгілі профессоры, дьякон Андрей Курав Ресей ұлтаралық некелердің көбейіп бара жатқанына бара жатқанына байланысты өз аландаушылығын ашық білдіріп «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында : «Ұлтаралық некелер дегеніміз – шын мәнінде орыс халқын геноцидке ұшыратудың бір түрі. Біздің әйелдер кавказдарға тұрмысқа шығып, олардың халықтарының өз тегімен байытып жатыр. Ал орыс ұлты әлісреп барады», - деп дабыл қақты [7, 19-б]. Өмір сүру деңгейі бойынша 30 шы орында тұрған Таяу Шығыстағы Израиль үкіметі ұлт өкілдерінің өзге ұлттардың азаматтарымен некелесуіне қарсы мемлекеттік саясат ұсынып отыр. «Халықтар достығының зертханасы» атанып отырған республикамыз да осындай талаптар қойылса, біздің де еліміздің өмір сүру деңгейі бір сатыға болса да көбейер мекен?!

Ал енді Еуропадаңғы осы мәселеге азырақ тоқталып кетсек, лондон университетінің психология факультетінің маманы Султана Чрудридің «ХАмелондардың пайдаа болуы: Оңтүстік Азиатар мен еуропалықтар некесінен туылған балаларда «таңдау жасау мәселесінің туындауы» еңбегі мысалы, Португалия, Ұлыбританияда ұлтаралас некеге көзқарас біріңғай еместігін жазған. Бұл елдің тарихына үңілсеңіз, 1500 жылдары Үндістанды Португалияның отарлауы кезінде үнділіктер өз қыздарын португал, ағылшындармен некелесуіне қарсы болған, себебі олардың христиандықты қабылдауы қоғамда түсініспеушілік тудырған. Ұлыбритания жағдайында үнді қыздарымен некелес жағдай кең тараған. Ал XX ғасырдың 60 жылдарында Ұлыбритания азиаттар мен пеуропалықтар некесінен туылған ұрпақтың мекеніне айналғанын айтады. Аралас некеден туылған ұрпақ идентификациясына байланысты мақаласында осы үдерісті екі жақты көзқарас айтады, яғни аралас некеден туылған ұрпақтың өзін кімге толық жатқызарын білмейтін, осы «маргиналдың» өзі сияқты «маргиналды» іздейтіні, кейді өзін ағылшын, кейде индус деп санайтынын айтады [8, 31-б].

Ал осы ұлтаралық некелердің көбюіне тоқталатын болсақ, ол көп көршілік эне дәстүрлі байланыстардың әлсіреуінен болуы мүмкін. В.И.Козловтың пікірінше: «Отбасылардың туысқандық қатынастарының үзілуі және де отбасылардың оқшаулануынан аралас некелердің саны өседі» [3, 170-б]. О.А.Гранцкая мен Л.Н.Тереньтева да қоршаған ортаның некеге әсерінің зор екенін айтады [9]. Орталық Азиядағы ұлтаралық аралас некелерді зерттей келе Г.П.Васильева да аралас некелер құратындардың көпшілігі ағайын-туыстары жоқ немесе аз адамдар деген пікір айтты [9]


Е.А.Копятова 2013-2015 жылдар аралығында аралас некелерге байланысты зерттеу барысында орыс украин және қазақтар арасында сауалнама жүргізген. Сауалнама барысында қазақ ер азаматтарының көпшілігі аралас некеге қатысты жағымды пікірде болғаны анықталды: 67% аралас некені қолдайды, 23 % нейтральды көзқараста яғни қарсы да емес қолдамайды да, тек 16 % ғана аралас некеге қарсы болған. Ал қазақ әйелдері керісінше аралас некеге ең қарсы негативті ойда болған. Жартысынан көбі (52%) аралас некелерді ұлт үшін зиянды деп санаса, 31% нейтральды көзқарас, 17% ғана аралас некелерді қолдайды екен [7]. Аралас некеге әйелдерге қарағанда ер азаматтар бейім екендігі байқалады. XX ғасырдың ортасындағы жүргізілген саясатпен зерттеулерден аралас некеге түскен әйел адамдар 3,9% құраса, ер азаматтар 27 % құраған [10, 171-б]. Ал Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары яғни, 2009 жылғы санақ бойынша керісінше ер азаматтар -19,24% -ға азайыса, әйел адамдардың саны 27 %-ға дейін өскен [11, 63-б]. Бұдан байқайтынымыз демократиялық мемлекеттің қоғамның ішкі құрылымына әсер етіп, әйелдер дәстүрлі тәрбиенің шеңберінен шығып модернизациялық процестің орын алғанын байқаймыз. Сонымен қоса осы 2009 жылғы халық санағы бойынша алпы елдегі аралас некелер 19,8 % құраса оның 22,6 %-ы қалалық жерлерде, ал 15,5%-ы ауылдық жерлерде [11, 69-б]. Оңтүстік Қазақстан облысындағы аралас некелердің 51,7%-ы

орыстардың , ал 38,7% - ы қазақтардың үлесінде болуы. Егер сол өңірдегі қазақтардың ұлтаралық некелеріне келсек, олардың 36,6%- өзбектермен, ал 28,3%-ы орыстармен некеде тұруының байқалуы[12, 236]. Тәуелсіздің алған 1991 жылдан бергі кезеңде ұлтаралық некелердің көрсеткіштері өзгеріске ұшырады. Қазақстан Республикасы статистикалық агенттігінің материалдарына сүйенсек 1999 жылмен 2005 жылдар аралығында ұлтаралық некелердің үлес салмағы 21,4%-дан – 18,8 %-ға кеміген, соған қарамастан ұлтаралық неке әрбір бесінші отбасыны құраған. [10, 178 б.]. Уалиеваның статистикалық нәтижелерін кесте түрінде көрсетсек

Кесте 1 - Уалиеваның статистикалық нәтижелері

Жылдар	Жалпы неке саны	Ұлтаралық неке саны	Ұлтаралық некелердің пайыздық үлесі
1999	85872	18402	21,4
2000	90873	18477	20,3
2001	92852	18601	20,0
2002	98986	19502	19,7
2003	110414	21646	19,6
2004	114685	21465	18,7
2005	123045	23161	18,8
2006	137204	24650	18,0
2007	146379	26632	18,2
2008	135280	24243	17,9
2009	140785	25522	18,1
2010	146443	25669	17,5

Осы кесте негізінде ұлтаралық некелердің өсу тенденциясын айқын көрсету мақсатында графикке салып көрсеттік.



Қазақстан Республикасында негізгі ұлттар қазақ және орыс ұлттары болып саналады. 1999 жылғы санақ бойынша олардың үлес салмағы ең болыптан болатын. 1999 жылы қазақтардың үлес салмағы 53,3 %- ды құраса, ол 2005 жылы 57,9 %-ға өскен, ал орыс ұлтының саны керісінше 30,0%-дан 26,7%-ға дейін кеміген[10, 178 б.]. Жалпы бұл өте аз көрсеткіш. Өйткені егер мемлекет негізін құрайтын ұлт сол елдегі тұрғындардың кемінде 75 пайыздан асса ғана , оның шаңыраы шайқалмайтынына кепілдік бар.

Біздің тәуелсіз, демократиялық елімізде ұлтаралық қатынастарды дамыту үшін мемлекетіміз ұлттар арасындағы бірлікті нығайтты. Бұл шығу тегі мен діні, мәдениеті жақын этностардың отбасын құруына әкеледі. Ал сол ұлтаралық некеден туылған балалар өздерінің қай ұлтқа жатқызатыны, қай ұлттың тілін, мәдениетін ұстанатыны туралы өте қиын таңдауды басынан кешіреді. Сол сияқты қазақ ұлтының өкілдері де өзге ұлтпен отбасы құруы біріншіден «жиендерге» немесе «келіндерге» психологиялық сын болатыны анық. Өзге ұлттың идеологиясын, салт-санасын меңгеру оңай да шаруа емес. Оның үстіне аралас некелердің тұрақсыз болатыны тағы бар. Ал қазақ ұлты үшін осы аралас некенің

қандай қауіп бар екені айтпаса да түсінікі. Ұлымыз «ақ құлаққа» еріп ағарып жатса одан асқан қасірет барма, немесе көп қытай келіп қызымызды алып жатса олармен қосақтанып жиендер келсе аз қазақты әп сәтте өзіне баурайтыны анық. Осы орайда қазақтың «жиен келгенше, жеті қасқыр келгені жақсы» деген дана сөзі ойға оралады. Қорыта айтқанда ұлтын ұлылаған қыз да, ұл да қаны да жаны да қазақ, қазақ азаматтарымен отбасы құрса мұндай мәселелердің бірі де болмас па еді?!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Волков А.Г. Этнически смешанные семьи межнациональные браки // Семья и семейная политика. М.: Институт социальная-экономических проблем народонаселения, 1991.с.69-86
2. Ұлтаралық неке қазақ халқының түбіне жетеді... Қымбат Ахметова <https://yvision.kz/post/479015>
3. Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. М.: Аспект-Пресс, 1999. – 271 с.
4. Сусоколов А.А. Межнациональные браки в СССР. – М.: Мысль, 1987.-142 с.
5. Русские.Этносоциологические очерки. –М.: Феникс, 1992. – 230 с.
6. Жигунова М.А. Реммлер В.В. Этнические процессы в современном сибирском городе (на примере национально-смешанных браков Омска) // Этнография Алтая и сопредельных территорий: матер.междунар.науч.конф.Баянаул:АлтГПУ,2015. Вып.9.С.17-20.
7. Вестник Томского государственного университета. История. 2016. №5(43)
8. Тәжіғалиева Ж.Т. Бірұлтты және этносаралық отбасылар тарихы мен этномәдени аспектілері (1985-2010 жж. Батыс Қазақстан облысы мысалында). Орал.: 2012. – 101 б.
9. Монгуш М.В. Этнокультурные процессы у тувинцев Монголии и Китая// Этнос и культура. 2005. №4. [Электронный ресурс]
10. Уалиева С.К. Этнодемографические особенности семейно-брачных отношений и межэтнические браки на рубеже веков// Семейно-брачные отношения населения Казахстана на рубеже веков: историко-демографический аспект.Усть-Каменогорск: Либриус. 2012. 165-179 с.
11. Мужчины и женщины в Республике Казахстан. Итоги Национальной переписи населения РК 2009 года. Ст.сбор. Астана, 2011. – 192 с.
12. Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. -254б.

ӘОЖ 908(045)

АУЫЛЫМ АЛТЫН БЕСІГІМ

Тігірбаева Ф.Қ., студент

Ғылыми жетекшісі: **Өтесова Г.Е.**

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Бейнеу ауданына қарасты Сарға ауылының атауының шығу тарихы, ауылдың өткен даму жолы, Сарға ауылынан шыққан танымал еңбек адамдары және ақындары, жыршылары, ауылдың бүгінгі таңдағы даму барысы және жай күйі сөз болады.

Түйінді сөздер: туған жер, Сарға, ұрпақ, мектеп, тарих.

«Өткенді тану тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді.»- деп, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, болашақта жерімізді, өлкемізді, тілімізді, мәдениетіміз бен әдет-ғұрпымызды, айбарымызды білу – өзіміздің парызымыз. Кіндік қаны тамып, туып – өскен мекенінді, табаның тиіп тұрған топырақты бәрінен артық көруге хақылысың. Туған жердің бір түйір тасы жаттың ат басындай алтынынан да қымбат емес пе?[1.4]

Дуылғалы ата – бабаларымыз кең даласын, асқан тауын, сарқырап аққан көк өзенін қорғап, мақтан еткен, бізге мұраға қалдырған. «Елу жылда ел жаңа» деген халық даналығы жаңарған ел мен жасарған жердің перзенттері тудырған бүгінгі ерлік істеріне арнап айтылғандай. Бүгінгі дамудың түп негізгі өткен күнде екендігі әмбеге аян. Олай болса, мақаламды Елбасының мына сөздерімен бастағым келеді: «Жалпақ жұртыңды, алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, адамдарын ардақтаудан басталады».

Сарға – менің туып өскен ауылым. Сарға – Бейнеу селосынан 18 шақырымдай жерде орналасқан. Ауылымның Сарға аталу себебін анықтау мақсатында ауыл ақсақалдары және ауылымызды жылдар бойы басқарған азаматтарымен сөйлестім. Әрине, қазақ елінің атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетіндігі белгілі. Өз ауылымның Сарға атауы да жайдан – жай қойылмаса керек. Үлкендердің айтуы бойынша: ертеде Қарабұлақ жеріне көзі ашық, ескіше сауатты ноғай молдасы келіпті. Кейін көп ұзамай сол молда жігіт пен жас баласы бар Кенже руының жас келіні көңіл қосады. Күндердің күнінде Жиделібұлақта үлкен той болып, ауыл үлкендерінің сол тойға кеткен сәтін пайдаланып, Сырға мен ноғай молдасы елден қашып шықса керек. Бірақ арттан шыққан қуғыншылар оларды ұстап өлтіреді. Сол келіншектің баласымен бірге қаза тапқан жері екен деседі. Осыған байланысты бұл жер Сырға аталып кеткен. Кейін жергілікті тұрғындар Сырғаны Сарға деп атап кетсе керек, - десе енді бірі бұл атау кісі есімімен байланысты екендігін айтады. Ауыл басқарған азаматтармен сөйлескенімде Сары деп аталатындығын және осы атаудың Сары деген кісі есіміне байланысты қойылғанын айтты. Әрине, бұлда негізсіз емес. Өйткені, ол кезде малшылар «Сарыға барамыз» немесе «Сарыдан келдік» деп айтады екен. Осыдан бұл жер Сарға атанып кеткен деседі.

Алла тағалам осы бір мекенді жаратқанда бар бақыты мен бүкіл тірлігін сыйға тартқандай. Бірлігі жарасып, тірлігі қайнаған Сарға ауылы бүгінде бейнетінің арқасында зейнетін татып, бірлігінің арқасында тірілігіне батып, жапырағы жайқалған қарағайдай қарашаңыраққа айналып отыр.

Осыдан дәл 46 жыл бұрын 1973 жылдың 26 қарашасында Жоғары Кеңес жарлығымен «Сам» савхозының орталығы Сарға ауылы Жанкелдин деген атпен осылайша іргесі қалана бастады. Күннен – күнге тұрғын үйлер салынып, адам қарасы арта түседі. Жаңа ауылдың жаңа түтінін түтетеміз деген қаншама шаңырақ шарқ ұрып осында көшіп келіп жатты. Үйі әлі салынбағандар қатынап қызмет қылды, уақытша дос – жаранын паналады, тіпті тас үйлер салынғанша палаткаларда 2-3 ай тұрғандарда болды. Бастапқы кезде совхозды басқару Тұрыш ауылынан жүргізілді. Жылмиған иен далаға ауыл тұрғызамыз деп алып – ұшып келгендердің көбі қиналса да жасымай күні – түні еңбек етіп, кеңсенің, мектептің алғашқы ғимараттары салынды. Дүкен есебінде вагон пайдаланылды. Ауыл түлетуге ең алғашқылар болып, Ғалымов Қуаныш, Шолтанов Есенбай, Есбергенов Қадір, Ауданбаев Тұмаш, Бөрин Кенжеғали, Сағындықов Жалғас, Қабдулова Зәуре, Сембіғалиев Дауылбай сияқты сол кездегі ауылымызға еңбегі сіңген азаматтары. Осындай елжанды азаматтардың ерен еңбегінің арқасында ауыл өзге елді мекендерден қалмай жарқырай түсті. Осылай құрылған ауыл атауы 2005 жылы облыстық мәслихаттың шешімімен Жанкелдин селосы «Сарға» ауылы деп өзгертілді. Ауыл облыс орталығынан 488 шақырым, №460 темір жол бекетінің жанында орналасқан. Бүгінде ауылымыздың 255 жеке тұрғын үй бар. Тұрғындар саны – 1641. Отбасы саны – 397. Ауылымызда екі бірдей білім ордасы – Жанкелдин атындағы орта мектебі мен мектеп – интернат, ауылдық әкімдік ғимараты, мәдениет үйі, амбулаториялық пункт, балабақша,

облыста ең алғаш болып тартылған көгілдір отын, құбырмен жеткізілген Амударияның суы, күншығысы темір жол, күнбатысы тақтайдай тас жол, жасыл желекке бөккен парк, тігін цехы, бірнеше дүкен бәрі – бәрі өткен күндерден қалған игілікті істер.[2.1]

1974 жылы тамыз айында ашылған ауылдық мектеп Бейнеу сегіз жылдық мектебі деп аталып, келесі жылы 1975 жылы Жанкелдин атына ауыстырылды. Кезінде мектеп білім беру тарапынан «Сенім мектебі» атауына ие болды. Бұл көп жылғы ұстаз еңбегі мен зейнетінің бағасы болса керек. Осындай ұйытқылы ұжымы қалыптасқан мектеп 1995 жылы 2001 жылы рейтинг бағалау бойынша «Жыл мектебі» байқауының жеңімпазы болып аталды. Бүгінде сол мектеп түлектері түрлі салада бақ сынап, жұлдыздары жарқырауда. Елді мекендегі білім ордасының бірі және бірегейі «Бейнеу мектеп - интернаты» мемлекеттік мекемесі. 2005 жылдың тамызында 80 орындық жатақхана, 2006 жылдың 1 қыркүйегінде жаңа спортзал, 2009 жылы екі қабатты жаңа оқу корпусы салынып пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта білім ордасында 115 бала білім алуда.

«Бүгінгі ел – ұрпаққа аманат», деген ұранмен жас сәбилерді дұрыс бағытқа салып, таным – түсінгін кеңейтуге арналған Сарға балабақшасы жұмыс істеуде. Балабақша 2009 жылдың 9 желтоқсан күні ашылды. Қазіргі таңда балабақшада 75 бөбек тәрбиленуде.

Ауылдағы Сарға дәрігерлік амбулаториясында аурудың алдын алу және емдеу, сақтандыру бағытында медпункт жұмыс жасайды.

Ауылымыздағы пошта бөлімшесінде арнайы зейнетақы, бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақылары беріліп, әр түрлі төлемдер қабылданып отырады.

Село бойынша телефон абоненттер саны 200 болса, мегалайн қызметін 128 абонент пайдаланады. Ауылға 2011 жылы «Билайн» байланысы қондырылған болса, 2012 жылы «Актив» ұялы байланыс қондырғысы орнатылды. «ОТАУ TV» спутниктік антенасы барлық үйде қондырылған.

Мәдениет үйі 1981 жылы типтік жобада салынған. 2008 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Мәдениет үйінде жоспарға сәйкес түрлі мәдени іс-шаралар өткізіліп тұрады. 2016 жылы жол картасы бағдарламасына сәйкес мәдениет үйі, кітапхана жаңа заман талабына сай жабдықталған.

1998 жылы имандылық үйі салынды. Ауылдағы имандылық үйіне 2016 жылы демеушілік көмек жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Әр түрлі кәсіпкерлік саласында 57 адам еңбек етеді. Ауылда кіші кәсіпкерліктің 27 нысаны орналасқан. Оның ішінде 9 азық-түлік және аралас дүкені, 1 шаштараз, 1 тігін цехы, 4 шайхана, 1 асхана, 1 тері илеу цехы, 1 көлік жуу, 1 жанар май құю, 3 газ құю станциясы, 2 автотұрақ, 1 авто жуу, 1 автокөліктерге қызмет көрсету орталықтары бар. Бұл орталықтарда ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсету жолға қойылған.

Атқарылған игілікті істердің нәтижесінде ауылым 2002 жылы өткен «Халық саны 3000адамға дейінгі елдімекендер» арасында «Үздік ауыл» атағын жеңіп алды. Бұл жеңіс біздің ауылымыз үшін үлкен жеңіс қана емес, берекелі бірілігінің, ұйымшыл тірлігінің куәсі болғандай еді.

Ауылымыз қырда орналасқандықтан жазы ыстық, қысы салқын, жауын-шашын аз, желі күшті әрі ұзақ уақыт соғады, кейде қардың қалыңдығы 10 см ге жуық жауады. Қыста кенет күн жылынып, қар еріп, қатып көктайғақ болып, боран соғатын кездер де болады. Жеріміздің сұр, бозғылт қоңыр топырағында жусан, бұйырғын, соран, адыраспан, т.б. шөптер өседі. Жануарлар дүниесінен бауырымен жорғалаушылар, тышқан, қоян, бөкен, қарақұйрық мекендейді.[3.3]

«Ел іші-өнер кеніші» демекші ендігі кезекте ауылымыздағы көпке таныс та емес, танымас та емес өнер адамдары туралы әңгімелемекпін. Таныс емес, танымас емес те емес дейтін себебім шығармалары баспа бетінде көп жарияланбаған және олар туралы пікір айтылмаған. Танымас та емес дейтінім-өз ортасында ауылдастары ақын деп атап, «жыршы» деп қошеметтеген жандар еді. Олар- жыршы Әнебай, Қармыс, ақындар- Аманқос Мереев, Жалғас Сағындықов, Нұрмұханбет Боранбаев.

Бүгінде ауылым нарықтық экономиканың сырын меңгерген тұрақты түрде зор қарқынмен дамып келеді. Бұған барлық саладағы жетістіктер куә. Оған дәлел күні кеше ғана өткен «Үздік ауыл-2017» байқауында үшінші дәрежелі орынды иеленіп, ауыл мерейін тағы бір асқақтатқандай болды.

Қорытындылай келе, менің ауылым ғажайып өлке дегім келеді. Мен- сенің бір тал ағашыңмын. Тамырымды сенде жайып, көктеп өсіп келемін. Сол себепті де әлемде саған жетер жер жоқ деп ойлаймын. Мен еңбегімен күн кешкен қарапайым да адал ауылдастарымды әркез мақтан тұтамын. Еңбек адамы-ерлік адамы,-демекші мен сіздермен мақтанамын! Менің ауылым мен үшін әлемдегі ең ғажайып, көркем де берекелі ауыл болып қала бермек. Өз елімнің ұлтжанды азаматшасы ретінде түпқазығымыз ауылдың болашағына өз үлесімді қосу менің басты арманымның, мақсаттарымның бірі. Менің болашақ таңдауым да осы мақсатқа байланысты болмақ. Жасай бер, жайнай бер, қасиетті Ауыл!!!

Сөзімнің соңын Елбасы айтқан сөздермен аяқтағым келеді: «Жалпақ жұртыңды, алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады». Шынымен, егер өз туып өскен жеріңнің тарихын өзін білмесең, басқа ол кімге керек?! Тарих деген алдағының кейінгіге өнегесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Сам саңылақтары» кітабы, Атырау-2006
2. «Бейнеу» кітабы, Алматы-2002
3. «Құтты қоныс», Орал-2013
4. //«Үш қиян» 2001 жыл. Маусым № 22

ӘОЖ 32 (574)

ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ

Баймағамбетов Е.Р., студент

Ғылыми жетекшісі: **Кайыргалиева Г.К.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің еліміздің тарихын зерттеу мен зерделеу ісіндегі тарихи деректік маңызына мән беріледі. Елбасының 1991 жылдан бергі уақытта жарияланған мақалалары, эссе – сұхбаттары мен дәрістері, кітаптары, Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары қазақстандық даму жолын анықтауда түп – деректік қызмет атқарады.

Түйінді сөздер: Елбасы, Мәңгілік ел, қазақ, патриотизм, жолдау, тарихи дерек.

Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында «Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан Мәңгілік Ел деген идеяны ұсындым. Мәңгілік ел болу үшін бәрін жасап жатырмыз» – деді [1]. Тарих – шын мәнінде ұрпағымызды патриоттыққа тәрбиелеудің негізгі қайнар көзі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиялық негізінде Елбасының еңбектері тұруы тиіс. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, саликалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Осы мақала негізінде еліміздің қоғамдық өмірінде үлкен

серпіліс болып, тек қазақ халқы үшін ғана емес, түркі халықтары үшін де болашаққа бағдар болған «Рухани жаңғыру» бағдарлама жасалды.

Тарих ғылымында қоғамның қоғамдық – саяси, әлеуметтік – экономикалық даму тенденцияларын зерттеуде түрлі дереккөздеріне талдау жасай келе, қорытындылар жасайды. Осы тұрғыдан алғанда XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың алғашқы жылдарындағы Қазақстанның тарихи даму жолын зерттеуде Елбасы еңбектерінің маңызы аса зор. Деректану ғылымында тарихи деректердің классификациясы бойынша жеке адамдардың эссе, мемуар, мақала және басқа да форматта жазылған деректері бар, ал Н.Назарбаев еңбектерін орта мектептердегі Қазақстан тарихының КСРО – ның ыдырауы, Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы, XXI ғасыр басындағы саяси құрылыс және басқару жүйесі және көптеген тақырыптарды оқуда деректік негіз ретінде пайдалануға әбден болады.

1991 жылдан бастап Қазақстанның басшылығына келген Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев ел басқару ісімен қатар, бірнеше еңбектер жазып, тәуелсіз Қазақстан тарихының деректік негізін қалауға да өз үлесін қосып келеді. 1991 жылдың көктемінде дайындаған «Әділеттің ақ жолы» атты еңбегінен бастап бірнеше іргелі еңбектер, жинақтар, Жолдаулар және мақалалар жариялады. Заманхаттық сипаттағы еңбектер, естеліктер, ой толғаулар, сұхбаттар, Жолдаулар, баяндамалар, мақалаларда тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихын ең алғашқы күндерінен бастап, мемлекеттің өмірі барлық қырынан дерлік бейнеленген, мемлекеттігімізді қалпына келтіру барысындағы алғашқы нақты іс – шаралар, ел өміріндегі елеулі оқиғалар жан – жақты баяндалған. Егер мәліметтердің әлеуметтік табиғаты осы құжатты жасайтын субъектінің қоғамдағы жағдайымен анықталғанын ескерсек, онда Н. Ә. Назарбаевтың еңбектері да бізге Тұңғыш Президенттің өзі туралы құнды мәліметтер бере алатын дереккөздердің маңызды рөлін атқарады. Н. Ә. Назарбаевтың еңбектерін Тәуелсіз Қазақстан тарихының көзі ретінде қарастыру кезінде олардың пайда болу себептерін, алғышарттарын, объективтілігін және тарихи жағдайын анықтау үлкен маңызға ие.

Елбасының әр еңбегінің өзі арнайы зерттеуді қажет ететін жаңалықтарға, жаңашыл, шынайы байқаулар мен байымдауларға, ғылыми және практикалық маңызы жоғары тұжырымдар мен шешімдерге бай. Осы орайда зерттеу жұмысымның негізі болып отырған Нұрсұлтан Әбішұлының қаламынан туындаған еңбектерін атап өтер болсам: «Әділеттің ақ жолы» (1991), «Тәуелсіздігіміздің бес жылы» (1996), «Ғасырлар тоғысында» (1996), «Тарих тағылымдары және қазіргі Қазақстан» (1997), «Қалың елім, қазағым» (1998), «Тарих толқынында» (1999), «Қазақстан – Ресей қатынастары» (1999), «Бейбітшілік кіндігі» (2001), «Сындарлы он жыл» (2003), «Евразия жүрегінде» (2005), «Қазақстан жолы» (2007). Көрсетілген еңбектерде Қазақстанның тағдыры, келешегі туралы асыл мұраттары мен биік ойлары, терең толғаныстары суреттелген. Ғасырлар тоғысында өзінің мемлекеттілігін нығайтқан еліміздің тарихи жолын жас ұрпаққа түсіндіруде, тарихи танымын қалыптастыруда Елбасы еңбектері терең оқытылуы керек. Ол үшін қазақстандық мектептерде Елбасыға арналған музейлер мен ғылыми – әдістемелік орталықтар құрылуы тиіс деп ойлаймын. «Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт» -, деп атап көрсеткеніндей [2], орта мектептерде отандық тарихтың қазіргі кездегі дамуын жан – жақты оқыту мақсатында Елбасы еңбектеріне негізделген пәндерді енгізген жөн болар еді. Осы мақсатта жастар жылы аясында «Елбасынтану» пәні енгізілсе деген ұсынысым бар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбектерін насихаттауға атсалысу мәселелеріне Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті де ерекше көңіл бөлуде. Осы бағытта барлық білім бағдарламаларына «Мәңгілік Ел» элективті курсы енгізілген болатын. Мектептерде «Елбасынтану» пәні енгізілсе, ол Қазақстанның жаңа дәуірі, елтану, елдіктің нығаюы,

тағдырымыз бен тарихымыз насихатталатын пәнге айналар еді. Бүгінде әлемнің түрлі мемлекеттерінде саяси қайраткерлер тарихы оқытылатын жоғары оқу орындары аз емес. Н.Ә. Назарбаев – тәуелсіз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және әлемге елі арқылы өзін, өзі арқылы елін танытқан дүниежүзілік саяси аренадағы сыйлы тұлға. Іскерлігімен және ізденімпаздығымен өзінің барлық саналы өмірін, көп күш – жігерін өз Отанының өсіп – өркендеуіне, дамуына жұмсады. Даналығын батылдықпен шебер үйлестіру білетін кемеңгер басшы талай тарихи бастамалардың авторы. Еліміздің өсіп – дамуы және әлем халықтарының білуі мен құрметтеуі Елбасы жүргізген салиқалы саясатының арқасы деп ойлаймын.

Елбасы еңбектері тарихты оқып – үйренудегі деректік маңызға ие болуымен қатар, қазіргі кездегі қазақстандықтардың ой – санасы, дүниетанымның айнасы, қоғамдағы ізгілік пен ұлтаралық келісімнің, бейбітшіліктің тірегі болуына арналған әрекеттер. Елбасы еңбектеріне талдау жасау арқылы оқушылар бойында қалыптастыра аламыз:

- Тарихтың маңыздылығын түсіне отырып, бәсекеге қабілетті болады.
- Ұлттық құндылықтарды түсінеді және дәріптейді.
- Елбасының Қазақстан халқына жолдаған жолдауларын, кітаптарын, стратегияларын тереңірек түсінеді.
- Елбасының саяси тұлғалық қасиеттерін көрсетер ірілі-ұсақты қызметтерін, жасаған еңбектерін, 30 жылдай ел басқарған салиқалы саясатын тереңірек түсінеді.
- Елбасының еңбектерінде жазылған Тәуелсіздік дәуірінің тарихын, саясатын, экономикасын, мәдениетін үйреніп, бағалай біледі.
- Шығармашыл, елжанды, парасатты басшы рөлін түсінеді.
- Өз бетінше іздену, зерттеу дағдысы бар қазіргі қоғамға сай тұлға қалыптасады.
- Ата – анасын және үлкендерді құрметтейтін болады.

Елбасы өз жолдаулары мен еңбектерінде білім беру процесінің тәрбиелік мәніне көп көңіл аударады: «Мәңгілік Ел – ата – бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді.. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел! Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым.» [3], деп ұрпаққа сенім артады.

«Тарих толқынында» еңбегі Н. Назарбаевтың еңбектері арасында объективтілігі, мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен мағанасы, дереккөзі жағынан ерекшелігі бар кітап болып табылады. Кітаптың мақсаты жайында «Кездейсоқ болмауы керек, Қазақстанның аспан түстес туының бетінде алтынға айналған бүркіт қанат керген. Осынау тәуекелі келіскен мазмұнды да мағаналы нысанның өн бойында табиғат та, тарих та тоғысып жатыр. Қазақтар тарих толқынында... «Тарих – өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі», - деп түсіндіреді Елбасы [4]. Мұның өзінен жастарға еліміздің ресми символдары жайында ой-толғау боларлық ақпараттар алуға болады. Өз халқына қолынан келген жақсылықтың бәрін жасап жатқан Елбасымызбен мақтанамыз. Осындай іргелі мемлекетті басқару үшін асқан көрегендік, білім, адамгершілік керек. Осы қасиеттердің барлығы тал бойына тоғысқан Президентіміз – халқымыздың ең таңдаулы адамы.

Әрбір жас буынның жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілік дарытқан жағдайда еліміз өркендейтінін атап көрсеткен Елбасы «Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – Тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – бірлік! Мен халқыма сенемін», -деп бүгінгі күннің басты бағдарын айқындады. Сондықтан да Елбасы еңбектерін оқытудың деректік маңызы зор деп есептеймін.

2019 жылды Елбасы «Жастар жылы» деп атау жөнінде ұсыныс беріп, осы жылдың шеңберінде еліміз бойынша көптеген шаралар атқарылды. Жасалған жұмыстар мазмұндылығымен, жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталуымен,

азаматтық позицияларын қалыптастыруымен ерекшеленеді. Сондықтан бүгінгі қазақстандық қоғамның жетістіктерін талдауда Елбасы еңбектерін терең оқудың қажеттілігі бар екені сөзсіз. «Елбасындай ерең тұлға тұрғанда, мен елімнің ертеңіне сенемін» - , деп филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Хаменова Бақытгүл Қайыржанқызының сөзімен қорытындылаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбаты. – 2014. – 23 қыркүйек. / Егемен Қазақстан.
2. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына 2005 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты жолдауы.
3. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты: 7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.
4. Назарбаев Н.Ә. Жылдар мен ойлар/ Құраст: Қасымбеков М.Б., Молдағаринов А.М., Әлімқұлов Қ.Н., Әлібеков Ә.С. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013. – 185 бет.

ӘОЖ 908(045)

АДАМ КАПИТАЛЫ САПАСЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ КӨТЕРУДІҢ МЕХАНИЗМІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Сабырбаев А., студент

Ғылыми жетекшісі: Молдаханов И.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Инновациялық экономика үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру мен дамыту мемлекеттің белсенді араласуын және осы үдерістерді реттеудің механизмі мен құралдарын ойластыруды қажет етеді. Механизм мен оның құралдары үшін ең бастысы инновациялық бағытталған кадрлық әлеуетті қалыптастыру үдерісінде екі «бір-біріне қарсы бағытта келетін» іс-әрекеттердің: үдерістерді жоғарыдан реттеу қажеттілігі, мемлекеттік менеджмент тұрғысынан және төменнен – кәсіпорындар мен ұйымдар деңгейіндегі менеджменттің нақты мұқтажықтары тұрғысынан, қарама-қайшылықсыздықты қамтамасыз ету мүмкіндігі болып табылады.


Түйінді сөздер: инновация, капитал, кадр, венчур, технология, экономика.

Инновациялық экономика үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру мен дамыту үдерістерін реттеу механизмі мен құралдары келесі сызбада көрсетілгендей реттеушілік іс-әрекеттерінің бағыттарынан шығуы мүмкін. Тұтас алғанда, әлеуметтік-экономикалық үдерістердің инновациялық дамуы жағдайында, біздің ойымызша, адам капиталының өсуі өндірістегі еңбек өнімділігінің анағұрлым өсуін және барлық деңгейдегі мемлекеттік және жеке нақты кәсіпорындар мен ұйымдардың қызмет көрсетулері сапасының өсуін анықтайды.

Адам капиталын дамыту өмір сүру үшін қажетті рахат жағдайларды: табыстардың өсуі, жақсы жолдар, қазіргі заманға сай денсаулық сақтау мен білім беру жүйесі, сондай-ақ мәдени орта жасау арқылы іске асырылады.

«Адам капиталы» экономикалық категориясы біртіндеп қалыптасты. Бірінші кезеңде адам капиталының құрамы – тәрбиелеу, білім беру, білім, денсаулық сияқты аздаған құрамдастарды қамтыды. Оның үстіне ұзақ уақыт бойы дамудың тек әлеуметтік

факторы ғана, яғни экономиканың өсуі теориясы тұрғысынан алғанда, шығынды фактор деп есептелінді. XX жүзжылдықтың екінші жартысында адам капиталы мен білімге қатысты көзқарас түбегейлі өзгерді. Адам капиталы, ең алдымен, тұрғындардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, соның ішінде – тәрбиелеуге, білім алуға, денсаулыққа, білімге (ғылымға), кәсіпкерлік қабілеттілік пен климатқа, еңбекті ақпараттандыруды қамтамасыз етуге, тиімді бизнес орта қалыптастыру мен экономикалық еркіндікке инвестиция салу есебінен құрылады.



Сурет 1 – Иновациялық экономика үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру мен дамыту үдерістерін реттеу механизмі мен құралдары [2]

Ол экономикалық өсу қарқынын арттыру мен инновациялық дамыту мақсатында адам капиталына ықпал етудің құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықталады. Бұл механизмді іске қосу келесідей негізгі міндеттерді шешуге ықпал етуі тиіс:


- адам капиталын қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- адам капиталын тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау [1].

Түптеп келгенде, Қазақстан Республикасының орта – және ұзақ мерзімді стратегиясы көздеген, инновациялық экономика үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру мен дамыту үдерісін реттеу механизмі мен құралдарын жетілдіру, біздің пікірімізше, төмендегі 1 суретте көрсетілгендей бағытты іс-әрекеттер жүйесін қамтиды.

Жалпы алғанда, білім мен кәсіби дайындық арқылы қалыптасқан адам капиталы инвестицияға ықпал етеді, жаңа технологиялар жасау мен ендіруді белсендіреді және бір адамға шаққандағы өндірістік қайтарымдылықты ұлғайтады. Дегенмен, білім, теңсіздік мәселесі, адам капиталын жасау мен экономикалық даму, және де экономикалық өсу арасындағы өзара байланыстар күрделі сипатта болады және көбіне белгілі әр елдегі жағдай үшін ерекше болып табылады [3].

Сөзсіз, осымен байланысты барлық факторлар жиынтығының адам капиталының қалыптасуы мен даму үдерісіне ықпалын ықпал ету дәрежесі мен олардың жаңарпашылығының тереңдігі бойынша бөлудің керектігін түсіну болады. Сондықтан жоғарыда келтірілген сызбада олар ішкі (білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және басқалар) және сыртқы (маман кадрлардың миграциясы мен ЕАЭО шеңберіндегі, оның осы одақтың мүше-мемлекеттері арасындағы ашық шекараларын қосып алғандағы, кәсіби-техникалық жұмыскерлер, оларды ЕАЭО біріңғай білім беру кеңістігінде дайындау мен қайта дайындау) деп іріктеледі.

Жекелеп алғанда, білім беру жүйесі мен кадрларды дайындау адам капиталын арттыру механизмін жетілдіру үшін кең алқап ұсынады. Осыған орай адам капиталын дамыту бағыттарын белгілеп көрсету қажет (сурет 2):




Сурет 2 – Адам капиталын дамыту бағыттары

Білім берудің мамандандырылған және стандартты емес міндеттерін шешуге қажеттілік өндіріс үдерістерінің күрделенуі мен ғылыми сыйымдылықты өнімді қолдануға байланысты өсіп отырады.

Қазіргі уақытта әлемдік білім беру кеңістігіндегі негізгі даму бағыты тек кәсіптік білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталу ғана емес, сонымен бірге оларды жаңа,

ғылыми сыйымдылықты өнім жасағанда қолданатын шоғырланған ерекше компетенцияларды қалыптастыру болып табылады. Бұл концепция бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мен нарықта қажеттілігі бар өнімдер мен қызмет көрсетулерді шығару арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және де оқу орындары, жұмыс беруші ұйымдар, мемлекет және білім алушылар арасында тығыз байланыс болуы керек [4].

Сонымен, адам капиталы сапасын инновациялық негізде арттырудың құралдары төмендегідей болмақ (сурет 3).



Сурет 3 – Адам капиталы сапасын инновациялық негізде арттырудың құралдары [5]

Сонымен, білім беру үдерісінде жаңартпашылық белсенділікті қамтамасыз ету арнайы пәндік білім ғана емес, сонымен бірге пәннен тыс - ерекше технологияларды игеруді білдіреді. Жаһандану жағдайында адамға білім үздіксіз, интегралды, кез-келген кеңістіктік-уақыттық координаталарда оқуға мүмкіндік беретін әртүрлі қызмет көрсетулер жиынтығын ұсынуы тиіс әлеуметтік институтқа айналады. Осы функцияларды қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларының құрылымын диверсификациялау іске асырылады. Бұл әрбір адамға өзінің кәсіби қабілеттері мен қажеттіліктеріне неғұрлым толық сәйкес келетін білімдік траекторияны құруға мүмкіндік береді, осылайша «өмір бойына білім алу» принципін жүзеге асырудың мазмұндық негізін құрайды [6].

Өткізілген оқыту мен ендірілетін жаңартпашылықтың перспективалық тиімділігін бағалау үшін оқыту мерзіміндегі сияқты оқытудан кейін де өндірістік-білім беру үдерісінің жағдайына жүйелі түрде мониторинг жүргізу өте маңызды болып табылады. ендірілетін технологиялардың нәтижелілігі мен тиімділігін кешенді бағалау жүзеге асырылуы тиіс. Бұл кадрларды кәсіби дамытудың жаңартпашылық бағдарламаларын жасау мен тәжірибелік іске асырудың нәтижелері бойынша анағұрлым нақты және тематикалық жіктелген талдау алу үшін қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өнімділік 2020» мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100000254>.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері атты халыққа Жолдауы: 2010 жылдың 29 қаңтарында бекітілген.
3. Казарян М.Э. Эволюция развития теории человеческого капитала // Экономические науки. - 2014. - №10(119). - С. 7-10.
4. Герман М.В., Помулева Н. Человеческий капитал как основной фактор инновационного развития // Вестник Томского государственного университета. Серия «Экономика». - 2012. - №1(17). - С. 149-153.
5. Назарбаев Н.А. Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее // <http://www.akorda.kz>.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <https://strategy2050.kz/page/gosprog3/>.

ӘОЖ 32 (574)

ЖАЛАУ МЫҢБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Исаева Л.Н.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1920-жылдардың І-жартысында кеңестік Қазақстанда тоталитарлық режимге алғашқылардың бірі болып қарсылық көрсетіп, өзінің азаматтық позициясы үшін жазаланған Жалау Мыңбаевтың өмірі мен қайраткерлігі сөз болады

Түйінді сөздер: Ақпан төңкерісі, азамат соғысы, Адай уездік революциялық комитеті, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, «ұлтшыл-ауытқушылар».

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында аталған ХХІ ғасырдағы еліміздегі қоғамдық сананы жаңғырту жобаларының бірі – «Туған жер» бағдарламасы». Осы бағдарламада айтылғандай жас ұрпақ білуі тиіс есімі ел есінде сақталған қайраткерлердің бірі, қарапайым жұмысшыдан мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген тұлға – Жалау Мыңбаев.

Жалау Мыңбаев 1892 жылы Адай уезінде дүниеге келген. Ол әжесі мен әкесі Мыңбайдың ықпалымен Форт-Александровск қаласындағы екі сатылы орыс-қазақ мектебінде оқиды. Алайда отбасылық жағдайы көтермей, мектепті толық аяқтай алмайды. Жалау Мыңбаев ҚР Президенті Архивінің қорларында сақталған 1923 жылы 19 қазанда толтырған қырғыз (қазақ) коммунистерін есепке тіркеудің жеке қағазында «білімім – бір жылдық», - деп жазған [1]. Осылайша ол 1917 жылға дейін жүкші болып, балық, тұз кәсіпшіліктерінде жалдамалы жұмыс істеп, жұмысшы мектебінен өтеді. Кейін жазушы Сәбит Мұқанов оны «жұмысшы-революционер» деп жазады [2].

Ж.Мыңбаевтың қоғамдық-саяси қызметке араласуы 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін басталады. Патша билігі құлатылып, елде басталған демократиялық өзгерістер Маңғыстау жеріне де жетеді. Осы кезеңде халық арасына өз белсенділігімен таныла бастаған Ж.Мыңбаев Уақытша үкімет органдарының бірі – уездік Азық-түлік басқармасы бастығының орынбасары болып, ал күзде кеңес өкіметі орнағанда Форт-Александровскіде құрылған Жұмысшылар мен солдат депутаттарының кеңесінің (совдеп)

құрамына Қатық-Бұлақ тұзшыларының атынан мүше болып сайланады. Осы кеңестің өкілі ретінде эпидемия, ашаршылық қаупі төнген өлке тұрғындарын жабдықтау үшін Петровск, Астрахань қалаларынан дәрі-дәрмек, азық-түлік әкелуді ұйымдастырған. Қаратау бойындағы жатақтардың жағдайын жақсарту үшін көмек ұйымдастырып, оларға бөлінген астықты үлестіру комиссиясының мүшесі болды.

Жалау Мыңбаев депутаттар Кеңесінің 1918 ж. 5 наурыздағы шешімімен Форт-Александровскідегі кеңес үкіметін қорғау мақсатында өлкеде құрылған Қызыл ротаның шаруашылық бөлімін басқарады. Маңғыстауда кеңес өкіметін нығайтуға барынша күш салады.

1918 жылы басталып, билікке біресе ақтар, біресе қызылдар келген Азамат соғысының қайнаған кезі 1919 жылдың көктемінде Форт-Александровскіге Еділ-Каспий (Астрахань) қызыл флоты келіп, екінші рет кеңес билігін орнатады. Осы кезеңде Жалау Мыңбаев флот большевиктері құрған «Бірлік» жастар ұйымының төрағасы болып сайланады. ҚР Президенті Архивінде сақталған «Ж.Мыңбаевтың өмірбаяны» құжатында 1919 ж. өзінің Астрахань ұйымы большевиктер тобына мүшелікке өткендігі туралы, бірақ ол жөніндегі құжаттардың кейін ақтар тұтқындаған кезде жойылғандығы туралы жазған [3].

Азамат соғысының аумалы төкпелі заманында Форт-Александровскіде жазда қайтадан ақтар үкіметі орнағанда Жалау Мыңбаев губерниялық орталық Асхабадқа (Полторацк қаласы, Адай уезі Түркістан республикасына қарайтын) бара жатқан жолда ақ гвардияшыларға ұсталып, тұтқындалады. Алайда одан жергілікті тұрғындардың көмегімен құтылып Асхабадқа келгенде, мұнда оны қаланы алған ағылшындар тұтқындап, екі апта большевиктік агент ретінде түрмеде отырады. Ол өзін азық-түлік жөніндегі халық өкілі ретінде көрсете алып, түрмеден құтылады. Белгілі журналист Ә.Спанның «Жалау Мыңбайұлы» атты кітабындағы мәліметтерде көрсетілгендей, Ж.Мыңбаев Алаш қайраткері, Кеңес үкіметі талқандаған Түркістан автономиясының басшысы М.Шоқаймен таныс болған, осы кезеңде оның Каспий арқылы Әзірбайжан, Түркия, Германияға кетуіне көмектескен [4].

1919 ж. аяғына қарай Форт-Александровскіге келген Жалау Мыңбаев тұтқындалып, атаман Толстов армиясының әскери-далалық сотының үкімімен Кеңес үкіметіне еңбек еткендердің қатарында ату жазасына кесіледі. Алайда көтерілген қала халқының қысымымен өлім жазасы қайтып алынып, жазадан құтылады. Бұдан кейін оның қырға кетуіне тура келеді.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Ж.Мыңбаев кеңес үкіметінде бірқатар қызметтерді атқарады: 1920 жылы маусымда құрылған Адай уездік революциялық комитетінің мүшесі және атқару комитетінің азық-түлік бөлімі бастығының орынбасары, 1921-1922 жж. – уездік милиция бастығы, 1922-1924 жж. – Адай уездік ревком төрағасының орынбасары және төрағасы. 1922 ж. Кеңестердің Бүкілқазақстандық III съезінде Ж.Мыңбаев Қазақ Кеңестік Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланады.

Осы қызметтерде жүрген кезінде Ж.Мыңбаев өзінің тұрмыс тәлімі, өмір тәжірибесі мол басшысы екендігін, ел тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарап, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған басшы екендігін көрсетті. Ол Форт-Александровск қаласының, бүкіл уездің мәдениет, оқу-ағарту ісін, жалпы шаруашылығын жақсартуды, тұрғындарды азық-түлікпен, өнеркәсіп тауарларымен жабдықтауға, көшпелі елді тұрақтандыруға, балықшы жұмысшы кәсібіне жатақ шаруаларды көбірек тартуға көңіл бөледі. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ балаларының үздіксіз оқуына қолайлы жағдай жасап интернет ашты. Сол жылдары екі балалар коммунасын ашып, уезд көлеміндегі мектептерді көбейту, оларды мұғалімдермен қамтамасыз ету үшін екі жылдық мұғалімдер даярлайтын курс ашу сияқты шаралар көзделді. Ол барлық уақытта жастарды сауаттандыруға көп көңіл бөлген. Өзінің осы мәселелер жөніндегі ойларын «Степная правда», «Советская степь» газеттері беттерінде жариялап отырған. 1926 – 1929 жылдары оның редакторлығымен қазақ шаруаларының үні болған «Ауыл тілі» газеті шығып тұрған.

1920-жылдар – жоғары партиялық және кеңестік қызметтерге жұмысшы ортадан шыққан адамдарды ұсыну кезі еді. Өзінің іскерлігімен көзге түскен Ж.Мыңбаев 1924 ж. Орал губерниялық атқару комитетінің төрағасының орынбасарлығына және Орта Азия және Қазақстанның әкімшілік-аумақтық жағынан межелеу жөніндегі комиссиясының мүшелігіне тағайындалады. Қазақ-өзбек, қазақ-түркмен шекараларын белгілеуге басшылық жасайды.

1925 ж. сәуірде Кеңестердің Бүкілқазақстандық V съезі Ж.Мыңбаевты С.Мендешовтен кейін Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы етіп сайлайды. Жоғары мемлекеттік қызметті атқарған Ж.Мыңбаев мәдениеттің, ғылым, білім, денсаулық сақтау ісінің дамуына үлкен көңіл бөлген. Елімізде оның ықпалымен тұңғыш ғылыми-зерттеу институты, 1927 ж. «Бурабай» шипажайы, 1926 ж. қазақтың ұлттық театры ашылды, баспахана ісі мен баспа өнімдерін дамыту қаулыларына қол қойған. 1927 ж. Қазақстан мұғалімдерінің I съезіне қатысып, ауыл мектебі мәселесіне қатысты сөз сөйлеген.

Сонымен бірге Жалау Мыңбаевтың азаматтық позициясы, халқына қалтықсыз қызмет еткен басшы екендігі осы ҚазОАК төрағасы болған кезінде айрықша көрінді. Қазақстанда кеңес өкіметі орнағаннан кейін бірінші кезекті шешімін табуға тиісті маңызды мәселелер тұрды: жерді пайдаланудағы бұрынғы әділетсіздікті жою, жергілікті халыққа жақын, түсінікті және оған қызмет ететін мемлекеттік аппаратты құру, жаңа қоғамды құрудың әдістері мен жолдары (экспроприация, ұжымдастыру, индустрияландыру, мәдени революция т.б.). Бұл міндеттерді шешуде қазақ зиялыларының өз көзқарастары үшін «ұлтшыл-ауытқушылар», «ұсақ буржуазиялық-ұлтшылдар», «оңшылдар» деп аталған тобы бірінші кезекке большевиктер ұстанған таптық принципті емес, жалпы ұлттық демократиялық принциптерді қойды. Өзінің саяси күрестегі серіктестері Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожановпен бірге осындай «ұлтшыл-ауытқушыларға» жатқызылған Жалау Мыңбаев 1925 – 1933 жылдары Қазақ Өлкелік партия комитетін басқарған Ф.Голощекинмен ұлт, жер мәселелерінде, қазақ ауылын социалистік негізде қайта құру, мемлекеттік және партиялық аппаратты жергіліктендіру, отырықшылыққа өту сияқты маңызды мәселелерде келіспей, өз ойларын батыл айтты, қазақ халқының мүддесіне қайшы келетін кеңес үкіметінің саясатын сынап, өз балама жолдарын ұсынды. Олардың ұлттық мүддені қорғауға бағытталған бұл әрекеттері «ұлтшылдық» деп бағаланды.

Белгілі тарихшы М.Қойгелдиевтің «Тарих тағылымы не дейді?» кітабында келтірілген деректерге сай, осы кезеңде Өлкелік комитет рөлінің шектен тыс күшейе түсуіне Жалау Мыңбаев алғашқылардың бірі болып қарсылық көрсеткен. Ол республика өмірінде кеңестердің рөлін төмендетуге, күнделікті әлеуметтік-саяси мәселелерді шешуде Орталық Атқару Комитетінің беделін әлсірете түсуге қарсылық білдіріп, Голощекин жұмыстан босатып, туған жері Адай уезіне қайтарғанға дейін өзі ұстанған бағыттан тайған жоқ. Ол 1926 жылы қыркүйектегі Бюро мәжілісінде Голощекиннің шексіз билігін сынға алып былай дейді: «Соңғы уақытта Мыңбаев ҚОАК-де отырып көп жұмыс тындырып жатыр деген пікір бар. Мүмкін солай да шығар... бірақ біз Голощекин жолдастың келісімін алмай ешқандай да мәселені шешкен емеспіз...» Сонымен бірге Голощекиннің қазақ коммунистеріне сенімсіздікпен қарайтынын, ал кадр мәселесін Өлкелік комитетте, Бюрода кеңесу арқылы емес, керек адамдарды жеке өзіне шақырып алып сөйлесу арқылы шеше бастағанын айтып: «Сонда қалай, бізден еңбекші бұқараға көрсетіп қою үшін қажет қуыршақ жасағыңыз келе ме?» – дейді.

Голощекин аппараттық диктатқа қарсы шыққан ҚОАК төрағасына «... Мыңбаев жолдастың жұмыс бөлмесі ұйымдық орналастыру бөліміне айналып, бірқатар жолдастар Өлкелік комитетке жазуды қойып, Мыңбаев жолдасқа жазатын болды, сөйтіп ол өзін Өлкелік комитетке қарсы қоятынды шығарды», «Қожановпен бірге августік блок құрды» деген жала жапты.

Бұдан кейін 1927 жылы 28 сәуірде Ж.Мыңбаев Қазақ Орталық Атқару комитетінің төрағасы қызметінен босатылып, өзінің туған жеріне Адай уездік атқару комитетінің төрағасы қызметіне жіберіледі. Сонымен бірге 1926 – 1927 жылдары құрылып жатқан Түрксибтің Оңтүстік бөлімінің өкілі етіп қояды. 1928 жылы Гурьев округінің атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Ал 1929 жылы Казгоссельскладтың төрағасының орынбасары және Союзхлебтің басқарушысының орынбасары болып қызмет атқарады. «Адай контрреволюциялық ұйымының» басшысы деген жала жабылып, үстінен қылмыстық іс қозғалады. 1929 ж. 26 қыркүйекте ауыр науқасқа шалдығуына байланысты қызметінен босатылады. Осы науқастан 1929 жылы 16 қарашада қайтыс болады. 1930 жылы Ж.Мыңбаевтың үстінен қозғалған қылмыстық іс қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

КОКП ОК Саяси бюросының комиссиясы 1990 ж. мамырда «Ұлттық-ауытқушылық» туралы мәселені арнайы қарап 1920-1930-жылдары көптеген партия, кеңес қайраткерлеріне идеялық «ауытқушылық» пен «ұлтшылдық» айыбының негізсіз тағылғандығы туралы ресми құжат қабылдады.

Осылайша Ж.Мыңбаев сол кездің өзінде ұлттық мәселелерді батыл қойған қайраткерлердің бірі болды. Қарапайым халықтан шығып, ірі саяси қайраткер дәрежесіне дейін жеткен Ж. Мыңбаев өз сөзінде айтқандай: «Біз қазақ елі алдында, тарих алдында әшкере болғымыз келмейді. Біздің мақсатымыз түрлі декреттер мен нұсқауларға қол қоюшылар ғана болу емес, іс бітіріп, болашақ ұрпақ «иә, олар шынымен де тырысып еді дейтіндей дәрежеге жеткен» қайраткер болды. Оның өмірі мен қайраткерлігі дәріптеліп, жас ұрпақ білуі тиіс және әлі де зерделенуі тиіс. Елім деп өткен ер, жерлесіміз, көрнекті мемлекет қайраткері Жалау Мыңбаевтың есімі халық жадында мәңгі сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президентінің Архиві, 141-қор, 16-тізбе, 1909-іс, 1-парақ. Жалау Мыңбаевтың жеке ісі.
2. Мұқанов С. Өмір мектебі. Есею жылдары, 3-том, А., 1970, 104-б.
3. ҚР Президентінің Архиві, 141-қор, 16-тізбе, 1909-іс, 22-парақ. Жалау Мыңбаевтың жеке өмірбаяны.
4. Спан Ә. Жалау Мыңбайұлы. А., 2000.
5. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді? А., 1993, 73-б.

ӘОЖ 94(574)(045)

ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Берикбосынова М.У.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. мақалада XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, атап айтсақ М.Дулатұлы, А.Байтұрсынов, А. Бөкейханов, Ж. Ақпаев, Ж. Сейдалин, Б. Қаратаев, Б. Сыртанов, М. Шоқаев, Ж.Досмұхамедов, Х.Ғаббасовтардың ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы және дамуындағы қоғамдық-саяси қызметтері қарастырылады.

Түйінді сөздер: интеллигенция, көшбасшы, революция, петиция, элита.

Әлемдік тарих тәжірибесі көрсеткендей, интеллигенциясыз өркениет мүмкін емес, оның көмегімен мемлекеттің өзін, басқа да саяси, экономикалық және әлеуметтік институттарды реформалауға болады. Интеллигенцияның басты мақсаты – халықты

соңынан ерту және халқына қызмет ету. Қазақ интеллигенциясының басты мақсаты - халыққа қызмет ету екенін "Алаш" көшбасшыларының бірі Міржақып Дулатов Бутырка түрмесінен жазған хатында анық баяндайды: «Езілген, құлдықтағы халқыма осы құлдық жағдайынан шығуға көмектесуді өзімнің парызым санадым... Кеңес билігіне қарсы күрес ретіндегі саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алдым деп ойламаймын, тек менің арманым қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты көру еді» [1].

XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдерінің дүниетанымы Ресейде көтерілген революциялық-демократиялық қозғалыстың ықпалымен қалыптасты. Кәсіби даярлықтарының айырмашылықтарына қарамастан, идеялық-саяси қызметпен айналысқан еуропалық білімді қазақ қайраткерлерінің үлкен тобы пайда болды. Қазақ ағартушыларының алдында ұлттық саяси сананы қалыптастыру мен оятудың тарихи міндеттері тұрды. Осы міндеттерге қол жеткізу үшін қазақ интеллигенциясы өз қызметін екі бағытта өрістетті: 1) Қазақстандағы патшалықтың отарлық саясатының барлық көріністерін сынау бағытында; 2) қазақ халқының ұлттық мемлекеттік құрылымы идеясын әзірлеу бағытында.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы жылдарында қалыптасқан революциялық жағдайдың арқасында қазақ халқының көп және аз бұқарасының арасында ашық саяси үгіт жүргізуге қол жеткізген бұл қызмет кең ауқымға ие болады.

Бұл қазақ халқының саяси оянуының басы болды. Революциялық оқиғаларға қатысу, сайлауды дайындау және Мемлекеттік Думаға сайлау қалыптасқан саяси күштер және олардың көшбасшыларының қызмет сипаты мен көзқарастарын көрсетеді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және Ж. Ақпаев дайындаған Қарқаралы петициясы тән. Петиция авторлары қазақтарға діни қысымды тоқтатуды, ар-ождан бостандығын қамтамасыз етуді, қазақ балаларын ана тілінде оқытуды ұйымдастыруды, қазақ газеттерін құруды, байырғы жерлерден көшіруді тоқтатуды және «қырғыздар орналасқан жерлерді, олардың меншігі деп мойындауды», «қырғыз депутаттарының қатысуымен» Дала жарғысын қайта қарауды және соттарда және болыстық басқармаларда қазақ іс қағаздарын заңды түрде енгізуді, генерал-губернатордың өкімі бойынша әкімшілік сілтемелердің аяқталуын, қазақ халқының өкілдерін жоғарғы билік органдарына жіберуді талап етті.

Сапалы және білікті құрылған петиция қазақ халқының өзіндік санасының елеулі өскенін көрсетті. Петиция конституционализм идеяларын дамытуда қуатты серпін берді және болашақ «Алаш» партиясының негізгі құқықтық құжаты болды. Петиция ұлттардың теңдігі, қазақ жерлерінің жеке меншігіне қол сұғылмаушылық, мемлекеттік тілді сақтау, ислам дінін Ресей империясы тарапынан жасалатын қысымнан қорғау идеяларын жариялады.

1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында бес облыстың қазақ халқы делегаттарының съезі өтті, олардың ішінде А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақпаев, Ж. Сейдалиев, Б. Қаратаев, Б. Сыртанов және т.б. болды. Бұл съезд 17 қазандағы патшаның манифестімен ұсынылған бостандықтар шеңберінде болған Ресейдің конституциялық – демократиялық партиясының, қазақтардың ұлттық мүддесін қорғайтын филиалын құру туралы мәселені талқылады. 1906 ж. ақпанда Семейде кадеттерге жақын бағдарламаны мақұлдаған, бірақ шаруалардың қоныс аударуын тоқтату, Қазақстанның барлық жерлерін тұрғылықты халықтың меншігі деп тану, ұлттық мектептер ашу туралы және т.б. талаптарды енгізген қазақтардың екінші съезі өтті [2].

Қарқаралы петициясы, өткізілген съездер қазақ қоғамының басты мәселелерін көтерді, дала қазақтарының қолдауына ие болды, саяси мәдениетті қалыптастыру процесіне, қоғамдық санада ұлттық идеяның бекітілуіне түрткі болды.

1917 жылғы ақпан-наурыз оқиғалары Ресейдің саяси жүйесін демократияландыруға әкелді. Патшалықтың орнына ұлттық қатынастар саласында реформаларды нақты жүзеге асыра алмаған Уақытша үкімет келді. 1917 ж. 20 наурызда Уақытша үкімет айналысатын ісі, тұрғылықты жері, мемлекеттік, қоғамдық мекемелердегі

қызметпен байланысты және т.б. құқықтарға шек қоюлар, ұлттық теңсіздіктің кейбір кемсітушілік формалары жойылған «Діни және ұлттық шектеулердің күшін жою туралы» заң қабылдады, Алайда, бұл заң орыс емес халықтар өмірінің негізгі әлеуметтік мәселелерін қозғамады. Уақытша үкімет бірыңғай және бөлінбейтін Ресейді сақтап қалу үшін тек «мәдени автономияны» мойындауға тырысты. Ол қазақ және елдің басқа да халықтарының ұлттық өзін-өзі билеуіне қарсы болды.

1917 жылғы оқиғалар қазақ бұқарасының да қоғамдық-саяси белсенділігін, өз ұйымдарына деген ұмтылысын оятты. Ол кезде қазақ зиялыларының негізгі талаптары: ұлттық езгіні толық жою, өлкені одан әрі отарлауды тоқтату, бұрын іріктелген жерлерді қайтару және олардың артындағы жерлерді сақтау, дербес ұлттық-аумақтық автономия құру болды.

Революциядан кейінгі алғашқы күндері «Қазақ» газеті А. Бөкейханов, М. Дулатов бастаған 15 қазақ интеллигенттерінің және батыс майданында жер одағы комитеті жанындағы бұратана бөлімінде жұмыс істеген көрнекті қазақ өкілдерінің, Қазақстанның 25 орталығына және қазақтар арасындағы белгілі жеке тұлғаларға: Шымкентте Тынышпаевқа, Петропавлда Құсемісов пен Тілеулинге, Омбыда Тұрлыбаевқа және т.б. Минскіден жолдаған жеделхатын жариялады. Онда қазақтарды Уақытша үкіметті қолдауға, елде демократиялық республиканың орнауына қол жеткізу үшін Құрылтай жиналысына дайындалуға және жаңа, еркін Ресей құрамындағы ұлттық автономия үшін күресуге шақырды.

«Қазақ» газеті мен ұлттық интеллигенцияның бастамасы бойынша қазақ облыстық, уездік және болыстық комитеттері құрыла бастады. Облыстық қазақ комитеттері қазақтардың облыстық съездерін дайындауға кірісті, ол үшін арнайы комиссиялар құрылды. Облыстық қазақ комитеттері облыстық қоғамдық және басқа да комитеттермен де, Уақытша үкімет органдарымен де ынтымақтасты. А.Бөкейханов Торғай облысы Уақытша үкіметінің комиссары болып, ал М.Тынышпаев Жетісу комиссары болып (эсер А. Шкапскиймен бірге) тағайындалды.

Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында А. Байтұрсынов, М. Шоқаев, М.Дулатов, Ж.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов және т. б. жұмыс істеді. 1917 жылдың көктемінде тұрғылықты халықтың саяси белсенділігінің өсуі жағдайында Торғай, Жетісу, Орал, Ақмола қазақ облыстық съездері өткізілді. Осы форумдардың жұмыстарына бірінші болып (2-8 сәуір) шақырылған және кең өкілдігімен ерекшеленген Торғай съезі рең берді. Оған тек осы облыстың ғана емес, Ақмола, Семей және Сырдария облыстарының делегаттары, сондай-ақ татар, башқұрт, Орынбор және т.б. мұсылман ұйымдарының өкілдері қатысты. Онда қазақ интеллигенциясының көшбасшылары Қазақстанның мемлекеттік құрылымы мәселелерін талқылауға қойды және съезд делегаттары «президент пен құрылтай жиналысы бар демократиялық, парламенттік және жекеленген республика» туралы пікірлерін білдірді [3].

Қазақ элитасының кадетпен саяси келісімі мен көзқарастарының ортақтығы 1917 жылы аяқталды. Бұл көбінесе Ресейдің уақытша үкіметіне кірген және ұлттық мәселенің тез шешілуін кейінге қалдырған кадеттердің ұстанымымен түсіндіріледі. Саяси айырмашылықтар сол кездегі мәдени элитаның саяси көшбасшысы А. Бөкейхановтың 1917 жылы мамырда кадеттер партиясынан шығуына алып келді.

1917 жылы 21-28 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші Бүкілқазақ съезі өтті. Съезге Ақмола, Семей, Орал, Жетісу, Ферған облыстары мен Бөкей хандығының делегаттары келді. Съезд төрағасы Х. Досмұхамедов болды. Съезде 14 мәселе: мемлекеттік басқару нысаны; қазақ облыстарындағы автономия; жер мәселесі; халық милициясы; жер; ағарту; сот; дін; әйел мәселесі; Құрылтай жиналысына қазақ облыстарынан депутаттар дайындау; «Шура-и-Ислами» Бүкілресейлік 1 мұсылман съезі; қазақ саяси партиясы; Жетісу облысындағы жағдай туралы; қазақтарды бүкіл Ресейдің федералистер съезіне, сондай-ақ оқу комиссиясына жіберу туралы қаралды. Барлық сұрақтар бойынша ұлттық-

демократиялық мазмұндағы сындарлы қарарлар қабылданды. Бұл съезде «Алаш» қазақ ұлттық партиясын құру туралы шешім қабылданды.

Қазақ интеллигенциясы қоғамдық-саяси күреске қатыса отырып, саяси және әлеуметтік-ұлттық теңдік үшін күрес бағдарламасын әзірлеп, өзінің басты мақсаты – ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіруге тырысты. Шынайы қазақ элитасының көшбасшылары қазақтардың тәуелсіздікке заңды, конституциялық жолмен, саяси күрес арқылы қол жеткізуге ұмтылды. Олар зорлық-зомбылық пен қан төгуге қарсы болды. Зорлық-зомбылықтан бас тарта отырып, мемлекеттің таптық-репрессиялық әрекеті таптық азаптаудың құралы деп большевиктермен келіспеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Алматы, Т.3.2000, 724 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Алматы, Т.3.2000, 618 б.
3. Кул-Мухаммед М. Формирование и развитие государственно-правовых идей лидеров Алаш-Орды. Алматы. 1999, 22 б.

ӘОЖ 323(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ОЙ –САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Калиллаева А., студент

Ғылыми жетекшісі: **Ағниязова А.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала қоғамдық сананы жаңғырту тұрғысынан Қазақстан қоғамының құндылықтары жағдайының мәселелерін әлеуметтанулық зерттеулер призмасы арқылы қарастыруға арналады. Тақырыптың өзектілігі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттерден туындап отыр. Жаңа тарихи сын-қатерлер мен қоғамдық санада әлі де болса орын алып отырған ескі стереотиптер арасындағы келіспеушілікті жою, сондай-ақ ұлттық сананың әрқилы полюстерін үйлестіру қажеттігі рухани сана мәселелеріне баса көңіл бөлуге себеп болды.

Түйінді сөздер: Қоғамдық сана, жаңғыру, құндылықтар, ұлттық код, ұлттың рухани жаңғыруы,

Барлық адам баласы, бүкіл халық тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсайтыны анық. Сол жолдағы тынымсыз күрес әлемнің кей түкпірінде әлі де жалғасып жатыр. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның сан ғасырлық арманынан іздейміз. Мақаламды қазақ халқының жанашыр, ұлтжанды азаматы Б.Тілеухановтың сөзімен бастағым келіп тұр: «Мақалада айтылатын дүние – ұлттың өзінің ұлттық кодын, генетикалық жадысын сақтап қалу деген дүние өте маңызды. Өйткені тамырынан үзілген бәйтерек ол жапырақ жаймайтыны сияқты негізгі дәстүріне, тамырына сүйенбеген халық ұзаққа бармайды.»

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір,

батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Н.Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

1. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек.

2. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді.

4. Білімнің салтанат құруы. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқыды. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Біздің заманда басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Бүгінде Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын астаң-кестең еткен 1917 жылдың қазан айындағы

оқиғаға 100 жылдан астам уақыт өткен. Бүкіл XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы-тапсырмаларды шешуге арналған жаңа бағыт. Бұл бағдарламада көрсетілген ең маңызды бағыттың бірі-сананың ашықтығы. Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей. Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма? Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» — деп айтқан еді. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тілді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді.

Ағылшын тілінің сізге қажеттілігі жайлы әлі де күмәндансаңыз, мына себепті тыңдап, оны білудегі артықшылықтармен таныс болыңыздар. 1.Еңбек нарығындағы "бағаңыздың" өсуі. Қазір жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылады. Жақсы жұмыс иегері боламын десеніз, қазірден бастап ағылшын тілін үйреніңіз. 2.Ми жаттығуы. Шет тілін игеру - миға деген керемет жаттығу. Ақпарат ғасырында адамға жақсы ес, жаңа ойлар қажет. Ол үшін мидың жақсы жұмысы артық болмайды. 3.Аудармасыз-ақ шет ел киноларын қарау. 4.Шет елде демалыста жергілікті тұрғындармен тілдесе алу. Шет елдің қайсысына барсаңыз да, ағылшын тілі қолданыста болады. Адамдарды түсініп, сол елдің тұрмысы жайлы көбірек ақпарат, ал демалысыңыздан көбірек әсер ала аласыз. Таныс емес жерден жоғалмай, керек жерді таба аласыз. 5.Ағылшын тілдегі әдебиет оқу. Әлемдік әдебиеттің танымал туындыларының орыс, қазақ тіліне аудармасын оқып жүрсіз. Алайда оның түпнұсқасын ағылшын тілінде оқығанға не жетсін? Сіздің мамандығыңыз бойынша әдебиет тек ағылшынша шығып, орысша, қазақшаға аударылғанша бір-екі жыл өтеді делік. Өз салаңыздағы жаңалықтардан қалмай, онымен уақытылы танысып отыру үшін сізге бар керегі - ағылшын тілін білу. Арнайы бір салаға маманданған сайттар да көбінде ағылшынша. Демек ағылшын тілін білу арқылы қажет ақпаратты ала аласыз. 6.Ортаңыздың өсуі. Ағылшын тілді форумдар мен сайттарда жүріп, талай жаңа адамдармен танысуға болады. Олармен ағылшынша тілдесіп, өз біліміңіз бен тіл ерекшеліктерін жақсартып аласыздар. 7.Қосымша табыс көзі. Ағылшын тілін жақсы игерсеңіз, тек өз жұмысыңызда ғана сәттілікке жетіп қоймай, басқа да табыс көздерін таба аласыз. Мысалға реферат, диплом жұмыстары, арнайы әдебиетті аудару жақсы табыс әкеле алады. 8.Қосымша мүмкіндіктер. Шет тілін білу сізге қосымша мүмкіндіктер ашады. Шет елге оқуға түсу, машықтануға шет елге барып келу және басқа да тосын мүмкіндіктер пайда болуы әбден мүмкін.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп оны қоғамдық қарым-қатынас тіліне ену- бүгінгі күн талабы. Ендігі мақсат тәуелсіз мемлекетіміздегі қоғам өмірінің барлық саласында тілдің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету. Президент Н.Назарбаев өз

Жолдауында «Тіл -Қазақстан халқын біріктіруші құрал болуы тиіс. Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып, дамытуымыз қажет. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімізбен толыға түскен қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз», - деген. Тілді дамытудың жолдары аз емес. Халықаралық келіссөздердің көпшілігін мемлекеттік тілімізде жүргізу, жоғары оқу орындарындағы қабылдау емтихандары мен оларды бітірер кездегі мемлекеттік емтихандардың қатарына қазақ тілінің де енгізілуі, республикалық кеңестерді екі тілде бірдей өткізуге бірте-бірте көшу, ісқағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуінің белгілі бір нормаларын белгілеу сияқты шаралар қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттырып, беделін күшейте түсер еді. Қазақ тілінің тағдыры мемлекеттің дамуы және ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екендігін біздің әрқайсысымыз да терең түсінеміз. Қазақ халқының бүгінгі ұрпағы мақтанғысы келсе, артында осыншама тіл байлығын қалдыра білген бабаларымен мақтана алады. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деген екен Бауыржан Момышұлы.

Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермеуінде. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сенім-мен бет алуын қалаймын. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, сананың ашықтығы.

Мақала рухани ой-толғауда ұлттық құндылықтарымызға, елдік мақсат пен мемлекеттің ұлттық құрылымы, қазақ елінің тарихи мұраларымызға негізделген. Мақала жайлы қазақ қоғам қайраткерлері пікір білдірген. Солардың кейбірулеріне тоқталатын болсам:

Мырзатай Жолдасбеков, Мемлекет және қоғам қайраткері:

– Қасиетті Ұлытаудың етегінде, Әулиелі бақтың басында жайғасып отырып, тұңғыш рет Елбасы тәуелсіздік алғалы өзінің халқымен, туған ұлтымен сырласып еді. Бұл жолы Елбасы ендігәрі не нәрсе мән беруіміз керектігін кеңінен толғайды. Елбасының балалардың көбі ата тарихынан, ата дәстүрінен алшақтаңқырап кеткені туралы айтқаны есімде. Елбасымыз цифрлы Қазақстан, үштілділік, конфессияаралық келісім төңірегінде ой өрбіткен.

Қорыта келгенде айтарым, аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты

толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады.

Жалпыға бірдей тарихи сауаттылыққа қол жеткізу мен рухани жаңғыру – ажырағысыз байланыстағы өзара ықпалдасты құндылықтар. Олар қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға пәрменді әсер етуімен ұлттық қауіпсіздігіміздің, бәсекеге қабілеттілігіміздің нығаюына үлес қосады. Сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету.

Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білімді ел» газет-жураналы
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017 ж. 12 сәуір.
3. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан. 2012 ж. 15 желтоқсан.
4. [<https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ylymdar/8354>].

ӘОЖ 323:37.379.85 (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ҰРПАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Оралбаева А.А., студент

Ғылыми жетекшісі: **Ағниязова А.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, әлем бізді мәдени жетістіктерімізбен тануы керек. Н. Ә. Назарбаев. Рухани жаңғыру - ішкі жан дүниеміздің жаңа өзгерістерді қабылдап, көнеден қалыптасқан салт-дәстүр, мәдениетіміз бен тарихымыздың жаңару жолына түсуі. Рухани жаңғыру төл тарихымыздың бір бөлшегі іспеттес. Тарихқа көз жүгіртсек, халқымыздың осы кезге дейін жүріп өткен жолы, тар жол тайғақ кешулер осыған дәлел.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, болашаққа бағдар, қоғамдық сананы жаңғырту, прагматизм.

Көрнекті ғалым, профессор Мекемтас Мырзахметов 2001 жылы «Парасат» журналының 9-санында жарық көрген «Рухани кәмпеске» атты мақаласында: «...Аса қатерлі мәселенің бірі – қазақ ұлтын жер бетінен тұтас жоғалтып жіберіп, олар жайлаған ұлан-байтақ, бай өлкені босату үшін жоспарлы бағдарламалар да болған. Бұл Ресейдің жеті қат жер астында сақталатын мемлекеттік құпиясы. Сондықтан ол құжаттарды ешқашан қолмен ұстап, көзбен көре алмаймыз» деп жазыпты. Расында ғалым ағамыздың жоғарыда айтқан пікірімен келіспеу мүмкін емес. Кеше ғана күні батқан Кеңес дәуірінің өзінде қазақты орыстандыру саясаты патша кезіндегі «ұлттар мен ұлыстардың бірігуі» атты ұранның өңін сәл өзгертіп «халықтар достығы – интернационализм» деген желеумен

жалғастырды. Мысалы, 1926 жылғы санақтың қорытындысы бойынша Кеңес билігі орнағанда одақ көлемінде 194 ұлт пен ұлыс өмір сүрген болса, одақ құлағанда солардың тең жартысы жер бетінен жойылып кетіпті. Аман қалғандардың бірі – қазақ. Десе де, қазақты жою үшін ұлтымыздың руханиятына тікелей жасалған қиянат қаншама. Осыны орындау үшін 1959 жылы 15-19 маусымда Қазақ КСР Ғылым академиясы қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция өткізіліп, нәтижесінде қазақ ауыз әдебиетінің 100 томға жуық құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылды. Бұдан құтылудың жолы – қазақ руханиятының түп-тамырын өзгертіп, еуропалық мәдениетке алмастыру қажет деген шешімге келді. Соның ішінде шығармашылық қауымды ұлттық таным, тарихи сананы жаңғыртатын тақырыпқа соқтырмай, тек қызыл сөзді көпіртіп, көркем әдебиет жазуға жарыстырып қоя берді.

Осындай жағдайдың енді қайталанбау мақсатында елбасымыз, еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. «Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым». Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім. Деген болатын Н.Ә.Назарбаев.

2017 жылғы 12 сәуірде Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласын жариялап, онда қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген еді. Мемлекет Басшысының бастамасымен басталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, ол қоғам тіршілігінің барлық саласын қамтитындығымен бірегей. Оны қазіргі кезеңдегі және ұзақ мерзімді перспективадағы қазақстандық қоғам дамуының өзіндік идеологиялық платформасы деп батыл айтуға болады. Қоғамдық сананың жаңаруы ортақ әлеуметтік кеңістікте өмір сүріп жатқан халықтың қажеттіліктерімен тікелей байланысты. Бұл ретте, Қазақстан азаматтарының қоғамдық санасының мазмұны олардың мүдделерімен, идеяларымен, құндылықтарымен тығыз байланысып, мәдениет, мінез-құлық тәжірибесі, салт-дәстүр, ғылым, адамгершілік императивін қоса алғандағы рухани негіздерге арқа сүйейді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында 2017 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Үкімет Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын дайындап, бекітті, өңірлік жоспарларды іске асыру бойынша Жол карталарын қалыптастырған бағдарламаларды басқарудың жобалық офистері құрылды, халықаралық тәжірибені ескере отырып Ұлттық аударма бюросының жұмысы ұйымдастырылды, жергілікті органдар үшін көшпелі әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды. Ұлттық комиссиямен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 бағытының іске асырылуы қамтамасыз етілді.

Бұл алты бағыт:

1. Бәсекелік қабілет
2. Прагматизм
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау
4. Білімнің салтанат құруы
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
6. Сананың ашықтығы

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен

құндылықтардың қайнары тоғысқан ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Соның ішінде прагматизм.

Прагматизм. Біз прагматизм туралы көп айтамыз және бұл мемлекетіміздің экономикалық табысы үшін өте маңызды мәселе. Бұл әрбір адамға белгілі. Егер сен ақылмен емес, эмоцияға бағынсаң, өмір баспалдағыңды жоспарламай, орындалмас арман және үмітпен өмір сүрсең – жетістік болмайды. Президентіміз Н.Ә Назарбаев бұл туралы өзінің мақаласында жақсы түсіндіреді. «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді», - деген болатын Н.Ә Назарбаев

Н.Ә.Назарбаевтың КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан мен Ресей кәсіпорындары арасындағы өндірістік және экономикалық байланыстардың маңыздылығын жақсы түсінді. Ал сол тұста Ресей, шын мәнінде, Қазақстанды рубль аймағынан итеріп тастады. Соған байланысты біздің ел қараша айында өзінің ұлттық валютасы – теңгені енгізді. Біздің Елбасы прагматик ретінде, 1992 жылы және 1993 жылдың бірінші жартысында арнайы мемлекеттік комиссияны құпия жағдайда құрып, ұлттық валюта жасау мен енгізу жұмыстарын жүргізіп, қарашада тез арада республика территориясында теңгені айналымға енгізді. Яғни, біз Ресейдің осы жағымсыз әрекетіне дайын болдық деген сөз. Бұл нағыз прагматизмнің көрінісі!

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Біздегі байлықтардың иесі болғанмен, киесін түсінген жан бар ма? Киесіз байлық кетуге, шашылуға дайын тұрады. Абай сөзімен айтқанда, «иттікпен тапқан малды, адамшылықпен жұмсайтын» уақыт жеткен тәрізді. Рухани жаңғыруда Елбасының прагматизмнің жарқын үлгілерін бабаларымыздың өмір салтынан іздеп, оны бүгінгі өскелең ұрпақтың мінез-құлықтық негізі, іргетасы ретінде қалыптастыру, бүгінгі ұлттық идеологияның басты бағыттарының бірі екенін айтты. Демек, ұлт менталитетінде өзіндік орны бар құндылықтардың бірі үнемшілдік, қанағатшылық. Соңғысы астамшылық пен ысырапшылыққа жол бермеудің тегеріштері мен тосқауылдары.

Дәстүрдің озығы да, тозығы да болғаны сықылды сананың да кертартпа тозығы болады. Сананы өзгертудің бір жолы – шынайы прагматикалық ойлау. Шынайы прагматика асып-таспайды. Қолда барын онды-солды құр шашып, күн көрмейді. Ж астардың арасында шектен тыс билікқұмарлық, мақтанқұмарлық, кердең мінез, келіссіз істерді байқаймыз. Қарапайым ғана өмірде, бұған мысал мындаған оқиғалар бар. Өзін прагматик санайтын тұлға мұндай шектен тыс әуесқойлыққа бармайды. Дәстүрдің де, сананың да тозығы осы емес пе?!

Ұлттық сана мен тәрбие жайында қазақта Абай Құнанбайұлынан артық ешкім жазбағандай. Абайдың «45 қара сөзі» тұнып тұрған прогматикалық ойлар орамы деуге болатындай. Қарасөздің тереңіне үңілсеңіз, «ішсем, жесем, ұйықтасам деп туатын бала емес, көрсем, білсем, үйренсем деп туатын баланы тәрбиелеп, оны білімге, ғылымға үйретіп, жеңдіріп, қанағатшылық пен үнемшілдікке үйрету» керектігін талай айтқан. Сонымен қатар, ол мақтаншақтықтың түрлерін көрсетіп, «десін» дейтіндердің «демесін» дейтіндерден озып кету себебін іздеп, оның түбі надандық екенін, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озбақ. Одан басқа нәрселерменен оздым ғой, демектің бәрі де ақымақтық, – деп, ой түйген болатын. Бұған қояр тосқауыл қайда? Тосқауыл – білім мен тәрбиеде. Енді бір сөзінде Ұлы Абай: «ғылымсыз ахирет жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды »,– деген еді. Демек, ғылым мен білім ұлттық тәрбиемен негізделуі

керек. Ғылым мен білім дамыту үшін ұлттық сананы жаңғыртып, әлемнің озық инновациясын меңгере отырып, қазақы түп-тамырымыздан ажырамауымыз маңызды.

Ойшыл Абай: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» демеп пе еді? Қазақы прагматизмнің ерекшелігі де осында. Елбасының прагматикалық философиясы да Абайдың қарапайым қарасөзімен үндесіп тұр. Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Еліміздің болашағы біздің қолымызда, біз алдымыздағы аға буынның салған дара жолымен жүріп еліміздің мәртебесін биіктетіп, керегесін кеңейтіп өзімізден кейінгі ұрпаққа аманатты жеткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Егемен Қазақстан» газетінен.
2. youtube.com сайтындағы «Хабар» телеарнасының Khabar News ресми каналы.
3. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017 ж 12 сәуір
4. Абай қара сөзі «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2011 жыл.

ӘОЖ 323:37.379.85 (045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Қуантханова Э.К., студент

Ғылыми жетекшісі: **Серикбаева А.К.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, ұрпақ, тәуелсіз, жолдау, бүгінгі.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпы ұлттық идеясы – болашақ табыстардың негізі екені баса айтылады. Сондай-ақ, ең бастысы – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін білімділік пен ұлттық идеясы жарияланған болатын. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, елдің руханияты мен жасалған басты қадамдардары нақтылығын болады. Даму үстінде шарықтаған жеріміздің мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенуге болады. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы

арасында сабақтастық болса ғана, біз «Болашағы мен бағыты анық, рухы өр» ел боламыз. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тарих өткен шақпен, адами жадымен және әлеуметтік еспен байланысты болғандықтан, бұған төл тарихты тану арқылы қол жеткізуге болады. Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Келешек қамына алаңдайтын болсақ, әуелі білім мен ғылымды дамытудан бастау керек екені сөзсіз. Бұл ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген ұғымды білдіреді. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс деп түсу керек.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген

адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады». «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

- еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру;

- гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 кітапты қазақ тіліне аудару;

- мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру.

Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері 2018-2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу үлгілері болып табылатын кітаптармен оқуды бастайды

Сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз жарқын.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және Қазіргі ғылымдағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды

қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігінді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұзтаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Қорытындылай келе, алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Рухани жаңғырудың маңызы мен мақсаты санасы сау, тарихын танитын, революциялық емес эволюциялық дамуды қолдайтын, прагматизмді сақтайтын заманауи талаптарды жатсынбайтын, әмбебап бола алатын жаңалыққа құштар, білімдар қоғам қалыптастыру. "Рухани жаңғыруымыз жаңғырық болып қалмас үшін" тұжырымды ойлардан, тағылымды тәрбие алып, ісімізден нәтиже шығаруымыз керек!!! Кез келген адам баласы дүние есігін ашқан соң есейе келе алдына мақсат-міндеттер қояды. Меніңше ең басты өмірлік міндетіміз - рухани жаңғыру.

Рухани жаңғыру адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы "рухани жаңғыру" дәлел.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013. -500 бет.
3. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
4. Қазақстан ғылымы: талдамалық шолу. Наука Казахстана: аналитический обзор. Астана, 2013.

ӘОЖ 323:94(574)(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

Сапарбекұлы Д., студент

Ғылыми жетекшісі: Бекенжанова А.А.

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. “Рухани жаңғыру” идеясы мен Алаш идеясының түпкілікті мағынасы бір және ұлттық идеология негізі, Алаш қаламгерлері шығармашылығында ұлт мүддесі,

ұлттық патриотизм, адамды құрметтеу, жалпы адамзаттық құндылықтар, жеткіншек ұрпақты тәбиелеу.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, Алаш зиялылары, Алаш идеясы, тәуелсіздік, ұлт мүддесі, ұлттық патриотизм, ұлттық идеология.

Алаш арысы Міржақып Дулатов «Түрік баласы» атты жобасында: Болашақты білуге тарих анық құрал болады. Өз тарихын жоғалтқан жұрт қайда тұрғандығын, не істеу керектігін білмейді және әр халық өз тарихын білмесе, артынша өзі де жоғалуға дайын тұрады.»- деген. Бүгінде осы маңызды мәселеге қалай қарап отырмыз? Соңғы жылдары біз Елбасымыз болашаққа апарар жол ретінде жариялаған «Мәңгілік ел» атты қазақ халқының ұлттық идеясын арқау етіп келеміз. Ал «Мәңгілік ел» болуымыз үшін болашаққа құрған ұтымды жоспар ғана емес, тамыры терең тарихымызбен астасқан сан ғасырлық құндылықтарымызды заманға сай жаңғыртуымыз қажет. Сонда ғана «Мәңгілік ел» боламыз деу ақылға қонымды болмақ. Ендеше «Мәңгілік ел» боламыз десек, осы елдігіміздің тарихын және еліміздің болмысын, әсіресе, оның рухани құндылықтарын білуіміз, қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек-ақ. Осы бағытта бүгінде қандай шаралар атқарылып жатыр десек, Елбасымыздың алға қойып отырған ұлы мақсаттарының бірі «Рухани жаңғыру» ұстанымын айтуға болады. Ал енді осы «Рухани жаңғыру» дегеніміздің өзі не, оған қалай қол жеткізуге болады және тарих пен тарихи тәжірибені зерделеу қоғамның рухани жаңғыруына қандай негіз бола алады деген мәселе төңірегінде ой қорытып көрейік.

Рухани жаңғыру бағыты негізінен қазіргі таңда аты бар бағыт болғанмен де ғасырлық тарихы бар деуге болады. Ғасырлық бағыт деп не үшін айтамыз? Бұл бағытты бастап қойған қазақ жанашырлары, қазақ елінің тәуелсіздігін аңсап, сол жолда еңбегін төккен Алаш зиялыларының өмір сүрген уақытынан ғасыр өтуі. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілеттілігін де сол жылдары көрсете білді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Зиялылар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруді көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті, сол жолда күресті. Сонымен қатар елде демократия, білім-білік алып кел үдерісінің бастауында болды.

Өз ғасырында идеяның жүзеге аспауына бірден бір кедергі Ресей империясының бодандығында болуымыз еді. Алаштың көшбасшылары Ресей империясы мен жаңадан билікке келген коммунистердің қазақ халқына ешқандай жақсылық әкелмейтініне, келешекте алаш өкілдерінің халқы үшін жасаған жанқиярлық іс-әрекеттері кешірілмейтініне, керегінде пайдаланып, кейін ойланбастан құрбандыққа шалатынына 1917-1920 жылдары көздері жетті. Алаш зиялылары осындай жағдай болатынын біле тұра өз идеяларынан өлім алдында бас тартпай, ақырғы күндеріне дейін күресті. Алаш қаламгерлері шығармашылығында толымды түрде ұлт мүддесі, ұлттық патриотизм, адамды құрметтеу, жалпы адамзаттық құндылықтар, халықтың салауаттылығы, жеткіншек ұрпақты тәбиелеу жолдары, қазақ халқының адамзат көшінде лайықты орынтабу, ана тақырыбы, әйел теңдігі мәселесі – басты тақырыптардың біріне айналды. Ізгілік пен адамгершілікке құрылған осы туындыларда гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттық адамсүйгіштік қасиеттері бейнеленді. Зиялылардың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығынан бастау алмақ. Осы қазақ зиялылары жалпы демократиялық мәндеті ұлттық тең правослық, халықтың мәдениетін көтеру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты көкейтесті мәселелерді өз шығармаларының өзекті тақырыптарына айналдырды. Осы жалпы демократиялық

мазмұндағы талап-тілектердің өзі халық арасында объективті түрде отарлық езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастыруға қызмет етті. Осындай өмірлік сұраныстан туған және оған жауап берген санаулы дүниелердің бірі 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген, кешікпей әлденеше рет басылған Міржақып Дулатовтың "Оян, қазақ!" атты шағын көлемді өлеңдер жинағы еді. Кітапқа эпиграф ретінде алынған:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамасты, - деген шумақ "Оян, қазақтың" айтайын деген басты идеясын дәл берді.

М.Дулатовтың көлемі небәрі 4-5 баспа табақтай "Оян, қазағында" XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер көркем сөзбен шыншыл кестеленген. Патшалық Ресейдің отарына айналған ел мен жердің тағдыры, оқу-ағарту мен дін жағдайы, жетімдер мен жесірлер халі, ауылдағы сайлау ісі сияқты мәселелер "Оян, қазаққа" тақырып болған мәселелер. Сонымен қатар М.Дулатов қазақ жастарын оқып, білім алуға, орыс тілі мен өнерін үйренуге шақырады. Басқа да Алаш зиялыларының шығармалары осындай тұрғыда қара халықтың көзін ашу үшін жазылғаны белгілі. Олар өз жасаған еңбектері арқылы отарлық жағдайда ескіріп бара жатқан ұлттық патриотзмді, ұлттық мүддені жаңғыртты.[1]. Зиялыларымыздың Алаш идеясы ұлттық идеология қалыптасуына негіз болды. Олар келер ұрпақтары яғни біздерге ұлттық идеологияны аманат етіп кетті. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев:«Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті...». Мемлекет құрып, өз алдымызға тәуелсіз ел болу олардың асқақ арманы еді. Идеология негізінен Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, рухани жаңғыруы арқылы дамушы елдердің қатарында келеді [2]. Атап өткендей Алаш идеясы ендігі жаңаланған "Рухани жаңғыру" идеясына айналды. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Рухани жаңғыру идеясы атамекенмен ұлттың бір болуына, үнемі ұрпақ пен туған жердің байлануысына, адам мен табиғаттың тұтастығына негізделді. Рухани жаңғыру – ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалды өріс.

Рухани жаңғырудың негізінде және адамның халықтық тұлғаға айналатындығын ата-бабаларымыз жете түсінген. Батырлықтың, шешендіктің тума талант иесі болып, ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді.

Рухани жаңғыруы негізінен алар болсақ, мемлекеттің дамуы мемлекет ішіндегі әр адамның дамуынан туындайды. Жеке адамның әлеуметтік рухани жаңғыруы өмірге, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуінде. Адамды өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл-парасатымен, білімімен бейімдейтін – ұлттық қасиеттер мен құндылықтар. Атап айтсақ, ұлттық сана, тарихи білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік және т.б. Бұлар жеке адамды қоғаммен бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Жеке адамның өзіндік санасының ұлттық санаға айналуы ұлттық руханияты арқылы жүзеге асады. Ұлттық санамен қалыптасқан және ұлттық зердеге бағынатын жеке адамның рухани ізденістерінің негізінде ел игілігіне ортақ оның болашағына қызмет ететін танымы, білімі, тәжірибесі мен идеясы қалыптасады. Жүсіпбек Аймауытов жазып кеткендей: «Адам – жанды нәрселердің ішіндегі ақылдысы, сезімдісі, қайраттысы. Адам дүниеде ақылды зат болса, өмір сүруінде де бір ақылды мақсат болуы керек». Алдына айқын мақсат қоя біліп дамыған адам өз елінің дамуына үлкен септігін тигізері анық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен

көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп ел келешегіне үміт артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда – Алматы, 1995, - 154 б.
2. Тілегенова Т. Қоғамның рухани жаңғыруындағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың рөлі // «Қазақ тарихы», 2017, № 9, - 15 б.

ӘОЖ 811.512.122(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТІЛ ТАРИХЫ

Торешова А.Л., студент

Ғылыми жетекшісі: **Ақниязқызы А.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. «Адамзат баласына қашан тіл бітті?», «Тіл қалай пайда болды?» және «Тіл дегеніміз не?» «Неге тілдер өте көп?», «Неге жас ұлғайғанда тіл үйрену қиындайды?»

Тіл мәдениеті. Ағылшан тілі енгізілуі. Ағылшын тілінің тарихы. Ағылшын тілінің кең таралу себептері.

Түйінді сөздер: тіл тарихы, эволюциялық көзқарас, лингвистика, тіл және саясат, тіл – инстинкт, мәдениетаралық коммуникация.

Бүгінгі заманға дейін ежелден келе жатқан көптеген тілдер жойылып, орнын өзге тілдерге берді. Келешек уақытта да бүгінгі тірі тілдер біртіндеп жойылып, орнын басқа тілдер басатыны анық. Сол себептен, тілдердің пайда болуы, дамуы, әлсіреуі әрі жойылу тарихының зерттелуі өте күрделі. Өйткені, тіл әр елдің өміршең болуының кепілі. Себебі, адам болмысының табиғатында өзін тану өмірінің мәнін айқындайды. Ал, тіл адамның өзін һәм ортасын, әрі табиғаттың ақиқатын тануда басты құралдардың бірі бола тұра ұлттық болмыстың да іргетасы іспеттес.

Дүниеде, сірә, тілге қызықпайтын адам жоқ шығар. Тілдің түпкі мәніне үңілгісі келетіндерге зерттеу-зерделеу барысында ауызекі тіл кеңістігінің әсемдігін, байлығын, жалпы, этимология саласының ғажайып сырларын, сөз атаулының сұлулығын, қолданысындағы қызықты жағдайларын ашып көрсетпек ойым бар.

Тіл мен ойлау ғылымынан бейхабар, бірақ ойын қорытып сөйлегенде сөз жиілігінің сұхбаттасушыға қалай әсер ететінін жақсы білетін, пайдасы жоқ категория-қағидаттардың айырма-белгілерін жаттайтын студенттерге адамзат ақыл-ойы көз жеткізген лингвистикалық жетістіктерді жария етсем деймін..

Торе Янсон кітабының алғашқы тарауында «Адамзат баласына қашан тіл бітті?», «Тіл қалай пайда болды?» және «Тіл дегеніміз не?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Тілдің пайда болуына байланысты екі түрлі көзқарасқа тоқталады. Діни көзқарасқа сүйене отырып, Янсон Інжілдің бірінші кітабы саналатын «Генезисте» Адам атаның жаратыла салысымен сөйлегенін мысал ретінде келтіреді. Өйткені, Адам атаға бірден мынадай тапсырма берілді: «Жаратқан Ие топырақтан түрлі жануарлар мен саналуан құстарды жаратты. Содан соң, оларды қалай атар екен деп бәрін Адамға алып келді. Адам қандай ат қойса, олар солай аталатын болды». Сонымен, жан-жануарларға ат беру, сөйтіп, тілдің бір бөлігін қалыптастыру Адам атаның ең алғашқы іс-әрекеті болыпты. Өйтсе де, тіл

атаулыны жаратқан Адам ата емес. Тіл Адам ата жаратылмай тұрып қолданыста болған. Құдай ең бірінші күні таң мезгілінде «жарық болсын» деді, яғни, ол о бастан сөйлей алды. Эволюциялық көзқарасқа сүйене отырып, Янсон қазір біз өзіміздің бірден осы күйде пайда бола салмағанымызды, маймылдарға ұқсас түрлерден дами отырып қалыптасқанымызды айтады. Бірақ, адам уақыттың қай кезеңінде нағыз адам болып қалыптасты? Адам баласы адам дәрежесіне тіл пайда болғанда жетті деген болжам айтылады және бұл Інжілдегі оқиғаларға да сәйкес келеді. Адамды басқалардан ерекшелейтін тіл деген ойды бәріміз де құптаймыз. Бір өкініштісі, Інжіл бізге оның қашан пайда болғанын, бірінші сөз айтылған жыл, күн туралы еш мәлімет бермейді. Ежелден бері талай талантты адам сөйлеудің қалай және қашан пайда болғанын анықтауға тырысса да, нәтижесі әлі айтарлықтай емес. Біз адамзат тілдерінің пайда болғанына кем дегенде 5 мың жыл болды деп сенімді айта аламыз. Өйткені, бізге жеткен алғашқы жазба мәтінге шамамен осынша жыл. Сол жәдігерлерде қолданылған Шумер және Мысыр тілдерінің бүгінгі адамдар сөйлеп жүрген тілдермен жалпы болмысы бір. Тілдер өте ұзақ уақыттан бері қолданыста бар деп айтқан дұрыс. Бірақ, қаншалықты ұзақ екені айқын емес. Оны көрсететін дәл деректер жоқ, сондықтан, болжамдардың бәрі – тек ой ғана. Бұл сұраққа жауап іздегенде адамдар, негізінен, дәлелдің екі түрін қолданған. Біріншісі – адамның тарихқа дейінгі кезеңдегі жалпы мәдени дамуына байланысты табылған жәдігерлер. Екіншісі – адам анатомиясының дамуы туралы деректер, археологиялық қазбалардан табылған түрлі дәуірлерден жеткен сүйек қаңқалар.

Археологиялық деректер ата-бабаларымыздың ең кем дегенде 40 мың жыл бойы грамматикасы күрделі, сөз қоры бай тілдерде сөйлегенін көрсетеді. Құрал-сайман жасаған адамдардың сөйлей алмауы мүмкін емес екенін ескерсек, тілдер анағұрлым ұзақ, 2 миллион жылдай қолданыста болуы керек. Бірақ, бұл екі дағдының арасында байланыс расында да бар ма, оны ешкім анық білмейді. Ежелгі адам анатомиясының білгірлері «қазір өмір сүріп жатқан адам– *Homo sapiens* – шамамен 100-150 мың жылдар бойы айтарлықтай өзгерген жоқ» дейді. Бұл осы кезеңде адамдарда қазіргі біздікімен бірдей ми түрі және сөйлеу мүшелері болған дегенді де білдіреді. Сондықтан, оларға сөйлеуге интеллектуалдық та, анатомиялық та кедергі болмаса керек. Олардың тілі біздікіндей болған, көмекейлерінде біздікіндей дауыс желбезегі бар. Ал, милары сөйлеу мен сөзді түсінуге қажет қатпарлардан тұрған. Тіл қалай пайда болады деген сұрақ осы мақалада қайта-қайта көтеріледі. Тіл – қарым-қатынас тәсілі, адамдар бір-бірімен қатынасу үшін қолданатын өзара коммуникация жүйесі. Егер, екі жүйенің ағылшын және жапон тілдері тәрізді дыбыстары, лексикасы мен грамматикасы әртүрлі болса, оларды екі бөлек тіл дегенге оңай келісуге болады. Дегенмен, тілдік жүйелердің өте ұқсас болуы да жиі кездеседі. Мысалы, испан және итальян тілдерінің дыбыс жүйесі ұқсас, сөздік қорының басым бөлігі бірдей және грамматикасы да өте қатты ерекшеленбейді. Сонда, олар екі тіл ме, бір тіл ме? Лингвистер әдетте өзара түсінісу критерийіне сүйенеді: егер екі адам бір-бірін түсінсе, олар бір тілде сөйлегені, түсінбесе – әртүрлі тілде сөйлегені. Бұл критерийдің артықшылығы – түптеп келгенде, оны барлық күмәнді жағдайларда тексеруге болатынында; бұл лингвистерге әлем тілдерінің толық тізімін жасауға мүмкіндік береді. Бірақ, Африкада немесе Аустралияда әлі күнге дейін атау берілмеген тілдер бар. Классификациялау немесе таксономияның осыған ұқсас қиындықтары білім берудің көптеген салаларында кездесіп тұрады.. Белгілі лингвистер испан және итальян тілдері бір десе, жалпы қауымның бұл сөзбен келісуі екіталай, ең бірінші кезекті Испания мен Италияның өз халқы және саясаттағы билік органдары. Олар ол лингвистерді күлкіге айналдырып, есекке теріс мінгізіп жібереді. Қазіргі тілдердің қолданыста болуына байланысты шартты түрде оларды үш топқа бөліп қарастырғанда, бірінші, жүз миллионнан аса сөйлеушісі бар: қытай, ағылшын, испан, үнді, араб, портакал, бэнгал, орыс, жапон, пәнжаб, сондай-ақ, швед, италиян, неміс, украин, парсы және түрік тілдері. Аталған тілдермен әлемдегі 80 пайыз халық сөйлейді. Бұл топтағы тілдер «ұлы тілдер» қатарына жатады. Екінші, он миллионнан аса сөйлеушісі бар тілдер. Олардың өміршен

болулары өз тілдерінде қолданысқа енгізе алатын: саяси билік, мемлекеттік және мемлекеттік емес экономикалық аса ірі объектілері мен техника және технологияның даму барысында сол тілде сөйлеуіне байланысты айқындалады. Бұл топтағы тілдер «ұлттық тіл» ретінде мемлекеттік мәртебеге ие болғанмен, «мемлекеттік стандарт» тіл деңгейіне көтеріле алмай келе жатқан тілдер. Мәселен, қазақ тілі Қазақстан Республикасында қазақ халқы үшін ұлттық тіл ретінде мемлекеттік тіл деген мәртебеге ие болса да, «мемлекеттік қалыпты (стандарт)» тілге айнала алмай келеді. Өйткені, қалыпты (стандарт) тіл мемлекеттік мүддемен бірге а) ұлт азаматы, ә) отбасы, б) ұлт, д) мемлекет с) рухани сынды бес құндылыққа қызмет атқаруға тиіс. Ал, саяси билік, банк пен мұнай сынды ірі экономикалық орындарда орыс пен ағылшын тілі негізгі тіл болып қолданылып тұрған кезде қазақ тілінің қолданыс аясы дастарқан басы мен аудан, ауыл төңірегінен алысқа қанат қаға алмай өмір мен өлім арасында келе жатыр. Үшінші, шамамен жүз мың адам сөйлеушісі бар тілдер хал үстінде, өлім күнін күтіп отырған тілдер. Барлық жағдайда адамзат күтпеген құбылыстар адам, табиғат сондай-ақ адам баласына қатысты тілдердің де тағдыры кенет өзгеруі ықтимал. Тіл жайындағы көптеген сұрақтарға нанымды жауап таба білу үшін қазіргі замандағы екі ұлы тіл, яғни, ағылшын мен қытай тілдерінің тарихы, даму тарихына қысқаша тоқталып, аталған екі тілдің бір-бірінің тоғысып, бәсекеге түсулерінің себеп-салдарына зер салып, саралап көрейік. Ағылшын тілінің тарихы б.з. V ғасырда англ, сакс және юттар, сынды үш германдық тайпалардың Британияға шабуылынан бастау алады. Олар солтүстік теңізді өтіп қазіргі Дания және солтүстік Германия жерінен келді. Сол кездері Британияның тұрғындары сельт тайпалары болғандықтан сельт тілінде сөйлейтін болатын, алайда, басқыншылар сельттерді батыс және солтүстік жағалауларға ығыстырып тастады, қазіргі Уэльс, Шотландия және Ирландия жерлері. Англдер өз елін «Englaland», ал, тілін «Englisc» деп атаған. Содан «England» және «English» сөздері пайда болды. Бұл кезең 450-1100 жылдар аралығында ағылшын тілінің ежелгі дәуірі болып саналады. 1500-1800 жылдар аралығы ағылшын тілі мен әдебиетінің «жаңа дәуірі» болып есептеледі. Ағылшын тілінің орта кезеңінде, сөздердің айтылуында күтпеген және елеулі өзгерістер пайда болды, дауысты дыбыстар едәуір қысқарды (Vowel Shift = Дауысты дыбыстар ауысуы немесе қозғалысы). XVI ғасырдан бастап Британияның басқа елдермен қарым-қатынасы күшейе бастады. Бұл факт және «Ренессанс» кезеңінің басталу нәтижесінде, көптеген сөздер шет тілдерінен енді. Кітап баспасының пайда болуы да жалпы әдеби тілдің дамуына үлес қосты. Кітап бағасы арзандап, оқу және жазу үйренген адамдар саны көбейе берді. Баспаның дамуы тілдің стандартталуына әкеп соқты. Гамлеттің атақты өлең жолдары ерте кезеңгі ағылшын тілінде жазылған. Орфография және грамматика ережелері орнығып, Лондон диалекті пайда болды, оған себеп баспа үйлерінің басым көпшілігі Лондонда орналасқан болатын. 1604 жылы алғаш ағылшын тілі сөздігі жарық көрді. Вилиям Шекспир (1564-1616) бұл дәуірде ағылшын драматургиясының атасы болып танылды.

Қорыта айтқанда, тілден маңызды, тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз күнің қараң, сөйлей алмайсың, бұйыра алмайсың, алу да, беру де, сату да, сатып алу да қолыңнан келмес еді. Атауы бар тіл – әлеуметтік және саяси қолдауға ие тіл. Ал, тіл жүйесі және тіл туралы шешім шығарып, тілге атау беретіндер – қоғамда билікке ие адамдар. Қандай тілдер бар екені, қай пікірдің лингвистикадан гөрі саясатқа жақын екені жөнінде әртүрлі көзқарас бар. Осы мақаланың бір мақсаты тілдің түрлі деңгейде болуы қандай факторларға байланысты екендігіне жауап іздеу болып табылады. Қазіргі заманда тіл мен халықтар арасында екі кереғар ағым жүріп жатыр. Бір жақтан әлемде халықтардың саны өсіп жатыр. Екінші жағынан көптеген тілдер мен диалектілер өшіп, жойылып бара жатыр. Оған айғақ кейінгі бес жүз жылда әлемде қолданыстағы тілдердің жартысы жойылып кеткен. Ал, бүгінгі кезде әлемде шамамен 7000 тіл қолданыста. Олардың басым бөлігі, яғни, 5700 тілдің келешегі бұлыңғыр, өйткені 7000 тілдің өмірі әлемдегі 200-ге жуық саяси тәуелсіз мемлекеттер кеңістігінде өтіп жатар. Олар өмір кешіп жатқан

мемлекеттердің ұлттық тілінің жанында тірі қала алама не өлім аузына түсіп, жойылып кету қаупінде ме? – деген күрделі сұрақтың жауабына алаңдап отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Светлана Терминасова “Тіл және мәдениетаралық коммуникация” Астана 2018ж
2. Төре Жансон “Тіл тарихы” Астана 2019ж
3. Стивен Пинкер “Тіл – инстинкт” Астана 2019ж
4. Төре Жансон «Тілдер тарихы».

ӘОЖ 323:37.379.85 (045)

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ҚҰРЫЛТАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Есенғалиева Ф., студент

Ғылыми жетекшісі: **Қамиева Г.Б.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Кеңестік биліктің жүгенсіз саясатының салдары мен зардаптары, тұтас ұлттың – қазақ халқының тарихи тағдырына тигізген келеңсіз әсері, әлемнің түкпір-түкпіріне шашырап кеткен қазақтарды тарихи Отанына жинаудың мақсаты мен маңызы туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: сталиндік қуғын-сүргін, егемендік, Атажұрт, құрылтай, диаспора.

«Қайта оралуға өзін күтіп тұрған жазадан күдікпен мындаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті. Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызға сіңірмек болған мұндай тарихи әділетсіздікті, мұндай қатыгез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз».

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Құрылтайдың ашылуында айтқан сөзі:

Тайғақ кешу, тар заман...

Тарихтың асау толқындары қарға тамырлы қазақтың баласын қақпақылдап қай қиырларға әкетпеді десеңізші? Отаршылдықтың озбыр саясаты сан ғасырлық тағылымды тарихы бар халқымыздың басына қиын заман орнатты. Ел басына екіталай күн туғанда бас сауғалаған бауырларымыз басқа жақтарға босып кетті. Кешегі сталиндік қуғын-сүргіннің тұсында қаншама қандастарымыз жыраққа қоныс аударды. Қылышынан қан тамған Қызыл өкіметтің кезінде кедейді байға теңемек, жарымаған жалшы-жақыбайлардың аузын аққа тигізбек болған компартия көсемдері халықты аштан қырды. Алаштың ар-намысы жолында атқа қонып, қалың бұқараның қамын жеген қайраткерлерімізді аттырып жіберді. Қаншама ұлтжанды азаматтар қамауға алынып, қиыр Сібірге айдалды. Ту ұстар тұлғаларымыздың әйел, балаларына дейін зардап шегіп, қиыншылықтан құтыла алмады.

Жазықсыз жапа көрушілердің тағдыры өте ауыр болды. Халықтың қиналысы туралы Міржақып: «Тұманға кірді қалың біздің қазақ, Алды жар, арты тұйық – бұл не ғажап!» деп, өлең жолдарын арнады, мұндай аласапыран уақыттың улы дәмін татпағандар өте аз еді. Еңірегінде етегі жасқа толған әлеуметтің «Ебі кеткен ел болды, Енді қайда мен барам?» - деп аяқ жолынан адасардай аңырып, тығырыққа тірелгені баршаға аян. Таландары тарылып, бастарын тауға да, тасқа да соққан қазақ халқы Кеңестік биліктің өктем саясатының ақыры жақсылыққа әкеле қоймайтынына көздері жеткеннен кейін амалсыз, қиыншылықтарға қарамастан елін-жерін тастап, шетел асты. Барған жерлерінде де олардың бастан кешкен азаптары жеңілдей қойған жоқ. Өйткені, кісідегінің кілті

аспанда еді. Бөтеннің босағасында бүгежектеп күн кешу қайдан оңай тисін. Есігінен енгенді төріне бірден кім оздырсын. Сондықтан шетел ауған қазақтардың соқтықпалы-соқпақсыз жолдардан өтулеріне тура келгені жасырын емес. Олардың бәрінің санасын сарғайтқан сағыныштың аты – Атажұрт аңсары.

«Егемен болмай ел болмас» деген... Азаттық үшін халық қашанда жауларымен жан аямай айқасқан. Соның арқасында соңындағы ұрпақтарына ұлан-ғайыр жерімізді аманатқа қалдырды. Қиыр кетіп, шет жайлаған қандастарымыздың аңсаған атажұртымен қайта қауышуына Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жол ашылды.

Осы орайда 1992 жылдың 28 қыркүйегінде Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы үлкен маңызға ие. Құрылтай алыс-жақындағы қазақтың басын қосып, ата жұртпен қауыштыруға, тарихи Отанына жиналуға арналды.

Құрылтай қарсаңында қазақ ұлтының саны 10 млн 537 мыңға жеткен. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайына ТМД елдерінен 350 делегат және алыс-жақын шет елдерден соның ішінде, Түркия, Алмания, Франция, Норвегия, Моңғолия, Қытай, Аустрия және т.б мемлекеттерден 800-ден астам өкіл қатысты. Құрылтай жұмысын 200-ден астам журналисттер, 50-ден аса телерадиокомпаниялар насихаттауға ат салысты. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысушылардың Қазақ халқына Үндеуі жарияланды. Үндеуде бүкіл әлемдегі отандастарымызды Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік, мәдени-интеллектуалдық мүмкіншілігін молайтуға, бар қабілеті мен еңбегін туған ел игілігіне жұмсауға шақырды.

«Қазақтар – кеше, бүгін және ертең» деген тақырыпта ғылыми конференциялар өткізіліп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Құшағымыз бауырларға айқара ашық» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, төралқа мүшесі Мырзатай Жолдасбеков: «Тарихи Отанымыз – Қазақстан» атты басқосу үстелдерін өткізді. Құрылтайға қатысушылар Түркістан, Жезқазған, Ұлытау сынды еліміздің ежелгі саяси-әлеуметтік мәдени орталықтарында болып, атамекен тарихымен тағы бір қауышып, туған жер топырағына деген сағыныштарын басты.

Құрылтай барысында, лауазымдық міндет тағайындалды. Республика Президенті, Н.Ә.Назарбаев Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының төралқа төрағасы болып сайланды. Төрағаның бірінші орынбасары көрнекті қазақ жазушысы Қалдарбек Найманбаев, төрағаның орынбасары драматург, жазушы Сұлтанәлі Балғабаев және Дәлелхан Жаналтай (Түркия), Мырзатай Жолдасбеков төралқа кеңесшілері болып бекітілді. Құрылтай барысында, шетелдегі қазақ диаспорасын Қазақстанға тиімді көшіру арқылы қоныстандыру және құжаттық мәселелерді оңтайландыру ісі қаралды.

Құрылтайды шақырудың негізгі мақсаты – Қазақстанның экономикалық-саяси контентін сараптап, мемлекеттік маңызды мәселелерді талдау емес, Тәуелсіздік алған жас мемлекеттің алғашқы азат қадамы – әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашыраған қандас бауырларымыздың басын қосу, оларды Тарихи Отанымен қауыштыру еді.

Сонымен, алғашқы Құрылтайдың алдына қойған мақсаты орындалып қана қоймай, үлкен тарихи маңызға да ие болды,- деп қорытынды жасауға болады. Сыртқы саясатта көрші елдермен бейбіт дипломатиялық қатынастар, әсіресе сауда, мәдениет, достық келіссөздер орнады. Ең бастысы, шетелдегі қазақ диаспорасының Атажұртына – Қазақстанға оралуына қуатты серпін берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.В.Кан., Н.У.Шаяхметов. Қазақстан тарихы. – А., 2012. – 250-251-б.б.
2. Т.М.Әминов. Қазіргі Қазақстан тарихы. – А., 2017. – 245-б.
3. Қазақ Тарихы. // Ғылыми-әдістемелік журнал. – 2017. № 9 (156). – 21-22-б.б.
4. Сапаралы Т. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – А., 1993. – 189-б.
5. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. – А., 1993. – 114-б.

НОҒАЙЛЫ ЖЫРЛАРЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНІҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Арзенов Қ., студент

Ғылыми жетекшісі: Исаева Л.Н.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада Алтын Орданың құлдырауы мен Ақ Орданың әлсіреуі кезеңінде пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі – Ноғай Ордасы тарихының Қазақстан тарихында алатын орны, ноғайлардың ауызша дәстүрі, ноғай ұлысын зерттеудегі фольклорлық дерек – Ноғайлы жырлары деген атаумен белгілі «Қырымның қырық батыры» дастаны, оның негізгі жыры – Ер Едіге туралы жыр туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Ноғай Ордасы, «Қырымның қырық батыры» жыры, Едіге, Алтын Орда, ноғайлар тарихы, ноғайлы жырлары.

Өркениетке жеткен елдің қай-қайсысы болмасын, әрбірі өткен тарихтан өз құндылықтарын түгендей бастайды. Әсіресе, тәуелсіздік алған халықтар бұған мән бере бастайды. Себебі, әр халықтың, мемлекеттің уақыт керуен көшінде тапқанынан жоғалтқаны көп болуы мүмкін. Өкінішке қарай, кеңес заманында XX ғасырдың 30-жылдарына дейін көшпелі өмір салтын сақтап, тарихы мен тұрмысын, түсінігі мен танымын батырлық жырлар, тарихи әңгімелер, шежіре, ауыз әдебиеті мұралары арқылы жеткізген қазақ халқының тарихи жады мойындалмады. Алайда, елдігіміздің айғағы тәуелсіздіктің арқасында асыл мұраттарымыздың бірі – қазақтың өткен тарихы мен рухани мәдениеті қайта оралды. Құндылықтың бастауы – ауызша әдебиетіміздің сонау ғасырлар шеруінен жалғасын табуы, сөйтіп, біздің рухани қазынамыздың тез молығуы жан-жүрегімізді жайландырады. Міне, осындай тың деректердің арқасында тарих қойнауынан сыр шертетін Ноғай ордасы жайында көптеген дүниелерді білдік.

Ноғай Ордасы – Алтын Орданың құлдырауы мен Ақ Орданың әлсіреуі кезеңінде пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі. Мемлекеттің атауы Алтын Орданың беклербегі, әскерінің қолбасшысы, Жошы ханның немересі – Ноғай есімімен тығыз байланысты. Берке хан дүние салған соң, Доннан Дунайға дейінгі жазық өлке Ноғайдың бақылауында болды. Ноғай Ордасының мәдениеті туралы ортағасырлық дереккөздер өте тапшы. «Ноғай ұлысы», «Ноғайлы жұрты», «Ноғай Ордасы» тәрізді атаулар тарихымызға жақсы белгілі. Бұлар шын мәнінде бір халықтың өркендеуіндегі жалғасқан этнотарихи кезеңдерді сипаттайды. Қазақ эпосына кіретін бірқатар жырлар «Ноғайлы жырлары» деген атпен де белгілі. Ғылыми әдебиеттерде Ноғай Ордасы ұлыстық қауымнан тұрады деп айтылады, бірақ бұл әртүрлі түсіндіріледі. Кейбір жағдайларда бұл «тайпалық ұлыс», яғни бір тайпаны біріктіретін ұлыс деп топшыланса, ал басқа зерттеушілер, керісінше, көшбасшыны «рулық негізде емес, феодалдық негізде біртұтас қауымдастық» ретінде санады. Алайда, «ұлыс» ұғымын әлеуметтік емес, этникалық ретінде қолдану дәлелдеуді қажет етпейтін факт. Бірақ бар мәселенің төркіні мынада: арабша жазылған түпнұсқа ноғай құжаттарында «ұлыс» сөзі кездеспейді. Оны Мәскеу және Астрахань аудармашылары этнонимді немесе «елдің адамдары», «ұлыс адамдары» сияқты әлеуметтік мағынаны білдіру үшін қолданған. Бұл жерде аудармашылар «Алтын Орда» терминін қалайды. Сондықтан ноғай ордасына қатысты «ұлыс» терминін қолданған авторлардың мәліметтеріне ерекше назар аудару керек. Сөзіміз дәлелді болу үшін мынадай аудармаларды салыстырып көрейік: «Улусы наши калмыки взяли» ; «Халқымызны қалмақ алды»; «У нас животных нет, и лошадей нет, и улусов нет» / «Бизимде мал да йок, еки де

йок, иль йок». Бұл мысалдарда «ұлыс» атауы ұлттың ноғай тілінде екенін дәлелдейді. Сондықтан елде көптеген рулық отбасылар бар. Бұл тайпалар өздерінің әлеуметтік иерархиясымен күрделі құрылым болды. Ал ноғайлардың арғы тегі туралы мәселе де барынша кереғар пікірлерге негіз болуда. Л.Н.Гумилев ноғайлардың арғы тегін оғыздарға апарып телиді. Оның дәлел ретінде ұстаған дерегі бір кездері: оғыздардың Жайық даласын мекендегендігі. Бұл пікірлер негізсіз де емес, ноғай деректерінен оғыздық дәстүрдің іздерін тануға болады. Қыпшақ даласындағы, әсіресе, қазіргі Батыс Қазақстан аймағындағы қазақ ру-тайпаларының біразының Ноғайлар құрамында болғандарын да білеміз. Осылай бола тұрса да, Ноғайлы тарихының қазіргі Қазақстан тарихынан өзінің лайықты орнын иемдене алмай келе жатқан жайы бар. Мұның басты себебі Ноғай ұлысының қазіргі Қазақстан аймағынан тысқары жатуында болып отыр. Соған қарамастан, қазіргі күні қолымызға қайсар жұрт жайында санаулы жырлар тиіп отыр. «Қырымның қырық батыры», «Едіге батыр», «Қарасай – Қазі», «Аңшыбай батыр», «Парпария», «Құттықия», «Нұрадин», «Мұсахан» атты жырлар еліміздің батыс өңірінде өз мазмұнын тауып, әлі күнге жырланып келеді [1].

Әдебиет ісі ноғайларда негізінен ауызша дәстүр түрінде дамыды. Түркі халықтарының арасындағы аса ірі дастан «Қырымның қырық батыры» осы ноғай халқының эпикалық дәстүрінен туындады. Бұл дастан XIV ғ. қалыптаса бастады. «Қырымның қырық батыры» эпопеясы – XIV – XVI ғасырлардағы Алтын Орда мен Ноғай ордасының аралығындағы тарихты баяндайды. Эпопея атында баяндалып тұрғандай, бұл туындыда 36 жырмен құрандалас 41 батырдың қайтпас қайсарлығы баяндалады. Жыр 1942 жылы Алматы қаласында атақты Мұрын жыраудан жазылып алынған. «Қырымның қырық батыры» қалыптасқан жер – Солтүстік Кавказ даласының Қара теңіз, Азов теңізіне қараған аймағы. Қазіргі кезде бұл дастанның толық нұсқасы қазақ халқында ғана сақталып, мүмкіндігінше жарыққа шығарылуы ол туралы барынша кең әңгімелеуге мүмкіндік береді. Ноғай Ордасында осындай эпикалық дәстүрдің пайда болуының негізі – көшпелілердің көне заманнан бастау алған жыршылық дәстүрі екендігін айтуымыз керек. «Қырымның қырық батыры» - халқымыздың өткенінен өшпес белгі беретін алтын қазына, ардақты әдебиеттің маңдай алды туындысы. Көздің қарашығындай сақтап, келер буынға құны бөлек аманат етіп табыстау – біздің ұлы мұратымыз. Ноғай халқының қалаулысы, бетке ұстар қалықпаны бола білген Едіге батыр жайлы ел ішінде әлі күнге дейін аңыз-әңгімелер мен өнегеге толы жырлар айтылып жатады. Қазақтың құнды мұрасы бола білген, сондай бір керемет туындылардың бірі - Едіге жыры. Бұл туындыда ер Едігенің батырлық әрекеттері, ел қорғау жолындағы қайсарлық істері жырланады. Едігенің өмірге келуі мен ата тегі аңыздық болмыспен байланыстырылса да, оның өсу, қалыптасу жолы кәдімгі қарапайым адамдардың тағдыры сияқты. Ешкім біле қоймайтын қойшы бала тапқыр ақылымен, әділ билігімен Тоқтамыс ханның көзіне ілігеді, ел билігіне араласып, халық қорғанына айналады. Жырдың өн бойында Едігенің батырлығынан гөрі ақыл-парасатын, турасын айтқан әділ би ретіндегі тұлғасын алға тарту нышаны көбірек көрініс тапқан. Жырда тарихи оқиғалармен қатар ертегілік, аңыздық сарындар да аралас желі тартып отырады. Эпостың бас қаһарманы туралы «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді, ел шетіне жау келсе, мен барайын дер еді; ел ішінде дау болса, мен шешейін дер еді», деген аңыздық сөздердің шығуы Едігенің даңқы мен дақпыртының биік болғанын сипаттайды. Тіпті, оның қазасының өзі нағыз мәрттік пен арлылықтың үлгісі іспеттес. Ол қапылыста үстінен аттап өткен Тоқтамыстың баласы Қадырбердінің қылығына күйініп, құсалықпен жан тапсырады. Сөйтіп, жырда басынан бақ тайып, қуаты қайтқан қарт батырдың әлсіздігі оның өлімімен аяқталады. Ұзақ жылдарға созылған үзілістен кейін жырды зерттеудегі жаңа серпіліс XX ғасырдың 80-жылдарының орта тұсынан, мәдени мұраны игеруге жол ашылған кезден басталды. Бұдан бұрын «Ер Едіге» жыры С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың құрастыруымен жарық көрген [2].

Ер Едігенің үлкен еңбегі сол, іргесі сөгіле бастаған Алтын Орданы қалпына келтірген. 1398 жылы Литваның, Польшаның, Батыс Ресейдің біріккен армиясы Алтын

Орда аумағын бөліп алмақ болған. Алтын Орданың ханы Темір Борсықты деген жерде, қазіргі Қазақстанның батысының Ресеймен шектес аумағында кездескен. Еділ мен Жайық арасында ұлысты басқарып отырған Едіге осы соғыста ерлік көрсеткен. Үш жыл бойы дайындалып келген еуропалық әскерді тас-талқан етіп, Киевке дейін қуып барады. Мұны тарихшы Карамзин «Мұндай жеңісті Бату да, Шыңғыс хан да көрген жоқ» деп жазады. Бұл түркілер үшін шешуші майдан болған еді. Тоқтамыс ханның тұсында әскердің сол қанатын басқарған Едіге Мәскеу княздығы Алтын Ордаға шарт бойынша төленетін салықты төлемей қойғанда, әскер басқарып барып төлеткен. Жалпы тарихта орыс патшасына екі рет салық төлеткен. Міне, осындай қаһарман адам кейін аңызға айналып, содан «Едіге» жыры туған. Бүгінгі таңда бұл құнды аманат – асыл әдебитіміздің көз қуанышына айналып отыр. Бір орталыққа бағынудан қол үзіп кеткен ноғайлар көрші жұрттардың аймақтарына бытырай қоныс аударды. Ноғай жұртының орнында енді ұсақ-ұсақ Едисан, Едишкул, Буджак тәрізді кішігірім ордалар қалды. Ал ноғай көшпелілері болса тағы да, топтасып, қарақалпақ этносын құрады. Ұзақ жылдар қатар өмір сүрген шығыстағы қазақтар да көрші ноғайлардың кейбір этноқұрылымдарын қабылдады. Ноғайлардың Алтыұл ұлысының үлгісімен қазақтарда Алты сан Алаш қауымдастығы қалыптасты. Ноғай көсемдерінің бірі – Жаңбыршы бидің жауынгер ұлының Алаш атанғанын да білеміз. Бір бөлігі ноғайларға кірген керейіт, тама, телеу тайпалары ноғайлардың едисан (жетісан) тайпалық одағының үлгісімен қазақтың Жетіру одағының қалыптасуына түрткі болды.

Қорыта айтқанда, тарихи және этнографиялық материалдар соңғы бес ғасырда ноғай халқы еуразиялық өркениетке елеулі үлес қосқандығын айғақтайды. Қазіргі қазақстандық тарихнамада ауызша тарихқа ұлттық рух пен мәдениетті өркендетудің жолы, халқымыздың өткенінің тарихнамалық дерегі ретінде қарауға, ғылыми негіздеуге бетбұрыс жасалуда. Бұл ретте Батыс өлкесінің тарихы мен мәдениетін, қазба байлығы мен жетістіктерін, әсіресе, басты байлық – халық тарихын, өлкенің ел қорғаған бабалар мен батыр-билерінің өнегесін, ақын-жырауларының рухани мұрасын насихаттауға маңыз берілуде. Демек, Ноғай Ордасының тарихы – адамзат тарихының құрамдас бөлігі ретінде дербес қарастыруға әбден лайық тарих. Қазақ пен ноғайдың рухани жақындығының жарқын көрінісі болған, екі жұртқа ортақ «Ноғайлы жырлары» әлі де талай ұрпақты ерлік пен елдікке тәрбиелей береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Отырар. Энциклопедия. Алматы, Арыс баспасы, 2005.
2. <https://jasqazaq.kz/2018/10/19/myrat-akhyn-zhane-nogajly-zhyrlary/>

ӘОЖ 32 (574)

ХАЛҚЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

Нұрбосын Ә., студент

Ғылыми жетекшісі: **Сидешова Р.А.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Алғаш рет ел болып, егемендік алып, дербес ұлттық мемлекет құрамыз деп, өмірлерін осы жолда құрбан еткен қазақ халқының еңіреген ер, зерделі ұлдарының жарқын бейнесі, рухани, тарихи қазыналарының жарыққа шығып жатқаны белгілі. Халқының көзін ашып, оларды еш нәрседен кенде қылмай, сол үшін аянбай қажыр-қайратын, саналы өмірін жұмсап, қайтсем халқыма пайдам тиеді деген шоқтығы биік азамат, адал дос, жақсы жолдас, үлкен күрескер «қалың елім қазағым, қайран жұртым»

деп ұлы Абай айтқандай қабырғасы қайысқан өз заманының қайраткерлерінің бірі - Сайын Нәдірұлы Шапағатов болатын.

Түйінді сөздер: Сайын Шапағат, тұлғатану, рухани жаңғыру.

Зерек те сезімтал, қоғамшыл - көпшіл болып өскен С.Н.Шапағатов 1962 жылы Алматы тау-кен институтын, 1969 жылы Мәскеуде Губкин атындағы мұнай-газ институтын бітірді. Каспий аймақтық Тау-кен комбинатында, Маңғыстау мұнай бірлестігі жүйесінде тікелей өндірісте және бөлім бастығы қызметтерінде, одан әрі облыстық, қалалық, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарында басшылық жұмыстарында болды. Қайда жүрсе де, қалың бұқарадан қол үзбей саяси-көпшілік, патриоттық тәрбие, мәдениет, өнер спорт жұмыстарына кең араласты. Халқының болашағына, әлеуметтік, мәдени тұрмыс жағдайларына, жастар арасындағы жұмыстарға көңіл бөлді. 1989 жылғы Өзен оқиғасынан кейін халықтардың бірлігін, достық, татулық қарым-қатынастарды сақтау, кейбір қызбалықтарға жол бермеу мақсатында Ақтау қалалық «Парасат» қоғамын құрды. Бұл қоғам еліміздегі қайта құру, демократия, жариялылық, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту, ұлттық салт-сананы жаңғырту және ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту секілді игі істерге белсене атсалысты. «Парасат» қоғамының игілікті бастамалары республикамыздың басқа аймақтарына тарап, С.Н.Шапағатовтың өзі барып тікелей қатысуымен Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыс орталықтарында «Парасат» қоғамдары құрылып, жұмыс жасады. Бұл қоғам көп ұзамай-ақ қалың жұртшылыққа танылып, үлкен қоғамдық күшке айналды. Түрлі мемлекеттік, көпшілік-қоғам ұйымдары «Парасат» қоғамының ұсыныстарымен санасып, пікірлесіп отыратын болды. Орынсыз таратылған Маңғыстау облысын қайта құру, 1960 жылдары өктемдік саясат кезінде өзгертілген Ақтау қаласының атын орнына келтіру жөнінде «Парасат» қоғамы, оның басшысы С.Шапағатовтың өзі барып, Республика басшыларымен кездесті. «Парасат» қоғамы мен облыс жұртшылығының осындай талаптарының арқасында Маңғыстау облысы қайта құрылды және Ақтау қаласы өзінің байырғы атағына ие болды. Облыстың қайта құрылуына байланысты келген сол кездегі Республика Президенті Н.Назарбаев өз сөзінде «Парасат» қоғамы жөнінде айта келіп, «...Облысты құруда және басқа келелі мәселелерді шешуде «Парасат» сияқты қоғамдардың көмегі көп болды. Жаңадан сайланған облыс басшылары жергілікті жердегі көптеген мәселелерді «Парасат» қоғамының басшыларымен ақылдаса отырып, шешулері тиіс...», - деген болатын. Қай кезде де тәртіптілік, шындық, әділдік жолын мықты ұстанған С.Н.Шапағатов өз міндетіне аса жауапты, табанды болатын. Тек инженер ғана емес, қоғамдық өмірдің қай саласына да араласып жүретін дүние танымы мол, шебер ұйымдастырушы болды. Облыстық мемлекеттік мұрағатта сақталған С.Шапағатовтың Д.А.Қонаевқа, сол кездегі облыс, қала басшыларына жазған хаттарында С.Шапағатов араласпаған өзекжарды мәселелері кем де кем болар. Тіл, дін, жұмыссыздық, атом, экология, уран, газ мұнай, тарих, әдебиет, төрешілдікпен күрес, спорт, өнерді өрістету, кадр мәселесі, салт-дәстүрді қалпына келтіру, қариялар мен мүгедектердің жайы, жастардың мамандық алуы, көші-қон мәселесі, халық байлығын талан-таражға салмау - осының бәрі оның қалам тартып, жанын қинаған мәселелер.

Мезгіл талабынан туып, көпшілік көкейінде ұялаған көптеген прогрессивті проблемаларды, келелі идеяларды облыс, республика басшыларының алдына қойып, олардың оң шешілуіне мұрындық, ұйтқы болып, шешімін тауып кетуі жолында ақыл-ой күш жігерін аямағанын, осындай сан алуан жайлар оның жанын жай таптырмағанын байқауға болады. Өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру, өнімді арттыру жөнінде бірнеше рет бағалы ұсыныстар жасап, баспасөз бетінде жариялады. 1989 жылы «Қазақстанның мұнайы мен газы» деген атпен 77 жыл (1911-1988жж.) ішіндегі мұнай өндірісінің дамуын көрсеткен түрлі-түсті деректі жинақ жасап шығарды. Оның ерен еңбек үлгілері туралы журналист А.Бектұрғанов «Сен кімсің?» деген кітап жазды. Сондай-ақ көрнекті ақындар Ф.Оңғарсынованың «Жапандағы жанар тау», Т.Медетбектің «Жетібай түлегі» деген

шығармаларына да С.Шапағатовтың еңбек үлгілері арқау болды. С.Н.Шапағатов өзінің ойлаған армандарын көре алмай, халқына тиер пайдасы бірте-бірте айқындалып келе жатқан шағында 1991 жылы 1 желтоқсанда 52-ге қараған жасында қапияда көз жұмды. Бойындағы күш-жігерін, нәрін халқына толық бере алмай, ерте кетті өмірден.

Өткен өмір болды көзден таса,
Өлді, өшті – оны ешкім ойламаса.

Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,

Керектісін ескеріп, ұмытпаса...

-деп, ұлы Шәкәрім айтқандай С.Шапағатовтың есімін есте қалдыру үшін көптеген шаралар жүзеге асырылды. Қазір оның есімі туып-өскен ауылына және Ақтаудағы №59 қазақ балалар бақшасына берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві материалдарынан Жеке адамдар мен қоғам қайраткерлері қоры, 5-қор.

ӘОЖ 377.5.02:37.016:53:519.711.3

ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫМЕН ӨРЛГЕН ТАРИХ («ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ ТАБИҒАТЫ)

Нұрбергенова М., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Аренова А.Х.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы ұлттық құндылықтардың бірі Жылқы табиғаты, оның ежелден түркі халқымен егіз ұғым екендігі айтылып, бастауыш сынып оқулықтарындағы ауыз әдебиеті үлгілері, ертегі, аңыз-әпсаналардағы жылқы образы, жылқы малының ұлт тарихтағы орны арқылы келешек ұрпақ бойына патриоттық тәрбиені қалыптастыру жайы айтылады.

Түйінді сөздер: «Ұлы даланың жеті қыры», ұлттық болмыс, жылқы табиғаты, ұлттық құндылықтар, мәдени жәдігерлер, ауыз әдебиеті үлгілері.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы мәдени-рухани салаға тың серпіліс әкелді. Бұл – тарих ғылымын жүйелі түрде, жаңаша көзқараспен жазу, қазақ даласындағы өркениеттердің мәдени даму үдересіне қосқан үлесін айқындау. Елбасы: «Кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екендігін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді...» [1, 25] деген болатын.

Аталған мақаланың бір тарауы қазақ тарихымен байланыста сонау ықылым замандағы жылқы табиғатына байланысты айтылады.

Жылқы туралы әңгіме қозғалса қай қазақ елең етпейді. Түп тамыры тереңге бойлаған, талай ғасыр сынақтардан сүрінбей өткен жылқы малы ата-жұртының сенімді серігі, сүйеніші екені анық. Ұлт мекендеген, кіндік қаны тамған байтақ елді, жерді қорғауда мінсе көлік, байырғы елді не бір аласапыран кеттім-бардым жылдарда өнімімен өзегіне талғажу болып, ажалға араша тұрған да осы жылқы екені аян.

Жылқы туралы тарихты қозғап, тереңіне үңілсең-ақ болды бірі аңыз, енді бірі ақиқат дүниені дүр сілкіндірген небір керемет құндылықтарға тап боласың. Аңдап отырсаң солардың көбісі адамның ақыл-ойы, іс-қимылымен ойластырылып, орайын

келтірген дүниелер. Осындай жәдігерлерді келер ұрпақтың санасына сіңіріп, бастауыш буын оқушыларының бойында ұлтқа, тарихқа деген патриоттық сезімді қалыптастыру біздің басты мақсатымыз. Мәселен, бастауыш сынып оқулықтарындағы ертегілердің өзінде де, аңыз-жырларда, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі батырлар жырында да ердің серігі, сол елді қорғаудағы көлігі астындағы тұлпары.

Ертегілерге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының ой-қиялының жемісі болып саналатын ертегілер балалардың патриоттықтәрбиесінде аса маңызды рөл атқарады. Өйткені, ондағы патриотизм шығарма қаһармандарының туған еліне, кіндік қаны тамған жеріне деген сезімін ауыз әдебиеті нұсқауларының басқа жанрларына қарағанда ертегілерде анық байқалады. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісіндегі оқиғада бас кейіпкер өзінің елден ауып кеткен ағаларын іздеп тауып әкелуі, өз басына, еліне қауіп төндірген перінің қызы Бекторы мен Жалмауыз кемпірден құтылып, кек алуы жалаң батырлық емес, ізгі пейілді азаматтығын да байқатады. Халық ертегілері өткенді ғана баяндаумен шектелмейді, болашақ, келешек туралы қатты ойланады. Қазақ ертегілерінің басым бөлігінде ерлік, батырлықпен қатар үлкен адамгершілік, қайырымдылық ақыл, тапқырлық, мейірімділік пен парасат мадақталып, өскелең ұрпаққа – үлгі ретінде ұсыналады. Міне, «Ер Төстік» ертегісінде де Төстіктің астындағы атымен шалғай сапарға шығып, бауырларын іздегенде де серігі оның аты.

Жылқы Ботай мәдениетінен басталады. Ботай мәдениеті дүниежүзіне жылқының біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтарда қалай шыққанын дәлелдеп берді. Алғашқы жылқының түр-кескіні, нобайы қалай болғанын анықтап берді. Ахмет Тоқтабай: «Біз тарих сахнасына атпен шыққан халықпыз. Біздің атқа мінгенімізге 7 мың жыл болыпты. Сондықтан да атқа мінген соң, жермен аттың төрт тұяғы арқылы байланыстық. Аттың үстіне шыққаннан кейін көкжиегіміз кеңейді. Біздің мақсатымыз – күллі қазақты атқа отырғызу емес, жылқы тарихын, мәдениетін әлемге көрсеткен халық ретінде оны жастарға үйретуге тиіспіз», – дейді [2, 91].

Адамзат өркениетінің ошағы – Орталық Азия десек, соның үлкен бөлігі – Қазақстанда. Қазақстан аумағындағы бұрынғы һәм қазіргі барлық өркениетті жаратушы да, оған мұрагерлік етуші де, дамытушы да – қазақ халқы деп анықтама беруге толық негіз бар.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі өзіне тән мәдени мұрасын оқу-тәрбиеге енгізудің ықпалы зор. Ұлттық тәрбие жүрекке жақын болғанымен, ауқымы шексіз, белгілі бір жүйеге келтірілмеген тың дүниелер.

Оқу үрдісінде аса маңызды буын болып табылатын бастауыш сынып оқушыларына білім мен тәрбие беру ісінде аса жауапкершілікпен қарауымыз керек. Сол себепті басты қағиданы ұлттық мұрат, мемлекеттік мүдде тұрғысынан зерделей отырып дамыту – тәуелсіз еліміздің келешегін тәрбиелеуге өз өмірлерін арнаған ұстаздар қауымына үлкен талаптар жүктейді. Әсіресе, Елбасының тікелей бастамасынан бастау алып, бүгінде елдік іске ұласқан Рухани жаңғыру «Болашаққа бағдар» мақаласының түп мақсатына зер салар болсақ, халықтық қазынаның қадір-қасиетін, ұлттық ұлағатты мәдени жәдігерлер негізінде жас ұрпақтың санасына сіңіру болып табылатынын көреміз. Бастауыш буынның жігерін жанып, асыл сезімдерін ұштауға мектеп оқулықтары материалдарының, әдебиет пен өнер шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Әдебиетіміз бен өнеріміздің қуатты күшін қазақтың тәуелсіз мемлекетін нығайтуға, ұлттық бірлікке, жастарды Отан сүюге баулуға, азаматтық міндеттерге үндеуге пайдалану алдыңғы кезекте тұр. Осы тұрғыда аңыз-әңгіме, әпсана-хикаяттардағы, ертегілердегі, батырлар жырындағы елдік пен ерліктің басты көрінісін анықтау, жылқы табиғаты, ұлттық болмыспен, табиғатымен біте қайнасып жүруі осының дәлелі.

Ұлттық мәдениетіміздің ең үлкен бір саласы – көркем әдебиет десек, сол әдебиеттің ертеден келе жатқан әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті саласының бірі – батырлар жыры. Батырлар жырының көркемдік ерекшелігі мен мәні туралы Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан т.б. сияқты көптеген ғалымдарымыздың құнды

еңбектері бар. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі батырлар жырының мазмұн байлығы мен ой тереңдігі, кейіпкерлердің даралығы туралы тың пікірлері толық зерттеліп бітті деп айта алмаймыз.

Халық ауыз әдебиеті уағыздаған сан-салалы ғибраттар батырлар жырында молынан кездесетіндіктен, әр ұстаз соның мән-мазмұнын ашып, оқушы жанына сіңіруге талаптануда.

Ауыз әдебиетінің ең үлкен саласының бірі ретінде батырлар жыры турасында белгілі әдебиетші ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Ел, халық санасымен жасалған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырында ел тәуелсіздігін сыртқы жаулардан қорғау сарыны үстем. Батырдың батырлығын үстейтін, қасындағы қамқоршысы оның – аты. Міне, жылқыны ұлтымыз сонау ел қорғаған бағзы заманнан бері қадір тұтуы осының айғағы», – деген [3, 25]. Шынында да, батырлар жырында, батырдың ержүректігімен қатар, оның сенімді серігі аты да басты орында тұрған. Соның нәтижесінде «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы жылқы табиғаты, аты мәдениеті көрсетіп, патриоттық сезімді ардақтап, батырлықты мадақтаған, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген.

Ұлтқа, елге жерге айналаға деген патриоттық сезім, патриотизм өзінен-өзі келетін қасиет емес. «Отанды сүй» деп жалаң айғайлау жастарды патриотизмге тәрбиелеу болып табылмайды.

Мәселен, бастауыш сыныптың оқулығында «Керкұла атты Кендебай» ертегісі былай басталады:

«Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты. Қазанқап құс атып күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен, осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті. Күндерде бір күн Қазанқаптың әйелі жүкті болып, торсық шеке, аппақ ұл туып, Кендебай деп ат қойыпты. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты» [4, 38]. Енді осы Кендебайдың ерлік істерін көрсетуде Керкұла аты айтылады. «Аттың түсі керкұла болыпты. Кендебай Керкұланы үйретіп мініп, түн қатып жүріп, аң аулапты. Керкұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты. Кендебай Керкұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты» [4, 41]. Ертегінің келесі сюжеттері Кендебай мен Керкұла атпен бірге баяндалады. Оның ерлік істерінің барлығы астындағы аты арқылы көрінеді. Оқиғаның қиын тұстарында көмекке келетін де осы Керкұла аты. Міне қазақтың жылқы табиғатымен біте қайнасып жатқан тұстарын осынау замандардағы ұлт тарихынан тануға әбден мүмкін.

Келесі оқиғалар былайша өрбиді: «Кендебай өзеннен өтіп алып, құйрықтың қылын тұтатқан кезде Керкұла ат жетіп келеді. Құла атты мініп алып, қару-жарақты іліп алып, сауыт-саймандарды киіп алып, Кендебай жөнөп береді. Бір жерлерге келгенде ат тағы тоқтайды да, Кендебайға: «Анау жалыны аспанға шығып жатқан от дариясы. Сенің баратын жерің сол дарияның ар жағында. Қазір көзіңді жұм. Мен аш дегенше ашпа. Көзіңді ашсаң, екеуміз де өлеміз», – дейді. Кендебай көзін жұмады. Сонымен ұша береді, ұша береді. Бір кезде ең әуелі ыстық лепті, одан кейін ысылдаған желді сезді. Талай уақыт өткеннен кейін: «Аш көзіңді!» – дейді Керкұла ат. Кендебай көзін ашып жіберсе, үлкен дарияның ортасындағы аралға келіп түскен екен. Аралда алтын құйрықты сегіз құлын, құйрығы жоқ бір құлын алтын науадан су ішіп тұр екен. Керкұла атқа тағы тіл бітіп Кендебайды барлық қиындықтардан алып шығады. Сабақ барысында ертегіні қаншалықты меңгергенін байқау, Кендебай бейнесін аша отырып, кейіпкерлер туралы түсінік беру, өткен тақырыптармен байланыстыра отырып, әдебиеттен алған білімдерін жетілдіре түсу, Кендебай бейнесі арқылы адамгершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу, оқушы бойына ерлік, батылдық қасиеттерді дәріптеу. Сонымен қатар, батырдың астындағы сенімді серігі атының – Керкұланың иесіне адалдығына баса назар аударту керек. Мұндағы мақсат – Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы жылқы

табиғаты, оның адамзатқа адалдығы, ел қорғау ісіндегі іс-қимылдары арқылы қасиетті жануар жылқы табиғатын таныту.

Жас ұрпаққа ауыз әдебиеті үлгілерін оқытқанда жырлар сюжетінен орын алған Қобыландының жылқы бағуын, Қамбардың аң аулауын, Тарғынның ат баптауын бейнелейтін көріністерге оқушылар зейінін аудара отырып, еңбектің адам өміріндегі маңызын, тіршілік тірегі екендігін дәйектей көрсетуге, сонымен қатар батырлардың асындағы аттарын да Жылқы тақырыбын сөз еткенде айтуға болады.

Л.Н. Толстойдың «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар», – [5, 78] деген ойымен сабақтасып жатыр. Сондықтан да еліміздің болашақ тұтқасын қолдарына ұстағалы отырған бүгінгі жеткіншектерге адамзаттың ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып, ең әуелі, туған елі мен жері дегенде көкірегі қарс айрылатан азамат етіп тәрбиелеу қажет. Тәуелсіздікке қол жеткізген тарихқа көз жүгіртіп, оны ұрпақ санасына сіңіре отырып, өз Отанын сүйетін, мақтан тұтатын және оның қамын жейтін, ол үшін күресе білетін азамат тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

Қорыта айтқанда, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы ұлттың тарихына тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне қатысты құндылықтардың қай-қайсысын алсақ та келер ұрпақтың бойына еліне, жеріне, Отанына деген патриоттық сезімін оятуда маңызы зор екені анық. Бастысы – ұрпақ бойына осы құндылықтарды сіңіру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // <http://www.akorda.kz/kz>., «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы // <http://www.akorda.kz>.
2. Жусупбекова М. К. Ұлы даланың жеті қыры аясында жастарды тәрбиелеу // Молодой ученый. - 2019. №4.
3. Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, «Ана тілі», 1991, - 127 б.
4. Ертегілер. Алматы, 1959. - 144 б.
5. Гинзбург Л. О литературном герое. – Л.: Сов. писатель, 1979. - 220 с.

УДК 373: 802. 0 (045)

ВОСПИТАНИЕ ГРАЖДАНИНА В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Дальмуханова Ф.К.

Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются понятие гражданское воспитание, цели и задачи воспитания гражданственности у учащихся на уроках иностранного языка, реализация процесса гражданского воспитания и образования на уроках иностранного языка.

Ключевые слова: воспитание гражданина, урок иностранного языка, методические инновации.

Развитие современного общества, коренные изменения в социально-экономической и политической жизни Казахстана, порождают новую парадигму в отношениях государства и гражданина.

В сложившихся условиях важными являются актуальное осмысление понятия гражданственности, патриотизма, выработка критериев активной гражданской позиции

членов современного общества, преобразование отношений внутри школы, социума, становление демократических традиций.

В настоящее время воспитание гражданина находится в центре внимания казахстанского педагогической общественности. Гражданское воспитание - сложный и многосторонний процесс формирования гражданского мировоззрения в результате сознательного освоения научных социальных, политических и культурологических знаний. Приоритет отдаётся научным знаниям и гражданским ценностям. Гражданское мировоззрение должно определять понимание человеком своего социального окружения, своего места и роли в современном обществе, что составляет особый набор гражданских ценностей и оценок, с помощью которых молодое поколение казахстанцев может эффективно взаимодействовать в парадигме «человек-общество». Образовательным учреждениям принадлежит ведущая роль в воспитании личности, характеризующейся толерантностью, гражданской культурой, гражданским сознанием, патриотизмом, чувством гражданского долга, совестью [1].

Иностранный язык как учебная дисциплина гуманитарного цикла, обладает большим потенциалом в деле гражданского и интернационального воспитания.

Целью воспитания гражданственности у учащихся на уроках иностранного языка является формирование гражданина, способного реализовать себя в свободном демократическом государстве, обладающего совокупностью общественно значимых качеств личности, в числе которых гражданский долг, знание и уважение законов демократического государства, а также прав и обязанностей его граждан.

Среди основных задач воспитания гражданственности на уроках иностранного языка необходимо отметить следующие:

- приобщение учащихся к культуре своего отечества, народа;
- осознание особенностей национальной культуры, через приобщение к культуре страны изучаемого языка;
- воспитание общечеловеческих норм морали, толерантности и уважения к культурным ценностям страны изучаемого языка;
- развитие способности к объективной самооценке, регуляции собственного поведения, самоуважения;
- формирование умений работать в группе, чувствовать ответственность за свои поступки, учитывать потребности других членов группы, сформулировать и обосновать свое мнение;
- стремление к приобретению новых знаний;
- воспитание осознания важности изучения иностранного языка и потребности пользоваться им как средством общения;
- формирование чувства свободы, гражданского и человеческого достоинства личности.

Реализация процесса гражданского воспитания и образования на уроках иностранного языка зависит от ряда условий, среди которых: социализация подростков через взаимодействие с родной и иноязычной культурой в ходе освоения ими иностранного языка; разработка содержания, форм и методов учебной и воспитательной работы в рамках исследуемой проблемы; подготовка педагога, обладающего правовой культурой и опытом гражданского воспитания учащихся; осуществление гуманизации межличностных отношений, индивидуально-личностный подход к учащимся; усиление внимания к изучению и распространению передового педагогического опыта гражданского воспитания учащихся образовательных учреждений; осуществление мониторинга сформированности показателей гражданственности у учащихся и коррекция воспитательного процесса.

Перед преподавателями иностранных языков стоит серьезная задача - отбор учебного материала, адекватного вышеуказанной цели и выбора интерактивных методик проблемного обучения; проектно-исследовательской технологии.

Многие основные методические инновации связаны сегодня с применением интерактивных методов обучения. Понятие «интерактив» образовано от английского слова «interact». «Inter» - это «взаимный», «act» - «действовать». Следовательно, интерактивное обучение - это, прежде всего, диалоговое обучение, в ходе которого осуществляется взаимодействие преподавателя и учащегося [2].

Суть интерактивного обучения состоит в том, что во время учебного процесса все учащиеся оказываются вовлечёнными в процесс познания, имеют возможность рефлексии по поводу того, что они знают и думают. Совместная деятельность учащихся в процессе познания, освоения учебного материала означает, что каждый вносит свой индивидуальный вклад, идёт обмен знаниями, идеями, способами деятельности. Причём, это происходит в атмосфере доброжелательности и взаимной поддержки, что позволяет не только получать новое знание, но и развивает познавательную деятельность, переводит её на более высокие формы кооперации и сотрудничества.

Интерактивная деятельность на уроках предполагает организацию и развитие диалогового общения, которое ведёт к взаимопониманию, взаимодействию, совместному решению общих и значимых для каждого участника задач. Интерактив исключает доминирование как одного выступающего, так и одного мнения над другим. В ходе диалогового обучения ребята учатся критически мыслить, решать сложные проблемы на основе анализа обстоятельств и соответствующей информации, взвешивать альтернативные мнения, принимать продуманные решения, участвовать в дискуссиях, общаться с другими людьми. Для этого на занятиях организуются индивидуальная, парная и групповая работы, применяются исследовательские проекты, ролевые игры, идёт работа с документами и различными источниками информации, используются творческие работы.

В настоящее время методистами разработано немало форм интерактивного обучения. Наиболее известные из них - «большой круг», «вертушка», «аквариум», «мозговой штурм», «дебаты». Эти формы эффективны в том случае, если на занятии обсуждается какая-либо проблема в целом, о которой у учащихся имеются первоначальные представления, полученные ранее на уроках или в житейском опыте. Кроме того, обсуждаемые темы не должны быть закрытыми или очень узкими. Важно, чтобы уровень обсуждаемой проблемы позволял перейти от узко экономических вопросов к широкой постановке проблем.

Наиболее простая форма группового взаимодействия - «большой круг». Группа рассаживается на стульях в большом кругу. Преподаватель формулирует проблему. В течение определённого времени (примерно 10 минут) каждый учащийся индивидуально записывает предлагаемые меры для решения проблемы. По кругу каждый ученик зачитывает свои предложения, группа молча выслушивает (не критикует) и проводит голосование по каждому пункту: включать ли его в общее решение, которое по мере разговора фиксируется на доске.

Другая форма групповой работы - «Аквариум». Учащимся предлагается обсудить проблему «перед лицом общественности». Малая группа выбирает человека, которому доверяют ведение диалога по проблеме. Все остальные ученики выступают в роли зрителей. Данная форма работы даёт участникам возможность увидеть, как их сверстники общаются, реагируют на чужую мысль, улаживают назревающий конфликт, аргументируют свою мысль и т. д.

Существуют правила организации интерактивного обучения.

1. В работу должны быть вовлечены в той или иной мере все участники образовательного процесса.

2. Необходимо позаботиться о психологической подготовке участников. В этой связи полезны разминки, постоянное поощрение учащихся за активное участие в работе, предоставление возможности для самореализации ученика.

3. Количество участников, обучающихся в технологии интерактива должно быть небольшим. Важно, чтобы каждый был услышан, каждой группе была предоставлена возможность выступить по проблеме.

4. Необходимо проговорить с учащимися процедуру проведения занятия и регламент выступления. Полезно поговорить о том, что все участники должны проявлять терпимость к любой точке зрения, уважая право каждого на свободу слова.

5. Необходимо поделить участников семинара на группы. Первоначально его лучше построить на основе добровольности. Затем уместно воспользоваться принципом случайного выбора.

Таким образом, интерактивное обучение развивает коммуникативные умения и навыки, помогает установлению эмоциональных контактов между учащимися, формирует умение работать в группе, чувствовать ответственность за свои поступки, учитывать потребности других членов группы, сформулировать и обосновать свое мнение. Иностранный язык как учебная дисциплина имеет большой потенциал в деле гражданского воспитания и образования. Благодаря данному предмету учащиеся узнают не только отдельные факты, иллюстрирующие жизнь других государств, но и историю, культуру, традиции и образ жизни народов; знакомятся с их своеобразием, особенностями менталитета и поведения. Через иностранный язык происходит понимание людей, населяющих эти государства, желание вступать в различные контакты, общаться, осознавать культурное наследие народов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Голова В. Воспитание педагогической толерантности // Учитель. – 2014, № 4, С. 79-80.

2. Соколова Е.Н. Подготовка учителя иностранного языка с учетом современных тенденций обновления содержания образования // Иностранные языки в школе. – 2017, №4, С. 8-11.

УДК 373: 802. 0 (045)

ВЛИЯНИЕ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ НА БУДУЩЕЕ ПОКОЛЕНИЕ

Калим А., студент

Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются влияние обновленного содержания образования на будущее поколение, задачи педагогов в ходе применения обновленной программы, и цели внедрение активных методов обучения.

Ключевые слова: обновление содержания образования, Д. Брунер, интерактивные методы обучения.

Обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой главную цель: совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы и внедрение системы критериального оценивания. Данная программа основана на развитие спиральной формы образования, основанной на когнитивной теории Д. Брунера [1]. Спиральная форма обучения предполагает, что повторное рассмотрение материала, который будет усложняться на протяжении всего школьного обучения, дает большее преимущество в развитии современного учащегося, нежели традиционные формы обучения. Так же развитие

казахстанских учащихся будет проходить путем внедрения активных форм обучения, в ходе которых предполагается, что учащиеся будут самостоятельно развивать функциональную грамотность, активно «добывать» знания, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, и творчески подходить к решению проблем. Задача педагогов в ходе применения обновленной программы, привить учащимся основные человеческие нормы и морали, сформировать толерантность и уважение к другим культурам и точкам зрения, воспитать ответственного, здорового ребенка.

Переход на новое содержание среднего образования требует от педагога не только знания учебной программы и умения владеть интерактивными методиками преподавания, но, прежде всего, изменения общественного мнения о самом преподавании. Благодаря проведенным тренингам и практическим занятиям учителям удалось в полной мере изменить свой взгляд о новых технологиях, методах проведения уроков, подходах к оцениванию учащихся и в целом поменять мышление и взгляд на преподавание и обучение.

Сейчас внедряются активные методы обучения, они будут способствовать тому, чтобы дети могли самостоятельно исследовать, познавать и добывать информацию, что делается для того, чтобы школьники Казахстана отвечали новому велению времени. Благодаря социальному и личностному развитию школьники научатся определять, пересматривать, анализировать и оценивать ценности современного общества и личностно-ориентированные ценности, поймут, что они влияют на мышление и действия учащихся.

Школьники также научатся увереннее воспринимать возрастающую ответственность за свою жизнь; приобретут положительное отношение к окружающим людям, их нуждам; они смогут активно и успешно реализовать себя в жизни общества.

Сегодня учитель должен стать активатором, чтобы не только направлять и поддерживать каждую их позицию и каждую великую победу в обучении, но и стимулировать к самостоятельному достижению результатов в обучении. Необходимо сформировать личность, готовую не только жить в меняющихся социальных и экономических условиях, но и активно влиять на существующую действительность, изменяя её во всех направлениях к лучшему.

В своем Послании «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Первый президент Н. Назарбаев особо отметил изменение роли системы образования: «Наша задача – сделать образование центральным звеном новой модели экономического роста» [2]. Наряду с этим Президент страны выделяет актуальность формирования ИТ-знаний, финансовой грамотности, воспитания патриотизма молодежи. Все это должно сформировать у молодежи новые компетенции, обеспечить развитие жизненно-важных навыков, необходимых на новом этапе развития

Обновление содержания образования должно осуществляться с учетом задач государственных приоритетов, международного опыта и отечественной практики. От обновления содержания образования зависит, сможет ли школа подготовить личность, способную активно, творчески мыслить и действовать, саморазвиваться интеллектуально, нравственно и физически.

Результаты обучения в школе детей потребуют от нас, будущих педагогов, всестороннего и объективного оценивания успехов в достижении ожидаемых результатов обучения каждого учащегося, его отношения к учебе и динамику развития личности в целом. Но обновление содержания образования, транслируя лучший опыт внедрения новых подходов к обучению и методике преподавания, должно учесть и положительный опыт традиционного. Синтез традиционных и инновационных методов обучения позволит разнообразить формы проведения занятий, активизирующих познавательную деятельность учащихся.

Самая главная задача обновления содержания образования в РК - уровень казахстанского среднего общего образования должен соответствовать задачам развития государства и обеспечивать его конкурентоспособность в современном мире. И в этом нам может помочь только нынешнее молодое поколение, которое является не только субъектом всех реформ, но и будущим кладом тех знаний, умений и навыков, которые мы вложим в них через образование.

ЛИТЕРАТУРА

1. The Process of Education, Bruner J. Harvard University Press. p. 310
2. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 г. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Официальный сайт Президента Республики Казахстан [www. akorda.kz](http://www.akorda.kz) 31.01. 2017

ӘОЖ 323(045)

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-ХАЛҚЫМЫЗҒА РУХАНИ ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН БАҒДАР»

Амандыкова А., студент

Ғылыми жетекшісі: **Ағниязова.А**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдіміз. Ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, латын әліпбиі, ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл, патриотизм.

Қазақстанның бірінші жаңғыруы 25 жыл бұрын КСРО-ның қиандысынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде бастағанымыздан басталған болатын.

Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда - Астананың салынуымен басталды. Үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда. Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек- бағдарламалық құжат. Үлкен екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен Ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін қадап айтып отыр.

Бұл іргелі мақаланы халық Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсетіп берген тұжырымдамалық бағдарлама ретінде қабылдауда. Бұл халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар екеніне күмән жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда

КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық, татар тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында - кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады.

Түркияның ғалымы Әбдіуақап Қара өзінің «Латын әліпби қазақ тілін еркіндікке шығарады» атты мақаласында Түркия халқы латынға 1928 жылы өткенімен онда бар-жоғы 29 әріп бар. Олардан бірқатар дауыстылар ескерілмегенін бүгінгі ғалымдар айтып отыр. Негізі түркі тілдерін 34 таңбамен белгілеуге болады. Бүгін түрік латын әліпбиінде 5 әріп кем болып отырғанын айтады. Тіл ғалымдары, солардың ішінде ең ұтымды алфавиттің Қазақстан қолданған кирилл әліпбиі екенін айтуда. Мәселен, түрік ғалымы Хатиже Ширин Үсер қазақ-кирилл әліпбиі өзге түркі-кирилл алфавитіне қарағанда, таңбаның графикалық және фонетикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты болуы және бір дыбысқа бірден көп таңба берудің болмауына байланысты мұқият дайындалғанын айтады. Бұл тұрғыда қазақ-кирилл әліпбиін дайындаған тіл ғалымы С.А. Аманжоловтың рөлінің зор екендігін атап өтеді.



ЛАТЫН ӘЛІПБИІ [latin әліpbіy]

Ел – бүгіншіл,
менікі – ертең үшін.

• el – **bүgүnшіl**,
meniki – **erteң üшү**
• A.Baytursun

Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды», деп айтты. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. Қорыта келгенде, қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер. Латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қол-данылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі.

V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді.

Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды.



1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Ко-мис-сар-лары Кеңесінің Президиумы латындан-дырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі ал-фавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз.

Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліп-биімен басып шығара бастауға тиіспіз.

Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қа-жетті дайындық жұмыстарына қазірден кірі-семіз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек.

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық орта-ның, ком-муникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасыр-дағы ғылы-ми және білім беру процесінің ерекше-лік-теріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс.

Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде бел-гілі бір уақыт кириллица алфавиті де қол-даныла тұрады.

Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз.

Оның мәні мынада:

1. Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гума-нитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.

2. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таң-даулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз.

3. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн.

Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз?

Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз.

Бұл– білім саласындағы жаһандық бәсекеге не-ғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қо-ғам-да ор-нықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім орда-ларының аудиторияларында қаланады. Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды.

Сол себепті, уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің міндеті.

Үкімет мұны аудармашы мамандармен қамтамасыз ету, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен профессорлық-оқытушылық құрамды белгілеу сияқты жайттарды ескере отырып, кешенді түрде шешуі керек.

Үшіншіден, Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым – әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасак, бұл мағынасы өте терең сөздер.

Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?

Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.

Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жо-ғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады.

Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Төртіншіден, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Елбасы рухани жаңғыру жолында таяу жылдары атқарылуы тиіс негізгі міндеттерді де нақты анықтап беріп отыр. Соның бірі латын әліпбиіне көшу. Бұл орайда, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірінғай стандартты нұсқасын қабылдайтын боламыз.

«Президент рухани жаңғыруды жүзеге асыруда, әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін» «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндетін қойып отыр. Заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс- біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Латын әрпіне көшуді қолдаймын. Себебі, ата-бабаларымыз латын әріпі бар алфавитті қолданған. Өзіміздің тарихи тілімізді білу әрбір Қазақстанның азаматтарының білуі парыз деп түсінемін және соған шақырамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017ж.

СЕКЦИЯ 2

«ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

«ГУМАНИТАРНЫЕ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ»

ӨОЖ 82-131

МАҢҒЫСТАУ АҚЫН -ЖЫРАУЛАРЫНДАҒЫ АЙТЫС ӨНЕРІ

Отарова А.Н.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада Маңғыстау ақын- жыраулар шығармаларындағы қыз бен жігіт, қайым, сүре, діни айтыстарға кеңінен тоқталады, қазақ халқының әлеуметтік құрылымындағы рулық-тайпалық ерекшеліктің сипатын танытатын рулық айтыстардың мән-мазмұнын анықтап, оның сол кезеңдегі атқарған қоғамдық-әлеуметтік, көркемдік қызметі қандай болды дейтін мәселелерге пайымдаулар жасалады. Олар жәй ру мен рудың қақтығысы ғана емес, сол кезеңнің көкейкесті мәселелерін көтеріп, халықтың рухын танытудағы мәнді дүниелер ретінде бағаланып, айтыстың бүгінгі дәрежесіне дейінгі бір арнасы ретінде сараланады.

Түйінді сөздер: айтыс өнері, ақындық дәстүр, сөз сайысы, фольклор, қайымдасу, сүре айтысы, әлеуметтік мәселе.

Көптеген халықтарда кездеспейтін сөз өнерінің сирек түрі, фольклорымыздың көне жанрларының бірі –айтыс болып табылады. Айтыс жанрының дәстүрін сақтай отырып, бүгінгі күнге жеткізуші, әрі қарай жалғастырушы, жетіліп қалыптасқан өркендетуші ақындар, ақындық талант туралы Х.Сүйіншәлиев [1, 87 б.] өз еңбегінде: “Ақындықты ең қажет өнер деп тану, сол өнердің асқан шеберлерін тәрбиелеу, өсіру, жетілдіру мақсаттарын сезіну әдебиетте айтыс жанрын туғызады. Сол айтыс жанрын негіздеуші, дамытушылар кім десек, олар да төкпе ақындар еді,”- деп жазды. Сондай-ақ, айтыстың шығу тегі, дамуы жайында ғалым М.Жармұхамедов те жан-жақты зерттеп жазған болатын [2, 27 б.].

Айтыс жанры өзіндік тарихы мен даму жолы бар, халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігінен мол хабар беретін, суырып салмалық дәстүрдің өсіп-жетілуіне, дамуына, бүгінгі таңға жетуіне айрықша арқау болған, кемелденіп қалыптасқан жанрдың бір түрінен саналады.

Маңғыстау өлкесінде ел тіршілігінің жауынгерлік дәуірінен шығып, тыныштыққа бет алған кезіндегі өмір-тіршілігінен хабардар ететін айтыстың бірнеше түрі сақталып келген. Аталған өңірде айтыстың қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы, сүре айтыс түрлерінің бізге белгілі үлгілерінен айтыс өнерінің ерекше дамыған кезеңі байқалады. Көптеген айтыстар рулық мәселелермен байланысты болғандықтан идеялық тұрғыдан сынаржақ мағынада түсіндірілді. Дегенмен, ұлттық мұрамыздың толыққанды сипатын анықтау, халқымыздың көркемдік ойының тарихын толық тану үшін қазаққа тән әлеуметтік-құрылымдық ерекшелігіне сай даму жолын зерттеп, зерделегеніміз жөн. Үлкен әлеуметтік сипаттағы айтыстарға дейінгі ақындардың өсу сатысын рулық дәрежедегі айтыстар анықтайды. Рулық дәрежедегі айтыстарда сол аймақты мекендеген рулардың өмір-тіршілігі, ерекшелік жағдайлары мен кәсібі, т.б. жағдайлары терең де нақты көрініп, ашылады. Сол себепті рулық айтыстар көне замандардағы рухани ескерткіш тұрғысында бағаланады. “Қазақ тұрмысының осы сияқты ерекшелігінен айтыс өлеңінің ақыны мен

билік жолындағы билер сөз сөйлесе, сол жақтағы ру жігін тереңдетуге, ру намысын айқындап шығаруға қызмет қылған. Бұл жағынан қарағанда ру жігіне бөлінген елде сол ру тіршілігін өнер жүзіне шейін түсіріп, мұншалық ұлғайтып әкеткен ел жоқ”. [3, 177 б.].

Жалпы айтыс өлеңдері қазақтың жоғарыда айтылған ру жігі сияқты ерекше бір тіршілік салтымен байланысты болып келеді. Руға бөлінген ел кей кезде ұранмен бас құрасып, көзге түскен балуанның сол сияқты ру таласы, ру намысы, ру бәйгесіне сөз жүйірін қосқандай болып, жік-жікке бөлініп, ұран атымен тіршілік еткенде рудың бәйгеге қосқан атын қызықтап, солардың тілеуін тілесіп, ынта, жігерімен қолдап отырады. Айтыс ақыны бәйгеге қосқан ат, күреске түсірген балуан есепті қызық сауықтың айтушысы, ұйымдастырушысы сияқты болады.

Адайдың бес жүйірінің алыбы Абыл Тілеуұлы айтыстарының сыртқы көлемі мен түр ерекшелігіне қарағанда, бір-екі ауыз өлеңмен қолма-қол жауаптасу ретіндегі түре айтыс күйінде және де ақынның «қарсыластары» көбінесе қыздар болып келеді. Қыз бен жігіттің түре айтысы ойын-сауықтарда көп қолданылған, бірақ та Абыл айтыстарына қарағанда, түре айтыс қазақта тек ойын-сауықтарда ғана емес, атақты ақындар үшін де кездескен жерде жедел айтыса кетуге лайық үлгі болғандығын көреміз.

Мәселен, Абыл Тілеуұлы айтыстарының бірі – «Шерниязбен кездесу» айтысын түре айтыстың үлгісі ретінде қараймыз. Абылдың ақындығына, шешендігінен оның қарсыластары ғана емес, би-болыстар ғана емес, тіпті өзінің замандастары да қызыға да әрі қаймығып жүретін болған. Бірде ол Шернияз ақынның ауылына барады. Шернияз атақты Абылға сөз айтуға жүрексініп, оның талантын, дарынын байқамақ болып, жеңгесінен көмек сұрап, бірауыз өлең үйретіп, өзі кетіп қалады. Абыл үйге кіре бергенде жеңгесі үйренген өлеңін айта жөнеледі. Абыл бұл сөзді Шернияздан келгенін бірден аңғарады. Сол кезде Шернияз шыға келіп, Абылды арашалаған болып бір ауыз өлең айтады, өлеңінде Абылды тағы да сөзбен қағытып өтеді. Абылдың сөзі сәл қатқылдау шығады:

Өзгеге тартқан жерім жоқ,
Қушық маңдай шекесіз.
Өзіңмен өзім тең болсам,
Атамды сұрап не етесіз?!
Заманында өзі болған жігіттің
Жеті атасын сұраған жетесіз! [4, 33 б].

Өлең сөзге дес бермейтін Абыл дарынына, талантына риза болған Шернияз ақынмен бірге ел аралап, одан өнеге алған. Абыл әуелі әйелге, содан кейін Шерниязға жауап береді. Өлең құрылысына қарағанда, Абыл екі ақынмен бірдей айтысқандай, Абыл бұл айтыста да ұтымды жауабымен, өткір, тапқыр шешендігімен, тұтқиылдан төпектете жөнелетін түре айтысқа үздік ақын ретінде танылады. Абыл мен Шернияздың осы кездесуі ел ауызында әртүрлі нұсқада айтылып жүр.

Ақындық талантымен теңескенімен ескі дәстүр-салтқа байланған қазақ қызының тағдыры “Абыл мен Балдай қыздың айтысында” көрініс тапқан:

Абылдың әр кезде көп қағысқан ақын қыздарының бірі – Балдай. Өкінішке орай, өлең сөзден алдына жан салмаған дарынды ақын Абылға өлең сөзден есе бермеген Балдай туралы деректер біздің дәуірімізге жетпеген. Бұл жалғыз Балдайға ғана емес, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ақын қыздарына ортақ жағдай. О заманда ақын қыздардың таланты еркін гүл жара алмай, көбінің бірді-екілі айтыс өлеңдері ғана болмаса, өмірі мен ақындығы жөнінде анық мәліметтер қалмаған. Әйтпесе, Абылмен сайысатын Балдай қыздың, Нұрыммен айтысқан Берішқызының, Мұратпен өнер жарыстыратын Жантолының, Бала Оразды өктем сөздерімен састыратын Жібек қыз ақындығының несі кем?! Бұл жайды Абыл мен Балдай қыз айтысынан айқын аңғаруға болады.

Біз «Абыл мен Балдай айтысы» деп сөзі көркем, мағынасы сыпайы, таза ақындық серпінге құрылған «Отырған қарсы алдымда Балдайымыз», «Ақ Балдай, отырмысың ісінді істеп» деп басталатын екі кездесуін ғана есептейміз. Бұл айтыста «Сақау мен Тоғжан»,

«Жанақ пен Күнекей», «Сабырбай мен Тойбала», айтыстарындағыдай Абыл мен Балдай ұзақ уақыт айтысып, бір-бірінің мінін, сөзден сүрінер жерін іздей жүреді. Балдайды сөзден сүріндірмек оймен Абыл сол ауыл жігіттерінен ақын қыздың көңілдес адамын сұрайды. Олар Қабылдың Тіленшісін атайды. Абыл соны тілге тиек етіп:

Отырған қарсы алдымда Балдайымыз,
Бал татар жесе секер таңдайымыз.
Сендерді жақын-жақын дей береді,
Қабылдың Тіленшісі қандайыңыз? –
деп тосыннан шымшыма сұрақ қояды. Балдай мүдірместен:
Жаз болса – ауылдасым, сусындасым,
Қыс болса – қораласым, қызылдасым.
Қабылдың Тіленшісін бізге қосып,
Басыңыз, Абыл-еке, ауырмасын, - [4, 31 б].
деп жеңіп кетеді.

Балдай қызды Абыл күйеуге ұзатылғаннан кейін де іздеп барып, талай ұтылып жүреді. Бірде күйеуін көзбе-көз көріп, оның көзінің мінін айтыста ілік етеді:

Ақ Балдай, отырмысың ісінді істеп,
Кісіге «сөйлес» деген «үйге түс» деп.
Қолыңа қонған құстың құтты болсын,
Болыпты көзі тыртық, түлкі тістеп..... [4, 32 б].

Сол заман қалың малмен бұғаулап, сүймеске теліп, даусын шығармаған Сара сияқты Балдай қыз да күйеуінің мініне қорынып, сөз қайтара алмайды.

Қазақ халқының ақындық мәдениет тарихындағы атақты ақын Сарадан бастап, Рысжан, Ұлбике, Қадияша, Айкүміс, Нұрила, Ақсұлу секілді бізге жеткен қыз-келіншектер қатарында батыс өлкесіндегі Жібек, Ырысты, Балдай есімдерінің де аталуы заңдылық. Өз кезегіндегі айтыс заңының заңдылығына орай көркем сөзді кестелеп, қарсыласын сөзбен тоқтатып, қаулаған қалың жұрттың тілегінен шыға білген бұл қыз-келіншектердің бірді-екілі ғана айтысы бізге жеткен. Маңғыстау аймағында айтыстың сан түрлілігі көңіл аудартады. «Қайымдасу айтыстары әдетте қыз бен жігіттің бір-бірін дәріптеп мақтасуынан яғни әжуа-күлкі етіп, тиісе қағысуынан басталады. Мұның көне үлгілерінде бастапқы екі жол екі жаққа бірдей бастан-аяқ өзгеріссіз қайталанады да, айтылар негізгі ой соңы шешуші тармақтарда ғана беріледі. Бұл ерекшелік қайымдасудың әуел баста түр-мазмұны жағынан тым қарапайым, жаңа талап жастарға құрастырып айтуға мейлінше жеңіл болғанын аңғартады» [5, 111 б.].

«Абыл мен Орақтың қызбен сөз қағыстыруы» - дағдылы қазақ қайым айтыстарының біріне жатады. Шамамен 1822-1910 жылдары өмір сүрген Орақ Байдалыұлы – Абылдың ауылдас, туысы, палуан, сал-сері ақын, жастай өлең, жырға құмартып, Абыл маңында өседі. Екі ақын өзбыр хан, сұлтанға тілі тиіп, қуғын көріп жүреді. Сондай сапардан азып-тозып келе жатып, Орта жүз жерінде бір ақбоз үйге кез болады. Үйде домбыра тартып отырған қыз бұлардың ұсқынын көріп, әрі сескене, әрі кекете өлең айтады:

Өлеңге сен де дүмді, мен де дүмді,
Айтысса екі дүмді қазар мінді,
Жүлдені шаппай алған жүйрік едім,
Талайдың айтысам деп сағы сынды.
Сіздерді бұрын-сонды көргенім жоқ,
Жол болсын, жолаушылар тағы сынды. [4, 33 б.].
Сонда Орақ айтады:
Өлеңге сен де дүмді, мен де дүмді,
Қағысса екі дүмді табар мінді.
Отырған ақбоз үйде қарындасым,
Бермесін бізге берген саған күнді.

Шөлдеген жолаушыға сусын бермей,
Салқам қыз салаған жерде неге күлді?
Шалдырмас шаппай бердің өзі болсаң,
Жайланып, сөйлесейік келер күнді. [4, 33 б.].

Орақтың орайлы да тегеурінді жауабынан кейін қыз сөз жарыстырмай, сабыр етеді.
Сонда Абыл:

Екеуіңіз үйдестіңіз, бұйдестіңіз,
Сыпайы сыр айтысып сөйлестіңіз,
Адамның аңырғаны – жусағаны,
Манағы келер күнді не дестіңіз? – дейді. [4,34 б.].

Бұл айтысты қыз бастап, оған Орақ жауап береді. Орақтың берген орайлы жауабынан кейін қыз сөз жарыстырмай, сабыр еткен кезде Абыл сөз сөйлейді. Абыл мұнда екі жастың ақындық дарыны тең түскендігін сезіп, оған өз бағасын айтады. Бірқатар айтыстарда тыңдаушы халық болатын төреші болса, қайымдасу ретіндегі бұл айтыста екі ақын өлеңмен пікірлеседі де, айтыс қорытындысында төрелігін үшінші ақын берген. Бұған қарағанда, қазақ айтыстарында кездесетін бұл түрді Абыл да қолданып, дамытып отырған.

Бұл айтыстарда жалпы айтысқа тән кейбір ортақ сипаттар мен өздеріне ғана тән ақындық тәсілдер де ұшырасады. Ол ақындардың қайымдық шеберлігіне орай әр түрлі мәнді білдіреді. Дәстүрлі айтытқа екі ақынның бір-бірінен жөн сұрасып амандық білісуінің өзі болашақ айтыстың қалай өрбитінін аңғартаын болған. Ол қарсыласының руы мен өзін кемсітіп қана қоймай, әрқайсысының жеке басын дәріптеуге де қажет болған.

Қайымдасу айтыстары кейінгі келелі көркем ақындар айтысына дейін жетіліп, толысудың әр алуан кезең белестерінен өтіп, әлеуметтік мазмұны мен көркемдік сипаттары жағынан әр кез кемелденіп отырған. «Абыл мен Орақтың қызбен сөз қағыстыруы» - көркем, бейнелі қайымдасу. Мұнда меңзеу, тұспалдау тәсілдері мол қолданылады, айтыс «Ақберен» жинағында жарияланған.

Мәселен, «Нұрым мен Беріш қызының айтысы» қыз бен жігіт айтысының дәстүрінде басталғанмен, үлкен әлеуметтік мәселелерді көтеретін ақындар айтысының дәрежесіне дейін көтерілген.

Нұрым ақындық атағы шығып, жас ортасына келген кезде өлең сөзге дес бермеген он сезіз жастағы Беріш қызын сырттай естіп, іздеп барады. Ауыл адамдарының ақылымен Нұрым, «жеңілсем, ұят болар» деп, өз атын айтпай, інісі Тастемір болып айтысады. Нұрым әуелі айтыс дағдысымен өзін таныстыра, сес көрсете жыр толғайды:

Тастемір өзім атым, ағам Нұрым,
Алқада жан сөйлемес бізден бұрын. [4, 211 б.].

Сырттай атын естіп, Нұрымнан ғана сескенетін қыз енді айтысушысы өзге деп ойлап, өктем сөздермен жігітті қағыта бастайды:

Әуелі келген жерден бір шошындым,
Адайда айтқыш Нұрым осы ма деп.
Жолаушы болсаң, байғұс, қалма жолдан,
Сан жүйрік жас екен деп әуре болған. [4, 211 б.].

Қыз Адайдың көшпелі тұрмысын мінеп, сынайды. Соған орай Нұрым да Беріштердің жарлылығын айтады. Әйтсе де, өз сөзіне қарағанда, талай ділмарлар риза болған, он бес жасында Бала Ораз ақынды жеңген ақын қыз сөзге дес бермейді. Осы кезде Нұрым:

Қызыл тіл сөйлей-сөйлей желдей ескен,
Беріштің бір өнері ағаш кескен,
Мал берсе, Беріш қызын бере берер,
Сізді де тоқалдыққа берер дескен, - деп сөз қармағын тастайды. [4, 211 б.].

Оның орыс төрелерімен сырласуын ілік етеді. Бұл жерде Нұрымның патша өкіметінің отарлаушылық, озбырлық саясатына наразылығы айқын аңғарылады. Ол сол саясатты жүзеге асырушы орыс төрелерін қазақ жұртының жек көретінін де жақсы біледі.

Өлеңді желдей ескен, бірақ заман салтымен қалыңмал қармағына жастай ілінген және «орыс төресімен сөйлесті» деген жаман атқа жолыққан мұңды қыз біраз шекіскеннен кейін, айтыс соңында:

Сен жеңдің, біз жеңілдік, ақын жігіт,

Сенімен айтысуға тілім мүкі.

Қарасам, төрт аяғым бірдей ақсақ,

Құдайым бізге бермес енді жақсы ат, - деп зар төгеді. [4, 211 б.].

Қыз сөзінен әйел басындағы әлеуметтік теңсіздік жайы ашылады. Екі ақын бір-бірін аяқтан шалып, Адай, Беріш руларының міні етіп айтқан сын сөздері, түптеп келгенде, сол дәуір әділетсіздігін, қатыгез, өткінші өмір мен тағдыр тарымшылығын әшкерелегендей сезіледі. «Нұрым мен Берішқызы» айтысы – өткен заман сырын аңғартатын мәнді айтыстардың бірі. Олай болса, жоғарыда айтылған айтыс түрлері Маңғыстау өлкесінде сыртқы көлемі мен түр ерекшелігі тұрғысынан бір-екі ауыз қолма-қол жауаптасу түріндегі түре айтыс үлгілері де, қыз бен жігіт айтысы мен ақындар айтысы да көп дамығандығын айқындайды. Сонымен қатар өлкеде ұзақ толғап, келелі мәселелерді толғап айтатын сүре айтыс үлгілері де сақталып келді.

Солардың жарқын үлгісі “Ізім мен Қашаған” айтысы. Бұл Қашағанның сексендерден асқан, Ізбастың қырықтардағы кезі болса керек. Ізбас бір жиында Қашағанның перзентсіздігі мен кедейлігін айтып мұқатпақ болып, өлең сөздің белгілі жүйріктері Қашаған мен Сәттіғұлға тіл тигізіп, жасы жеткен қарт ақынды ел алдында маскараламақ болады. Бұл жерде Қашаған үндемей қалса, «Ізбас Қашағанды жеңіпті» деген атақ алғысы келетін мақтангөйлігі де жоқ емес. Бұл айтыстың жүйесінен көрінер бірнеше еске алар жайларды аңғарамыз. Мұнда айтыстардың көбінде кездесетін ақындардың өздері туралы толғаныстары кездеспейді, екі ақын да бірден өзекті оқиғаны айтуға көшедіуаңғартады. Көр-жерді өлең еткен атаққұмар Ізбасты Қашаған мірдің оғындай өткір сөздермен түйреп, ел алдында әбден масқара қылады.

Қашаған мен Ізім айтысының қорытындысында үстем тап өкілдері қатты сынға ұшырайды. Ізім Қашағанға:

Байларың су басында таласқанда,

Қыз боқтап гүжілжесіп ақырады-ай, - деп байлардың әдепсіздігін мінесе,

Байларың мал соңына кетеді дейді,

Көжесін жүгерінің түбі күйген

Азаннан ерте тұрып жалғыз тартып, - [4, 331 б.].деп мал-дәулет қызығын өзінен де аяйтын шықбермес сараңдық пен топастықты сынайды.

Қашағанның Ізбаспен айтысы Сақып, Берекет ақынға айтқан өлеңдерімен сарындас. Мұнда да менмен, өзімшіл, өсекқұмар, «от басы, ошақ қасы» ақыны Ізбасты әшкерелеу, адамгершілікті насихаттау – айтыстың ең өзекті мәселесі.Ізбас айтыста әдет-ғұрып этикасын бойсынбаудан ғана жеңіліп отырған жоқ. Әдетте, ақындар айтысында үлкен мен кіші арасында әншейінде айтылмайтын шөлкем-шалыс сөздер айтыла береді, оны халық айтып көрмейді. Мұны Жанақ пен Сабырбайдың, Күнбала мен Сүйінбайдың, Сара мен Біржанның айтыстарынан жақсы білеміз. Ізбас айтысуға ақындық өресі жетпегендігінен жеңіледі. Тиіп-қашып ұпай алуды ойлаған ол елдікті, ерлікті, адамгершілік абзал қасиеттерді, бұқара мүддесін жырлап, соған арқа сүйеген ақын Қашаған сияқты сөз нөсерінің қарқынына қарсы тұруға шамасы келмейді. Адуынды ақын оның қанатын жаздырмай, пәрменді сөздермен буып тастайды. Ақын бұл айтыста менмендік, жалғандық, жағымпаздық қасиеттерден жирендіріп, адамгершілікті дәріптейді.

Маңғыстау өлкесінің шашасына шаң жұқтырмас өлең сөзді желдей естірген жүйріктерінің бірі Нұрым – өз дәуірінің арғы, бергі тарихын мол білген, «тұтқиылдан сөз тапқан, қысылшанда жол тапқан». Бұл әсіресе оның айтыстарынан да айқын аңғарылады.

Нұрымның сұрау-жауап, білім сынасу ретіндегі екі айтысы бар. Бірі – Абылдың Нұрымды, екіншісі – Нұрымның Қашағанды сынауы. Екі айтысқа да тиек болатын діни тұжырымдар. Бұл айтыстарда жеңу-жеңілісу мақсаты жоқ, жас ақынның білім шамасын, ақындық өрісін байқау ниеті ғана бар.

- Напряженность глаз при проверке тетрадей, которая является обязательной для каждого учителя. Негативное влияние электромагнитных волн при работе с компьютерами. Преимущественно это касается учителей информатики;
- Высокое содержание микробов и бактерий в помещениях учебных заведений повышают риск развития не только хронических заболеваний, а также вирусных и инфекционных;
- Постоянное моральное напряжение вредно для нервно-психического здоровья. Из-за стрессов может наблюдаться повышение артериального давления, развитие язвенной болезни, ишемическая болезнь, психастения и неврозы. Педагоги постоянно напрягают свои речевые аппараты. Работа голосовых связок на износ не проходит бесследно;
- Невысокая двигательная активность приводит к проблемам опорно-двигательного аппарата;
- Учителя вынуждены много сидеть и стоять, в результате чего в сердечно-сосудистой системе возникают отклонения разного характера [4].

Эту ситуацию можно рассмотреть и со статистически-медицинской точки зрения. Так, по данным ВОЗ 2018 года лица, подверженные ежедневному контакту с подростковым и детским контингентом людей имеют следующую картину заболеваемости:

- поражения верхних дыхательных путей – 26%;
- болезни органов кровообращения – 18%;
- проблемы с пищеварением – 15%;
- заболевания ЦНС и органов чувств – 12%;
- болезни инфекционного и паразитарного характера – 12% [4].

Однако данной статистикой оценка профессионального здоровья учителя ограничиваться не может. Вопрос настолько многогранен, что ученые в области педагогики и психологии рассматривают его с разных ракурсов. Здесь необходимо отметить, что зачастую здоровью учителей вредит недостаточное умение расставлять приоритеты в своей деятельности, а также немаловажную роль в разрушении здоровья играет – неправильное распределение временных ресурсов. Именно поэтому грамотное составление графика дня становится ключевым звеном в сохранении профессионального здоровья учителя.

Казахстанский писатель С. М. Муканов считает, что профессиональное здоровье – это целый набор критерий здоровья, который определяет его профессиональную деятельность и дает ей высокую эффективность [5].

Его российский коллега - Г.С. Никифорова, анализируя данную проблему, прибегает к концепции психологического обеспечения профессиональной деятельности. Она подразумевает собой своего рода программу вхождения в профессию и выхода из нее. В работе просматривается цепочка временных отрезков учителя и анализируется его

трудовой путь, чтобы оценить его с точки зрения профессионализма, конкретнее дается оценка, и рекомендации по расчету своего рабочего времени. В работе можно проследить личность с точки зрения психологии, анализируя его деятельность на протяжении всего пути [6].

Правильное распоряжение своей профессиональной деятельностью – залог долгой жизни человека. По медицинским характеристикам – специалист считается здоровым, считается здоровым, в том случае если на ежедневной работе он способен найти в себе силы на творческие и физические начинания. Только так специалист может считаться состоявшимся и быть нужным человеком в обществе.

По мнению ученых Д. Лемова [7], Д. Дирксен [8], К. Дуэк[9], Н. Джексон [10] – эффективность современного педагога зависит от целого ряда качеств – это постоянный контроль поступков, высказываний, поведения, эмоций, привычек. Учитель с правильной постановкой сил и времени – является не только ключевой фигурой в глазах своих подопечных, но и образцом для подражания и носителем бесконечного заряда энергии. От здоровья педагога в огромной степени зависит здоровье подрастающего поколения, будущее страны», пишет Л.М. Митина [11]. Профессию учителя относят к профессии повышенного риска по частоте возникновения невротических и психосоматических расстройств. Согласно последним данным именно педагоги возглавляют список по нервно-психическим расстройствам. Такая тенденция возрастает на фоне зарождения двойного стресса - социального и профессионального. Отсюда: излишняя нервозность, озлобленность, отсутствие оптимизма, апатия и депрессия, ухудшение профессиональной позиции - формируется консерватизм, неприятие новой педагогики. Необходимо преодолеть сегодняшний низкий уровень самоуважения, самопринятия, повысить профессиональное самосознание учителя, осознание себя личностью, способной проектировать свое будущее.

Чтобы справиться с такой задачей необходимо перечислить причины возникновения данных процессов – это повышенная продолжительность дня, высокая нервно-психическая напряженность и социальная ответственность. Учителя хронически перегружены и имеют высокие риски заболевания, как правило, они не имеют возможности восстановить затраченные силы и, следовательно, не в состоянии адаптироваться к возрастающему разнообразию потребностей учеников.

Эмоционально перегруженный учитель, скорее всего, предпочтет знакомый круг обстоятельств и ситуаций, в которых он хорошо и действительно может хорошо обучать, но не рисковать новшествами, где результаты непонятны и плохо прогнозируемы [11].

В организации своей работы, учитель должен понимать, что в первую очередь именно он должен создавать себе комфортные условия для работы, с учетом условий создания комфорта и для своих воспитанников.

Чтобы в полной мере наслаждаться учебным процессом учитель должен внедрять в свой рабочий день импровизированные минуты отдыха. На протяжении десятилетий психологи и педагоги совместно разрабатывают тренинги, которые помогают учителям правильно распределять время и одновременно учить этому детей. В советское время – это были «зарядки» для пальчиков, физические упражнения, вставляемые на уроках или же отвлеченные игры для снятия напряжения, как у педагогов, так и у учеников. Сейчас же с появлением Интернета, множества обучающей литературы и гаджетов можно пополнить список мониторингом пульса, видеороликами с социальной направленностью, создавать с детьми живые уголки в классах и комнаты отдыха для учителей.

В исследованиях Массачусетского университета было доказано, что эмоциональная разрядка педагога на тренажерах или перед экраном телевизора, очень эффективна. Если в течение дня усталость и нервы могут дать о себе знать - то человек должен дать выход скопившейся энергии и просто «остыть». Кроме того, необходимо понимать, что для такой профессии как учитель – необходима пятидневная рабочая неделя, так как восстановится всего за один день организм не способен. Это правило нарушается

повсеместно, отсюда падают показатели физического благополучия, эмоционального настроя, что не может положительно сказываться на профессиональном здоровье педагога. Исследователь Нина Джексон в своих трудах предлагает больше улыбаться, располагать учеников так чтобы поддерживались именно дружеские отношения, работать в тесном контакте с родительской общественностью и просто жить своей профессией. Ведь основная ошибка педагогов заключается в неумении контролировать свои эмоции. Психологи объясняют это просто – учитель несет ответственность за десятки жизней одновременно, по человеческой природе – этот фактор становится выше собственных чувств самосохранения, поэтому учителя часто забывают о себе. Однако такие «срывы» влияют на организм учителей еще больше чем усталость и подавленность, хотя первые ощущения весьма обманчивы и дают иллюзию облегчения [10].

В заключении необходимо отметить, что каждый из перечисленных авторов сходятся во мнении, что в эту профессию не приходят профессионалами. Учительский труд – эта та сфера деятельности, которой учатся всю жизнь, в частности это касается аспектов здоровья. Ясно одно – единого решения данной проблемы на сегодняшний день нет, так как с течением времени вопросы не только не исчерпываются, но наоборот их становится в разы больше, так как в жизнь приходят новые технологии, к которым нужно адаптироваться, а новые веяния – всегда большой стресс для организма.

ЛИТЕРАТУРА

1. Тейлор Ф. Принципы научного менеджмента – 1903. Электронный учебник <https://www.litmir.me/br/?b=569683&p=1>
2. Печеркина А.А., Синякова М.Г. Профессиональное здоровье учителя: понятие, составляющие, личностные и поликультурные детерминанты // Система профессионального образования в России: проблемы и перспективы развития: монография. – Новосибирск: «СИБПРИНТ», 2010. С. 149-177.
3. Петровский А. В. Основы психологии и педагогики высшей школы, Изд. Московского университета 1986 г.
4. Официальный сайт ВОЗ <https://www.who.int/ru/>
5. Муканов С. М. Промелькнувший метеор, Изд. «Жазушы» 1984 год
6. Психология здоровья / Под ред. Г.С. Никифорова. – СПб.: «Питер», 2003.
7. Дуг Лемов «Мастерство учителя. Проверенные методики выдающихся преподавателей» - Электронный учебник http://vashabnp.info/_ld/25/2527_06981697.a4.pdf
8. Джуди Дирксен «Искусство обучать. Как сделать любое обучение нескучным и эффективным» - Электронный учебник <https://mexalib.com/view/467893>
9. Кэрл Дуэк «Гибкое сознание. Новый взгляд на психологию развития взрослых и детей» - Электронный учебник.
10. Нина Джексон «Классный учитель. Как работать с трудными учениками, сложными родителями и получать удовольствие от профессии» - Электронный учебник <https://mexalib.com/view/534502>
11. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. – М.: Флинта, 1998. 200 с. 12. Чепалов Р. Учителя загружены бумажной работой // <http://academica.ru/stati/stati-o-pervom-vysshem-obrazovanii-i-magistrature/771609-uchitelja/> (20.07.2015).

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Туленова Ұ.Т., Хаметова Т., магистр

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала кіші жастағы мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамыту мәселесіне арналған. Танымдық қызығушылық дегеніміз – адамның объектілер мен қоршаған орта құбылыстарына бағытталуы. Бұл бағыт білуге, толығырақ оқуға деген күштарлықпен сипатталады.

Түйінді сөздер: таным, танымдық қызығушылық, қызығу, қызығушылық, бастауыш сынып, зерттеу, дағды, оқыту.

Бүгінгі таңдағы білім беруді дамытудың талаптары мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттарда жаңа қырынан қаралып, экономикалық және әлеуметтік мәдени жағдайларда жас ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу міндеттерін қояды.

Яғни болашақ ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау мен шығармашылығын дамытуды талап етеді. Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе бұл - әржақты дамыған, шығармашыл, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында» атап өткендей, білім беру жүйесінің міндеті – баланың рухани және тәндік мүмкіндігін дамыту, оны оқыту, тәрбиелеу мен шығармашылық әлеуетінің дамуына жағдай жасау болып табылады. Қоғам алдындағы тұрған басты мақсаттардың бірі – білім беру жүйесін түбегейлі жаңарту, әсіресе орта білім беретін мектептерін дамытуға байланысты білім берудің жаңа үлгісін таңдау болып тұр. Сондықтан да білім беру мен оқыту теориясының әдіснамалық негізі – таным теориясы, оқушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілім болып табылады. Таным теориясы негізінде құрылған оқыту мәселесіндегі талаптардың бірі – танымдық қызығушылықты қалыптастыру. Мектептегі оқыту жағдайында танымдық қызығушылық оқушылардың оқуға, бір немесе бірнеше оқу пәнінің танымдық іс-әрекетіне көңіл аударуымен көрініс табады.

Танымдық қызығушылық мәселесі психологиялық-педагогикалық еңбектерде жан-жақты қарастырылған (Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Г.И.Щукина және т.б.). Мәселен, Н.К.Крупская қызығушылықты қалыптастыруда қоршаған ортаны және балаға жақсы танымал деректер мен құбылыстарды, білімді меңгеруде зерделі көзқарасқа тәрбиелейтін мақсатты сананы тірек ету қажеттігіне тоқталса, С.Т.Шацкий қызығушылықтың психологиялық негізіне белсенді іс-әрекетке деген қажеттілікті жатқызады.

Бірқатар зерттеушілердің педагогикалық еңбектерінде «танымдық қызығушылық» ұғымына түрліше түсінік, анықтамалар берілген. Әр автор бұл ұғымды өзінің зерттеу жұмысының нәтижесіне қарай түсіндіретіндігін және олар бір мақсатты көздейтінін, мазмұны жағынан бір-бірін толықтыра түсетіндігін байқауға болады. Авторлардың берген анықтамаларының қайсыбірі болмасын «танымдық қызығушылық» ұғымының мазмұнын жан-жақты анықтап, мән-мағынасына терең бойлап, одан әрі дамыта түсуге негіз болады. Ол оның оқудағы белсенділігін, өздігімен дербес танымдық мақсатты қоя білуін анықтайды.

«Танымдық қызығушылық» термині «таным» және «қызығу не қызығушылық» ұғымдарының бірлігімен түсіндіріледі. Сол себепті осы екі терминнің нақты анықтамаларына тоқталған жөн.

«Таным» ұғымы философиялық категория. Танымның алғашқы баспалдағы сезімдік қабылдау негізінде жүргізіледі. Ол айналадағы материалдықтың адам санасында бейнеленуі.

Қоршаған дүние объективті түрде өмір сүретін болғандықтан, оның заттары мен құбылыстары санада бейнеленеді. Көру, сезіну, түйсіну арқылы сезім мүшелерімізге материалдық заттар әсер етеді де, біз оларды қабылдаймыз. Қабылдаған дүниені ғылыми біліммен байланыстырғанда ғана білім қалыптасады. Қабылдау барысында сыртқы сезім мен ішкі сезімдер біріге отырып танымды нақтылай түседі.

Философия танымының жалпы әдісі дидактиканы қаруландырады. Оқу процесінің негізі – таным теориясы. Сондықтан таным ұғымын педагогикалық зерттеулер тұрғысынан қарастырамыз. «Таным» терминіне Р.М.Қоянбаев «Қысқаша педагогикалық сөздік» атты кітабында былайша түсінік берген: «Таным» - объективті шындықты адамның ойында бейнелейтін және қайта жаңғыртатын қоғамдық іс-әрекет барысы. Ол заттардың мәніне дәлірек жетудегі күрделі және қарама-қайшылықты процесс барысы ретінде қаралады. Таным – ақиқатқа жетудің, объективті шындықты танудың диалектикалық жолы - «нақты пайымдаудан абстрактілі ойлауға, одан тәжірбеге көшу» болып табылады.

Таным үрдісінде ойлаудың түрлі тәсілдері пайдаланылады (анализ, синтез, дедукция, индукция, абстрактіліктен нақтылыққа көтерілуі және т.б.). Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойына жинаған асыл мұрасын, дағды тәжірибесін береді. Демек, оқыту - таным үрдісі. Өйткені, онда ілгері қарай қозғалыс болады, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп отырады. Оқытудағы міндет – оқушыны табиғат, қоғам және адам дамуының жалпы және негізгі заңдарымен қаруландыру.

Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жайындағы бейнелі қабылдау нәтижесінде ұғым туады. Таным өмірлік қызмет барысында іске асады.

Таным процесі мұғалімнің басқарушылық, әрі бағыттаушылық рөлімен, ынтымақтастық байланыста бірлескен қызметінде іске асырылады. Ғалым педагог Л.Занков: «Оқыту оқушылардың жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет» десе, көрнекті психолог Л.Выготский: «Жақсы оқыту деп, баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» деп тұжырымдайды және оқу баланың өзіндік танымдық белсенділігі екенін анықтайды.

Қазақ педагогикалық энциклопедиясы сөздігінде қызығушылыққа мынадай анықтама береді: Қызығушылық - адамның дүниені тануға, білуге мұқтаждығы. Қызығушылық адамның өмірдегі нақты шындық көріністерінің жаңа фактіні жете білуіне және сол арқылы іс-әрекетіндегі бағыты мен бағдарын, мақсатын айқындауға мүмкіндік береді. Адамның қызығушылығын қанағаттандыру, оны одан әрі жаңа бір қызығушылыққа жетелейді. Қызығушылықтың даму табиғаты неғұрлым күшейсе, адамда қызыққан іс-әрекетін орындау, іске асыру ниеті пайда болады.

Қызығушылықтың жалпы феноменінің маңызды саласы – танымдық қызығушылық. Оның нысанасы болып танымдық процесс саналады. Ол құбылыстың мәнін, белгілі білім саласының ғылыми негізін меңгерудегі талпынысты сипаттайды. Бұл «жеке тұлғаны танымдық салада, нақы пәндік салада және білімді меңгерту процесінде бағыттау әрекеті».

К.Д.Ушинский «қызығушылық сапалы оқытудың негізгі жолы» деп тұжырым жасаса, неміс психологы И.Ф.Гербарт мұғалім жан-жақты болып, оқу әрекетінде оқушыны қызықтырып отыруы тиіс деген пікір білдірген. Сондай-ақ И.Ф.Гербарт «оқыту негізі – қызығушылық» дей отырып, қызығушылықтың түрлерін эмпирикалық, ақыл-ой, әлеуметтік, діни деп жіктеп көрсетті.

Қызығушылықты дамытуда өнер-білім рөлінің әрқашан жоғары екендігі туралы кезінде Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев та айтып өткен. Егер А.Байтұрсынов «балаларды қинамай, оңай оқыту керек. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы»,

деп жазса, Ж.Аймауытов «оқытуда қызығусыз үлкен нәтижеге жетпейміз. Бойдағы ынтаны (қызығуды) қоздырып, кейбір нәрсеге ынтаны қолдан жасап еріксіз шақырамыз» – деп, оқушылардың ынтасын оятып, қызығушылығын қозғау керектігіне баса назар аударады.

Отандық ғалымдарымыздың бірі, профессор Қ.Жарықбаев: «қызығу болмыстағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып-білуге бағытталған адамның біршама тұрақты, жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі» деп тұжырымдайды.

Белгілі психолог Т.Тәжібаев қызығушылыққа былайша сипаттама береді: Қызығушылық дегеніміз мұқтаждықты, ізгілікті қанағаттандыруға жұмсалатын белсенді зейін мен жағымды эмоциялық сезімдер туғызатын психикалық күй. Қызығу нақты қоғамдық жағдаймен байланысты. Балалардың қызығуы өздігінен пайда болмайды, ортаның әсерінен, үлкендердің ықпалымен пайда болады.

Қызығушылық пен танымдық қызығушылықтың арасында қандай айырмашылық бар? Қызығу дегеніміз - ынтықтылық, алғырлық, тұрақтылық және білуге құштарлық тәрізді компоненттерден тұратын, белгілі бір нәрсеге зейін қою арқылы қызығушылық сезімін тудырып, жүзеге асырылатын жеке тұлғаға тән ерекшелік деп түсінеміз. Кез келген қызығу не қызығушылық танымдық тұрғыда туындайды, танымдық компонентсіз қызығушылық та болмайды.

Мектепте оқушылардың танымдық қызығушылығының объектісі оқу пәндерінің мазмұны болып табылады, оны меңгеру оқу деп аталады. Онда танымдық қызығушылық аясына мектеп оқушыларының меңгерген білімі ғана емес, сондай-ақ білімді меңгеру үрдісі де енеді.

Танымдық қызығушылықтың мәні сол, оның объектісі таным үрдісінің өзі болып табылады. Оқыту үрдісінде танымдық қызығушылық оқушының оқуға, бір немесе бірнеше пәндер бойынша танымдық іс-әрекетке толық берілуімен көрініс табады. Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығы білім мазмұнында не ерекше айқын, әсерлі ашылған болса, соған деген эмоционалды қарым-қатынасының күшті көрініс табуымен сипатталады. Әсерлі фактілерге, табиғат құбылыстарын сипаттауға, қоғамдық өмірдегі оқиғаларға, тарихқа деген қызығушылық түрлі формадағы қызығушылықтарды оятады. Осының өзі, оқу жағдайына, мұғалімге де едәуір тәуелді, бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығының кеңдігі туралы пікір туындатуға мүмкіндік береді.

Танымдық қызығушылық – тұлғаның қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарына іріктелген бағыттылығы. Бұл бағыттылық тануға, жаңалыққа, тереңірек және толық білуге деген ұмтылыспен сипатталады.

Оқушыларда танымдық қызығушылықтың болуы - олардың сабақта белсенді, білімнің сапалы болуына, оқуға жағымды түрткісін қалыптастыруға, оқыту үрдісінің тиімділігін арттыруға, белсенді өміршең позицияны ұстауға мүмкіндік береді.

Танымдық қызығушылық адам өміріндегі алатын орнына қарай бірнеше функцияны атқарады. Олар бағыты мен мазмұнына қарай былайша топтастырылған: 1) дүниетанымдық; 2) қозғаушы; 3) таңдаушы; 4) реттеуші; 5) жасампаздық. Осы функциялар бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты дамуында танымдық қызығушылықтың мүмкіндіктерін өзара байланыстырып, сабақтастырып отырады.

В.Б.Бондаревский танымдық қызығушылықты қалыптастырудың өзегі ретінде оқушы меңгеретін оқу материалының мазмұнын; оқу іс-әрекетінің жан-жақты үрдісін және оқу үрдісіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасын қарастырады. Бұл анықтаманың негізінде танымдық қызығушылық – оқушының іс-әрекетінде жүзеге асырылатын және бірте-бірте бекіне отырып, адамның тұлға ретінде қалыптастыратын тұрақты қасиетіне айналады деп түйіндейміз.

Балалардың ой-өрісін кеңейту олардың танымдық қызығушылығына өзгерістер әкеледі. Оқу-танымдық іс-әрекетте бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығы әрдайым шектеулі бола бермейді, өйткені жүйеленген білім көлемі мен оларды жинақтау

тәжірибесі көп емес. Қызығушылықтың жиі алмасуы оқуға деген қызығушылықты бекітуге ғана емес, оқушының тұлғалық қалыптасуына да кері әсер етеді.

Тек тәжірибемен жинақталған танымдық іс-әрекетпен, оны педагогтың шебер бағыттауымен, оқушының қызығушылығын арттыратын оқудың күрделі міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін тәсілдерді біртіндеп меңгеру жүзеге асады. Танымның негізі және білімнің ақиқаттығының шарты – тәжірибелік іс-әрекет. Демек, таным оқушылардың оқу іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Өйткені оқу іс-әрекетінің нәтижесі оқушының таным өрісінің жаңа шеңберіне алып келеді, ол үшін жаңа білім, білік пен дағдылардың көзі ашылады.

Танымдық қызығушылық әрекеті және оның оқушының іс-әрекеті мен тұлғасына ықпалының маңызы зор. Танымдық қызығушылық оқу-тәрбие процесінің барлық саласында түрліше көрініс табады. Оқу үрдісін белсендендіру жолдары оқушылардың қызығушылығын дамытуды ұсынады, оқытудың белсенді әдістері танымдық қызығушылықты дамытуды көздейді, сабақтың қай түрі болсын қызығушылықпен уәждемелеуге (мотивация) бағытталады.

Көп жағдайда мұғалім танымдық қызығушылықты оқыту құралы ретінде, яғни өз қызметін оқушылардың тікелей қызығушылығын оятатын тәсілдермен байыта отырып қолданады. Бұл жағдайда заттардың құбылыстардың, оқиғалардың объективті тартымды қасиеттерін (тиімді тәжірибе, айқын факт, кездейсоқ салыстыру, әсерлі сөз) қолдануға сүйенеді.

Танымдық қызығушылық оқушы іс-әрекетінің ішкі сезімі, өте маңызды мотив ретінде орын алады, бұл жерде оның рөлін қатты бағалау мүмкін емес. Демек, танымдық қызығушылық — ең маңызды оқу мотивінің бірі. Психолог Т.Тәжібаев балаларды оқыту барысында олардың танымдық қызығушылықтары дами түсі үшін оқу сапасын жақсарту қажет, оқу мазмұнды, тартымды болуы тиіс деген екен.

Қазіргі жағдайда мектеп алдына өткір қойылып отырған маңызды міндеттердің бірі – оқушылардың танымдық әрекетінің уәждемесін қалыптастыру. Өмірдің барлық кезеңдерінде жеке тұлғаның дамуы жеке адамның дербес әрі саналы әрекет субъектісіне айналу процесі ретінде қаралуы керек. Осыған орай, мектеп оқушысын оқытудың бастауыш сатысында-ақ бұл мәселенің табысты шешілуі әлдеқайда өзекті болып отыр, себебі оқушының жеке тұлғалық қасиеттері дәл осы уақытта қалыптасады.

Оқыту процесінде мектеп оқушысының жеке тұлғасының дамуы төмендегі жағдайда өтеді:

- мектеп оқушысының әрекеті сыныптас оқушылармен бірлестікте жүзеге асады;
- әрекет негізінде уәждемелік негіз (танымдық, әлеуметтік, адамгершілік, көркемдік) қалыптасады;
- құбылыстың заңды, жүйелі түрде өзгеруі, оның басқа құбылыстарға ауысуы (даму) процесі жүзеге асады;
- педагогикалық процесс барысында мектеп оқушылары әрекетінің сипаты (атқару, белсенді әрекет ету, шығармашылық) өзгереді;
- әрекет сипатының өзгеруіне байланысты оқушының ұстанымы да өзгереді (атқарушыдан белсенді дербестікке дейін);
- оқу-танымдық әрекеттегі оқушы ұстанымының өзгеруі мұғалім мен оқушы арасындағы субъект аралық қатынастарға ықпал етеді.

Оқушының өзін-өзі реттеуін, жеке тұлғалық жасамдардың – белсенділік, дербестіліктің, қалыптасуын тудырады. Мектеп оқушысының оқу әрекетіне субъектілі-субъектілік қатынастары – бұл оқушылардың өздерінің мүмкіндіктерін көрсете алуы, табысына қанағаттануы, ерік-жігер шиеленісінен белсенді ойлауға көше білуі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекетінің уәждемелік даму механизмінің барлық аспектілерін жете қарастыру төменгі сынып оқушысының интегративті қасиеттерін дамытуды ұйымдастыруға, өз себебін дәлелдеуге, өзін-өзі

ұйымдастыруға, өзін-өзі дамытуға қатысты оқушының бойында ішкі бағдардың қалыптасуына септігін тигізетін болады.

Берілетін оқу материалы оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін, қабілетін дамытуы тиіс. Күрделі танымдық міндеттерді танымдық қабілет дәрежесі жоғары оқушылар ғана орындай алады. Оқушыға оның таным күшіне сәйкес келмейтін, мүмкіндігінен жоғары, білім деңгейінен анағұрлым асып түсетін міндеттер жүктеу білім беруде оңды нәтиже бермейді. Қазіргі кезде оқушының оқу әрекетінің жемісті, нәтижелі болуына, танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін өз бетіндік оқу үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдістерін, тәсілдері мен нысандарын іздестіру – аса маңызды міндет болып есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы, 1993.
2. Тәжібаев Т. «Жалпы психология», Алматы, 1993.
3. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе – М., 1979.
4. Киргинцева, Е.И. Пути формирования познавательных интересов младших школьников в учебной деятельности / Е.И. Киргинцева // Начальная школа, 1992. №11 - 12. - с. 29 - 31.
5. Буртовой И.Д., Әбдіғалиева Т., Балтабаева Ж. Бастауыш класс оқушыларының оқу икемділігі мен машығын қалыптастыру – Алматы, 1987.

ӘОЖ 378. 316

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Туленова Ұ.Т., Кафизова А.Т., магистр

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала жас балаларға ағылшын тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану мәселесіне арналған. Ағылшын тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану студенттердің коммуникативті қарым-қатынасын арттырады.

Түйінді сөздер: инновациялық технологиялар, коммуникативтік біліктілік, қарым-қатынас, ақпараттық байланыс, коммуникативтік оқыту технологиясы, коммуникативтік оқыту әдістемесі, оқыту.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің жаму жолына түсуі, ағылшын тілін жетік меңгеруді талап етеді.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде, осыған орай бүгінгі күні білім беру мекемелері мен ұстаздарға үлкен талап қойылуда.

Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – шынайы өмірде оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру болып табылады. Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың тарихы 1947 жылдан басталады. Содан бері қарай көптеген өзгерістер енгізілді. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым – қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлесуге мүмкіндік алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан

ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түседі. Қазіргі ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Ағылшын тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәденитаралық қарым- қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның практикалық және зияткерлік іс-әрекетінде ағылшын тілі сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту-басты мәселе. Шетел тілін меңгеруде көп қиыншылықтар кездеседі. Бұл қиыншылықтарды жеңу үшін пәнге деген ынтасын әуестігін арттыру керек.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жаңаша көзқарастардың дамуы шетел тілін оқыту, дамытуға ықпалын тигізуде. Білім алушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына, өмірде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуінде ағылшын тілін жақсы меңгеруінің маңызы үлкен. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің мектептерінің оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда. Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету,өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін жеке тұлғаның дамуына әсер етуші фактор ретінде танылып, әдістемелік-теориялық негіздерге сүйене отырып анықталды. Соның ішінде интерактивті, белсенді оқыту әдістерінің маңызды роль атқаратыны анықталды [1.] Жалпы білім беретін мектептерде ақпараттық коммуникативтік технологиялармен оқыту үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері осы бағыттағы ағылшын тілі сабақтары жүйесін негіздеп, олардың педагогикалық, психологиялық шарттарын жасау арқылы айқындалды.

-инновациялық технологиялар жүйесімен оқыту-мақсатты түрде жобаланып саналы түрде ұйымдастырылатындығы зерттеу барысында нақтыланады;

-ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытуда көрсетілетін әдістердің өзара байланыса, араласа қолданылуы зерттеуде айқын көрінеді.

Ағылшын әдіскері Г.Пальмер бұл кезең туралы былай деген екен: «Take care of the first two stages and the rest will take care of itself». Бұл кездегі бағдарламада оқыту, түсіну және шет тіліндегі мәтінді аудару білу. Ауызша сөйлеуді түсіну, ауызша мен жазбашаның негізін қалау. Бағдарламада бөлімнің екі түрін рецептивті және өнімділікті айқындайды. Алғашқы кезеңге бірінші орынға оқып-түсіну және аударма қойылады. 1961жылғы қаулыдан кейінгі өзгерістер. Бұл кезеңдегі бағдарлама бойынша бірінші орынға тәжірибелік мақсат қойылды. Ауызша сөйлеуде өз ойын айта алу және ауызша хабарлама жасауға (монолог) және ағылшын тілінде әңгіме жүргізе білуге(диалог)мән берілді. Оқуға қойылатын талап та өзгерді. Орта мектепте мынадай талаптар қойылды: ағылшын тілінде әңгімелесе білу; сөздіксіз күрделі емес мәтінді оқып-түсіну; оқи білу. Жазуға көмекші рөлі берілді. Лексиканың көлемі азайды. Бағдарламада тілді тәжірибелік білу жағына басты назар аударылды [2.]

Тіл — сыртқы дүние мен қоршаған орта туралы білім алу көзі. Пәнді оқытуда оқушылар ағылшын тіліндегі атаулармен, құбылыстармен танысады. Танысу ауызша және жазбаша түрде жүреді. Осы екі түрді меңгеру ағылшын тілін игерудің тәжірибелік мақсаты болып табылады. Яғни, оқушы ағылшын тілін ауызша және жазбаша түрде пайдалана білуі тиіс. Ағылшын тілін тыңдап түсіне білу және сөйлей білу ауызша түрге жатады. Жазбаша түрге тілдің жазбаша түрін пайдалана білу немесе жазу және ағылшын

тілінде жазылған мәтінді оқи білу жатады. Тіл қатынас құралы, ол ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Ауызша түрге: тыңдау, түсіну және сөйлеу әрекеті жатады. Жазбаша түрге: оқу және жазу әрекеті жатады. Тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру оқушының тілді ауызша да, жазбаша да жақсы меңгеруіне тікелей әсер етеді. Оқушы тілді жақсы меңгеру үшін осы төрт дағдының негізі берік қалануы керек.

Оқытудың негізгі үш түрі бар: 1-тәрбиелеу, 2-ағарту, 3-дамыту. Оқытудың тәрбиелік мақсаты. Оқушылардың көпшілігінің ағылшын тілін оқуға деген үлкен қызығушылықпен кірісуі, олардың ағылшын тілінде қалай сөйлейтінін естігісі және сөйлегісі келеді. Олар алғашқы кезде амандасып, қоштасып үйренеді, заттардың атауларын біле бастайды. Осы кезеңде қарым-қатынас екі жақты болуды талап етеді себебі, олар тыңдай білуге де, сұрай білуге де үйретілуі керек. Оқытудың ағартушылық мақсаты. Кез-келген тілдің ағартушылық қызметі зор. Әрбір тіл сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетінің тікелей көрсеткіші және сол тілде сөйлейтін ел туралы хабардар болуы; өз ойын дұрыс жеткізе алуды үйренеді. Оқытудың дамыту мақсаты. Оқу-ұйымдастыру білігі мен дағдысын қалыптастыру дамытушылық мақсаттарының негізі болып табылады. Себебі, оқушының тіл білімі деңгейін жоғарылату және сол тілде ойлауды дамыту-тіл білімін дамытудың басты міндеті. [3]

Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың ағылшын тілін инновациялық тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Еліміздегі білім беру саласында оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының жаңаруына себепші болуда. Осындай оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай бағдар деп инновациялық, технологиялық білім беру жүйесін айтуымызға болады. «Инновация», «Технология» терминдеріне жеке-жеке тоқталатын болсақ, инновация дегеніміз- жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, яғни инновациялық үрдістерді мазмұнды ұйымдастыруды анықтайды. Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде «технология» (technology) деген ұғым «оқыту» деген ұғыммен қатар қолдананылады» Технология» термині тәсілдер жүйесі деген мағынаны білдіреді. Оқыту технологиясы дегеніміз-оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген білім бірліктілігін білуі тиіс. Оқыту технологиясы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет және ағылшын тілін үйретуде қалай ескеру керек деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге шетел тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау керек екендігін көрсетті.

Ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытуда көрсетілетін әдістердің барлығы өзара байланыста, араласа қолданылады. Ақпараттық жүйемен оқытуда түсіндіру әдісі кино, диафильмдер көрсету арқылы жүзеге асады. Мәтін, елтануға байланысты, мақал мәтелдер т.б.түсіндіру осы әдіс арқылы жүзеге асады. «Мәтінді тыңдап қайтадан оқып шығу», «Диалогты тыңдап, қайтадан кейіпкерлердің соңынан қайталап отыру» сияқты тапсырмалар компьютер арқылы меңгеріледі.

Оқу материалын толықтыру, қорытындылау, қайталау, ал ең бастысы оның практикалық қолдану дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруда бұл ең тиімді әдістердің қатарына жатқызылады.

Оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай әдістердің бірі коммуникативтік оқыту технологиясы. Осы мәселе жөнінде, яғни ағылшын тілін оқытудағы коммуникативті біліктілік деңгейді Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд былай түсіндіреді: коммуникация тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттер арқылы болады. Ол алдын-ала жоспарланған, дайындалған болуы немесе жоспарланбаған болуы мүмкін. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көп көңіл бөлінеді.

Оқушылардың сабақта айтылған хабарлардың мағынасын түсінуі, олардың түпкі мақсатын танып білуі және өзінің жеке мақсатын іске асыруы өте маңызды іс. Осы біліктілік коммуниктивтік біліктілік деп аталады.

Коммуникативтік біліктілік мынадай оқу мақсаттарын қамтиды:

1. Когнитивті мағыналық мақсат, яғни оқушы коммуникативтік жағдаяттарды әңгімелесу, сөйлесу, қарым-қатынас туындайтын жағдайларды таба білуі керек. Ол өзінің іс-әрекетінің, сөйлесуінің, қарым- қатынас жасауының барысында — осы жайттарды ескеруге дағдылануы, үйренуі қажет.

2. Әлеуметтік мақсат, оны жүзеге асыру кезінде оқушы өзін өзі қалай ұстайтынын біле отырып, өз іс-әрекетіне жауап бере алады. Алға қойған мақсатына басқалармен бірге жетуге ұмтылады, сондай-ақ қарым-қатынас жасайтын әріптесімен жеке тұлға ретінде тең жағдайда болуға тырысады.

3. Лингвистикалық біліктілік мақсат. Бұл мақсатқа сәйкес оқушы ойларын, іс-әрекетін сөйлеп жеткізе алуға ынталы болады.

Бұл үш компонент бөлек-бөлек емес, керісінше өзара тығыз байланыста болады деп пайымдайды Г.Нойнер. Осы аталған коммуникативтік біліктілікке қалай қол жеткізу жолын іздестіруші әдіскерлердің бірі Е.И.Пассовтың пікірінше шетел тілін оқытуда мына жайттарды ескергенде коммуникативтілікке ие болатынын байқаймыз: 1-коммуникативтік сипаттағы оқыту тәсілдерін пайдалану;

2-арнайы жаттығулар жасау;

3-бүкіл оқу процесін мақсатты түрде ұйымдастыру.

Коммуникативтік әдістің жаңалығы неде, ол оқыту ісін қалай ұйымдастырады оның ерекшеліктері мынада:

1. Коммуникативтілік оқу процесіндегі білік, дағдыны жетілдіруге бағытталады. Ағылшын тілінде үнемі сөйлеу оқушылардың тілді білмеймін деген ойдан арылтып оқуға деген қызығушылығын арттырады. Ол үшін барлық жаттығулар сөйлеуге жетелейтін мақсатта болуы керек.

2. Коммуникативтік бағытта оқыту оқушының жеке бас ерекшелігін ескеруді көздейді, яғни баланың бойындағы барлық жеке қасиеттері ескерілуі керек. Бұл оның белсенділігін арттырып, оқуға ұмтылу үшін ең басты құралы болып саналады.

3. Коммуникативтілік функционалдықпен де байланысты, себебі кез келген сөз коммуникация процесінде белгілі бір қызмет атқарады. Оқушы тілді үйрене бастағаннан бастап сөздерді іс жүзінде сөйлеу барысында қолданып жаттықпаса, кейін оларды есіне түсіре алмай, дұрыс пайдалана алмайды.

4. Коммуникативтілік, коммуникативті бағытта оқыту әдісі оқытудың ситуативті болуын талап етеді. Өйткені, ситуативтілік сөйлеу дағдысының табиғи қасиеті болып есептеледі. Ситуативтілік сөйлеуге ынталандырудың бір түрі ретінде, сөйлеу біліктілігін жетілдіретін әдіс ретінде әрі белгілі бір мақсатқа, нәтижеге жету жолы екендігі бұрыннан әдіскер ғалымдардың көптеген еңбектерінде қаралып келеді.

Коммуникативтік оқыту технологиясы дегеніміз пікір алысуға негізделген әдістеме. Ал, адамдар тілді сөйлем түрінде қолданғанда ғана бірін-бірі түсініп, пікірлесе алады. Оқушыларды белгілі бір дәрежеде ағылшын тілінде сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу үшін, ағылшын тілі алғашқы сабақтан бастап сөйлем түрінде үйретілуі тиіс. Себебі, жеке атау тұлғалы сөздер де, грамматикалық формалар да өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана тұтас аяқталған ойды білдіре алады. Коммуникативтік әдіс мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзады.

Коммуникативтік біліктілікке қалай қол жеткізу жолын іздестіруші әдіскерлердің бірі Е.И.Пассов оқытудың коммуникативтік әдісінің негізгі белгілері деп мыналарды атап көрсетті:

1. Әдістің дифференциалдығы әр әдіс нақты бір мақсатқа жету құралы екендігінде көрінеді. Бұндай мақсат сөйлеу әрекетінің әрбір түрі, нақтылап айтқан осы әрекет түрін жасай білу.

2. Әдістің оқыту жағдайына байланысты еместігі. Әдіс оқытудың тактикасы емес стратегиясын анықтайды және сол себептен осы таңдауды тілге, оқыту сатысына байланысты.

3. Коммуникативтік әдістің мүмкіншілігі сөйлеу әрекетінің берілген түрін жан-жақты қамтиды.

4. Әдісте негізгі өзек бар болғандығы немесе М.В.Ляковскийдің сөздерін пайдалансақ басты әдістемелік мәселенің шешуінің басымды ойы о бастағы әдістемелік мәселені шешу қызметінің бір-біріне байланысты болуын шарт етеді. Бұл негізгі ой әдіске кіретін кіретін принциптерді қарастырады, оларды интегралдайды.

Осының негізінде Е.И.Пассов бұл өзара жағдай жасаған жеке әдістемелік принциптер жүйесі, бір стратегиялық оймен біріккен, сөйлеу әрекетінің қандай түрін болса да үйретуге бағытталған әдіс деп анықтайды.[4].

Коммуникативтіліктің қандай жағдайда нәтижелі болатынына мұғалімнің тигізер ықпалы зор және оқыту барысындағы білім сапасына да мұғалімнің үнемі көңіл бөліп отыруы аса маңызды.

Сондықтан, ағылшын тілдерін оқытуда коммуникативтік оқыту әдістемесін қолдану - оқушылардың сөздерді грамматикалық тұрғыдан бір-бірімен дұрыс байланыстырып, еркін сөйлей білуіне мүмкіндік береді, бұл әдістемені жиі қолдану өз нәтижесін береді.

Тілді оқытудағы ең басты мақсат- оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Шет тілін оқытудағы әдістеме» З.Н.Утегулова. 2009 ж. №3 24-26 бет
2. «Мектептегі шет тілі » 2011 ж. №52 14-17 бет
3. «Шет тілін оқыту әдістемесі» Амандықова Г.Н. Мұхтарова Ш.Е. Баймұқанова Б.С 35-37 бет
4. Мектептегі шет тілі №2 2011 ж. «Ағылшын тілі сабағында білім сапасын арттыруда жаңа технологиялық әдістерді тиімді пайдалану» 11-19-бб.

ӘОЖ 82 –3'894. 342

СУРЕТКЕРДІҢ КЕЙІПКЕР ПСИХОЛОГИЯСЫН БЕРУ ШЕБЕРЛІГІ

Берекетова Ф.С., магистрант

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Жазушы Дулат Исабековтің қаламгерлік шеберлігі, шығармаларында кейіпкер психологиясын, заман келбетін, кезең көрінісін шынайы шебер берудегі көркемдік амал-тәсілдер диалог, ішкі диалог, полилог, монолог т.б. қолданудағы суреткерлік қолтаңбасы сөз болады.

Түйінді сөздер: суреткер, көркемдік амал-тәсілдер, диалог, монолог, полилог, бейнелеу тәсілдері, психологиялық тартыс, кейіпкер әлемі, образ, идея, сюжет, композиция.

XX ғасырдың бастапқы кезеңінде көркем сөз зергерлерінің алдында ұлы өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық жаңалықтардың Адамның жан дүниесіне тигізген әсерін бейнелеу үшін көркемдік тың ізденістер жасау міндеті тұрды. Мұндай соны ізденістер өмірлік шындықты шынайы тұрғыдан бейнелеуде әдебиеттің өзге көркемдік компоненттерімен қоса диалог, монолог қызметінің күрделенуімен де көрінетіндігі анық. Демек, қоғам тұтқасы болып саналатын адам баласының шын болмысы өзара қарым-қатынас пен тілдесу, ішкі ой түйсігін шығарма құрылымында беру үстінде кеңінен ашыла түсетіндігі де дау тудырмаса керек.

Әдебиеттің көркемдік компоненттерінің бірі – диалогтің, монологтің кейіпкер характерін ашу, автордың ұстанымын таныту мақсатындағы қызметіне дейін ұзақ даму жолынан өткені белгілі. Осы орайда, А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде шығарма мазмұнында «сөйлеу мен сөйлестіру» (диалог), «ішкі ой түйсік» (монолог) аралас келетіндігін көрсетеді [1].

Көркемдік амалдар диалог, монологтің адам мінезін ашудағы қызметі мен жазушының шеберлігін көрсететін көркемдік негіз ретіндегі мәні жайында академик З. Қабдолов: «Мінездеу, жанама мінездеу, адамға тән сүйініш, күйініш сезімдерді суреттеу, адамның өз сөзін (монолог) немесе өзгемен сөйлесуін (диалог) келтіру, осылардың бәрі жеке жеке тұрған, біріне-бірінің қосылшаңы жоқ жеке мақсатты (самоцель) нәрселер емес. Керісінше, бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі туып, біріне-бірі жалғасып жатқан дүниелер. Мұндай бірліксіз бұлар адам мінезін де, тұлғасын да жасай алмаған болар еді», – деп тұжырымдайды [2,56].

Диалог пен монологтің кейіпкерлер мінезін даралау, тақырыпты тану, сюжетті дамыту т.б. көркемдік қызметі бір күннің жемісі емес. Оның даму жолы әдебиеттің өсіп, өркендеп, кемелдену жолымен сабақтас. Мәселен, Б.Майтанов диалог табиғаты турасында: «Диалогке ерекше маңыз беру, диалогті шеберлік әдіс ретінде түсіну әдебиеттің толыса марқайған шағында пайда болды. Осы тұрғыдан алғанда, диалог – уақыт жемісі, ізденіс перзенті», – деп пайымдайды [3,34].

Әдебиеттану ғылымы ерте қалыптасқан елдер тәжірибесінде зер салсақ, диалог пен монологтің шығу төркіні, оның өзге көркемдік компоненттермен арақатысы, әрбір қаламгердің диалогтік, монологтік қолданыстардың ерекшеліктері жөніндегі еңбектер, А.Н. Веселовский, В.В. Виноградов, М.М. Бахтин, А.И. Белецкий, Л.О. Гинзбург, т.б. ғалымдардың еңбектерінде бірқатар ғылыми ой-түйіндер жинақталса, қазақ әдебиетінде көркем прозаның даму тарихын зерттеген ғалымдар Б.Кенжебаев, Е.Ысмайлов, Т.Нұртазин, С.Қирабаев, М.Қаратаев, З.Ахметов, Т.Кәкішев, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғали, Б.Майтанов, А.Исмақова, т.б. еңбектері мен маңызды мақалаларында көркем шығармадағы диалогтің қолданылуы, монолог табиғаты жайлы ой-пікірлер кездеседі.

Әдебиет сүйер жұртшылыққа Д.Исабеков шығармаларының тақырыптық ауқымы, әсіресе, олардағы кейіпкерлер табиғаты, бітім-болмысы, қаламгер шығармаларындағы кезең суреттері мен замана шындығы, оның тамаша халықтық суреткерлік тілі т.б. әңгіме арқауына көбірек ілікті. Кейіпкер болмысын сомдау, оның ішкі жан дүниесін табиғи, шынайы бейнелеу, айнала табиғатпен, жыл мезгілдерімен аастастыра бедерлеу, сол арқылы адам өмірі мен қоғам өмірін терең сабақтастықта ашып көрсете алу сияқты қаламгер қаламы ең алдымен қарапайым адамдар тағдырын қаузап, солардың тіршілік-тынысынан сыр шертті.

Жазушы шығармаларында өмір ағысы, тыныс-тіршілік жұмыр басты пенденің мынау жалған дүниедегі ғұмыры тақтайдай тегіс өтпейтіндігін, керек болса адамзаттың тарихи белестерінде тағдырлы ғұмыр кешкен, мындаған, миллиондаған адамдардың өміріне әсер еткен, ықпал жасаған ірі тұлғалар бейнесі де өмірдің өзіндей шынайы сомдалды.

Психологизмнің күрделі табиғатын танытуда да әр жазушы өзінше ізденіс жасайды. Адамның мінез қырларын, белгілі бір сәттегі сезім күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеуде диалогтің, монологтің ерекше тәсілдерін қаламгерлер өз

мақсаттарына қарай түрлі жағдайларда сәтті пайдаланады. Міне, белгілі қаламгер Д. Исабековтің характер ашуда тиімді пайдаланар тәсілінің бірі – диалог. Мәселен, «Гауһар тас» повесіндегі Ыбыш пен Салтанаттың характерлері өзара тілдесу кезінде, яғни диалог үстінде анық көрінеді. Ол «Гауһар таста» характер қарама-қайшылығын диалогпен ұтымды ашады.

«Ол жүгіріп келіп сыртқа көз тастады. Қарды көрген бетте есік алдында тұрған мені итеріп тастап, үйде киіп жүрген кебісімен далаға жүгіре шықты.

– Қандай тамаша, қандай ғажап! Міне, бері қара.

– Салтанат ұлпа қардан уыстап алды да, шалқалап тұрып аузына салып жіберді.

– Өй, есерсоқ, – деді бағаналы бері оған «жынды ма, сау ма» деген кісіше үнсіз қарап тұрған Ыбыш» [4, 135]. Жазушының шеберлігі сондай, ол таза диалогтен ішкі диалогке тез ауыса алады. Мұндағы Ыбыштың «жынды ма, сау ма» деген ішкі ойынан-ақ Салтанатқа деген көңілінің күмәнді екенінен хабар береді.

Әңгіме жанрының табиғаты күрделі екені белгілі. Өйткені шағын жанрда адамның дара тұлғасымен бірге әлеуметтік топ қоғамдық орта да көрініс табады. Осы тұрғыда, Д. Исабеков әңгімелерінде сан түрлі әлеуметтік орталар көрініс тауып, образдар мен мінездер сипаты ашылады.

«Қар жегені несі ол. Ауырып өлесің, кір үйге.

– Іііі, өлмеймін, – деді ол уысындағы қалған қарды тағы асап. – Ал сен ойын білесің бе?

– Неғыл дейді?

– Ойын білесің бе деймін.

– Не айтып тұр мынау, ойыны несі ол?

– Кәдімгі ойын. Міне, мынадай, Салтанат ұлпа қардан уыстап, оны сығымдап, сығымдап алды да, Ыбышқа қарай лақтырып жіберді. Ыбыш ауыр денесін тез игеріп еңкейемін дегенше сығымдалған қар оның малақайын ұшырып түсірді [4, 137]. Автор кейіпкердің іс-әрекетіне еркіндік береді және оны өзі қатаң бақылап отырады. Оның қырағылығы сонда, ол – кейіпкерінің ішкі-сыртқы жан дүниесінде болып жатқан психологиялық құбылыстарды дәл, тап басып бере біледі. Жазушы әңгімелерінде кейіпкердің бір сәттік мінез қырларын, психологиялық күйініш-сүйінішті тұстарын диалогті тәсілдермен өте шебер кестелейді.

«Гауһар тас» повесінен келтірілген осы үзіндіде Салтанаттың жаны мен кіршіксіз ақ ұлпа қар, табиғаттың тамаша көрінісі адам жанымен астасып жатыр. Ебедейсіз Ыбыш пен талдырмаш денелі Салтанат арасындағы мінез қайшылықтарынан хатардар етеді.

Көркем шығармада адам әйтеуір сөйлеуге тиіс болғандықтан сөйлемейді керек. Әр сөз жасанды емес, табиғи түрде айтылып, таңдап алынып отырған кейіпкердің мінезін танытып, образын аша түсіп, оны даралап жатуы керек. Сонда ғана диалог көркем шығармада өз рөлін ойнай алады.

Жазушының «Гауһар тас» шығармасында кейіпкерлердің диалогінен кейін автор баяндауға кезек беріп, оқиғаға енетін келесі образымен алдын ала таныстырып отырады. Мәселен:

«Ыбыш ұзаған соң Салтанат соңынан қарды шұбалтып ішке кірді. «Уув, ищай» деп мұздай дымқыл алақанын мойнына басқанда денем ду етіп ыршып кеттім. Ол темір пеш жанына барып ішіне қар толған кебісін шешті де, жып-жылы жұмсақ бөстектің үстіне тұра қалды.

Ұйбай, қарағым-ау, бала боп кеттің бе, желең шығып қар кешкенің қалай? Ауруға шалдығып қаласың ғой. Міне, мұнда кеп отыр, – деп апам пеш алдындағы орнын Салтанатқа берді» [4, 137].

Міне осы жолдардан ене мен келін арасындағы аналық түсіністік айқын аңғарылады. Адамдар арасындағы түрлі қақтығыстар мен ситуациялар барысында бірнеше кейіпкерлердің мінездері тоғысып, өзіндік оқшау мінез сипаттарымен даралана түседі. Адам бойындағы ар тазалығы, шынайы сезім тұнықтығы, адам жанындағы

тереңдік пен кеңдік, азаматтық ой-өріс биіктігі, адамгершілік ұстанымдарға адалдық, оны жан-тәнімен қорғай білушілік, жақсылыққа, ізгілікке, игі іске құлшыныс, философиялық толғам ауқымдылығы, парасатты мінез, салауатты салмақтылық, қоғамдағы, табиғаттағы, адам өміріндегі дұрыс-бұрыс құбылыстарға диалектикалық тұрғыдан ой жүгірту, байсалды баға беру – Д.Исабеков шығармаларындағы кейіпкерлердің таным-табиғатына сай келіп отырады.

Жазушының «Тіршілік», «Сүйекші» повестерінде де кейіпкер табиғатын ашуда, заман талабын нақты, нанымды суреттермен беруде де көркемдік амал-тәсілдерді барынша ұтымды қолданады. Негізінен мұнда табиғаты, мінез-болмысы бір-біріне жақын адамдар тағдыр-талайы суреттеледі. Осы орайда Б. Нұржекеев қаламгер шығармашылығы жайында: «Д. Исабеков адамдар арасындағы психологиялық тартыстар мен мінез-құлық ерекшеліктерін, мәдени және білімі деңгейлерін сұрыптап, даралап көрсететін оларды оқыған бетте-ақ бірден тани кететін, орынсыз оқиға қуып кетпейтін, не нанымсыз бірде-бір сөз айтылмайтын, әрі шымыр, әрі жандүниенді от пен суға кезек-кезек салатын, шын мәнінде сүйсінтер шығармалар жазған» [5, 45] – деп өз замандасының творчествосына жоғары баға береді.

Мәселен, жазушының «Сүйекші» повесі авторлық баяндаудан басталады:

«Өмірге іңгәлай келген Тұңғыш ата-ана мейірімінен гөрі жұрттың көз түрткі, тепкісін көп көрді, өмірде жолы болмады. Бұл адам жанының тоналуы, рухани мешеуленуі еді. Ақыры тіршілік үшін жасалар саналы әрекеттен айырылып, жел қуған қаңбақтай хал кешеді». Жазушы Тұңғыштың табиғатын екі-ақ сөйлеммен анық көрсетіп отыр. Шығарма желісінде кейіпкер көбінесе өзімен өзі болады, өзінің жандүниесімен сырласады. Ой, ішкі ой – жалғыздың таптырмас серігі. Кейіпкер өз ойымен өзі, өзімен – өзі сөйлесуге ғана шешім қабылдайды, оны тек өзі шешеді. Жазушы кейіпкер тіршілігін қадір-қасиетін, үміт-ынтасына, іс-әрекетіне қарай оқиға бойында бейнелейді. Ол өмірдің бұралау жолындағы адам психологиясын, толқуын, тебіренісін сананың үздіксіз күресін, сезім күйін нәзік шеберлікпен суреттейді. Кейіпкердің аузына сөз сала отырып, образ табиғатын, олардың ой-толғаныстары мен құпия сырларын ашу мақсатында ішкі монологқа жүгінеді. Шығарма құрылымындағы монологтің қызметі адамның өзімен өзінің пікірлесуімен, ішкі ойымен шектелмей, келесі оқиғаларға жетелейді. Әлем әдебиетіндегі алдыңғы қатарда жүрген монолог, ішкі монолог, ой ағысы сияқты көркемдік тәсілдер енді біздің ұлттық әдебиетімізде де көрініп, көркемдік ойлау жүйесін кеңейтті.

Д.Исабековтің кейіпкерлері шетінен дәрменсіз, шетінен бейшара. Күрескерлік жігерлік рух жоқ, оның орнына өшуге айналған шырақтың әлсіз жарығындай әсер етеді. Уақыт ағымын жіті барлай алмаған шалдың күлкілі халі, әрекеті мен сөздері мұнды тұрмысты көріп отырған оқушыны сергітіп алады. Автор екі қарттың бір-біріне сай тірлігін, болмысын ұтымды детальдармен сәтті бере білген. Мысалы, бірде ауыл-ауылды жан таппай кезіп жүріп қолы жеткен көкнәрін ептеп езіп ішіп алған Киеванның рахатты кәйпін кемпірі абайсызда бұзып алады. «Былтыр да дәл осылай кәйіпін бұзып еді. Онда қолына оңтайлылау, ауырлау нәрсе түсе қоймай шалы керзі етікпен ұрған. Төрт рет жауырынынан соққан. Иманды болғыр қанша ашу қысса да бастан ұрмайды, әйтеуір. Бұл жолы Киеван үш дүркін оқтау сілтеді. «Төрт рет ұрушы еді ғой, – деді іштей кемпірі бетін тыржита. – Неғып үш рет боп қалды?» деп ойын аяқтаймын дегенше оқтау тағы тарс ете түсті.

Жазушының шеберлігі сондай, оқиғаны бірінші өз сөзімен баяндап, кейіпкерлерімен, олардың мінез-құлық, болмыстарымен таныстырп алады да, кейіп тартысты сәтті суреттеу кезінде ішкі монологке кезек береді. Кемпірдің «Төрт рет ұрушы еді ғой» деген сөзінің өзі оқиғаны одан әрі жалғастыруына себеп болып отырса, екінші жағынан кемпір тарапынан таңданысты да туғызып отырғаны көрінеді. Суреткердің кейіпкер болмысындағы кез-келген оқырманға белгісіз ішкі тебіренісін, драмалық сәтін берудегі қолданған әдеби тәсілдері көбіне ішкі монолог, ой арпалысы мен ой ағысы, іштегі қобалжуын сыртқа шығара алмаған мазасыз мезеттегі жағдай (ситуация) көзқарас,

кимыл-әрекет, портрет, мимика (ымдау), жест (ишара), пауза, т.б. болып келеді. Кейіпкер сөзі – жазушының жеке дара баяндау стилінің ерекшелігін ғана айқындап қоймай, ол кейіпкердің мінез-құлық, қырларын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік амал. Сондай-ақ, жазушы көркемдік құралдарды табиғи түрде өзара тұтастыра алғанда шығармадағы адам образын, оның адамгершілік тәрбиелілік мәнін (ішкі әлемін) терең ашып көрсете алады. Сондай-ақ, Қаламгер адам бойындағы ішкі сенімге барынша назар аударып, оқиға барысында сол сенімнің беки түсуіне көңіл бөледі. Ол монолог ішкі түйсік арқылы кейіпкерлерінің бір-біріне, өмірге деген көзқарастарының сырларын ашып отырады. Жазушы қай шығармасында да бірден оқиға шешуін дайын күйінде оқырманға ұсынбай, сол шешімге кейіпкердің іс-әрекеті арқылы оқушыны саналы түрде жетелеп әкеледі. Адамның ішкі ойы мен қам-қарекетінің бір-бірін толықтырып отыруына әрдайым көңіл бөлуді естен шығармайды.

Жалпы, Д.Исабеков шығармаларының қай-қайсысын алсақ та «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» кейіпкерлерді тым аз кездестіреміз. Оның «Сүйекші», «Тіршілік» повестерінде өмірлері қара күшке, әлеуметтік жағдайға тәуелділікпен өткен адамдардың тағдырлары суреттеледі. Жазушының «Тіршілік» атты кітабына енген шығармаларының негізгі пафосы – трагизм», – деп өте орынды атап көрсетті сыншы-ғалым Р.Нұрғалиев.

Жалпы қазақы ауылда туып-өскен, өмірлік дүниетанымы мен көзқарасы ауылда қалыптасқан жазушының ауыл өмірін, ондағы қалыптасқан тұрмыс-тіршілікті суреттеуі және оларды өздері өмір сүріп отырған заман шындығымен астастыра бейнелеуі заңдылық дей тұрсақ та, өз заманына сын көзбен қарай отырып көркем шығарма жазу және сол шығармасы арқылы көркемдік көшінен қалмай ілесіп отыру кез-келгеннің қолынан келе берер шаруа емес.

Қайта құру деп аталатын кезеңнің қиын-қыстау сәтінде туған автордың «Социализм зәулімі», «Ескерткіш», «Бонапарттың үйленуі», «Ай-Петри ақиқаты», «Конфронтация», «Талахан-186», «Жүз жылдық арман» секілді әңгімелері бір тақырыптың аясында, яғни ХХ ғасырдың 70-80 жылдарындағы қазақ елінің хал-күйін бейнелеу тақырыбының аясына шоғырланады. Бұл әңгімелерде тоқырауға ұрынған қоғамның бар кеселін жайып салып, сонымен қатар өз халқының берекесіз мінез-құлқын еппен көрсетуге тырысқан. Көркем шығармадағы шындық та, көркемдік те, шеберлік те осы тұста.

Автордың «Социализм зәулімі» атты әңгімесінің көтерер жүгі зіл батпан. Әңгімеде ешқандай халық қамқорлық көрмеген көп ұлттылық мәселесі сөз етіледі. Орталықтан «Қала мен ауылдың арасындағы айырмашылықты жою керек» деген қаулының шығуы мұң екен Қазақстанның бір түпкіріндегі «Коммунизм» колхозының «Социализм» бөлімшесінде бұл қаулыны жүзеге асыру жедел қолға алынады. Бұл бөлімшенің мүшелері қала мен ауыл арасындағы басты айырмашылық – көп қабатты үйлерге байланысты деген қорытындыға келеді.

Сайып келгенде, бөлімшеде бес қабатты үй салу және оның ұлттық құрамын қатаң сақтау үшін жан-жақтан келімсектерді шақыра бастайды. Сонымен бас-аяғы бір аптаның ішінде бөлімше келімсектерден аяқ алып жүре алмай қалады. Үй салуға керекті жүз елу ұлттың құрамын түгіндеуге ынты-шынтысымен кіріскен бөлімше прорабы Сепентай қас қарайып, көз байланғанша жүз он екі ұлтты жұмысқа қабылдап бөлімше меңгерушісі Пашатқа енді сегізін қайдан табамыз? – деп сауал тастайды. Оған мына төмендегі диалогтер дәлел бола алады:

- Күрд бар ғой?
- Бар.
- Ноғай бар ғой?
- Бар.
- Қытай ше?
- Ол да.
- Шүршіт ше?

– Шүршіт? Ол... ол жоқ. Ол қандай ұлт?» [4, 200].

Диалог кейіпкер образын ашып, авторлық идеяны көрсеткенде ғана табиғилығын танытады.

Қаламгер адамның жан дүниесіндегі түрлі жағдайлар арқылы болып жатқан тосын өзгерістерді әрдайым жетілдіре, өрістете бейнелеп, дүниетаным эволюциясына табиғи көркемдік жолмен келеді. Оның мақсаты – ел-тіршілігі мен өмір-тұрмысын, кезең сипаттарын көркем де шынайы суреттеуі ел тілегімен үндесіп жатыр. Осы тұста ғалым З. Серікқалиев: «... адам бір қалыпты сөйлеп, бір қалыпты әрекет ете бермейді, өзін қоршаған ортадағы өзге мінездермен, іс-амалдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ол сан құбылып, өзгеріп отырады хақ. Солар арқылы кейіпкердің жаңа характерлік сипаттары ашылып, образы толыға, жан сапасы қордалана түспек», – деп пайымдайды [6, 107].

Жалпы, қаламгер өз кейіпкерлерін әспеттеп, мадақтап, елден оқшаулай көрсетіп, көкке көтере бейнелемейді. Суреткер кейіпкерінің беймәлім орта жайлы ішкі ойын, сана ағымына сыртқы ортаның әсерін, оны қабылдауын адамның болмысына сай ой қорытуы арқылы жеткізеді.

«Социализм зәулімі» әңгімесіндегі бөлімшені жазушы бір кездері интернационализмге лаборатория болған Қазақстанның шағын макеті ретінде сипаттай отырып, шебер шендестірулер жасайды. Мына диалогтерден көруге болады:

«Сепентай дәлізде селдіреп қалған жұртқа қарап:

– Араларыңда шүршіт бар ма? – деді.

– Жоқ.

– Пүшту бар ма?

– Жоқ. Олар Ауғанстанда тұрады.

– Қап, бір шүршіт пен бір пүшту керек еді... Ал сендер кім боласыңдар?

– Кім болушы ек, қазақтармыз.

– Бізге қазақтардың керегі жоқ, қайта беріңдер.

– Ойбай-ау қазақ қалаған там құлап қалады дейсіңдер ме?

Қайда барсақ та қазақтардан қажетті адамдарды алып қойдық дейді, енді біз қайда барып күн көреміз?». [4, 205]. Диалогте кейіпкердің сыртқы қимыл, іс-әрекеті мен ішкі дүниетаным деңгейінің қатар берілуі жазушы шығармаларының өзгеден ерекше көрінер тұсы болып табылады.

Әңгімеде «Қайда барып күн көреміз?» Заңды сұрақ. Жазушының уайымын енді ұққандаймыз, қазақ бола тұра, қазақша сөйлей тұра, өз бауырын өзекке тептірген қандай күш екенін юмор мен кекесінге жеңдіре отырып жеткізген шап-шағын әңгіменің астарында қазақы өрлігімізбен қатар қазақы еліккіштігіміздің өзімізге сор боп жабысқандығын, Кеңестік үкіметтің демографиялық қойыртпақ жасап, «интернационализм», «халықтар достығы» деп емексіткен бетперде саясатын жұлып алып төнген қауіпті көрсетуге тырысқан. Жазушы бұл шығармасында да бірін-бірі қайталамайтын дара кейіпкерлер жасаған. Олар өзіндік бір өзгешелік, мінез жаратылысымен аз сөз, бірер детальмен ашылып, жеке тұлғалық деңгейге көтеріледі.

Көркем шығарма – өмірдің құр ғана сыртқы бейнесі емес, суретті сөз арқылы берілген ішкі мазмұны. диалогтерінің қай-қайсысы да сан алуан қаһармандардың мінездік тұрпатын, сөйлеу ерекшеліктерін көп ретте психологиялық жағдайлармен терең байланыста көрсете алады.

Д.Исабеков әңгімелерінде диалогтік кіріспе көлемі де әр түрлі болып келеді. Авторлық кіріспе диалогтегі ойдың жалғасы іспетті. Мұнда диалогтегі жағдай кеңінен ашылады. Кейде ол – мән-жайды қысқаша баяндап, бірді-екілі сөйлемнен тұрса, кейде көп сөйлемдерден құралып кеңінен суреттеме береді. Қалай болғанда да диалогтік кіріспе көлемі шектеулі. Ол сонысымен де авторлық баяндаудан ажыратылып тұрады. Жазушы бұл шығармада да жинақы, шымыр, суретті тілмен төгілтіп жазу тәсілін шыңдай түскен. Сонымен қатар, диалог құрылымында көп жағдайда кейіпкерлердің сезіміне, ой-санасына,

сөзіне қатысты немесе содан туындайтын жайттар да баяндалып кетеді. Автор тарапынан болатын бұл баяндау диалогтегі ойдың, әңгіменің мазмұнына қатысты болады. Жазушының диалог құрудағы бір шеберлігі осында. Сонымен қатар, Кейіпкер сезім күйінің құбылысындағы көпқырлылық, уақиғаның өсу, өрбу, қайту қайраңына қарай көркем шығармада бүгінгі адамның жан дүниесін ашуда баяндау формасының өріліп берілу сипаты, жаңа мүмкіндігі жайында тоқталғанда да жүйе-жүйе пікірін автордың дәуір шындығына орай түсіндіруге тырысқан талабы біздің бүгінгі әдебиеттік ой-пікіріміздің диапазоны жайында талай сырды аңғартты. Адамның сезім-күйін, ой толғанысын, күйініш-сүйінішін барлық қайшылығымен асқан шеберлікпен шынайы әрі дәл де танымды нақышпен бейнелейтін психологиялық туындының ерекшелігі жанрлық талап пен автордың кәсіби шеберлігінде жатыр.

Жазушылық – өзіне жайлы болу емес, өзіне керек болу емес, жазушылық – қоғамына жайсыз болу, халқына жайлы болу, өзі қорлық көру, халқына шындықты сезіндіру, халқына керек болу, халыққа керек болсам деген арман – жазушылық! Оның әңгіме-повестеріндегі кейіпкерлердің қайсысы да жеке характер ретінде ашылады.

Өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің өсу, өркендеу жолына көз салар болсақ оның қазіргідей шырқау биікке шығуына небір ғажап таланттар ат салысқанын көреміз. Әрқайсысы өзінің шама-шарқынша ұлттық әдебиетіміздің көп қырлы, көп сырлы, кемпірқосақтай алуан түрлі әсем бояулы болуына барынша үлес қосыпты. Бұл ғасырда халқымыз басынан кешкен әрбір кезең хатталып көркем әдебиеттің бетіне түсіп балталасаң өшпейтін елдік шежіре жасалған. Нағыз ерек таланттар қаламынан туған шығармалар өз халқымыздың ғана емес, әлем халықтарының да рухани сусынын қандыра баршаға ортақ асыл қазынаға айналған.

Дулат Исабеков – қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен, шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп, көз алдына жайып салатын, кейіпкерлерді даралау мен психологиялық бейнелеудің де өзгеше бір жолын тапқан талантты жазушыларымыздың бірі. Жастайынан өмір талқысын көп көрген адамның өмірбаяндық деректері оның шығармаларына арқау болды.

Қорыта айтқанда, автор әңгіме, повестерінде заман келбетін, кезең суреттерін беруде, өзі таңдап алған кейіпкерін әр алуан көріністерде әр қырынан көрсетіп, кейіпкерінің бар болмысын суреттеуде көркемдік тәсілдерді шебер қолданғанына көз жеткізуге болады. Мәселен:

- Жазушы адамдар арасындағы адамгершілік, моральдық мәселелерді жан-жақты бейнелеуде тосын орта, тосын оқиға іздеп әуре болмайды, күнделікті өмірде болып жатқан жайттарға терең үңілу нәтижесінде заман, адам, оның тіршілігі жайлы философиялық түйін жасайды, кейіпкерлерін сөйлетеді. Олар өздерінше ой түйеді. Кейіпкерлерінің ішкі ойы, монологтері арқылы, өзара диалогтасу диалог, көп дауысты полилогтері келесі оқиғаларға жол ашылады;

- адам бойындағы ізгілік пен зұлымдықтың шайқасын, адамның іштей екіге жарылуын таразылайтын полилог, диалог пен монологті Д.Исабеков басты көркемдік компонент етіп пайдаланған;

- кейіпкердің іштей сөйлеуі арқылы автор белгілі бір оқиғаны, іс-әрекетті бір-бірімен байланыста өрбітіп, айтылар ойды дамытады;

- көркемдік тәсілдер негізінде кейіпкерлердің көңіл-күйі мен ішкі жан дүниесі, толғанысы, тебіренісі баяндалады, ішкі монолог пен авторлық баяндауда кейіпкердің қалыптасқан жағдайға байланысты көзқарасы беріледі;

- кейіпкердің монологтік сөзі арқылы келесі бір адам туралы хабарланып, сипатталады.

Міне, қаламгер Дулат Исабековтың шағын жанрдағы әңгіме, повестерін сөз еткенде кейіпкер психологиясын берудегі суреткерлік шеберлігін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2000. – 406 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 350 б.
3. Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Жазушы, 1993.
4. Нұржекеұлы Б. Дулаттың ой азабы // Жас алаш, №125, 19 қазан, 2002. – 207 б.
5. Серікқалиев З. Мінез қыры. – Алматы: Жазушы, 1987. – 225 б.

ӘОЖ 821.512.122:908(045)

ҚАСИЕТ ДАРЫҒАН ӘУЛИЕ МЫҢКІСІ АТА

Арыстанбай Г., студент

Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мыңкісі ата халқына «он саусағы дәрі болған», өз заманының зайырлы заңғар тұлғасы. Жобаның негізгі мақсаты ата әруағын дәріптеу. 362 әулиелі Маңғыстаудың әулиелерінің бірі – Мыңкісі атаны таныстыру. Бұл әулие жөнінде деректер аса көп емес. Зерттеудің өзектілігі де осында. Мыңкісі әулие қорымы XVIII-XIX ғасырларға жататын мемлекет қорғауындағы ескерткіш. Алайда, мұнда зерттеуді әлі қажет ететін сандық тастар жетерлік. Жобадағы жаңалығым – Мыңкісі атаны палуандық қырынан таныту. Уақыт мүжіп, жоқ етуге тырысқан кесенелер ата қорымында өте көп.

Түйінді сөздер: Мыңкісі ата, Бекет ата, Байсал би, әулие, палуан.

Адайда Мыңкісіні кім білмейді,
Өр даңқы күй – аңыз боп күмбірлейді.

Киелі, қасиетті ұрпақтар

Сырт көзге «тылсым - сыр» боп білдірмейді.

Сөздің басын қазақтан бастамасақ, Адай қазақтардың ішіндегі арлы да, адуынды тайпа болған ғой. Ал сол Адайдың ішінде Бөкенді «Әруақ қонған ауыл» деп атайды. Мұның да өзіндік себебі бар.

Жалпы, Адайға, оның жол білетін жандарына белгілі жайды қайталай кеткен артық болмас. Мырзаболаттың кенжесі Байсал елуден асқанша, әйелі Қарашаш 48-ге келгенше балалы болмайды. Содан Байсал, бір жағынан әйелі де қоймай, «Оғыландыда» мешіт салып жатқан замандасы Бекет атаға барады. Көпшен бірге жұмыс істей береді. Жұмыс тік жар бетінен ақ тасты шауып, болашақ мешіт құрылысын салу. Басқалар біраз жұмыс жасағасын ауылдарына қайтып кетіп жатқанда, ол шаршап – шалдықпастан жұмыс жасй береді. Оның ерен қайратына таң қалмаған адам болмайды. Байсалдың бұл қимылы мен ерекше ынта-ықыласы Бекеттің де назарына жүреді.

Бір күні Бекет Байсалға: «Ал, Байсал, көп іс тындырдың, қайратында шек жоқ екен. Жасаған қызметіңнің қарымы тек бір Алладан қайтсын» - деп, өз ризашылығын білдіреді. Байсал бір сөз айтқысы келіп біраз кібіртіктейді, мұны сезген қасиет иесі: «не айтқын келеді. Байсал? Іркілме, айт, айт» - дейді. Бекеттің өзі шұқшия сұрағасын, Байсал үйіндегі әйелі Қарашаштың «Бекет атаға кітап аштыра кел» деген тілегін жеткізеді [2, 112].

«Іс Аллада ғой» - деп Бекет ата екі рет қайталап, Байсалдың көңілін де қимай, керегенің басында ілулі тұрған қалың кітапты қолына алып, парактай отырып, өз – өзінен күбірлеп кетеді. Біраздан соң барып: «Замандасыма айтарсың, уайымдамасын. Жүре-бара көрер перзенті бар екен. Біреу болса да бірегей болар. Ұл туса атын «Мыңкісі» деп қоярсыңдар дейді. Байсал Бекет атаның ауылынан қуана аттанады. Келе Қарашашты да қуантады. Уақыт өте келе Бекет атаның лебізі жерде қалмады. Қарашаш 48 жасында ұл

перзентті болды. Балаға ұлан – асыр той жасап, Бекет атаның айтуы бойынша ұлының атын «Мыңкісі» деп қояды». Елуден асқанда ұлды болыпесі шыққан Байсал Бекет аға хабар беріп, тойна шақырады. Шақыра келген хабаршыға Бекет ата: «Баласы құтты болсын, мен сол баланың қырқынан шығарда барып, әдейі құтты болсын айтамын... Қазір қолым тимей жатыр» деп хабар жібереді.

Мыңкісі қырқынан шығып, той жасайтын болғанда, Бекет атадан «Осы шілдеханаға барамын» деген хабар келеді. Бұл жалғандағы жалғыз арманы – перзент берген, оның үстіне дін – мұсылман сыйлаған Бекет атаның өзіне қонаққа келетініне қуанған һәм қысылған Байсал бұған қам жасайды. Сөйтіп, қазіргі «Тобықты» жеріндегі орынды жасайды. Пір Бекеттің бес мешітінің бірі болған Тобықты жеріндегі мешіт Байсалдың Бекет атаға бірнеше рет намаз оқуға дайындаған жері екен. Оны күні бұрын Байсал ата дайындаған екен. Бұл жайлы бізге Адайдың көне көз қарттарынан жеткен.

Атамыздың өмір сүрген уақытын бағамдауға қолда бар нақты деректерге қарап болжам жасаған орынды болар. Мысалы, Байсал атаны қарайық. Ол Бекет атаның құрдасы, аз – мұз кішілігі бар адам делінеді. Ал Бекет ата 1750 жылы туылып, 1813 жылы бақилық болған. Демек, Байсал атамыз 1755 жыл шамасында туған деген негіз бар. Егер ол Бекет ата батасымен елуге келген шағында Мыңкісі атамызды көрсе, әулие атамыз Мыңкісі 1805 жыл шамасында туған. Атамыздың ұрпақтары айтқан деректерге сүйенсек, Мыңкісі ата 48 жыл өмір сүрген. Демек, 1853 жылы бұл фәниден өткен.

Мыңкісі ата он сегіз жасқа келгенше елден ерек қасиет таныта қоймаған. «Шаңырағымды құлатпас мұрагерім» деп Байсал қарт оның маңдайына шаң тигізбей өсіреді. Бірде жас жігіт Мыңкісі қасына бір жолдасын ертіп, әлдеқайда аттанып кетеді. Қасындағы жолдасы: «Осы біз қайда бара жатырмыз» дегенде, Мыңкісі «Мені бір ақсақал қоймай шақырып, басым жастыққа тисе болды мазалай береді...», [2, 76]. деп жауап қайырады.

Бірнеше күн өткенде алдынан ақбоз үйлері күмбіреп бір ауыл көрінеді. Жолаушылар ат басын солай бұрады. Юұл ауыл руы Ақбота Өтесұлы Бүркіт атты жасы сексеннен асып жер таянып отырған атақты сынықшы, әрі батыр, көріпкелдігі бар қарияның ауылы еді. Үйінде жас келіні бірнеше күн бойы толғатып, босана алмай қиналып жатады. Сонда әлсін – әлсін Бүркіт ата үйдегілерге: «Япырмай, шығыстан бір – екі қылаң атты адамдар келе жатқан сияқты еді, көрінбей ме екен, қараңыздаршы?» - деп отырады.

Арада көп уақыт өтпей Мыңкісілер ауылға келіп жетеді. «Хабарласатын кім бар?» деп олар үйдің сыртынан дауыстайды. Осы сәтте тысқа жүгіре шыққан бір жігіт: «Үйге кіріңіздер» дейді. Жағдайды көріп және атағы жер жарған Бүркіт екенін біліп, сәл ғана тізе бүккенмен, асығыс едік деп рұхсат сұрайды. Сонда Бүркіт: «Қарағым, сен құр бала емессің, бақытың жанып, маңдайың ашылайын деп тұрған жансың. Сен қадірлі қонағым боласың. Сен келінімнің маңдайын сипап өт, дауасы содан болар деп отырмын» дейді.

Мыңкісі қапелімде сасып қалады да: «Сіз тұрғанда бізге қол жоқ» деп тайсақтайды. «Жоқ, қарағым, біз қартайдық. Әруақ қашты. Бүгін бар, ертең жоқпыз, бұрынғы құдірет уақытпен бірге ол да кейін қалды» деп Мыңкісіні сөзбен тоқтатады. Мыңкісі келіншектің маңдайына саусағын ғана тигізген сәтте келіншектің есі кіріп, сыртқа шығындар деген ишара білдіреді. Үйдегі ерлер жағы сыпырыла тысқа шығады. Бір сәтте жас сәбидің шыр еткен дауысы да естіледі.

Мыңкісі, балам, мен енді саған ақ батамды беремін деп Бүркіт ақсақал: «Он саусағыңның ұшы дәрі болсын, өзіңнен пәле – жала әрі болсын...» деп қолын жаяды. Содан былай Мыңкісі елге әйгілі сынықшы, емсек болған екен дейді. Мыңкісі сонымен қатар жауырыны жерге тимеген палуан да болған. Мыңкісі атамыз туралы аз-мұз әңгімелерден байқалатыны, барлық ұлы адамдар сияқты жан болған көрінеді [3].

Жалпы Мыңкісі атамыздың зайыры туралы нақты әңгіме жетпегеніне таңқалуға болмас. Өйткені, ол туғалы 200 жылдан астам уақыт өтті. Өзі аса көп өмір сүрмеген, 1805 – 1853 жылдар аралығында ғұмыр кешкен (48 жас). Оны білген, ол туралы әңгіме естіген

кәрікұлақ қарттар бүгінде жоқ. Оның үстіне әулие, қасиет иесі, дәулетті тұқым деп ұрпағы қудалауда болған. Үлкендер биліктен қорқып, әңгіме айта алмаған. Біздің көбірек білетініміз Мыңкісі атаның кейінгі ұрпақтарының көзіміз көрген зайырлары.

Жолаушы да, жол үсті өтіп бара жатқандар да әулие қасына келгенде атын тоқтатып, өлілерге бағыштап құран оқиды. Қайда жүрсе де қолтығынан демеп жүрген күдіреттілігіне бас иеді. Аталардың әруағын қастерлеу иісі мұсылманның қанында бар нәрсе. Даралықтың үлгісі бола тұра дандайсымаған атамның мінезінің қарапайымдылығы – пенде өткенге үлгі боларлықтай. Заманында зайырлы ісімен ел аузында қалған ата – балалар алдында кейінгі ұрпақ қашан да қарыздар. Біз осыны ұмытпай жүрсек болғаны.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңбыршыұлы Т. Мен айтайын бабаңнан. – Алматы: «Үш қиян» 2001. – 302 б.112 – 134 беттер
2. Қонарбаев Ә. Қасиет қонған ауылсың // Коммунистік жол (қаз) 1973.2 наурыз.
3. Бекет ата. (Имандылық-тағылым кітабы) Құрастырған: Ислам қажы Мырзабекұлы. – Ақтөбе: Насихат, 2010. – 748 б.

ӘОЖ 811.512.122

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дәлубай А., студент

Ғылыми жетекшісі: **Қамарова Н.С.**

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада стилистика жайы, оның ішінде стиль туралы айтылады. Публицистикалық стильдің ерекшеліктері сөз болады.

Түйінді сөздер: Стилистика, стиль, стиль түрлері, публицистикалық стиль.

Стилистика – тіл білімінің бір саласы. Оның тарихы Ресейде әріден басталғанмен, қазақ тіл білімінде стилистика мәселелерін зерттеуге жаңа-жаңа көңіл бөліне бастады. Қазақ тілі стилистикасының мәселелері арнайы зерттеу нысаны бола алмай келді. Сонда да қазіргі қазақ оқулықтары мен оқу құралдарында және көркем шығарма тілі жайында жазылған еңбектерде тіліміздің кейбір стильдік құбылыстары жайында жазылған азын-аулақ пікірлерді кездестіруге болады. Орыс тіл білімінде стилистика мәселелерінің зерттелуі ХХ ғасырдың 50-жылдардың ортасында қолға алынып, функционалды стилистика деген ғылым саласы пайда болып, оны тілдің коммуникативтік, эстетикалық қызметімен, қолданылу мәселелерімен тығыз байланыста қарастыра бастады. Солардың ішінен А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.В.Винокур, А.Н.Гвоздев, А.И.Ефимов, В.П.Мурат сияқты зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Көрнекті орыс ғалымы В.В.Виноградов стилистиканы «тілді зерттеудің биік шыңы, ұлттық тіл мәдениетін арттырудың теориялық негізі» дейді.

Қазақ тілі стилистикасына жанама қатысы бар зерттеулер өткен ғасырдың 30-40 жж. көріне бастады, негізінен, оларда аударма мәселесі және көркем әдебиеттің тілі, стилі сөз болады. Мұндай саладағы зерттеулер өткен ғасырдың соңғы жылдары кең өріс алды, әдеби тілдің ерекшеліктеріне баса көңіл қоя бастады.

- Фольклордың тілін – Н.Адамбаева, Е.Жұбанов, Т.Қордабаев;
- Абай тілін - Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Р.Сыздықова;
- М.Әуезовтің тілін – М.Балақаев, К.Аханов, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев;
- Ғ.Мүсіреповтің тілін – М.Серғалиев, Б.Шалабай т.б. ;

- Ә.Кекілбаев, М.Мағауин тілін – Р.Сыздықова және т.б. ғалымдар зерттеді.

Стилистикадағы негізгі ұғымдардың бірі - с т и л ь. Оны осы күнге дейін әркім әр түрлі түсінеді. Себебі стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп. Стиль - латынша *stylos* (қазақша - жазу құралы) деген сөз. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі "жазу мәнері" деген мағынада қолданылатын болған.

Стильдерді топтастыруда әлі де бірізділік жоқ, әр түрлі көзқарастар бар екендігі байқалады. Дегенмен қазақ тіл білімінде көптеген зерттеушілердің көрсетуінше 5 түрлі функционалды стильдің айқындалғаны белгілі. Олар: ауызекі сөйлеу стилі, ресми іс қағаздар стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль және көркем әдебиет стилі.

Мен шағын мақаламда публицистикалық стиль туралы айтпақпын. Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын функционалды стильдердің бір түрі. Публицистика (латынша: *publikus* - көпшілік, әлеумет) – қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, жорналдардағы мақалалар, очерк т.б. шығармаларды, шешендік сөздерді публицистикалық стильдің ауызша түріне жатқызып жүр.

Публицистикалық стильдің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Россияда XVIII ғасырда ең бірінші газет жарық көрді; сықақ жорналдар шыға бастайды. Радищевтің "Петербургтен Москваға саяхаты" сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген.

XIX ғасырдың екінші жартысы публицистикаға үлкен өзгерістер енген кез болды. Бұл кезде революцияшыл-демократтар публицистиканы царизмге қарсы күрес құралы етіп жұмсады. В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский сияқты сыншы-публицистер өздерінің сын мақалаларында қоғамдық құрылысты қатты сынға алып, революциялық идеяны қуаттады. "Қазақстанда революциядан бұрын баспа орны атымен жоқ еді. Бірен-саран шыққан кітаптарда қазақ тілі бұрмаланып басылып жүрді. Қазақ тілінде ең тұңғыш басылған кітаптың бірі - "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" қиссасы (ең алғаш 1816 жылы басылыпты). Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың т. б. шығармалары Петербургте, Қазан мен Уфада, Орынбор мен Ташкентте шыққан. 1913 жылы басылған азын-аулақ кітаптардың ішінде Спандияр Көбеевтің "Қалың мал" романы, "Айна", "Қарлығаш" деген өлеңдері мен поэмалары Қазанда жарық көрген.

Қазан төңкерісінен кейін мәдени-ағарту мәселесі қолға алынып, оны жедел өркендету талабы қойылды. "1919 жылы 26 декабрьде В. И. Лениннің қолымен Халық Комиссарлар Советі қалың еңбекші бұқараның сауатсыздығын жою туралы шаралар белгіледі. Осы қаулыда және партия мен үкіметтің 1920 жылдардың бас кезінде шыққан нұсқау-директиваларында ұлттардың ана тілінде мектеп ашу, газет-журналдар шығару, әдебиетін өркендету мәселелеріне айрықша көңіл бөлінді. Осы жылдары шыға бастаған "Қазақ тілі" (1919 ж., Семей), "Дұрыстық жолы" (1919 ж., Орда), "Жаңа өмір" (1920 ж., Ташкент), "Тіршілік" (1918-1919 ж., Ақмола), "Ұшқын" (1919-1920 ж.ж., Орынбор), "Кедей сөзі" (1920 ж., Омбы) және басқа советтік газеттердің бетінде басылған өлеңдер мен әңгімелер алғашқы революциялық жеңісті қуанышпен қарсы алған тілек-мақсатты бейнелейді. Бұл баспа органдарынан осындай мақсатта жазылған публицистикалық шығармаларды да көп кездестіреміз.

1920 жылдары республикалық тұңғыш газет "Еңбекші Қазақ" (қазіргі "Егемен Қазақстан") шыға бастайды. Бұл тұста қазақ публицистикасы жаңа белеске кетеріледі.

Көптеген кеңестік идеологияны насихаттайтын шығармалар қазақ тіліне аударылып басылды. Орыстың революцияшыл-демократ жазушыларының шығармалары қазақ тіліне аударыла бастады. Осындай игілікті істер қазақ публицистикасының шыңдалып жетіле түсуіне белгілі дәрежеде ықпал-әсерін тигізді.

Публицистикалық стиль – қазіргі әдеби тілдің ең жүгі ауыр, елеулі саласы. Басты стильдік сипаты: мұнда қолданылатын сөз үндеу мәнінде жұмсалады. Сөз эмоционалды-экспрессивті сипатта болады (еңбек ардагері, дем беруші, көшбасшы, нық қадаммен т.б.). Тілдің осындай эмоционалды-экспрессивтілігі жағынан көркем стильге жақын, ал фактіні толық және жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильге жақын екендігі көрінеді.

Публицистикалық стильге газет-журналдар тілі, радио-телехабарлар тілі жатады.

Ал жанрлық түрлеріне: бас мақала, ақпараттық хабар, очерк, халықаралық шолу және радио-теледидардан берілетін хабарлар. Әрқайсысының өзіндік тілдік, сөз қолдану ерекшелігі бар. Барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер төмендегідей: лексикада – қоғамдық-саяси терминдер мен сөздер (митинг, ереуіл, парламент, демократия), ілгеріде келтірілген эмоционалды-экспрессивті сөз орамдары (көгілдір экран, ақ халатты абзал жан, қара алтын, дала кемесі), грамматикада қосарлы сөздер (бұқаралық-саяси, үгіт-насихаттық), бұйрық рай тұлғалы сөздер (жүзеге асырайық, оңды нәтижеге жетеміз, іске жұмылдырылсын), қаратпа сөздер, риторикалық сұрақтардың, әртүрлі қайталамалардың қолданысқа түсуі жиі байқалады.

Публицистикалық стильдің ауызша тараған түріне бұрыннан қалыптасқан шешендік сөз жатады. Шешендік сөз (ораторство) – Ежелгі Греция мен Рим заманынан бері қарай көптеген халықтардың мәдени-рухани өміріндегі өнердің бір түрі. Шешендік өнер мен шешендік сөз өзара тығыз байланысты болғанымен, екеуі екі басқа түсінік атаулары: шешендік өнер актінің, яғни іс-әрекеттің атауы, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Шешендік өнер (риторика) - өзінің нысанасы, теориясы, категориясы, тарихы бар жеке сала болып табылады. Ал шешендік сөз шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі. Бірақ көпшілік алдында айтылатын сөздің барлығы шешендік емес. Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беруі керек:

а) белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы керек;

ә) әңгіме өзегінің дәлелі (аргументі) болуы тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында бір әрекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет:

б) тыңдаушыға жақсы әсер етіп, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы тиіс.

Қазіргі шешендік сөздердің түрлері былайша ажыратылады:

1) әлеуметтік-саяси тақырыптағы шешендік сөздер, бұларға митинг, конференция, съезд, сессиялардағы сөздер, баяндамалар, хабарламалар, радио-теледидардан берілетін саяси, әлеуметтік шолулар т.б.

2) академиялық шешендік – ЖОО-дағы лекциялар, ғылыми баяндама, хабарлама т.б.

3) сот ісіндегі шешендікке прокурордың айыптау сөзі, адвокат-қорғаушының сөзі, айыпкердің сөзі т.б.

4) діни қызметте қолданылатын шешендік (құран оқу, қазақша иман сөздері. Барлығына қойылатын басты талап – ойдың көркем, әсерлі болуы (Р.Сыздықова)

Белгілі ғалым М.Серғалиев радио-теледидар тілі дейтін мәселелердің жете сөз етілмей, дұрыс қарастырылмай келе жатқандығын айта келіп: «Оны теориялық та, практикалық та тұрғыдан зерттеп, тілінің теориясын жасайтын мезгіл жетті»- дейді.

Радио-теледидар хабарларының тілі ерекшелігі: жаңалықтарды дер кезінде жеткізу қызметінің қалыптасуы, материалдардың нақтылы тақырыппен, жүйемен топтастырылуы, диалогқа қатынасушылардың сөйлеуге әзірлену дәстүрі, хабар жүргізушінің өзін еркін ұстап, қысылмай сөйлеуі,, хабардың берілу тәртібіне сәйкес техникалық құралдардың пайдалану реті т.б. біршама тартымды сипатта көрінеді.

Радио-теледидар тілі ауызекі сөйлеу тілімен тең емес, арақатынасын ажырату керек. Сөздерді сұрыптап, керегінше пайдалану хабардың жанрлық ерекшелігіне қарай жүзеге асады. Ауызша сөйлеу түрі болған соң, әдеби тілде, оның норма-заңдылықтарын мүмкіндігінше сақтап жеткізуі қажет. Әсіресе, орфоэпиялық норма, оны құрайтын заңдылықтарды меңгеру, тыңдарман дұрыс түсініп қана қоймай, әсерлі қабылдауы үшін дауыс, интонация, екпін дұрыс қою, кідіріс жасау, дауыстың сазы, қарқыны, сарыны, биіктігі тәрізді сапалық ерекшеліктерін жетік игеру маңызды болып есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
2. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті А.1997.

ӘОЖ 82 –3'894. 342

ЖАЗУШЫ Ә.НҰРШАЙЫҚОВ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ЛИРИЗМ

Көпбергенова Н.

Ақтау қаласындағы № 23 орта мектеп, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жазушы Әзілхан Нұршайықовтың повестеріндегі лиризм сөз болады. Сол үшін жазушының лирикалық повестері нысанға алынып, талданады.

Түйінді сөздер: Жазушы шеберханасы, Әзілхан Нұршайықов, повесть, лиризм.

Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың повестеріндегі лиризмді қарастыру үшін қаламгердің лирикалық повестеріне талдау жасадық. Жазушының прозалық шығармаларының пафосы – гуманистік идеяны уағыздау. Эстетикалық мұраты – жан дүние әсемдігі, сезім мөлдірлігі, адамгершілікпен астасқан махаббат екендігіне лирикалық повестерін оқығанда да көзімізді жеткіземіз. Адамгершілікті әрдайым әсемдік ұғымымен байланыстыра қараған М. Горький де «Сұлулық» әңгімесінде сұлулықтың өзінде адамды рухани байытатын күш бар екендігін айтады. Расында, сұлулықтың адамда қуаныш, ләззат, махаббат сезімін тудыратынын әркім-ақ мойындаса керек. Ғалым И. И. Машковский «Қайырымдылық пен сұлулық бірлігі» еңбегінде: «Әсемдік бізді қайырымды, елгезек етіп, жан байлығымызды, адамгершілігімізді арттыра түседі» [1, 3], – дейді. Осыған үндес пікірді Н.Чегуновтың «Әсемдік жайлы пікір таластар» атты еңбегінен [2] де кездестіреміз. Түптеп келгенде, әсемдіктің өзі адамның жан дүние жеңісінің олжасы екен. Осы әдемілікті жазушы жастар бойынан көруге ұмтылыс жасап, жаз өмір, жастық шақты шығармаларына арқау еткен. Сондықтан да «Ескі дәптер», «Ботакөз», «Әсем» атты лирикалық повестерінің кейіпкерлері жанына нәзік сезім мен махаббат жалыны тұнған, әсемдік пен арманға құлшына құмартқан балғын жастар. Кезінде бұл повестер туралы: «Жазушының бұл шығармалары түгелдей дерлік жастар өміріне, жастардың арманға толы ой-сезімін айшықтауға арналған» [3, 31], – деп жазылған пікір бұған дәлел. Бұл повестердің тақырыбы бір-бірімен үндес болғанымен кейіпкерлердің тағдырлары әр алуан, характерлері даралық сипат алған. Мысалы, соғыс салдарынан қыршын кеткен Кабира мен Әлкеннің орындалмай қалған арманы мен уыз махаббаты, болашақ жарды реңіне қарай таңдап, жаза басқан Ботакөздің аянышты тағдыры, жастықтың мастығынан уақытша адасып, кейін еңбек арқасында бақыт тапқан Әсемнің өмірі оқырманға үлкен ой тастайтын жайлар.

Жас адамға асқақтық, тәкаппарлық, алып-ұшпа жеңілтектік тән. Бұл қасиеттердің ақылды билеп, өмір тәжірибесі жоқ жастарды қателесуге әкеп соқтыратын кездері көп.

Ә.Нұршайықов жастар өмірінің осындай бір көлеңкелі жақтарына да көңіл бөліп, сабақ боларлық жайларды сөз етеді. Оған, әсіресе, «Ботакөз» бен «Әсем» повестері дәлел. Мұнда адамның жаңылыс басуына себепші болған мінез қырларындағы кемшіліктерді, оның себебі мен салдарын ашуға деген жазушының ұмтылысы айқын көрінеді. Осы тұрғыдан жазушының бұл повестері Р.Тоқтаровтың «Ертіс мұхитқа құяды» романына, Ж.Жұмақановтың «Замана билігі», Ш.Мұртазаның «Белгісіз солдаттың баласы», А.Нұрмановтың «Солай болған екен», Б.Соқпақбаевтың «Гауһар», Қ.Найманбаевтың «Бастау», Н.Сералиевтің «Ақ қайың», С.Шәймерденовтің «Қарғаш» повестері мен Қ.Құттыбаевтың «Жастық шақ» әңгімесіне ұқсас. Замандас мінезінің қырларын психологиялық тереңдікпен ашуға ден қойған бұл шығармалардың бірқатарында, адамның рухани қуаттануына, моральдың биік сатысына көтерілуіне еңбектің еткен ықпалын сөз етеді. Мысалы, Ж. Жұмақановтың «Замана билігі», Ш. Мұртазаның «Белгісіз солдаттың баласы», А. Нұрмановтың «Солай болған екен» повестерінің кейіпкерлері – еңбекпен жетілген, өмір жолын жаңартқан әрі бақытын тапқан жас адамдар. Ә.Нұршайықовтың «Әсем» атты шағын лирикалық повесі де көтерген мәселесі жағынан осы шығармалар қатарына жатады.

Повестің бас кейіпкерлері Әсем мен Ақан замандастың екі түрлі бейнесін елестетеді. Бірі – жастықтың буымен оқуды тастап, ойсыз думанды өмір кешіп жүрген қала қызы болса, екіншісі – жастайынан далада өсіп, еңбекпен шыныққан ауыл жігіті. Повесть сюжеті осындай екі түрлі жанның өзара ұғынысып, еңбек пен махаббат арқасында арман мен мақсаттарын түйістіріп, жарасымды ғұмыр кешуін әңгімелейді. Нақ осындай өмір суретін «Замана билігіндегі» Гүлхан мен Ұлықбектің өмір жолынан да көреміз. Бұған қоса екі повестің кейіпкерлері мінез-құлықтары жағынан да өте жақын. «Замана билігіндегі» Гүлхан да Әсем сияқты повестің басында әлді ағасының арқасында шарап пен шаттық қуып, жастық шағын бейқамдықпен өткізіп жатқан қыз болса, соңында мүлде басқаша кейіпке ауысады. Бұл ақ саусақ, ерке қыздардың жанын тазартып, жүрегіне сұлу сезім мен ізгі арман құйған, біріншіден, нұрлы махаббат болса, екіншіден, пайдалы еңбек еді. Бұған қоса жазушы бұл қыздардың бір қалыптан екіншісіне ауысуына итермелеуші ішкі күшті олардың өз бойларынан таба біледі. Гүлхан мен Әсем табиғатындағы елгезектік, ашықтық, мейірімділік сияқты сапалар олардың болашағынан күдер үздірмейді. «Замана билігіндегі» Гүлханның өмір дағдарысын өзгертіп, жаңаша өмір сүруіне себепкер қойшы жігіт Ұлықбек болса, ал Әсемнің ішкі күйін ұғып, азғындық дертіне шалдықтырмай дер кезінде араша түсе білген Ақан.

Мал дәрігерлік институттың соңғы курсына сырттай оқып жүрген Ақан мен Әсемнің, оның маңындағы «доссымақ» құрбыларының парктегі алғашқы таныстықтары әдемі әсер қалдырмағанымен, сол бір ерке қылықты, ашық мінезді, сүйкімді қыздан Ақан әлдебір тартымдылықты тапқандай. Бұл еріксіз сезім оны алдамады. Әсем жанының тазалығына, мейірімділігіне кешікпей-ақ жігіт көзі жете түседі. Қарыны тоқтықтан секіріп жүрген бұзақылар ұрып, қашып кеткенде, қыздың басын сүйеп қасында отыруы, ауруханаға көңілін сұрап баруы Ақанға үлкен ой салады. Қанша жеңілтек болғанымен қыздың бұл адамгершілік істері Ақанның бойында оянған сезімді махаббатқа ұластырады. Автор осылай екі жастың сүйіспеншілігін бірден шарықтатып жібереді. Осы тұста жер мен көктей айырмасы бар екі жастың көңілдерінің бірден жарасып, қолтықтаса кетуін дәлелдейтін психологиялық түсініктемелер аздау. Рас, автор екеуінің арасындағы түсініспеушілікті (кикілжіңді) диалогтар арқылы көрсетуге тырысқан. Алайда онысы жеткіліксіздеу болғандықтан оқиға нанымдылығы кемдеу.

Автор повесте ақ саусақ, іске икемсіз қала қызының ауыл тіршілігіне көндігу кезеңін беруге де көңіл қойған. Әсемнің ауыл мінезіне жат қайсібір қылықтары, тік бақай келіннің қайын атаға ұнай қоймауы, оның өз кемшіліктерін түзеуге талпынысы, еңбекке араласуы, білімін көтеруі – осының бәрі Әсем өткен ауыр сынақтар болды.

Осылай автор жас адамның адамгершілік сапалары ғайыптан дарымай, өмір сындарынан өту арқылы, игі ықпалдардың әсері негізінде қалыптасатындығын нанымды көрсетуге ұмтылған.

«Басқаларды бақытты етуге тырыса отырып, өз бақытымызды да табамыз», – деп ежелгі грек ойшылы Платон айтқандай, Ақан Әсем бойындағы асылдарды кірден тазартып, өмірін шуақтандыру негізінде өз бақытын да тапқан жан. Ол «Ертіс мұхитқа құяды» романындағы Бекет сияқты өзге үшін жанын ауыртып, жылы пейіл, ыстық махаббатымен оған дем берсе, ал «Замана билігіндегі» Ұлықбектей адамның бақытты өмір сүруі үшін еңбек пен дала жетіспейді деп түсінетін жігіт. Оның: «... адамның жеңілтектігін, кісіге сенгіштігін пайдалануға болмайды ғой. Өз жайын ол ойлай алмаса, сен қамқорлық жасауға тиіс емессің бе?» (426-бет), – деп ойлауы ішкі дүниесінің тазалығынан хабардар етеді. Әрі бұл жолдар автордың оқырманға айтар ойының салмағын да көтеріп тұр. Яғни, кейіпкердің осындай ойын беру арқылы Р. Бердібаев жазғандай: «Автор өмір талабы аса қатал екенін сол үшін әрбір іске жауапкершілік күшті болу керектігін ишара етіп отырады» [4, 54-55].

Осы пікірде айтылған өмір философиясын ескертуді Ә.Нұршайықов «Ботакөз» атты лирикалық повесінде де ащы тәжірибені ұсына отырып айтқан. Мұнда талғампаз, тәкаппар, сұлу бойжеткен Ботакөздің жігітті ақылынан гөрі көркіне қарай таңдап, құрған отбасы баянды болмай, шеккен қасіреті Еркеш есімді жігіт атынан әңгімеленеді. Еркеш Ботакөзді (бұл атты өзі қойып алған, шын аты – Зияда) жиырма жыл бұрын студент кезінде бір көргенде ғашық болып, көңілін жалынды хаттар арқылы білдірген. Бірақ талғампаз қыз реңсіз жігітті менсінбестен қайрылып қарамай кете барды. Ботакөз өзі ойлағандай, сымбатты, сұлу, сері жігітті кездестіріп, тұрмыс құрған екен. Бірақ сегіз қырлы жігіті сексен сырлы болып шығып, ақыры ажырасып тынған. Кезінде Еркештің асыл сезімін елемей асқақтап қателескен қыздың тағдыры бүгінде аянышты. Сыртқы сұлулық пен сезім тереңдігінің басы қосылмаған мұндай қайшылықты І. Есенберлиннің «Алтын құс» романындағы Ақбаян бойынан да байқаймыз. Ботакөз «тек көрікті» адамдармен ғана қатар жүруді қаласа, ал Ақбаян өзі онша қаламаса да қызметі, атақ-абыройы жоғары жігіттерге көңілі ауғыш айлалы сұлу. Өзін шын сүйген адамның ынтық сезімдерін аяқ асты етіп, махаббатты қадір тұта алмаған екеуі де қателіктің құрбаны.

Осы шығармадағы Еркеш пен Сабыр болмыстарында да бірталай ұқсастықтар бар. Қаншама жылдар өтсе де алғашқы махаббатын естен шығармай, өмір бойы арман болған сол аяулысының бүгінгі өкінішіне аяушылықпен қарап, реті келсе жәрдем беруге әзір тұруы – бұл екеуінің де биік сезімге, сұлулық пен махаббатты қастерлей білуге қабілетті жан екендіктерін көрсетеді. Оның үстіне күнделікті өмір тіршілігіне, қызметіне, жанұя жағдайына, мінез сипатына зер сала қарасақ, олардың адамгершілігі мол парасатты адамдар екендіктерін аңғара түсеміз. Әсіресе Еркештің әр мәселеге салмақты оймен қарауы, кезінде құйттай ықылас көрмесе де Ботакөздің мүшкіл тағдырын естігенде, керісінше жанашырлық ниет білдіруі үлкен азаматтық.

Повесте махаббатта да, өмірде де адал Еркешке қарама-қарсы не терең сезімнің, не асыл жардың қадірін білмейтін, сырты жылтыр тұрлаусыз Әсет жайы да сөз етілген. Маскүнемдікке салынып шаңырақ шырқын бұзған, Ботакөз жанын қасіретке толтырған Әсет рухани азғындаған жан. Сондықтан ол шынайы сезім, тұрақты махаббатқа қабілетсіз.

Повесте автор Ботакөз бен Әсеттің сәтсіз отбасылық өмірінен тез жанып сөнген баянсыз махаббатты көрсеткен. Бұл жайды сөз еткенде автор Б. Сокпақбаевтың «Ғауһар», Қ. Найманбаевтың «Бастау», А. Жұмаділдиннің «Келіншек», Н. Сералиевтің «Ақ қайың», С. Шәймерденовтің «Қарғаш» повестеріндегідей көрсеқызарлықпен, жеңілтектікпен үйленіп, артынан көп ұзамай ажырасып жатқан жастар халін баяндаудан аса алмаған. Оның мәнісі Әсет образының психологиялық жағынан дәлелденбегендігінде болса керек. Алайда автор Ботакөздің жар таңдау, шаңырақ көтеру мәселелерінде жіберген қателіктерін, отбасындағы сәтсіздіктердің түпкі себептерін ашуға талпынған. Бұған қоса лирикалық кейіпкер Еркештің өзімен бірге жылдар көшіне ілесіп келе жатқан Ботакөзге

деген асыл сезімі әр кез көңіліне нұр құйып келгендігін сыр етіп шертуі де әсерлі. Сөзімізді «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» осы шығарма туралы: «... Қиян-кескі тартыс, орынсыз жәбір-жапа, табалағыш ой-сана жоқ. Повесть оқушы жүрегіне адамгершіліктің асыл мұратын екендей әсер қалдырады» [3, 132], – деп жазылған ойлар растап, толықтыра түседі. Расында, повестің осы тақырыптағы шығармалардан өзгешелігі мен жетістігі де осынысында.

Қиялыңды алысқа шарықтатып, жүрек түкпіріндегі нәзік қылдарды шертетін мұндай құдіреттің Ө. Нұршайықов шығармаларына тән екендігін «Ескі дәптер» лирикалық повесін оқығанда да сезінгендей боламыз. Өйткені бұл да екі жастың алғашқы оянған махаббаты, жүректерінің үндесе соққан дірілі, уыз жастықтың тәтті арманы жайлы мұңды хикая.

Повестің кейіпкерлері – жетімдіктің жабырқау күндерін қатар кешіп, балалар үйінде тәрбиеленген, кейін «өмірдің бір нұрлы шағын да бірге өткізген» Кабира мен Әлкен. Екеуінің осы өмір жолы сатылай суреттеле отырып, олардың характерлерінің қалыптасу процесі жүйелі көрсетілген. А.Нағметов айтқандай: «Жасқаншақ, уайымшыл, жылауық» Кабираның оқуда озат, сезімге берік, қандай құбылысқа болса да парасаттылықпен қарайтын Кабираға дейінгі, қызбалау, жеңілтек, қызғаншақтау Әлкеннен салауатты жігіт, саналы студент Әлкенге дейінгі олардың өсу жолы көз алдымыздан өтеді» [5, 122].

Екі жастың осы есею белестері повесте күнделік түрінде баяндала отырып, лирикалық стильмен жазылған. Жалпы лирикалық шығармаларда оқиға мен кейіпкердің іс-әрекетінен гөрі, оның тебіренісі, ішкі қыры үлкен роль атқарады. Айталық, «Ескі дәптердегідей» жастықтың асқақ арманы мен ізгілікке іңкәрлік жайын жыр еткен О. Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным?» атты повесінен де осындай даралық байқалады. Шығарма романтик, арманшыл, сезімтал кейіпкердің көзімен берілетін лиризмге толы. Автор оны кейіпкерді сөйлету, ойланту арқылы іске асырған. Яғни, идеялық салмақты образдың ойына, тебіренісіне түсіру лирикалық шығармаларға тән заңдылық. «Ескі дәптерде» лирикалық кейіпкер Әлкен – осындай жүк көтерген образ. Олай дейтін себебіміз, ол шығармадағы өмір суретін өз танымымен жеткізуші ғана емес, кейіпкерлердің табиғатымен, болмысымен оқырманды таныстырушы да. Бас кейіпкер Кабираның жан дүниесі адамгершілік пен әсемдікке толы екендігіне Әлкен тарапынан ыстық ілтипатпен айтылған сырлардан қанып отырамыз. Өмірдің қиындығы мен қызығын бөлісіп, достығы мен махаббатын сыйлай білген Кабираның асыл жанын, мінсіз көркін ардақтай сипаттауда Әлкен асқақ сөздерді ғана қолданып қоймай, оның ар-инабатын, жақсы мінез бен жарасты қылығын, ақылдылығын дәлелдейтін іс-әрекеттеріне дейін сөз етуге тырысады. Мысалы, озат оқуы үшін берілген сыйлықтарын өзгелерге таратып беруі, кіші кластың балаларына қамқорлық көрсетуі, достарының сабағына болысуы, Әлкенге деген мейір- бандылығы сияқтылар Кабираның бауырмалдығын, кішіпейілдігін, әділдігін дәлелдейтін детальдар. Әлкен сипаттаған Кабираны ойша барлап қарасақ, «Махаббат, қызық мол жылдардағы» Меңтай образына ұқсастық тапқандай боламыз. Кабира да Меңтайдай ана ақылын жадында түйіп өскен есті қыз. Әр мәселеге сабырлы да ақылды қалыппен қарап, албырт жас болса да дұрыс шешім таба біледі. Онысын өзіне ғашықтық көңілі мен ынтызар тілегін білдірген Әлкен мен мұғалім Нұржанға берген жауабынан байқаймыз.

Әлкен Кабираға деген сүйіспеншілік сезімін, оған тән жетістіктерді санамалай отырып, өз бойындағы осалдықтарды да ашып көрсетеді. Өзін сол биікпен салыстыра қарап, қызбалық, қызғаншақтық сияқты кемшіліктерін жасырмай сынап отырады. Мінезіндегі бұл олқылық ғашық адамның еркін билеп шатыстыратынын түсінгенімізбен, Әлкеннің өз-өзіне сын көзімен қарап, кінәратын мойындауының өзі адамгершілік, өнегелікке талпыну деп қабылдаймыз.

«Ескі дәптер» повесінде үлкен тартыс, шиеленіскен оқиға үстінде көрінетін кесек характер жоқ. Сондықтан мұнда кейіпкер болмысы қарапайым әдіс-тәсілмен ашылған.

Бұл жазушының ең алғашқы көркем прозалық шығармасы болғандықтан шығармашылық шеберлігінің әлі шыңдалу үстінде екендігін аңғарамыз. Алайда шығарма мәнін ашып, тақырыбын айқындап тұрған тұс повестің соңы, автордың ақырғы шешімі. Әдемі арман мен жарасымды махаббатты ойрандаған соғыс, Өлкеннің майдандағы қазасы, қайғы мен дертті болған Кабираның өлімі арқылы автор соғыс кесірінен қыршын кеткен талай аяулы жастың тағдырын көрсеткен. Ө. Нұршайықов жасаған Өлкен мен Кабира образы – жалқыдан жалпыны ұқтыратын кейіпкерлер. Әрі повестің белгісіз жастың аяқталмай қалған күнделігімен бітуінің өзі орындалмай қалған арман, ерте солған жас ғұмыр куәлігін алға тартқандай. Соғыс Кабира мен Өлкендей мың сан ғашықтардың махаббатын қиратып, тағдырын сергелдеңге салды. Мұндай жай әдебиетіміздежеткілікті көрініс алды. Мысалы, Ө.Қанахиннің «Дәмелісі», Ө.Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлты», Н.Ғабдуллиннің «Кестелі орамалы», Ж.Молдағалиевтің «Торғай толғауы» сияқты шығармаларында соғыстың қарапайым адамдардың тағдырына қаншалық ауыр әсер еткені, талай жас ғұмырды қыршынынан қиғаны туралы сөз етіледі. Алайда әр шығарманың өзіндік әсер, берер қуаты бар. Жалпы Ө. Нұршайықовтың лирикалық шағын повестері үлкен тартыс, шым-шытырық оқиғаларға бай болмағанымен айтар өнеге, ішкі қуатқа толы. Кейіпкерлерінің өмірге құштарлығы, адамгершілік ізденістері, әсемдікке құмарлығы оқырманын елітіп, жанын марқайтары сөзсіз. Жазушы Ө.Нұршайықов повестеріндегі лиризм осылай мөп-мөлдір қалпында оқырмандарына эстетикалық сикыр күш сыйлайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Машковский И.И. Содружество добра и красоты. – Киев, 1986. – 70 с.
2. Четунов Н. В спорах о прекрасном. – М.: Сов.писатель, 1977. – 340 с.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.3. 2-кітап. Жалпы ред. басқ. Проф. М.Қаратаев. – Алматы: Ғылым. 1967. – 663 б.
4. Бердібаев Р. Қазіргі қазақ прозасындағы замандас тұлғасы. – Алматы: Қазақстан, 1968, – 85 б.
5. Нағметов А. Қазіргі қазақ повестері және олардың жанрлық проблемалары. Филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1974., – 178 б.

УДК 378

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКАЯ КУЛЬТУРА ЛИЧНОСТИ

Калиева Э.И., Джанисенова А.М.

Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассмотрено и определено, что предпринимательская культура не может быть результатом механического накопления знаний, умений и навыков, она предполагает развитие всех сторон личности – когнитивной, эмоциональной, мотивационно -волевой (намерение) и операциональной, - и выражается в совокупности компетенций – общекультурных, профессиональных, личностных.

Ключевые слова: предпринимательство, предпринимательская культура, когнитивная, эмоциональная, мотивационно-волевая (намерение) и операциональная стороны личности.

Развитие предпринимательской культуры обучающихся студентов является одной из приоритетных задач предпринимательского университета. Необходимость ее решения обусловлена как внешними по отношению к образованию, социально-экономическими факторами, так и нуждами самого образования.

Экономические отношения являются неотъемлемой частью жизни каждого человека, от которых зависит экономическая жизнь всего общества, а не только отдельной личности. Это обстоятельство нам доказывает необходимость формирования экономической культуры в целом и предпринимательской культуры в частности [1].

Для определения понятия «предпринимательская культура» необходимо прежде всего определить сущностные черты и характеристики, составляющих этот феномен элементов.

Ученые Л. Н. Коган, В. П. Кузовлев и др. определили что, культура, как мера освоенности личностью или социальной группой ценностей цивилизации: 1) не может существовать вне общества; 2) затрагивает все области человеческой деятельности; 3) это динамично развивающаяся по своим законам структура; 4) совокупность ценностей, образовавшаяся в процессе исторического развития общества; 5) является связующим элементом между народами, поколениями; 6) представляет собой не только деятельность, но и способ организации и развития человеческой жизнедеятельности. Исходя из этого можно дать определение культуре как сложной системе, являющейся неотъемлемой частью сферы жизнедеятельности индивидуумов, которая является основным условием и процессом включения людей в сообщество. Так же стоит отметить, что феномен предпринимательства и опыт его становления необходимо рассматривать и с учетом развития теории и практики предпринимательства в экономически развитых странах [2-3].

До настоящего времени нет какой-то общепризнанной теории предпринимательства несмотря на то, что термин «предпринимательство» рассматривался еще в римском праве. Первым проявил интерес к феномену предпринимательства англичанин Р. Кантильон (1680–1734) ознаменовавший историю нового времени. Он отмечал, что в дополнение к земельным собственникам появился новый слой людей – предприниматели, которые на свой страх и риск устремляются к рыночному обмену с целью извлечения прибыли [4].

Этот феномен рассматривали в своих трудах и другие ученые:

- Предпринимательство как оперирование факторами производства, Ж. Б. Сэй;
- Понятие «комбинация факторов» и «принцип замещения» одной комбинации другой; связь предпринимательства с нововведениями; новатор предприниматель – не революционер, а необходимое условие общей эволюции экономики, он – ускоритель экономических процессов, А. Маршалл;
- Анализ деятельности предпринимателя-новатора; предприниматель как воинственно активная личность, решительно ломающая прежние формы производства и организации жизни общества, революционер в экономике, зачинатель социальной и политической революции, постоянно осуществляющий «созидательное разрушение», Й. А. Шумпетер;
- Предпринимательская активность как фактор движения к равновесию, Ф. Хайек;
- Непродолжительность по времени равновесного состояния рыночного спроса и предложения, Питер Ф. Драккер;
- Предприимчивость как ведущая черта предпринимателя; свобода творчества, чувство собственности как бесспорные преимущества предпринимателя над руководителем предприятия тоталитарного государства, Г. К. Гинс;
- Теория человеческого капитала, Г. Беккер и Т. Шульц;
- Внутрифирменное предпринимательство, Г. Пиншо [5-6].

Деятельность предпринимателя-новатора, несомненно, связана с риском и неопределенностью успеха начатого дела. Поэтому совершенно очевидно, что решение столь сложных и разнообразных задач предъявляет довольно жесткие требования к личным качествам человека, занятого предпринимательством. Здесь важны и знания, и

умения, и способности, и характер. Отличительной особенностью предпринимательского труда является то, что это труд, преобразующий прежние формы труда, то есть «труд, преобразующий труд». Результатом деятельности предпринимателя оказываются изменения в материальном содержании, формах и способах труда не только в сфере материального производства, но и в торговле, страховой деятельности, банковском деле, индустрии развлечений, образовании, средствах массовой информации – в любой сфере деятельности.

Известно, что культура, анализируемая под углом личностного развития, есть мера развития человека, мера освоенности личностью ценностей цивилизации. При этом культура характеризует не только и не столько объем усвоенных им ценностей общественной жизнедеятельности людей на протяжении всего существования общества, сколько сам способ, каким человек приобщается к этим ценностям. Культура создает, формирует людей и одновременно помогает им стать социально активными, профессионально зрелыми и целеустремленными. Культура воплощает в себе стиль мышления и поведения человека, поскольку она захватывает все стороны общественной жизни, любой вид человеческой деятельности. Она характеризует не только образованность – широту и глубину знаний человека, но и его воспитанность, интеллигентность – умение четко выразить свою мысль, внимательно слушать, сделать правильное встречное движение, держаться с достоинством и в соответствии с обстановкой. Безусловно, предпринимательская культура является составной частью более широкого понятия, каким является экономическая культура. Предпринимательская культура – это экономическая культура того социального слоя, который представляют предприниматели.

Предпринимательская культура связана со сторонами личности: когнитивной, эмоциональной, мотивационно-волевой (намерение), операциональной. Ученые В.Б.Орлов, О.Г.Мизерова, Е.В. и др. разделяющие подобную точку зрения, вкладывают в них следующее содержание [7].

Когнитивная сторона связана с развитием мышления, памяти, воображения, с усвоением знаний, то есть с развитием ума человека, его мыслительных способностей. Ее проявлением являются знания, полученные в процессе обучения, самообразования, общения. Согласно когнитивной психологии, (представители – Д. П. Озбел, Дж. Брунер), занимающей ведущие позиции в зарубежной психологии, эффективное обучение возможно лишь тогда, когда новый материал, связанный с уже имеющимися знаниями и умениями, включается в существующую когнитивную структуру. Таким образом, когнитивная сторона включает в свое содержание не только знания, но и умения и навыки, и не только мыслительного характера.

Эмоциональная сторона выражается, прежде всего, в реакциях на внешнее воздействие и внутренние раздражения. Значимые воздействия эмоционально окрашиваются, вызывают эмоциональные переживания, что способствует включению в структуру личности тех или иных знаний, умений, фактов. Эмоциональная сторона личности предполагает воспитание чувств, регулирование эмоций, и как нельзя более точно отражает то, что человек – существо аффективное, чувственное, эмоциональное.

Мотивационно-волевая сторона (намерения) имеет прямой выход на все стороны личности, и, прежде всего, на операциональную сферу. Без волевых усилий нет осмысленной, целенаправленной деятельности [4]. Мотивационно-волевая сторона (намерения) включает направленность (устремленность) сознания на предмет. Кроме того, она включает потребности, мотивы, убеждения, ценности, нормы, правила, отношения, установки, модели поведения и деятельности. Эти предрасположения обуславливают направленность личности, которая при наличии цели и рождает усилия, направленные на достижение цели или, другими словами, волевые усилия.

Операциональная сторона личности связана с формированием интеллектуальных и предметно-практических умений и навыков, с проверкой на истинность получаемой

информации, с переводом обучения в самообучение, воспитания – в самовоспитание, с практической деятельностью в избранной для самореализации сфере. Вне деятельности нет развития личности. Эта сторона проявляется в поведении, общении и деятельности.

Таким образом, мы выделяем эмоциональную, когнитивную, мотивационно-волевую и операциональную стороны предпринимательской культуры личности.

Опираясь на теорию психолога А.Н.Леонтьева «Деятельность. Сознание. Личность», известно, что образование личности меняет содержание ее образов, обогащает мотивационно-волевую сторону, что, в конце концов, влияет на содержание и характер деятельности [8]. Отсюда следует, что культура деятельности личности должна охватывать все сферы личности: эмоциональную, когнитивную, мотивационно-волевую (намерения) и операциональную.

Если рассматривать культуру в психолого-педагогическом ракурсе (напомним, что этот аспект разрабатывали применительно к культуре вообще Б. Г. Ананьев, С. Л. Рубинштейн и др.), то есть в контексте структуры личности и её становления, и интегрировать этот ракурс с понятием «предпринимательство», то мы получим следующее определение: предпринимательская культура будущего специалиста, отражающая готовность и способность осуществлять предпринимательскую деятельность в рыночных условиях развития страны, представляет собой интеграцию эмоциональной, когнитивной, мотивационно-волевой и операциональной сторон, а именно: а) соответствующих эмоций и чувств; б) контекстных знаний (экономических, правовых, этических, коммуникативных, управленческих, экологических), умений и навыков; в) убеждений, ценностей, норм, правил, отношений, установок, моделей поведения и деятельности; г) деятельности, поведения и общения.

Разберем каждый из названных компонентов. Как сложное структурное образование предпринимательская культура проявляется в разных сферах по-разному. В эмоциональной сфере она выражается в порывах инновационного характера, влечениях к предпринимательской деятельности, предпринимательском азарте, склонности к риску, любви к преобразующей деятельности предпринимательского характера, уважении чужой собственности, неприятию антигуманных сфер бизнеса, гордости за принадлежность к предпринимательскому слою. Эмоциональная сфера развивается в процессе прохождения студентами как специальных предметов, так и дисциплин гуманитарного характера, а также в процессе практических мероприятий, встреч с предпринимателями и т.д.

Когнитивная сфера предпринимательской культуры включает контекстные знания (экономические, правовые, этические, коммуникативные, управленческие, экологические), а также умения и навыки создания и развития бизнес-проектов, ведения деловых переговоров, заключения сделки, создания команд. Эта сфера пополняется знаниями в процессе обучения и обогащается умениями и навыками, особенно в процессе практической деятельности.

Мотивационно-волевая сторона предпринимательской культуры объемлет убеждения ценности, отношения, установки, правила, нормы, модели поведения, деятельности и общения. Она пополняется посредством переработки имеющихся намерений, интеграции нового и старого, в результате чего возникает синергетический эффект от результатов внутренней работы сознания.

Операциональная сфера предполагает активное, сознательное, заинтересованное участие в предпринимательской деятельности, соответствующие коммуникации и поведение. Важнейший фактор ее формирования – практическая деятельность предпринимательского характера.

Итак, нами определены необходимые и достаточные компоненты предпринимательской культуры: 1) соответствующие эмоции и чувства; 2) контекстные знания (экономические, правовые, этические, коммуникативные, управленческие, экологические), умения и навыки; 3) убеждения, ценности, нормы, правила, отношения, установки, модели поведения и деятельности; 4) деятельность, поведение и общение. В

связи с тем, что все стороны личности взаимосвязаны между собой, их графическое изображение наглядно предстает в следующей схеме которое и представляет содержание понятия «предпринимательская культура».




Рисунок 1 - Взаимодействие элементов предпринимательской культуры

Предпринимательская культура не может быть результатом механического накопления знаний, умений и навыков. Она предполагает развитие всех сторон личности – когнитивной, эмоциональной, мотивационно-волевой (намерение) и операциональной, - и выражается в совокупности компетенций – общекультурных, профессиональных, личностных.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ананьев, Б. Г. Психология и проблемы человекознания.. – М. : Ин-т практич. Психологии ; Воронеж : МОЛЕК, 1996. – 384 с.
2. Арустамов, Э. А. Организация предпринимательства: учеб. пособ. / Э. А. Арустамов, [и др.]. – М. : Изд.-книготорг. центр «Маркетинг», МКПК, 2001. – 249 с.
3. Дуранов, М.. Е. Личность обучающегося и ее развитие : учеб. пособ. / М. Е. Дуранов, В. Б. Орлов. – Челябинск : ЧГПУ, 1997. – 158 с.
4. Конференция без границ – Режим доступа : /[http:// www. wse-wmeste.ru](http://www.wse-wmeste.ru)
5. Кушлин, В. П. Экономика предпринимательства : курс лекций / В. П. Кушлин, В.
6. Лапуста, М.. Г. Предпринимательство : учебник / М. Г. Лапуста [и др.]. – 3-е изд., испр. и доп. – М. : ИНФРА – М, 2003. – 534 с.
7. .Б.Орлов, О.Г.Мизерова, Е.В.Орлова Предпринимательская культура: сущность и содержание понятия, Вестник Югорского государственного университета , 2009, Выпуск 4(15), с.13-25.
8. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М. : Политиздат, 1975. – 304 с.

М.ӘБДІХАЛЫҚОВТЫҢ ЖЕЛАЯҚ БАЛА ПОВЕСІНДЕГІ ӘМИН ТҰЯҚОВ ОБРАЗИНЫҢ БЕРІЛІСІ

Қаражанова М., магистр

Ғылыми жетекшісі: Отарова А.Н.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жазушы М.Әбдіхалықовтың Маңғыстау тақырыбына арналған шығармаларының бірі өлкеден шыққан жеңіл атлетикадан әлем чемпионы Әмин Тұяқовтың балалық шағы, спорт әлеміне келу жолы, ізденіс, жетістік жолдары характер бейнесін сомдаумен жан-жақты ашылады. Осының нәтижесінде М. Әбдіхалықовтың шығармасындағы замандас бейнесі мен заман шындығының арасындағы терең сабақтастық сыры қарастырылып, осы бағыттағы суреткер стиліне тән ерекшеліктер де екшеліп көрсетілді.

Түйінді сөздер: повесть, өнегелі идея, спорт тақырыбы, поэтикалық көріністер, тәрбиелік мән, жүйрік, спортпен айналысу, әлеуметтік шындық, заманның образдар жасау.

Қазақ әдебиетінде алдымен әңгімелері, публицистикалық шығармалары арқылы журналистік те, жазушылық та талантын танытып бастаған өлкемізден шыққан алғашқы жазушылардың бірі М. Әбдіхалықов повесть жанрында да өз заманының тынысы, өзгеріс-жаңалықтарын шындық тұрғысында жазуды мақсат еткен.

Қаламгер бұл жанрдағы шығармаларында да күнделікті өмірдің тереңіне үңіліп, өмір шындығын поэтикалық көріністермен, шынайы да табиғи деңгейде баяндайды. Автор творчествосында ұдайы ізденістің нышаны бой көрсетіп отырады. Сондықтан да өмір шындығын көркем шығармаға тән шеберлікпен көркемдеу қасиеті оның шығармаларымен қабысып жатады. Сөзіміздің дәлелі ретінде қаламгердің күнделікті ақиқат өмірдің сан-салалы сырларын, өнегелі идеяларды нұсқайтын, адам характерін даралап ашқызатын тартыстар баяндалатын “Желаяқ бала” повесі сонау алпысыншы жылдарда спорт тақырыбын көтеріп, жас буынды дене тәрбиесіне, ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерге баулуда зор роль атқарған туындылардың бірі.

Көркем әдебиеттің ұрпаққа берер тәрбиелік күш-қуатын, маңызын терең түсіне білген қаламгердің туындысы “Желаяқ бала” [1] повесі 1969 жылы жарық көрді. Бұл повесте алпысыншы жылдары Кеңестер Одағында жеңіл атлетикадан чемпион болған тұңғыш қазақ, Кеңестер Одағының 6 дүркін, әлемнің бірнеше мәрте жеңімпазы, СССР спортына еңбегі сіңген мастер атақты жүйрік Әмин Елемесұлы Тұяқовтың балалық, жастық шағын суреттейді.

“Әрбір жазушы, егер ол шын суреткер болса, әдебиетке өзінің өмірбаянын, өз тақырыбын ала келетіні белгілі. Жазушының қолтаңбасы, стилі, концепциясы дегендер осы тақырып ерекшелігінен туындайды” [2, 138б] – деген әдебиетші ғалым Р. Бердібаев пікірінің қаламгердің аталған шығармасына да қатысы бар екендігін айтар едік. “Желаяқ бала” повесінің бас кейіпкері Әмин Тұяқов повесть оқиғасына негіз болған соғыстан соңғы қиын-қыстау уақытпен тұспа-тұс келген балалық шағы, Маршалмен ең бірінші кездесуі туралы былай деген еді: “Бірде Форт-Шевченко қаласы мен аудан орталығы Таушық ауылы арасында мектепаралық спорттық жарыстар өтті. Мен жүгіруден мектептің намысын қорғадым. Біздің ауылда Форттан келген оқушылардың қатарында Маршал да болды. Ол шахмат сайысы бойынша келіпті. Біз осылайша танысып, дос болып кеттік”. [3, 2б.].

“Қай жазушы болсын, өзінің жақсы сезінген, көрген, білген, зерттеген жайларын жазады” десек, жазған шығармаларына байланысты өмірбаян беттерін парактай бастасақ,

“Желаяқ баланың” да жазылуына қаламгердің өз өмірінің үлкен септігі тигенін байқауға болады. Олай болса, суреткер шығармасында алып отырған объектісін өзі өмір сүріп отырған уақыттың шамасында суреттеген. “Көркем шығармашылықта қаламгер дүниетанымына, қалауына қатыссыз да фактор бар. Ол шығармаға объект ретінде алынған өмір шындығы” [4, 58 б.], – деп тұжырымдайды профессор З.Бисенғали.

Повестің атауға тұратын ерекшелігінің бірі – тақырыбының қазақ әдебиетінде тың, жаңа тақырып болуында. Жазушының спорт өнері тақырыбына жазылған туындысының сол кезеңдегі спорт жайындағы шығармалардың қатарын толықтыра алғандығы. Оған дейінгі ауыз толтырып айтарлық шығармаларға Қ. Әбдіқадыровтың еліміздің атақты палуаны, французша күрестің дүниежүзілік чемпионы Қ. Мұңайтпасовтың өмірі мен өсу жолын баяндайтын “Қажымұқан” повесін, Б. Соқпақбаевтың “Жекпе жек” повестерін жатқызар едік. М. Әбдіхалықовтың “Желаяқ бала” повесінің бұл шығармалармен жақындықтары да көрініс береді. Көрнекті қаламгер Б. Соқпақбаевтың повесінде ауыл баласы Мұраттың табандылықпен жаттығып, еңбектенуі нәтижесінде бокстан әлем чемпионы дәрежесіне көтерілуі суреттелетін. Шығармадағы физкультура пәнінің мұғалімі, спортшы, ізденгіш жастардың талабын ұштайтын Николай Трофимович, керісінше спорт, педагогика туралы ұғымдары тайыз мектеп директоры Тоқмолда бейнелерінің “Желаяқ баладағы” Әминнің ұстазы Анжелика Куликова, тарих пәнінің мұғалімі болса да соғыс жылдары дене тәрбиесінен сабақ беретін Берғали образдарымен өзара ұқсастықтары бар.

“Желаяқ бала” повесінің “Жазушы” баспасынан жеке кітап болып шыққан 1969 жылғы нұсқасындағы сыртқы құрылымына назар аударсақ, туынды “Мақпал әже”, “Шолақ қол солдат”, “Алғашқы сабақ”, “Саят сәттері”, “Жеңіс” т.б. сияқты тақырыпшалары бар 14 бөлімнен тұрады.

Жас адамның мінез қалыптастыру процесін, азаматтың жетілу жолын көрсетуге арналған бұл повесте ауыл баласы Әминнің туа бітті жүгіру қабілетінің үстіне спортпен шұғылдануы, қажымай, талмай ізденуі, еңбектенуі, жаттығулары нәтижесінде жүгіруден әлем чемпионы атағын алуы туралы баяндайды. Жазушы атақты жүйріктің іс-әрекетін, әлеуметтік қызметін, оның дүниенің әр түкпірінде өткен жарыстарымен байланыстыра өрбітеді. Сөйтіп кейіпкерінің жан-дүниесін ашумен қатар, оның әрбір жарыстағы жеңістерінің әлеуметтік, табиғи себептерінің түп-төркінін шынайы бейнелеген.

М.Әбдіхалықов жүйрік Әмин Тұяқовпен жерлес, әрі замандас жолдас ретінде жиі кездесіп, повестегі тарихи деректердің бәрін де өз аузынан жазып алған. Демек, “Желаяқ бала” повесінде автор атақты жүйріктің тек жеке өмірін, ірі жарыстардағы шеберлігін, табиғи талантын суреттеп қана қоймайды, сонымен бірге оның өмір кешкен ортасының шындығын мейлінше мол әрі терең суреттейді. Ерінбей еңбектенген жанның әрқашан да көздеген мақсат межесінен көрінетіні, арманына жету үшін қиындыққа мойымау керектігін автор Әмин бейнесі арқылы көрсетеді.

Шығарманың алғашқы бөлімдерінде балалық шағы соғыс жылдарына тап келген Әминнің өскен, тәрбие алған ортасы, соғыс салған тұрмыс қиыншылықтары сөз болады. Адамдар мінезі уақыт үні, заман тынысымен тамырластықта берілген. Соғыстың ызғарлы лебі мыңдаған құрбыларымен бірге Шеңгел ауылында тұратын Әмин өмірін де қарып өткен-ді. Кеше ғана толы көрінетіндей үй іші де әкесі Елемес, оның інісі Едіге әскерге бірінің артынан бірі кетіп, үңірейіп бос қалғандай еді. Колхоз тірлігіне белсене араласқан әжесі Мақпал “Жаңа тұрмыс” колхозының председателі болып сайланып, шөп шабу, егін егу сияқты еңбектің соңында күні-түні тыным таппайды. Әмин әжесі Мақпал мен анасы Жәнияштың “қоңыр қозысы”, “еркесі” болып шексіз махаббатынан нәр алып тәрбиеленеді.

“Әрбір айтқан сөзі шындық, бұлжымайтын заң болып табылатын” әженің өзіне деген ықыласы, сүйіспеншілігі бала Әминді өмірге, келер күндерге сеніммен қарауға үйретеді. Шығармада ең алғаш Әминнің жүгіруге деген қабілетінің әкесі Елеместен дарыған қасиет екенін әжесі байқайды. Жазушы баланың жүгіріп бара жатқандағы сыртқы

кейпін әжесінің байқауымен сипаттайды: “Бала шындап барады. Аяғы жып-жып етіп көз ілеспейді. Әп-сәтте құлдырап кетті. Көпті көрген кісі баланың аяқ алысында ерекше ықшамдық, ұшқырлық барын байқып қалды. “Өзі тіпті желаяқ екен-ау! Кімге тартып жүр екен?”, – деп ойлады.

Автордың осы кезеңде пайдаланған диалогы сәтті шыққан.

– Қарағым-ай! Әкеңе тартып жел аяқ болмасақ болар еді. Тым ұшқырсың білем – деді.

– Әкем жүйрік пе еді?

Әмин таңдана сұрады.

– Жас кезінде талай тойлардағы бала жарысында бәйге алып жүретін. Кейіннен жігіт болған соң құлын ұстағыш еді. Жаяу қуып жетіп, құрық салатын...” [1, 96].

Бұл оқиға кейіпкердің сана-сезіміне әсер етіп, оның кейінгі іс-әрекетіне түрткі болды. Әминге әжесінің әкесі Елеместің кішкентайында жүйрік болғанын айтқан сөзі оның өмірлік сеніміне айналады.

Әмин повестің басында бір үйлі жанның “көзінің ағы мен қарасындай еркесі, “жалғыз немересі” ретінде көзге түссе, бірте-бірте қайсарлығы мен қайраттылығы, еңбек сүйгіштігі, ұқыптылығы, ширақтығы мен патриоттығы сүйсіндіріп оқырманды баурай түседі. Оның спорт өнеріне жетілуі шындыққа сай нанымды суреттелген. Бала кезінде Сары шешейдің ешкімге ұстатпайтын қашаған қозысын тек Әминнің ғана ұстай алуы, Бармұқанның ұйымдастыруымен өтетін балалардың жаяу жарысында оның балалардан озып кетуі, ағасы Едігенің спорт туралы айтқан әңгімелері баланы өзіне беймәлім өнердің тылсымына тарта береді.

Оның бойындағы талабын жетілдіруде майданнан елге жаралы оралған шолақ қол солдат – Бармұқан жездесінің ауыл балаларының жадау көңілдерін көтеру мақсатымен жаяу жарыстар өткізуі, мектепке баруға құштарлығын оятуы шығармада бірімен-бірі сабақтасып әдемі өрілген.

Бұдан әрі Әминнің ұстаздарының үйретуімен жүгіруден мектептік, ауылдық, республикалық жарыстарға қатысуы, алғашқы көрсеткіштер, жеңістер нәтижелері нақты деректермен, нанымды түрде баяндалады. Шығарманың басты кейіпкері Әмин болғандықтан автор оның өсу жолына, өнерінің жетіліп шынығуына көбірек көңіл бөлген. Ол бірден чемпион болмайды. Оқушылардың көз алдында, кітаптың әр бөлімінде Әмин өсіп, ширап, әр қырынан таныла бастайды.

Әминнің алғашқы топтық жарыста көрінуі 1953 жылы Таушықта аудандық оқушылар арасында өткен спорт түрлерінен сайыста жүгіруден озып келгендігі еді. Бұл кезде оларға дене шынықтыру пәнінен мамандығы бойынша кадр болмай, тарих пәнінің мұғалімі Берғали ағай сабақ береді. Соғыстан кейінгі жылдарда ауылдық мектептерде пәндер бойынша мамандардың жетіспейтіндігі, спорт залдарының жоқтығы сол кезеңнің шындығы.

Өйткені, ғалым Б. Сманов айтқандай: “Қоғамнан, әлеуметтік ортадан тыс адам да, оның көркем өнердегі кескін-келбеті болуы да мүмкін емес” [5, 68б.]. Өз мамандығы болмағасын басқа пәнді жүргізу де Берғали сияқты мұғалімдерге оңай іс болмағаны, мектептегі дене тәрбиесі пәнінің жағдайы қаһармандар репликалары, ұғым-танымы арқылы ашылады. Жалпы туындыларындағы суреттеліп отырған кезең мен дәуір шындығын, шығармадағы оқиғаны көрсетуде өзі баяндаудан гөрі диалогқа көбірек жүгіну – жазушы қаламына тән ерекшеліктердің бірі. Диалог– кейіпкер жан -дүниесінің, моральдық- этикалық қасиеттерінің айнасы. Одан характердің дамуын көреміз. Мәселен:

“Дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін оқытушысына барды. Әминнің айтқанын тыңдады да, езу тартып күлді

– Қарағым-ай! Талабың жақсы екен. Бірақ менен саған не пайда?

– Сіз маған қалай жүгіруді үйретсеңіз болмай ма?

– Мен жүгіре алмаймын ғой. Мамандығым – тарих пәні. Дене шынықтырудан мұғалім болмаған соң, жас жігітсің деп маған арта салды. Ол бар шынын айтты. Ұстазбын,

беделім түседі деп қорынып жатпады. – Шіркін, сені ірі қалалардың спорт залдарына апарып жаттықтырар ма еді? Жалпы, сенің тынысың кең, көп жүгіріп үйрене бер” [1, 34б.], – деп одан әрі ағайы Әминге Қажымұқан туралы повесті, спорт газет-журналдарын оқуға кеңес береді.

Диалогтан қаһармандардың өмір құбылыстарына деген көзқарасы көрініс тапқан. Осы сынды диалогтар жазушы кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын, ой-танымдарын көрсетудің амалы болып табылады.

Шығармадағы есейіп келе жатқан Әминді дұрыс жолға бағыттай білген алдымен оның тәрбие алған ортасындағы адамдардың, әжесі Мақпалдың, ағасы Едігенің, Бармұқан жездесі, оқытушысы Анжелика Куликованың образдарын да әсерлі, шынайы сомдаған. Жалпы повестегі кейіпкерлер қиялдан туған образдар емес, өмірде болған, өз аттарымен аталатын Әминнің ең жақын адамдары. Повесте оқшау тұрған кейіпкерлер жоқ. Үлкен жарыс жолындағы Ғұсман Қосанов, Владимир Сапея т.б. спортшы әріптестерімен қоса Берекет Жұмалиев, Нұн Жұбаев сияқты жеделдес замандастары да өз орнымен, өз ретімен көркем өрнектеледі.

Повесте қазақтың ұлттық рухани өмірінің, жан-дүниесіне жақын, таным-түйсігіне сай көркемделген, жинақталған образ да орнын тапқан. Ол – “баланы ер жеткенше, немерені өлгенше” деген ұғымды сомдайтын, немересінің болашағын әріден ойлайтын Мақпал әжейдің бейнесі. Мақпал әжей қаһарлы соғыс жылдарының бейнетін бастан кешіп, қан майданға ері мен ұлын аттандырып салса да, тылда ер-азаматша еңбек етіп, ауыл-аймақ тағдырына араласады. Немересін өзі тәрбиелеп, келіні Жәнияштың қайрат-жігерін жанып отыратын, өзімізге күнделікті өмірден таныс ауылдағы қарапайым қазақ әжелерінің бейнесін көз алдымызға елестетеді. Повесть кейіпкерлері бұл жерде халықтық тәрбиенің негізі – ұлттық ерекшеліктерімен дараланады. Повестегі Әминнің анасы Жәнияшқа берілетін орын оншалықты көп болмаса да жекелеген эпизодтардан-ақ жас ананың имандылық, адамгершілік көзқарастарына деген адалдығы, баласына арналған шексіз махаббаты оқырман есінде қалады.

Әминнің “өмірде ешқашан жеңілмеу керек, күресіп өту керек” деген ұстанымына ағасы Едігенің де ролі көп болды. Ол Әминге өмірлік ұстаз болған, спорт деген өнердің бар екенін де алғаш рет ағасынан естіген еді. Едіге оны көптеген жақсы істерге үйретіп, дағдыландырады, шыңдайды. Соның бірі – саятшылық. Саятшылық – атадан балаға жалғасып келе жатқан қызықты өнерлердің бірі. Табиғат ортасында өскен жас кейіпкердің саятшылықты, аңшылықты кәсіп ретінде түсініп, қызығуы табиғи.

Бұл қазақ прозасындағы балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі С.Бегалиннің “Сәтжан” повесіндегі Сәтжан, “Бала мерген” повесіндегі Уаш бала бейнесін еске түсіреді. Жастайынан табиғат аясында өскен баланың аңшылыққа құмар болуы заңды. Өйткені ол табиғат аясында жүргенде түрлі ұшқан құстарды, алыстан қасқырдың ұлығанын естіп тағы аңдарды кездестіреді. Осының бәрі жас адамның аңшылыққа деген сүйіспеншілігін оятып, ата-баба өнерін дамытуға қызығушылығын тудырады. Әрине ақылды да еңбекқор бала болғандықтан өзінің мектептегі сабағын да, үйдегі және түздегі жұмыстарын да қоса атқарып жүреді. Бұл арада жазушының қаламгерлік позициясы Сапарғали Бегалиннің осындай ұстанымымен үндесіп жатқанын аңғару қиын емес. Оның жас кейіпкерлері де қайсар да алғыр жастар, алдарына қойған мақсаттарын қайтсе де орындап шығуға тырысып, қайсарлық танытатын. Олай болса, жас кейіпкер өзі қалаған өнер жолында еңбек етуге де үйренеді. Жалқау адам аңшы да, саятшы да болмақ емес. Повесть оқиғасында бір күні Едіге Әминге тазының күшігін әкеліп береді. Оған “Лашын” деп ат қойып, ағасының айтуымен тамақтандырып, бағып-қағып, жұтынған тазыға айналдырады. Едіге Әминді саятшылық өнеріне баули жүріп, бір жолы арлан қасқырды қақпанға түсіреді. Қақпанға түскен қасқырды алу үшін әжесі де бар қайратын көрсетеді. Осы саятшылыққа байланысты Мақпал әжей баласына аңшылықтың қауіп-қатері көп желік екенін, Әминді бұған неге үйретесің дегеніне: “– Әже! Бұл деген қызық, тіпті спорт қой. Мынау үлкен шәрлі жерлерде стадион, клуб дегендер болады. Халық алдында жарысқа

түсіп, спортшылар өнер сынасады, – деп жауап береді. Едіге көбіне-көп Әминге бұрыла отырып:

– Рас па, тәте – Әмин Едігеге қарап қызыға сұрады.

– Әрине, қазақта атақты Қажымұқан, Балуан Шолақ деген кісілер болыпты. Орыста Поддубный, тағы басқалардың даңқы әлемге тараған ... ” [1, 32 б.]. Бұл келтірілген диалогтан Едігенің Әмин өмірінде қаншалықты орны болған адам екендігі көрінеді.

Ағасы Едігенің өзіне деген үмітін ақтау мақсатында Әмин мектеп бітіргесін математика пәні мұғалімі болуды ойлап Гурьев пединститутына оқуға түседі. Институтта студенттердің ең қызыға қатысатын сабағы дене шынықтыру пәні болады. Көп ұзамай кезінде спортпен айналысқан, мамандығы дәрігер Анжелика Куликова Жеңіл атлетикадан спорт үйірмесін ашып, студенттерді тарта бастайды. Дайындалатын жердің тарлығы, қолайсыздығы сияқты небір қиыншылықтарды бастан кешіріп жүрді. Соның бәрінде Әмин өзінің табандылығы, еңбексүйгіштігі, мінезінің бірқалыптылығы, сабырлылығының нәтижесінде Анжеликаның жақсы белсенді шәкіртіне айналады. Әминнің спорт өнеріндегі негізгі ұстазы Анжелика Куликова – жаны адал, балаларға мейірімді, талантты жастардың талабын тани білген, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын адам. Ол институтқа келісімен-ақ кездескен қиыншылықтарды біртіндеп жеңе отырып, спортқа бейімі бар, қабілетті, талабы мол жастарды өзі ұйымдастырған спорт секцияларына қатыстырып, дене тәрбиесін жандандыра бастайды. Институтта кабинеттен бастаған дайындығын жетілдіре отырып, талапты жастарды сайыстарға қатыстыруға дейінгі дәрежеге жетеді.

Әмин алға қойған мақсатына бірден жетпейді. Оның мақсаттылығын, алған бағытына тұрақтылығын сипаттайтын бірталай сын кезеңдері күтіп тұр еді. Бірақ, күнделікті жаттығу, шынығулар оның дағдылы ісіне айналады. Алғашында оған көп жаттығу керектігін, ол үшін әдіс-тәсілдерді мықтап меңгеруді баса айтады.

“– Сен бірақ көп жаттық. Бастапқыдағы тебініп ұмтылысың тым жақсы. Бірақ басқа бөлімдері түгелдей нашар. Кеуденді ұстай білмейсің, қолың да салпақтап кесел келтіреді. Алдымен жүгірудің бастапқы сәттеріне көп ысылып бос уақытың болса көп жаттық ...” [1, 58б.], – деген ұстазының берген. ақыл-кеңесінен соң қорытынды шығарған Әмин облыстық, республикалық жарыстардан үздік көрсеткіштерге ие болады.

“Спорт шеберлігіне, оның биігіне жету үшін күн сайын, ай сайын, жыл сайын күресіп отыру керек екен. Сондағы табысы не болмақ? Секунд!” [1, 66б.]. Секундтың ондаған бөліктері жетпей қалып соңғы екі жылда көп табысқа жете алмайды. Секундтардан ұтылып, алдыңғы табыстарынан төмендемесе де суырылып алға шыға алмай жүреді. Автор Әминді осындай күрестер үстінде бірде жеңіп, бірде жеңіліс сәттерін басынан кешіру арқылы шынайы түрде көрсетеді. Институтқа жұмысқа қалдырылған Әмин Севастопольде өткен студенттер біріншілігінен жүз метрді 10,9 секундта жүгіріп өтіп, КСРО мастері болса, 1962 жылы Африкада Гана Республикасында өткен жарыстан үздік көрсеткішке ие болып, әлемдік рекордты жаңғыртады. Егер Анжелика спорт жұмысын бұлайша жолға қоймағанда Әмин сияқты даңқты спортшының шығуы да екіталай еді. Ең бастысы, ол Әминнің өмір жолының жаңа арнаға бұрылуына өз ықпалын тигізеді.

Жалпы шығармадағы характер жағдайлармен өзара әрекеттестікте бейнеленгенде ғана тұтастық сипатқа ие болатын болса, бұл туындылардағы Әмин мінезі түрлі психологиялық ситуацияларда қалыптасатынына көз жеткіземіз. “Көркемдік шеберліктің аса елеулі түйіндерінің бірі – характер мен жағдайдың қабысуы” [6, 40б.], –деген Р. Бердібаевтың құнды пікірі тұрғысынан қараған суреткер шығармасында кейіпкер әлемін ашуда әртүрлі жағдайлық іс-әрекеттер ұсынады. Алдымен өз намысын, содан кейін отан намысын қорғай білген спортшы бала образы повесте осылайша нанымды әрі шебер бейнеленген. Алғаш рет республикалық жарысқа шығарда Әмин толғанысын қаламгер: “Онда, әрине, сан алуан жүйріктер тоғысар. Олардың өнерін көрер, барынша өз өнерін көрсетер. Мүмкін жеңер! Мүмкін, жеңілер. Әйтеуір, біреу жеңу, біреу жеңілу керек қой. Мәселе атақ-даңқта емес. Адамның көп жер көріп, көп ел танитынын айтсаңызшы” [1,

596.], – деген өз жерінде, елінде болып жатқан жарыста намысын қайрап, жанымауын атак құмарлықтан ада көңілінен болар деп топшыласақ, Африкадағы Гана республикасындағы жарысқа барған сапарында: “Опыр-ай, бірінші рет шет елге шыққанда ұтылып қалып ұят болар ма екен? Мынау ыстықта адам қалай жүгіреді? деп намысқа тырысып, туған жері Маңғыстаудың ыссы, қапырық ауасына үйренгендігінің де әсерінен болар бұл жарыста екі жүз метрлік қашықтықты 20, 9 секундта жүтіріп өтіп, әлемге аты әйгілі жүйрік Антаомен үзеңгілес келеді. Спорт өнеріне бүкіл өмірін бағыштаған атышулы жүйріктің дүние жүзінің көп елдерінде болып жарысқа қатысуын “Ыстық Африка”, “Он жыл өткен соң”, “Жұптасқан жүйріктер” бөлімдерінде Африка (Антао), Польша (Баденский, Маняк), Югославия (Пламмер), Польша, Германия, Румыния, Франция, Америка, Жапония т.б. елдердегі жарыс көрсеткіштерін, әрбір мемлекет туралы танымдық мәліметтерді ұшқыш-космонавт Герман Титов, Америка қайраткері сенатор Роберт Кеннедилермен тілдесіп, суретке түсуін публицистикалық элементтермен ұштастырып қызықты түрде береді.

“Әдебиет сүйер қауым былай тұрсын, қалың оқырман сонау алпысыншы жылдардың бас кезінде оның Токио олимпиадасының жеңімпазы жерлесіміз Әмин Тұяқовтың балалық, жастық шағы туралы жазылған “Желаяқ бала” атты кітабын жылы қабылдады. Айтылмыш кітап барша түбек тұрғындарының кітап сөресінен орын алды. Әлі есімізде, сол бір жылдары көркем әдебиеттен енді-енді ауыздала бастаған біздер, балалар бір-бірімізбен кездесе қалғанда “Желаяқ баланы” оқыдың ба деуші едік...” [7] деген оқырман пікірі повестің сол кезеңдегі құндылығын, көптеген жасөспірімдердің спортпен айналысуына септігін тигізгенін танытады. Сонымен “Желаяқ бала” үлкенге де, кішіге де тартымды, қызғылықты, қарапайым тілмен жазылған шығарма. Қырқыншы-елуінші жылдардағы өмірдің кейбір түбірлі шындықтары, шыншыл, толыққанды адам бейнелерінің көрсетілуі повестің құндылығын арттырады.

Сонымен қорытындылай келгенде, М. Әбдіхалықов аталған повесінде әлеуметтік шындықты жазу – заманның рухани тынысын жеткізу болса, өз кезеңінің өзекті шындығын қаламгер образдар жасау арқылы аша білген.

М. Әбдіхалықовтың “Желаяқ бала” повесіндегі қаһармандар түптұлғалары тарихи адамдар болғандықтан, оқырман автордың суреттеп отырған кейіпкерлері туралы бұрынғы білетіндеріне қосымша бірталай мәліметтер алары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдіхалықов М. Желаяқ бала. – Алматы: Жазушы, 1969. – 96 б.
2. Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 280 б.
3. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романдары. – Алматы: Өлке
4. Тұяқов Ә. Маршал // Жас толқын. – 2007. – №13. – 2 б. 1997. – 268 б.
5. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. – Алматы: Рауан, 1990. – 88 б
6. Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 280 б.
7. Спанов Ә. Азамат жүгін арқалаған // Коммунистік жол. – 1986. – 19 тамыз.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ЭРГОНИМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ

Муфтуллаева Ә., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Қамарова Н.С.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Қазіргі кезде ономастиканың топонимика, астронимика, антропонимика, зоонимика салалары сияқты эргонимия да мекеме, ұйым, қоғам, кеңес т.б. жиынтық атауы, соларға

қатысты жалқы есімдерді зерттейтін саланың терминдік атауы ретінде қалыптасып орын ала бастады. Әйтсе де, тіл білімінде ономастиканың басқа салаларына қарағанда эргонимия жете зерттелмеген, ашылмаған қырлары көп сала. Ал эргонимияның құрамына енетін атаулардың бір тобы — асхана, мейрамхана, азық-түлік дүкендері, кафе атаулары жайлы қазіргі тіл білімінде сирек те болса кездесетін мақалалар болмаса, арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Эргонимдердің зерттелуі жайлы сөз қозғағанда Ресей ғалымдары Е.С.Отин, Т.А.Соболева, А.В.Суперанская, Б.Б.Букчина, Г.А.Золотова, Т.В.Шмелева, Р.А.Москович, М.В.Горбаневский еңбектерін айтуға болады.

Эргонимия (эргоним грек тілінен *Ērgo* «іс, қызмет, еңбек» + *онума*, *опома* «есім, ат, атау») — онимнің бір түрі, адамдардың біріккен ісінің, соның ішінде кеңестің, ұйымның, мекеменің, қоғамның, үйірменің жалқы есімі [15, 166]. Мұның бәрі тіліміздегі терминологияның қоғамдық қызметінің өрісін кеңейтіп отырған құбылыстар. Бұлар бір сала әңгіме де, ал зерттеу нысанамыз болып отырған министрліктер, кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу мекемелер аттары сәл де болса өзіндік ерекшелігі бар тілдік материал болып саналады. Бұл бағыттағы зерттеулер енді ғана қолға алынып келеді. Бұл жағдайда жалқы есімдердің ерекшеліктері ғалымдардың назарынан тыс қалмау керек. Мысалы, Ақтобе сырт киім трикотаж фабрикасы — Актюбинская фабрика верхнего трикотажа. Бұл кәсіпорынның аты орысшасында төрт сөзбен, ал қазақшасында бес сөзбен беріліп тұр. Қазақша аудармасындағы басы артық болып тұрған «киім» сөзі, орысшасында «трикотаж» сөзінің аясында тұр. «Трикотаж» сөзінің дәл мағынасы - жүннен тоқылған киім. Орысшасы ықшамды, құрылысы күрделі қалыптасқан термин. Қазақшасында аударма еркіндігі байқалады. Термин мұндай шұбалаңқылықты көтермейді. Ақтобе сырт трикотаж фабрикасы деп аударсақ, дағдылана келе «трикотаж» сөзінің аясында «киім» деген ұғымның қосақтала жүретінін білеміз.

Украин ғалымы О.О.Белей эргонимдер туралы арнайы зерттеу жұмысын жазып, эргонимдер ішіндегі тамактану орындарының атаулары жайлы семантикалық-құрылымдық талдау жасаған. Д.А.Яловец-Коновалова өз еңбегінде Ресей қалаларының коммерциялық орындардың атауларын зерттеп, ономастиканың басқа салаларынан ерекшелігін көрсетіп, коммерциялық орындардың атауларын зерттеу тіл білімінде үлкен рөл атқаратындығын айтқан. С.В.Земскова Тольятти қаласының эргонимдерін зерттеп, лексика-семантикалық құрылымдық талдау жасаған, ал И.А.Астафьева Омбы қаласының ойкодомонимдерінің жасалу жолдарын зерттеген.

Орыс ономастикалық терминдерін зерттеп, бір жүйеге түсірген Н.В.Подольскаяның пайымдауынша, орыс терминдері көбінесе грек-латын негізінде жасалған. Сонымен қатар, өз еңбегінде қырғыз және әзірбайжан ономастикалық терминология сөздігіне баға бере отырып, ономастикалық терминдерді грек немесе латын тілдерінен алуға болатынын және әр халықтың ұлттық негізге сүйенетін өз терминдері болуы керектігін айтқан.

Қазақ ономастикасында терминдер жете дамығанымен, арнайы терминологиялық сөздік жасау болашақтың ісі болып табылады. Әрине, әрбір ұлттық негізде терминдерді жасаудың мүмкіндіктері баршылық, мысалы, қазақ ономастикасында көп жылдар бойы халықаралық терминдермен қатар қазақ тілінде жасалған терминдер де қолданылып жүр. Қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың бірі профессор Т.Жанұзақов ономастикалық терминдерге көңіл бөліп, ғылыми еңбектерде синоним ретінде қолданылып жүрген терминдер бойынша мынандай мысалдар келтіреді: «Ономастика терминімен қатар жалқы есімдер, антропонимиямен бірге кісі аттары, топонимика деп те, жер-су аттары деп те, этнонимия орнына ру, тайпа аттары деп, космонимиямен қатар ай-жұлдыз аттары деген терминді қолдандық». В.Н.Попова, Е.А.Керімбаев, Г.Б.Мәдиева, К.К.Рысбергенова т.б. көптеген авторлар грек, латын тілдерінен енген терминдер нақты мағынаны білдіріп, терминдер қатарына жеңіл кіре алатынын, өздерінің сөзжасамдық мүмкіндіктерінде шек жоқ екендігі жөнінде айтқан. Топонимдерді зерттеу барысында В.Н.Попова қосалқы археологиялық мәліметті беретін топонимнің бір түрін бөліп шығарып, оларға археоним терминін қолданады. Ал К.К.Рысбергенова Оңтүстік Қазақстанның

топонимдерін жүйелей отырып, сол аймақта көп кездесетін құм атауларын бір топқа жинақтап, құм атауларының түрлеріне байланысты эремотим (грек тілінен егето «алқап») және ареноним (латын тілінен агепа «құм») деген терминдерді ұсынады [1, 153].

В.А.Никонов ономастиканың өмірдің ең маңызды жақтарының барлығына қатысты салаларының бірі — мекеме, дүкен, кафе атаулары екендігін айтып, «осы атауларға бірнеше термин ұсынады, бірақ тағылған терминнің әлі сәттісі жоқ» екендігін көрсеткен. Сонымен қатар, шетелде ірі мекеме орындары арнайы осымен айналысатынын айта келе, Ульяновск қаласындағы атаулардың нысанаға еш сәйкес келмейтінін дәлелдейді. Мысалы, «Ландыш» дүкенінде темір-терсектер сатылады, гүл сатып алушылар «Космос», «Прогресс» дүкендеріне баратынын, ал сүт сатып алушылардың құс сүтін алатынын өкінішпен айтқан, себебі сүт сататын дүкендер «Чайка», «Ласточка» деп аталады [2, 21]. Т.Жанұзақов ономастика құрамына енетін атаулардың бір тобына тауарлық белгілерді, мекеме, газет, журнал атауларын жатқызып, олар жөнінде жалпы тіл білімінде кейбір кішігірім мақалалар болмаса, арнайы зерттеулердің жоқтығын айтады [3, 11].

Эргоним терминінің өзі соңғы жылдарға дейін орын теуіп тиянақталмай әртүрлі атаумен аталып келді. Н.В.Подольскаяның ономастика бойынша терминологиялық сөздігі шыққанға дейін іскер адамдар бірлестік атауларын ғалымдар онимнің бөлек тобына жатқызады. Ю.А.Карпенко осы тектес атауларға өзінің эргонизм терминін ұсынған. Ю.А.Карпенко ұсынған эргонизм термині мағынасы жағынан да, жасалуы жағынан да онимдер қатарының кіре алмағандықтан, ономастикада бұл термин өз қолданысын таппаған. Іскер адамдар бірлестік атауларына эргонизм терминінен гөрі эргоним терминін қолданған дұрыс. Себебі, біріншіден, оның құрамында жалқы есімдерге қатысын көрсететін «оним» грек тілінен енген терминдік элементі бар. Екіншіден, қарастырылған термин терминологиялық үлгі бойынша жасалған, сондықтан ономастикада қабылданған белгілерге ие болып, басқа терминдер қатарына ене алады, мысалы, антропоним, топоним, космоним, зооним, гидроним т.б.

Н.В.Подольская, А.В.Суперанская эргонимдерді прагматонимдердің бір түрі деп есептейді. Олар адамның ісі бойынша денотаттары жалпыланып біріктірілген атауларды прагматонимдерге шартты түрде жатқызады. Прагматоним термині мағынасы жағынан эргонимдерге қарағанда кеңірек, өйткені барлық материалдық мәдени атауларды біріктіреді. Мекеме орындарының атауын Н.Г.Гордеева, А.Г.Широков урбаноним, А.Л.Василевский ктематонимдер, З.П.Комолова прагмоним, ал кейбір зерттеушілер эргоурбаноним атауды ұсынғаны белгілі. Урбаноним термині тек мекеме емес, көше атауларын қарастырғанда қолданылады, ктематоним термині негізінен байлық деген ұғымды білдіріп терминдік емес жалпылама түсінік береді, объектілердің бәріне қолданылады, ойкодомоним жалғыз текті кеңсе атауларын зерттейді. Мысалы, Республика сарайы, Студенттер сарайы, Қастеев мұражайы, т.б., ал прагмоним термині соңғы кезде көптеген ғалымдардың еңбектерінде тауар атаулары мағынасында қолданылып жүр [4, 54].

Жалпы тіл білімінде жалқы есімдерді зерттеу объектісі ұлғайып, дамумен байланысты оның терминдік атауына да ерекше мән беріледі. Осыған орай зерттелген объектілердің атауларын тағамхана атаулары деп алып (тағамхана — пищеблок), синоним ретінде менсоним терминін ұсынып отырмыз. Менсоним (латын тілінде *mensa* «тамақ, түстену, асхана, науа (лоток), дүкеншік (лавка)» + грек тілінен *орута, опота* «ат, атау, есім») — азық-түлік сату, тамақтану орындарын атайтын жалқы есім, эргонимнің бір түрі, яғни тағамхана атаулары. Бұл терминді ономастикалық терминдерді зерттеген көптеген ғалымдардың шығарған төмендегі объективті критерийлеріне сәйкес келгендіктен ұсынып отырмыз:

- термин көбінесе бір сөзді (бір, екі немесе үш негізді) болуы керек, мәселен, топоним, зооним, этноним, этнотопоним, космоним. Осындай критериймен жасалған термин ықшамды және өзіндік терминологиялық қатарын құрайды;

- терминнің негізін грек және латын термин элементтері құрағаны дұрыс, себебі терминнің халықаралық түсінігі болуы қажет. Сонымен бірге термин ешбір қосалқы мағынаны білдірмеуі керек.

Қазақ тіл білімінде эргонимия зерттеу объектісі ретінде алынып, жан-жақты зерттелмегенімен, А.Есенкұловтың «Кейбір өндіріс орындары атаулары» мақаласында біршама қарастырылған. Автор өндіріс орындары атауларының жасалу тәсілдеріне көңіл бөліп, қазақ және орыс тілдеріндегі аббревиатуралық өндіріс орындары атауларын салыстырған [5, 22].

Жалпы қазақ ономастикасының өзіндік зерттеу тарихы, даму жолы бар. Қазақ ономастикасы туралы алғашқы пікірлер А.Е.Алекторовтің, А.А.Диваевтің мақалаларында, В.В.Бартольд, Ш.Ш.Уәлиханов, В.И.Даль, Н.И.Ильминский, А.И.Самойлович т.б. еңбектерінде кездеседі.

Т.Жанұзақов 1971-1981 жылдары түркі топонимикасы бойынша семантикалық классификациясын, құрылымдық типтерін, лексика-грамматикалық, фонетикалық жақтарын, топонимияның этнографиямен, тарихпен байланысын т.б. қарастырған көптеген еңбектер жарық көргенін айтады. К.Жұбанов, І.Кенесбаев, С.Аманжолов мақалаларын ономастика саласындағы алғашқы зерттеулер қатарына жатқызуға болады. Г.Мұсабаев, Г.Айдаров еңбектерінде, Ө.Әбдірахманов, Г.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақов, О.Сұлтанияев, Э.Нұрмағанбетов, В.Н.Попова, Е.А.Керімбаев т.б. арнаулы зерттеу жұмыстарында ономастиканың топонимика, антропонимика сияқты салалары этимологиялық, құрылымдық, семантикалық тұрғыдан жан-жақты терең талданды. Ономастика салалары жасалуы, семантикалық тегі жағынан бір-бірімен тығыз байланысты [6, 240].

Көп жағдайда туристік фирмаларға, түнгі клубтарға еш мағына бермейтін шетел тілінен алынған сөздер атау ретінде қолданылады. Мысалы, Тета, Тусма, Колизей, Омега, Эмирон, Модус т.б. Кейбір компьютерлік клубтар атаусыз болып келеді, бірақ қазіргі кезде "Насег" сөзі атау ретінде тағылған компьютерлік клубтар кездеседі. Жиналған материалдар бойынша, менсонимдерде қала өміріне, мәдениетіне сүйене отырып тағылған атаулар да кездеседі, мысалы, "Алтын адам" мейрамханасы; "Наурыз" дүкені; "Шанырақ," мейрамханасы; "Асыл ана" кафесі; "Алтын орда" бары [7, 5].

Көптеген объектілердің өзіне тән жалқы есімі, яғни жеке атауы болады. Бұл ерекшелік алдымен нысанның қоғамдық маңыздылығымен анықталады, сондықтан олар жалпы есім мен жалқы есімге ие. Бір-біріне қарама-қарсы бағыттағы мағыналардың кеңеюі мен тарылуы «тегі-түрі» семантикалық қатынастың бағыныңқылы байланысына тіреледі, ал бір тектік ұғым аясындағы салыстыру арқылы ашылатын бір түрге жататын объектілердің мағыналары бір-біріне бағыныңқылы байланыста болады. Жалқы есімнің денотативтік мағынасы, олардың нысанмен тікелей байланысы лексикалық категорияның номинативті тенестіру міндетімен анықталады. Жалқы есім мен ұғымның мағыналы қатынасы жайлы айтатын болсақ, олардың байланысын жоққа шығару дұрыс болмас еді. Пропорционалды бірліктер жалқы есімдерде атау ретінде негіз болған жалпы есімдердің ұғымынан алшақ, бірақ әр атау онсыз дискурста қызмет корсете алмайтын тектік белгіленушімен байланысқан. Жалқы есімдердің ұғыммен байланысы зат арқылы жарнамаланған, ал жалпы есімдерде бұл байланыс тікелей берілген.

Адамның сана-сезімі атау беру кезінде объектінің барлық ерекшеліктерін ескере алмайды, бірақ ұқсас объектілерден дифференциялау ерекшелігі сақталады. Дифференциялау аталмыш объектіні басқа ұқсас объектілерден ажырату үшін қандай да бір белгісін анықтайды. Атау тану мәселесімен сабақтас, өйткені атау сол объектіге ғана қатысты белгісін анықтайды, яғни атау дегеніміз – аталмыш объектінің ерекшелік қатынасын білдірегін тілдік белгідегі мағына. Атау бірлігі болу үшін бұл бірлік белгілеу, атау, аталмыш объектілерді анықтау қызметтерін аткаруы керек, яғни объектіні ауыз-екі сойлеуде тілдік құралмен белгілеу деген соз.

Жалқы есімдерде «атау-объект» байланысы үстем, сондықтан аталынып тұрған объект пен онын ұғымы аясында атаулардың әр түрлі коннотациялары топталады. Жалқы есімдерді дұрыс

түсіну үшін кімді немесе нені белгілейтінін жаксы түсіну, білу керек. Мұны білмеген жағдайда ауыз-екі сөйлесуде кай объект жайлы соз козғалғаны белгісіз болады. Өнімсіз тек кана термині бар объектілер де кездеседі, мәселен, азық-түлік дүкені, асхана, дәмхана т.б. Оларды тек орналасқан орнын көрсету арқылы басқа біртектес объектілерден ажыратуға болады және мұндай терминдер атау қызметін атқарғанымен жалпы хабарламалық-жарнамалық қызметін атқармағандықтан, келушілердің есінде сақталуы мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рысбергенова К.К. Историко – лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. - Алматы: Ғылым, 2000. – 153 с.
- 2 Никонов В.А. Имя и общество. – М., 1974. – 278 с.
- 3 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы: жетістіктер мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 124 б.
- 4 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Общая терминология: Вопросы теории. - М.: ЛИБРОКОМ, 2012. – 248 с.
- 5 Есенқұлов А. Мекемелер мен ұйым аттарының жасалу жолдары, – Алматы, 1986. – 165 б.
- 6 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. - Павлодар: С.Торайғыров атынд. ПМУ, 2008. – 240 б.
- 7 Морозова М.Н. Названия культурно – бытовых учреждений // Русская речь, 1973. - 256 с.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәжіғұлова Ж.

Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған Форт-Шевченко мектеп-интернаты, Форт-Шевченко қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі қаратпа сөздер талданады. Қаратпа сөздерді қолданудың ұлттық ерекшеліктері зерделенеді.

Түйінді сөздер: қазақ тілі, қаратпа сөздер, ұлттық ерекшеліктер.

Салыстырмалы түрде қарағанда, қазақ тілі мен орыс тілі әр түрлі топтардан, қазақ тілі-аглютинативті, түркі тектес топтардан, орыс тілі- флективті, славян тілдеріне кіретіні белгілі. Әйтсе де, бұл тілдердің арасында өзіндік бір ықпал, жақындық байқалады. Мысалы, орыс тілінде кішкентай балаға «солнышко» (ты мое) деп қаратылады. Орыс халқы үшін – күн нұры ең қымбат, күшті негіз, өмір шырағы. Қазақ тілінде де бұндай қаратпалар құнды. Себебі, көшпелі ата-бабамыз күнді «жылылық», «шуақты» және «өмір айнасы» деп қарап, «күнім» деп еркелетіп, балаларын айналып толғанатын болған. Өте жақын қатынастағы адамдар арасында еркелету мәнді сөздер де «айым»-моя луна, «жұлдызым» - моя звездочка, «шолпаным»- моя венера, «қалқам»- миленький т.б жақын тарту сипатындағы сөздермен де қаратылады:

Орыс тіліндегі айналып-толғану қаратпаларынан қазақ тіліндегі қаратпалардың ерекшелігі:

1. Аспан жұлдыздарына теңгерім: «айым», «аспаным»
2. Үй жануарларына атымен қаратылып айтылатын мейірім сөздер, себебі қазақ халқы төрт түлікті ежелден бері киелі деп санаған. Ол жесе-азық, мінсе-көлік, кесе-киім. Мысалы: «ботам», «қошақаным», «құлыншағым» т.б

3. Құс атауларымен балаларға қаратыла айтылатын қаратпа сөздер. Мысалы: «қарлығашым», «көгершінім», «балапаным» т.б

Орыс тілінде «сіз» деген қаратпа сөзі ХІІІ ғасырда ақсүйектердің арасында француз тілі мен мәдениетінің ықпалының арқасында енген деген сөз бар. Сондай-ақ, «сіз» деп жауына қаратылып айтылатын деген де пікірлер қалыптасқан. Бұған дейін орыс халқының дәстүрлі тілдік этикетінде фамилярлы және формальды қаратпалар қолданылған. Сондықтан да, «сен» есімдігі патшаға қаратылып айтылуы мүмкін: «ты, царь-батюшка»... «Петицияда» (Петербург тұрғындары мен жұмысшыларының Николайға арнауы) «сен» сөзі Николай патшаға қаратылып қолданылған [1].

Қаратпалардың жасалуы, түрлері болуымен қатар, олардың сөйлем ішінде, оларға байланысты қойылатын тыныс белгілері де бар. Қаратпа сөздер сөйлем ішінде орындарына қарай, тыныс белгілерінің түрлері де қабаттасу процесі де әртүрлі. Оның үстіне сөйлем басында келген қаратпа сөздердің интонациясы да ереше болатыны мәлім. Осыған орай, орындарының ерекшелуінен үтір, леп белгісі қойылады.

Қаратпа сөз сөйлем ішіндегі басқа сөздерден тыныс белгілері бойынша ажыратылып беріледі. Негізгі тыныс белгілері- үтір мен леп белгісі. Бұлардың қайсысының қойылатыны әлбетте қаратпа сөздің қандай дауыс ырғағымен айтылатынына байланысты.

Текстегі сөздермен бір қалыпты айтылғанда, қаратпа сөздің сөйлемдегі орнына байланысты қойылатын тыныс белгісі- үтір.

1. Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін қойылады: Осы тізбедегі адамдар сайлансын дегендерің, қол көтеріңдер (Б.М)

2. Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, үтір оның екі жағынан қойылады: Ойында тек салмақ болсын, Володя, басынды өзі-ақ көтеріп әкетер әлі...Бас тіреуі ой ғой (Ғ.М)

3. Қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, үтір оның алдынан қойылады: Сап,сап, көңілім,сап, көңілім (Абай)

Қаратпа сөз сөйлем ішінде көтеріңкі дауыс ырғағымен айтылса, леп белгісі қойылады. Мұндайда қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін леп белгісі қойылып жазылады: Кавказ! Шота Руставелидің туған жері, Пушкин мен лермонтов жанындай сүйген жер,сені қалайша сүймессің, қалайша сені мақтаныш етпессің! (Б.Бұлқ.) Бұл сөйлемде Кавказ сөзінен де басқа қаратпа сөздер баршылық, бірақ бүкіл сөйлемге ерекше екпін беріп тұрған-Кавказ.

Көтеріңкі дауыс ырғағымен айтылған сөйлемде қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, қаратпадан кейін деп белгісі қойылады. Ал қаратпа сөздер бірыңғай мүшелер тәрізді бірнешеу болып тандассе, олар өзара үтірмен ажыратылады: Тындаңыздар, Шығыс пен Кавказдың ұлдары, менің бауырларым! (Б.Бұлқ.) [2, 180-181].

Қаратпалар сөйлемнің басқа сөздерімен белгілі синтаксистік тәсілдер (қиысу, қабысу, жанасу, матасу) арқылы байланыспайды, бес түрі сөйлем мүшесінің ешбіреуіне де жатпайды, бірақ сөйлем құрауға қатысып, белгілі бір эмоциялық-модальдық, өзіне тән арнаулы мағыналық қызмет атқарады. Қаратпалар сөйлемнен тысқары жеке келуі де мүмкін, сөйлем ішінде де келуі мүмкін. Сөйлемнен тысқары жеке келген қаратпалар леп белгісімен, кей сәтте көп нүктемен ажыратылады. Сөйлем ішінде келген қаратпалар сөйлемдегі басқа сөздерден үтір арқылы бөлінеді. Қаратпа бір сөз болып та (жалаң), бірнеше сөз блып та (жайылма) келеді.

Қаратпалар, көбінесе, көркем әдебиетте, диалогтарда, сондай-ақ ұран, үндеу, бұйрық, хабарландыру, хат сияқты жазу түрлерінде қолданылады. Неге жүдеусің, Әбіш, денің сау ма? Абай аға, дәл осы жайды мен жазамын (Әуезов). Сүйкімді болат қанжар, түрсың жайнап. Сорлы Онегин, жолды өзің біл, қай тарапқа қаңғырар (Абай). Келін, ә келін, - деді ол (Мұқанов). Жүрегім, ойбай, соқпа енді! (Абай). Тында, дала, Жамбылды! Тында, Қастек, Қаскелең! (Жамбыл). Әдебиет пен искусство қараткерлері!

Шығармалардың жоғар идеялығы және көркемдік шеберлік үшін күресіндер (газеттен). Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың (Абай).

Қаратпа болатындарға:

1.Тындаушының аты-жөні, яғни жалқы есімдер жіне адамның кәсібіне, туыстық жайына, жынысына, жасына байланысты айтылатын сөздер мен тіркестер.

Ойларың мен сөздердің ашуы жеткен удай қатты тиді-ау, Базеке! Е, қайғылы шал қайда болса табылады, маған қажырынды бер, Абай! (М.Ә). Жеңеше, қайтамыз а? - деді Шұға. Ойбай, тентекжан, жүр, ауылдың адамдары жүгіріп келдеі (Б.М). Ата, жібере салыңызшы! Балам, тәртіп дегенді білу керек (Иманжанов). Ақсақал, төрге шығыңын! Тақсыр, балық аз (Ә.Н). Сіз ұялмай-ақ қойыңыз, келін, ұяты болса өзіңе келеді ғой, - деп Қайырбай сұрланайын деді. – Жоқ, қайнаға, ол екі араға делдал болмай-ақ қойыңыз, - деді Раушан (Б.М).

2. Біреуді еркелетіп, жақсы көріп я болмаса жек көріп айтатын сөздер де қаратпа болады.

Жаным, есен жеттің бе? Сәулем, ұзағынан сүйіндірсін! Көп сағындырдың ғой, қуатым! Сапарың құтты болсың, қарағым! (М.Ә). Қой, шырағым, қала сәнін ауылға әкеліп опа табам демей-ақ қой. Қоңыр қозым, ботам, келші (Ә.Н). О, сиқыр, тағы келдің бе қасыма? (Ғ.М). Не деген имансыз едің, кәрі төбет! Ей, құдай ұрған, тұра тұр, бәлем! Бұны кім үйретті, доңыз? Қой жарықтығым, жетті енді (М.Ә). Бар болғыр, жай болушы ма еді (Ғ.М).

3.Адамнан басқа тірі жан-жануарлардың аттары да (олардың атаулар я болмаса оларға қойылған аттар) қаратпа ретінде қолданыла алады: Ей, аққу, сәлем деші жолыққанда! (С.С). Айтақ, айтақ, жендер! Жолдыаяқ, бөрібасар, Бөрібасар! (М.Ә). Әуеде ұшқан алты қаз, етің шекер, сорпаң баз («Қыз Жібек»). Айналайын Шұбар ат, Қолтығында бар қанат («Алыпамыс»); Құр-р, жануар, құр-р! (Ғ.М).

4.Жансыз, дерексіз заттардың атауы да қаратпа болады: Тілім, саған айтайын, Осы сөздің келесін тап. Қолым, сені қайтейін, Қаламды тұрсың қатты ұстап. Жүрегім, нені сезесің, Сенен басқа жан жоқпа? Дүниені, көңілім, кезесің, Тиянақ жоқ па, қой, тоқта (Абай); Домбыра, мұнша шешен болдың неге? (Аманжолов); Қош, туған жер! (С.М). Зеңгір тау, сен боласың да мұндасым! Айсыз түн, сен боласында сырласым! (Ғ.М).

5.Нақтылы біреуге я болмаса бір нәрсеге қарата айтылмай, жалпылық-белгісіздік мағынадағы бірденелерге (құдайға, жасағанға, тәңірге т.т.) қарата айтылған сөздер де қаратпалардың бір түрін құрайды. Бер, тәңір, берекенді! Менің сиынғаным бір әруақ, бір құдай! Өзіңсің, бабам! Азған мен бұзғанды өзің тап, әруақты, киелі ата! – деді Оразбай (М.Ә). Құдай-ау, қай жерде, қашан ғана қыз бер деп сұрап ем сеннен (Ғ.М).

6.Сөйлеушінің өзіне қарата айтылып, оның эмоциялық қатынасын (өкінгенін, қайғырғанын т.б.) білдіретін сөздер мен тіркестер. Солай ма еді, аңқау көбірек! (Ғ.М). Бұл не пәле? Қайда кеп түстім, сорлы көбірек-ау! (М.Ә).

Ескерту. Құдай-ау, жасаған, алла-ай т.б. сияқты сөздердің одағай ретінде әр түрлі эмоциялық сезімді білдіретін олардың қаратпа болып келетін жағдайларымен шатастырмау керек. Одағай жайлы тақырыпты қараңыз.

Қаратпаның эмоциялық реңкін күшейте түсу үшін, ол екі (кей сәтте үш) рет қайталап та келеді, мұндайда араларына одағай қосып алуы да мүмкін. Кей сәтте бір қаратпаның өзі бірнеше түрлі сөзбен қайталап та айтылады.

- Келін, ә келін, - деді ол (Мұқанов). Қош, қалқам, қалқам! – деді Шұға (Б.М). – Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! Ой, Оспан! Айналайын! Қалқатайым, қой! Қоя қой (М.Ә). Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың (Абай).

Бірнеше адмаға арналған әр түрлі қаратпалар қатар келе береді. Ондайда араларына үтір, кей сәтте леп белгісі қойылады.

- Кәкітай, Дәрмен, Мағаш! Мұнда келіндер. Тәкежан, Қаражан, сендер де тындандар! (М.Ә). Қарағым Ұлпа, құлыным Бақыт! Не күйде екенсіндер! (Б.М).

Қаратпа сөздер құрылымы жағынан жалаң (бір сөзден тұрған) және жайылма (бірнеше сөзден құралған) болып келеді. Жалаң қаратпа сөздер жалқы есімдерден басқа мынадай тұлғалардан жасалады.

1. Атау тұлғадағы жекеше, көпше түрдегі, тәуелдік жалғаулы және тәуелдік жалғаусыз зат есімдер я болмаса зат есім орнына қолданылған есімше, сын есім, сирек болса да реттік сан есімдер.

Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат. Сергі, көңлім, сергі енді. Өрбі, сөзім, өрбі енді (Абай). Бала, сен не білдің (С.М). Я болмаса, жазған, айтсайшы (Б.М). Айыңа да, күніңе де ортақ болмадым демейін, жасаған, осы күнімді батыра көрме!

Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті.

- Аллаға неден жаздың, сорлы? – депті (Абай).

2. Жасы кіші адамға, балаға, жақсы көрген адамға айтылатын қарағым, жаным, сәулем, шырағым, қалқам, күнім, айнама, құлыным, ботам, қозым сияқты сөздер І жақ жекеше тәуелдік жалғауда тұрып, қаратпа сөздер ретінде қалыптасқан. Бұлар жеке тұрып та, басқа жалқы, жалпы есімдермен қатар келіп те қаратпа болады. Зорлық жоқ, жаным! Қарағым Әбіш, әкең екеуіңнің сөзің бір жерден шықты-ау! Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр... сәлем бер! (М.Ә). Қарағым, жылыт, тамақ бер. Жаз шыққанша асыра. Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп. (Абай) Жоқ, қалқам, сендер араласпандар. Рай, шырағым, бүгін кешке біздікінде боларсың (Ә.Н). Келін шырағым, сені коммунист дейді (Б.М). -Апа!-деді Кенжетай есіктен кіре, -Әу құлыным! Тондың ба?(С.М). Тоқталдым дедің бе, күнім? Қайда кеттің,Ақтоқты? Жүрші, сәулешім! (Ғ.М). Бақытты бол, құлыным, бара ғой (С.М)

3. Әй,ау, ей, уа,уай тәрізді одағайлар да қаратпа сөз ретінде жұмсалуды мүмкін. Әй, тұрсайшы үйге барайық (Б.М) Уа, үйде кім бар? Уай, бұл не түге? (Әуезов) Уай, қайда әлгі Сердәлі (Мүсірепов). Ау, қастарында тағы біреулер бар емес пе еді. Әй, тұр, тұр енді (Ә.Н). Әй, егеуді қалдырма, егеуді (Ғ.М). Уа, ер, кәне, еретінің (Ғ.М).

Жайылма қаратпалар құрамы жағынан әр түрлі болады. Олардың жиірек ұшырайтын түрлері мыналар:

1. Жалқы есім мен туыстық қатынасқа, адамның жасына, кәсібіне, әскери шеніне, қызмет дәрежесіне т.б байланысты сөздердің тіркесі.

Абай аға, менің аузымдағы сөзімді Шұбар айтты (М.Ә). Ауылнай жолдас, сыбырынды тоқтатып, жиылысыңды ашсаң, қалай болар еді (Б.М). Қазір бітеді, жолдас Семенов (З.Қ). Жалмұқан мырза, ауыз басқанікі, айтақ сенікі екен ғой. Қазір, жолдас сардар. Жолдас комиссар! Қала жаудан тазаланды. (Ғ.М)

2. Бір я болмаса бірнеше сөзден жасалған анықтауышы бар қаратпалар. Ол анықтауыштар сын есім, есімшеден жасалуы да , ілік септіктегі сөз болуы да мүмкін.

Асқақтаған сұлу, сөз тында! Қорқақ жау, осы ма еді андыған жерің! Күңіренген қос анам, қос кеудені бір иіскетіндерші. Қош болындар, құшағында өсірген екі мұндық! Қош, алтын бесігім-өскен ел, туған жер (Ғ.М). Сүйікті қайным-ау, осы сен не деп тұрсың? (Нұрпейісов) Мың сәлем саған, мәңгі жолдас Майым! (С.М) Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең өзің біл (Абай) Жастықтың оты, қайдасың? (Абай) Амансың ба, Қарауылдың қыз-жігіті (Ғ.М) Ақ-қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан қара бет! Әй, шалағай балам-ай, көңлің түзу болғанмен жолдан тыс жайылып отырсың ғой. Қадірлі Мағыш, мен сізден кешірім өтінгелі келдім. (М.Ә) Соры қайнаған сорлылар-ай, шын сорлы енді болдындар ғой. (Мұқанов)

3. Адамның аты, әкесінің аты, кей сәтте фамилиясы қатар айтылып, олар да жайылма қаратпа болады.

Гавриил Гаврилович, есіттіңіз бе? (С.М). Ибрагим Кунанбаевич, көңілсіз жолға барасыз (М.Ә). Сарбаз Мұңайтпас Көпжасаров, бүгіннен бастап сен жүзбасы боларсың да, Кете батырға жәрдемші болып барарсың (Мүсірепов).

4. Қаратпа ал сөзімен тіркесіп те келеді:

Ал құрбым, мен даяр: енді үшінші шартынды айт! (Ғ.М). Сөз осы, ал жігіттер, аттарыңды қамдандар! (С.М). Ал ағайын, мін енді тегіс аттарыңа! (М.Ә). Ал ардақты аға, құрбы-замандастар, көп қалады дегесін алдарыңа келдім. (Ғ.М)

5. Есім мен етістіктің тіркесінен жасалған қаратпалар тілек, қарғыс, ұрсу т.б сәттерде айтылады. Мұндайда етістік –қыр, -ғыр, -кір, -гір жұрнақтарын жалғаған тұлғада тұрады. Қан жауғыр, өңімде болса, не қалатын еді, түсімде тағы (Ғ.М). Ой, ернің, асқа тимегір! (Ә.Н). Көзің аққыр, көзің ақсың!-деп Бөжей айқай салды. Құдай сілегір, кетші былай! Тыныштық бермедің ғой. (М.Ә). Әй, Бәтима, құрып қалғыр, мұнда келші! (Б.М).

Қаратпалар, көбінесе , әй, уа, ау, уай, уәй, ой, е, о деген одағайлармен тіркесе келеді. Мұндайда одағайлар қаратпа сөз я болмаса сөз тіркесіне әр қилы экспрессивтік реңк береді, сонымен бірге одағайлар қаратпа сөзге баса назар аудартады. Одағайлар қаратпаның тура алдында тұруы да, қашықтап тұруы да мүмкін.

-Әй, Бүркітбай,-деді Итбай,-мынау Андрей итің аш жатқызбай ма екен бізді? Әй, тоқташы, жиен (С.М). Әй, балам-ау, мына жер жау жатағы! Уа, қой деймін, бала! Уай, Құнанбай, мені құдайдың жылатқаны аз ба еді! Ей, Байсал, сен бата бермегенмен , мынау болайын деп тұрған бала ғой. (М.Ә) Е, Раушан, ауылнайлық қалай екен. Ау, Қуандық-ау, қойсаңшы. Уа, Тұтқыш, жол болсын (Б.М). О,құдай, қыз бермедің, пәле берген екенсің ғой (Ғ.М)

Қаратпаларға –ай, -ау деген шылаулар тіркесе айтылып, оларға белгілі бір модальдық мән береді.

Құлыным-ау, не деп кеттің? Жәке-ай, жаңа ұқтым ғой ойынды (Мүсірепов). Апа-ай, енді бақсы-құшнаш боп, елтірі-сең-сең жинағанша, Тонтекеңе тартқаным көш ілгері емес пе? (М.Ә). Жұртым-ай, шалқақтамай сөздге түсін. (Абай). Шеше-ау, мына суреті несі?

Қаратпа сөздердің сөйлем ішіндегі орнына келер болсақ, олардың тұрақты орны жоқ, ол сөйлемнің басында да, ортасында да, соңынан да келе береді. Бірақ кейбір реттерде қаратпаның қызметіне, жалпы сөйлемнің мағынасына қарай оның, көбінесе сөйлемнің басында я болмаса аяғында тұратын жағдайы да болады.

Қаратпа сөз амандасу, қоштасу, рұқсат сұрау, ризалық білдіру, алғыс айту сөздерімен қатар жұмсалғанда, көбінесе, олардан кейін қолданылады. Сондай-ақ қаратпалар жарайды, мақұл, кәне, я, жоқ сияқты сөздерден де кейін келеді. Мысалы: Кәне, Сәбит, сен де киін! Қош, туған жер! (С.М). Бағар көбейсін, шалым! (Ғ.М). Кеше гөр, ағатай! (М.Ә). Ау, Петрамысың? Аманбысың, досым! Жоқ, Петя, келісім бола алмайды мұнымен (Ғ.М).

Одағайлы сөйлемдерде де қаратпа одағайдан кейін (қатар, кей сәтте араларына сөз салып) келеді. Мысалы: Ау, абайла, ана! Е, шалым, енді шошқа бақтың ба? (Ғ.М). Уәу, жігіттер! Сендердің өлең жазамын деп қырқысқан таласың тіпті жақсы! (М.Ә). Уа, жоқ, жаным, кешіре гөр, қайтсем сене безе алармын: Ойбай, шырағым, тоқтай тұр! (Ғ.М). Ән үйренгің келе ме, әй, бала? (С.М).

Өлендерде қыстырмалар сөйлемнің кез келген жерінде тұра береді. Мысалы:

Менің сырым, жігіттер, емес оңай. Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің (Абай); Тында, дала, Жамбылды, Бөгелме, Жамбыл, сөйлеуден (Ж.Ж); Кел, балалар, оқылық! (Ы.А) [3, 110-114].

Қаратпа сөздерді сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысқа түспейтін, басқа сөздермен синтаксистік байланысы жоқ деп қарауға болмайды. Керісінше, сөйлемде қаратпа сөздердің қолданылуы коммуникативтік қатынасты күшейтіп, тындаушысының сезімін оятып, жауап беруге мәжбүр етеді. Өйткені қаратпа сөздер хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің барлық түрінде қолданылады, ол арқылы тындаушысымен тікелей және нақтылы байланысқа түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бисенбаева М.К. Қаратпа сөздер, олардың тіліміздегі маңызы. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – № 2.
2. Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 224 б.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. 2 бөлім. – б. 2. – Алматы: Ғылым, 1967. – 235 б.

ӘОЖ 811.512.122

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫН ШОЛҒАНДА

Нәубет Л.М.

№ 13 мектеп-гимназия, Қызылтөбе, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың алғашқы баспасөзі туралы айтылады. Мерзімді баспасөздің қалыптасу тарихы, алғашқы газет-журналдар жүйелі баяндалады.

Түйінді сөздер: қазақтың алғашқы баспасөзі, Мерзімді баспасөз, қалыптасу тарихы, алғашқы газет-журналдар.

XX ғасырдың басында қоғамдық-құқықтық саяси ойларды дамытуға үлес қосқан қоғам қайраткерлері рухани өмірге, сөз бостандығына көңіл бөлді. Ғылымға, оқуға көңіл бөлген ұлт зиялылары, жанашырлары баспасөз арқылы халыққа мәдени-ағартушылық қызмет көрсету арқылы жәрдем еті.

Бұл басылымдарда сол кездегі болып жатқан мәселелерді қозғап, халық рухын көтере білді. Алғашқы қазақ баспасөздері бұған дейін Ресей патшалығының заңдары мен жаңалықтарын жариялап отса, ұлт жанашырлары топтасып баспасөздің жаңа тобын дүниеге әкелді. Алдымен, мерзімді баспасөз ұғымына анықтама беріп өтсек. Қазақ совет энциклопедиясында «Баспасөз – өмір айнасы, қоғамдық күрестің құралы» деген анықтама береді. Ал «БАҚ туралы» ҚР заңында «Мерзімді баспасөз – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы» делінген [1].

Мерзімді баспасөз жайлы алғашқы сөз дерек бойынша 1925 жылы айтылған болатын. 1925 жылы жазда Ташкент қаласында жалпы қазақстандық баспасөз тілшілерінің съезі өткізілген. Бұл съезді «Ақжол» газеті қолына алды, сонымен қатар мұнда Байтасұлы «Қазақ баспасөзінің тарихы туралы» атты тақырыбында баяндама оқиды. С.Сейфуллиннің айтуына қарағанда, ол алғашқы жарияланған қазақ газеттері жайлы шала пікірлер айтқан көрінеді. С. Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде қазақ баспасөзіне талдау жасап, алғаш баға бергендердің қатарында. Сонымен қатар, профессор Қ. Жұмалиев пен профессор Е. Исмайылов 1941 жылғы «Қазақ әдебиеті» деген оқу құралында, «Қазақ ССР тарихында», Қ.Бисембиев 1961 жылғы «Қазақстанда XIX ғасырдың аяқ шенінде және XX ғасырдың басында болған саяси-идеялық ағымдар» атты еңбегінде сөз қозғайды [2, 7]. Осы тұста қазақ баспасөзін жан-жақты зерртеген Х. Бекхожинді де айта кету керек. Қазақ баспасөзін зерттеуге жеңілдік жасаған мына библиографиялық көрсеткіштерді көрсетуге болады: Алянтровтың, Седельниковтың, Сабитовтың, сондай-ақ академик Ә. Марғұлан мен профессор Е. Исмайыловтың басшылығымен Ү. Субханбердина құрастырған библиографиялық көрсеткіштер.

«Қазақ» газетінің 1913-1914 жылдардағы сандарының қос томдық жинағының I томында ұлттық баспасөздің алғышарттары көрсетіліп, алғашқы баспасөз қарлығаштары мен тар заманда қазақ еліне көшбасшы бола білген ұлт зиялылары жайлы айтылған.

Ұлттық басылымдардың көрсеткішін жасаушы ғалым Ү.Субханбердина революцияға дейін қазақ жерінде он төрт газет, бір журнал болғанын айтады. Олар: «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902),

«Серке» (1907), «Қазақ газеті» (1907), «Дала» (жылы белгісіз), «Қазақстан» (1911-1913), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Айқап» (1911-1915), «Алаш» (1916-1917), «Бірлік туы» (1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917)» [3, 124], - деп аталған басылымдардың тізімін көрсетеді. XX ғасырдың 20-жылдары басында қазақ зиялылары М.Әуезов, Н.Құлжанова, М.Дулатов, М.Қазанғапов, А.Асылбеков, Ш.Тоқжігітов, Т.Рысқұлов, Б.Майлин, Ж.Аймауытовтар және т.б. «Еңбекшіл қазақ», «Қазақ тілі» газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Шолпан» журналдарына және басқа мерзімді басылымдарға қазақ баспасөзін дамыту жайлы пікірлерін мақала ретінде жариялап отырды.

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеу 40 жж. соңында Х.Бекхожин «Дала уәлаяты газеті – бірінші қазақ газеті» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясынан бастау алады. Ал бұған дейінгі зерттеулер таптық тұрғыдан қарастырылып, коммунистік идеологияны дәріптеумен бітті.

Елуінші жылдардан бастап қазақ баспасөзі жаңа бағытта зерттеле бастады. 20 жылдары жарық көрген кеңестік мерзімді басылымдар тарихын қарастырған Б.Кенжебаев пен Х.Бекхожиннің ғылыми еңбектері жинақталған кітап жарық көрді. 1918 жылдан бастап Верный қаласында қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген баспасөз жайлы және онда көтерілген мәселелер туралы талдаса, ал Т.Қожекеев пен Б.Кенжебаевтың кітабында 20-30 жж. шыққан басылымдардың қалыптасу, дамуы жайлы сөз етіп, әрбір газет-журналдарға қысқаша тоқталып, баспасөз ісінің теориясы мен тәжірибесінің түйінді мәселелерін шешуге ат салысты. Одан кейінгі 60-70 жылдары Н.Сыздықов, М.Бурабаев, Х.Бекхожин, Т.Амандосов және т.б. авторлардың ұжымдық еңбектері мен С.Н.Имашев монографиялық еңбегінде Қазақстанда шығатын мерзімді басылымдардың рөлі жайлы сөз етіледі. [3, 56]. Х.Бекхожиннің қазақ баспасөзі жайлы монографиясы басқа монографиялардан өзінің жаңашылдығымен көзге түседі. 1860-1930 жж. аралығындағы қазақ баспасөзінің пайда болу, қалыптасу және дамуын, әр кезеңдегі шыққан газет-журналдардың қазақ қоғамындағы алатын рөлін анықтап көрсете отырып, бұл басылымдардың үкіметтің баспа саласының алдына қойған міндеттері мен нұсқауларын орындаудағы қызметін айқындаған.

1980 жылдары Х.Бекхожиннің монографиялық еңбегі жарық көріп, автор бұл еңбегінде 1964 жылы жарық көрген еңбегіне өзгертулер енгізіп, қазақ баспасөзінің хронологиялық жылдарын 1958 жылға дейін созып, қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихына, 1860-1958 жж. аралығында жарық көрген әр баспасөзге аз ғана тоқталып, Қазақстанның саяси, мәдени және экономикалық құрылысындағы өзгерістердің қазақ және орыс тілдеріндегі баспасөзде көріну барысын айқындауға тырысты. Сонымен қатар, аталған жылдар аралығында 20ж. Басында жарық көрген кейбір басылымдар жайында М.Арғынбаев, Б.Мұстафин, Т.Смақов, Қ.Ажаров және т.б. мақалалары жарық көрді.

Х.Бекхожин, С.Қ.Қозыбаев, С.Матвиенко сынды ғалымдар қазақ журналистикасының тарихы турасында жазған еңбектерінде 1917 жылдан бастап Қазақ АКСР-де орыс және қазақ тілдерінде шыға бастаған газет-журналдарға тоқталған. Бұл еңбекте авторлар мерзімді басылымдардың қандай жағдайда шығарылатындығы мен оның айдарлар жөнінде мағлұматтар берді. Қазақ баспасөзі атты тақырыпта зерттеулер жасап, тың тұжырымдар қалыптастырған Қ.Атабаев «Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі» атты монографиялық еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында жарық көрген қазақ тіліндегі басылымдардың Қазақстан тарихының ерекше құнды жазба дереккөзі екендігін дәлелдей отырып, мерзімді басылымдарға деректанулық талдау жасаудың тәсілдері мен жолдарын ұсынады, жаңа пайымдаулар жасайды. Соңғы жылдары Қазақстан баспасөз саласын зерттеп, баспаасөз материалдарын ғылыми зерттеуіне арқау еткен ғалымдардың қатарына тек Д.А.Махаттың докторлық диссертациясы мен осы жұмыстың негізінде шыққан монографиялық еңбегін атауымызға болады. «Дала уәлаяты газеті» мен «Түркістан уәлаяты газеті» белгілі бір мақсатта дүниеге келген, ресми басылым болса, одан кейін шығарылған газеттер халық мүддесі

үшін күрескен ұлт зиялыларының саналы іс-әрекеттерінің нәтижесі. Оқу-ағарту, отырықшылдық, білім беру, салт-дәстүр, ғылым, өнер үйрену, шаруашылық жүргізу, жер, әйел теңдігі, әдет-ғұрып, надандыққа қарсы күрес сияқты мәселелер аталған басылымдардың бассты мәселесі болды. XX ғасырдың басында ұлттық басылымдардың бірінен соң бірінің шығарылу себептері, орыс революциясы мен сол орыс патшалығына деген жеккөрушілік бойын билеген қазақ зиялыларының отаршылдыққа қарсы күресте ұлттық басылымдардың қажеттілігін түсінуі. Бұл жайлы Міржақып Дулатұлы: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елеңдеп, олардың ісіне еліктеп ұлт пайдасын қолға ала бастады» [4, 125], - деп келтіреді.

Бөкей Ордасында да «Сарыарқа», «Қазақ», «Алаш», «Ақжол», «Бірлік туы» сияқты ұлттық баспасөздерге ұқсас бірнеше газет-журналдар шығарылып тұрған. Мысалы, Ресей отаршылдығының әсерінен құлдық сана бойды алғанда барлық қазақты рухтандыру, жігерлендіру мақсатында ұлт зиялыларының ұйымдастыруымен 1911 жылдың наурыз айынан бастап «Қазақстан» газеті Орал қаласында дүниеге келеді. Газеттің төртінші нөмірінен кейін ресейлік өкімет орындары газетке тиым салып, тек 1913 жылы ғана қайтадан шыға бастаған. [5, 28]. Қамбар Атабаев «Қазақ баспасөзі» атты еңбегінде 1870 жылдан бастап жарық көріп, халыққа қызмет еткен мерзімді басылымдардың кестесін ұсынады (1-кестені қараңыз).

Кесте 1

р/с	Аты	Шыққан уақыты, жері	Жабылған уақыты, себебі	Саны, таралымы	Шығарушылары	Редакторы және негізгі авторлары
1	2	3	4	5	6	7
1	«Түркістан уалаятының газеті»	1870 жыл, 28 көкек, Ташкент	1882 жыл, 31 желтоқсан	323, 200-250	Патша әкімшілігі	Ш. Ибрагимов, Х. Жанышев, З. Өлібеков т.б.
2	«Дала уалаятының газеті»	1888 жыл, 1 қаңтар, Омбы	1902 жыл, 27 наурыз	704, 1332	Патша әкімшілігі	Е. Аблайханов, Д. Сұлтанғазин, Р. Дүйсенбаев, М.Ж.Копеев т.б.
3	«Қазақ» газеті	1907 жыл, 28 ақпан, Троицк	1907 жыл, патша үкіметі жапты	1	Х. Сосновский	Ж. Андреев, Е. Иманбаев т.б.
4	«Серке»	1907 жыл, 28 наурыз	1907 жыл	2	Ш. Қосшығұлов	М. Дулатов, Х. Ибрагимов т.б.
5	«Дала»	---	---	---	---	---
6	«Айқап»	1911 жыл, қаңтар, Троицк	1915 жыл, қыркүйек, қаржы жоқтығы	88, 1000	М. Сералин	М. Сералин, С. Дөнентаев, С. Көбеев
7	«Қазақ-стан»	1911 жыл, 16 наурыз, Орда, Орал	1913 жыл, 16 ақпан, қаржы жоқтығы	16	Е. Бұйрин	Е. Бұйрин, Ш.Бөкеев, Ғ. Қарашев, Б. Қаратаев, С. Мендешев
8	«Қазақ»	1913, 2 ақпан, Орынбор	1918, 16 қыркүйек, кеіес өкіметі жапты	365, 3000, 1600, 8000	М. Оразаев	А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов, Р. Марсеков
9	«Ешкім даласы»	1913, қыркүйек, Петропавл	---	---	---	---

1	2	3	4	5	6	7
10	«Алаш»	1913, 26 қараша, Ташкент	1917, 25 мамыр	22	М. Тоғысов	А. Баржақсин, Т. Жанбаев, Т. Жомартбаев, Б. Майлин
11	«Тіршілік»	1917, көкек, Ақмола	1918, шілде	---	«Жас қазақ» ұғымы	Р. Дүйсенбаев, С. Сейфуллин, А. Асылбеков, Б. Серікбаев
12	«Сары-арқа»	1917, 15 маусым, Семей	1919, мамыр, кеңес өкіметі жапты	80	«Теңдік» серіктігі	Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасов, И. Әлімбаев, Ш. Керейбаев т.б
13	«Бірлік туы»	1917, 24 маусым	1918, 5 көкек, кеңес өкіметі жапты	29	«Бірлік туы» серіктігі	М. Шоқайұлы, С. Қожанов, Х. Болғанбайұлы
14	«Ұран»	1917, Астрахан		---	---	А. Мұсаұлы
15	«Үш жүз»	1917, желтоқсан, Петропавл	---	---	«Үш жүз» партиясы	Қ. Тоғысов, Ш. Әлжанов
16	«Абай»	1918, 4 ақпан, Семей	1919, кеңес өкіметі жапты	11, 900	«Уақ қарыз» қауымы	Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Торайғыров, Ш. Құдайбердиев
17	«Жас азамат»	1918, 30 шілде, Қызылорда	1919, 5 ақпан, кеңес өкіметі жапты	22	«Жас азамат»	Қ. Кемеңгерұлы, Б. Малдыбайұлы, Б. Мырзалыұлы

Е. Бұйрин: «Газет не үшін керек?» деген мақаласында: «... жақсылық болса жұрт болып мақтайды, жамандық болса жұрт болып жамандайды, сөйтіп казит арқылы жақсылық бірден бірге өсе береді, жамандық өше береді», [6, 27] - деп, баспасөздің қоғамдық қызметін көрсеткен.

Мерзімді баспасөздер тарихын, бүгінгі күн талабына сай қарау, тарихымызды толықтырып, оларды тарихи дерек көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. XX ғасырдың басында дүниеге келген ресми, бейресми басылымдар ел тарихында жазба деректер тобына жатады және бұл басылымдардың ел тарихында елеулі орын алып, ұлт тарихына байланысты берер мәліметтері мол.

Жалпы қай ұлттың болмасын тарихында ұлттың деңгейіне, мүддесіне сай баспасөздердің жарық көруі, сол ұлттың ғылым, ағартушылық саласында алға ілгерілеуі болып табылады. Яғни, ел тарихында дүниеге келген ұлттық, бейресми және ресми басылымдар – ұлттық маңызы бар дүние деген сөз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрғожина Ш. Қазақ сөйлеу тілінің экспрессивті-эмоциональды лексикасы. – Алматы: Атамұра, 1995
2. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзі тарихынан (тарихи очерк). – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1950. – 40 б.

3. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 ж.ж.). – Алматы: Қазақ мемлекет, 1964. – 261 б.
4. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі. Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 ж.ж.) (ғылыми монография). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
5. Аллаберген, Қ. Тарих және баспасөз: оқу құралы/Қырықбай Аллаберген. – Алматы: Білім, 2011. – 256 б.
6. Қазақстан. – Орал, 2012, - 400 б.

ӘОЖ 810.130

МҰСТАФА ШОҚАЙ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Шохаев М.Т., магистр

Ғылыми жетекшісі: Отарова А.Н.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің қалыптасу кезеңдері қарастырылды. Авторлар М.Шоқай туралы жазылған отандық тарихтағы еңбектерге сүйене отырып, ұлт күрескерінің саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғаларды талдайды. Авторлар қайраткердің ұлт- азаттық күрес жолындағы жүргізген еңбектеріне тоқтала отырып, оның еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясының мазмұнын ашуға тырысады.

Түйінді сөздер: түркі әлемі, ел зиялылары, ұлт жанашырлары, алашордашылар, ұлт-азаттық күресі, алаш зиялылары, ұлттық идея.

Тарихымыздың бөлінбес бөлшегі, ұлт болудағы тынымсыз күрестердің ірісі болған Алаш қозғалысы – қазақ тарихындағы жан-жақты ойластырылған ең сауатты қозғалыстардың бірі. Ұлы мақсат – азаттық алу жолында қазақтың игі жақсылары бас қосып, түбі бір түрік халқының Тәуелсіздігіне қол жеткізуге бар күшін салды. Тар жолда тайғақ кешкен алыптарымыздың шоғыры: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермековтердің бүгінде еңбегі еленіп, ұлтымыздың ұстынына айналды. Тәуелсіз Қазақстанның да кез келген ғылым, мәдениет саласында болсын, саяси сахнада да Алаш алыптарының еңбегі ең бірінші нұсқаулық ретінде қолданылып жүр. Дегенмен, әлі күнге дейін Алашордашылар көсемі Әлихан Бөкейханов пен Түркістан мұхтариятының негізін қалаған Мұстафа Шоқайды бір идеяны бастаушылар ретінде танымайтындар, мойындамайтындар өте көп. Тарихымыз талай зерттелгенімен де дәл осындай мәселелердің орын алуы – кей тұстағы олқылықтарды көрсетеді.

Белгілі Мұстафатанушы, түрколог, ұлты – қазақ, Түркия азаматы, Әбдіуақап Қара, Мұстафаның азаттыққа ұмтылу жолында еткен еңбегін зор деп бағалайды: Шоқай ескерусіз қалатын тұлға емес. Өйткені оның өмір жолын зерттеп қарағанымызда, Шоқайдың 1917-1941 жылдары Түркі әлеміне қатысты маңызды уақиғалардың бел ортасында және жетекшісі рөлде жүргенін көреміз. Большевик төңкерісінен кейін Түркістанда құрылған Қоқан Автономиясының бас министрі қызметін атқарды[5, 1]. Ақпан төңкерісіне дейін ол Алаш көшбасшысы Ә. Бөкейхановпен бірге Ресей Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясында хатшы қызметінде болды. Төңкерістер тұсында Түркістан мемлекетін құру идеясын ұстанып, 1917 ж. 26 қарашада «Түркістан территориясының автономиясын», яғни Түркістан мұхтариятын құрады. Күрделі кезеңде түркі халықтарынан шыққан қайраткерлер ел қамын ойлап, басын тауға да, тасқа да ұрды. Алашорда жеңілісі, большевиктер билігі орнаған тұста қазақ зиялыларының бірсыпырасы

амалсыз кеңестер жағына, бір қатары басмашылар арасына барады. Түркі халықтарының азаттық жолындағы саяси күресінің бір айғағы болып табылатын басмашылар қозғалысына қазақ азаматтары да қатысқаны тарихтан белгілі. Басмашы құбылысы туралы Германияда тұратын түбі түркістандық ғалым Баймырза Хаит былай деп жазады: «Басмашылар қозғалысы – түркі халықтарының ежелден басқыншыларға, отаршылдарға жан беріп, жан алысқан ұлт-азаттық күресінің заңды жалғасы. Басмашылар – өздерінің төл мемлекетін, ұлтын, елін, жерін, отбасы мен ошақ қасын, еркіндігі мен азаттығын, адамдық хұқы мен бостандығын қорғаған патриоттар» [2, 306]. Ал М. Шоқай тұжырымында басмашылар жайлы мынадай пікір бар: «Басмашы аталып жүргендер – көтерілісшілер мен орыс диктатурасына қарсы күресушілер, Түркістанды құтқару жолында қан төгіп, жан пиде етушілер» [2, 306]. Сондай ұлтжанды азаматтардың бірі ретінде Мұстафа Шоқайдың шет елде жүріп атқарған қызметі, жазған публицистикалық мақалалары аса құнды мұралар қатарында. Кеңес өкіметінің озбырлығы, түрік халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңі, түрлі солақай саясаттардың түпкі мақсаты, бодандықтан азаттыққа жетуде нендей әрекеттердің қажеттігі турасында өзінің «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» атты саяси журналдарында жазбалар жариялап, Түркістан халқын бірлікке, күреске шақырып, отарлаушы елдің іс-әрекеттерін әшкерелейді.

Кеңес тарихынан белгілі XX ғасырдың алғашқы жартысы Ресей құрамындағы халықтарға қиын да күрделі кезең болды. Бірақ соның ішінде репрессия зардабын ең көп шеккен қазақ еді. Жапониядай алдыңғы қатарлы ел боламыз дегендер «жапон тыңшысы» атанды, өз тарихын өз еліне дәріптеушілер «ескішілдер» болды да, олардың ақ-қарасына қарамай бәрі дерлік «халық жауы» атанып шыға келді. Солақай саясат салқыны XX ғасыр соңына дейін күшінде болды. Олардың барлығы кейін ақталғанымен, жоғалтқанымыз қаншама?!

М. Шоқай басшылығымен түркі халқына түсінікті шағатай тілінде 1927-31 жылдары Стамбулда «Жаңа Түркістан», ал 1929-39 жылдары Германия мен Францияда «Жас Түркістан» журналдары жарыққа шығып тұрды. Бұл журналдар – Түркістан жұртының тәуелсіздік идеясын көтеріп, Алаш ардақтыларының жолын, дұрыс бағытын анықтап берген басылымдар болатын. Қайраткердің арман-тілегі басылымның алғашқы нөмірінен-ақ белгілі бола бастады. М. Шоқай - қазақтың ғана емес, түбі бір түркі жұртының жоқшысы:

... Жолымызды аңдату үшін ұзақ баяндаулардың қажеті жоқ. Жолымыз және мақсатымыз: Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі, жұртымыз Түркістанның болашағы үшін күресеміз. Түркістандықтарға мұнан басқа жол жоқ, бола алмас, болмасын [3, 21]. Қайраткер күрес жолында ұлттық дербес мемлекетті құруды ең басты мақсат етіп, ойын былайша түйіндейді: «Ең алдымен барлық күштерді бір мықты саяси ұйымның маңына топтастыру керек. «Түркістан ұлттық бірлігінің» бірінші кезектегі міндеті және таяу арадағы мақсаты: 1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» [1, 19]. Расында да, кез келген мемлекеттің өзін-өзі қамтамасыз етуге, өзін-өзі асырай білуге жай-күйі жеткенде ғана дербестігінің тұғыры берік болары анық еді. Қазіргі таңдағы Тәуелсіз еліміздің ресми тіліне қатысты ұлт жанашырларының алаңдаушылық білдіруі, құжат тілінің толықтай қазақ тіліне көшірілуін талап етуі де, осындай міндеттердің негізінен деп түсінуге болады. Әліпбиіміздің латын қарпіне көшуіне қатысты да, ел зиялылары оңды өзгерісті орыс тілі, орыс жазуының үстемдігінен толық құтылу, Түркі әлеміне жақындауға жасалған басты қадам ретінде тануы көп нәрсені аңғартады.

Газет беттерінде негізгі мақсат осылай көрініс тапты. М. Шоқай Ә.Бөкейхановтың пікірін қостай отырып, ұлтқа пайдалы адам болатын болса, ол ең алдымен орыс өкіметінің атамекенімізде жүргізіп жатқан жер саясатын толығымен зерттеп шығуы тиісті екендігін алға тартады. Себебі бұл зерттеу қорытындысы кейін сол адамның қандай іс атқару керектігін өзі-ақ көрсетіп беруші еді. Олай деп айтуы орыс

өкіметі тарихтан да белгілі қазақтың шұрайлы жерлеріне өз халқының бірнеше бөлігін қоныс аудартты. Миллиондаған десятина жерлер орыс мұжықтарының меншігіне өтіп, мал шаруашылығын негізгі күнкөріс етіп отырған қазақтың жайылымды жерлерін де қолды етті. Ең сорақысы – қазақ жерінде қазаққа көк тиын пайдасы жоқ мақта шаруашылығын дамыту еді.

Осыған дейін суғарылған жерлер диқаншылық үшін арналса, енді оның бірнеше бөлігі мақта шаруашылығына берілді. Осы мақсатта орыс өкіметі үкімімен қазақ диқаншылары тәуелсіз қожалық құра алмайтын болды. Әбден қысылған диқаншылар мақта шаруашылығы үшін қызмет ететін болды да, мақта шаруашылығы яғни астық өндіруге жеткілікті суғарылған жер болмауының кесірінен Түркістан орыс астығына тәуелді болып шыға келді. Ал онсыз да толық бодан болғалы тұрған елдің ендігі кезекте отарлаушы ел астығына тәуелді болуы – халықты жермен-жексен ететін жай еді. Азық жеткізудің тоқтатылуы бола қалған жағдайда 1918-19 жылдағыдай қазақ елі аштыққа қайта душар болмақ. М. Шоқайдың ең бірінші үрейі де осы еді. Қайраткер «Жас Түркістан» газетінің бір нөмірінде былай дейді: Түркістанның тәуелсіздігі және еркін аңсаған әрбір кісі Түркістанның өзіне жететін азығы үшін күресуі керек. Өзімізге жеткілікті азығымыз болғанда ғана Түркістанның құтылуына үміт байлай аламыз. [3, 30]

Түркістанның шеттер әкімдігінен құтылуында бірінші қадам оның шеттен келетін астықтан құтылуы. Тәуелсіз Түркістан идеясын жүзеге асыруда ең бірінші көтерген мәселесі Түркістанның отарлаушы ел шикізаты мен тауарларына тәуелді болмауы еді, азат болудағы алғашқы қадамды «тәуелді болу» деген сөзден құтылу деп таныды. Мақта соншалықты пайдалы нәрсе. Тек оның бізге пайдалы болуы бізге дерліктей Россиядан әкелінетін астыққа қаратып қоймау шарты астында ғана өлшенеді. ...Мақтаға қарсы бидаймен қаруланыңыз! [3, 30]

Мұстафа Шоқай «Жас Түркістан» журналының 1930 жылғы 13-санында Түркістандағы ұлттық идеологияның күш алып келе жатқандығын сөз етіп, оған қарсы тұруға қолдан жасалған өкімет идеологиясының мүмкіндігінің шектеулі екендігін, үрейленіп, соңғы кездері "ұр да жық"-қа көшкенін баяндайды. Қасым сотын тілге тиек етіп, сол тұстағы керітөңкерісшіл, партияның сеніміне кіріп, жайлы орындарға үміткер болып жүргендерді әшкерелейді және бұдан әрі де құпияларды аша түсетінін мәлімдейді. Мұстафаның бұл әрекеті екіжүзді ұйымдарды анықтап, оның артына жасырынған Кеңестік идеологияны тас-талқан ету еді. Себебі, осыған дейін Түркістан сынды қарамағындағы елдерге жаны ашығансып, бірақ та тәуелсіз өмір сүруге мүмкіндік бермейтін большевиктер үкіметі бас көтергендерді қанды соғыстар арқылы басып отырды. Біздер үшін ең қайғылы осы оқиғаларды большевиктер «орыс емес халықтардың азаттығы», «шығыс қамқоры» – орыс ұлтының «адамгершілік міндетін» өтеуі, пайғамбар Лениннің бодан халықтарға істеген «шапағаты» деп атайды [3, 44].

Генерал Куропаткин өз сөзінде: «Түркістандықтар өз жергілікті және ұлттық мүдделерін Россия әрі ұлы орыс халқының мүдделерімен бір қатарға қоя алмайды. Россия – ең әуелі орыстар үшін» деген еді. Бұл сөздерден өзге ұлттар өміріне немқұрайлы қарайтын нағыз «шовинизмді» байқаймыз және пайғамбарлықтың тұқылы да жоқ.

Өз алдына тәуелсіз ел болуға ұмтылған түркістандықтарды «шовинист» деп айыптаулар белең алған тұста, өз ұлтының мүддесін қорғап, өз теңдігін сұрап шыққандар дереу партиядан шығарылып, қара тізімге іліне бастады. Мұндай іс-әрекеттер орыс түсінігі бойынша «жыртқыш ұлтшылдық» еді. М. Шоқай өз сөзінде «шовинист» болу үшін ол ұлт алдымен өз елінде толық хәкім болуы керек. Ал бізде «хәкім ел» орыс өкіметі болғандықтан олай деп айтуға еш негіз жоқ деп қате пікірлердің алдын алуға тырысты. «Тіптен жұртымыздың ұлттық құқығы үшін күресі «демократия шекарасынан» асып кеткен жағдайда да ешбір кісі бізді шовинизммен айыптауға қақылы емес» деген батыл пікірін білдірді.

Түркістан «ұлттар зынданындағы» күнәсіз тұтқын кейпінде күн кешіп жатты. Шынында да Түркістан өкіметінің езгісін ешбір ел көрген емес. «Фашизмнің» де,

«геноцидтің» де онда тұқылы да болмады. Сол себепті түркістандықтарды «шовинист» деп айыптау негізсіз еді.

Біз зынданға қамалған сәтімізде де ұлттық байлығымыз бен жерлеріміздің орыс тарапынан талан-таражға түспеуін талап етеміз. Бұл «шовинизм» емес [4, 120]. Осы сөздері арқылы М. Шоқай бұл әрекеттерді жабайылық емес өз ұлтының мұраттары үшін күресу құқығы деп түсіндірді. Мұстафа Шоқайдың тұтас Түркістан идеясы – Алаш ардақтылары бастап кеткен ұлы істің жалғасы. Оның саяси көзқарастарының қалыптасуына да, 20-жылдары шет елге кетіп, азаттық үшін қағаз бетінде күрес жүргізуіне де Алаш идеясының негізін қалаушы Ә. Бөкейханов себепші болған. Сонымен қатар, ұлттық қозғалыс жеңіліс тапқан тұста «Социалистік Қазақстанның» 10-маусымында жарияланған алашордашылар Әуезұлы Мұхтар мен Ермекұлы Ғалымханның қателіктерін мойындау хатына қатысты да, өз пікірін білдіріп, олардың ешқандай кінәсі жоқтығын айтады. Тек олардың пікірлес достарынан бөлініп, бүгін алдына жығылып, кінәсін жуып-шаймаққа бекініп отырған өкіметтің кейін құшақ жая қарсы аларына күмәнмен қарап, олардың арғы күніне алаңдаушылық білдіреді. Бұл да нағыз жанашыр, көзі ашық, ақ пен қараны айыра алатын, қиын сәтте де ақылдан жаңылмай салқындылық танытқан, ұлт бостандығын алдыңғы орынға қойған азаматтың әрекеті еді.

Алашордашылардың мойындау хаты Мұстафаның сөзімен айтсақ, бошевиктер үшін «көктен тілегенін жерден бергендей» болды. Осы тұста қайраткер Мұстафа Шоқайдың шет елдегі күресінің Кеңес өкіметіне қаншалықты қауіпті болғанын, үрей тудырғанын көре аламыз. Қос мойындаудан кейін большевиктердің ең жағымпаз «Социалды Қазақстан» ұйымы «Шоқайұлы Мұстафаның үміттері үзілді» деп «ұлы орыс халқы» мен боданындағы барлық ұлттарға Орта Азия Бюросының мүшесі Кахиянидің Алматы қалалық партия комитетінің 4-пленумында сөйлеген сөзі арқылы жар салады: Мұхтар мен Ғалымханның хаттарын басмашыларды да халық қамқоры, халық үшін күресуші санайтын «Яш Түркістанның» бас редакторы Шоқайұлы Мұстафа оқыса қандай қызық болар еді? Өз жолдарының бұрынғы көсемдерінің де көзі жетіп Кеңес қатарына өткенін Шоқайұлы Мұстафа білетін болсын. Әрине, баспасөз бетіндегі бұл майданнан Мұстафа да тыс қалмады. Ол өз ісін жалғастыра отырып, шетте болса да, отанының ортасында отырғандай барлық мән-жайды жіті бақылап отырды.

Желтоқсан айларында 1917 жылы «Түркістан автономиясының» жариялануына, 1929 жылдан «Яш Түркістан» журналының шығарылып бастағанына орай «Желтоқсан естеліктері» атты мақаласында Шоқайұлы Мұстафа, автономияны басымыздан өткен «бір үзік ғұмыр», «орыс демократиясына сенген аңғалдығымыздан бір белгі» ретінде көрсетіп, ендігі Түркістандықтардың болашағы осы журналдарда екендігін мәлімдейді: ... «Яш Түркістан» - біздің болашағымыз. Түркістанның азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресіміздің туы. Күрес туы – бұл әлі жеңістің өзі емес.

Тек жеңіске шақыру ғана...[3, 287]. Түркістандықтарды күреске шақыра отырып, ел алдында екі мәселе тұрғандығын хабарлайды. Біріншісі – жалпытүрік мәдениетінің біртұтастығын дәріптеу болса, екіншісі – түрік тілінің маңызы. Жалпытүрікшілік ынтымақты қолдаған, таным-түсінігі бір, түбі бір халықтарды біріктіріп әлемде мықты держава құруға бағытталған Шоқайұлы Мұстафаның іс-әрекеті алыпқа тән ұлы арман еді. Шынында да бүгінгі таңда жалпытүрікшілік ынтымақтың маңыздылығы алға қойылған мәселелердің бірісі. Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде Түркістанның таңдалуы, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, Turkvision секілді мәдени байқаулар, түрлі симпозиум мен конференциялардың туыстас халықтарсыз өтпеуі, түбі тір түркі елдерінің жоғары оқу орындарында «Қазақ филологиясы» факультеттерінің ашылуы – қазіргі таңдағы Түркі жұртының тығыз байланыста екендігінің, бірліксіз ғұмыр кеше алмайтындығының дәлелі. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев та өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында сақтар мен ғұндардың, түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтардың ұлтымыздың ажырамас бөлшегі екендігін баса назар аударады: «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажет. Бұл жоба аясында 2019

жылы Астанада Түркологтардың дүниежүзілік конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозицияларына ежелгі түркі жәдігерлері қойылатын Түркі халықтарының мәдени күндерін ұйымдастыру керек. Сондай-ақ, Википедияның үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу да маңызды.

Сонымен қатар жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет.

Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады [6]. Мемлекеттік деңгейде маңызды жалпытүрлік байланыстардың осылай насихатталуы әр түркінің өз отанын ғана емес, қандас, діңгегі бір ұлттардың да азаматы болуына жасалған нық қадам. Себебі, әлемдік аренада қазақтың, түріктің, әзербайжанның, татардың және өзге де түркі этностарының адуынды күші – бірлігінде, туысқандығында. Мұстафа Шоқай осындай жағдайларды ескере отырып, ұлттық идеяны Түркістанның бірлігінен бастап, әр мақаласында түркістандықтарды өз атажұртын сүйуге шақырады. Оның топшылауынша, отаны үшін күресе алатындар – оны сүйетіндер еді.

Қорытындылай келе, тұтас Түркістан идеясы, ол – туыстас елдердің бір болып, іріленуін, тәуелсіздік жолында үлкен күш болып жұмылуын көздеген идея болатын. Кеңес зынданында камалып жатқан тағдырлас елдердің көксегені бір-ақ нәрсе болса, М. Шоқай да олардың қалағанын қалады, соның жолында аянбай тер төкті. «Кемедегінің жаны бір». Егер де ғайыптан тайып М. Шоқай елде қалар болса, Тәуелсіздік жолындағы күреске нүкте қойылар да ма еді? Бірақ та қалай уайымдағанымызбен де, енді алаңдауға себеп жоқ. Біз бабаларымыз мен ағаларымыздың арман қылған күнінде өмір сүрудеміз, солардың көрген бейнетінің зейнетін көрудеміз.

Ел болашағын қазақ зиялыларының бірі (Сұлтанмахмұт, Қошке, Смағұл) – Жапония, енді бірі (М.Шоқай) – Швеция бағытында көргісі келгендігі – олардың ізгі ниеті еді [2, 206]. Бүгінгі күні де Еуропалық елдердің озық тәжірибесін қолдану арқылы, батыспен байланысты дамыту арқылы дамыған елдердің қатарынан көрінуге тырысамыз. Еуропаның алпауыт мемлекетінің ана тілі – ағылшын тілін меңгеруді де ең басты мақсат етіп, өз тілімізден кейінгі меңгеруіміз тиіс маңызды халықаралық тіл ретінде мойындаймыз. Қайраткеріміздің елі үшін күресі еш кетпеді. Бүгінгі даму бағытымызға қарап, дарынды саясаткер Мұстафаның көрегендігін көруге болады. М. Шоқай – азаттық жолында күрескен азаматтардың ірісі. Тағдырдың тәлкегіне мойымай ғұмырын ұлттың бақытына арнаған қайраткерді түрколог Әбдіуақап Қара «Екінші Кенесарыға» теңейді. Оның бұл зор бағаға ие болуы жайдан-жай емес. Түркістандықтардың бойында азаматтық күресінің рухын асқақтату үшін тынымсыз еңбек еткен Шоқайұлы Мұстафа – бүгінгі күнгі де ұлттық сананы қалыптастырушы ұлы идеяның бастаушысы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Авторлық ұжым: Қ. Ә. Әбішев, М. С. Жетпісбаева, М. Қ. Қойгелдиев. Мұстафа Шоқайдың әлеуметтік философиясы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының компьютерлік баспа орталығы, 2011, - 170 бет

2 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Монография. – Астана: Фолиант, 2002, - 471б.

3 Таңдамалы шығармалар: Үш томдық, 1-том. – Алматы: Қайнар. 2007. – 352 бет

4 Алаш көсемсөзі, 4-том, 490 бет, www.kitap.kz

5 Әбдіуақап ҚАРА. Мұстафа Шоқай (Өмірі, күресі және еңбектері), www.kitap.kz

6 Н. Ә. Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры». Мақала. www.akorda.kz

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ – МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Нұрмағанбетова Қ.С.

Мұнайлы ауданы № 2 орта мектеп, Қызылтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақтың асыл мұрасы мақал-мәтелдер туралы талданады. Мақал-мәтелдердің көп қырлы құбылыс екені мысалдармен дәлелденеді.

Түйінді сөздер: қазақтың асыл мұрасы, мақал-мәтелдер, көп қырлы құбылыс, мақал мен мәтел айырмашылығы.

Қазақ тілінің ең маңызды және күрделі құрамдарының бірі – мақал-мәтелдер. Уақыттың тезінен өтіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан түрлі мақал-мәтелдердің мазмұн межесіндегі кодталған әртүрлі ақпараттарды айқындау қазіргі тіл мамандарын ерекше қызықтырып отыр. Мақал-мәтелдердің өмірдегі әртүрлі жағдайлар мен оқиғаларды таңбалаушы семиотикалық қасиеті, ұлттық менталитетті танытатын астарлы мағынасы мен пресуппозициясы, гендерлік табиғаты қазір тіл білімінде көтеріліп жатқан, қызығушылық туғызатын мәселелердің бірі болып күн тәртібіне енді. Ойлау мен танымның, сананың бейнелі, эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктеріне ие әртүрлі этностардың әлемге көзқарасының, салт-санасының, дүниетанымының көрсеткіші болып табылатын паремиялар – семантикалық, тақырыптық және семиотикалық тұрғыдан көп аспектілі дүние. Кез келген тілдік құбылыстың, соның ішінде тұрақты тіркестердің табиғатын оның тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына байланысты да қарастырған жөн. Жер бетін мекендеген халықтар мен ұлыс-тайпалардың қай-қайсысының да ғасырлар бойы сұрыпталған інжу-маржандай астарлы да асыл, ұлағатты да өнегелі даналық сөз үлгілері барлығы хақ. Атадан балаға мирас болып, ұрпақтан-ұрпаққа екшеліп, іріктеліп, сұрыпталып жетіп отырған осындай асыл қазыналардың бірі – мақал-мәтелдер. Олар қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр логикаға (ойға) құрылады да, тыңдаушы көкейіне бірден қона кетеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта алынады. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылым саласының зерттеу әдістері мен құралдарының бір мәселе үстінде тоғысуына әкеледі. Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік және когнитивтік лингвистиканың «әлемнің тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізіліп келе жатыр. Қазақ халқы тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге сыйғызып, сөзді үнеммен, қысқа да нұсқа қолдануды дағды еткен, оны өзінен кейінгілерге мұра етіп қалдырып отырған. Мақал-мәтелдер – өткен өміріміздің куәгері ғана емес, қазіргі тіліміздің де қаймағы, бейнелі айшығы. Тегінде, мақал-мәтелдерді елдіктің белгісі, дана халқымыздың рухани көрсеткіші десек те, асыра айтқандық емес. Мақал-мәтелдер халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік-тынысын, ерлік рухын, әдет-ғұрпын, кеңінен қамтиды. Оларға тұтас құрылым түрінде қарайтын болсақ, халық өмірінің бүтін бейнесін көз алдымызға келтіргендей боламыз. Қазақ тілі байлығының құнарлы қорына жататын, көркем сөз бен шешендік өнердің қайнар бұлағы болып саналатын мақал-мәтелдердің тілдік табиғатына тән көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Осы тұрғыда қазақ паремиологиясының сан алуан тілдік мәселелері зерттеушілерден жан-жақты әрі жүйелі түрдегі зерттеу жұмыстарын талап етеді. Мақал-мәтелдер тұрақты тіркестердің басқа түрлері сияқты, сөйлеу үстінде бірден түйдек күйінде пайда бола салмай, алдын-ала ойлау үдерісінде әзірленген даяр қалпында қолданылады. Ұлттық тіл білімінде мақал-мәтелдер табиғаты әлі де болса толық зерттелмей келеді. Бұдан қазақ тіл білімінде мақал-мәтелге қатысты зерттеу жұмыстары жүргізілген жоқ деген ой тумау керек. Қазақ тілінің құрылысын, құрылымдық жүйесін

түгендеп, жан-жақты қарастырған А.Байтұрсынұлы өз зерттеулерінде мақал-мәтелдерге анықтама беріп, оларды тілдік материал ретінде пайдаланды [1]. Жалпы қазақ мақал-мәтелдері Қазан төңкерісінен бұрын да аздықөпті зерттеле бастаған болатын. Қазақ мақал-мәтелдерін жинау, жариялау ісі XIX ғасырдың екінші жартысынан, ал зерттеу тарихы Кеңес дәуірінен басталады. Қазақ мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Ш.Уәлиханов. Ш.Уәлиханов пен И.Н.Березин мұрағаттарында XIX ғасырдың 50 жылдарында ел аузынан жазылып алынған екі жүзден астам мақал-мәтел сақталған. Содан бері қазақ мақал-мәтелдері әртүрлі жинақтарда, хрестоматияларда жарияланып келеді. Халық шығармашылығының басқа түрлерімен бірге кейде өз алдына оны жинап жариялаушылар да болған. Мысалы, Ш.Ибрагимов, М.Тереньтев, Ы.Алтынсарин, Т.А.Мелиоранский, Ә.Диваев, В.В.Катаринский т.б. «Қазақ топырағында <...> А.Құнанбаев – туған халқымыздың тіліндегі мақал-мәтелдерді жинаушылардың алғашқыларының бірі. «Ғақлиясында» халықтың елуге тарта мақал-мәтелдері кездеседі. Солардың дені бүгінгі мақал-мәтелдер жинақтарына да енгізіліп жүр. «Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтуғыны да бар» деп өзі айтпақшы, халық даналығы жөнінде де алғашқы баға беріп, пайымдау жасаған да Абай болса керек», - дейді мақал-мәтелдер туралы ой қорытқан ақын М.Әлімбаев [2, 26-27]. Қазақ мақал-мәтелдері жарияланған әдебиеттердің арасында Орынборда 1879 жылы шыққан, 1906 жылы толықтырылып қайта басылған Ы.Алтынсариннің Хрестоматиясының орны ерекше. Хрестоматияда қазақ мақал-мәтелдерінің ең таңдаулылары жарияланған және тақырыптық принциппен жүйелей берілген.

Мақал дегеніміз – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі. Сондықтан да мақалдардың мағынасы өмірден көрген-білгенді талдап қорыту сипатында келеді. Мақалдардың мағынасында қорытынды пікір айту басым болады, сондықтан да олар белгілі бір жағдаятқа (ситуацияға) ғана емес, соған ұқсас та нәрселерге байланысты айтылады. Мұндай көзқарасты С.Г.Гаврин [3], Л.А.Морозовалардың [4] еңбектерінен де байқауға болады. Мақал-мәтелдердің денотаттық таңбасы ұқсас, бірдей жағдайларды белгілейді. Оқиғасы ұқсас жағдайларды мағынасы бірдей мақал-мәтелдер таңбалайды. Сонда мақал-мәтелдердің тұрпат межесінің варианттары вариант жағдайлармен байланысты болады. Жағдайдың ұқсас түрлерінің көбеюі оларды таңбалайтын мақал-мәтелдердің түрінің мол болуына мүмкіндік береді. Мысалы, «Ұры мен қары апақ-сапақта кездеседі», «Қу мен қу намазшамда жолығар» дейтін мақал-мәтелдер ұқсас жағдайларды таңбалайды. Мәтелдердегі қорытынды пікір басқаша сипатта келеді, атап айтсақ, мәтел қорытындыға қолданыста ие болады, яғни талдап қорытындылаудың көрінісі қолданыста көрінеді. Яғни, мақал-мәтелдер фразеологизмдердің белгілерімен сәйкес келеді, сол себепті мақал-мәтелдер тұрақты тіркестерді анықтайтын белгілі сипаттарға ие бола алады. Олар: даяр қалпында қолданылуы, мағына тұтастығы, құрылымы мен құрамының тұрақтылығы, бөлек бітімділігі, бейнелілігі, бағалауыштық, экспрессивтік қасиеттері. Мақал-мәтелдер, өзге де фразеологиялық тіркестер тәрізді, тіл жүйесінде өзара парадигмалық қатынасқа (көпмағыналылық, антонимдік, синонимдік) түсе алады.

Мақал-мәтелдердің көп қырлы құбылыс екені ғылымда дәлелденген. Мәселен, мақал-мәтелдердің табиғатын терең зерттеген ғалым Г.Л. Пермяков былай деп көрсетеді: «С одной стороны, пословицы и поговорки – явление языка, устойчивые сочетания, во многом сходные с фразеологическими оборотами. С другой – это определенные логические единицы, выражающие то или иное суждение. С третьей – это художественные миниатюры, в яркой, чеканной форме обобщающие (а точнее, моделирующие) факты самой действительности. Тройственная природа пословиц и поговорок требует и тройского к ним подхода – как к явлением языка, явлением мысли и явлением фольклора, тем более, что указанные три плана пословичных изречений в значительной степени автономны» [5, 10]. Ғалымның бұл тұжырымы көптеген басқа

зерттеушілердің айтып келген пікірлерінің жиынтығы тәрізді. Мақал мен мәтелді бір-бірінен ажырату жұмыстары орыс тілшілері мен халықтың даналық сөздерін жинастырушыларының арасында XIX ғ. басталып еді. Атап айтсақ, И.М. Снегирев [6], В.И. Даль [7], А.А.Потебня секілді зерттеушілер өз еңбектерінде мақал мен мәтелдің айырмашылықтары туралы қызықты ойлар айтқан. Дегенмен де, жүйелі зерттеу жұмыстары кеңес дәуірі тіл білімінде жүре бастады. Мысалы, орыс тіл білімінде О. Широкова, М.А. Рыбникова, С.Г. Гаврин тәрізді ғалымдар мақал-мәтелдерді бір-бірінен айыру мәселелесіне мақалалар арнаса, кейбір зерттеушілер диссертациялық жұмыстарының жеке тарауларында сөз етті. Айталық, Р.Сәрсенбаев, Ө.Айтбаев, С.Сәтенова, А.Нұрмаханов, Б.Уызбаева т.б. қазақ ғалымдары да мақал-мәтелдердің өзара айырмасын ғылыми жұмыстарына арқау етті. XIX ғасырда-ақ орыс лингвистері мақал-мәтелдерді семантикалық белгілеріне байланысты ажыратуды басты назарда ұстаған.

Мақал мен мәтелдің ортақ белгілеріне тоқталсақ, мақал-мәтелдер халықтың өмірден алған тәжірибесінің жиынтығы, ой-тұжырымының қорытындысы. Олардың әрқайсысында өзіне ғана тән философиялық ой және саналы логика мен жүйеліліктің нәтижесінде пайда болған өзіндік тұжырым бар; Мақал-мәтелдер – тұлғасы жағынан тілге жеңіл, белгілі бір ұйқасқа құрылғандықтан, құлаққа өте жағымды естіледі, көлемі шағын, тілі көркем, мазмұны терең және аз ғана сөзбен толық бір мағынаны өз дәрежесінде нақты жеткізеді, қолдануға даяр тұрады; Мақал-мәтелдер – предикативті сөз тіркесі және сөйлем түрінде келген коммуникативтік тілдік бірліктер; Мақал-мәтелдер бейнелі, экспрессивті мәнде келеді; Мақал-мәтелдер сөйлеу тілімізде дәстүрлі тұлғасында да, трансформацияланған түрде де қолданылады. Мақал-мәтелдер – көлемі жағынан аса қысқа, құрамында ешбір артық сөз болмайтын, әрбір сөзі шымыр, «мірдің оғындай» нысанаға дәл тиіп отыратын тілдің ерекше бірлігі; Мақал-мәтелдер тура және ауыспалы мағынада қолданылады; Мақал-мәтелдердің көпшілігінің құрылым-құрылысы ерекше дыбыстық ұйқасқа құрылып, өлеңге ұқсас болып келеді, сонымен бірге қарасөз түрінде де айтылып, теңеу, әсірелеу, ұлғайту, кішірейту, қайталау, салыстыру сияқты айшықтау тәсілдері мен әртүрлі стильдік фигуралар кеңінен қолданылады.

«Мақал-мәтелдер халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, ерлік рухын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды. Олардың айтушысы да, таратушысы да халықтың өзі», - дейді ғалым Б.Динаева. Мақал-мәтелдердің арнайы ақын, жырау, жыршы сияқты орындаушысы, жырға қосып айтатын өкілдері болмайды. Тапқыр, ұтымды, ықшам, орамды сөйлеген кез келген адамның қажетіне қарай сөз арасында жұмсалатын, терең ойдың куәсі де, шешен тілдің мәйегі болып табылатын мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Әлімбаев М. Өрнекті сөз - ортақ қазына. - Алматы: Қазақстан, 1967. - 168 б.
3. Гаврин С.Г. К вопросу об отличии пословиц и поговорок в современном русском литературном языке // Пермский гос. пед. ин.: каф. рус. ин. яз. // Ученые записи. - Пермь, 1958. - Вып. XVII. - с. 23-46.
4. Морозова Л.А. Пословицы и поговорки: К вопросу об определении и разграничении // Вестник Моск. ун-та. Сер. Филол.-я, 1972. N 2. - с 57-65.
5. Пермяков Г.Л. Пословицы и поговорки народов Востока. - Москва: Наука, 1979. - 671 с.
6. Снегирев И. М. Опыт рассуждений о русских пословицах. - Москва, 1923. - 49 с.
7. Даль В. И. Напутное // Даль В. И. Пословицы русского народа. - Москва: Гос. изд. худ. лит., 1957. - 991 с. 45 Рыбникова М.А. Русская поговорка // Русский язык в школе. 1939, N 4. - с. 47-51.

М.ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖАРИЯЛАНУЫ

Оңғарбаева Ә., студент

Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың белгілі ақыны Мұхтар Шаханов өлеңдерінің орыс тіліне аударылуы сөз болады. Аудрама жанрының өзіндік қиындықтары мен қызықтары тілге тиек болады.

Түйінді сөздер: Мұхтар Шаханов, қазақ өлеңі, орыс тіліне аударылуы, аударма жанры, авторлық мәнердегі ой мен сезім.

Аударма өнеріндегі поэзия жанрының аударылуы өзінің қиындығымен және шығармашылық еңбекті ерекше талап ететіндігімен де айрықша маңызға ие. Бұл өнер туралы Е.Г.Эткинд былай дейді: «Поэзия – ұлттық тіл табиғатының ең жоғарғы формасы. Поэтикалық шығармашылықта халық рухы оның тарихи және мәдени дамуының, психикалық құрылымы барынша толық және дәл көрінеді. Өзге халықтың поэзиясын түсіну - өзге халықтың мінезін, басқа мәдениеттің эмоционалдық әлемін түсіну деген сөз» [1, 3].

Ендеше поэзиялық туындыларды аударғанда ұлттық және авторлық поэтикалық ойлауды, сонымен бірге аударылып жатқан поэзиялық шығарманың түрі, тілдің табиғатының ерекшеліктерін ескеру әбден керек.

Кез келген халықтың поэзия әлеміндегі өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан да поэзиялық шығармалардың өзге тілге аударылуында басты мәселелердің бірі ретіндетүрлі халықтардың поэтикалық ойлау характерінің сәйкес келмеуі көп аталады. Осы тұрғыдан келгенде поэтикалық туындыларды аударуда дәлелді немесе көңіл – күй жеткізілуі керек пе?

Аудармада өлеңдегі негізгі образ – сөздерді аударылушы тілдегімен дәл сақтау керек те, өзге тілге аударғанда солар арқылы аударма тілдің оқырманына дәл түпұсқадағы автордың ұстанымы мен эмоционалды күйін, көркем әсерін жеткізу керек.

Көркем прозаны аударудан гөрі поэзиялық шығармаларды аударудың қиындығы қандай мәселелерден туындауы мүмкін? Басты ерекшеліктердің бірі ретінде өлең өлшемі мен рифм баламалылығын айтуға болады. Сонымен бірге «өлеңнің үні» деп атауға болатын кез – келген поэзиялық туындының музыкалық әсері – негізгі ерекшеліктердің бірі болып табылады.

Қазақ тілінің әсерлілігі, әсемдігі, көркемдігі көркем тілдің барлық жанрлық түрлерінде көрініс табады. Осындай сипаттардың басқа тілге аударылу кезінде көп қасиеттерінен айырылып қалатынын білеміз. Қазақ тілінің ерекше әуезділігінің бастауы дархан даланың ғасырлар бойында жалғасын үзбеген қасиетті күйімен, мың сан әсерлі әсем әндерімен, жыр – дастандарымен тығыз байланысты. Табиғатының өзінен музыкалы тілдің табиғаты мүлде бөлек тілге аударылуында мағына, идея баламалылығымен қоса, интонациялық, ритмдік, образдық сәйкестіктердің сақталуы және рифмдік жүйе мен түпнұсқа құрылымымен үндестіктің сақталуы барлық уақытта сәтті шшықпай жатады, аудармашылардың еңбегінде көптеген қиындықтар тудыратын да осы мәселелер болып табылады.

Біздің бұл тарауымыз қазақтың көрнекті ақыны, керемет талант иесі, көркем сөздің хас шебері М.Шаханов поэзиясымен байланысты болғандықтан, ақынның әсерлі сезімге толы өлеңдерінің аударылуында біз жоғарыдағы аударма өнері үшін негізгі мәселелер тұрғысынан талдау жасауымыз керек.

Мұхтардай ірі акынның дара ойларын, сезім селімен жуылған ой - өрнектерінің екінші тілге аударылуы аудармашы – акынның алдына үлкен міндеттерді артатыны анық. Акынның шығармаларын өзге тілге аударуға көптеген талантты акындар қызыға кірісті. Мысалы: Е.Евтушенко, Е.Рейн, Л.Латынин, М.Синельников, Ю.Нейман, С.Северцев, М.Курганцев т.б. Жоғарыдағы аталған және өзге де аудармашылар бір-бірінен мағыналық жағынан, стилистикалық бағыттылығы бойынша, қандай да бір аудармашы ұстанатын концепция бойынша ерекшеленеді. Аудармашы тәржімаларының стилі белгілі бір аудармашылық әдісті көрсетеді, мұның негізінде аудармашының түпнұсқаны жеткізудегі көркемдік концепциясы жатыр. Енді аудармашылардың акын өлеңдерін аударудағы жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, талдау жасауға тырысып көрейік.

М. Шахановтың ақындығы мен ойшылдығы бір бөлек әңгіме болса, философиясы бір басқа дүние. Бізге керегі – М. Шаханов поэзиясының, яғни өлеңдерінің ой-ілімдері. Оның өзі де, ойы да әлемді шарлап кеткен. Сөйтіп барып ой түйген, содан барып, адамзат туралы толғанысқа түскен, әлемге жауар бұлттай түнеріп тұрған зұлымдықтан, апаттан құтқару үшін дабыл қаққан. Мұндай ерлік – Мұхтар Шаханов сияқты санаулылардың қолынан ғана келмек.

Біздің ойымызша, адамзаттың бүгінгі таңдағы рухани көркем ойының биігінен қарай отырып, М. Шаханов рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысынан сан қырлы, еліміздің таза ұлттық рухынан тыныс алған күрделі туынды – тұлпарларын әлемдік әдебиеттің үйіріне қосты. Поэзия есігін алғаш ашқанда, М. Шаханов әлі ешкім бастамаған жол іздеуге мақсат ұстанған болатын. Бұл күнде оның өз жолы бар. Оқырман қауым сол жолдың әлі де болса кеңі түсіп, акынның алда талай татымды дүниелер беретініне сенімді.

Қоғам тіршілігін майданға теңесек, Мұхтар ең алдыңғы шепте, оқтың өтінде өлімге бас тіккен жанкешті жауынгер секілді. Бұл жолда

«Мықты болсаң, жарқыным, ізінді сал елсізге,

Ізсіз жандар өнерде толып жатыр сенсізде» - деп, кейінірек жазған бір өлеңінде жолын қууға талап білдірген бір інісіне айтқандай, Мұхтардың талай талпынысы, еңбегі зая кетпеді».

Мұхтар шығармаларының негізгі лейтмотиві – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті паш ету; ерлікті, зұлымдықты әшкерелеу. Тегінде, бұл – бүкіл акниетті өнер атаулының мұраты болса керек. Бірақ, Мұхтар осы жайларды ешкімге ұқсамай, өз даусымен, өз дәлелімен өрнектеуге тырысады. Мысалы:

«Өмір жайлы сан толқыдым, толғандым,

Достар, достар менен үміт үзбедер

Мені кілең адал ойлы жандардың

Қатарынан іздеңдер», - [2, 210].

дейді акын. Оның өлеңдері бірде осылайша жан сезімін алдыңызға бар ақиқатымен жайып салған адамның сырындай қабылданса, енді бірде жігерлендіруші күш танытып отырады. Акынның осындай өлеңдерінің бірі – «Жігерлендіру немесе өзін бақытсызбын деп есептеген жігітке жауап».

Сен жыладың, жігітім,

Көп көрдім деп тұрмыстың тапшылығын,

Қайтпады деп жұртқа еткен жақсылығым.

Сен жыладың,

Сезімің жасып ағып,

Кіп-кішкентай балаңды қасыңа алып.

Қырмызы күнім өтті деп.

Сенгенім сатып кетті деп...

Сен жыладың:

Мен бірақ селт етпедім,

Білем сені тағдырдың ерке еткенін,
Білем сені өр көңіл, жомарт едің,
Енді бүгін... қалай бұл кер кеткенің?...
Өзің-ақ айтшы ғаламда мынау
Жеңудің бәрі жеңіс пе?
Жігітке арман жеткізіп пе еді
Өз сорын өзі жеңбесе.
Өмірдің барлық сәтсіздіктері
Бақытсыздық емес ендеше! [2, 93].

Өмірде өз қабілетінді дұрыс танып, қоғамның, халқыңның қажетіне жарау үшін арманды дұрыс тандай білу керектігін уағыздай отырып, осындай қорытындыға келді.

Енді осы өлеңнің аудармасына назар аударайық. Өлеңді «Взывая к мужеству» (или ответ джигиту, считающему себя несчастным) деген атпен Леонид Латынин аударған.

Ты плакал над судьбой нелегкою, джигит,
Ты плакал тяжело, не прикрывая глаз,
За все добро сторицею обид
Тебе платили, знаю я, не раз.

Ты плакал, и слеза катилась тяжело,
Щекою сына медленно скользя,
Ты понял вдруг – предательство и зло
Прощать нельзя. И не прощать нельзя.

Ты плакал, но тебе я сострадать не стал,
Я помнил, как добра была к тебе молва,
Ты был не человек – гранит, скала, метал,
А вот теперь – слеза в жалкие слова...

Что за мечта, которую достичь
Дано тому, кто бед не испытал?
Преодолевших горе – возвеличь!
Они – гранит.
Они – металл [3, 70].

Жалпы алып қарасақ, аударма түпнұсқа мазмұнымен дәл келеді. Солай бола тұрса да, «қайтпады деп жұртқа еткен жақсылығым», «сезімің жасып ағып, кіп-кішкентай балаңды қасыңа алып» деген сөйлемдердің аударылуы ойлануды талап етеді. Мұндағы бірінші сөйлемнің «за все добро сторицею обид», екінші сөйлемнің «щекою сына медленно скользя» болып аударылуы аса дәл кеп тұр деп айту қиын. Бұдан басқа да сөйлемдердің аудармасы түпнұсқадағы мағынаны толығымен бере алмайтынын айту керек. Ал, «сен жыладың: мен бірақ селт етпедім» тармағының «Ты плакал, но тебе я сострадать не стал» деп аударылуы сәтті шыққан деп айтса болады. Сондай-ақ түпнұсқадағы «өр көңіл, жомарт едің» деген тіркесті «ты был не человек – гранит, скала, метал» метафораларымен алмастыру аударма үшін ұтымды балама, әсерлі деп айта аламыз.

Түпнұсқаның әрбір шумағы «өмірдің барлық сәтсіздіктері, бақытсыздық емес ендеше!» деген сияқты жолдармен екпіндете, қарқындата аяқталады. Көңілге өз тағдырын өз қолына алуға үндеген таңғажайып қайрат иесі ұялайды. Ал аудармада мүлде басқаша кейіпте көрінеді. Аудармашы бұл өлеңді «Они – гранит. Они – металл» деген метафоралармен аяқтаған. Бұл метафоралардың «өр көңіл, жомарт» тіркестерінің орнына пайдаланғанын ескерсек, аудармадағы соңғы шумақ «қайғыны жеңетіндер – өр көңіл, жомарт жандар» деген мағына береді. Ал түпнұсқаның қалай аяқталатынын айтып кеттік.

Өлеңде ақын қолданған көркем тәсілдердің әрбірі мейлі ол метафора болсын, мейлі эпитет, мейлі параллелизм, ол сөздерде тіпті талдауды қажет етпейтін тереңдік бар. Мағжанның аталған өлеңінің аударылуында біз ерекше назар аударатын басымдықтар – ақынның әсерлі, ырғақты, терең мәнді сөздерінің аудармада қалай берілгендігі. Ары қарай оқып көрейік:

Кім айтты саған?
Тұлпарды сүрінбейді деп,
Асауды мінілмейді деп... деген өлең жолдары
И кто сказал, что конь, споткнувшийся в пути,
Не сможет обойти лихого скакуна... болып аударылған. Көріп отырғанымыздай сөздердің аударылуында тағы да мағыналық ауытқулар бар.

Мағынасын сақтап сәтті аударылған теңеулер бар.

Бетіне жиған ұятты

Әйтсе де, кейде ол кінәмшіл бала сияқты.

Аудармасы:

Вот вспыхнула она румянцем на щеке

Ребенка, что еще и незлобив и чист.

Сонымен қатар аудармада тәржімашы тарапынан Мұхтар өлеңінің кейбір тармақтарын аудармай тастап кеткенін айта кету керек. Мәселен мына жолдар аудармада мүлдем жоқ.

Ақ көйлекті кірлемейді деп,

Қара ешкі мүжіген ағаш,

Қайтадан гүлдемейді деп...[2, 94].

Бұл образды тіркестерді Латынин аудару қажет деп таппаған немесе аударма алмаған деп түсінеміз.

Мұхтар Шаханов өлеңдерінде қазіргі поэзияда басым позицияны алып отырған ерікті өлең мәнерінің екі үлгісі: шешендік сөйлеу мәнері мен ауыз екі сөйлеу интонациялары орын алған.

Мұхтар өлеңдерінің табиғилығы мен биік пафостылығын айқындайтын ең алдымен олардың тақырыптық-көркемдік жүйесі екендігінде дау жоқ. Оның өлеңдеріндегі өлшемдер сабақтастығы мен құрылымдық жүйесі өлең интонациясының мелодикасын түзуде үлкен рөлге ие. Орыс өлеңтанушысы В.Холшевников ерікті өлеңге тән сөйлеу ауызы, тұрмыстық әңгімелеу мен биік патетикалық шешендік сөйлеу сияқты интонациясының екі түрін көрсетеді [4, 174]. Сонымен қатар бұл түрлердің арасын нақты түрде ажырату мүмкін еместігін де айтады. Ақын шығармаларындағы аталған ерекшелік талданып отырған өлеңге де тән.

Көріп отырғанымыздай аударма нұсқада өлеңнің аталған ерекшеліктері көрінбеген. Пішіні де өзгеріске ұшыраған. Сондай-ақ көлемі өзгеріп, аудармашы тарапынан мәтін қосулар орын алған.

Мына шумақ қосылған.

Судьба его, джигит, похожа на твою,

В ней было, скажем, все –

Защита и удар.

Вот след обид твоих,

А здесь я узнаю

Священный дар любви

И милосердья дар... [3, 71].

Ақынның келесі бір өлеңі «Жароков көшесіндегі кездесу» деп аталады. Бұл өлеңді де «Встреча на улице Жарокова» деген атпен Л.Латынин аударған.

Түпнұсқаға назар аударайық.

Күйін шертіп өзінің сан-салалық,
Бұлақ жатты көктемді аңсап ағып,
Күн жексенбі,
Сондықтан үшеуіміз де
Тауға барып қайтуды жөн санадық [2, 47].

Аудармасы:

Ручьи свои песни едва начинали,
И первые травы рождались на свет,
Воскресное утро тепла и печали,
Все трое в горах мы встречали рассвет [3, 56].

Аударма нұсқасы түпнұсқамен салыстырғанда мағынасы жағынан жақын. Сөйлемдердің берілу интонациясы да өзгеріске көп ұшырамаған. Мұхтардың жоғары, биік интонациялылықпен беруге ұмтылған жолдарын аудармашы сақтауға тырысқандығы байқалады. Бұны аудармашы – ақынның туған тілдегі сөздің өзге тілдегі көркемділігін сақтау үшін жасалған талпыныс деп қабылдауға болады.

Аудармашының аталған жетістіктерімен қатар кемшін тұстары да бар.

Түпнұсқада ең алдымен үш ақын «тауға барып қайтуды жөн санаса», аудармада «таңды қарсы алып отырған» болып суреттеледі. Сондай-ақ «алғашқы шөптердің көріне бастағанын» сипаттайды. Бұндай сипаттаулар түпнұсқада мүлдем жоқ. Өлеңді ары қарай оқиық.

Кез болатын кең жайған күз қанатын,
Аспан жиі бозарып сызданатын.
Алатауға өрлеген ақ қайыңға
Қарап қойып сыр тартты бізден ақын [2, 47].

Аудармасы:

Зеленые крылья весна распахнула,
Скользит между гор, начиная полет.
Береза – зимой ее ветром согнуло-
Расправила плечи и солнышко ждет [3, 56].

Аударма шумақта тағы да мағыналық ауытқулықтар орын алған.

Түпнұсқада «бұлақтар көктемді аңсап» ағып жатады, бірақ мезгіл қанатын жайған күз болатын. Бұны аудармашы түсінбей «көктем қанатын жайған еді» деп тәржімалаған. Сондай-ақ «алғашқы шөптердің көріне бастағанын» сипаттайды. Бұндай сипаттаулар түпнұсқада мүлдем жоқ. Сөз – өлең арқауы. Материалы, бейнелілігі, түрі мен мазмұны, эмоциясы – өлеңнің жалпы негізі. Поэзиядағы әрбір сөз, тіркес эмоциялық бояуын жоғалтса, көркемдік әлемі әлсірейді.

Түпнұсқа:

Жан еді өзі секілді дара қайың,
Дара қайың болса да қарапайым.
- Қане, Төлеш, – деп күлді ол – жырыңды оқы,
Қане сен де тартынба, балақайым! [2, 47].

Аудармасы:

И добрый поэт, словно это береза –
Зима и весна уживаются в нем.
– В горах неуместна тяжелая проза,
Уместней стихи, что легки на подъем [3, 56].

А ну, Тулеген, начинай понемногу,
Горам и траве почитай о весне,

Коль вы не забыли с собою в дорогу
Стихи захватить, что запомнились мне.

Аудармашы Тайыр ақынның аузына «тауда прозадан гөрі поэзия жеңілірек» деген сияқты басы артық сөйлемдер қосады. Бұл мазмұндық тұрғыдағы кемшіліктер. Л.Латынин аудармасында Мұхтардың мәнері солғындағаны бірден аңғарылады. Кейбір сөздердің мағынасы толық жеткізілмеген, соның себебінен Мұхтар өлеңіндегі тереңдік әлсіреген. Аудармашы кейбір тармақтардағы мағынаға жақындай түскен де, кейбіреулерін жалаң сипаттап шектелген.

Аудармашы поэтикалық туындыдағы бүтін мен оны құрайтын бөлшектерін, көркемдігін, бейнелеу элементтерін немесе оның түрі мен мазмұнындағы бірлігін, жекелеген жолдарының арасындағы мағыналық, логикалық байланысты түсінуі қажет. Әр сөздің салмағы, мән-мағынасы бар. Шағын өлеңде шалқар ой сән-салтанат құрады, таңдандырып таңдай қақтырар сұлулық әлемі тұна қалады. Сондықтан да аудармашы ақынның әрбір сөз, шумағына мұқият болу керек. Шебер, жақсы жасалған аударма – қайта түлеген рухани құндылық, ел мәдениетінің мәуелі жемісі. Сондықтан да В.Левик аудармада адалдық пен жауапкершілік басты қасиет екенін айта келіп, "бәрібір дәлдік – аударманы қолға алған ақынның бірінші парызы" деп, оны ең құнды сипаты ретінде атайды. "Поэзия аудармасында ұсақ-түйек мүлдем жоқ. Мұнда қас-қағымда бірдеңе жоғалтсаң да, бәрібір жоғалтқаның. Орны толмайды".

Қорытындылай келе, Мұхтар өлеңінің Л.Латынин аудармасындағы нұсқасы туралы айтар ойымыз мынау: Мұхтардай дара болмысты тұлғаны өзге тілде жаңғырту үшін, оның ой негізін өзіндей шебер жеткізу үшін аудармашы көп ізденуі керек. Ақынды тереңдеп танымай, қажет болатын болса, аудару үстінде белгілі дәрежеде ақынның болмысына бойламай, бөтен тілде жаңғыртпақ түгіл, ақын негіздемесіне интерпретация жасаудың өзі мүмкін емес. Жоғарыдағы талдаулар көрсеткендей Л.Латынин аудармалары эстетикалық көзқарас тұрғысынан, яғни түпнұсқаға функционалдық жақындыққа қол жеткізу тұрғысынан алғанда Шаханов поэзиясына жақынырақ. Жоғарыда айтып кеткеніміздей Л.Латынин аудармасы түпнұсқа поэтикасының жекелеген тұстарын бірде күшейте отырып, бірде алып тастай отырып, М.Шаханов поэзиясының жалпы эмоционалдық қалпын жеткізген. М.Шахановтың авторлық мәнеріндегі ой мен сезімнің жоғары экспрессиялылығы, психологизм және өзге де детальдар Л.Латынин аудармасында тұтастай көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Эткинд Е. Поэзия и перевод. – Москва: Сов. Писатель, 1963. - 420 с.
2. М.Шаханов «Дәуір дастандары» – Алматы: Жазушы, 1992.
3. Шаханов М. Лики времен. – Алма-ата: Жазушы, 1982, - 242 б.
4. Холшевников В. Е. Основы стиховедения. –С-П.: СПбГУ, 2002 – 208 с.

ӘОЖ 375.180

Ғ.АЙДАРОВ - ЕЖЕЛГІ БАБАТҮРКІ ЖАЗУЫНЫҢ БІЛГІРІ

Жаңабергенова М., магистр

Ғылыми жетекшісі: **Отарова А.Н.**

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада қазақ ұлтының тарихи, мәдени, және рухани жадысын жаңғыртуда өлшеусіз зор еңбек сіңірген қазақ түркологиясының атасы атанған. Көрнекті рунолог ғалым Ғ.Айдаровтың ғылымға сіңірген еңбегі туралы жан-жақты айтылады.

түркологбарша түркі текті халықтарға ортақ асыл мұра – орхон-енисей жазба ескерткіштері қатарына жататын: Күлтегін, Білге қаған (Могилян), Тоныкөк, Құтлығ қаған, Күлі-Чор, Мойын-Чор сияқты тас мұраларды саралауы фонетикалық ерекшеліктерін, сөздік құрамын, монографиялық жүйесін, синтаксистік ерекшеліктерін сараптауы пайымдалады.

Түйінді сөздер: Қазақ тілі, түркітану, құпия жазулы тастар, орхон-енисей жазуы, тілдік ерекшелік, түркі тайпаларының жазуы, жазба өнері, хат өнері, тарихи мәдениет, әлеуметтік құрылыс.

Жазу – адамзат баласы дүниеге әкелген рухани мұра атаулының асылының ең бір асылы. Түркі текті жұрттардың бұдан мың, мың жарым жылғы өмірінен елес беретін ежелгі жазба нұсқалар – шын мәніндегі баға жетпес байлық, атадан балаға мирас болып қалған ұлы қазына.

Жазба мәдениеті болмағаны себепті бағзы заманнан тарих көгінде өмір кешкен көп халықтар өзі туралы өз қолымен хат бетінде дерек қалдыра алмаған-ды. Мұндай жұрттардың өткені жайындағы деректердің алынар көзі олармен ертеден қарым-қатынаста болған мәдениетті көршілерінің жазбалары болатын. Шығыс Еуропа мен Кіндік Азиядағы түркі текті халықтардың о заманғы өмір тіршілігі хақында олардың іргелес отырған ең жақын көршісі орыстардан мұндай деректерді күте қоюдың ыңғай жоқтығы түсінікті болса керек. Өйткені бұлардың өзінің де жазу-сызу мәдениеті кейінірек дамыған ел ғой. Біздің ата-бабаларымыздың арғы тарихы, ежелгі өмір тіршілігі жөніндегі мағлұматтарды зертеушілер көбіне-көп шығыстағы көршіміз қытай жазбалары мен жылнамаларынан алып келгені белгілі.

«Енесей, Орхон өзені бойындағы түркі қағандары мен ханзадаларының басына қойылған құлпытастардағы тасқа қашалған жазулардың табылуы еуропалықтар «қыр тағысы» деп атап келген түркі жұрттардың тарихы туралы бұрын қалыптасып қалған көзқарастары мүлдем түбірімен өзгертіп жіберді». [1,76]

Түркі халықтарының тарихы қай заманнан басталады деген сұраққа тұщымды да, тұжырымды жауап әлі қалыптаса қойған жоқ десек, дау туа қоймас. Бұның да өзіне тән себептері бар. Ең негізгі себебі адамзат тарихының соңғы дәуіріндегі ғылыми дамудың тізгінін батыс жұртының өкілдері алып, өздерінен басқалардың мәдениетін төмен тұқыртуға тырысуы деп айтуға болады.

1893 жылы түркі халықтарының төл жазуы туралы дат ғалымы В.Томсеннің ашқан жаңалығы еуропалықтар санасында қараңғылықты жарып өткен қадыр түнгі жарық сәуледей әсер етті. Сөйтіп, бұл жаңалық «мәдениеті жоқ» деп жүрген көшпелілердің өзінің осындай жазуы болса, онда «мәдениетсіз халық» деген ұғымның болуы мүмкін емес деген соны пікірдің тууына жол ашқан еді. Біле білсек, бұл пікірдің маңызы орасан зор. Табылғанына 300 жыл толған көктүрік күл (геометриялық фигуралар тектес) жазуы түркітанушы ғалымдар В.Томсен, В.Радлов, С.Маловтар арқылы өзінің төл ұрпағы қазақтарға келіп жетті. Қазақтар – түркі халықтарының ядросы. Өйткені, түркілер мекендеген территорияның кіндігі, орталығы – Қазақ жері. Бұл – түркі халықтары құраған барлық рулар осы кіндіктен тарады деген сөз. Бұл –қазақ ұлтын құруға барлық түркі рулары қатысты деген ой. Бұ тұста «қазақ шежіресінде ана ру, мына тайпа жоқ қой» деген пікір тудырмауға тиіс. Ерте кезде қазақтың бір тектен тарағандығы жөніндегі пікір мығым болған. Сондықтан да ұсақ рулар ірі тайпалар құрамына еніп кетіп отырған. Қазақ тілі – түркі тілінің төл негізін сақтаған және табиғи түрде ең жоғары дамыған дара тіл. Қазақ елі – төл түркі салт дәстүрлерінен ажырамаған сара ел. Сол себептен де түркі халықтарының ортақ сөзі болғанда қазақ тілінің алдына түсіп кететін түркі тілі жөнінде сөз болмауға тиісті.

Күлтегін және басқа осы секілді ірі жазба мұралардың табылуы – замана тозаңы бұдан сан ғасыр бұрын жер астына көмген тарих қоймасының ашылуы, ежелгі түркі тілінің, әдебиетінің ашылуы еді. Түркі халықтарының жазба өнері, хат өнері

дамыған сол бір алыстағы дәуірді көп зерттеушілер қазір түркі ренессансының дәуірі деп атап жүр.

Құпия сырға толы тастардың табылуы мен олардағы жазуларға тіл бітіріп, сөйлетудің өзі де – бір қызықты дүние. Орыс патшасы Петр біріншінің шведтермен соғысы кезінде қолға түсіп (1709 жылы), кейін Тобыл қаласына жер аударылған швед офицері Филипп Табберт Страленберг тұтқыннан еліне оралғаннан кейін Сібір өлкесінде көріп-білгендерін кітап етіп жазған. Сол еңбегінде ол Енисей өзені бойындағы құлпытастарға қашап жазылған құпия жазулар туралы деректер келтіреді. Ал XVIII ғасырдың алғашқы жартысында Сібірді аралаған саяхатшы Мессершмидт өзінің күнделігіне қашалап жазылған жазуы бар бірнеше құлпытастардың суретін салады. Осындай құпия жазулы тастар Сібір жерлерінен көптеп табыла бастайды. Бірақ ол жазулардың қай кезде жазылғаны, қай халыққа тиісті екендігі ұзақ уақыт белгісіз болып қала береді. Жазулар жөнінде ғалымдар арасында әр қилы пікірлер мен болжамдар болды. Құпия жазуларды оқу Дания ғалымы В.Томсеннің үлесіне тиді. Түркі тілдеріндегі әріптердің сөз ішінде орналасуы заңдылықтарына сүйене отырып, 1893 жылы орхон-енисей жазуларының оқылу кілтін тауып, текстерді түгел оқиды. Бұл жазулар VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпаларының жазуы екендігін дүние жүзі ғалымдары алдында дәлелдеп берді.

Барша түркі текті халықтарға ортақ асыл мұра – орхон-енисей жазуы қазақ тілі үшін де тонның ішкі бауындай жақын және ортақ. Өйткені, біріншіден, түркілер мекендеген аумақтың кіндігі, орталығы – қазақ жері болса, екіншіден, қазақ ұлты тарих сахнасына ерте шыққан, арғы тегі бір белді, басты түркі ру, тайпаларынан құралады. Қазақ тілі – түркі тілінің төл негізін сақтаған, табиғи дамуы жоғары дәрежедегі тіл. Сондықтан қазақ елі перзенттері, қазақ тілі мамандарының көне мұрамыз көне түркі жазбаларын зерттеуге атсалысуы – табиғи нәрсе. Сондай ғалымдардың бірегейі, Орхон-Енисей жазбаларын қазақ топырағында алғаш рет жұртшылыққа танытқан Ғұбайдолла Айдаров болды.

Ғұбайдолла Айдаров алғашқы мақалаларын жариялағанда көрнекті түркітанушы ғалым С.Е.Малов: «С востока один казачонок интересуется с древнетюркскими памятниками. Это – очень хорошо. От него можно много полезного ожидать», - деген болатын. [2,456] Біз қазір сол үлкен ғалымның дуалы аузынан шыққан сөздің шындыққа айналғанына, оның көрегендігіне куәгер болып отырмыз.

Бұл кісі кітаптарында Тоныкөк, Мойын Чор, Білге қаған ескерткіштерінің мәтінін келтіріп, оның аудармасын береді. Түпнұсқа мен осы аудармадағы мысалдарды жай үстіртін шолып шығудың өзінен-ақ бұл жазбалардың қазіргі өзге түркі тілдерімен бірге біздің тілімізге де етене жақындығын кәміл аңғаруға болады.

Ол 1960 жылдың мамыр айында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтына кіші ғылыми кеңесінде «VIII ғасырдағы Тоныкөк ескерткіші және оның қазіргі кездегі кейбір түркі тілдеріне қатысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды.

Кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шыққан Ғ.Айдаров сол жылы Тіл мен әдебиет институтына кіші ғылыми қызметкер болып қабылданады. Арада үш жыл өткеннен кейін аға ғылыми қызметкер болып сайланады. Сөйтіп, Ғ.Айдаровтың бұл саладағы еңбегі өзінің батылдығымен, тұжырымдарының сонылығымен, мағлұмат деректерінің дәлдігімен жұршылықтың назарын аударды. Оның алғашқы монографиялық еңбегі «Язык орхонского памятника Бильге қағана» деген атпен 1966 «Ғылым» баспасынан жеке кітап болып жарық көрді. Бұл кітапта ескерткіш тілінің грамматикалық құрылымы, графикалық құрамы кеңінен сөз болады. Зерттеудің сол кездері тіл тарихымен айналысқан тарихшылар мен филологтар үшін, филология факультеттерінің аспиранттары мен студенттері үшін құнды деректер көзі болғандығы даусыз. Тың еңбек тек кеңес ғалымдары ғана емес, шетелдік түркітанушылардың назарына тез ілікті. Еңбекке кезінде неміс ғалымы П.Цимме

пікір жазды. Сол жылы «Көне түркі жазуларынан мағлұматтар» (VIII ғасырдағы Мойын-Чор ескерткішінің тіліне арналған) деп аталатын студенттерге арналған көмекші құралы да жарық көрді. Түрікмен университетінің профессоры М.Н.Хыдыровпен бірге түрікмен тілінде «Орхон-Енисей ядыгәрликлерининң дили» атты оқу құралын жазды. 1968 жылы ол Түрікмен университеті үшін «Көне түркі ескерткіштері» бойынша бағдарлама да құрастырылды. Филология ғылымдарының докторлары Ә.Құрышжанов және Томановпен бірге ол «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты педагогтық институттар мен университеттердің студенттеріне арналған оқу құралын жазды (1978).

Көп кешікпей «Ғылым» баспасынан өзінің ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижесі ретінде «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в.» (28 баспа табақ) атты монографиясын жеке кітап етіп шығарды. Жаңа туындысында Ғ.Айдаров орхон ескерткіштері қатарына жататын: Күлтегін, Білге қаған (Могилян), Тоныкөк, Құтлығ қаған, Күлі-Чор, Мойын-Чор сияқты тас мұраларды саралап алып, олардың бетіндегі жазбаларды қаз-қалпында өз қолымен көшіріп, фонетикалық ерекшеліктерін, сөздік құрамын, монографиялық жүйесін, синтаксистік ерекшеліктерін жан-жақты талдайды. Ең бастысы – автор бұл ескерткіштердегі сөздердің басым көпшілігі бүгінгі түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының тіліне жақындығын, оларды қиналмай түсінуге болатындығын көптеген нақты мысалдармен дәлелдеді. Сонымен бірге оның осыншама қиын да күрделі міндеттерді жүзеге асыруына заманның беймәлім сырларын ашуға деген құштарлық қана емес, оның бірқатар түркі тілдерінде еркін сөйлей, жаза білу де өз септігін тигізгені хақ.

Кітаптағы лексикалық, грамматикалық талдаулармен қатар, жер-су, тайпа, тұрмыс-салт, табиғат құбылысы, хайуанаттар тіршілі, қазба байлықтар туралы сөздерді саралап, жеке-жеке топқа бөліп зерттеуі өте құптарлық.

Сан алуан грамматикалық формаларды дұрыс меңгеру арқылы автор ескерткіштер тілінің барша сыр-сипатын, мән-мағынасын ашуға жол таба білген. Еңбекте жазулардың транскрипциясы мен орысша аудармалары салыстырыла берілген. Бұл орайда түрколог-ғалым Ғ.Айдаровтың еңбегі орасан зор.

Ғ.Айдаров орхон-енисей жазба ескерткіштерін одан әрі тереңірек зерттей түседі. Оның бұл саладағы қол жеткен табыстары сәтті болып шықты. 1974 жылы Әзірбайжан университетінде «Орхон-енисей және талас жазба ескерткіштерінің лексикасы» атты тақырып бойынша докторлық диссертациясын қорғайды.

Ғалым көне түркі жазба ескерткіштерін зертеумен ғана айналысып қоймай, сонымен қатар осы ескі жәдігерліктердің зерттелу тарихын зерделеуді де ұмытпаған. Көне түркі жазбалары бойынша шет елдерде, өз елімізде жарияланған ғылыми еңбектерді үнемі қадағалап, бажайлап, сараптап отыратын Ғ.Айдаров 1979 жылы «Енисей, Орхон және Талас бойындағы көне түркі жазба ескерткіштері бойынша жарияланған әдебиеттің библиографиялық көрсеткіші» атты анықтамалық еңбегін жарыққа шығарды. Бұл еңбек көне түркі ескерткіштерін зерттеу бойынша жарияланымдардың тұңғыш библиографиялық көрсеткіші еді. Көрсеткішке XVII ғасырдың аяғынан 1978 жылға дейін көне түркі ескерткіштері бойынша жазылған зерттеулер енді. Бұл анықтамалық одақ көлемінде жоғары баға алған айтулы еңбектердің бірі болды. Одақтағы аты әлемге әйгілі түркітанушылар профессор А.Н.Кононовтан бастап осы еңбекке үнемі арқа сүйеп, сілтеме жасап келген.

Кейінгі кездері ғалымның «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1986), «Орхон ескерткіштерінің тексті» (1990), «Көек ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (1991), «VIII ғасырдағы Күлтегін» (1992) және «Армян жазулы қыпшақ ескерткіштер тілі» (1992) атты кітаптары жарық көрді.

Ғ.Айдаровтың 1986 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты монографиясында көне түркі жәдігерлерінің тілдік ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалады. Зерттеу еңбегі университеттер мен

педагогикалық институттардың студенттеріне арналған оқу құралы ретінде жазылған болатын. Оқу құралы оқыту бағдарламасына сәйкес екі бөлімнен құралған. «Көне түркі ескерткіштерінің тілі» атты бірінші бөлім төрт тараудан (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) тұрады. Фонетикаға арналған тарауда көне түркі әліпбиінің шығу тегі, өзіндік ерекшеліктері туралы сөз болады. [3,196] Автор түркітанудағы ғылыми пікірлерді жүйелі түрде саралай отырып, әр көзқарастың негіздемесіне тоқталады. Еңбекте көне түркі әліпбиі, ондағы дауысты дыбыстарды көрсететін таңбалар (Құтлығ қаған ескерткіштеріндегі жазу үлгілері, транслитерациясы мен транскрипциясымен қоса), дауыссыздар (жалаң, қос), дауыссыз дыбыстардың тіркестері, жазбалардың мәтіндерінде кездесетін буын түрлері кеңінен сөз болады. Автор Енисей, Орхон және Талас жазба ескерткіштеріндегі дыбыстардың жасалуы мен айтылуына байланысты қалыптасқан дыбыстық заңдарға тоқтала келіп, түркі тілдері фонетикасының өзекті мәселесі – сингармонизмді сөз етеді.

Лексикаға арналған тарауда сөз және оның мағынасы, көпмағыналық, омонимия, синонимия, антонимия құбылыстары сөз болады. Тілдің грамматикалық құрылысын зерттейтін грамматиканың бір саласы – морфология еңбекте жеке тарау ретінде қарастырылады.

Қазақ филологиясында кенжелеп дамып келе жатқан салаларының бірі – мәтінтану (текстология). Ғұбекеннің 1990 жылы жарық көрген «Орхон ескерткіштерінің тексті» атты зерттеуі Қазақстандағы осы мәдениеттану ғылымына қосқан зор үлесі десек, артық болмас. Еңбекте VI –VIII ғасырлардағы орхон ескерткіштері Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Күлі-Чор, Құтлығ қаған, Мойын-Чор т.б. ұсақ ескерткіштер мәтіндерінің түпнұсқалары мен қазақ тіліндегі ғылыми аудармалары беріледі. Бұл аудармалар – орхон ескерткіштерінің қазақ тіліндегі тұңғыш толық аудармалары. Еңбектің мақсаты – жалпы түркі мәдениетіне ортақ осы мұралар тілінің сөздік құрамы, сөз саптау үлгілері қазақ тілінде қаншалықты сақталғандығын анықтау болып табылады.

Ғылымның пікірі бойынша, Орхон-енисей жазба ескерткіштері поэзия жанрының VI –VIII ғасырлардағы түрлеріне толық сәйкес келмесе де, өз дәуіріндегі фольклордың, ауызша поэзиясының сипаты қандай болды деген сұрауға жауап боларлықтай құнарлы материал береді. Орхон ескерткіштерінен ерте орта ғасырдағы түркі тайпаларының тарихы, мәдениеті, тілі мен әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде мол дерек табылады. Ескерткіштердің негізгі идеясы – түркі тайпаларының ғасырлар бойы аңсаған мақсаты, өз елінің тәуелсіздігін сақтау, өз жерлерін ішкі-сыртқы жаулардан қорғау.

Орхон ескерткіштері ішіндегі мазмұны мен көлемі жағынан ерекше саналатын көне түркі жазбаларының бірі Күлтегінге арналған ескерткіш. [4] Орхондағы тасқа қашалған мәтіндерде Бумын, Істемі, Құтлығ қағандармен бірге ерекше мән берілетін басты тұлға ретінде ғалым Күлтегінді айтады. Күлтегін – Құтлығ (Ілтеріс) қағанның кіші ұлы. Жазбада тарихи оқиға баяндалады. Онда шығыс Түркі Қағанаты мен оның құрамына енген көптеген түркі тайпаларының тарихи мәдениеті және әлеуметтік құрылысы жөнінде өте құнды деректер бар. Орхон мәтіндерінде Күлтегіннен кейінгі ерлігімен көзге түсетін тұлға – Білге қаған. Ол ақылды, данагөй қаған түрінде көрсетіледі. Йоллығ тегін (Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінің мәтіндерін түзушісі) – өз дәуірінің тарихын әлеуметтік, саяси жағдайларын жетік білген, ой-өрісі кең, қабілеті мен жазушылық шеберлігі мол кісі. Мәтіндерден, сонымен қатар Қытайда оқып тәлім-тәрбие алған, көпті көрген, әскери әдіс-тәсілдердің жетік білгірі ретіндегі ақылды да айлакер Тоныкөкті көреміз.

Ғалымның пікірі бойынша, орхон-енисей ескерткіштері поэзия түрінде жазылған деген көзқарасты мақұлдауға болмайды. Бұл деректер – өлең өлшемінде туған поэзиялық туындылар емес, олар көркем сөз негізінде жазылған шығармалар. Автор көне түркі жазбаларын, соның ішінде орхон-енисей жазбаларын зерттеумен

шұғылданған ғалымдардың кейбіреулері бұл мұраларды тарихи деректер түрінде, екінші біреулері тарихи ерлік жырлар сипатында қарайтындығын, шындығында орхон ескерткіштері VI –VIII ғасырдағы түркі тайпаларының тарихынан, мәдениетінен, әдебиетінен, әдет-ғұрпы мен күн көру тұрмысынан, дәстүр, салт-санасынан құнды деректер беретін тарихи әңгімелер болып табылатындығын жазады.

Орхон-енисей жазуларының ірі маманы Ғұбекеннің жазу өнерінің осы бір түрін ел-жұртқа насихаттаудағы еңбегі – өз алдына бір төбе. Тіл зертеушілері де, әуесқой зиялылар да орхон-енисей жазуына келгенде, Ғұбекеннің еңбектеріне соқпай өте алмайды.

Қысқасы, өткен 30 жылдан көбірек уақыт ішінде Ғ.Айдаров отызға тарта кітап, 200-ден аса ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған мақалалар жазды. Кезі келгенде айта кету орынды, ол орхон-енисей жазба нұсқаларын өз ана тіліндей жете меңгерген, текстерді кедергісіз жатық оқиды. Бұл – ғалымның үлкен табысы. [1,316]

Ғ.Айдаровтың еңбектері түріктанушы мамандар тарапынан лайықты бағасын алды. Әсіресе, Москва, Ленинград ғалымдары А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Э.В.Севортян, әзербайжан ғалымдары М.Демирчи-Заде, Ф.Зейналов, түрікмен ғалымдары П.Азимов, М.Н.Хыдыров, қырғыз ғалымдары И.А.Батманов, К.Юдахин, шетел ғалымдары Г.Хазай, П.Цимме т.б. Ғ.Айдаровтың еңбектерін жоғары бағалап, жылы лебіздер білдірді.

Мұның бәрі – Ғ.Айдаров еңбектері тек тілшілер мен әдебиетшілер, тарихшылар үшін ғана емес, халқымыздың ежелгі мәдениетін, әсіресе, мәдениет атаулының ең басты белгісі болып саналатын халықтық тілдің түп-төркінін білмекке ынтызар барша оқырмандар үшін де бағалы еңбектер екендігін көрсетеді.

Көне замандағы тасқа қашалып жазылған жазбаларды сол дәуірдің туындылары ретінде тану, сөйтіп оларды тарихи тұрғыдан, тіл мәдениеті тұсынан зерттеу үлкен білімділік пен алымдылықты қажет ететіні мәлім.

Көрнекті түрколог филология ғылымының докторы, Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, марқұм Ғұбайдолла Айдаров барша саналы ғұмырын байырғы жазба мұраларға арнап, өзіндік мектеп қалыптастырып кеткен ғұлама ғалымның өлшеусіз еңбегі халқымызбен мәңгі жасай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғ.Айдаров. Естеліктер. – Алматы., 2003. –176 б.
2. Малов С.Е М.Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.,Л., 1959. 349б.
3. Айдаров Ғ.,Құрышжанов Ә.,Томанов М .Көнен түркі ескерткіштерінің тілі. А., 1971, 262б.
4. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші .Алматы: «Ана тілі», 1995. 232 б.

ӘОЖ 378

АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сүйінбаева Г.М., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Абдыкеримова Э.А.**

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада заманауи кәсіптік білім беру үшін оқытудың жобалық әдістемесінің өзектілігі қарастырылады, оның көп мақсатты және көпфункционалды бағыттылығымен анықталатын, сондай-ақ оны тұтас білім беру үдерісіне біріктіру

мүмкіндігі, оның барысында тұлғаның жан-жақты дамуы орын алады. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сабақтарында студенттердің жобалық қызметін ұйымдастыру қарастырылады.

Түйінді сөздер: жоба, жоба әдісі, жобалау қызметі, оқытудың жобалық әдістемесі, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі.

Білім берудің жаңа мазмұны мен нәтижелері білім алушының қоғамы ортадан өз орнын бағдарлауға, білім мазмұны мен пәндерді өзі таңдауына бағытталып отыр. ЖОО студенттерді оқытудың жекелік сипаты мен студенттің мүмкіндіктерін дамыта отырып, өз бетімен білім алуын ұйымдастыру талаптары жаңа тұрпатты оқытушыларды, олардың жаңаша ойлау әрекеттері мен зерттеушілік ұстанымдарын қалыптастыруды көздейді.

Жобалаудың жаңа сипаты оның жүйелі зерттеу әрекетімен тығыз байланыстылығында, яғни, жобалау мен зерттеудің біріктірілуі бүгінгі өркениет тудырып отырған құбылыс. Дұрыс ұйымдастырылған жобалық жұмыс студенттерге оң әсер етеді, өз бетінше білім мен тәжірибе алуға ықпал етеді, олардың тәуелсіздігін, бастамашылдығын және шығармашылық белсенділігін дамытады. Біздің ойымызша, жобалау жұмысы білім берудің үздік дәстүрлерін сақтауға және дамытуға ықпал етеді, ал жобалық қызметті оқытудың сауатты әзірленген әдістемесі студентті өз бетімен шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қолдануға ынталандыратын жағдайлар жасауға бағытталған. Қазіргі оқытушы студенттердің өзекті әлеуметтік, экономикалық және саяси әлемдерге батуы үшін шын мәніндегі материалда, барлығы үшін маңызды объективті фактілерде оқытуды құруы қажет.

Оқытудың жобалық әдісі студенттердің білімге деген қызығушылығын ынталандырады және ЖОО қабырғасынан тыс нақты мәселелерді шешу үшін осы білімді қолдануға үйретеді, білім алу үдерісін неғұрлым тиімді ғана емес, сонымен қатар кең әлеуметтік-экономикалық контекстке кіріктірілген етеді деп санаймыз. Оқыту оқу жобасын жүзеге асыру барысында жүргізіледі. Бұл әдіс студенттердің іс-әрекеті процесінде білім алудың іс-әрекеттік тәсілін жүзеге асырады. Жоба әдісінің негізінде студенттердің танымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өздігінен құрастыра білу, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білу, сыни ойлауды дамыту жатыр. Жоба әдісі студенттердің жеке, жұптық, топтық қызметіне бағытталған, оны студенттер белгілі бір уақыт аралығында орындайды. Бұл тәсіл оқытудың топтық тәсілімен үйлеседі [1].

Жобалар әдісі бір жағынан әр түрлі әдістерді, оқыту құралдарын пайдалануды, ал екінші жағынан - ғылымның, техниканың, технологиялардың, шығармашылық салалардың түрлі салаларынан білімді, іскерлікті интеграциялауды көздейтін қандай да бір проблеманы шешуді көздейді. Орындалған жобалардың нәтижелері болуы тиіс, яғни, егер бұл теориялық проблема болса, онда оның нақты шешімі, егер тәжірибелік болса - енгізуге дайын нақты нәтиже. Жоба бойынша студенттердің топтық жұмысын ескере отырып, біз студенттің нәтиже алуға жеке қызығушылығы ғана, жоба проблемасын шешудің оң уәждемесі оның дербестігі мен мақсаттылығын, табандылығын қолдай алатынын, іс барысында туындайтын қиындықтар мен проблемаларды шешуге көмектесетінін ұмытпауымыз керек. Әдіс жобалық қызметтің уәждемесін қамтамасыз етуде жеке көзқарасты қарастырады, сондықтан оны жеке тұлғаға бағытталған деп сипаттауға болады.

Әрбір оқу жобасының негізінде студенттердің жобалық қызметінің мақсаты мен міндеттері туындайтын кейбір проблема жатыр. Жоба әдісіне проблемалық әдіске тән барлық ерекшеліктер тән. Бұл оны қолданудың бір тәсілі, оны жүзеге асырудың бір түрі. Осылайша, оқу жобаларының әдісі проблемалық оқыту ұстанымдарына негізделген [2].

Бірінші орынға теорияны тәжірибеде қолдана білу ұсынылады. Бұл әдіс білімді, іскерлікті тереңдету функциясын орындайды, сондай-ақ бақылау және түзету міндеттерін шешуге, танымдық қызметті ынталандыруға ықпал етеді. Бағдарлы білім беруде жобалық

әдісті қолдану білім мен іскерліктер арасындағы ақылға қонымды баланс болып табылады.

Кәсіби білім берудегі жобалық әдістің ерекшелігі - бәсекелестік жағдайында қызметінің сипаты бойынша өзіндік ерекшелікке бейімдеуге, іс-әрекеттің нақты практикалық саласында өзін-өзі жетілдіруге және студенттің кәсіби өсуін қолдауға бағытталуы [3].

Осылайша, қазіргі заманғы білім беру үшін оқытудың жобалық әдісі технологиясының өзектілігі оның көп мақсатты және көпфункционалды бағыттылығымен, сондай-ақ оның тұтас білім беру үдерісіне ықпалдасу мүмкіндігімен айқындалады, оның барысында студенттердің жүйелі базалық білімі мен негізгі құзыреттілігін меңгерумен қатар тұлғаның көпжақты дамуы жүреді.

Жоба әдісін қолдана білу - оқытушының жоғары біліктілігінің, оның оқыту мен дамытудың прогрессивті әдістемесінің көрсеткіші. Сондықтан да бұл технологиялар ХХІ ғасырдың технологияларына жатады, ол ең алдымен қоғамның адам өмірінің тез өзгеретін жағдайларына бейімделе білуді көздейді [4].

Біз мақалада оқу үдерісінде оқытудың жобалық әдістемесін қолдануға назар аударғымыз келеді.

Сабақтарда жобалар әдісін қолдану студенттерге осы жұмыс түрінің маңыздылығын сезінуге, олардың ғылыми және шығармашылық қызметпен айналысуға қабілетті екенін сезінуге мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде жобалық әдістемені қолданудың ерекшелігі – студенттің өзіндік жұмысы қызмет орталығы болып табылады, ал оқытушы өз студентінің бастамасын, белсенділігін және шығармашылығын ынталандыратын әдіскер-көмекші және кеңесші рөлінде болады. Студенттер көбінесе ақпаратты білімге айналдыра алмайды. Ақпараттың көптігі білімнің жүйелілігіне да әкелмейді. Студенттерді ақпараттық материалды дұрыс меңгеруге үйрету қажет, ал ол үшін оларды ең бастысы бөлуге, байланыс табуға және алынған ақпаратты құрылымдауға үйрету қажет. Мақсатты іздеу қызметін де үйрету керек.

Студент бірте-бірте жобаның мақсаты мен міндеті түрінде студенттердің өздері қалыптастырған қызықты мәселені шешуге бағытталған қызмет екенін түсінеді, бұл қызметтің нәтижесі - проблеманы шешудің табылған тәсілі - практикалық сипатқа ие, маңызды қолданбалы мәнге ие және бұл өте маңызды, өздері үшін маңызды екенін түсінеді. Студент эмоциялық күш алады, ол одан әрі әрекет ету үшін ынталандырады, шығармашылық көкжиегін ашады. Осылайша, студенттің жобамен жұмысының тағы бір маңызды тәрбиелік аспектісін атап өту керек - бұл эмоциялық-эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу. Болашақ, таңдаған мамандыққа байланысты жобалар арқылы студент қоршаған ортаның әр түрлі жақтарын танып, өмірлік жағдайларда жақсы бағдарлануды, болып жатқан оқиғалардың маңыздылығын түсінуді, қоршаған өмірде оның әдемі жақтарын табуды үйренеді, ал бұл өз кезегінде өзінің, жаңалығы мен қоршаған ортаны қайта құруға ұмтылысты тудырады. Осы әдіс арқылы студенттер командада немесе жеке жұмыс істеуді, ақпаратты жинауды және қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше отырып, оны қолдануды үйренеді.

Студенттердің жобаларында зерттеу сәттері ерекше маңызға ие. Жоба бойынша жұмыс істей отырып, студенттер интернет көздерін зерттейді, материалды іріктейді, қорытынды жасайды, студенттер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Алынған сауалнама нәтижелерін өңдейді, диаграммалар құрастырады және оларды презентацияда көрсетеді. Студенттер өз жобаларымен сабақтарда бір топ студенттердің алдында баяндап қорғайды, ал ең сәтті жобаларды студенттердің ғылыми-практикалық конференциясына ұсынуға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сабағында студенттермен орындалған жобалардың тақырыптары:

1. Операциялық жүйелердің салыстырмалы сипаттамасы. Студенттер кітап, интернет дереккөздердің материалдарын зерделейді, материалдарды іріктейді, ұсынылған өлшемдер бойынша операциялық жүйелердің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды. Қорытындылар жасайды.

2. Бизнес жоспар құру. Мысалы: кітап дүкенін ашу.

Жобаны орындау үшін студенттер бизнес үшін қажетті жабдықтарды, бағаларды таңдап, зерделейді, бағасы мен сапасы бойынша неғұрлым қолайлы заттарды таңдайды, кітаптарды таңдайды. Студенттер өткізу нарығы мен бәсекелестікті зерттейді, жоспарын құрады. Барлық шығындарды есептеу жүргізіледі (штат кестесіне сәйкес энергия ресурстарының құнын, үй-жайды жалға алуды және қызметкерлердің жалақысын қоса алғанда) осы шағын бизнестің табысы мен өзін-өзі ақтауы есептеледі (қандай кезең үшін). Бизнес жоспардың экономикалық есептеулері Excel бағдарламасында рәсімделеді, формулаларды құрайды.

Жобалардың нәтижелері мен қорытындылары презентацияда көрсетіледі. Студенттер алған білімдерін практикада осындай жобаларды орындау барысында қолданады, өмірде қажетті сапаларды: бастамашылық, дербестік, жинақтылық. Студенттерге ақпаратты өңдеу бағдарламасын пайдалана отырып, оқытушының тапсырмаларын орындау (жобалар жасау) қызықты.

Қазіргі уақытта қоғам біздің қоғамымызды шығармашылықпен реформалауға, елдің зияткерлік әлеуетін арттыруға, оның рухани мәдениетін қалпына келтіруге қабілетті жоғары білімді, бастамашыл жастарға деген қажеттілік бар. Біздің университет түлектері бәсекеге қабілетті қызмет жағдайында қиындықтармен кездесуге дайындалған, жаңа қоғамдық қатынастарға дайын деп айта аламыз.

Қорытындылай келе, оқытудың жобалық әдісінің артықшылығы, оны тұтас білім беру үдерісіне оңай біріктіру болып табылады, оның барысында студенттердің жүйелі базалық білімі мен негізгі құзыреттілігін меңгерумен қатар тұлғаның көпжақты дамуы жүргізілетін болады. Оқытудың жобалық әдісі студенттерді жаңа білім алудың белсенді тәсілдеріне үйретуге көмектеседі, жеке әлеуметтік белсенділіктің жоғары деңгейін меңгеруге мүмкіндік береді, студенттердің шығармашылық қабілеттерін ынталандырады, оқуды күнделікті өмір тәжірибесіне жақындатуға көмектеседі және білім, білік пен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырады. Оқытудың жобалық әдісі оқу қызметін саралауға және дараландыруға кең мүмкіндік береді. Білім беруде оқытудың жобалық әдісін пайдалану тек оқу үдерісі үшін ғана емес, ең бастысы - студенттердің өздері үшін өте маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 б.
2. Полат Е.С. Метод проектов. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. - М., 2000. - 235 с.
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. - А., 2009. – 203 с.
4. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии. Активное обучение. - М.: Академия, 2009. - 192 с.

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жаманғара Н.С., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Абдыкеримова Э.А.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада білім беру жүйесін дамыту үшін оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысының басым бағыты ретіндегі педагогикалық технология - жобалау қызметі қарастырылған. Физика сабақтарында мектеп оқушыларының жобалық қызметін ұйымдастыру сипатталған.

Түйінді сөздер: физика, оқу үдерісі, жоба әдісі, дағдылар мен біліктіліктер, құзыреттілік тәсілі, оқу іс-әрекеттері.

Бүгінгі күні жалпы білім беру жүйесі өз түлектерінің постиндустриалды ақпараттық қоғамда өмір сүруге жеткілікті дайындығын қамтамасыз етуі тиіс.

Мұндай қоғамға жоғары білікті, ынталы, үнемі өзін-өзі дамытуға және өзінің кәсіби дайындық деңгейін арттыруға қабілетті жастар қажет.

Оқу танымдық іс-әрекетінің әмбебап тәсілдері болып әмбебап оқу іс-әрекеттері табылады, оларды негізгі білім беру құзыреттілігінің жиынтық компоненті ретінде анықтауға болады, оқушының өзінің оқу іс-әрекетінің барысын белсенді және саналы түрде басқаруға мүмкіндік беретін іс-әрекет субъектісі болуға біртұтас, интегративті қабілеті бар [1].

Оқушылардың жалпы оқу іскерліктері мен дағдыларын дамыту нәтижесі оқушының жеке тұлғасы болып табылады, ол өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту, яғни білім беру саласындағы құзыреттілік сияқты сипаттамаларға ие.

Әмбебап оқу іс-әрекеттері кез келген оқу материалын меңгеру құралы болып табылады. Оларды қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмысқа назар аудару маңызды. Мұғалім алдында әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру проблемасын шешудің ең тиімді тәсілін табу міндеті тұр.

Оқыту үдерісінде жалпы дағдылар мен біліктіліктерін қалыптастырудың негізгі жолдары:

- ғылыми-зерттеу қызметі;
- проблемалық-диалогтық технологиялар;
- оқу шеберлігі тренингі;
- құзыреттілік тәсіл;
- жобалық әдіс.

Біз осы мақалада жобалау әдісінің мәніне тоқталамыз. Жобалау технологиясын мақсатты бағыты, қоршаған өмір - бұл оқудың іздену және зерттеу моделін, таным үдерісінде өзін-өзі оқытуды қолдана отырып, таным үрдісі жүретін зертхана.

Жоба бұл – проблема, жобалау (жоспарлау), ақпаратты іздеу, өнім, тұсаукесер. Жобаның алтыншы құраушысы бұл оның портфолиосы, яғни, жобаның барлық жұмыс материалдары жинақталған папка, соның ішінде жобалар, күнделікті жоспарлар мен есептер және т.б [2].

Оқу тәжірибесі көрсеткендей жобалау әдісі тек физика немесе информатика пәндерінде ғана емес, сонымен қатар химия, тарих, әдебиет, география, математика және т.б. пәндерде де қолданылатынын көрсетеді. Қызықты жобалар ақпараттық технологиялар мен бағдарламалау арқылы жасалады. Компьютерлік техника және оның бар мүмкіндіктері оқушыларды ғылыми-зерттеу әлеміне бір мезгілде енгізеді және

табиғаттағы құбылыстар мен процестерді модельдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар физика мен информатиканың пәнаралық байланысы дамиды, өйткені информатика сабақтарында алынған білім физика сабақтарында қолданылады және оқушыларды негізгі фундаменталды физикалық мәселелерімен, эксперименттік міндеттермен таныстыруға мүмкіндік береді [3].

Оқушылардың көзқарасы бойынша оқу жобасы - бұл өздерінің шығармашылық әлеуетін барынша ашу мүмкіндігі.

Бұл іс-әрекет жеке немесе топта өзін көрсетуге, өз күштерін сынап көруге, өз білімдерін қолдануға, пайда келтіруге, көпшілік алдында қол жеткізген нәтижені көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл қызықты мәселені шешуге бағытталған іс-әрекетті, оны көбінесе оқушылардың өздері тұжырымдайды, егер бұл іс-әрекеттің нәтижесі - мәселені шешудің табылған тәсілі және практикалық, маңызды қолданбалы құндылыққа ие болса, онда ол оқушылардың өздері үшін қызықты және маңызды болады. Жобалық іс-әрекетке әсер ететін біліктіліктері:

Рефлексивті біліктіліктері:

- мәселені шешу үшін білімі жеткіліксіз болған тапсырманы түсіну қабілеті;
- ұжымдық іс-әрекетте өз рөлін дұрыс таңдай білу қабілеті;

Іздеу (зерттеу) біліктіліктері:

- өз бетінше идеялар қалыптастыру, яғни әр түрлі салалардағы білімге сүйене отырып, іс-әрекет әдісін ойлап табу;

- ақпарат өрісінде жетіспейтін ақпаратты өз бетінше табу;

- сарапшыдан (мұғалімнен, кеңесшіден, маманнан) жетіспейтін ақпаратты сұрай білу;

- мәселені шешудің бірнеше нұсқаларын таба білу;

- ұсынылған бірнеше шешімдердің ішінен ең үздік шешімді таңдай білу.

Бағалау дербестігінің біліктіліктері:

- өз қызметінің және басқалардың қызметінің барысын, нәтижесін бағалай білу.

Ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдысы мен біліктіліктері:

- ұжымдық жоспарлау дағдысы мен білігі;

- кез келген әріптеспен өзара іс-қимыл жасай білу;

- жалпы есептерді шешуде топта өзара көмек көрсете білу;

- топтың басқа қатысушыларының жұмысында қателерді табуы және түзетуі.

Ақпараттық біліктіліктер:

- қажетті ақпаратты іздеуді өз бетінше жүзеге асыра білу;

- қандай ақпараттың немесе қандай іскерліктің жетіспейтінін анықтай білу.

Коммуникативтік біліктіліктер:

- ересектермен оқу өзара әрекеттесуін бастамашы болу – диалогқа қатысу, сұрақтар қою және т.б.;

- дискуссия жүргізе білу;

- өз көзқарасын қорғай білу;

- ымыраны таба білу;

- сұхбат алу, ауызша сұрау және т.б. дағдылары.

Презентациялық біліктер мен дағдылар:

- монологтық сөйлеу дағдылары;

- жобаны таныстыру кезінде өзін сенімді ұстай білу, көркемдік шеберлік;

- сөз сөйлеу кезінде әр түрлі көрнекілік құралдарын қолдана білу;

- жоспарланбаған сұрақтарға жауап бере білу.

Менеджерлік дағдылар мен біліктер:

- іс-әрекетті жобалай білу;

- қызметті, уақытты, ресурстарды жоспарлай білу;

- шешім қабылдай білу;

- ұжымдық іс-әрекетті орындау кезінде міндеттерді бөле білу.

Жобалау қызметі, біздің ойымызша, білім алушылар мен оқытушының бірлескен іс-әрекетінде нақты міндеттерді шешу үшін теориялық білімді және оларды практикалық қолдануды үйлестіруге мүмкіндік береді. Жобалық оқытудың заманауи түсінігін «Маған айтып берсеңіз - мен ұмытып қаламын, маған көрсетсеңіз – мен есімде сақтаймын, маған өзіме әрекет еткізсеңіз – мен үйренемін және ешқашан ұмытпаймын» деген тезисімен білдіруге болады.

Физика орта буын маманын дайындау сапасын анықтайтын базалық ғылым болып табылады, өйткені оның іргелі заңдары мен физикалық құбылыстары практикалық іс-әрекет пен адамның күнделікті өмірінің негізінде жатыр. Жаңа техниканың кез-келген өнертабысы; көлік құралдарын, тұрмыстық электр құралдарын, радио және телекоммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану үдерісінде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; адам ағзасына және қоршаған ортаны ластаудың басқа ағзаларына әсерін бағалау; табиғатты ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау және т.б. физиканың ғылым ретінде дамуының жемісі болып табылады.

Физиканы оқыту дәстүрлі түрде әлемнің материалдылығын, оның физикалық заңдарын, табиғатта болатын физикалық құбылыстарды теориялық зерттеуден басталады. Сол немесе басқа физикалық заңды, заттың, физикалық құбылыстың қасиеттерін зерттеуге арналған тапсырмалар жеке зерттеу жобаларының тақырыптары бола алады.

Бір жағынан, білім саласы бойынша маманды дайындау міндеттерімен байланысты сұрақтар шеңберін қамтитын, екінші жағынан студенттердің жеке ерекшеліктері мен мүдделерін ескеру арқылы жобалық тапсырмалардың тақырыбын сауатты таңдау өте маңызды. Пәнаралық тақырып өте өзекті.

Оқушы үшін жоба - оның шығармашылық әлеуетін ашу, өзін-өзі көрсету құралы. Бұл - өзін көрсетуге, өз күшін сынап көруге, өз білімін жұмсауға, пайда келтіруге, көпшілік алдында қол жеткізген нәтижені көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет.

Өз тәжірибемізде келесі тақырыптар бойынша жеке жоба жүзеге асырылды:

1. Болат серіппенің созылу кезіндегі серпімділік күшінің сыртқы жүктемеден тәуелділігін зерттеу және оның серпімділік коэффициентін есептеу;

2. Үйкеліс күшінің сыртқы факторлардан тәуелділігін зерттеу және үйкеліс коэффициентін анықтау;

3. Тығыздылығы өзгертін сұйықтыққа май шарының пайда болуы;

4. Бөлме температурасында суды қайнату;

5. Төмен қысым кезінде судың қайнауы;

6. Үйде Шарль заңын тәжірибелік тексеру;

7. Инерция біздің өміріміздің ажырамас бөлігі ретінде;

8. Бір тірек нүктесі бар дененің тұрақты тепе-теңдігін зерттеу

9. Тірі ағзаларға ультрадыбыстың әсері.

Жобалық қызметті пайдалану әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру тиімділігін арттырады деген қорытынды жасауға болады. Біздің бүкіл өміріміз түрлі жобалардың тізбегі. Мұғалімнің міндеті оқушы өзінің өмірлік жобаларын жоспарлауға және табысты іске асыруға үйрету керек деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елеубай С. Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары. - Алматы, 2001. - 270 б.

2. Шоқаева Г.Ә. Жаңа технология енгізу арқылы оқу процесінің деңгейін көтеру //Қазақстан мұғалімі, 2002. - № 8. – Б. 5-6.

3. Яковлева Н.В. Проектная деятельность в образовательном учреждении. - М.: Флинта, 2014. - 144 с.

ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Нокатов Ж.Т., магистрант

Ғылыми жетекшісі: Абдыкеримова Э.А.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада білім беруде мультимедиялық технологияларды қолдану мәселесі қарастырылады. Білім беру технологияларын дамыту құралы ретінде заманауи мультимедиялық ресурстарды пайдалану ерекшеліктері ашылады. Білім беру үдерісінде мультимедиялық технологияларды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Білім беру үдерісі субъектілерінің қызметін ұйымдастыруға, физика пәнін оқытуда инновациялық технологияларды пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

Түйінді сөздер: мультимедиа, мультимедиялық технологиялар, оқыту, білім беру технологиялары, интербелсенді оқыту, электрондық оқулық, қашықтықтан оқыту.

Бүгінгі күні мультимедиялық технологиялар - бұл оқу үдерісін ақпараттандырудың ең перспективті бағыттарының бірі. Еліміздің білім беру жүйесінде мультимедиялық технологиялар үлкен орын алады. Мультимедиялық технологиялар оқу орындарында оқыту әдістерін, сондай-ақ ақпаратты беру және игеру тәсілін түбегейлі өзгертті.

Мультимедиа - бұл әр түрлі формада (мәтін, графика, дыбыс, бейне, анимация) ұсынылған ақпаратты біріктіруге және онымен интербелсенді режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдарының кешені.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, компьютерлік құралдар негізіндегі жаңа ақпараттық білім беру технологиялары сабақтың тиімділігін 20-30%-ға арттыра алады. Негізгі мақсат – әр түрлі ақпарат түрлерін (графиктер, дыбыстар, бейне-анимациялар және т. б.) ұсыну үшін жаңа ақпараттық технологияларды сауатты пайдалану, бұл пәндерді нәтижелі игеру мақсатында практикаға біртіндеп енгізілуде.

Мультимедиялық технологиялар оқу үдерісін басқа оқу және әдістемелік құралдармен тең дәрежеде қолдауды қамтамасыз ететін оқытудың дәстүрлі нысандары мен оқыту әдістері шеңберінде жеке мәселелерді шешу үшін ғана пайдаланылды. Алайда, бүгін мүмкін болды:

- өзін-өзі бақылау жүйесі бар электрондық оқулықтарды жасау және пайдалану;
- қашықтықтан оқытуға және т.б. негізделген жағдайлар болған кезде виртуалды оқытуды енгізу.

Мультимедиялық жабдықтарды пайдаланудың негізгі мақсаты оқу материалын көрнекі қабылдау, оның эмоциялық әсерін күшейту, есте сақтауға қол жеткізу болып табылады. Бұл мультимедиялық проекторды, интерактивті тақтаны және интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін компьютерді пайдалануға байланысты.

Сабақта мультимедиялық технологияларды қолданғанда көрнекілік принципі іске асады. Көп жылдық психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, «оқыту тиімділігі барлық сезім органдарын белсенділендіру дәрежесіне тікелей байланысты». Оқу материалын меңгеру беріктігі оның сезімдік қабылдауының әртүрлілігіне байланысты. Осы мақсаттарды шешу үшін физика пәнін оқуда білім беруді виртуалдандыру принципі қолданылады. Алайда қазіргі заманғы ақпараттық-техникалық құралдар негізінде көрнекілік қағидатын іске асыру мүмкіндіктерін кеңейту практикалық педагогикалық қызметте «оқытудың мазмұны мен мақсаттарына зиян келтіретін техникалық құралдармен проблеманы толық шешудің иллюзиясын» құрады.

Әдеттегі оқулықта барлық ақпарат тек мәтін және графика түрінде ұсынылған.

Электрондық оқулықта мультимедиялық технологиялардың барлық түрлерін тиімді пайдалана аламыз.

Біріншіден, электронды оқулықтың мәтінін ашық, түрлі-түсті қаріптер жиынтығымен (қалың қаріппен, курсивпен, астын сызумен), түсімен, өлшемімен жасауға болады. Әр түрлі алфавиттерді (кириллица, латын, грек және т.б.), арнайы символдарды, пиктограммаларды пайдалана отырып, бірыңғай стильде мәтіндік және математикалық формулаларды қалыптастыру үшін бай мүмкіндіктер бар.

Екіншіден, түрлі графикалық суреттерді (суреттер, бейнелер, кестелер, кез келген формадағы графиктер, гистограммалар, үшөлшемді суреттер) жасауға болады.

Үшіншіден, белгілі бір ақпарат блогына, суретке, басқару батырмасына және т.б. кіргенде фондық дыбыс немесе дыбыс сигналын пайдалана аламыз.

Төртіншіден, дайындалған бейнематериалдар әр түрлі тәсілдермен пайдаланылуы мүмкін және магниттік тасығыштарда сақталады.

Бесіншіден, мультимедиялық технологиялар анимацияны пайдалануға, суреттерді, мәтіндерді және оқулықтардың басқа да нысандарын жандандыруға мүмкіндік береді [1].

Осылайша, ғылыми-техникалық білім, сапалы білім берудің нәтижесі бола отырып, өзінің кәсіби дағдыларын дербес арттыру қабілеті, әрбір адамның жаңа, дамушы қоғамды дамытуға табысты қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Білім беру сапасын арттыру барысында, біздің ойымызша, білім берудің соңғы және ең маңызды мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті және жеткілікті жағдайларды анықтауға болады. Қажетті шарттар:

- жақсы жабдықталған компьютерлік сыныптар және мультимедиа - интерактивті аудиториялар;

- жоғары білікті оқытушылар;

- студенттер мен оқытушылардың сапалы кәсіби оқулықтарға, заманауи электронды материалдарға және қосымша ақпаратқа еркін қол жеткізуі.

Жеткілікті жағдайлар студенттің білім беруде алған білімі мен дағдыларын қайта құру қабілетін, яғни этикалық, мәдени және кәсіби құндылықтардың үйлесімді жүйесін, сондай-ақ бұл жүйені зияткерлік және практикалық қызметтің түрлі салаларында пайдалану қабілетін қамтиды.

Оқытудың әр түрлі тәсілдерін салыстыра отырып, оқу үдерісіне мультимедианы енгізуді екі ықтимал бағытқа бөлуге болады. Олардың біріншісі - мультимедиялық құралдар оқыту үдерісінде дәстүрлі оқыту әдістері аясында «қосымша» құралдар ретінде қолданылады. Ол кезде мультимедиялық технологиялар оқу үдерісін тереңдету құралы болып табылады, сонымен қатар студенттердің бағалауымен байланысты оқытушының жұмысын жеңілдетеді. Екінші бағыт білім берудің маңызды өзгеруіне, оқыту үдерісінің әдістері мен формаларының түрлендіруіне, жаңа оқу бағдарламасын құруға әкеледі.

Білім беруде мультимедиялық элементтерді қолданудың көптеген артықшылықтары бар. Мультимедиялық элементтерді пайдалана отырып, студенттер жаңа нәрсе жасау үшін мультимедиа элементтерін біріктіру үшін өз идеялары мен шығармашылық әлеуетін пайдаланады.

Компьютерлік құралдардың мүмкіндіктерін пайдаланудың барлық артықшылықтарына қарамастан, оқытушылардың көпшілігі бұған абайлап қарайды. И.П. Подласый компьютермен берілген білім сөзсіз толық емес, нақты, формалды, дегенмен, ғалымның пікірінше, компьютерлік материалдар логикалық құрылымы бар пәндерді оқу кезінде өте тиімді болып табылатындығын айтады [2].

Бірақ, көптеген артықшылықтармен қатар оқу үдерісіндегі мультимедианың кемшіліктері туралы да ұмытпау керек. Ең алдымен, бұл қосымша жабдықтың қажеттілігі, көбінесе бұл компьютер мен аудиожүйе. Компьютердің экранынан оқумен байланысты шаршағыштық артады. Тек мультимедиялық оқулықтарды қолданатын студенттер құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін жоғалтады, мұндай кемшіліктің шешімі оқу үдерісіне мультимедианы енгізудің бірінші бағытын қолдануы мүмкін. А.В. Осин кітаппен салыстырғанда электронды басылымдар мен ресурстардың жалғыз кемшілігі -

аппараттық қолдау қажеттілігі деп санайды [3].

Мультимедианың барлық теріс жақтарына қарамастан, ол тек пайдалы білім беру технологиясы болып табылады.

Оқу үдерісінде мультимедиялық технологияларды қолдану оқыту әдістерінің, формаларының, құралдарының, барлық әдістемелік аппараттардың арақатынасын өзгертеді. Бұл оқу материалының көлемі мен мазмұнының өзгеруіне әкеледі; интербелсенді өзара әрекеттесу, логикалық өңдеу арқылы пәндік саланы тереңдету, құбылыстар мен процестерді модельдеу; логикалық, визуалды-бейнелі ойлауды дамыту үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану, сондай-ақ коммуникативтік және практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларын дамыту үрдісі білім беруді ізгілендірумен тікелей байланысты, бұл тұлғаның өзін-өзі іске асыруына ықпал етеді. Мультимедиа - өзіне тән интербелсенділік, икемділік және мультимедиялық білім беру ақпаратының әртүрлі типтерінің интеграциясы, сонымен қатар студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеру және олардың мотивациясын арттыруға ықпал ету қабілеті арқасында өте пайдалы білім беру технологиясы.

Ашық білім беруде мультимедианы пайдалану студенттерге оқу материалдары бойынша әр түрлі жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда студент материалдарды қалай үйренуге, мультимедиялық қосымшалардың интербелсенді мүмкіндіктерін қалай пайдалануға және өзінің курстастарымен қалай жұмыс істеуге болатынын шеше алады. Осылайша, студенттер білім беру үдерісінің белсенді қатысушылары болады.

Жоғары сапалы мультимедиялық құралдарды пайдалану ашық оқыту үдерісін студенттер арасындағы әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарға, олардың жеке стильдері мен оқыту қарқынына, олардың мүдделеріне қатысты икемді етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде студенттер өзіндік жұмыстарда берілген тақырып бойынша мультимедиялық презентацияларды жасауға қызығушылық тудырады. Презентацияны дайындау үрдісі студенттердің шығармашылық ойлауын, танымдық дағдыларын дамытуға, ақпараттық салада бағдар ала отырып, өз бетінше жұмыс істеуді белсендіруге және білім ала білуді дамытуға бағытталған. Мультимедиялық презентацияның арқасында, ақпаратты беру, негізінен, ақпаратты қабылдау және өңдеу үдерісі айтарлықтай жақсаратын аудиовизуалды тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Презентациялар кезінде баяндамалармен сөз сөйлеу, оларды қорғау, студенттердің бағалау қызметі, сондай-ақ пікірлерімен алмасулары сөйлеудің дағдыларын қалыптастыруға және компьютерде жұмыс жасау дағдысын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай қызмет түрі студенттердің аудиторияның алдында сөйлеудің психологиялық кедергісін жоюға ықпал етеді.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ЖОО-да оқыту тәжірибесі өздігінен жұмыс істеу және белсенділендіру үшін мультимедиялық құралдарды қолданудың айқын оң әсерін анықтады. Өзіндік жұмыс осы құралдарды пайдалана отырып ұйымдастырылған топтарда студенттердің үлгерімі жақсарды, физика пәнін оқуға деген қызығушылығы артты, сабақтарға қатысуы жақсарды, сабақта тақырып бойынша үздік презентация жасап, қорғаған студенттер саны артты.

Бүгінгі күні оқу үдерісінде техникалық оқыту құралдарын кең қолданусыз мүмкін емес. Сонымен қатар, оқу құралдары үлкен ақпараттылыққа, сенімділікке ие, оқылатын құбылыстар мен процестердің тереңдігіне енуге, оқытудың көрнекілігін арттыруға, білім беру үдерісін қарқындатуға ықпал етуге және оқу материалын қабылдау эмоционалдық жоғарылатуға мүмкіндік береді, сондықтан мультимедиялық технологияларды пайдалану оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жетілдіруге, педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға, яғни, физика пәнінің оқытушысына сабақты неғұрлым көрнекі етуге көмектесе отырып, оқыту үдерісін айтарлықтай түрлендіре алады. Мұндай оқыту технологиялары студенттердің танымдық дағдыларын және жаңа білім алу ниетін дамытады, сондай-ақ

студенттердің білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, ақпараттық технологияларды тұрақты пайдалану үшін бірқатар кедергілер бар: барлық оқу аудиторияларында қажетті материалдық-техникалық база жоқ, сондай-ақ барлық жерде Интернетке қол жеткізу мүмкіндігі жоқ, барлық оқытушылар заманауи технологияларды пайдалануға ұмтылмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Губина Т.Н. Мультимедиа презентации как метод обучения // Молодой ученый. - 2012. - №3. - С. 345-347.
2. Мультимедиалық білім ресурсын құру //«Қазіргі білім беру кеңістігіндегі физика-математика ғылымдарының рөлі» тақырыбындағы Халықаралық конф. мат. жинағы. - Атырау, 2017, 6-7 сәуір. – Б. 35-38.
3. Осин А.В. Мультимедиа в образовании: контекст информатизации. – М.: Ритм, 2005. – 375 с.

ӘОЖ 37.026.9

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ФИЗИКА ПӘНІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Жаманғара Н.С., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Абдыкеримова Э.А.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада физиканы оқытудағы жобалық оқыту технологиясы бір жағынан білім беру үдерісін нәтижелі шығармашылық қызметке айналдыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырылады, ал екінші жағынан болашақ мамандардың жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: оқу үдерісі, физика, жобалық зерттеу қызметі, зерттеу әдісі, оқу-жобалау қызметі.

Қазіргі білім жеке тұлғаның дамуына бағытталған. Қазіргі қоғамға өз бетінше ойлайтын, пайда болған мәселелерді көре алатын және шығармашылықпен шеше алатын тұлға қажет. Бұл міндет қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық кеңістікте ерекше өзектілікке ие болуда. Алайда оқушылар әрқашан жаңа мәліметтердің үлкен ағынында бағдарлана алмайды, қажетті фактілер мен деректерді ала алмайды, оларды өз жұмысында нәтижелі пайдалана алмайды. Оқушылардың зерттеу қызметі негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру қалыптасқан проблемалық жағдайдан шығу мүмкін. Жобалау-зерттеу қызметі деп оқушылардың шығармашылық, зерттеу міндеттерін алдын ала белгісіз нәтижемен (ғылымның, техниканың, эканомиканың әр түрлі салаларында) шешуімен байланысты оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың осындай нысаны түсініледі. Мұндай ұйым ғылыми зерттеуге тән негізгі кезеңдердің болуын болжайды: проблеманы қою, осы мәселе бойынша дерек көздермен танысу, зерттеу әдістемесін меңгеру, өз материалын жинау, оны талдау, жинақтау, қорытынды жасау [1]. Оқытудағы зерттеу әдісі оқушыларды дайын ақпаратты пассивті қолданушылар емес, шығармашылық үдеріске қатысушылар етеді. Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесі мұғалімдерді дайын түрде білім беруге емес, оқушының өзіндік қызметін оқытуды ұйымдастыруға және оны оқу бағдарламасының аясынан шығатын зерттеу жұмысының деңгейіне жеткізуге бағыттайды [2]. Зерттеу қызметі оқушыны тез дамып келе жатқан ақпарат ағынын игеру

үшін қажетті біліммен, іскерлікпен, дағдылармен қаруландыруға, бағдарлауға және материалды жүйелеуге мүмкіндік береді.

Оқу-жобалау қызметін ұйымдастыруда мұғалім оқушы үшін қандай жағдай жасау қажет? Жағдайлардың келесі топтарын бөліп көрсетуге болады: ақпараттық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, психологиялық, педагогикалық, қаржылық.

Ұйымдастыру шарттары: мұғалім - жетекшісі мен жобалық-зерттеу жұмыстарымен айналысатын оқушылардың шығармашылық тобын құру.

Ақпараттық шарттары:

- дарынды балалар мен зерттеу жұмыстарымен айналысатын оқушылардың деректер базасын құру;

- зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша жарияланымдар каталогын құру;

- зерттеу жұмыстарымен айналысатын мұғалімдердің деректер базасын құру;

- оқушылардың зерттеу жұмыстарының деректер базасын құру;

- мұғалімдер мен оқушыларды әр түрлі деңгейдегі жобалармен, зерттеу жұмыстарын жазуға қойылатын талаптармен таныстыру;

- ата-аналар жиналыстарын өткізу, ата-аналарға кеңес беру;

- шығармашылық топ туралы ережені, зерттеу жұмысын жазу бойынша жаднамаларды әзірлеу.

Әдістемелік шарттар (көмек ҒӘЖ бойынша директордың орынбасары):

- оқушыларды оқытудағы зерттеу әдісінің теориялық негіздерімен таныстыру;

- оқушылардың зерттеу жұмысын басқару бойынша кеңес беру;

- әдістемелік материалдар жинағын жасау;

- дарынды балалармен жұмыс ерекшелігі бойынша курстарда оқыту;

- дамыта оқыту технологияларын қолдану бойынша тәжірибені жинақтау;

- мұғалімнің кәсіби өсуін ынталандыру жүйесін әзірлеу.

Психологиялық жағдайлар (психологтың көмегі):

- оқушылардың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін диагностикалау, зерттеу жұмыстарына бейімді оқушыларды анықтау;

- зерттеу жұмыстарымен айналысатын оқушылармен тренингтер өткізу;

- түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыру;

- оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер үшін кеңес беру.

Педагогикалық жағдайлар (оқушылармен жұмыс):

- мектептің ғылыми қоғамын құру;

- зерттеу жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін деңгейде оқушылардың теориялық дайындығын жүргізу;

- мектепте ғылыми конференцияларды ұйымдастыру және өткізу;

- қалалық, облыстық, республикалық зерттеу жобаларына қатысу үшін оқушыларды ынталандыру;

- танымдық ойындар, конкурстар ұйымдастыру;

- факультативтерді, элективті курстарды, үйірмелерді дайындау;

- оқушылардың жетістіктері көрмелерін өткізу;

- оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру.

Қаржылық жағдай (мектеп әкімшілігінің ұстанымына байланысты):

- оқушылардың зерттеу жұмыстарының мұғалім-жетекшісілерін, шығармашылық топ жетекшісілерін материалдық ынталандыруға қаражат бөлу;

- зияткерлік-шығармашылық бағыттағы көпшілік іс-шараларды өткізуге қаражат бөлу (конференциялар, конкурстар);

- физика бойынша эксперименттік, зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін материалдық-техникалық база құру;

- бағдарламалық қамтамасыз етуге қаражат бөлу, ғылыми-зерттеу қызметінде ақпараттық техниканы қолдану [3].

Осы жүйенің негізінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын басқару бойынша мұғалім қызметі келесі циклограммаға сәйкес жүреді:

Қыркүйек - өткен оқу жылындағы физика бойынша шығармашылық жұмыс нәтижелері бойынша зерттеу жұмыстарының үлгілік тақырыптарының тізімін жасау және нақтылау; ғылыми қызметке бейім оқушыларды анықтау, әдебиеттерді таңдау, жұмыс жоспары бойынша кеңес беру;

Қазан - нәтижелерді талқылау, тақырыптардың тұжырымдалуын нақтылау, мақсатын, міндеттерін анықтау, гипотезаны ұсыну; осы оқу жылында түрлі жобаларға қатысатын оқушыларды анықтау; материалды жинау, ақпаратпен жұмыс істеу, зерттеу әдістерін таңдау бойынша кеңес беру;

Қараша - жұмысты жазу және ресімдеу бойынша кеңес беру; жұмысты ауызша қорғауды дайындау бойынша кеңес беру; мектеп, қалалық жобаларға қатысу.

Қаңтар - республикалық, халықаралық жобалар сайысына қатысу;

Ақпан - мектепте зерттеу жұмысының тұрақты болашағы болуы үшін сабақтастықты сақтау қажет. Осы мақсатта жоғары сынып оқушылары бастауыш және орта мектепте оқитын оқушылармен әңгімелесулер, сынып сағаттары, әлеуметтік зерттеулер өткізеді.

Наурыз - физика пәні бойынша міндетті шығармашылық олимпиадаға дайындық (8,10 сынып оқушылары); зерттеу жұмысының үлгілік тақырыптарын құрастыру; әдебиеттерді іріктеу, жұмыс жоспары бойынша алғашқы кеңес беру;

Сәуір - материалды жинау, ақпаратпен жұмыс жасау, зерттеу әдістерін таңдау, жұмысты жазу және ресімдеу бойынша кеңес беру; жұмыстың ауызша қорғалуын дайындау бойынша кеңес беру; мектеп, қалалық жобалық сайыстарға қатысу;

Мамыр - 8, 10 сынып оқушылары арасында шығармашылық олимпиада өткізу; физика бойынша шығармашылық жұмыс нәтижелері бойынша зерттеу жұмыстарының үлгі тақырыптарының тізімін жасау; ғылыми қызметке бейім оқушыларды анықтау, жазғы демалыс үшін жұмыс жоспары бойынша кеңес беру.

Оқушылармен жұмысты ұйымдастыра отырып, оқушылардың белгілі бір пән бойынша белгілі бір білім алу ғана емес, сонымен қатар өзін көрсете білу, әр түрлі қызмет түрлерінде сынап көру мүмкіндігі болуы тиіс екенін ескеру қажет [4]. Зияткерлік шеберлік пен дағдыны қалыптастыру бойынша жұмыс, ең бастысы, сабақта жүзеге асырылуы тиіс. Бұған жоба және модульдік оқыту әдістері, сондай-ақ мектеп жұмысының тәжірибесіне кеңінен енгізілетін ақпараттық технологиялар сияқты заманауи интербелсенді технологиялар да ықпал етеді. Ғылыми-зерттеу жұмысына оқушының дайындығы көбінесе ғылыми жұмысты жазу деп есептелмейді. Сонымен қатар бұл әдісті сабақта қолдану сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға, ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [5]. Көпшілік сабақтан тыс жұмыс - зияткерлік ойындар, олимпиадалар, жобалық сайыстар. Ойындар пән апталығы аясында ұйымдастырылады. Қараша айында 9-11 сынып оқушылары үшін түрлі пәндер бойынша олимпиадалар, желтоқсан айында – қалалық олимпиадалар өткізіледі.

Жобалау-зерттеу қызметін ұйымдастыру кезінде оқушы келесі қасиеттерге ие болады:

- 1) жаңа білімді өз бетінше ала білу, оларды тәжірибеде тиімді қолдана білу;
- 2) сыни және шығармашылық ойлау, қиындықтарды жеңудің ұтымды жолдарын табу, жаңа идеяларды генерациялау;
- 3) ақпаратпен сауатты жұмыс істеу: қажетті фактілерді жинай білу, оларды талдай білу, мәселелерді шешу гипотезасын ұсыну, қажетті қорытынды жасау, заңдылықтарды белгілеу, дәлелді тұжырымдар қалыптастыру, шешімдер табу;
- 4) әр түрлі әлеуметтік топтарда қарым-қатынаста болу;
- 5) өзінің адамгершілігін, ақыл-ойын, мәдениетін дамыту бойынша өз бетінше жұмыс істеуге құқылы.

Қорытындылай келе, біз үшін білім беру үдерісіндегі жобалар әдісі бір жағынан, мұғалім ретінде білім беру үдерісін нәтижелі шығармашылық қызметке айналдыра отырып, білім беру үдерісін кеңесші позициясынан өтуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан болашақ мамандардың жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Оқушыларды жобалық қызметке тарту теориялық білімді практикалық тәжірибеге айналдыруға көмектеседі және тұлғаның өзін-өзі дамуына жағдай жасайды, шығармашылық әлеуетті іске асыруға мүмкіндік береді, оқушыларға өзін-өзі тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гребенев И.В. Дидактика физики как основа конструирования учебного процесса: Монография. – Новгород: Издательство Нижегородского госуниверситета им. Н.И. Лобачевского, 2005. – 247 с.
2. Лазарев В.С. Рекомендации по развитию исследовательских умений учащихся. – М., 2007. – С. 3-4.
3. Саримова Б.Ж. Физика пәні бойынша жобалап оқытудың тиімділігі // «Орта білім мазмұнын жаңарту аясында ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерін оқытудың тиімді жолдары» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жұмысы материалдарының жинағы. «Өрлеу» БАҰО» – Алматы, 2018. – Б. 224-226.
4. Леонтович А.В. Исследовательская деятельность учащихся [Электронный ресурс]: сборник статей IV общероссийской научно-практической конференции с международным участием. – режим доступа: <http://www.researcher.ru>
5. Малафеев Р.И. Проблемное обучение физике в средней школе. Из опыта работы: Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 2016. – 127 с.

ӘОЖ 37: 00 37

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАР МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада түркі халықтарының жазба ескерткіштерінің іргетасын қалаған мақал-мәтелдер, халық аузынан тараған өсиет сөздер, ертегілер, аңыз-әңгімелер тәрбиенің әр бағытында нақыл сөздер халықтық педагогиканың тәрбиелік құралы болып табылатындығы және халық тәлім-тәрбиесі мен жазбалар мұраларындағы сабақтастықты әр дәуірде өмір сүрген ғұлама ойшылдардың еңбектерінен мысал келтіріп дәлелдеу мәселелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: түркі жазбалары, ғұлама-ойшылдар, халық педагогикасы, тәлім-тәрбие, сабақтастық.

X-XII ғасырлар түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихында «Қайта өрлеу – Ренессанс дәуірі» болып табылады. Түрік жеріндегі Ренессанс дәуірінің маңызды ерекшелігі – ғылым, мәдениет, әдебиет саласындағы шығармалар бұрынғыдай араб тілінде емес, жергілікті халықтардың өз тілінде, яғни түркі тілінде жазыла бастайды. Араб тілі мемлекеттік тіл болудан қалып, ел басқару ісін түркі халықтарынан шыққан әкімдер қолға алады. Әрине, түркі жерінде шыққан жазбалар кездейсоқ құбылыс емес. Бұлардың ғасырлар бойы дайындалып келе жатқан тарихи танымал алғышарттары болды. Солардың ең негізгісі, біздің ойымызша, ауыз әдебиетінен көрінетін рухани мұраларының бірі –

халық тәлім-тәрбиесі. Жазба ескерткіштерінің іргетасын қалаған мақал-мәтелдер, халық аузынан тараған өсиет сөздер, ертегілер, аңыз-әңгімелер тәрбиенің әр бағытында орнын тапқан. Осы орайда көне мұралардың ішіндегі бізге кеңінен танымалы Орхон-Енисей бойынан табылған, тасқа қашап жазылған YI-YIII ғғ. ескерткіштері: түркі көсемі Білге қаған, Күлтегін батыр мен ақылгөй Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастар. Оларда ұлы түркі қағанаты халықтарының тұрмысы мен салты, мәдениеті мен жауынгерлік жортуылдары айшықты да мәнерлі тілмен өсиет сөз үлгісінде баяндалады. Орхон-Енисей жазулары Қытай іргесінен бастап, Орта Азия, одан әрі Византия жеріне дейін тарап, кең жайылған. Оның қолданылу тарихы «Y және X-XII ғасырлар аралығын қамтиды» (Г.Айдаров, Ә.Құрысжанов, М.Томанов).

С.Е.Малов «Памятники рунического письма» деген еңбегінде фин ғалымдарының, дат ғалымы В.Томсеннің (1893 ж.), орыс ғалымы М.Ядринцев, В.Радловтың осы ескерткішке қатысты жаңалықтарын түсіндіре отырып: «Бұрын тек Қытай жылнамаларынан ғана теріп жүрген көшпелі мемлекеттердің тарихына қатысты жаңа көз осылай табылды, - дейді. Ол 1799 жылы Венгрияның Св. Николай селосынан табылған алтын ыдыстардағы жазулардың Талас жазуларымен ұқсастығын айтады. Ол жазуды профессор Ю.Немет X ғасырдағы печенектерге жатқызған» [1].

Көне жазбаларды зерттей отырып, ондағы тәлімдік сөз үлгілерін мынадай тәрбие бағыттарына топтастырдық. Бұларда қазіргі қазақтардың сөз саптау үлгісіне жақын шешендік өнердің дәстүрлі формалары да айқын көрінеді. Қорыта айтқанда Орхон-Енисей, Талас жазулары - жазба мәдениетіміздің, тіліміздің ең көне дәуірдегі үлгілері, тарихи мұра ескерткіштері.

Кесте 1 - Көне жазбалардағы тәлімдік идеялар

Тәлімдік сөз үлгісі	Тәрбие бағыттары
1. «Егер сен, түркі халқы, өз қағаныңнан, өз бектеріңнен, өз Отаныңнан жырақ кетпей, бірге жүрсең, сен өзің де бақытты өмір сүресің...»	азаматтық-отансүйгіштік тәрбиесі
2. «...өзіңнің отбасыңда болсаң, ешнәрседен мұқтаждық көрмейсің...»	отбасы тәрбиесі
3. «...Ержүрек халық, күшті халық» Бізге жеңіс әперген жер – суымыз (Отанымыз) деп білу керек...»	патриоттық тәрбие
4. ...Құлақ қойып тыңдаңыздар, тереңнен ойланып, толғаныңыздар.	ақыл-ой тәрбиесі
5. «Өлімнен ұят күшті...»	намыс тәрбиесі
6. «Менің ағам мені адам етті»	үлкенді құрметтеу

Қазақтың көрнекті қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов Орхон-Енисей ескерткіштері жайлы пікірін былайша дәйектейді: «YIII ғасырда Орхон және Енисей жағалауларында кең даланың ірі тастарына ойылып жазылған жазулар ғажап әдеби тілді сақтаған. Бұл тіл ұлы сезім мен поэтикалық ойдың ең нәзік нюанстарын барынша жеткізе білетін көркем және құдіретті тіл. Жазбаша әдеби тіл мемлекеттің бірінші ерекшелік белгісі болып табылады. Еуропа мен Азияның көптеген қазіргі қоныс тепкен халықтары сол кездері мұндай байлыққа қол жеткізе қоймаған. Түркі көшпенділері мыңдаған жылдарға созылған исламмен күресу кезінде жоғалтқан байлықтарының ең құндысы – түркі жазуы болып табылады. Сондықтан да руникалық жазба ескерткіштері ислам діні жете қоймаған Алтай, Сібір, Монғолия жерлерінде ғана сақталған. Бірнеше тас жазбалар Қазақстан мен Қырғызстанның таулы, шөлейт, қиыр аудандарында табылды»[2].

Сонымен, Орхон-Енисей жазбаларының негізі терең мағыналы тәлім-тәрбиелік тағлымдардан кейін тұратын нақыл сөздердің жинағы. Бұл нақыл сөздер халықтық педагогиканың тәрбиелік құралы болып табылады.

Ежелгі түркілердің ауызекі поэзия дәстүрі бізге IX ғасырда өмір сүрген күйші, сазгер Қорқыт атаның есімін жеткізді. Бұл мәселенің төңірегін терең зерттеген ғалым В. Бартольд өзінің «Книга моего деда Коркута» атты кітабында Сыр бойын мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмысы мен әдет-ғұрпын, діни наным-сенімдерін бейнелейтін мәліметтер көптеп кездесетіндігін айтады. Қорқыт атаның өнегелі сөздері қарапайым халықтың ойын тұжырымдайды, одан келтірілген үлгілер халық тәлім-тәрбиесі мен көне түркі жазбалар арасындағы сабақтастықты көрсетіп тұр.

Қорқыт түлғасы халқымыздың мәдениетінің дамуына көпғасырлық азық, оның мұрасы арқылы өткен ұрпақпен рухани байланысқа түседі. Әсіресе, тарихи даму бабамыз өмір сүрген дәуіріндегі салт-дәстүр құндылықтары мен мінез-құлық қалыптарының өзіндік ерекшеліктерін түсіндіретін халық мектебіне айналып отыр[3].

Кесте 2 - Қорқыт мұрасындағы тәрбие бағыттары

Қорқыттың өнегелі сөздері	Тәрбие бағыты
1. «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, Атадан тағлым алмаған ұл жаман»	отбасы тәрбиесі ізгілік қасиет
2. «Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді...»	қалыптастыру
3. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ	ақыл-ой тәрбиесі
4. Әйелдің төрт түрі болады: оның бірі ниеті қара әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесірлі әйел...	қыз-бала тәрбиесі, отбасы тәрбиесі

Кейінгі ғасырларда Араб халифатының үстемдік жүргізулеріне қарамастан, ислам империясының тұсында жазба еңбектер біртіндеп шығып жатты. Халық тәлімі Шығыстың екінші Аристотелі атанған ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) еңбектерінде де қолдау тапты. Ойшылдың «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету» тағы басқа шығармаларында ғылымды меңгеруді бұл дүниедегі бақыт, кемел табудың қажетті шарты деп санайды. Трактаттарында «адамгершілік, ақыл-ой, еңбек тәрбиелерін адамды ақылдылыққа үйретіп, еңбекке үйретіп баулудың, күнделікті өмір сүрудің тыныс-тіршілік құралы» – деп тұжырымдады. Халық тәлімі тәріздес Фараби бақытқа жетудің басты құралы – таза және адал еңбек деп есептейді. Бұл халық тәлімінің кодексімен үндесіп жатқан тұжырым[4].

Ілкі орта ғасырдан бізге жеткен тағы бір жазба ескерткіш – түркі тілдерінің сөздігі, қарапайым халықтың сөз қолданыс үлгілерінің топтамасы іспетті Махмұд Қашқаридің (1030-1090) «Диуани лұғат-ат-түрк» атты еңбегі болды. Бұл сөздікте халық педагогикасына қатысты тәлім-тәрбиелік ойлар кездеседі. Аталған «Диуани лұғат-ат-түрк» атты еңбегі түркі тілдес халықтардың ойлау логикасымен өмір сүру дағдысының, тұрмысының, тарихының өзіндік философиясы болып табылады және өткенімізді тарихи құнарымен, бәз күйінде танып-білуге мүмкіндік береді.

Халық тәлімінен сабақ алып, оның ілім-білімді игеру ісінде пайдасын ойлаған Ахмет Йүгінекидің (XII ғ.) «Хибатул хикайк» - («Ақиқат сыйы») атты шығармасында өз заманындағы адамдардың бойындағы ұнамды, ұнамсыз қасиеттерін сипаттап, кеңес береді: «Егер билікке қолың жетсе, мақтанба, асып-таспа», «Бастық болсаң, жайсаң бол», «Кәріге де, жасқа да құрмет көрсет», «Айтар лебіңді алдымен ойланып ал», т.б. Ахмет Йүгінекидің халықтық педагогикамен ұштасатын ойлары биік, ұлағатты, нақыл сөздері күні бүгінге дейін өздерінің тәлім-тәрбиелік мәнін жоймаған.

Ренессанс кезеңінің ғұлама ойшылдарының бірі, ақын, ағартушы, философ - Қожа Ахмет Иассаuidің еңбегі «Диуани хикмет» - «Ақыл кітабы» рухани және гуманистік

бағытта жазылған. Иассауи хикметтерінің жеке өз басының түркілерге кеңінен танымал болу себебі – ол ұстамдылыққа және өзін-өзі жетілдіруге шақыратын құнды этикалық идеялар көтереді. Олардың ғылыми құндылығы халықтың ойымен үндесіп жатқандығын байқауға болады: *«Қапалы жанды көрсең, бол оның сен емішісі», «Мен мойынсынбайтындардың белгісін табуға тырыстым», «Еліктесең – пайғамбарға (елікте), жетімдерді ұмытпа»*. Философ халық ойын одан әрі өрбітіп былай дейді: *«Білімдіден қалған бірер сөз тағы бар, әдептіге «үндемес» ат тағылар, тіліңді тый, сонда тісің сынбайды, Жөнсіз шыққан тілден тісің қағылар. Бақ тіліңді, аздап сөйле, мұра – сол, Сонда аман-сау, тек жүресің рас ол»* [5].

Халық педагогикасының сабақтастығын Ренессанс дәуірінің көрнекті ғұлама-ойшылы Ж.Баласағұнның «Құтадғу білігі» атты еңбегі сол кездегі түркі тілдес халықтардың алғаш жазылған ескерткіші. «Құтадғу білігі» - түркі сөзі, «құтадғу» сөзі - «құт», «бақыт», «құтты» деген мағынаны, екіншісі – «білігі» яғни «білім», «кітап» деген мағынаны білдіреді. Жүсіп Баласағұн дастанының бір ерекшелігі оның дәстүрге айналған, көне жазбалармен үзілмес байланысы. Мысалы, Күлтегін ескерткішінің кіші және үлкен жазулары мен «Құтты біліктің» арасындағы сабақтастық екеуі де түркі мәдениетінің ескерткіші болғандықтан рухының, сөз орамдарының, тіл ерекшеліктерінің туыстығын мына мысалдардан аңғаруға болады:

Күлтегін ескерткіші

Өтүкен елі (Отюкен, Өтікен)

атаулар: Ябгу, Умай, көк түрік

«Құтты білігі»

Өтүкен бегі былай депті

Умай, көк айықлықпен (көк етік)

Келтірген үлгілерден Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері (Ү-ҮІІ) мен «Құтадғу білігі» (ХІ) арасында өзара байланысты дәстүрі үзілмеген мәдени-тарихи кезең жатқандығын меңзейді. «Құтты біліктің» тіл ерекшелігін анықтауда Орхон-Енисей, Талас жазуларымен ұштастыра, салыстыра зерттеуден көп мәселенің басы ашылары анық, - деп А. Егеубаев осы тұрғыдағы ойын түйіндейді. «Құтты білікте»: *«Қызыл тіл қара башқа навлақ иағы»* деп басталатын философиялық түйіндермен үндесіп жатқанын байқауға болады. «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырсыз қалар ұятқа, сабырлы жетер мұратқа», «Ашуды ақылға жеңдір» деген сияқты халық даналығының бастау арнасына мына жолдарды еш күдіксіз бағалауға болар еді» деген зерттеушілердің ойы анық (М. Мырзахметов, С. Қалиев, Ә. Көшербаева, т.б.). Адам болмысының ерекшелік деңгейін халық тәлім-тәрбиесі арқылы анықтауды Жүсіп Баласағұн, кейіннен Махмұд Қашқари, Ахмет Йүгінеки сияқты ойшылдар жеке адамдарға тән қасиеттер туралы ой қозғаса, қазақ халқының жыраулары Асан қайғы мен Бұқар жырауды ұлт мәселесі, ұлт тәрбиесі толғандырған. Әрине, орта ғасырларда қазақ топырағында, өздерінің төл туындыларын дүниеге әкелген ғұламалардың қатары жоғарыда аталған кісілермен шектеліп қоймайды[6]. Сол кездегі ойшылдар туралы толығырақ мағлұматты профессор Ә. Дербісалиевтің «Дала жұлдыздары» атты монографиясынан, Ә. Қоңыратбаевтың еңбектерінен алуға болады. Қай дәуірде де халық тәлім-тәрбиесі мен жазбалар мұраларындағы сабақтастық мәселелері өз орнын тауып отырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.
2. Келімбетов Н. Ахмет Йүгінеки // Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы, 1986
3. Дулати М.Х. Тарих-и-Рашиди. – Алматы, 1990. – Б. 87
4. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Жазушы, 1971. – Б.171
5. Ахмет Иассауи. Диуани хикмет. – Қазан, 1901. – Б. 102
6. Көшербаева А. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары // Научно-пед. журнал Білім. – Алматы, 2006. – 52-54 б.

АУТИСТ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Смагулова Т., магистрант

Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада аутист балалардың психологиялық ерекшеліктері, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу проблемалары, аутизм классификацияларына сипаттама беріліп, олармен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстар, әдіс-тәсілдер туралы сөз болады. Сонымен қатар, аутизм проблемесы туралы отандық және шетелдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасалады.

Түйінді сөздер: аутизм, аутист, бейімдеу, психокоррекция, арттерапия, иппотерапия, дельфин терапиясы, пет-терапия, канистерапия.

Қазіргі заманда бүкіл әлемде аутистік бұзылыстары бар балалардың саны өсуде. Бұдан 10-20 жыл бұрын бала аутизмның 10000 баланың 3 пайызында байқалса, қазір оның саны 20 пайызға дейін көбейді. «Аутизмді 21 ғасырдың науқасы деп атайды. Егер өткен ғасырдың 70-ші жылдары әрбір он мың жаңа туған нәрестенің біреуінде ғана «аутизм» диагнозы ұшырасқан болса, 2013 жылы әрбір елуінші нәресте осы дертке шалдыққан. Тағы бір деректерге сүйенсек, ересектер мен балаларды бірге есептегенде, аутистік спектр көріністері мың адамның алтауында кездеседі екен, әрі қыз балаларға қарағанда ұл балалар арасында шамамен 4 есе жиі ұшырасатын көрінеді».

Қазақстанда да аутизммен ауыратын балалар жиі кездеседі. 2002 жылғы мәліметтер бойынша олардың саны 93 болса, 2009 жылы ол 326 -ға жетті. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың статистикалық мәліметтері бойынша Каннер синдромы бар балаларды жынысына қарай бөлгенде, ұл балалар қыз балаларға қарағанда 3-4 есе көп болып отыр.

Аутизм - (гр. *autos* - өзім) - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блэхер адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген [1]. Аутист балалардың көріп есте сақтау қабілеттері жоғары болады. Сондықтан бұл балаларға көбінесе глобальды оқыту әдістемесі көптеген жетстіктермен қолданылып келеді. Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Көптеген белгілі тұлғалар жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққан. Бірақ бұл дерт олардың өз армандарын жүзеге асыруларына кедергі жасамады. Алайда, бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері керек

Аутизм синдромы – баланың ерте жас кезеңіндегі дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Ол симптом ретінде көптеген ауруларда кездеседі, алайда баланың ерте жасында байқалып, баланың ары қарайғы дамуына кері әсерін тигізеді. Диагноз толығымен анықталған жағдайда балаға ерте балалық аутизм синдромы жағдайы қойылады. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Бала бойында аутизмнің клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты синдром ретінде 2-3 жасқа қарай анықталуы мүмкін.

Аутизмі бар балалар санының өсуі оларға түзету көмегінің дұрыс және дер кезінде көрсетілуінің қажеттілігін білдіреді. Яғни, олардың жанұясының қажеттілігіне, талабына деген қоғам мен әр түрлі қоғамдық орындар жағынан түсінушілікті қажет етеді. Қоғам жағынан осындай түсінушілікті қамтамасыз ету үшін аутист балаларды оқыту мен әлеуметтік дамыту саласында ағарту жұмысын жүргізу және оның құзіреттілігін арттыру өте маңызды. Бірақ Қазақстан аймақтарындағы әлеуметтік-қоғамдық институттар аутист балаларға сапалы көмек көрсете алмай келеді.

Педагогтар мен психологтардың аутист балалармен жұмыс жүргізулерінің мамандандырылған біліктіліктері болмағандықтан, олар аутист балаларда арнайы білім беру ұйымдарында оқытудан бас тартады. Көптеген аутист балалар үйде оқытылыады, ал бұл оларды құрдастарынан және әдеттегі қалыпты өмірден оқшаулайды.

1943 жылы доктор Л.Каннер алғаш рет бала аутизмін психикалық дамудың жеке бұзылысы ретінде ерекшеленеді. Ол бала дамуындағы ауытқушылықтың ерекше түрін сипаттап, оны ерте жастағы бала аутизмі деп аталды. Қазір оны *Каннер синдромы* деп те атаймыз. Бала аутизмін айналасындағы адамдармен эмоциялық қарым-қатынасты орнатудағы үлкен қиындықтардан, тәртіптің қайталанатын, біртекті түрлерін үнемі қайталай беруге талпынуынан, белгілі бір объектілермен іс-әрекеттерге қатты берілуінен, сөйлеу тілін меңгеру мүмкіндігінің сақталғанымен, сөйлеу тілінің болмауы (мутизм) немесе сөйлеу тілінің адамдармен қатынаста пайдаланбауынан, басқа балаларда танымдық қабілеттерінің жақсы болуынан байқаймыз.

Л.Каннер бұл бұзылыстар ерте жастан екі жарым жасқа дейін байқалады деп есептеді, бұл кейіннен аутизмнің балалардың психикалық дамуының туа біткен және ерекше бұзылыстары деп айтуға мүмкіндік туғызды [2].

Бала аутизмі – бұл сан қырлы бұзылыстарға жататын, психологиялық дамудың өзіндік бұзылысы. Аутизмдегі әр түрлі ауытқушылықтардың арасынан бала аутизмі синдромының негізгі және міндетті үш белгісін ерекшелейді:

1. Қарым-қатынастың сапалы бұзылыстары;
2. Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің сапалы бұзылуы;
3. Тәртіптің стереотиптік түрлері.
4. Сәби жастағы немесе ерте жастағы бұзылыстарда биологиялық шығу тегіне және психикалық бұзылыстарға тән ремиссиясыз және асқынусыз тұрақты ағымы көрсетіледі. Бала аутизмі психиканың барлық жақтарындағы: танымдық және эмоциялық аймақтағы, сенсорлық және моторлық дамудағы, сондай-ақ жоғары психикалық қызметтердің, еркін тәртіптің, сананың және тұлғалық қалыптасуындағы бұзылыстарда байқалады дизонтогенезді білдіреді.

Балалардағы аутизм бұрмаланған (асинхрондық) даму ретінде сипатталады, бұнда психикалық дамудың жеке жақтарының бірі уақытында, екіншісі алға кетіп, ал үшіншісі дөрекі тежеліспен даму мүмкін, сонымен бірге олардың дамуы қалыптыларға да, тежелген онтогенезге де дәл келмейді.

Аутизмнің этиологиясы(туындаудың себептері) мен патогенезі.

Бала аутизмін қазіргі кезде зерттеу бала аутизмнің туындауының көптеген себептері мен оның әр түрлі патологиялыр аясында пайда болу дәлелдейді. Аутистік бұзылыстар әр түрлі туындаудың себептерінен болуы мүмкін [4].

1. Эндогендік-тұқым қуалаушылық.
2. Хромосомдық абберрация және зат алмасудың туа біткен аурулары.
3. Экзогенді- органикалық этиологиясы орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдалуы.

О.С.Никольскаяның бала аутизмін негізгі топтарға жіктейтін психологиялық классификациясын ұсынамыз [3].

1-топ. Сыртқы дүниемен қатынастан толық бас тарту. Бұл топ балаларында жайсыздық пен белсенділіктің бұзылуы ерте жастан байқалады, бала кейіннен бұдан өзі үшін ең тиімді қорғаныс тәсілінің көмегімен өтеді (сыртқы дүниемен қатынастан толық

бас тарту). Мұндай балалар өз есімін айтқанда бұрылмайды, басқалардың өтінішіне жауап бермейді, сонымен бірге өздері де ештеңе сұрамайды. Балаларда сөйлеу тілі болмайды, алайда олардың кейбіреулері кейде коммуникативті бағытталмаған жеке сөздерді немесе тіптен сөз тіркестерін де айтулары мүмкін. Балалар қоршаған ортамен қатынас үшін сөйлеу тілін, мимикамен ишаратты пайдаланбайды, жақын адамдарына деген бауыр басушылықты білдірмейді Бұл аутизмнің ең терең түрі.

2-топ. Бұл топтың балалары ортамен қатынаста белсенділеу, тез ренжімейді, қоршаған ортамен таңдап қатынасқа түсе алады, бірақ оларға қоршаған әлемді тануға деген ұмтылыс пен қызығушылыққа қарағанда оны қабылдамау тән болады. Балалар қорғаныс тәсілі ретінде жайсыздық пен қорқыныш тудыратындардың бәрінен белсенді түрде бас тартуды пайдаланады. Бұл топ балаларда қолдарын сермеу, қол бастарын айналдыру, секіру, таяқшаларды және жіптерді сілкілеу сияқты қимыл-қозғалыс стереотиптері байқалады. Бұл топ балалары анасынан бір минут та ажырамайды себебі қатты қорқыныштарға беріліп кетеді.

3-топ: Балалар қатынасқа оның ішінде сөйлеу тілдік қатынасқа түсе және оны қолдай алады, бірақ оны орнату айрықша жан-жалдықпен ерекшеленеді. Олар қырсық, қыңыр болып, басқалардың пікірлерін есепке алмай, сөйлесіп тұрған адамның сөзіне және одан алған әсеріне мән бермей барлық жерде өздерінің айтқандарын істеткілері келеді. Олар үшін басқа адамдардың сезімін түсіну олардың басқалардың ісіне жауап беру, жол беріп, жаны ашу қиындық туғызады.

Бұл топ балалары іс-әрекеттерін жоспарға сәйкес катал дәйектілікпен орындауға тырысады; егер оны іс жүзіне асыру бұрмаланса, онда ол тәртіптің бұзылуына : қырсықтыққа, агрессияға, керісінше істеуге ұмтылуға әкеліп соқтырады.

4-топ. Бұл балалардағы аутизм қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікті ұйымдастырудағы қиындық ретінде жеңіл түрде байқалады. Осы топ балалары үшін тәртіп пен қызметтің стереотиптік формаларына ұмтылу тән. Әдеттегі стереотиптің сәл болса да өзгерген кезінде оларда бірден қорқыныш пен ыңғайсыздықтың жоғарлауы байқалады. Қимыл-қозғалыстың тежелуі мен сенімсіздігі тән. Оларда жиі жағдайда психикалық және сөйлеу тіл дамуының тежелуі байқалады. Бұл балалар жоғары сезімталдығы мен және тез ренжігіштігімен, сын мен қолдамауды жаратпайтындығымен ерекшеленеді. Олар жақындарына бауыр басқан, олардан үнемі көңіл мен эмоциялық қолдауды талап етеді. Осы топқа жататын балалар жасық, ұялшақ және қорқақ балалар сияқты әсер қалдырады. Оларда басқа адамдардың сезімдерін, тәртібін және олармен белсенді және икемді әрекеттес болу ұғымы, түсіну мүмкіндігі төмендеген; олар қарапайым әлеуметтік жағдайларда естері шығып кетуі мүмкін. Сөйлеу тілі байланысқан, бірақ кедей, көмескі болып келеді.

Аутист баланың психикалық дамуының ерекшеліктеріне тоқталсақ. Аутист балалардың ата-анасы және оларды бақылайтын бала дәрігерлері әдетте олардың өмірінің бірінші жылында нәрестенің психомоторлық дамуындағы қандай да бірауытқушылықтарды байқамайды. Көптеген аутист балалардың психофизикалық дамуы олардың өмірінің бірінші жылында жас шамасы нормативтеріне сәйкес болады. Баланың эмоциялық дамуы да оның бір жасқа дейінгі жас ерекшеліктеріне қарай одан психикалық жоғары белсенділікті күтпейтіндіктен ата-анасын көп алаңдатпайды. Сонымен бірге мамандарға аутист балалардың психикалық ерекшеліктері олардың өмірінің алғашқы айларында -ақ, әсіресе ерте аффекті немесе эмоциялық-коммуникативті саласының дамуынан байқалатыны жақсы мәлім.

Сәби жастағы балаларда ересек адамның эмоциялық қатынасына әлсіз көңіл аударулар байқалды, олар өзіне көңіл аударуларды талап етпейді, қолға алуды сұрамайды, өздерімен өздері болып тыныш жата береді. Анасының қолындағы бала оған жабыспайды, құшақтамайды табиғи және жайлы қалыпты қабылдаудан қиналады. Оларда адамның бетіне қызығушылық байқалмайды, қараған күнде де олардың көзқарасы адам бетіне қарамай жанай өтіп кетеді. Бұл сәбилерде жиі жағдайда жеке сенсорлық әсерді

жоғары деңгейде бекіту байқалады. Олар кілем немесе түс қағаз өрнектері ұзақ уақыт мұқият қарайды, қабырғадағы көлеңкенің қозғалысын бақылайды, 3-4 айдан бастап, жарнаманы немесе мультфильмді басқалардан ерекшелеп ұзақ қарай бастайды. Олардың тағы бір ерекшелігі кітаптың бетін парактау, бір нәрсені шиқылдату, саусақтарын салалау, арбаны тербету, секіруді жақсы көреді.

Ерте жастағы баланың ата-анасы аутист бала өмірінің алғашқы бір жарым жылында оның дамуындағы проблемаларды байқамаса, бала өмірінің екінші жылының соңы мен үшінші жылының басында айқын байқалады. Жақын адамдары атын атап шақырса оның қарамайтыны, ата-анасымен өзара әрекетке ұмтылмайтыны, басқаға еліктемейтіні, басқа балалар ойнайтын ойынды ойнамайтыны, тек бір істі бар көңілімен қайталай беретіні басты белгісі болып табылады.

Аутист балаларда ерте жастан-ақ қоршаған заттардың пішініне, шығу тегіне деген қызығушылық пайда болады. Ата-аналар баланың текшелерді, пирамидалардың шығыршықтарын, қарындаштарды түсіне қарай өзі топтастыратынын, заттарды пішініне қарай сұрыптап, көлемі бойынша қатарлап тізетінін, арнайы үйретпесе де компьютер, ұялы телефонды пайдалана алатынын, жиі жағдайда екі-үш жастағы балалар әріптерді, цифрларды білетінін, көру, музыкалық есте сақтау, тақпақтарды есте сақтау қабілеттерінің болатынын айтып отырады.

Мектепке дейінгі жас балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы мен өзара әрекетте болудың қиындығы, сөйлеу тілінің дамуының тежелуі, баланың тәртібіндегі проблемалар ата-анасына айқын байқала бастайды да, олар мамандардан көмек сұрай бастайды.

Мектеп жасындағы кейбір балалар (1 топ) басқаруға көнеді, жақын адамдармен арадағы әрекеті бағытталған түрде өтеді, сөздік өтініштерді орындай бастайды, болып жатқан жағдайларға қызығушылық байқалады, сөйлеу тілі пайда болады да, өз қалауын білдіру үшін жеке сөздермен сөз тіркестерін пайдалана бастайды.

2 топ балаларында мектептегі оқу үшін қажетті мүмкіндіктері үлкен болады. Кейбіреулері бастапқы кезде бейімделуге қарсы тәртіпті көрсетуі мүмкін, бірақ аз уақыт өткен соң мектеп өмірінің жалпы стереотипі пайда бола бастайды да оны бұлжытпай орындайды.

3-топ балаларының мектеп өміріне бейімделу немесе оқу материалын меңгеруіне байланысты проблемалар болмайды. Бірақ қиындық баланың тәртібінде туындайды. Оқуда жеткен жоғары нәтижелері, мұғалімнің қойған жоғары бағасы мен мақтауын уәж еткен бала, одан тек өзіне көңіл аударуды талап етеді, онымен үнемі өз қызығушылығы тақырыбында ғана сөйлескенді қалайды. Мұндай бала үнемі бірінші болғанды, барлық сұрақтарға өзі жауап бергенді қалайды, қарсылыққа төзбейді.

4-топ балалары тежелудің жоғарлығына, тез қажып, шаршағанына, жылдам ренжігіштігіне қарай оқуда қиындықтарға кездеседі. Бұларда айтылған сөзді түсінудегі қиындықтар, нұсқауды қабылдау мен материалды меңгерудің баяулығы байқалып, мұғалім көмегін қолдауын қажет етеді. Бұларды ПДТ бағдарламасы бойынша оқыту ұсынылады.

Егер, түзету, реабилитациялық жұмыстарды ерте жастан бастаса, әрине, баланы мұндай күйден шығаруға болады деген тұжырымдар қалыптасқан. Бірақ, балаларға ерте жастан қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау дағдылары үйретілгенімен, аутистік көзқарастар мен міне-құлықтағы аутистік белгілер толықтай жойылмайды. Арнайы түзету көмегі көрсетілген балалар есейгенде әлеуметтік өмірге толық қосылып кете алмайды екен. «Аутизм белгілері, ғылыми деректерге сәйкес, ерте жаста, яғни үш жасқа дейін байқалады. Көпке дейін аутизмнің этиологиясы анықталмай келсе, кейінгі бес жылдағы зерттеулерде негізгі себептер ретінде мидағы синапстық байланыстардың жетілуіне кедергі жасайтын гендік себептерді көрсетеді. Тағы бір мәліметтерде қарама-қайшы тұжырымдар жасалады: нәрестелерге жасалатын вакцинациялар, вирустық науқастардың салдары, ата-ананың балаға деген көзқарасы, отбасындағы әлеуметтік жағдайлар т.б.» [1].

Әрине, кез келген әдістің тиімді-тиімсіз болуы немесе нәтижелі-нәтижесіз болуы оның дұрыс ұйымдастырылып, жүйелі қолданылуына байланысты. «Киев қалалық клиникалық психоневрологиялық аурухана дәрігері А.Чуприков психологиялық және дәрімен емдеуді альтернативалық әдістермен қатар қолдануды ұсынады. Мысалы, дәстүрлі емес әдістер - дельфин терапиясы, иппотерапия (жылқының көмегімен), канистерапия (иттің көмегімен). Қазіргі күні Украинада дельфин терапиясы жақсы дамып келе жатқандығын айтады. Дельфиндер баламен ойнай біледі, әрі олардың шығаратын ультра дыбыстары аутист балалардың назарын аудара алады. Ал иппотерапия ұзақ уақытты қажет етеді екен, кемінде бір жыл айналысу керек. Канистерапия да аутист балалар үшін оң нәтижелер көрсеткен. Иттер өзінің биофизикалық қасиеттерімен балаларға жағымды әсер етеді екен. Кез келген пет-терапия (жануарлардың көмегімен) балалар үшін оң әсер етеді, балаларды қарым-қатынасқа, сезімге үйретеді»[5].

Дельфин терапиясы қазіргі кезде АҚШ-тың медициналық тәжірибесінде кеңінен қолданылады. «Дельфинтерапиясы – ультрадыбыспен емдеу. Дельфин емдік қасиеті бар ультрадыбыстық толқындар мен қимыл-қозғалыс белсенділігін және өте күшті психологиялық әсер туғызады. Медицинада ультрадыбыстар сонофорез немесе фонофорез ретінде қолданылады, яғни, ағзадағы жеке тіндер мен ұлпаларға, мүшелерге «массаж» жасайды, тіндерге белсенді заттардың енуін қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, тіндер арасындағы зат алмасу жақсарады, сұйықтықтар айналымға түседі. Сондай-ақ, дельфиннің ультрадыбыстық сигналдары ауырсыну сезімін басатын анальгетик»[5].

Біздің елімізде кейінгі жылдары иппотерапия әдісі кеңінен қолданылып жүр. Әсіресе тірек- қимыл аппараты зақымданған балаларды емдеу мақсатында қолданылып жақсы нәтижелерге қол жетуде. Иппотерапия балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қабілеттерін дамытады. Ат үстінде отыру адамнан үнемі зейінін шоғырландыруды, жинақылықты, дәлдікті, өзінің әрбір қимылын бағу мен басқаруды, жоспарлауды талап етеді. Бұл, әрине, өз кезегінде психикалық үдерістерді белсенділендіреді. Сонымен бірге, жылқымен сөйлесу, сипау, алақанмен жайлап қағу т.б.әлеуметтік қарым-қатынас жасауға жақсы тәжірибе болып табылады. Жылқы жануарының биоөрісі өте күшті болғандықтан, адамға жағымды, оң энергия бере алады. Ал иппотерапияны аутизмді бар балаларға қолдану тәжірибесі алғаш Америкада ұсынылған. «Иппотерапия – адамның бұлшық ет балансын қалпына келтіруші, әрі сенсорлық дамытушы әдіс. Аттың басын ұстау (жүгенді басқару) когнитивтік, эмоциональдық қиындықтарды жеңуге, баланың өз тәртібі мен әрекетін басқара білуге үйретеді. Иппотерапияны аутизм, церебральды паралич, бұлшық ет склерозы, Даун синдромы жағдайларында қолдану пайдалы екендігі дәлелденген» [5].

Арт-терапия да қазіргі уақытта кеңінен қолданысқа ие болған әдістердің бірі. Арт-терапия ең алдымен ұсақ қол моторикасы мен қиялды, қол мен саусақ координациясын, шығармашылық қабілеттерді дамытады. Өнер арқылы балалар өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге, өзара қарым-қатынас жасауға үйренеді, өзара сенім атмосферасы туындайды. Аутизмдегі ең негізгі белгі – вербальдық және әлеуметтік коммуникация қиындығы. Олар тілдік қарым-қатынас жасаудан мүлдем бас тартуы мүмкін. Сондықтан олар өз сезімі мен ойын сурет, бейне, түстер арқылы жеткізе алады. «Сиднейдің Маккуэри Университетінде құрылған білім алу қажеттілігі ерекше балаларға ерте көмек көрсету бағдарламасының мазмұнында арт-терапия негізгі әдістер тобына енгізілген, себебі бейнелеу немесе қол еңбегі барысында балалар өзара қарым-қатынас жасайды, өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге үйренеді» [3].

Драматерапия деген де ұғым бар. Бұл әдіс сөйлейтін аутист балалардың сөйлеу мәнері мен мәнерлілігін дамытады, эмоцияны жеткізе білуге дағдыландырады. Сахнада өзін-өзі ұстау, сезімін айқын көрсету мәнеріне үйретеді. «Драматерапияны аутист балалармен алғаш рет қолданған ағылшын психологы Синди Шнайдер болып табылады. Ол Аспергер синдромын шалдыққан жасөспірім балалармен жұмыс барысында театрды қолдану әдісін ұсынған. Нәтижесінде жасөспірімдердің өзін-өзі

бағалауы жоғарылаған, өз іс-әрекеттері мен айтқан сөздеріне деген сенімділік қалыптасқан, өзгелердің сезімдерін түсіну қабілеті пайда болған, яғни өздерінің жолы болғыш адам екендіктеріне сенімдері артқан» [6].

Аутизмді түзететін инновациялық әдістердің бірі – компьютерлік дамытушы бағдарламалар, әртүрлі үйретуші ойындар т.б. Олар қосымша оқыту құралы ретінде, әрі көрнекілік құрал ретінде пайдаланылып, педагогтарға үлкен көмек болып табылады. Бір жағынан уақыт үнемдеуге сеп болса, екінші жағынан оқушылар үшін қызығушылық туғызады. Аутизмді бар балалардың зият қабілеттері қалыпты, кейде өте жоғары болғандықтан, олар үшін компьютерлік дамытушы бағдарламаларды пайдалану қиындық туғызбайтындығы сөзсіз. Бірақ баланың қолында мұндай бағдарламалардың шамадан тыс көбеюі (компьютер, планшет, телефон арқылы т.б.) сау балалардың өзінде аутистік белгілер туғызуы мүмкін екендігі туралы қауіптер жиі айтылуда. Сонымен аутизмді жоюдың ең тиімді жолдары мен әдістері қандай деген сұраққа жауап беретін болсақ, олар - дұрыс ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар кешені. Сондай-ақ, ойын терапиясынан бастап кешенді биомедициналық терапияларға дейін, барлығының қолданылуында, ең алдымен, баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу қажет.

Демек, әр баланың ағзасының өзіндік ерекшеліктері мен мінез-құлқына, жас мөлшеріне сай жеке емдік-түзету бағдарламасын құру шарт. Себебі, түзету-емдеу әдістерінің бірі нәтижесіз болса да зиянсыз болғанымен, енді біреулері қате немесе шамадан тыс қолданғанда кері әсерін тигізуі мүмкін екендігін ұмытпаған жөн.

Акустикалық спектр және дамудың басқа да ауытқуларына дәрігер-невропатолог, дәрігер-психиатр, психолог, логопед, педагог-дефектолог сияқты мамандар диагноз қояды. Балаларға диагностика клиникалық, психологиялық-педагогикалық және арттерапия, аудио-вокалдық жаттығулар, сенсорлы интеграция әдісі, сияқты халықаралық стандартталған әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Соның ішінде сенсорлы интеграция әдісіне тоқтала кетсек: *Сенсорлық интеграция әдістемесі* - көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын, немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлы интеграцияның мысалдары:

- гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану);
- музыкаға билеу (есту жүйесі)
- бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);
- тунельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу);
- қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлану);
- орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер);
- бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау)[7].

Аутизмді бар балаға өзінің басты проблемаларын, яғни қарым-қатынастағы және өзара әрекеттік жағдайдағы қиындықтарды жеңу үшін қатарларының, құрбыларының, құрдастарының, сыныптастарының, достарының әдеттегі ортасы ауадай қажет екенін ескерген жөн. Балабақша мен мектеп оған тек тәрбие мен білімді ғана беріп қоймайды, сонымен бірге ең алдымен, басқа адамдармен бірге өмір сүру мүмкіндігін де үйретеді. Сондықтан, мұндай балаларды үйде оқу түріне көшірмей, мектепте қалдыру, яғни инклюзивті оқыту өте маңызды. Аутизмді бар баланы ауру немесе ауырады деп санаудың орнына, оның дамуы мен оқуына белгілі бір жайлы жағдай мен тәсіл қажеттіктен «өзгеше бала» деп санаған дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каган В.Е. Аутизм у детей –М.: Медицина, 1981. –280с.
2. Башина В.М. Аутизм в детстве.-М.: Медицина-1999. –156с.
3. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок. Пути помощи.- М.: Терфинф-1997. –230с.
4. Левченко И.Ю., Забрамная С.Д., Добровольская Т.А. Специальная психолого-педагогическая диагностика – М.: Академия, 2003. – 320 с.
5. Никуленко Т.Г. Коррекционная педагогика: Учебное пособие / Т.Г.Никуленко. – Ростов н/Д: Феникс, 2006. – 381с.
6. Истратова О.Н. Практикум по детской психокоррекции: игры, упражнения, техники / О.Н.Истратова. – Ростов н/Д: Феникс, 2007.– 349с.

ӘОЖ 159.92

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛЬДЫ-ЕРІКТІК СФЕРАСЫН ДАМУ

Кереева О., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Егенисова А.Қ.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада балалар үйіндегі тәрбиеленуші балалардың эмоциональды-еріктік сферасын даму проблемасы, балалардағы эмоциональды депривация, олармен жүргізілетін арнайы мамандардың жұмысы туралы баяндалады. Сонымен қатар, бұл проблеманы зерттеген ғалымдардың пікірлері, балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоциональды-еріктік сферасындағы ауытқушылықтар, оларды түзетіп, дамытатын әдістемелер, жаттығулар туралы сөз болады.

Түйінді сөздер: бала, эмоциональды-еріктік сфера, депривация, әдістеме, ауытқушылық, логопед, психолог, психика, интеллект, ақыл-ой.

Балалар үйлеріндегі балалардың психикалық дамуының түрліше болуына тұқым қуалаушылық ерекшеліктерінен гөрі тұрмыс жағдайында тәрбие мен оқытудағы айырмашылықтар көбірек әсер етеді. Өмірінің алғашқы күндерінен бастап балалар үйіне түсетін жандардың дамуы ата-анасы барлардың дамуынан ерекше болатыны қарым-қатынасқа деген қажеттілік бала 1 айға толар-толмас шақта байқалады. Әрине, ондай қарым-қатынас жасайтын анасының жоқтығынан сыртқы ортадан алатын бала әсерлерінің ауқымы шектеулі болады. Мұндай сенсорлық окшаулану, дамуды кешеуілдетеді. Атап айтқанда, қимыл-қозғалыстарының дамуы баяулайды, тілдері кеш шығады, кей жағдайда ақыл-ойының дамуы да тежеледі.

Баланың тұлға ретінде қалыптасуына өмірінде «Ата-ана-бала» қарым-қатынас жүйесіне түспеуі қатты әсер етеді. Мінездерінде қырсықтық, бірбеткейлік сияқты жағымсыз қасиеттер ерте көріне бастайды. Бала толыққанды даму үшін ең алдымен оның махабатқа деген қажеттілігі қанағаттандырылуы қажет. Кейбіреулер оны туылғаннан пайда болатын қажеттілік десе, енді біреулер өмір сүру барысында қалыптасатын қажеттілік деп есептейді.

Осы қажеттіліктің қанағаттандырылмауы бала дамуының бұзылысына және эмоциялық депривацияның пайда болуына әкеліп соғады. Депривация – психология мен медицинада кең қолданылатын термин. Бұл термин ағылшынның «deprivation» сөзінен шыққан, қазақша мағынасы: өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігінің шектелуі немесе жойылуы. Эмоциялық депривация көбіне балалар үйінде

тәрбиеленетіндер де ерекше байқалады. Депривацияның келесі түрі – сенсорлық депривация – яғни заттық ортаның болмауы және сезім мүшелері қоздырғыштараның жетіспеуі. Депривацияның бұл түрін де балалар үйінде тәрбиеленетіндерден кездестіреміз [1].

Депривация сонымен қатар тек балалар үйінде емес, отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларда да байқалады. Отбасында анасы болмаған жағдайда немесе баласына эмоциялық көңіл бөлмеген жағдайда аналық депривация туындайды. Психикалық күймен сипатталады. Аталған психикалық жағдай мінез-құлықтың өзгеруінен байқалады. Депривация механизмі баланың сыртқы орта адамдарымен қарым-қатынасының шектелуімен, баланың негізгі психикалық қажеттіліктерінің жеткіліксіз қанағаттандырылуымен байланысты. Сонда, психикалық депривация деген өмірлік жағдайлар нәтижесінде туындайтын нақты психикалық күй. Мұндай жағдай баланың негізгі қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қолайлы мүмкіндіктері болмаған кезде туындайды.

Балалар үйінде тәрбиеленетіндер көп жағдайда нашар тұқым қуалаушылық қасиеттеріне ие: алкоголизм мен нашақорлық, туылғаннан пайда болатын психикалық және неврологиялық патологиялар маскүнем ата-аналардан туылған балаларда, жүктілікті тоқтату үшін түрлі шараларды қолданған аналардан туылған балаларда түрлі психикалық ауытқулар байқалады. Балалар үйінде тәрбиеленетіндерде психопатологиялық белгілер: ақыл-ой кемістігі және шизофрения белгілері де кездеседі.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленетін мекемелерде олармен жүргізілетін жеке-дара жұмыстарға, қарым-қатынасқа үлкен мән берілуде. Негізгі ауыртпашылық логопед, психолог, тәрбиешілерге жүктелуде. Дамуында терең артта қалушылығы бар балалар үшін жан-жақты сенсорлық әсер алатындай «сенсорлық бөлмелер» деген қолданылады. Педагогтар ересек балалардың табиғат, саябақ, музей тағы басқа демалыс орындарына барып дамуына жағдайларды барынша жасайды.

Соңғы уақытта балалар үйінде тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балаларда депривацияның түрліше формаларын байқауға болады. Бір жас пен 4 жасқа дейінге 462 баланың дамуына бақылау жүргізілген, нәтижесі төмендегідей. Олардың жүйке-психикалық дамулары төменгі деңгейде. Әсіресе екі жастағы балалар аналық депривация жағдайында екендігі анықталған. Үш жаста ғана сюжетті және рөлдік ойын белгілері қалыптасатындығы байқалады. Ал тіл дамуына келсек, тек сөзді айтуда емес, сөздік реакциялар яғни ойлаумен байланыста бола отырып кешеуілдеп дамыған.

Алғаш туылғаннан анадан айрылу баланың қарым-қатынасқа тапшы, жұтаң болуына жеткізеді. Алғашқы бірінші жылы қалыптаспаған эмоционалды-іскерлік қарым-қатынас баланың тілінің дамуына кедергі болады, ал әрі қарай оның жеке басының қалыптасуына да өз зиянын тигізеді. Екі жастағы балаларда қозғалыс белсенділігі төмен болады, бұл бір жағы олардың сергектік күйлерін көп жағдайда «кедергі, барьер артында» өткізуімен де байланысты түсіндіріледі. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мінез-құлқының қалыптасуы да түрлі ауытқулармен көрінеді. Олардың көпшілігіне қатты қозғыштық тән: олар ұзақ уақытқа дейін ұйықтай алмайды, мазасыз ұйықтайды. Оларға ұйықтарда аналық жылылық, жылу сөздері, бесік жыры, ертегі айту жетіспейді. Ұйықтар алдында жалғыздан-жалғыз қалғандықтан, олардың көбісі саусақтарын сорады, тербеледі де ұйықтайды[2].

Балалар үйіндегі басты мән берілу керек нәрсе олардың әлеуметтендірілу мәселесі. Күнделікті қалыптасып кеткен стереотиптілік қатты әсер етеді. Мысалы, 1 жас 6 ай мен 3 жасқа дейінгі балалар тобында тәрбиеші серуеннен қайтарда бір күні күнделікті тәсілмен емес, ерекше түрде басқаша тәсілді ұсынғанда, олар қатты қарсылық көрсеткен мінез-құлықтың стереотиптілігі тілдің дамуына теріс әсер етеді.

Мысалы, тіпті ересек топтың өзінде баланы киіндіруге көмектескенде «рахмет» деуді бала «қайдағы рахмет? Оны анау кезде айту керек!», - деп тамақ столын көрсетеді.

Жеке адамның дамып-қалыптасуы, өзін ұжымда ұстауы, өзіндің «мен» сезімінің байқалуы – балалар үйінде жүргізілетін басты жұмыстардың бірі.

Сүйікті болу, көзге түсу – осы балалардың басты құндылығы. Өзін-өзі бағалау мен өзгелердің бағасы тестісінің нәтижелері балаларға ең алдымен ойыншық немесе тамақпен бөліскен бала ұнайтындығын көрсетеді. Ал, бірақ өз «сатыларын» балалар жиі жағдайда таба алмайды, себебі олар өздерін көптің ішінен ерекшелеп бөле алмайды және өздерін бағалай алмайды. Балалар үйіндегі балалардың көңіл-күйлері жиі ауыспалы, сезімдері тұрақсыз, бастан кешулер ауқымы шектеулі, ересектермен қарым-қатынаста қиындықтар, эмоционалды күйзелістерге толы болады. Балалар үйлерінің берген мәліметтеріне орай 90%-ға жуық балалар психофизикалық дамуда артта қалады. Барлық тәрбиеленушілердің барлығы дерлік психомоторлы және тілдік дамуда артта қалады. Себебі, олардың көбісі емханадан келіп балалар үйлеріне қабылданады. Емханада олар психологиялық энцефалопатия, ми қан айналымының бұзылуы, туа берілген аурулармен емделеді. Әрі қарай оларға ақыл-ой дамуы артта қалған немесе психикалық дамуы кеш дамыған деп диагноз қойылады.

Психикалық депривация күйіне орталық жүйке жүйесі зақымдалған балалар жиі ұшырайды. Қазіргі уақыт мына жағдайды анықтады: балалар үйінде туылғаннан бастап тәрбиеленуші балалардың психофизикалық даму көрсеткіштері өте төменгі нәтижелерді құрайды, қолайсыз отбасы болса да кейін келген балаларға қарағанда.

Осылайша, балалар үйіне қарағанда, қандай да болса, яғни қолайсыз отбасының өзі жас нәресте, бала үшін жақсы орта болады. Дене және ақыл-ойы дамуының артта қалуы ол балалардың эмоционалды-еріктік және мінез-құлық кемістіктерімен толықтырылып, дамуын тағы да кешеуілдетеді. Бұған осы балалардың мемлекеттік мекемелерде тәрбиелену жүйесінің барлығы, яғни бір балалар мекемесінен екіншісіне жиі ауысу көп әсер етеді. Бұл олар 3-4 жасқа келгенде орын алады, яғни сәбилер үйінен балалар үйлеріне және 7 жастарында мектеп-интернатқа ауысқанда болатын жағдай.

Эмоциялық және сенсорлы депривация жағдайындағы балалардың психомоторлы дамуында да ауытқулар, артта қалушылықтар болады. Жалпы танымдық белсенділігінде баяулық байқалады. Бұл балалар материалды қиын меңгерді, олар әрдайым үлкендердің бағалауын күтіп жүреді. Ойлау процестерінің дамуында бірталай өзгерістер байқалады: олардың жалпылау және классификациялау қабілеттері синкретті сипатта болады.

Балалар үйіндегі балалар көбінде ұмытшақ болады, өзінің туған күні, жылы, айын ұмытып қалады. Есептеу аймағында түсініктер мен әрекеттердің бірқатары дұрыс қалыптаспаған, балалар есептеу барысында қатты қиналады, «аз», «көп» деген түсініктерді шатастырады.

Ал, қиялға қатысты айтатын болсақ, проективті материалдың стереотипті интерпретациясы мен репродуктивті позициясы байқалады. Бұл, яғни қиял дамуының төмендігін емес, жалпы баланың жеке басының дамуында шегіністер, артта қалушылықтар бар екендігі дәлелі.

Психика ең терең деген ақыл-ойдың кеш дамуында да дамиды. Психиканың дамуы – балалар жасының негізгі ерекшелігі. Баланың барлық функциялары мен шеберліктері икемді, ауыспалы, жетілгіштігімен ерекшеленеді. Бұл қасиеттер онтогенез процесінде оқыту әсерінен пайда болады. Олар мидың пісіп-жетілуіне қарай спонтанды пайдаболмайды. Бас миы қабығында сөйлеу орталықтары (Брак пен Вернике орталықтары) бар екендігі белгілі. Бірақ, бала ешқашанда оқытусыз жәй ғана осы орталықтың пісіп-жетілуінен сөйлеп кете қоймайды.

Сабаяқ үстінде бұл балалардың жұмысқа қабілеттіліктері ереже бойынша, төмен, және интеллектігі көбірек ауырлық түссе, соғұрлым жұмысқа қабілеттілік төмендейді. Ал, механикалық, бірсыдырғы жұмыс оларды аз шаршатады. Психикасы бұзылған балалардың ойлауын жетілдіру мақсатында мына, яғни Л.С. Выготский ұсынған мақалдардың ауыспалы мағынасы мен метафараларды түсіну әдісін қолдануға болады [2].

Ал, В.М. Бехтерев, В.М. Осиповтар ассоциативті экспериментті ұсынған. Балалар сөздерді мысалға келтіре отырып, сол арқылы сөздік қорлары туралы, аурулары жөнінде мәліметтер алуға болады [3]. Классик ғалым ғалым Л.С. Выготский баланың ақыл-ойы дамуының екі деңгейі жайлы былай дейді: «Психолог – даму қалпын бағалауда пісіп-жетілген ғана емес, пісіп жетіліп келе жатқан функцияларды да ескеруі тиіс. Тек қана өзекті деңгейді емес, әрі жақын даму аумағын да ескергені абзал. Яғни, тек қана өзекті деңгейді оқып қоймай, бала дамуының мүмкіндіктерін зерттеу өте маңызды [2].

Яғни, балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық сипатының жалпы беталысы мынадай: олардың эмоционалдық фоны тіпті кедей. Бұл мекемеде тәрбиеленушілер қоршаған орта талаптарына бейімделуі тиіс. Бұндай жетімхана секілді мекемелерінде балаларды тәрбиелеу және басқа да өмірлік тәжірибелерді баланың ерікті-эмоционалды дамымауына әкеп соқтырады. Осы тұрғыда И.А.Залысына, балалар үйінде тәрбиеленушілер мен жанұяда тәрбиеленуші балалардың уайымдау қажеттілігін салыстырмалы түрде зерттеген. Соның нәтижесінде мектепке дейінгі балалардың қоршаған ортадағы адамдарға уайым сезімін тудыруға қабілетті емес екенін дәлелдеген. Көбінесе олар басқа адамның сезіміне жауап беруде туындайтын реактивті уайымдау олар үшін бөтенсу сезімін тудырады. Ал И.А. Залысының эксперименталды зерттеуінде жанұядағы балалардың тек ересектердің сезімін іздеп қана емес, сонымен қатар олармен серіктес ретінде өз сезімдерін белсенді бөлісіп отырады. Уайымдау мен сезімді білдіруді дамытудың қажеттілігі балалық шақтан-ақ қалыптасып ересек кезеңде дамыған қалыпта болады. Осындай бала мен ересектердің өзара қарым-қатынасын қажеттендіру үшін баланы ересек адамның алдында еркін ұстай алатындай, ойын ашып айта алатындай, сезімін толық жеткізе алатындай жағдай туғызу қажет. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілер өздерінің бағасын жеткізе алмайды, олардың өз пікірі болғанымен де ересектердің пікіріне сүйенеді. Сондықтан да бұндай балалардың сезімін ашу үшін оларға жылы мереймен қарау қажет.

Жетімханадағы балаларды эмоционалды өмірінің толықсыздығы олардың әртүрлі психикалық тежелулер мен әлеуметтік бейімделудің бұзылуына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайда жатақханадағы балалардың эмоционалды жағдайының тым жоғары немесе тым төмен болуы мен қатар, қоғамдық ортада өзін тым жоғары немесе тым төмен түсіріп жіберуін көрсетеді. Өзін-өзі қатты сүю жеке адамның психикалық дамымауының белгісі болып табылады. Сондықтан да бұл жағдайда да эмоционалды, ерікті, тілдік қимыл-қозғалыстың сонымен қатар әлеуметтік жетіспеушілік мәселелері туындайды. Содан ақыл-ойының кемістігі көрініп, танымдық процестерінің дамымағандығы анық байқалады. Сондықтан да олар өз ой пікірінен айырылып басқаның пікірімен жүреді. Сондай жағдайларға байланысты балалардың мінез-құлқы мен эмоционалды дамуының ерекшеліктерін атап көрсетпес бұрын, олардың эмоционалды дамуын мына әдістемелер арқылы анықтап алуға болады. Мысалы, Люшер тестісі, «Үй, ағаш, адам» т.б бұл әдістемелердің көмегімен эмоционалды депривацияның, дисстрестің, түзету нұсқасын табуымызға болады. Сонымен қатар эмоция және сана деңгейіндегі жалпы адамдық құндылықтарды анықтауға мүмкіндік туады. Психотравмалық жұмыспен айналыса отыра тәрбиеленушілердің психотравмалық ситуацияны қалай еске түсіретіні және немен байланысатыны жайлы, сонымен қатар ішкі қобалжулар мен уайымдарын қажетті түрде анықтап алуға болады. Сондай-ақ, баланың эмоционалды еріктік аумағы мен сенсорлы жүйесінің дамуын іздестіруге болады. Және де ересектердің бірін-бірі түсіну процесінде жүргізуге мүмкіндік туады. Қазіргі таңда психолог, педагог, психиатр мамандары жетімдер қоғамы жайлы сөз көп қозғауда. Сонымен қатар жетім балалардың өз қоршаған ортасымен ересектермен байланысындағы кездесетін мәселелер жайында сөз қозғаған. Сонымен бірге жетім балалардың эмоционалды еріктік аумағының дамуының бұзылуы олардың отбасын құрудағы, мамандыққа бейімделудегі жекелік байланыстарының аздығымен түсіндіріледі. Сезімдік эмоционалды аумағының дамымағандығы баланың ішкі

дүниесінің дамуының (негативті) кері екендігін көрсетеді. Осындай жағдайда балаға психоэмоционалды реабилитация өзіндік өмір сүруіне жағдай туғыза алады.

Балалар үйіндегі психолог жұмысының формасы (диагностика, коррекция, профилактика) – қарапайым жалпы білім беретін мектептерде қолданылатын стандартты терім болып табылады. Алайда әдістемелерді таңдауда балалар үйінде тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктеріне байқап әсер етуге тура келеді. Әсіресе ол (коррекциялық) түзету-дамыту жұмыстарына байланысты болып келеді. Жетім балалармен жұмыс жасауда оларға сәйкес әдістемелерді табу қиынға соғады. Отбасында тәрбиеленген балаларға қатысты іс-тәжірибелік зерттеулер педагогикалық жіберіліп қойған балаларға көбінесе сәйкес келе бермейді. Өйткені олар кейбір ойын, жаттығудың мағынасын түсіне бермей, олардың шешу жолдары қиынға соғады. Бірақ та интеллектке қатысты тапсырмалар көбінесе баланың ойлау, ес, сөйлеу, зейінінің дамытуға мүмкіндік береді. Кей жағдайларда мұндай тапсырмаларды шешу барысындағы баланың көңіл-күйінің өзгеруі, тежелуі, қорқыныш, үрей, уайымдаудың туындау бала психикасының дамуын тежеп отырады [5].

Сондықтан да әдістемелерді қолданудың ең тиімді жолы ол арт-терапия (ертегі терапия) ертеке терапиялық, құм терапиясы әдістемелерді қолдану болып табылады. Сонымен бірге балаларға сурет, коллаж, пластинкамен бейне құрау, сөйлем құрау жаттығулары балалардың вербальді және вербальды емес интеллектісін дамытады. Яғни бұл әдістемелер арқылы баланың жеке ерекшелігі мен «мен» қасиетін анықтауымызға болады.

Мектепке дейінгі шақта еріктік-эмоциялық сферасы дамуының бір жағы сол мотивтерді дамыту екендігін байқауға болады. Бала өз қылықтарының түрткі күштері мен салдары жөнінде көбірек ойлай бастайтын болады. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың сана-сезімінің дамуына, өзінің кім және қандай қасиеттерге ие екенін, төңіректегі адамдардың бұған деген қарым-қатынасын, ол қарым-қатынастардың неден туатынын түсінгенде ғана мүмкін болады. Сана- сезім айқын өзін-өзі бағалауынан, яғни бала өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін, өзінің сапалары мен мүмкіндіктерін қалай бағалауынан көрінеді.

Сана-сезім дамуының алғышарты тіпті ерте сәбилік шақтың соңында өтетін баланың өзін-өзі басқа адамдардан бөлуі. Бірақ, бала мектеп жасына ілінісімен- ақ өзі туралы, өзінің қасиеттері жөніндегі ештеңе білмей, тек өзінің өмірінде бар екенін ғана түсінеді. Үлкендер сияқты болғысы келген кішкене балдырған өзінің шынайы мүмкіндіктерін ескере білмейді. Бұл үш жастығы дағдарыс кезеңінде мүлде айқын көрінеді.

Үлкендер мақұлдаған барлық жақсы қасиеттерді көбіне түсінбей-ақ өз басына жай таңа салатын мектепке дейінгі кішкентайларда әлі өзі жөнінде ешбір негізделген дұрыс пікір болмайды. Өзін ұқыптымын деп санайтын бір баланың бұл нені білдіреді деп сұрағанда, ол: «Мен қорықпаймын», - деп жауап берді. Өздерінің ұқыптылығын мақтан ететін кейбір балалар бұл сұраққа «Білмеймін», - деп жауап қатты.

Өзіне-өзі дұрыс баға беруді үйрену үшін бала алдымен өзге адамдарды, сырттай қарап тұрып, бақылай білуі керек. Ал мұның бірден бола қоймайтынын біз білеміз. Бұл кезеңде бала өзінің құрдастарына баға бергенде, олар жөнінде үлкендер айтқан пікірді жай ғана қайталайды. Өзін-өзі бағалауда да осылай болады («Мен жақсымын, өйткені апам солай дейді»).

Баланың өзге адамдарды, олардың қылықтары мен қасиеттерін өздерінше бағалау бастапқыда оның осы адамдарға деген қарым-қатынасына байланысты. Бұл әсіресе, әңгімелер мен ертегілердің кейіпкерлерін бағалаудан көрінеді. «Жақсы», ұнамды кейіпкердің кез келген қылығы жақсы, ал «жаман» кейіпкерлер қылығы жаман бағаланады. Бірақ біртіндеп кейіпкерлердің қылықтары мен қасиеттерін бағалау оларға деген жалпы көзқарастан бөлектенеді, осы қылықтар мен қасиеттер жағдайды және оның мәнін түсінудің негізінде құрыла бастайды. «Үйшік» деген ертегіні тыңдағаннан кейін

сұрақтарға жауап береді: «Аюдың қылығы жақсы ма, жаман ба?» - «Жаман». - «Ол неге жаман?» - «Өйткені ол үйшікті қиратып тастады». - «Аю саған ұнай ма, жоқ па?» - «Ұнайды. Мен аюларда ұнатамын» [6].

Мінез-құлық нормалары мен ережелерін меңгерген сайын, олар баланың өзге адамдарды бағалауда пайдаланатын өлшемдері бола береді. Бірақ бұл өлшемдерді өзіне қолдану анағұрлым қиынырақ болады. Баланы өзіне тартып, белгілі бір қылық көрсетуге итермелеуші толғаныстар оған көрсетілген қылықтардың шын мәнін бүркейді, оларды әділ бағалауға мүмкіндік бермейді. Мұндай бағалау тек өз қылықтарын, қасиеттерін басқалардың мүмкіндіктерімен, қылықтарымен, сапаларымен салыстыру ғана мүмкін болады. Өзін өзгелермен салыстыра білуді бала мектепке дейінгі үлкен жаста меңгереді, бұл өзін-өзі дұрыс бағалаудың негізі болып табылады.

Бала толғаныстарының ең күшті және басты көзі – баланың басқа адамдармен, үлкендермен, балармен өзара қарым-қатынастары. Төңірегіндегі адамдар балаға еркелете қараса, оның құқын танып, оған назар аударса, бала эмоциялық рахаттылықты, сенімділікті, қамқорлықты сезінеді, әдетте мұндай жағдайларда балада сергек, шат көңіл күй басым болады. Эмоциялық рахаттылық баланың жеке басының әдеттегіше дамуына, жағымды қасиеттерінің, басқа адамдарға тілектестік қарым-қатынастарының төселуіне себепші болады.

Маңайдағы адамдардың балаға қатысты мінез-құлқы балада түрліше сезімдер – қуаныш, реніш, т. б. тудырады. Бала бір жағынан еркелетуге, мақтауға, екінші жағынан өзіне жасалған ренішке, көрсетілген әділетсіздікке қатты толғанады.

Қорыта айтқанда, балалар үйінде тәрбиеленушілердің эмоционалды-еріктік сфрасын және қарым – қатынас дағдыларын дамыту ойындары және жаттығуларын жүргізуге болады. Атап айтсақ:

1. «Өзінді ата».

Мақсаты: Өзін құрбы – құрдастар ұжымына таныстыру.

Барысы: Балаға өзін таныстыру ұсынылады, өзінің атын айту, оны оған қалай атаған ұнайды, үйде қалай атайды немесе топта қалай атағанын қалайтынын айту керек.

2. «Еркелетіп шақыр».

Мақсаты: Балалардың бір – біріне тілектестік қарым – қатынасын тәрбиелеу.

Барысы: Баланың жақсы көретін құрбысына (тілегі бойынша), оны еркелетіп атап, допты лақтыру немесе ойыншықты беруі қажет.

3. «Сиқырлы орындық».

Мақсаты: Мейірімді болуға тәрбиелеу, балалар тілінде жылы мейірімді сөздерді көбірек қолдануға үйрету.

Барысы: Бір бала ортадағы «сиқырлы» орындыққа отырады, қалғандары ол туралы мейірімді, жылы сөздер, комплименттер айтады. Отырған баланы сипауға, құшақтауға, сүйуге болады.

4. «Сезімдердің берілуі».

Мақсаты: Вербальды емес тәсілмен (сөйлемей) әртүрлі эмоционалды жағдайларды беруді үйрету.

Барысы: Балаға «тізбек бойынша» белгілі бір сезімді мимика, жест қимылдары т.б. арқылы көрсетуге тапсырма беріледі. Одан соң балалар не сезінгенін ортаға салады.

5. «Досыма сыйлық».

Мақсаты: Заттарды вербальды емес тәсілдермен «сипаттай» білуін дамыту.

Барысы: Бір бала «туған күн иесі» болады да, қалғандары оған өз қарым – қатынасын мимика, жест қимылдары арқылы білдіре отырып, «сыйлықтар ұсынады».

6. «Түрлі – түсті гүл шоғы».

Мақсаты: Қуанышты және қанағаттанарлық сезім ала отырып, өзара іс - әрекет жасауға үйрету.

Барысы: Әр бала өзін бір гүлмен атайды да, өз таңдауын түсіндіре отырып, гүл шоғы үшін басқа гүлді табады. Одан соң барлық гүлдер бір гүл шоғына бірігеді де, қол ұстасып ән айтады.

7. «Май шам».

Мақсаты: Өзінің эмоциональды жағдайын басқара білу, өз сезімдері мен уайымдары туралы айта білу қабілеттерін дамыту.

Барысы: Балалар май шамды айнала өздеріне ыңғайлы қалыпта отырады да, бірнеше секунд ішінде жалынға қадала қарайды. Одан соң көздерін жұмады, бұл кезде май шам сөнеді. Көздерін ашып балалар май шамның жалынында қандай образдар көргендерін, не сезінгендерін айтады.

Сонымен, балалар үйінде тәрбиеленушілердің еріктік-эмоциялық сферасын дамытуда жоғарыда берілген әдістемелерді, жаттығуларды және тапсырмаларды дұрыс, жүйелі жүргізсек жақсы нәтижелерге жетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ауренова М.Д. Жеткіншектер қарым-қатынасы: балалар үйі жағдайында. Монография. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012.-130б.
2. [Выготский Л. С.](#) Мышление и речь. 2014г. С.570
3. [Бехтерев В. М.](#) Вопросы воспитания в возрасте первого детства. 2017г.С.210
4. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 2013 – С.464
5. Дүйсенова Ж.Қ., Нығметова Қ.Н. Балалар психологиясы. Оқулық. Алматы:ТОО «Полиграфкомбинат», 2013.-300б.
6. Умнякова Н.П. Как сделать дом теплым. - М.: Стройиздат, 1996. – С.183

ӘОЖ 159.92

КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ КӘСІБИ ДЕФОРМАЦИЯНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Керимов Б., докторант

Ғылыми жетекшісі: **Егенисова А.Қ.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада кәсіби іс-әрекеттегі деформация, кәсіби жану және стресс проблемалары, стрестің даму сатылары сөз болады. Кәсіби деформация, кәсіби күйзеліс, кәсіби күйзелістің кезеңдері, «Күйіп-пісу синдромы», психикалық стрестің негізгі белгілері «эмоционалды күйіну» т.б. туралы айтылады. Сонымен қатар, А.В.Ребровтың талдаған кәсіби күйзелістің кезеңдеріне, Н.В. Самоукина сипаттаған кәсіби стрестің негізгі түрлері баяндалады.

Түйінді сөздер: стресс, деформация, кәсіби деформация, кәсіби күйзеліс, шаршау, депрессия, эмоционалды күйіну, ақпараттық стресс, коммуникативті стресс.

Кәсіптің тұлғаға әсер ету мәселесі зерттеушілер көкейінде жүргенімен, қазіргі таңда өзекті және әлі де ары қарай қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі болып отыр. Қарқыны өте жылдамдықпен болып жатқан қоршаған ортаның түрлі жағдайларына адам баласының бейімделуі қиынға соғады, әрі адам бейімделе отырып эмоциялық тұрақтылықты сақтауы қажет болады. Адам ағзасы бойындағы күш-қуатты қайта-қайта қалпына келтіруге үлгере алмайтындықтан, мұндай жағдай жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына жеткізеді және психосоматикалық аурулардың пайда болуының алғышарты

болады. Соның бірі кәсіби күйзеліс, яғни әр түрлі маман иелерінің жұмыс барысындағы қажуы.

Психологтар күйзеліс немесе стресс тақырыбын ұзақ уақыт бойы зерттеп, оның себебін түсінуге және одан шығу үшін адамдарға жол ашуға тырысты. XXғ. 30-50 жылдары канадалық ғалым Ганс Селье стресстің биологиялық теориясын жасап: «Стресс – аса қушті сыртқы әсерден жүйкенің жоғарғы деңгейде ширығуы», - деген анықтама берген.

Стресс – адамның ширығуын талап ететін күрделі, күтпеген, аса жауапты, маңызды немесе қауіпті жағдайларда пайда болатын көңіл-күй ахуалы. Ол сондай-ақ, денеге және ақыл-ойға тез және жауапты шешімді талап ететін көп салмақ түскенде, дау-жанжал т.б кезінде туындайды [1]. Стресс кезінде орын алатын денедегі өзгерістер мен уайым диапазоны өте үлкен. Әлсіз стресс немесе оның бастапқы көрінісі кезінде адам жинақылынады, оның психологиялық процесстері жұмылып, деңгейі жоғарылайды. Ұзақ немесе қатты стресс ағза жұмысын қамтамасыз ететін қызметтердің ұйымдасуын бұзады немесе олар азып-тозып, қызмет етуден қалады.

Қазіргі таңда, даму қарқыны өте жылдам болып жатқан қоршаған ортаның түрлі жағдайларына адам баласының бейімделуі қиынға соғады, әрі адам бейімделе отырып эмоциялық тұрақтылықты сақтауы қажет болады. Адам ағзасы бойындағы күш-қуатты қайта қалпына келтіруге үлгере алмайды. Әрине, мұндай жағдай жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына жеткізеді және психосоматикалық аурулардың пайда болуының алғышарты болады.

Нағыз өз ісінің кәсіби маманы еңбек әрекеттерінде көрінуі керек. Кәсібіне бейімделгеннен, қажетті білім мен білікті меңгергеннен кейін көптеген қызметкерлер өздерінің жеткен деңгейлеріне қанағаттанып, өздерінің кәсіби өмірін, өзін-өзі жетілдіру жұмысымен ары қарай айналыспайды.

Кәсіптің тұлғаға әсер ету мәселесі зерттеушілер көкейінде жүргенімен, қазіргі таңда өзекті және әлі де ары қарай қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі болып отыр. Адамның кәсібі санасына және өмір барысына өз әсерін тигізетіндігі жайлы аксиоманы ешкім жоққа шығармайды. Адам іс-әрекетінің барлық түрі таңдамалы және ол тұлғаның үйлесімді дамуына әсер етеді. Бірақ, белгілі бір жағдайларда кәсіби іс-әрекет тұлға құрылымында негативті құбылыстардың дамуына әкеліп, оны деформациялайды. С.П Безносковтың айтуынша кәсіби деформацияға бейімділік, билік өкілеттігімен айналысатын адамдарда, өмірде маңызды шешімдерді талап ететін мамандық иелерінде жиі кездеседі [2].

Деформацияның аспектілерін қарастырғандар: С.П Безносков, А.К Маркова, Г.А. Зорин, Н.И. Порубов және Г.Г. Шиханцов. Сонымен қатар, шет ел ғалымдары: Ю.В. Александров, В.В. Куличенко, В.П. Столбова, В.Е. Коновалова, А.Ф. Гранин, сондай-ақ Р.Конечный, М.Боцхал, Д. Джонсон, Р. Грегори, Э.Ф Зеер және т.б.

Кәсіби деформация дегеніміз не? Оның жұмыс нәтижелігіне әсер етуі қандай? Кәсіби деформация – белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысу және меңгерудің психологиялық феноменімен өзара байланысқан, үздіксіз үрдіс болып табылады.

А.К.Маркованың айтуы бойынша, «деформация» – кәсіби маманның бір тұтастылығын бұзады, бейімділігін, тұрақтылығын төмендетіп, іс-әрекетінің өнімділігіне теріс әсер етеді. Сондықтан қазіргі таңда қызметкерлердің деформацияларын анықтап, оны жеңудің психотехнологиялық жолдарын қарастырып, кәсіби деформацияның алдын алып коррекция жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр [1].

Кәсіби деформацияның пайда болу механизмі аса күрделі. Алғашында еңбектің жағымсыз шарттары кәсіби іс-әрекетте, жүріс-тұрысында негативті өзгерістер тудырады. Содан кейін, қиын жағдайлардың қайталануына байланысты теріс өзгерістер жиналып қарым-қатынаста, күнделікті өмір барысында көріне бастайды. Алдын ала, уақытша негативті психикалық жағдай мен бағдар пайда болса, одан кейін жағымды қасиеттер

жоғала бастайды. Кейін, жағымды қасиеттер орнына жұмысшының жеке бас профилін өзгеріске әкелетін негативті психикалық қасиеттер пайда болады [3].

Кәсіби деформация адамның еңбек іс-әрекетінде туындауы өте күрделі және психиканың түрлі қырларына (мотивациялық, когнитивті, тұлғалық), қасиеттеріне әсер етеді. Кәсіби деформация себептерінің бірі қоршаған ортаның ерекшелігі, себебі қоршаған ортамен адам да, атқаратын жұмысы да тікелей байланысқа түседі. Кейбір кәсіптер мысалы, басқару деңгейіндегі түрлі менеджерлер, дәрігерлер, мемлекеттік қызметкерлер, әскери қызметкерлерде кәсіби деформация болуының ықтималдылығы жоғары болса, екінші біреулерінде төмен деңгейді көрсетеді.

Кәсіби күйзеліс – адамның еңбек қызметіне байланысты теріс уайымдау салдарынан тұлғаның деформациялануының бір түрі. Адамдар эмоционалдық, психикалық және физикалық қажыған сайын күйзеліске ұшырай бастайды. Ал кәсіби күйзеліс - қазіргі қоғамның «кеселі» болып отыр. Алайда химиялық, физикалық немесе биологиялық зиянды әсері емес, эмоционалдық және стресс әсері. Кәсіби стрессогендік факторлар, маманның тікелей жұмысына байланысты болғандықтан, әр түрлі неврологиялық бұзылулардан психосоматикалық бұзылуларға әкелуі мүмкін. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл кәсіпқой маман иесінің жұмысының әсерінен тұлғаның мінез-құлқының өзгеруі [4].

Осыған байланысты осы сияқты жұмыстар эмоционалды күш-қуаттың артуына ерекше күш қажет етеді. Адамдармен жұмыс жасаушы маманға қарым-қатынастың түрлі аспектілерін үнемі эмоциямен нақтылап отыруы тиіс проблеманы белсенді түрде қою және шешу, зейінді қабылдау, визуалды, дыбыстық және жазбаша ақпаратты тез қорытындылап, күшті есте сақтау баламаларды тез сақтап, шешім қабылдау. Жүйелік жағдай біреулер үшін эмоцияның орынсыз жұмсалуды тудырады, ал тағы біреулер үшін психикалық қорларды үнемдеу тәсілдері іздеуге ұмтылдырады. Жүйкесі мықты сақ байқағыш адам ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір күні эмоционалдық күйіну тәсіліне бой ұсына бастайды: бәрінен және барлық нәрседен бойын аулақ ұстайды, барлығы көңіліне ала бермейді, жүйкесін аялайды.

Н.А.Аминова мен Л.Г.Федоренконың зерттеулері (2003), 20 жылдан кейін педагогтарда эмоционалды «күйіну» басталады, 40 жылға қарай барлық мұғалімдер «күйінеді». Одан бұрын, жүйке жүйесіне шалдыққан пациенттерге қарағанда жас педагогтардың көрсеткіш деңгейлері әлеуметтік бейімделуге төмен болып, іс-әрекеттерінде дөрекілік, сенімсіздік, мазасыздық пайда бола бастайды [3].

Эмоционалдық тасымалдау механизмі бар онда энергетиканың қандай да бір мөлшерде өзіне де басқаға да бағытталуы. Іс -әрекеттің сыртқы факторынан алынған әсерлер тұлғаны үнемі жаралап, кәсіби іс әрекеттің психотравмалық элементтерін бірнеше мәрте бастан кешіруге мәжбүрлейді. Бұл жағдайда эмоционалдық күйінуге ықпал ететін ішкі факторлар маңызды орын алады, олар міндеттердің қарқынды интериоризациясы, рөлдер, іс әрекеттің жағдайлары, жоғары түйсіктілік және жауапкершілік сезімі.

А.В.Ребровтың бойынша кәсіби күйзелістің кезеңдері: [5]

Бірінші кезеңі:

эмоцияның тұншығуы басталады: маман оны байқаған болады: бәрі дұрыс сияқты, бірақ жаны жайсыз және көңілсіз;

жақсы эмоциялар жоғалады;

беймазалықтың, қанағаттанбаушылық туындайды

Екінші кезеңі:

әріптестермен түсінбеушілік туындайды;

әріптестерінің арасында араздық ара-қатынас ақырын көріне бастайды, басында жақтыртпаушылық содан кейін тітіркенудің тұтануы болады.

Үшінші кезеңі:

адам өмірдің қымбат екені туралы ойлауда тұйықталып, өмірге, әлемге деген эмоционалдық қарым-қатынастына, тіпті жеке өміріне де, барлығына да селқос, қауіпті

болады. Біріншіден психологтың міндеті кәсіби күйінуінің алдын-алу бойынша жұмыс жүргізуді іске асыру болып табылады.

Күйзелістің алдын алудың әр қилы стратегиялары бар:

Біріншісі – эмоцияларды білдіру ептілігі.

Екіншісі – жағдайды қайта бағалау, оқиғаның басқа суретін құрастыру және жағымсыз жағдайдың өзінен өзіңіз үшін көптеген пайдалы нәрсені таба білу.

Үшінші жол – қайта бағалауға келмейтін жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған әрекеттер.

Жағдай ықтималды қауіпті, күрделі немесе жаңа ретінде қабылдануын доғарғанда, стресс тиылады. Мұнда білуге тиіс жайт, негативтік (теріс) жай-күй тек біздің теріс ойларымызбен ұсталып тұрылады. Нақ солар барлық бәленің көзі болып табылады. Өз ойларыңызбен жұмыс істеуді үйреніп, сіз өз эмоционалдық жай-күйіңізді реттеуді үйренесіз.

Бірінші ереже – өз бойыңыздан теріс ойды қумау, керісінше оған оның басқа ойлар сияқты өмір сүруге өз құқығының бар екеніне түсіністікпен қарау.

Екінші ереже – бұл ойға сыпайы түрде айналып өтуді ұсыныңыз, өйткені әр кезде өзіңізге қызықтырақ, маңыздырақ және пайдалырақ басқа ойлар мен тірліктер бар. Бұл кезде бірден бұл жаңа ойларды, тірліктерді ойлап іске кірісіңіз. Өмірдегі теріс жағдайда жақсы және пайдалы нәрсені таба білуге үйрену әрқайсымызға маңызды. Себебі өмір қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінен құралған. «Сау дененің рухы да сау!» – деп айтылады. Дұрыс үйлестірілген тағам, спортпен айналысу және зиянды әдеттерден бас тарту стрессті болдырмаудың тағы бір әдісі болып табылады.

Мотивациялық сферадағы кәсіби деформация қандайда бір кәсіпке деген қызығушылық болып, өзгелеріне деген қызығушылығы төмендейді. Мысал ретінде, «еңбекқорлықты» алуға болады, яғни адам уақытының көп бөлігін жұмыста өткізеді де, өмірінің жеке және т.б сферасына аз қызығушылық тудырады. Бұл жерде Л.Н. Толстойдың пікірі бойынша еңбек «өмірдің дұрыс еместігін өзіңнен жасыру құралы». Еңбек адамның өмірінде пайда болған мәселелерден құтылудың, қорғанудың жолы болады [6].

Кәсіби деформация қалай көрінеді? Қызметтік деформация басшылық жасау өкілеттігін шектемеген жағдайда, өзгенің пікірін елемеген кезде, өз қателіктерін көрмеген жағдайда, өзінің пікірі ғана дұрыс көріну кезінде көрінеді.

Бұл жерде кәсіби деформация түсінігі «күйіп пісу синдромы» түсінігінен бөліп қарастырылмайды. Бұл, екі жағдайда көптеген қызметкерлерінің жұмысына тән қасиет. «Күйіп пісу синдромы» кәсіби іс-әрекет контексті жайлы сөз қозғаса, кәсіби деформация негізінен оның жұмыстан тыс өмірінде қарастырылады. «Маман адам» оппозициясын шартты түрде қарастырсақ, екі феномен арасындағы ерекшелікті көрнекі түрде көрсетеді. «Мен маман ретінде» – тұлғаның кәсіби міндеттерді орындауға жауаптылығы: яғни қажетті білімі, этикалық бағдары мен принципі болу керек және кәсіби іс-әрекеті өзін жоғары деңгейде көрсетеді. «Мен адам ретінде» тұлғаның орталық бөлігі, өмірі жайлы не ойлайтындығы, өмірлік принциптері мен бағдарын қарастырады. Осы анықтамаға сүйене отырып «Күйіп-пісу синдромы», «Кәсіби мені» бақылаушы рөлін жоғалтып, «мен адам» кәсіби компетенция аймағына енуі қажет.

Жұмыс барысында көптеген мамандар қатты шаршағандықтан олардың клиенттері жағымсыз күй туғызады. Кәсіби деформация, керісінше «кәсіби мені» «мен адам» аймағына қарай кеңейіп, ұлғайып жайылады. Үйге оралғаннан кейін де ол өзін сол маман ретінде ұстайды.

Кәсіби деформацияның екі компонентін көрсетуге болады: кәсіби деформацияға бейімділік, бұл адамдардың мінезінде және тұлғалық ерекшеліктерінде осы кәсіпке тән қасиеттері болады. Олар оны ашық түрде қолданады немесе жасырып қалады. Кәсіби іс-әрекет тұлғаның ерекшеліктерін дамытады. Кейде кәсіби іс-әрекет оларды ақтап, олардың жүзеге асуына және көрінуіне жағдай жасайды. Бейімділік сәйкесінше кәсіпті таңдауға

әсер етеді. Олар өздеріне қолайлы орынды сезінген соң кейін өзінің кәсібінің іс-әрекетін бұрмалайды.

Стресс, шаршау, депрессия және эмоционалды күйіну кәсіби деформацияның ең бастапқы формалары болып тұрады. Бұл жерде бір ізділік бар: бастапқы кезең шаршау, стресске әкелуі мүмкін. Ұзаққа созылған стресс депрессияға айналады. Ал бұндай жағдайдағы қызметкер жаман жұмысшы болады. Осыдан барып кәсіби деформацияға ауысады.

Кәсіби деформация түсінігі «эмоционалды күйіну», «стресс», «депрессия» категорияларымен байланысты. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «burnout», яғни эмоционалды күйіну көптеген кәсіби қызметкерлердің іс-әрекетіне тән. Шет елдің ғылыми әдебиеттерінде күйіну синдромы «burnout» терминімен сипатталады. Қазақша нұсқасы «жану», «күю» деген мағынаны береді. Ресейлік авторлар Т.С. Яценко, 1989; Т.В. Форманюк, 1994 жылдары ағылшын тілінен әртүрлі аударып оны «эмоциялық жану» десе, Д.Д.Вид, Е.И.Лозинская 1998 жылы «эмоциялық күйіну» деп алды. Сондай-ақ 2000 жылы Н.Е. Водопьянова «психикалық күйіну» десе, Т.И. Ронгинская 2002 жылы «кәсіби күйіну» деген терминді қолданды [7].

Эмоциялық күйіну дегеніміз адамның психикалық және психологиялық көңіл-күйіне әсер ететін жүріс-тұрыстық және психикалық уайымдардың кешенді жиынтығы. Эмоциялық күйіну синдромы – үздіксіз стрестің жұмыс барысында пайда болатын тұлғаралық қарым-қатынасқа жауап реакциясы болып табылады. Соның салдарынан «кәсіби күйіну синдромы» пайда болған.

Стресске деген тұрақтылық немесе төзімділік термині – бірнеше тұлғалық қасиеттердің жиынтығын қамтиды, яғни кәсіби іс-әрекет негізінде пайда болған эмоциялық, интеллектуалды, еріктік қысым түсуді қоршағандарына және өзінің денсаулығына еш зиянын тигізбей бастан кешіру болып табылады.

Эмоциялық күйіну тұлға мен жұмыс ісінің аралығындағы сәйкестіктің болмауы. Ол ең алдымен қызметкерге қойылатын ұсыныстар мен талаптардың оның мүмкіншіліктеріне сәйкес келмеуі. Басшылықтың оның тұлғасына деген аса жоғары талап қоюы. Егер қызметкер үшін басшының үкімі парыз болса, ал оны іске асыра алмаудың өзі жұмыс сапасын төмендетуіне әкеп, соның салдарынан стресс пайда болады.

Кәсіби күйіну синдромын құрайтын симптомдарды шартты түрде үш негізгі топқа бөлуге болады: психофизикалық, әлеуметтік-психологиялық және жүріс-тұрыстық.

Кәсіби күйінудің психофизикалық симптомына, сонымен қатар, үнемі басылмайтын шаршау сезімінің болуы тек кешке ғана емес, таңертең де болуы (созылмалы шаршау симптомы):

- эмоциялық және физикалық азуды сезіну;
- жиі себепсіз бастың ауруы, асқазан ішек жолдарының бұзылысы;
- жылдам салмақтан арылу немесе салмақты жылдам қосып алу;
- толық немесе жартылай ұйқысыздық;
- үнемі ұйқылы жағдайда жүруі, күндіз жұмыс барысында ұйқысының келуі;
- физикалық немесе эмоциялық қысымда демалысының бұзылуы енгірудің пайда болуы;
- ішкі және сыртқы сенсорлы сезімталдығының төмендеуі: көру, есту, дәм, иіс сезу, тері сезімдері.

Стрестік проблемаларды ескере отырып Н.В. Самоукина «Кәсіби стресс – бұл кәсіби жұмысты орындаудағы кездесетін эмоциялық және экстремалды факторларды орындаудағы жұмыскердің шаршаған күйі» деп айтқан [7].

Н.В. Самоукина кәсіби стрестің негізгі түрлерін атап көрсеткен. Енді әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ:

Ақпараттық стресс – бұл уақыттың қатал шенінде туындайды және жоғарғы жауапты ережелерде де қолданылады. Сонымен қатар ақпараттық стресс жағдайдың

белгісіздігімен қатар жүреді. Эмоциялық стресс – дәл немесе болжамдап айтылған қорқыныштан туындайды. Мысалы: орындалмаған жұмыс үшін кінә сезімі, әріптес терімен қарым-қатынаста т.б.

Келесі түрі коммуникативті стресс – қатаң қарым-қатынас мәселелерімен байланысты. Ол өзін-өзі ұстай алмайтын жоғарғы кикілжіңмен байланысты, сонымен қатар бір нәрседен бас тарта алмау, манипулятивті әрекеттерден қорғана алмау.

Қателік жасаудан қорқудан туындайтын стресс – қателік қорқынышы екі жағдаймен байланысты: бірінші, жетістікке жету деген ішкі қатты талпыныс; екінші, қателік кеткен жағдайдағы кедергілер. Қорқыныш қателігі көбінесе адамның шығармашылық мүмкіндіктерін бекітеді. Сонымен қатар, адам көп нәрседен бас тарта бастайды. Нәтижесінде адам өмір сүруден қорқа бастайды.

Кәсіби стрестің бәсекелесе көп тараған түрі – бәсекелестік стресі. Адам қоршаған ортада өзінің бәсекелесін көреді. «Өзін бәсекелестік жарысқа беретін адам, өз өмірімен өмір сүрмейді, жұмысын ниет-қалауымен таңдамайды, оның ақшасына қарап таңдайды, сонымен қатар оның айналасында өзіне керек адамдарға, достарына келгенде уақыт жоқ.

Қазіргі заманда стрестен қалай қашу, қалай құтылу туралы кеңестер көп айтылуда. Бірақ Сельенің айтуы бойынша, стрестен қашпаған жөн. Стрестен толық құтылу, бұл – өлім. Стресс жағымды және жағымсыз қобалжулармен байланысты екенін білеміз.

Стрестің тұрақтылығына әсер ететін факторлар: стресс нәтижелері адамның жеке ерекшеліктерінен тұрады. Кейбір адамдар стрестік бұзуларына басқаларға қарағанда жақсы қарсы тұра алады. Неге? Біздің физикалық немесе психологиялық денсаулығымызға әсер ететін стрестің әсерін азайтатын бірнеше факторлар бар. Бұл факторларды қарастырудың өзі тағы бір мәселені тудырады, сондықтан бұл мәселе қызығушылығын жоғалтпайды деген ойдамыз.

Қорыта айтқанда, стресс, кәсіби күйзеліс жаһандану заманындағы қалыпты жағдайлардың бірі болып, дені сау тұлғаның денсаулығына қауіпті, жұмысқа қабілеттілігін төмендететіндігі дәлелдеуді қажет етпейді. Дегенмен де, бұл ауқымды мәселе зерттелуі сонау ғасырлардан бастау алса да, әлі де жан-жақты талдауды, тереңінен зерделеуді қажет ететін, толықтай ашылмаған, күн тәртібінен түспейтін тақырып. Әр адам бір немесе бірнеше кәсіби қызметті атқаратынын ескере отырып, бұл тақырыпқа бейжай қарамай, өзекті мәселелердің қатарына қоса аламыз. Осы себептен де, кәсіпке байланысты стресстің дер кезінде алдын алу шараларын жасау, одан шығуға көмектесу психолог қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маркова А.К. Психология профессионализма, Изд.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 2009., – С.308
2. Безносков С.П. Профессиональная деформация личности. – СПб.: Речь, 2004. – С.272
3. Климов Е.А. Психология профессионала. – М.: Высшая школа, 1996 – С.142
4. Никифорова Г.С. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности. – СПб.: Мир, 1991. – С.355
5. А.В. Ребров. Влияние мотивационной структуры на результативность труда работников \ различных профессий // Социологические исследования, № 5, 2014, 12с.
6. Губачёв Ю.М. Эмоциональный стресс в условиях нормы и патологии человека. Карвасарский и другие – Л.: Книга, – 2002. – С.230
7. Қалымбетова Э.К. Еңбек психологиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 158 б.

ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҮРЕЙ СЕЗІМІН ЖОЮДА АРТТЕРАПИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Темирбаева Ж., магистрант

Ғылыми жетекшісі: Егенисова А.Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада балалардағы қорқыныш, үрей туралы сөз болады. Қорқыныштың анықтамасы, олардың пайда болу себептері, қорқыныш пен үрей проблемасын зерттеген ғалымдардың пікірлері баяндалады. Қорқыныш пен үрей себептерінің бірнеше топқа бөлінуі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуының алғышарттары айтылады.

Балалардағы қорқыныш пен үрейді жоюдағы арттерапияның мақсаты және арттерапиялық әдістемелердің түрлері: музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия әдістерін қолдану жолдары сөз болады.

Түйінді сөздер: қорқыныш, үрей, балалар, алғышарттар, арттерапия, әдістемелер, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия, сурет салу.

Қорқыныш, үрей – адамның санасында оның өміріне және аман-саулығына төнген қауіптің аффективтік (эмоционалдық ушыққан) бейнеленуі болып табылады. Қорқыныш сезімін ешқашан сезініп көрмеген адамды табу оңай емес. Уайымшылдық пен қорқыныш – қуаныш, таңдану, ашулану, қайғы секілді біздің психикалық өміріміздің ажырамас эмоционалды көрінісі

К.Г.Юнг «қорқыныш – бұл түсініксіз сансыз құбылыс, күтпеген қауіптер мен өлшемге толы», - деген болатын[1].

З. Фрейд өзіне тән үлкен сеніммен: «Қорқынышты адамның туылу актісі кезінде басталады», - дейді, яғни туылу процесінде жағымсыз сезімдер бірігіп, соматикалық түйсіктерден бастауын алған өлім қаупі мен қорқыныш біздің өмірімізде өне бойы қайталанып отырады екен [2].

Балалардағы қорқыныш пен үрей сезімі проблемасымен көптеген ғалымдар айналысқан Ш.Левис, А.М. Прихожан, И.К. Макшанцев, Е.Г. Макарова, А.И. Захаров, А.А. Осипова, С.Боулби, Т.Рэчмен, В.Р.Кисловская және т.б. өз еңбектерінде қарастырған[3,4].

Қорқыныш индивидтің - биологиялық немесе әлеуметтік тіршілік етуіне қауіп төнген ситуацияда пайда болатын, ақиқат немесе қияли қауіп-қатерге бағытталған эмоция. Өмірдегі ситуациялардағы сынақ сәттерде кездейсоқ жағдайларда эмоцияналды мазасыздық туындап, күрделі психологиялық мәселелерді, қиындықтарды, шешілген немесе шешілмеген қабылдау көрінісін елестетуге болады. Күнделікті өмірде әртүрлі қиыншылықтардағы мазасыздық, сонымен қатар адамдарда туындайтын уайым бұл қорқыныш пен үрейдің пайда болуына әкеледі.

Балалық қорқыныштар, үрейлер егер де оларға дұрыс қарап, пайда болу себептерін түсінсе, көп жағдайда ондай қорқыныштар ізсіз жоғалып кетеді. Егер де олар ауыртатындай күрделі немесе көпке дейін сақталса, онда ол баланың физикалық және нерв жүйесінің әлсіздігін, жанұядағы конфликті жағдайдағы ата-ананың өзін дұрыс емес ұстануы туралы айтып, жақсы белгілерден еместігін көрсетеді. Балаға әсер етіп, қорқынышынан арылуға көмек беру үшін, ата-анаға қорқыныштың не екенін, қандай қызмет атқаратынын қалай пайда болып, дамитынын және балалардың ең көп қорқып, оның неліктен екендігі туралы білуі қажет.

Баланың көзінше өлім, ауру, өрт, өлтіру туралы әңгімелер оның психикасына еніп, оған нұқсан келтіреді. Егер де тіпті бала күтпеген шу немесе тұртуден шошылатын болса да, осының бәрі қорқыныштың шартты - рефлекторлы сипаты жайында сөйлеуге негіз береді. Қорқыныш пен мазасыздықтың психологиялық және мінез-құлықтық реакциялары сан-қилы, әлдеқалай және ғажап. Қорқыныш пен мазасыздық, үрей әдетте, шешім қабылдауға, қиналуға, қимыл-қозғалыс координациясының бұзылуына әкеліп соқтырады. Қорқыныштың себебі болып қауіптің басы болатын жағдайлар, шарттар, оқиғалар болуы мүмкін. С.Боулби қорқу себебі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бір нәрсенің қатысуынан да болуы мүмкін деп көрсетеді. Қорқыныш зат ретінде қандай да бір адамды немесе объект бола алады. Кейде үрей нақты ештеңеге байланысты болмауы мүмкін, олар жөнсіз қорқыныштар ретінде қайғырылады. Қорқыныш пен үрей жапа шеккеннен де болуы мүмкін, бұл балалық шақта сезімдер арасында байланыстың тууына байланысты. Қорқыныш пен үрей себептерін бірнеше классқа бөлуге болады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуы.

1. Әлеуметтік-мәдени және психологиялық алғы шарттары.

Бала алғашқы жылдары барлық таныс емес әрі жаңа заттардан қорқады, ертегі кейіпкерлері мен заттарды жандандырып, бейтаныс жануарлардан қауіптеніп, ата-анасының мәңгі өмір сүретініне сенеді. Кішкентай балалар үшін бәрі шын, демек олардың қорқыныштары шындық сипатқа ие. Жалмауыз кемпір - жақын маңда жүретін тірі жан. Тек олар түйсіктерін ажырата алып, сезімдерін жеңіп және абстракты-логикамен ойлай бастағанда ғана баланың елестері бірте-бірте ақиқат сипатқа иелене бастайды. Көптеген өркениеттерде балалар өзінің дамуында бірнеше қорқыныш сезімін көреді.

2. Қорқыныш пен үрей жасаралық және невротикалық болады.

Жасаралық қорқыныштар эмоционалды сезімтал балалар арасында олардың жеке және психикалық дамуының ерекшеліктерін бейнелеу ретінде белгіленген. Әдетте олар келесідей факторлар әсерінен пайда болады: қорқыныш сезімінің ата-анасында бар болуы; баламен қарым-қатынастағы қобалжулық; қатерден баланы шамадан артық қорғау және құрбыларымен араласудан оңашалау; ата-анасының біреуінің балаға деген көптеген тыйымдар салу немесе ата-анасының екіншісінің балаға толық бостандық беру, сонымен қатар жанұядағы барлық ересектердің көптеген іске аспайтын бай-баламдар; ер балаларға қатысты өзіне жыныстас ата-анамен ролдік ұқсастыруға мүмкіндіктің болмауы; шошу сияқты психикалық жарақаттар; мұқтаж не әдейіленген жанұялық ролдерін ауыстыру салдарынан анасының әр уақыт жүйкелік-психикалық үнемі ауыртпалық көруі.

3. Биологиялық алғы шарттар

Жоғарғы жүйке қызметінің кейбір типологиялық қасиеттері қорқыныш сезімінің пайда болуына әсерін тигізеді. Бұл эмоционалды сезімталдылық және сонымен байланысты әсерленгіштік. Агрессивті жауап қайтара алмай, бәрін «жүрекке тым жақын қабылдап және тез ренжитін» адамдардың жоғары әсерленгіштігі олардың эмоционалды ренжігіштігі мен осалдығынан көрініс табады.

Көптеген балалар психикалық дамуында қорқынышқа деген жоғары сезімталдықтың бірнеше жас ерекшелік кезеңдерінен өтеді. Бұл қорқыныштардың бәрі өтпелі сипатқа ие, бірақ олар мазасыз ата-анасының ойында қалып қоятын қорқыныштарды қайта жандандыруы мүмкін. Ересектердің үрейі жанұядағы балаларға беріледі. Бұл қорқыныштардың берілуінің ең типтілік психологиялық жолы. Көптеген қорқыныштар балаға санасыз беріледі, бірақ кейбір қорқыныштар, дәлірек қауіптер, оған танылатын бағалы бағдарлар жүйесі күштеп сендірілуі мүмкін. Сөйтіп, қорқыныштардың өздері емес, елеудің кейбір жалпы қасиеттері тұқым қуалайды.

Жас ерекшелік қорқынышы эмоционалдық сезімтал балаларда олардың психикалық және тұлғалық даму ерекшеліктерінің көрінісі ретінде байқалады. Олар мына факторлардың негізінде пайда болады: ата-аналарда қорқыныштың болуы; баламен қарым-қатынаста мазасыздану, оны қауіптерден шектен тыс қорғау және құрбыларымен араласуын шектеу; сол жыныстағы ата-анасының тарапынан көп тыйым салыну немесе

басқа жыныстағы ата-анасының балаға толық еркіндік беруі, сонымен бірге отбасындағы үлкендердің көптеген іске аспаған қоқан-лоққылары; сол жыныстағы ата-анамен рөлдік идентификация мүмкіндігі көбінесе ұл балаларда болмайды; ата-аналардың арасындағы қақтығыстық қарым-қатынас; шошыну тәрізді психикалық жарақаттану; үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасау үрдісінде қорқынышқа психологиялық бой алдыру[5].

Оқу жүктемесін әртүрлі себептермен игере алмай жүрген бірінші сынып оқушылары, уақыт өте келе үлгермеушілер қатарына ілігеді, ол өз кезегінде, невроздарға, мектептен қорқушылыққа алып келеді. Мектепке дейін үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасаудың тиісті тәжірибесін алмаған, өзіне-өзі сенімсіз оқушылар, үлкендердің күткен нәтижелерін ақтай алмай қалуға қорқады, мектеп ұжымына бейімделу қиындықтары мен қорқыныш сезінеді. Бұл қорқыныштың негізінде қателік жасауға, ақымақтық қылуға және сол үшін күлкіге ұшырауға деген қорқыныш жатыр. Мұндай балалар көбінесе тақтаның алдында жауап беруге қорқады. Әсіресе осы тақтаның алдында олардың қорғансыздығы толық көрінеді.

Кейбір балалар үй тапсырмасын орындағанда қателік жіберсе, зәре-құты қашып қорқады. Бұл ата-анасы оларды шұқшия тексеріп және қателікке драмалық мән берген жағдайда болады. Ата-анасы баланы жазаламаса да, психологиялық жазалау бәрібір сезіліп тұрады. Бастауыш мектеп жасындағы бағалау іс-әрекеттің нақты нәтижесін ғана бағалау емес. Оны бала өзінің тұлғасын бағалау деп түсінеді. «Сен жамансың, өйткені сен жаман оқисың», - деген сөздер айтылады балаға. Ол онымен келіседі, соның негізінде беймәлімдік, сенімсіздік сезімдерімен және әртүрлі қорқыныштармен жалғасқан шешілмейтін ішкі қайшылық пайда болады.

Бірқатар жағдайларда мектептен қорқу, құрбыларымен қақтығыстан, олар жағынан шығатын дене қара күштен қорқудан туындап отыр. Әсіресе бұл эмоционалды сезімтал, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық олқылығы бар балаларға тән.

Жас өсе келе осы тәрізді қорқыныштар өзінің сипатын өзгертеді, кейде мүлдем жоғалып кетеді. Бірақ ұзаққа созылу сипатына қарай олар балада әлсіздік, өзінің сезімдерін игеруге, бақылауға қабілетсіздікті тудырады. Мектептік қорқыныш баланың психологиялық жайлылығын ғана емес, сонымен қоса балалар неврозының дамуына да ықпал етеді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Балалармен жұмыс жасауда психотерапевтік жұмыстың икемді түрлерін қолдану өте маңызды. Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді.

Қазіргі уақытта қандай да болмасын психологиялық проблемасы бар адамдарға көмек көрсету үшін көп әдістер мен тәсілдер қолданылады. Соның бірі психотерапевтік бағыт. Ал балалармен жұмыс кезінде тиімді әдістің бірі-арттерапия.

«Арттерапия» терминін санаториядағы туберкулез ауруына шалдыққан науқастармен жұмысын сипаттау барысында Адриан Хилл (1938) қолданысқа енгізген. Бұл сөз тіркесі психикалық денсаулық орталықтары мен емханаларда өткізілген өнер сабақтарының барлық түрлеріне байланысты қолданылған.

Арттерапия – өнерге негізделген, соның ішіндегі негізінен шығармашылық және бейнелеу іскерлігіндей қолданылатын психотерапияның арнайыланған формасы. Бастапқыда арттерапия К.Г.Юнг пен З.Фрейдтің теориялық идеялар контекстінде пайда болған, ал одан кейін К.Роджерс пен А.Маслоудың жеке адам дамуының гуманистикалық модельдерін қоса, кеңінен концептуалды базаға иемдене бастады.

Арттерапия мақсаттары:

1. Агрессия мен басқа да негативті сезімдерге әлеуметтік қолайлы сыртқа шығарту. Картина, суреттер, скульптуралармен жұмыс «бу» шығарудың қауіпсіз әдісі болып табылады.

2. Емдеу процессін жеңілдету. Санаға қонымсыз ішкі конфликттер мен уайымдарды көп жағдайда вербалды коррекция процессінде айтқаннан гөрі, көру бейнелері арқылы шығару жеңілдеу болып келеді.

4. Баланың басып тастауға үйреншікті болған ойлары мен сезімдерін жұмыс істеткізу. Вербалсыз құралдар кейде қатты уайымдар мен сенімдердің айқындалуына және сыртқа шығарудың жалғыз мүмкін нәрсе бола алады.

5. Психолог пен клиент арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Көркем қызметке бірігіп қатысу екі жақты қабылдау мен эмпатия қарым-қатынасының тууына себепші болуы мүмкін.

6. Ішкі бақылау сезімін дамыту. Суреттермен, картиналармен жұмыс немесе жабыстырма (лепка) түс және форманың реттелуін ескереді.

7. Зейінін сезім мен түйсіктерде топтау. Бейнелеу өнерімен айналасу көру және кинестетикалық түйсіктермен эксперимент жасауға және оларды қабылдай алу қабілетінің дамуына кең мүмкіншілік туғызады.

8. Көркемдік қабілеттілігін дамытып, өзін-өзі бағалауды жоғарылату. Арттерапияның қосалқы өнімі жасырын таланттардың ашылуы мен олардың даму нәтижесінде пайда болатын қанағаттану сезімі болып табылады.

Арттерапияда әдістемелердің түрлілігі өте көп. Мысалы, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия және т.б. Солардың ішіндегі әсіресе изотерапияға жеке тоқталып өтеміз.

Изотерапия сурет салу арттерапия түрлерінің бірі болып табылады.

Сурет салу – балаға өз-өзін сезініп және түсінуге, өз ойы мен сезімін еркін шығаруға, қатты уайымдар мен конфликттерден босануға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болып сурет салуды ағзаны жетілдіру бағдарламасының орындалу жолдарының бірі ретінде қарастыруға бейім.

Сурет сала отырып, бала өзінің сезімдерін, арман-тілектерін шығарады, түрлі ситуациялардағы қарым-қатынасын қайта құрастырып, кейбір қорқынышты, жағымсыз, жарақаттайтын бейнелермен ауыртпалықпен жақындайды. Осылай сурет салу өз мүмкіндіктерін мен айналадағы шындыққа жету әдісі, ара қатынасты модельдеу мен әртүрлі, соның ішінде жағымсыз, негативті эмоцияларды сыртқа шығару әдісі ретінде көрсетіледі. Сондықтан сурет салу психикалық қысымды, стресстік күйлерді алып тастауға, невроздар мен қорқыныштарды коррекциялау үшін кең қолданыс тапқан.

Изотерапияның тағы бір әдісі: Ол – жобалық сурет. Бұл әдіс өзінің екі мінезділігімен қызықты. Бір жағынан бұл керемет диагностикалық әдіс, екінші жағынан ол психокоррекционды әсер етудің барлық қажетті техникаларға ие [6].

Салуға ұсынылатын тақырыптар жалпы топтық та, жеке де проблемаларға қатысты болатындай әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте сурет салу тақырыптары мынаны қамтиды:

1. Өзінің өткені мен қазіргі кезең («Балалармен араласудағы менің ең басты проблемаларым», «Өзімді сенімсіз сезінетін өмірлік жағдайларым», «Менің күнделікті күнім»),

2. Болашақ немесе абстрактылы түсініктер («Кім болғым келеді», «Үш арманым», «Бақыт аралы», «Үрей»);

3. Топтағы қарым-қатынас («Топ мен үшін және мен ол үшін не бердім», «Топта қарым-қатынастан не алдым және одан күткенім»).

Жобалық суретте келесідей әдістер (Кратохвил классификациясы) қолданылады:

Еркін сурет салу: (әрбіреуі не қаласа соны сала береді). Суреттер жеке-

жеке орындалып, топ ішінде талқыланады. Тақырып не беріледі, не өздігінен топ мүшелерімен таңдалынады. Сурет салуға 30 минут беріледі, одан кейін суреттер ілініп,

талқылау басталады. Әуелі сурет туралы пікірін топ мүшелері, ал одан кейін автордың өзі айтады. Сурет интерпретациясындағы айырмашылық талқыланады.

Бірігіп сурет салу: Бірнеше адам (не барлық топ) тып-тыныш бір бетке сурет салады (мысалы, топты оның дамуын, ондағы көңіл-күй мен атмосфера және т.с.с.). Сурет салу аяқталысымен әрбір топ мүшесінің қатысымы, қосқан үлесінің мінезі және сурет салу процесіндегі басқа қатысушылармен қарым-қатынасының ерекшеліктері айтылады.

Қосымша сурет салу: Сурет топ арасында жіберіледі - біреуі бастап салады, келесісі бір нәрсе қосып жалғастырады және т.с.с.

Дайын суреттермен жұмыстың екі түрі бар:

1. Барлық суреттердің бір мезгілдегі демонстрациясы, көру және салыстыру, жалпы салыстыру, жалпы және айрықша мағынаның бірігіп табу.

2. Әр суреттің бөлек талдануы ол қолдан қолға өтіп, қатысушылар ол туралы психологиялық мазмұнын айтады.

Балаларға мына тақырыптарға да сурет салуды ұсынуға болады: «Мектепте», «Далада, аулада», «Жанұя», «Мен қандай қорқынышты түс көремін немесе мен күндіз неден қорқамын», «Менде ең жаман немесе ең жақсы қандай жағдайлар болды», «Мен кім болғым келеді» т.б. Суреттерді зерттеу баланың қызығушылықтарын, әуестіктерін, темпераменттерінің ерекшеліктерін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, суреттегі сұр түстердің көптігі және қара түстің басымдығы өмірге құштарлықтың жоқтығын, көңіл-күйдің темендігін, баланың өзінің шамасы келмейтін қорқыныштардың көптігін білдіреді. Керісінше ашық, қанық, көзге жағымды түстер белсенді өмір тонусын және оптимизмді көрсетеді. Бояумен салғандағы кең құлаш, көлемділік, алғашқы сюжетті өзгертетін алдын-ала және соңынан кескіндеуі жоқ сурет сенімділікті және нық шешімділікті білдіреді. Жоғары қозушылық және әсіресе шектен тыс белсенділік суреттің тұрақсыздығынан, көмескілігінен немесе сызықтардың нақты, бірақ бір-бірімен қиылысып жатқандығынан байқалады. Тежелуі және мазасыздығы бар балалар суретті аз салады, оған қарағанда басқа іс-әрекет түрлерін қалайды. Сурет сала бастағанда түрлі-түсті қарындаштармен салған дұрыс. Сурет салардан бір ай бұрын балаларға үйде сурет салуға тапсырма беруге болады, ол кейіннен үйде белсенді сурет салуға қызығушылықты тудыру үшін қажет. Оның болмауы психикалық дамуды жүдетеді және қандайда бір қиыншылықтың барлығын білдіреді. Балалардағы қорқыныштарын аяқталмаған сөйлемдер әдістерімен анықтауға болады.

Аяқталмаған сөйлемдер әдісі оқушы қарым-қатынасының және іс-әрекетінің әртүрлі аймағындағы қорқыныштарды зерттеу үшін қолданылады:

Мен мектеп туралы ойласам...

Мен мектепке келе жатқанда...

Қоңырау соғылған сәтте...

Мен мұғалімді көрсем...

Бізде бақылау болғанда...

Сабак аяқталғанда...

Тақтада жауап бергенде мен...

Мен екі алғанда...

Мұғалім сұрақ қойғанда, мен...

Берілген сөйлемдердің аяқталуында баланың, мұғалім білуге тиісті өте маңызды эмоционалдық көңіл-күйі көрініс береді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет [7].

Психотерапиялық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді. Қорыта айтқанда, олардың бойында қорқыныш симптомдары жойылғанша тұрақты түрде, психотерапевтік әдіс-тәсілдерді қолдану өте тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юнг К.Г., Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству. –М., 1923.- С.178
2. Фрейд З., Психология бессознательного. – М., 1989. –С.223
3. Прихожан А.М., Психокоррекционная работа с тревожными детьми. – М., 1990. –С.165
4. Захаров А.И., Как помочь нашим детям избавиться от страха. С.–Пб., 1995, С.240
5. Кассиль Л., Твой защитники, изд. «Детская литература –М.:, 1970. –С.150
6. Копытин С.А., Основы арттерапии. СПб., 1999. –190с.
7. Захаров А. И., Дневные и ночные страхи у детей. – СПб.: Издательство «Союз», 2004. С.250.

ӨОЖ 372.853

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Туркменбаев Ә.Б., Амангелді А.А., магистрант

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада орта білім беру жүйесіндегі физика пәнін оқыту мәселелеріне талдау жүргізіліп, пәнді оқыту үдерісінде қиындық туғызатын негізгі себептер анықталды: физиканы оқытуға арналған сағаттар санының азаюы, математикалық дайындықтың нашарлығы, мұғалім мен оқушының шамадан тыс жұмыс істеуі - осының барлығы пәнді оқыту сапасына кері әсер ететіндігі қарастырылған.

Түйінді сөздер: физика, оқушылардың мотивациясы, дарынды балалар, оқыту сапасы, материалдық-техникалық база.

Физика - барлық құбылыстарды қамтитын, микро және макроәлемнің, тірі және жансыз табиғаттың барлық үрдістерін терең зерттейтін табиғат туралы ғылымдардың бірі. Бұл ғылым шын мәнінде мектепте оқушылардың үлкен қызығушылық тудыруы керек, бірақ мектеп тәжірибесінде физика жиі ұнамайтын және түсініксіз пән ретінде қалып қояда [1].

Мақаланы жазу барысында мектепте физиканы оқыту мәселелері туралы мұғалімдер мен әдіскерлердің әр түрлі пікірлері зерттеліп [2-3], оқытушылар арасында сауалнамалар жүргізілді. Зерттеу барысында мәселелер шынымен де жеткілікті көп екені анықталды: материалдық-техникалық базаның нашар болуы, сағаттардың жетіспеушілігі, мұғалімдердің шамадан тыс жұмыс істеуі, әсіресе соңғы жылдары гуманитарлық бейіндегі жоғары сыныптарда оқушылардың физика пәнін оқуға деген уәж деңгейінің төмендеуі және т.б. Ішкі уәждің төмен деңгейі даму мен оқыту үдерісін айтарлықтай қиындатады. Бірақ, біздің ойымызша, осы мәселелердің бәрін жасырғанша, олардың себептерін анықтап, шешу жолдарын іздеу керек.

Қазіргі уақытта физиканы оқыту әдістемесінде оқытудың тиімділігі мен нәтижелерін арттыру бойынша үлкен тәжірибе жинақталған. Атап айтқанда, іс-әрекет тәсіліне негізделген әдістемелерді пайдалану оқытудың жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жалпы білім беретін мектеп тәжірибесінде ақпараттық-акцептивті оқыту басым рөлге ие, оның мәні оқушының дамуындағы емес, оның оқу іс-әрекетінің тәсілдерін қалыптастыруда емес, одан әрі кәсіби қызметте білімді қарапайым беруден тұрады. Бұның себептері қандай?

Жаратылыстану-ғылыми пәндер негіздерін оқыту үшін сағат санының қысқаруы (аптасына 2 сағат, 7-11 сыныптар бойынша) базалық деңгейде физика курсының оқу бағдарламаларының бірқатар тақырыптарын тереңірек қарастыруға мүмкіндік бермейді.

Әсіресе 9-10 сыныптарда механика бөлімін зерделеу кезінде негізгі мектептен бағдарлы мектепке көшу тоғысында орын алған. Осының барлығы физика мұғаліміне пәнді оқытуға уақыт жетіспеуі және жаңа жағдайда қажетті әдістемелік құралдар, кейде материалдық-техникалық базалар болмаған жағдайда оқу сапасына негізгі жауапкершілік жүктелген жағдайда болады [4].

Физикалық есептерді шеше білу физиканы оқытудың практикалық бөлігін дамытудағы басты басым бағыт болуы тиіс. Зертханалық жұмыстар мен физикалық практикумға берілетін сағат санын қысқартуға болмайды.

Бірыңғай ұлттық тестілеу кезінде физика бойынша (90-95% деңгейлік тапсырмалардан тұратын) мектеп түлектеріне қойылатын талаптар едәуір артты. Сауалнамаға қатысқан бес мектептің физика мұғалімдерінің он төртінің ішінде оны қазіргі уақыттағы оқу уақытын шектей отырып, оқушыларға физикадан ҰБТ-ны тапсыру үшін сапалы дайындықты қамтамасыз ету мүмкін емес деп санайды. Бұл пікірді орта мектепті бітіруші оқушылардың 80% қолдайды.

Жалпы білім беретін мектепті бітірген оқушылар үшін физика пәнінен қарапайым сұрақтар мен деңгейі С санатындағы олимпиада сұрақтары ҰБТ сұрақтар базасына кіргізілмейді. Қарапайым (тестілік) сұрақтар мен дәстүрлі есептер үшін (қысқаша шарт, сызба, есептік формулалар, сандық деректерді қою, өлшем бірліктерді тексеру арқылы) жалпы уақытша бақылауды қолдануға болмайды. Қарапайым сұрақтарға жауап беру үшін айтарлықтай уақыт жоғалту білімге қойылатын талаптар деңгейінің күрт төмендеуіне барабар, бұл ұлттық университеттердің қабылдау комиссиясы тарапынан физикадан түсу емтиханының осындай жүйесіне жағымсыз қатынасты туғызады. Әлбетте, барлық жоғары оқу орындарының бірыңғай қабылдау емтиханы ретінде мойындауы үшін ҰБТ-ға құрылымдық және мазмұнды түзетулер енгізу керек:

1) Ұлттық университеттер ҰБТ-ға қосымша (немесе оның орнына) ҰБТ-ның нәтижелерін ескере отырып, өзге де тең жағдайларда өз емтиханын өткізуі тиіс.

2) ҰБТ талаптарының ең жоғары деңгейі жақсы мектеп бестігіне сәйкес болуы тиіс. Дәстүрлі университеттер дәл осы деңгейге бағытталған. Тиісінше, ҰБТ сұрақтарында олимпиада деңгейінен тым күрделі сұрақтары болмауы керек.

3) Ұйымдастырушылық жағынан екі түрлі бақылау жүйесін бөліп алу қажет: жауапты таңдау арқылы тестілеу (сапалы және қарапайым сандық сұрақтардың көмегімен) және дәстүрлі физикалық есептерді шеше білу (қысқаша шартпен, сызбамен, есептік формулалармен, сандық деректерді қоюмен, өлшем бірліктерді тексерумен).

Оқушылардың білімін дәстүрлі түрде тексеру - физикалық есептерді шығару және физикалық құбылыстарды түсінумен байланысты сұрақтарға жауап беру білігін қалыптастыру неғұрлым адекватты деп танылды.

Білімді аралас тексеру нысаны да мүмкін: тапсырма + тест (негізгі мектеп). Тест технологияларын пайдалану негізгі мектепте жақсы жұмыс істейді, бірақ жоғары бағдарлы мектепте білімді бақылаудың түпкілікті нысаны болып табылмайды.

Білім министрлігі мен жоғары оқу орындарының өздері өткізетін физика бойынша олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысатын оқушылар саны жыл санап артуда. Бұндай шараларға қатысушылар санының көбею себебі, бұл оқуға түсу кезінде жеңілдіктер беретін нақты жоғары оқу орнын таңдаумен байланысты.

Оқушылар өздерінің теориялық білімдерін тәжірибеге қолданатын, оқушылардың ақыл-ойын дамытудың және физикаға байланысты мамандықтарды насихаттаудың маңызды факторы болып табылатын физика бойынша практикалық бағыттағы олимпиадалар, ғылыми жобалар өткізу керек.

Әрине, оқу үдерісін материалдық қамтамасыз ету өте маңызды мәселе болып табылады. Бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылды, бірақ әлі де жеткіліксіз. Әрбір

мектеп өзінің техникалық-әдістемелік қамтамасыз етілуін қайта қарап, моральдық ескірген және неден құтылуға болатын, ал не жүйелендіру және пайдалану қажет деп ойластыру қажет.

Оқу ақпаратын ұсыну және меңгеру үрдісі көптеген факторларға байланысты, олардың бірі оқушылардың оқу ақпаратын қабылдау, өңдеу және меңгеруге психофизиологиялық қабілеттерін есепке алу болып табылады.

Физика пәні - оқушылардың ерекшеліктерін: ақпаратты қайта өңдеу қабілеттерін; объектіде маңызды жақтары мен қасиеттерін анықтау қабілетін; бір қарағанда айтарлықтай байқалмайтын объектілер мен құбылыстардың ерекшеліктерін бөліп алуды, объектіні бұрын алған білімдерімен байланыстыруды, оның негізгі белгілерін бөліп алуды, аналитикалық сипатқа ие сатылы тану үрдісіне қабілеттілікті қамтиды [4].

Гуманитарлық бейіндегі оқушылардың қабілеттері келесі құрылымға ие: біртұтас және эмоционалды-сенсорлық қабылдау, көрнекі-бейнелі ойлау және көру жадысы, шығармашылық қиял. Бұл оқушылардың ойлау ерекшелігі қоршаған әлемнің көптеген заттары мен құбылыстарын оның барлық құрамдас элементтерімен тұтас қабылдауға қабілеттілігінде.

Осы жерден физика пәнінің негізгі мәселесі әр түрлі психофизиологиялық ерекшеліктері бар оқушылардың физикалық материалды қабылдауын қамтамасыз ететін, берілетін ақпаратты берудің ең жақсы тәсілдерін іздеу болып табылады. Гуманитарлық бейіндегі сынып оқушыларына арналған мұғалім баяндайтын ақпарат физиканың жалпыадамзаттық мәдениеттің элементі болып табылатындығы туралы түсініктерді, физиканың дамуының қоғамның, техниканың және басқа да ғылымның дамуымен байланысы туралы түсініктерді қалыптастыруға, физика ғылымының гуманитарлық әлеуетін ашуға бағытталуы тиіс.

Ұғымдарды, құбылыстарды, заңдарды меңгеру деңгейінің тереңдігі әр түрлі бейіндегі сыныптар үшін білім беру стандартының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болуы тиіс. Гуманитарлық сынып оқушылары үшін физикалық заңдылықтарды зерттеу көбінесе сапалы сипатта болуы тиіс. Физика-математикалық бейін сыныптарымен салыстырғанда, бұл жағдайда мұғалім аз мөлшерде математикалық аппаратты, формулалар мен есептерді қолданады. Оның орнына графиктерді, кестелерді, диаграммаларды, схемаларды белсенді қолдануға болады. Физика-математикалық бейіндегі оқушыларды жоғары математика аппаратын қолдана отырып (дифференциалды және интегралды есептеу) физикалық есептерді шешуге танымның өзіндік физикалық әдістерімен (өлшемдік, симметрия және т.б.) таныстыру керек.

Физиканы оқытуда заманауи оқыту технологияларын қолдану осы мәселені шешуге ықпал етуі тиіс. Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы сыныптарда жұмыс істеу үшін көптеген әр түрлі әдістемелік әдебиеттер бар. Ал гуманитарлық бағыттағы сыныптарда жұмыс істеу үшін әдістемелік әдебиеттер тіпті жоқтың қасы. Сондықтан гуманитарлық бағыттағы сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік ұсыныстар әзірлеу керек [5].

Физиканы оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың үлкен әлеуеті бар. Біздің ойымызша, ақпараттық технологияларды оқу үдерісіне қолдану тиімділігі көптеген факторларға, соның ішінде техниканың өз деңгейіне, оқыту бағдарламаларының сапасына, сондай-ақ қолданылатын оқыту әдістемесіне байланысты. Қазіргі заманғы модульдік кабинеттерде демонстрациялық эксперименттер жүргізуге арналған әр түрлі қондырғылар мен құралдар ғана емес, мультимедиа проекторы бар есептеуіш техника да қолданылуда.

Дарынды балалармен жұмыс - тағы бір маңызды мәселе. Мұнда уақыттың жетіспеуі әсер етеді. Бұл тек қосымша сабақтар мен факультативтер ғана емес, тапсырмаларды іріктеу, экскурсиялар өткізу, ғылыми жобаларға қатысу, олимпиадаларға дайындық.

Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру нысандары туралы мәселені шеше отырып, мектеп жағдайында мұндай оқушыларды барлық пәндер бойынша оқыту үшін

ерекше топтарға бөлуді орынсыз деп тану керек. Дарынды оқушылар сыныптарда басқалармен, сондай-ақ өте жақсы дайындалған және қабілетті оқушылармен бірге оқуы тиіс. Бұл дарынды балалардың әрі қарай әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасауға және сонымен бірге белгілі бір уақытқа дейін жасырын дарындылықты анықтау үшін, мектептің барлық оқушыларының барынша мүмкін болатын дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл ретте дарынды оқушылардың әр түрлі ғылыми жобалау қызметін, шығармашылық тапсырмаларды немесе ерекше әдістемелер бойынша жұмыс істейтін, қажет болған жағдайда дарынды оқушылардың жекелеген оқу пәндерінің материалдарын меңгерудегі қателіктерді түзететін оқушылар топтарын құру мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Дарынды балалар үшін олимпиада есептерін, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды шешу бойынша арнаулы орталықтарда ақылы курстар өткізіледі, бірақ олар өте қымбат және ата-аналардың барлығы осы сабақтарды төлей алмайды.

Тағы бір маңызды мәселе педагог мамандығының қоғам алдындағы беделі. Педагог мамандығының беделсіздігінің негізгі себептерінің ішінде жалақының төмендігі, мансаптық өсудің болмауы, сонымен бірге мұғалім жұмысына қойылатын талаптардың тұрақты өсуін бөліп көрсетуге болады.

Мектептің жас мамандары келешекте жұмыс орнын ауыстырудың және тіпті білім беру жүйесінен кетуді нақты ойлайды.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің тек 10% -ы өз балаларын және туыстарын мұғалім ретінде көруге дайын екендіктерін және тілектерін білдірді, дегенмен бұл ауылдық мектеп. Жақын адамдарын педагог ретінде көргісі келмейтіндіктен, мұғалімдер өз мамандықтарын «беделді емес, әлеуметтік қамтамасыз етілмеген» деп ойлайды.

Физиканы оқыту үдерісінде туындаған мәселенің себептерінің бірі - мектеп оқушыларының шамадан тыс тапсырмалармен жүктелуі, яғни оқу бағдарламаларының шамадан тыс жүктелуі. Орта мектептегі білім мазмұны ортақ болудан қалды. Әр пән бойынша материал көлемі бүгінгі күнде әр сабақта мұғалімдер жана тақырыпты талдап, алдыңғысын бекітуі тиіс. Оқу бағдарламалары тек қана қабілетті оқушыларға арналған, олар күнделікті сабақтарға жақсы дайындалып, мұғалімдердің барлық талаптарын орындайды.

Дәл осындай оқушылар табысты болады, дегенмен, олар әрдайым өте аз және олар оқу үшін барлық бос уақытын жұмсайды. Сабақтан тыс уақытта оқушылар үйірмелерде, секцияларда және т.б. айналысады, демек, демалуға көп уақыт қалмайды.

Мұғалімдердің шамадан тыс жұмыс істеуі. Бұл екінші себеп. Өкінішке орай, мұғалім көбінесе шексіз жиналыстар, оқушылардың отбасына бару, үй жұмыстары, журнал және іс қағаздарын ресімдеу, зертханалық жұмыстарды дайындау, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға оқушыларды дайындау және т.б. арасында күнделікті сабақтарға дайындалу үшін көп уақыт жұмсауға мәжбүр. Мысалы, демонстрациялық экспериментті қамтитын физика сабағына дайындалу үшін қанша уақыт қажет?

Сауалнамалар нәтижесінен қазіргі мұғалімдер өз-өзімен және дамуымен айналысу мүмкіндігінен айырылған адамдар.

Қорытынды жасай отырып, оқытудағы ең басты мәселе әрбір мұғалімнің өзін-өзі дамытуға және оқушыға, оның табыстары мен сәтсіздіктеріне, қиындықтары мен жетістіктеріне өз көзқарасын қайта құруға деген талпынысы болып табылады деп айтқымыз келеді. Сондай-ақ, физика пәнін оқытуға деген өз көзқарасымыз: біз тек қана оқушыларға көбірек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар оқушыларды осы білімдерді одан әрі тәжірибеде қолдануға үйретуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Теория и обучения физике в школе. Общие вопросы. Учебное пособие для студентов пед. вузов. Под ред. С.Е.Каменецкого. - М: Издательский центр «Академия», 2000. - 384 с.

2. Изтлеуова А.А., Ешпанова З.С. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында физика пәнін оқытудың ерекшеліктері // «Орта білім мазмұнын жаңарту аясында ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерін оқытудың тиімді жолдары» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жұмысы материалдарының жинағы. «Өрлеу» БАҰО» – Алматы, 2018. – Б. 47-50.

3. Бегалин Т.А. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында физика пәнін оқытудың тиімді жолдары // «Орта білім мазмұнын жаңарту аясында ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерін оқытудың тиімді жолдары» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жұмысы материалдарының жинағы. «Өрлеу» БАҰО» – Алматы, 2018. – Б. 174-178.

4. Файзуллаев А. Физиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: қыздар университеті, 2014. – 338 б.

5. Башарұлы Р., Байжасарова Г., Токбергенова У., Қаймулдина Ә. Физика. Әдістемелік нұсқау. 11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 2007 – 88 б.

ӘОЖ 372.853

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ВИРТУАЛДЫ ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ

Туркменбаев Ә.Б., Азанғали Ы., магистрант

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада нақты демонстрациялық тәжірибелерді орындауға оқушылардың өзіндік дайындығының құрамдас элементтерінің бірі ретінде динамикалық компьютерлік модельдерді қолдану мүмкіндіктері қарастырылған. Физика ғылыми-техникалық прогрестің негізі болғандықтан, физикалық білімнің, физикалық зерттеулердің маңыздылығы мен физиканың рөлі үздіксіз өсуде.

Түйінді сөздер: физикалық эксперимент, демонстрациялық тәжірибе, компьютерлік модель, виртуалды зертхана.

Қазіргі уақытта физиканы оқыту сапасын арттыру мәселесіне байланысты физикалық эксперименттің барлық түрлерін қолдануға көп көңіл бөлінеді. Мектептегі физикалық эксперимент демонстрациялық тәжірибелер мен зертханалық жұмыстардан тұрады [1].


Демонстрациялық тәжірибе оқушылардың физикалық құбылыстар туралы нақты түсініктерін және физикалық ұғымдарды қалыптастыру үшін жаңа материалды баяндау кезінде қолданылады. Демонстрациялық тәжірибелер мұғалімнің пайымдауларын растайды, нақтылайды, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оятады және дамытады. Егер физикалық тәжірибені жіктеу үшін негіз ретінде іргелі физикалық теорияны таңдасаңыз, онда оларды фундаменталды, негіз қалаушы және тірек деп бөлуге болады [2]. Фундаменталды - бұл қазіргі теориялық ережелер мен заңдылықтардың іргетасын құрайтын, жалпы қабылданған тұжырымдамаға қайшы келмейтін тәжірибелер. Негізгі тәжірибелер жаңа іргелі физикалық теорияның негізін құрайтын негізгі заңдар мен принциптерді растайды. Тірек тәжірибелер оқу үдерісінде кеңінен қолданылған осы теориямен болжанған жеке құбылыстарды, жеке заңдарды растайды.

Оқу эксперименті тәжірибелік біліктер мен дағдыларды жетілдіруге көмектеседі, бұрын алынған бастапқы түсініктерді, ұғымдар мен білімді дамытады және тереңдетеді. Мектепте физиканы оқыту тәжірибесінде зертханалық сабақтардың үш түрі қалыптасты: фронтальды зертханалық жұмыстар, физикалық практикум, физика бойынша үйде жасалатын эксперименттік жұмыстар [3,4].

Мектептегі физикалық тәжірибе жетілдіріледі. Дәстүрлі, үйреншікті құралдар мен жабдықтарды алмастыруға компьютерлерді пайдалана отырып, оқу экспериментінің жаңа буыны келеді. Бүгінгі күні физиканы оқытуда дәстүрлі эксперименттен басқа виртуалды эксперимент қолданылады, онда компьютер модельдеу үшін виртуалды орта болып табылады және компьютер нақты эксперименталдық қондырғының бір бөлігі болып табылады. Компьютерленген эксперимент үшін Nova 5000 тіркеушісі бар «Архимед» сандық зертханасын пайдалануға болады. Ол компьютер экранына деректерді шығаратын датчиктер бар, яғни осы құралдың көмегімен жасалған тәжірибелер ішінара компьютерленген болады.


Виртуалды эксперимент келесі түрлерде болуы мүмкін: виртуалды демонстрация, виртуалды зертхана. Виртуалды демонстрациялар кезінде компьютерде динамикалық моделдер көрсетіліп, нақты физикалық құбылыстар мен процестерді имитациялайтын көрнекі әсерлер жасалады. Виртуалды зертхана компьютерде физикалық құбылыстарды модельдеуге, оларды өткізудің шарттары мен параметрлерін өзгертіп, тәжірибе қоюға, интерактивті режимде оқушының жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар мектеп физикалық зертханасында жүзеге асыру мүмкін емес физикалық экспериментті өткізуге мүмкіндік береді, сабақтың әр түрлі кезеңдерінде оқушылардың іс әрекетін ұйымдастыруда мұғалім қолдана алады. Бүгінде, әрбір оқушы ақпараттық технологияларды меңгерген кезде, барлық оқу экспериментін тек физика кабинетінде ғана жүргізудің қажеті жоқ, виртуалды режимде де болады. Соңғы кездері мұғалімдер оқу үдерісіне интернет желісінде танымал онлайн сайттардан, мысалы: виртуалды зертхана «VirtuLab.net», виртуалды зертхана «Teachmen.ru» және интерактивті физика «PhET», «Physics flash animations-australia» және т.б. бағдарламаларын кеңінен қолданып жүр. Сабақта виртуалды физикалық тәжірибелерді қолдану мұғалімнің физиканы оқыту үдерісін жоспарлау және іске асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Осы ойдың дұрыстығының дәлелі ретінде «PhET» қолданбалы бағдарламалар пакетін пайдаланып өткізген сабақтардан мысал келтірейік [5]. Тізбек бөлігі үшін Ом заңы оқу кезінде 1-суретке сәйкес анимацияларды қолдану тақырыпты білім алушыларға көрнекі түрде түсіндіруге көмектеседі.

Бұл тақырыпты демонстрациялап көрсету қиын болуы мүмкін. 1-суретте көрсетілгендей ток күші, кернеу, кедергі арасындағы тәуелділікті бір мезгілде тәжірибе жүзінде демонстрация жасап түсіндірудің керемет үлгісі ретінде берілген. Мұнда ток күші мен кернеудің шамасын өзгертіп, өткізгіштің кедергісін азайтып немесе көбейтуге болады. Ток күші, кернеу, кедергі параметрлері арасындағы тәуелділік қалай өзгередіні экранда көрініп тұрады.




Сурет 1 – Тізбек бөлігі үшін Ом заңы

2-суреттен көрініп тұрғандай тізбектегі кернеудің шамасын өзгерткенде ток күшінің шамасы өзгеріп, кедергінің шамасы өзгермейтінін оқушылар көрнекі түрде экраннан көреді.



Сурет 2 – Тізбектегі кернеудің шамасын өзгерткенде ток күші шамасының өзгеруі


3-суреттен көрініп тұрғандай тізбектегі кедергінің шамасын өзгерткенде ток күшінің шамасы өзгеріп, кернеудің шамасы өзгермейтінін оқушылар көрнекі түрде экраннан көреді.



Сурет 3 – Тізбектегі кедергінің шамасын өзгерткенде ток күші шамасының өзгеруі

Электромагниттік индукция құбылыстарын түсіндіретін Фарадей заңын анимациялар арқылы демонстрациялап көрсету тақырыпты оқушыларға көрнекі түрде түсіндіруге көмектеседі (4 суретке сәйкес).

4 суретте көрініп тұрғандай магнитті саленоид ішінде жәй және тез қозғалтқанда гальванометр тілшесінің ауытқығанын, яғни тізбекте электр тогы пайда болғанын оқушылар көрнекі түрде экраннан көреді.



Сурет 4 - Фарадей құбылысы


5-суреттен көрініп тұрғандай токтың полюстерін өзгерткенде, магнит тілшесінің бағыты өзгергенін оқушылар көрнекі түрде экраннан көреді.

6-суретте көрініп тұрғандай ток көзіне қосылған саленоидты гальванометрге қосылған саленоидтқа енгізе отырып қозғалтқанда, гальванометр тілшесінің ауытқығанын, яғни ток пайда болатынын байқайды. Ал саленоидтар бір-бірімен


салыстырғанда қозғалыста болмаса, онда ток болмайтынын оқушылар көрнекі түрде экраннан көреді.

PhET бағдарламасы арқылы электромагниттік индукция құбылыстарын өрнектейтін Фарадей заңын демонстрациялап көрсеткенде, яғни магнит өрісінің өзгеруінен соленоидта пайда болатын кернеу экранда көрініп тұрады.

Түрлі түсті графиктер мен қарапайым кондырғылар, түрлі өлшеуіш құралдар арқылы көрсетілетін демонстрациялық анимациялық бағдарлама түсінікті және қарапайым. PhET - бұл тек мектеп оқушыларына ғана емес, сонымен қатар ЖОО-да оқитын студенттер мен мамандарға бейіндік және бағдарлы терең білім алуға мүмкіндік береді. PhET бағдарламасына ұқсас интернет желісінде physics flash animations-australia бағдарламасының да тамаша мүмкіндігі бар.



Сурет 5 – Токтың полюстерін өзгерткенде магнит тілшесі бағытының өзгеруі



Сурет 6 – Индукциялық токтың пайда болуы

Біз жетінші, сегізінші және тоғызыншы сынып оқушылары үшін физика курсы бойынша виртуалды демонстрациялық тәжірибелер жүйесін жасаумен айналысудамыз және оларды қолдану арқылы сабақтар өткізудің әдістемесін жасап оқу үдерісінде тексеруді алдымызға міндет қылып қойып отырмыз. Бірінші тоқсан соңында өткізілген сауалнама нәтижесінен оқушылардың компьютерді қолдана отырып физикалық эксперимент жұмыстары мен тәжірибелерін орындауға қызығушылық туғызғандығын, оқушылар физикалық құбылыстар мен процестердің мазмұны бойынша көбірек сұрақтар қойып, сабаққа мұқият дайындалып және мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдай бастағандығын байқадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Демонстрационный эксперимент по физике в средней школе. I и II том. /под ред. А.А. Покровского. – М.: Просвещение, 2009. – 354 с.

2. Анциферов Л.И., Пишеков И.М. Практикум по методике и технике школьного физического эксперимента. - М.: Просвещение, 2011. – 255 с.
3. Хорошавин С.А. Демонстрационный эксперимент по физике: Оптика. Атомная физика. – М.: Просвещение, 2007. – 79 с.
4. Косжанова А.Г., Нупирова А.М. Орта мектептегі физика курсындағы демонстрациялық эксперименттерді жүргізу әдістемесі. - Қостанай, 2016. - 102 б.
5. <http://didaktor.ru/virtualnye-laboratorii-i-interaktivnye-simulyatory-ot-phet>

ӘОЖ 808.1

Қ.КҮРЖІМАНҰЛЫНЫҢ «АЗЫҚ ЖЫРЫ» АРНАУЫНДАҒЫ КІСІЛІК КОНЦЕПТІЛЕР

Нұрдәулетова Б.И., Исмадыр Г., магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қ.Күржіманұлының «Азық жыры» арнауындағы кісілік концепциясы мәтін теориясының қазіргі тұжырымдары негізінде талданған.

Түйінді сөздер: мәтін, модель, когнитивтік санасы, ұғымдар жүйесі.

Жыр мәтіні ауызша дүниеге келу ерекшелігіне қарамастан көркем мәтінге тән барлық талаптарға жауап бере алады. Пікірімізді дәлелдеу үшін нақты жыр мәтіндеріне талдау жасаймыз.

Жыр ауызша дүниеге келіп, ауызша тарағандықтан (кейінірек хатқа түскені өз алдына мәселе) автордың бастапқы идеясы сақталып, оның берілу тәсілі – (тілдік және тілдік емес тәсілдер) кейінгі қосымша авторлардың (олардың өзі бастапқыда тыңдаушы ретінде қатысып, кейін жырды өздері айтып, басқаларға жеткізуіне байланысты қосымша авторларға айналған) сөз саптауымен дамытылып, өзгеріп отырған. Соған байланысты мәтін ішіндегі жеке сөздер мен сөйлем (ой) құрылымдары өзгеруі мүмкін. Оған дәлел кейде бір шығарманың бірнеше нұсқада сақталып, жетуі. Қ.Күржіманұлының «Қонақкәде жырының» бізге белгілі үш нұсқасы бар: 1- нұсқа ақынның «Топан» (А., Жалын, 1991) жинағында жарияланған бас-аяғы 35 жол өлең, 2-нұсқасы «Бұл дүниеде не жетім» (Ақтау, 1991) жинағында «Азық жыры» деген атпен жарияланған 158 жол өлең, 3-нұсқасы ауызша жырлаудан таспаға жазылып, жыр жинақтаушы Ж.Жылқышиев қағазға түсірген 212 жолдан тұратын жыр мәтіні. Жырдың үш нұсқасын өзара салыстыру арқылы қай нұсқаның жырдың бастапқы дұрыс, толыққанды мәтініне сәйкес келетінін анықтауға күш саламыз. Ол үшін жоғарыда көрсетілген мәтіннің басты категорияларын басшылыққа аламыз. Сонымен толыққанды мәтін болу үшін алдымен мәтіннің мазмұнының тұтастығы, жүйелілігі сақталуы тиіс [1].

Қ.Күржіманұлының «Қонақкәде» («Азық жыры») шығармасының туу тарихына келсек: өлең 1924 жылы дүниеге келген. Ерте көктемде Қашаған ақын бір ауылға қонақ болады. Ақын түскен үйге ауылдағы үлкен-кіші жиналып, ақынның қатарлас құрбылары, жеңгелері «Қонақ кәде жаса, жыр айтып бер» деп қолқалайды. Сонда ақын қолына домбырасын алып, жиналғандарға бір жағы қалжыңмен, көңіл көтеретін, бір жағы жастарға үлгі- өнеге болатын өлең жолдарын арнайды. Сөз арасында «сыртта жан серігі – атының жемсіз, сусыз тұрғанын» айтып, әзілмен бұйымтайын да білдіре отырады. Қазақ халқына тән қонақкәде, құрбы-құрдас, қайны мен жеңге арасындағы жарасымды әзіл-қалжың сияқты этнотанымдық фактілерді жете түсінген тыңдаушы не оқырман ғана бұл өлеңнің шын астарын, эмоциялық, эстетикалық әсерлілігін сезіне алады. Мәтін мазмұнын шартты түрде мынандай бөліктерге жіктейміз: 1- нұсқа бойынша. 1. Қыздарға арнау; 2. Әйелдерге арнау; 3. Демалуға рұқсат сұрау; 2- нұсқа бойынша. 1. Қатар-құрбыға арнау,

оларды мақтай отырып, қолқа салу, атына жем сұрау; 2. жұртшылыққа мақтау сөз; 3. дем алуға рұқсат сұрау; 3-нұсқа бойынша. 1. Құрбы әйелдерге арнау, әзілмен атына жем сұрау; 2. әйел-аналарға мақтау; 3. жыраулық арнау сөз; 4. атқа жем сұрау, атының жайын айту; 5. кемпірлерге арнау сөз; 6. Қыздар туралы; 7. жігіттер туралы; 8. қорытынды сөз: кешірім сұрап, дем алуға рұқсат сұрау.

1- нұсқада атына жем сұрайтын жолдар жоқ, қоршаған ортаның қолқасына орай қонақтық кәде жасаған шап-шағын ғана арнау өлен;

2- нұсқада өсиет, мақтау арасында жем сұраған жолдар қосылып отырады. Жырдың «Азық жыры» деп аталуының астарында атының жем жейтінін тілге тиек еткен әзіл жатыр;

3- нұсқаның мазмұны «Қонақкәде» деуге де, «Азық жыры» деуге де сия береді [2].

Көркем мәтіннің (біздің зерттеуімізде жыр мәтінінің) дүниеге келуі ерекше күрделі проблеманы танытады, ол тілдің көмегімен шындықты бейнелейді. Ал шындықтағы көркем мәтіннің семантикасы жан-жақты: көркем мәтін дүниені, сол дүниені сезінуші, ойлаушы, әрекет етуші адамды (индивидті) танытады. Сондай-ақ адам әлемін, адамдардың бір-бірімен, заттар әлемімен, әлеуметтік әлеммен, субъективтік әлеммен қарым-қатынасын сипаттау мәтіннің жоғарғы міндетінен саналады. Сондықтан да «көркем мәтін тек шындық өмірді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге табиғи тілдік құралдар арқылы адам – әлем қарым-қатынасының моделін сипаттайды» [3](В.П.Белянин) – деген пікір орынды болмақ. В.А.Звегинцевтің пікірінше, әлем бейнесін түрліше сипаттауға болады, бірақ кез-келген осындай сипаттаулар оны «жасаушының» сөйлеу дағдысымен (манера) байланысты бола отырып, сол «жасаушының» жеке әлемін де танытатын бірден-бір мүмкін әлем бейнесі болып табылады. [4] (В.А.Звегинцев)

Қашағанның «Қонақкәде» жырының мәтінінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымына қатысты әлемнің тілдік бейнесі қалай берілген? Алдымен әлемнің тілдік моделі қазақтың ұлттық санасын бейнелейтін «қонақкәде», «әйел», «дастархан», «жыршы» тәрізді жеке концептілер арқылы танылады.

«Қонақкәде» концептісінің мазмұны жыр мәтінінде арнайы тілдік деректермен берілмеген. Бірақ жырдың «Қонақкәде» аталу себебін, жыр мазмұнының қонақкәде ұғымына қаншалықты қатысы бар екенін түсіну жыршы мен тыңдаушы арасындағы ортақ аялық білімнің болуын қажет етеді. Ол аялық білім: «Қазақ халқында қонақ – ең үлкен құрмет иесі. Егер қонақ өнер адамы болса, ол – бір үйдің ғана емес, тұтас ауыл-аймақтың, әулеттің ортақ құрметті адамына айналады. Үй иесі, ауылдың белгілі адамдары қонаққа үлкен құрмет көрсете отырып, қонақтың өнерін танытуға ықылас танытады, қонаққа қолқа салады, өтініш білдіреді. «Ауылдың алты ауызы» айтылғаннан кейін, келесі кезекте қонақ тарапынан өнер көрсетілуі керек (ән айту, жыр айту, күй тарту). Бұл – жай ғана өнер көрсету емес, «қонақкәде» деп аталатын қалыптасқан дәстүрлі салт, ауыл, үй иелеріне деген құрмет болып саналады» тәрізді мағлұматтарды қамтиды. Жыр мәтініндегі:

Жиналып отыр бұл жерде
Бәйгеден келген керлерім,
Аямадым сендерден,
Маңдайдың аққан терлерін...
Сөз – құлақтың құрышы
Қанша айтқанмен таусылмас,–
Терме жырдың бұрышы.
Айып етпең, аға, жеңгелер,
Шаршап отыр жыршы [2],–

деген жолдарды «қонақкәде» ұғымын ашып беретін дискурстық бөлшектер ретінде қарауға болады.

«Әйел» концептісінің «әйел – ана» моделі «барлық жаратылыс анадан бастау алады» деген дағдылы таным деңгейінде көрініп, ол мәтінде:

Ер де туды қатыннан,

Пір де туды қатыннан,
Әулие мен әнбие,
Небір тақ-тақ, бай, мырза,
Батыр да туған қатыннан, –
деген жолдарда объективтеніп тұрса, «әйел – әсемдік» моделі мәтінде:
Әйелдің орны дарақ-ты,
Табиғат әсем жаратты,
Қиғаштай керіп қабақты, –
жолдарымен берілген. Ал «әйел – үйдің берекесі, бірлігін сақтаушы» деген танымды:

Жанары жігі, қарақ-ты
Толтырса асқа табақты,
Жазып келіп қабақты,
Жарқылдат сырға, сабақты.
Дастарханды мол жайып,
«Болмасын, – деп, – енді айып»
Отырғандары ғажап-ты [2], –

деген жолдар айғақ. «Әйел» концептісіндегі «әйел – ана», «әйел – әсемдік», «әйел – үйдің береке, бірлігін сақтаушы» деген концептілік құрылымға жалпы көпке немесе «қазақ халқы» деп аталатын лингвомәдени қоғамдастыққа бірдей ортақ дағдылы (стеротипті) таным негіз болып тұрса, «әйел орынсыз мақтанды сүймейтін, қарапайым, жан-дүниесі таза, «ғажап» адам болуы керек» деген жыраудың, ақынның индивидуалды таным-түсінігіне логикалық-танымдық тәжірибесі негіз болып тұр деуге болады.

«Әйел» концептісінің бір тармағы «жақсы қыз», «жаман қыз» фреймдерімен толыға түседі. «Жақсы қыз»: «алтыннан құйған асықтай», «күмістен құйған қасықтай», «беті мақпалдай құбылған», «сымбаты солқылдаған жас талдай», «тауға ойнаған бұлбұлдай», «қастары қама құндыздай», «көздері шолпан жұлдыздай» деп сипатталады. «Алтын қасық», «күміс қасық», «мақпал», «жас тал», «шолпан жұлдыз» атаулары қазақ халқының когнитивтік санасында «құндылық, бағалылық, әсемдік, нәзіктік, пәктік, қасиеттілік» мәнін символдайтын ұғымдар жүйесіне жатады. Ұлттың белгілі бір эстетикалық танымын құрайтын категориялар «қыз сипаты» когнитивтік моделінің скрипт түріндегі типін береді.

«Жаман қыз»: «иісі сасық», «биті төгілген», «шабын қасынған», «ақылы жоқ тарқылдақ», «басын қасынған», «қонышынан шұлғауы салпылдаған», нақты қимыл-әрекеттер (сценарийлер) арқылы берілген.

«Дастархан» концептісі мәтінде: «толтырса асқа табақты», «дастархандарын мол жайып» деген жолдармен өрнектеледі. Оның мәтіннен тыс, лингвомәдени ұжым үшін ортақ танымы: «дастархан», «қонақжайлылық», «береке» концептілерінен тұратын тұтас концептілік өріс құрайды және «қазақтың барлық байлығы, ырыс, берекесі дастарханнан көрінеді. Дастархан – тоқшылық, молшылық, қонақжайлылық, адамдардың бір-біріне деген ықылас, пейілі» деген білімдік аяны қамтиды. Көркем шығарманың тілі авторлық идеяны танытатын материал болып саналады. Көркем шығармада тіл қалыпты қатынас құралы ретінде қолданылып қана қоймайды, ол көркем шығармаға тән заңдылықтармен өмір сүретін, тұтас, бүтін әлемді жасауға қызмет етеді. Көркем мәтіннің сөздік құрамын талдау шығарманың идеясына тереңдеп бойлауды қажет етеді. Сонымен бірге сөз көркем шығарманың идеясын мәтін арқылы берілетін образ деңгейінде таныта алады, образдық мағына мәтіннің нақты мазмұны бола алмайды, бірақ сөздің идеяны таныту қызметі образбен тығыз байланысты. Көркем шығармадағы образдың берілуі автордың көркем тілді, метафоралар мен метонимияларды қолдану шеберлігімен ғана өлшенбейді. Ең бастысы көркемдегіш құралдардың мәтінде келуі емес, олардың мәтіннің тұтас жүйесінде белгілі бір қызмет атқара алу ерекшелігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Демьянков В.З. «Понимания как интерпретирующая деятельность» Вопросы языкознания 1983. №6 С58-65].
2. Мучник Г.М. Текст в системе художественной коммуникации. Восприятие анализ, интерпретация. –Алматы: Балауса, 1996. -192с
3. В.Ли. Дискурс и пропозитивное слово.// Ког.дис.аспект. 2004. -329.
4. Нұрдәулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 2007 – 320 б.

ӘОЖ 808.1

ПРЕССУПОЗИЦИЯДАҒЫ ДИСКУРСТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Нұрдәулетова Б.И., Дүйсенова Л., магистрант

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада прессупозиция, мәтін прагматикасындағы дискурстың қызметі, мәтін қабылдануы мен мәтін түсінілімі қазіргі әлемдің тілтанудағы мәтін теориясына негізделіп талданған.

Түйінді сөздер: мәтін, дискурс, прессупозиция, мәтін түсінілімі, мәтін қабылдануы т.б.

Мәтін лингвистикасы туралы сөз болғанда, бір зерттеулерде мәтіннің жазба нұсқаға түскен сөйлеу құрылымы екендігі баса айтылса, кейбір зерттеушілер мәтінді ауызша да, жазбаша да сөйлеу құрылымында кездесетін жүйе ретінде қарастырады. Мәтін қандай формада көрініс берсе де (ауызша, жазбаша, мономәтін түрінде, поэзиялық, прозалық сипатта) белгілі бір дәуір туғызған мәдениеттің, шығармашылықтың, рухани қызметтің жемісі әрі осындай рухани байлықты ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші феномен болып табылады.

Көркем мәтіннің басты белгілері ретінде оның біртұтастығы, белгілі бір ойды жеткізудегі жүйелілігі, басталуы мен аяқталуының болуы, тақырып таңдалымы, мәтін арқылы белгілі бір ақпараттың берілуі (информативтік қызметі) және мәтіннің қарым-қатынас құралы (коммуникациялық қызметі) бола білуі сондай-ақ ең маңыздысы мәтін арқылы адам дүниетанымының, ұлттық рухани мәдениетінің көрініс беруі (мәтіннің кумулятивтік қызметі), сол арқылы жеке адам тұлғасының, дүниенің тілдік бейнесінің жасалуы (мәтіннің концептуалдық-тілдік қасиеті) туралы зерттеліп те айтылып та жүр.

Е.И.Диброва мәтін когниция мен эмоцияны жеткізудің әмбебап құралы екендігін мынадай бірнеше уәждемелермен дәлелдейді: 1. мәтінде адамның қызығушылығы, өмірлік мақсаты мен мотиві, талап-тілегі көрініс береді; 2. мәтін дегеніміз – белгілі бір ұлтты айырып танытатын білімдер мен пайымдаулар, ақыл мен құлшыныс, ақиқатты қабылдау мен таразылау әлемі; 3. мәтін бізге барынша байланысты түрде ақпарат беретін бірыңғай, біртұтас жүйе, қатынасты түрде жабық құрылым. [1, 89].

И.Р.Гальпериннің зерттеулері бойынша мәтін мынадай басты категорияларға ие: 1. ақпарат (мазмұнды концептуалды, мазмұнды фактуалды, мазмұнды астарлы); 2. когезия (мәтін ішілік байланыстар); 3. континиум (уақыт пен кеңістікте дамитын мәліметтер мен оқиғалардың бірізділігі); 4. мәтін үзіктерінің автосемантикасы (тұтас мәтін немесе оның бөліктерінің мағыналық қарым-қатнасы); 5. мәтіннің модальдылығы (ой-предметтің субъективті бағалаушылық сипаттамасы); 6. ретроспекция (оқырманды бұрынғы мазмұнды-фактуалды ақпаратқа апаратын тілдік өрнектердің грамматикасы); 7. проспекция (мәтіннің келесі бөліктерінде хабарланатын мазмұнды-фактуалды ақпараттарды білдіру үшін түрлі тілдік формаларды байланыстыратын мәтіннің

грамматикалық формасы); 8. интеграция (мәтіннің тұтасымдылығына қол жеткізу мақсатында оның барлық бөліктерін бір-бірімен ұластыру); 9. аяқталғандық (аяқталғандық ұғымы мәтін бөліктеріне емес, тек қана тұтас мәтінге байланысты) [2].

И.Р.Гальперин мәтінді талдауда оның жеке бөлімдерінің жекеленген және өзара байланыстылықта қаралуын дұрыс деп есептейді. Мұндай талдау әдісін синтездеу немесе интеграциялау деп атайды. Интеграция термині энциклопедиялық сөздіктің түсіндіруінде мәтіннің жеке бөлімдерін жекелеп, және тұтастай қарастыратын жүйе теориясының ұғымы болып табылады. Мәтіндегі интеграциялау нәтижесі оның аяқталу категориясымен байланысты. Интеграция ғылыми, публицистикалық, іскерлік мәтіндерде бір басқа, көркем шығарма мәтнінде басқаша сипат береді. Мәтіндегі когезия құбылысы мен интеграцияның аражігін ажырата білу керек. Когезия мәтіннің жеке бөліктерін байланыстыратын грамматикалық, семантикалық, лексикалық формалар, ол бір контекстік-вариативтік мүшеленуден екіншісіне өтуді көрсетеді. Интеграция мәтіннің тұтастығын сақтау мақсатында оның барлық бөліктерін біріктіретін құбылыс.

Мәтін мазмұнындағы жүйелілік пен ондағы ақпараттардың бір-бірімен байланыс түзеп, тізбектеле келіп, толық ойды білдіруі оның тұтасымдылық белгісінен саналады. Мәтіннің мұндай табиғаты оны тыңдаушының тез қабылдауына (мазмұндық ұғынылуына) ықпал етіп қана қоймай, мәтіннің эстетикалық бояуын да арттыра түседі.

Мәтінді ойды жеткізу деңгейіне қарай қасаң мәтіндер және икемді мәтіндер деп жіктеушілік бар. Соңғы түріне көркем мәтін жатқызылады. Мәтіндегі адресат және адресант факторы тұрғысынан А.Н.Барановтың концепциясы бойынша, мәтін жазба, сипаттама, бағалауыштық сипаттағы мәтіндер деп те түрге бөлінеді. Жазба мәтіндерге іскерлік мәтіндер жатқызылса, сипаттама мәтіндер эпистемиялық (дескриптивтік) мәтіндердің негізін құрайды. Онда дүниедегі іс барысындағы шындық, ақиқат жазылады. Бағалауыштық сипаттағы мәтіндер реципиенттің санасына эмоционалды әсер беруге бағытталады.

Көркем мәтінде мекенмен, мезгілмен шектелмейтін мағыналық заряд, күш бар. Көркем мәтіннің мазмұны тұйық емес және шектеусіз кең. Бұған өнердегі ұлы шығармалардың ғасырлар бойы өзектілігін жоғалтпауы, түрлі дәуірлер ауысқан сайын түрлі қырынан, түрліше деңгейде түсініліп, қабылдануы дәлел болады. «Мәтін мазмұны» категориясын ғылыми тұрғыда нақтылауды мәтін түсініліміндегі осындай жан-жақтылық күрделендіре түседі. «Рассмотрение текста как семантической структуры выдвигает проблему сегментации содержания текста, а для классификации кванта информации текста предлагаются различные термины, в том числе и термин «смысл», который пока еще не имеет однозначного толкования в научной литературы.» [3, 49]

Көркем мәтін шындық өмірді жеке (индивидуалды) таным тұрғысынан бейнелейтін дүниенің образды бейнесі болып табылады. Бұның өзі оның оқырманға бірдей түсінікті болу, қабылдану проблемасын жоққа шығармайды. Әрбір оқырманның (реципиенттің) дүниені тану, бағалаудағы дара түсінімдерінің бар екенін, сондай-ақ реципиент тезаурусының автор тезаурусымен сәйкесе бермеу мүмкіндігін ескерсек, белгілі бір мәтіннің қабылдануы барлық уақытта бірдей деңгейде бола бермейтіні анықтала түседі. Мәтіннің ұғынықты болуында тек сөйлеуші ғана емес, тыңдаушы мүддесі де ескерілуі тиіс.

Мәтін сөйлеудің біршама күрделі бірлігі ретінде өзін құрайтын элементтердің (сөз, сөйлем, сөз тіркесі) мағынасынан бөлек сападағы ұғымды береді. Мәтінді мағыналық қабылдау жеке сөздерді таңбалық қабылдаудан, олар арқылы берілетін тұтас мағынаны қабылдауға дейінгі деңгейлік саты арқылы жүзеге асырылады. Мәтінді түсінуге қиындық келтіретін жағдаяттар ретінде зерттеушілер диалектизмдерді, көнерген сөздер мен неологизмдерді, тар аядағы кәсіби терминдерді атайды [4]. Реципиенттің жеке сөздер мен сөз тіркестерін түсінбеуі оның тұтас мәтінді ұқпауына әкеп соқтыруы мүмкін. Соған қарамастан реципиент мәтіннің жалпы не жайында екенін пайымдай алады. Жеке

элементтері түсініксіз «бұзылған» мұндай мәтіндерді оқырман өзінің варианттарын ұсына отырып, жаңғырта қабылдайды, қалпына келтіруге тырысады.

Н.А.Рубакин оқылым процесіне зерттеу жүргізу барысында автор мен оқырманның мәтінге жанама әсерін оқылым деңгейін сипаттайтын құбылыстардың бірі ретінде қарастырады. Мәселен реципиент оқу үшін өзімен бірыңғай психологиялық табиғаттағы автордың шығарамасын таңдайды. Немесе автор оқырмандарына ықпал жүргізу үшін шығармаларында оқырмандардың белгілі бір типіне психологиялық сәйкесті болатын сөздерді таңдайды. Оқырман мен автордың психологиялық сәйкестігі туралы пайымдаулар мәтіннің коммуникативтілік деңгейін зерттеуге арналған теорияның құрамдас бөлігінен саналады.

Көркем мәтін таңбалық құрылымның ұйымдасу әдісі ғана емес, материалдық, әлеуметтік дүниенің бейнеленуі де емес, оның бірден бір белгісі суреттелген бейнеге адами қарым-қатынас орнықтыра білуінде. Көркем мәтінді кең көлемде ұғыну – одан тілдік ерекшеліктер, сөйлеу құрылымдарын, жанрлық заңдылықтарды ғана емес, онда сипатталған мәселелерге оқырман тарапынан ұғыну, қабылдау типін көре білу болып табылады. Қарым-қатынас типі дүниеге, өзге адамдарға, авторлық «мен»-ге қарым-қатынас ретінде түсінілуі тиіс. [5, 44]

Сонымен ғылыми мәтін түрлі оқырмандар үшін бір деңгейде, яғни автордың ойға алған мазмұнында қабылданса, көркем мәтін түрлі оқырман (тыңдаушы) тарапынан түрліше қабылдануы мүмкін. Жалпы мәтіннің түсінілу проблемасы «түсінілім стратегиясы» деген атпен зерттеу объектісіне айналған. Т. ван Дейктің түсіндіруінше бұл ұғымды алғаш 1970 жылы Бивер енгізген. Түсінілім стратегиясы мәтіннің сипатына ғана емес, тілді тұтынушының дүние туралы білімі мен мақсатына да байланысты. Осының негізінде Т. Ван Дейк мәтін түсінілімінің стратегиялық моделін ұсынады. Модельдің негізгі компоненттері ретінде оның когнитивтік және контекстуалдық негіздемелері талданады [6].

Жалпы айтқанда, дискурс ұғымының шешендік өнер, герменевтика, мәтіннің интерпретациясы және теориясы, семиотика, тіл философиясы салаларында соңғы елу жыл ішінде кең қолданысқа ие болғанына қарамастан, термин ретіндегі әлі ортақ дефинициясының болмауы оны көптеген талас пікірлердің арқауына айналдырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахмедьяров К.К. Формирование и развитие метаязыка русской лингвистической поэтики. Диссертация доктора фил. наук. –Алматы, 2003. – 250 с.
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. –Москва: Наука, 1981. -134 с.
3. Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. – Москва: Флинта-Наука, 2003. -495с.
4. Белянин В.П. Психоллингвистические аспекты художественного текста. МГУ, 1988. -121.
5. Демьянков В.З. «Понимания как интерпретирующая деятельность» Вопросы языкознания 1983. №6 С58-65].
6. Дейк Т. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва: Прогресс, 1989. – 310с.

КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА – АСАН ҚАЙҒЫ

Жеткізгенова Ә.Т.

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Асан қайғы (Хасан) Сәбитұлы (14 ғасырдың ақыры – 15 ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ, қазақтың данышпан ақылгөй жырауы, өз дәуірінің абызы, бас биі, Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған "дала философы", осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін "қайғы" сөзі қосылып аңыздалып кеткен ұлы тұлғаның қазақ мәдениетіндегі орны сараланған.

Түйінді сөздер: жырау, данышпан, желмая, зерттеушілер, ақпараттар, тарихи-мәдени сипаттар.

Көшпенділер өркениетінің аты аңызға айналған, тарихи тұғыры мықты тұлғасы, ұлы далада даналығымен дараланған дарынды ойшылы Асан Қайғы Сәбитұлы туралы мол деректер мен мәліметтердің әлі де болса зерделей зерттеп, ұрпақ жадына күмәнсіз, таза фактілермен жеткізу, осынша мол рухани байлықты сақтау жолында жүргізіп жатырған жұмыстар біршама екендігі баршамызға аян.

Халқымыздың асыл тінін көрсетіп, тегін нақтылайтын, мықты тарихымызды әйгілейтін Қазақ хандығының ұлт тарихындағы өлшеусіз даңқы мақтанышымызды арттырып, өзге ұлттар алдында мерейімізді өсіріп, өркенімізді кеңейтіп, абыройымызды асқақтатып, беделімізді аспандатып, елдігімізді көркейтетін ерекше ұлтжандылық сезім сыйлайды.

Ендеше, 2015 жылы 550 жылдық мерейтойы тойланған Қазақ хандығын құрушы тұлғалардың рухани демеушісі, ақылшысы, кеңесшісі болған абыз Асанның ел тарихының қиын кезеңіндегі замана көшінің алмағайып тұсында арпалысты оқиғалардың куәгері болғаны айдан анық. Оны Асан Қайғы болжамдарындағы ақпараттар мен тарихи-мәдени сипаттар, әсіресе, қоныс іздеп Желмая мініп жер шалған аяулы ақсақалдың көкірегі шерге толып, арман етіп, үміт артып, тілек сөзімен жүріп өткен жерлеріне айтқан сындарының өзі-ақ әйгілейді.

Бізді ойландыратын жайт, Асан Қайғы ел кезуге неге Желмая мінеді? Бес қаруын сайланған айтулы батырлар мінген тұлпарлар, арғымақтар, әрине, Асан Қайғыға табылмады деген ойдан аулақпыз.

Батырлық жырлар, тарихи жырлар, ғашықтық жырлар, лиро-эпостық жырлардың қай-қайсысында да басты кейіпкерлерге сенімді серік болған арғымақтар Асанда да болғаны анық.

Дегенмен, осы әулие, көріпкел дана қарияның ойсылқараға жаны жақын болып, өзіне жүрісін жайлы сезінгені, шөлге шыдамдылығы ерекше таңдауына да себеп болуы мүмкін ғой.

Осы орайда халқымыздың сүйікті ақын қыздарының бірі, филология ғылымдарының кандидаты, махамбеттанушы ғалым О.Тұржан өз мақаласында: «Дүниенің төрт бұрышы болмаса да, Африка мен Азияны, Еуропаның жартысын кеме мініп, кемесі жоқ жерді дала кемесі – түйемен аралаған саяхатшы Ибн Батута Арабиядан шығып, Африканы шарлап, Шри-Ланканы басып өтіп, Бағдат пен Мысырды, Каирды аралап өтіп, Үнді жерін кезіп, Византияға келіп, қазіргі Қырымның сай-саласын аралап, Волганы жағалай жүріп, Астраханға келіп, 1334 жылы қазіргі Атыраудың іргесіндегі Сарайшық қаласына маңдай тірепті.

Маңдай тіреп тұрып, «Бұл өзен жағасына орналасқан гүлденген қала екен. Бағдаттан кейінгі 2-ші жүзбелі көпір осы қалада екен» деп Сарайшық турал ең алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың ұлы саяхатшы Ибн Батутаның осы дерегінің өзін енді біздер туристерге ақпарат ретінде ұсынып жүрміз. Өйткені бұл дерек – біздің тарихымыздың сонау дәуірден жеткен жаһұт тасындай» [1, 14] деп ұлы жиһанкездің әйгілі саяхатын түйе малының көмегімен жасағандығын тілге тиек еткіміз келеді. Бұл мысал дала кемесі – түйенің ұлы жиһанкездердің бағытынан таймай сапарын жалғастыруға сенімді серік бола білгендігінің тағы бір көрінісі болып шығады. Сонымен қатар, біздің Асан бабамыздың өз жүріп, жерге айтқан сынының көрінісі де бар. Қай жер болмасын, саналы адам баласына бір басып тұрған жеріне баға беру, сипаттау тән екендігі белгілі жайт қой.

2008 жылғы Алматы «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Желмая – шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе» деп берілген [2, 292].

Көрнекті мифолог ғалым С.Қондыбай да өзінің «Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері» атты еңбегінде бірнеше ғалымның зерттеулерінен сүйене отырып: «Желмая – фольклорлық образ, асқан жүйрік, аса күшті, әрі шыдамды жануар дегенді білдіреді. Көркем шығармаларда осындай желдей жүйткіген маяның жүйріктігін бейнелеп айтуға байланысты Желмая деген атау жиі пайдаланылады. Нар түйенің ұрғашысы болып табылатын маяның жоғарыда аталғандай ерен қасиеттері бар фольклорлық образға қалай және қашан айналғаны жөнінде ғылыми дәлелдеме күні бүгінге дейін жоқ.

Қазақ фольклорындағы Желмая – ерен жүйрік, алапат күш иесі ғана емес, иесін қас-қабағынан танитын жанашыр, әрі қиын-қыстау сәттерде көмекке әзір ақылды жануар. Ел-жұртқа қоныс болатын Жерұйықты Асанқайғы жырау да шабысынан танбайтын, алыс жолдан талмайтын өзінің жүрдек Желмаясына мініп алып іздейді.

Жалпы түркітілдес этномәдени дәстүр атаулыда түйе түлігі – жоғарғыдағы құдайлар, әулие-әнбиелер һәм періштелер мекендейтін әлем мен жердегі тіршілік кеңістігін жалғастырушы дәнекер (медиатор). Мұндай наным-сенім сонау салт аттылар өркениетінен – сақ-үйсін мәдениетінен бастау алады. Осы көне жосынның қазіргі күнге жеткен сарыны. Сібірдегі түркі халықтарының арғы әлемге сапар шегетін көлігі – ғұрыптық даңғыраны ақ атан, бура деп атайды. Көптеген әпсаналарда әулие жандарды о дүниеге ақ атан алып кеткені туралы мифтік желі кездеседі. Мысалы, бір аңыздарда Қаракерей мен Райымбек батырлар бұл дүниеден бақи дүниеге ақбас атанмен сапар шеккен деседі» [3,256] деген деректермен қоса, ғалым түйе малының пірі Ойсылқара турасында: «Ойсыл қара сөзінің шығуы – жалпы ислам әлеміндегі әулие Уайс әл-Қаранидың атымен байланысты. Түйе пірін арабтар Вайс Харра, түркімендерде Вайс баба, Вейсел гара, қырғыздарда Ойсулата, өзбектерде Сұлтан Вайс аталады. Көптеген авторлар Ойсылқара пірін түйе бағудың қыр-сырын шебер меңгерген жан, түйе піріне айналып кеткен Мұхаммед пайғамбардың өзі жақын тартқан замандасы Уайс әл-Қаранидың есімімен байланысты қалыптасқандығын айтады» [3,270], – деп нақты деректерді жинақтай ұсынады.

Араб әдебиетінде түйеге ерекше ықылас білдіріп, құрмет тұтатын бәдәуи ақындары шығармашылығы турасында зерттеуші Ә.Дербісәлиевтің: «Бәдәуилер түйе шаруашылығымен айналысқан. Өйткені, олар өмір сүрген географиялық орта, түздіктердің ғұмырын түйемен мықтап матастырады. Олар түйені аса жоғары бағалайды. Сондықтан да бәдәуи ақыны сұлу қызды суреттегенде, міндетті түрде өз түйесінің сұлулығын да қозғай кетеді.

Арабтардың көптеген ақындары өз өлеңдерін астына мініп жүрген түйесін суреттеуден бастайды. Бұл жайлы араб әдебиетінің үлкен зерттеушісі, академик И.Ю.Крачковский (1888-1951): «Шайырлар кейде түйенің сұлулығын тәптіштеп баяндағаны сонша, олардың суреттеулерін әділ де дұрыс бағалау үшін осы бір қасиетті жануар сырының әуесқой да нағыз білгірі болуға тура келеді» дейді» [4, 15] деген пікірлеріне айрықша назар аударуға тура келеді.

Тағы бір ерекше қызықтыратын мәлімет – И.Ю.Крачковский, Карл Броккельман, И.М.Фильштинскийдің зерттеу еңбектерінде түйенің жүріс әрекеті мен арабтардың ән салу әуендеріндегі тамаша гармонияның (үйлесім) бар екендігін Ә.Дербісәлиев жіті аңғарып, ескеріп отырған: «Көшпелі бәдәуилер түйенің жоғары айтылған қасиеттерінен бөлек музыка сазына өте сезімтал екендігін ерте кезде-ақ байқаған. Неміс шығыстанушысы Карл Броккельман (1868-1956) «бәдәуи өлеңдерінің өлшемі түйенің жүрісіне байланысты туған, өйткені түйеге мініп бара жатқан бәдәуи өз өлеңдерінің ырғағын түйенің жүрісіне ыңғайлап айтады» - дейді.

Араб өлең өлшемі (аруд) латын немесе грек өлеңі секілді квантативті. Бұл созылыңқылары әрқилы буындардың ауысып келуі деген сөз. Қысқа және созылыңқы буындар жиылып бунақ құраса, ал екі және үш бунақ жарты өлең (полустихия) түзеді, ал екі жарты – өлең міндетті түрде үзілістік арақатынаспен бөлініп – бәйіт деп аталатын өлең құрайды.

И.М.Фильштинский онан әрі созылыңқы және қысқа буындардың ауысып келуіне тікелей байланысы бар араб поэзиясында он алты өлең өлшемі бар екенін айтады да «Араб филологтары бұл өлшемдерді көшпелі бәдәуилердің көлігі болған түйенің жүру ырғағына байланысты туған» деген жорамал жасайды» [4, 16].

Осы орайда Асан Қайғы шығармаларында түйе жүрісіне лайықталған өлшемдердің барлығын нақтылау филолог ғалымдар мен өнертанушылардың, сазгерлердің еншісінде екендігін де атап өткен жөн.

Бұл әрине, абыз шығармаларының басым бөлігі Желмаямен жер шалған сапарында кейде торыға, кейде толғана, кейде үрейлене, кейде үміттене жүріп дүниеге келген болуы мүмкін деген ойдан туындаған пікіріміз.

Асан Қайғының ел кезіп, жер аралай жүріп, көңілін орнықтырып, жанға сая боларлық қонымды қоныс іздеу сапары сан тарау жолдардан, ұзақ жылдардан тұрғаны да белгілі. Кең байтақ өлкеміздің бір-бірінен соншалықты қашық орналасқан жерлерін Желмаясымен кезген аяулы абыздың еңбегі нағыз қоғам қайраткерінің әрекетімен парпар. Сапарға көп шығып, ел көріп, жер танып, әлем кезген жандарды саяхатшы десек, Асан Қайғы Сәбитұлының да осы атауға сиятын үлкен еңбегі бар деуімізге негіз бар.

«Біздің өз ұлтымыздың дерегі ауыз әдебиеті арқылы бүгінгі күнге жеткен ең алғашқы саяхатшыларының бірі деуге келетін – Асан Қайғы. Біз Асан бабаны «саяхатшы» демейміз. Біз оны – жерұйықты іздеген данышпан дейміз. Өйткені, қазіргі туристердің мақсаты – тек ел мен жер көріп, жай танысып қайтуды мақсат ететін болса, ол дәуірдің ел мен жер кезгендері ұлы мақсатты көздеді. Ол сол дәуірдің талабы әрі қажеттілігі еді. Асан бабамыз да ұлы мақсат жолында ел жадында сақталатын ұлы да ұлағатты сөздерін айтып, халықтың санасына сіңіріп, өз ізімен қазақ жұртының ежелгі мекеніне өзіндік қазық қағып кеткендердің бірі.

«Қырында киік жайлаған, Суында балық ойнаған, Оймауыттай тоғай егіннің Ойына келген асын жейтұғын, Жемде кеңес қылмадың» деп ел билеген билерді сынай отырып, сол жердің қасиетін қоса айтып отыратын Асан қайғының «Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің. Елбең-елбең жүгірген, Ебелек отқа семірген, Екі семіз қолға алып, Ерлер жортып күн көрген» деп жырлайтын Асан Қайғы өзінің ел кезгендегі мақсатын тек қыдыру емес, жер жұмағын іздеу және ел жайлауға ыңғайлы жерді іздеп, халқына жайлы қоныс табу екендігін өз жырларына қосып, айтып отырғаны аңыздардан белгілі.Асан қайғы «Көшіп-қонып жүрмеген, жер қадірін не білсін?» деп адам боп жаратылғанның танымалдыққа ұмтылуын насихаттап өткен. Ол қонысқа жайлы Жерұйықты, татулық пен бірлікке негіз болар мән-мағынаны іздесе, антикалық заманның саяхатшылары негізінен сауда, білім, діни сапарларда жүрген екен» [1, 16]

Ғалым осы пікірлерімен ұштастыра Асан Қайғыға биік тұғырдан орын беріп: «біздің жеріміз туралы нақты сипаттама берген Асан Қайғыны да туризм тарихының көсемдері десе болады» [1,12 б] деп, Марко Поло, Васко де Гама, Христофор Колумб сияқты тұлғалармен қатар қояды.

Түйе өте сезімтал жануар. Асан Қайғының жалғыз өркешті жүйрік түйе – Желмаямен жер шарлауы оның тек төзімді, мықты, жүйрік, шөлге шыдамдылығында ғана емес, осы сезімталдығында да болуы мүмкін.

Қазақтың ақын-жыраулар шығармаларындағы жоқтау жанрының образдық поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер арасында түйе малына қатысты тұстары да көп ұшырасып отырады.

Мысалы, халық ақыны, Маңғыстау өлкесінде ғұмыр кешкен Сәттіғұл Жанғабылов жоқтауында «ботасы өлген түйедей, күндіз-түні зарланып» деп баласын жер қойнына берген қаралы көңілін түйемен салыстыра береді. Бауыр еті баласы өлген адам қайғысының сөзбен суреттеп болмас ауыр хал. Жалпы перзент қайғысына қасірет шегу азабы төрт түлік ішінде түйе малында ауыр өтеді. Ақынның осындай хал-күйін қазақ халқы, соның ішінде Маңғыстау өлкесінің климаттық ерекшеліктері жағдайында тіршілікке қолай көріп ұсталатын ойсыл қара – түйемен салыстыруы заңды да. Себебі, ботасы өлген түйе зар илеп, бебеу қаға боздағанда естіген жанның төбе құйқасын шымырлатып, жанын қоярға жер тапқызбайды. Қазақ халқы түйе түлігінің психологиясын жақсы білетіндіктен күйігін сейілту үшін өлген ботаны терісінен сыпырып, ішіне шөп-шалам толтыра нығыздап, енесінің алдына тұлыбын қояды. Сол кезде ботасының тұлыбын иіскеген енесі көзінен парлаған жаспен қоса емшегінен иіп ағыл-тегіл сүт жосиды. Өрістен қайтқанда алдынан тайрандап шығар ботасының серейген тас тұлыбын мекірене иіскей-иіскей ана-жүрек көңілі жұбанып, қайғысы сейілгендей болады. Перзент қайғысының күйігін баса алмай сенделген аруана-жүректің қайғылы халі Сәттіғұл жоқтауларымен үндестікте көрінеді.

«Түйе ұстаған қазақ елінің поэзиясында нар, атан, інген, бота бейнелерінің де алатын орны үлкен... . Ботасынан айрылған боз інгеннің күңіреніп боздауы – қазақ поэзиясында аналық мейірім, махаббаттың символы» [5, 34-б.].

Демек, Асан Қайғының қазақ елінің мемлекеттік шекарасын айқындап, әділетті заң үстемдік құрар келешегі кемел ел болуды аңсап, болашағы жарқын ұрпағына Жерұйығын іздеп, жаны жай таба алмай сенделген сәтінде, сар далада иесіне қосыла Желмаяның да күңірене желген күйі үйлесім тапқан болар.

Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,
Желмая мініп, жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!?

деп, табаны тимеген жер қалмай, қазақ жерін түгелге жуық шарлап, ел тұтастығын армандаған ұлы ойшыл, данышпан, көріпкел, ақын, абыз Асанның артына қалдырған жер тану, ел танудағы тұтас энциклопедиялық ілімінің нәтижесін бүгінгі таңда тәуелсіз елі игеруде. Сол игілікті Асан Қайғы армандаған тәуелсіздіктің жарқыраған ақ таңының нұрымен оянып, бейбіт күннің шуағына шомылған ұрпақтары көруде.

Асан Қайғы Сәбитұлы сөз өнеріне ғана емес, сандаған күйлердің авторы ретінде саз әлеміне де өрісті өрнек салып рухани элитаның көрнекті қаламгері болуымен қатар, ел тұтқасын ұстаған саяси интеллегенцияның да көшбасында болған қайраткер.

Данышпан Асанның жерге берген сипаттамасына орай: «Біз туристік нарықтың есігінен енді ғана еніп жатқан елміз. Жоғарыда айтылған Асан Қайғының қазақ жерінің әр өңірі туралы жазған деректерін туристік маршруттың маңызды құжаттары ретінде көрсетіп, бірнеше тілге аударып, интернет арқылы тарататын ақпараттарымызға пайдалану да тиімді болар еді» деп халық игілігіне жаратуды ұсынған ғалым О.Тұржанның пайымды пікірімен қорытындылай отырып, бар ғұмырын адамзатқа деген мейірімге арнаған, ел мүддесі мен жұрт қамын көздеп, өмір шындығын саралай ой түйдіретін қуатты жырларын қалдырған асыл текті абыздың өзі жүріп өткен жерге қазақтың жері екендігін айқындап кеткен сын-баға анықтамасын мөр таңбадай қабылдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оңайгул Тұржан. «Жер үсті толған туристер» Тұмар. /Республикалық әдеби-көркем журнал/ 2018-5(60)
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. –968 б.
3. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. – Алматы: Қазақ тілі, 2018. – 480 б.
4. Дербісәлиев Ә. Араб әдебиеті. Алматы, 1987.
5. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –Алматы: 1973. –212 б.

ӘОЖ 82.01

Б. НҰРЖЕКЕЕВ КЕЙІПкерлерінің мінез-құлқын даралауда қолданған көркемдік амалдар

Тасболатова Ф., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Жеткізенова Ә.Т.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жазушы Б.Нұржекеев шығармаларында кездесетін мимика түрлері бірнеше топқа бөлінетіндігі, кейіпкердің мінез-құлқын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік тәсілдің түрі – бейвербалды амалдарды қолдану шығарма шырайын ашып, шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк үстейтіндігі сараланған. Б.Нұржекеевтің кейіпкерінің характерлік ерекшелігін ашуға қызмет ететін психологиялық портреттің басты нысандарының бірі – көз жанары екендігі, адам жан-дүниесіндегі психологиялық ахуалды сыртқа жария етуде көздің орны ерекше екендігі нақты дәлелдермен берілген.

Жазушының көркем шығармада әйел портретін өзіне тән кинемалар арқылы үйлесімді, шебер қолдана отырып жасай білгендігі де зерттеушілердің пайымды пікірлерімен жүйеленген.

Түйінді сөздер: Бейвербалды ишарат, көркемдік элемент, кейіпкер, характер, кескін-келбет, қимыл-қозғалыс, портрет.

Күнделікті қарыс-қатынастың өзінде адамдар бір-бірінің әңгімесіне, тақырыбына, мазмұнына орай сезім, көңіл-күй өзгерістерін бет-жүздерінен аңартып тұрады. Қимыл-қозғалыс, эмоция арқылы пікірлесушінің қабылдау процесін толығымен сипаттап жеткізуге болады.

Шығарма кейіпкерлерінің жүзінде ғана емес, денесіндегі әрбір қимыл-қозғалыс, әрекеттерінде де олардың сипаттамасы жатыр. Яғни, әрбір кейіпкердің мінездемесін әйгілеп беретін элементтерді табу, таңу процесі үлкен қаламгерлік қажыр-қайрат пен қырағылықты қажет етеді.

Кейіпкердің мінез-құлқын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік тәсілдің түрі – бейвербалды амалдарды қолдану шығарма шырайын аша түседі. Шығармаға экспрессивті-эмоционалды реңк үстейді.

Көркем прозадағы әдеби психологизм мәселелерін зерттеуші Г.Пірәлиева туындылардағы өзіне ғана тән жанрлық, көркемдік стильдік ерекшеліктерін жіктеумен қатар, рухани әлемді бейнелеудің жанама тәсілдері бейвербалды ишараттардың рөлін ерекше көрсетеді.

«Психологизм әдебиеттегі адамды аналитикалық және динамикалық принцип тұрғысынан зерттеу болып табылады.

Аналитикалық принципке ішкі монолог, ішкі диалог, сана тасқыны, ой мен сезім, іс пен әрекет қақтығысы, түс көру, сандырақтау, ессіздік т.б. секілді ішкі рухани әлемді тереңдеп талдайтын көркемдік тәсілдер жатса, динамикалық принципке көбіне сыртқы психологиялық құбылыстар – ым, ымдау, емеурін, бейвербалды ишараттар, дене қалпы /поза/, т.б. секілді қимыл-қозғалыс көріністері жатады» [1,177], – деп адам баласының күнделікті тіршілігінде кездесіп жататын іс-әрекет арқылы сезімін жеткізу үдерісінің ерекшелігін атап көрсетеді.

Ғалым осы пікірі арқылы адам баласының сыртқы ортаға, әсерге өз сезімін көрсететін физиологиялық болмысындағы үздіксіз жүріп жататын құбылыстардың жазушы қиялымен портрет жасауға, характерін ашуға бірден-бір мықты көркемдік құрал екендігін баса айтады.

«Бейвербалды ишараттың екі үлкен көркемдік элементі бар. Оның бірі – мимика (ым, беттің ымы, ымдау), ол тек кескін-келбеттегі қимыл-қозғалысты, сезімдік құбылыстарды қамтиды. Екіншісі – жест (ишара, емеурін) болса, ол бүкіл денедегі қимыл-қозғалысты, ол бүкіл денедегі қозғалысты, іс-әрекеттерді зерттейді.

Бейвербалды ишараттар сондайлық ұсақ-түйек секілді көрінгенмен де адам психологиясын ашуда, кейіпкердің жан дүниесіне «қол сұғуда» сұмдық көп көркемдік, психологиялық қызмет атқаратынын мойындамасқа лаж жоқ» [1, 177], - деп Г.Пірәлиева нұсқаған бейвербалды ишараттардың шығармадағы көркемдік рөлінің айрықша қызметі Б.Нұржекеев туындыларындағы әйел-аналар бейнесін сомдаудағы шеберлігіне тиянақты талдау жүргізіп, тұжырым жасауға бағыт береді.

Б.Нұржекеевтің кейіпкерінің характерлік ерекшелігін ашуға қызмет ететін психологиялық портреттің басты нысандарының бірі – көз жанары. Адам жан-дүниесіндегі психологиялық ахуалды сыртқа жария етуде көздің орны ерекше. «Бір өкініш, бір үміт» романындағы Бүбіштің әке-шеше айтқанынан шыға алмай, құда түсіп қойған адамына кетуге бел буған шарасыз сәтін автор: «Осы жолғы сөзім ойлаған жерден шықты, қыздың жүзі қолма-қол қуарып кетті. Бетіме қарағысы келіп көзін көтере бере, батылы жетпей қайта түсірді. Қолын созып, бұтаның бір шыбығын ұстамақ болып еді, қолына ештеме ілінбеді. Сонан соң қолына қолын сүйкеп. Кенет әлденеге бекінгендей басын көтеріп, бетіме тіке қарады. Жанары мөлтілдеп жасқа толып тұр екен. Ет жүрегім елжіреп қоя берсе де, сазарып сыр бермедім. Көзін төңкеріп төмен қарағанда, көз жасы мөлт-мөлт үзіліп кетті. Кірпігі шыланып шыға келді». Үзіндіде көзбен қоса саусақ та Бүбіштің жан дүниесінде болып жатқан аласапыранды көрсетуге мол мүмкіндік беріп тұрғаны қапысыз танылады.

«Көзі жыпылықтап, ата-енесіне жалынышпен жалтақтап, «көшпейміз деңдерші!» деген тілегін бүкіл түр-тұрпатымен танытып, Жәмихан да үнсіз жанталасты: сырын сонымен бүркемелеуге тырысып, біресе, шай ішіп отырған кесесін қозғалақтатты, біресе, шай құйып отырған ақшәйнекті дәп бір құлап бара жатқанында ұстап қалғандай-ақ қозға түбін нығарлап-нығарлап қойды. Менде емес, билік мынада дегені ме, Бәтжан Мәметке қиықтап қайта-қайта қарады» [2, 285] Жәмиханның ішкі ойынан сыр ашып тұрған оның қозғалысы. Автор бұл жерде бір ғана көздің көмегіне сүйенуді жеткіліксіз санап, шай құю үстінде қимыл-қозғалыста болып жатқан әрбір детальді көмекке алып, жүзеге асырған. Осы орайда «Әдетте, әдебиеттегі бейвербалды ишараттар – адамның психикасына, оның ой-санасына әлдебір оқиға, сөз, сезім, көрініс т.б. әсер еткенде еріксіз /безсознательность/ түрде жүзеге асырылатын денедегі қимыл-қозғалыс» [1,177] деген пікірдің Жәмихан үнсіз жанталас үстінде қарманған халін беруге сай келіп тұрғанын айтуға болады.

Кейіпкерлерінің құпия ойын жариялап алмауға тырысып, бірін-бірі аңдысқан сәттерін, бетперде ұстанып, ойын бүркемелей алысқан Қайныкеш пен Жамалханның өңіндегі өзгерістер арқылы: «Жамалханның жанарынан кенет бір ойнақы сәулені шалып қалып, Қайныкеш содан қалт күдік алды. Қызды енді сақтық биледі. Жоқ, бұл жалпақтауы тегін емес деп түйді. Қарсы әрекетке іштей бекіп, қулығын асырып кетуді көкседі. Аяқ асты қанын ішіне тарта қойғанын байқап, Қайныкештен Жамалхан да сақтанды. Бірақ

іштей арбасып отырғандықтарын екеуі де бір-біріне байқатпауға тырысты» [2, 144] деп күрделі психологиялық күрмеуге, арбасуға түскендігін шеберлікпен суреттеген. Бір ғана жанар емес, жүздің де құбылып, суық тартуы алдағы болар үлкен жамандықтың хабарын меңзегендей. Қайныкеш қанша сақтанса да, аңдыған жаудың алдырмай қоймас жемтігіне айналарын сездіреді.

«Психолог ақын-жазушылар үшін кейіпкерінің әрбір әжім-сызығынан сыздықтатып сыр ашу, әрбір қимыл-қозғалысынан астары қалың қатпар-қатпар ой тарқату, әрбір ым-мимика-жест, ишарадан ой оқу – шын шеберліктің шыңы» [1, 206], - деп ғалым Г.Пірәлиева атап көрсеткен пікірдің Б.Нұржекеев шығармашылығына қатыстылығын да аңғарамыз. Қаламгер қаламынан туындаған дүниелердің қай-қайсысы да жалпы адам баласын біліп, тану үшін, мінездеме беріп, жақсы-жаман қасиеттерін айыру үшін әрбір қимыл көрінісі, емеурін-ишараты зол рөл атқарады деуге болады.

«...біз мимиканы ым, беттің ымы, ымдау деп әдеби тілде, өмірде қалыптасқан қалпында қолдануға тиіспіз. Өйткені ғылым нақтылықты, дәлдікті қалайды. Ал, мимикаға мынадай кескін-келбеттегі қимыл қозғалыстар жатады: көздің қозғалысы (көзін алақтату, көзін қысу т.б) еріннің қозғалысына (ерін сылып еткізу, ерін шүйіру) секілді мәнді қимылдар жатады. Қас-қабақтың қимылында да мән бар (қабағын шыту, қас-қабағын нұсқау, қабағының қар жауып т.б), тілге қатысты «тілін шығару т.б» өзіндік мағынаға ие қимыл-қозғалыстар бар. Бұлардың бәрі де тек мимика маңындағы мәнді (выразительные) бейвербалды ишараттар» [1, 180]

Б.Нұржекеев шығармаларында кездесетін мимика түрлері бірнеше топқа бөлінеді:

1. Қабақ соматизміне байланысты кинемалар:

Жазушы шығармаларында қабақ соматизміне байланысты мынандай кинемаларды кездестіруге болады: қабақ шыту, қабағымен аңғарту, қабағын қағу, қоңыр қабақпен қарсы алу, қабақтың астымен қарасу, қасын керу, қасын серпу.

«”Мақұл” дегенді ернімен де, көзімен де, қабағымен де аңғартып, қолын алақанымның астынан ақырын шығарып алды да, бокалын ұстап жоғары көтерді» [2, 427].

«- Қалай-қалай? – Қабағын шыта жымып, ұқпай қалғанына ұялғандай, Нәлли қызарып кетті. Қайталап айтқанымда, таңдана басын шайқады» [2, 417].

«Қабағын қағып жіберіп, Нәлли сәл езу тарта ойланып қалды. Оған оқыс бір ой келгенін күлім ете қалған көзінен байқап үлгердім» [2, 418].

«Араз боларын да, болмасын да, араз болса, не үшін араз боларын, кіммен араз боларын да білмей, Қайныкештің әке-шешесі қыздарын үнсіз, қоңыр қабақпен қарсы алды» [2, 139]. Қызғаныш пен күнделіктің жемтігіне айналып, жазықсыз жапа шегіп, ары тапталып, соры қайнап қалған Қайныкештің алдынан жарқыраған қабақтың қарсы алмасы анық. Ата-ананың сүйегіне таңба түсіп, ойсыраған жаралы жүрегінің күйін жеткізу үшін автор ешқандай диалог та қолданбайды. Тек қана «үнсіз, қоңыр қабақ» Қайныкешке ата-анасының ғана емес бүкіл қазақ қоғамының, қазақи менталитеттің көзқарасы екенін оқырманына шебер жеткізген.

«Қызы қайтып келгелі оның бетіне бір сәт шырай кірген емес, қабағы құрыстанып: «мына атаққа қалғанша, құрысаң етті бір жаққа! – дегендей қиналыс байқатады. Түзде ел көзінен қашып, үйде өз қызынан қашып, басына түскен бұл жағдайдан безіп кететін жер таппай жүрген адамдай. Әке мен қыз қабақтарының астымен ғана қарасып, көбінесе бірін-бірі көрмеуге, біріне бірі қарамауға тырысады» [2, 140]. «Қабақты құрыстырып», «қабақ астымен қарап» күн өткізіп жатқан әкенің перзентіне деген жеккөрініш сезімімен қоса аяныш сезімі бой көрсеткен. Желкелеп үйден қуып шығуға әкелік жүрегі шыдамай, бауырына тартуға ар-ұяты тапталып, бегі күйген қызының ел алдына шыға алмастай намысын байлағандығы, әрі-сәрі күй кешкен дәрменсіз әкенің жай-күйін қабақ арқылы көрсеткен.

«Сол мұңды кейіппен қабағын шыта Сырға бір сәт телміріп тұрды да, жағаға қарай үнсіз бұрылып, жүре берді» [2, 418]

«Қыз басын шайқады. Сөйлетпесеңші дегенді аңғартып, Қаншайым маған қабағын шытты» [2, 201].

«- Өй, бұлар біздің айтқанымызды тыңдай ма, оған күйініп қайтесің, өздері білсін, - деп, Жәмихан мәймөңкелей бастады. Есік жақты нұсқап маған қабағын қақты. ... Есіктен шығып кеткенімше, Сәлима сыздаған қалпы көзімен үнсіз ұзатып салды» [2, 282].

«Қасын күлімдей керіп, баланың жүзіне жылы мейірмен еркелеп қарады» [2, 135].

«- Қайным, - деп, қасын кербез серпіп тастап, күлкілі бірдеме айтқалы отырған адамша қулана жымыды» [2, 149].

Бұл мысалдардың қай-қайсысы да кейіпкерлердің ішкі әлемінде болып жатқан жай-күйді сыртқы кескін-келбет өзгерісі, соның ішінде қабақ соматизмі арқылы айқындауға мол мүмкіндік береді.

2. Көз соматизміне байланысты кинемалар:

Адамдар, әсіресе, бетпе-бет сөйлескенде, бір-бірінің көзіне қарайды. Өйткені, «Көз – ішкі сезімнің айнасы» дегендей, бейвербалды амалдың ең жиі қолданылуы көзбен байланысты. Сондықтан, жазушы шығармаларынан бейвербалды амалдарды саралағанда көз соматизміне қатысты кинемаларды көптеп кездестірдік: көзбен аймалау, көз жанары суу, жанары сырғу, көзімен жек көру, көз қырын салу, көзін жұму, көз түйістіру, көз тастау, суық қарау, көзін тайдыру, ашыныспен қарау, жәутеңдеп қарау, оқты көзбен жек көре қарау, аларып қарау, ұрлана қарау, жылы көзқарас, көзін аудару, көзі жыпылықтау, жерден көзін алмау, көзі шарасынан шығу,

көзбен аймалау; «Көзіммен аймалап отырып, ол жайлы осындай ойларға баттым. Оның бірдеме айтқысы келгенін бетіме жәутең еткенінен байқадым.» [2, 427].

жанары сырғу; «Нәлли аяқ асты мұңданып, жанары Сырдың бетімен сүлесок сырғиды » [2, 425].

жанары суу ;«Көз жанары суып, бетіме Нәлли безеріп қарады [2, 425].

көзімен жек көру; «Жанарындағы жек көрінішті осы жолы еш жасыра алмады» [2, 152].

көз қырын салу, көзін жұму; «Бүбіжан кірген бойда көз қырын жігіт жаққа салды. Көзін құшырлана жұмып, Сейітбаттал сағындым дегенді аңғартты. Бүбіжан аузын бүртитты. Онысы «өтірік айтасың, көп күттім» өкпе білдіргені, сірә» [2, 101].

көз түйістіру, «Әлденені сезді ме, Шәзиә бетіме жәутең ете қалып еді, бір сәт көз түйістіріп қалдық, қыздың беті жұқа күреңітті» [2, 312].

көз тастау, «Ақыры бекінді білем, жаутаң етіп маған да бір асығыс көз тастады. Маған ыңғайсыз бір нәрсе айтатындай көріп тіксініп қалдым». [2, 236].

суық қарау, оқты көзбен жек көре қарау; «Атылып ұмтылардай, оқты көзін өңменіме қадап, маған жек көрінішпен қарады. Ашу ғана емес, керемет өшпенділік. Түбінде мені тәтем өлтіретін сияқты, қанталаған көзінен сұмдық қорықтым» [2, 201]. «Ішіме мұз түсіп кеткендей тыжырынып, Мағираға суық қарадым» [2, 214]. «Тағы керек пе, онда тағы айтам дегендей сұс танытып, қызы мен күйеуіне оқты көзбен қарады» [2, 67].

көзін тайдыру, «Қыз көзін тайдырып жерге қарады, үндемеді» [2, 234] деген жолдар арқылы береді.

ашыныспен қарау, «Көзінің жасы жанарында мөлт-мөлт шайқалып, Бүбіш маған ерекше ашыныспен қарады» [2, 234].

аларып қарау; «Сен отырсың сыңар езулеп, қайным отыр аяғының басын қарап, қыздарың да аларып қарайды, тап сүзетін бұқаша» [2, 151].

ұрлана қарау; «...әдемі бір ұрлана қарап жымығаны, жылы көз қарасын Жағдадан да жасырып ұялғаны – бәрі, барлығы да мен үшін. Бүбіш мен үшін болса, бұл тіршілік мен үшін. Қуанышыма мақтаныш қосылып, төбем көкке жеткендей» [2, 185].

жылы көзқарас; «Жымиып жақсы қарағанын түсініп, тұла бойыма тараған жылулықтан көзім жасаурап қоя берді»[2, 162б.].

көзі жыпылықтау; «Состиып тұрып қалған балаға қыз жыпылықтай қарады» [2, 101].

көзін аудару; «Ол да маған көзін аударған екен, ұялып, екі беті қып-қызыл болып кетті. «Құдай-ау, мынау кім? Көзі таныс қой!» Дереу миымның архивін ақтара жөнелдім. Таптым, таныдым: сол – Бүбіш!» [2, 151].

көзі шарасынан шығу; «Қайныкештің көзі шарасынан шығып кетті» [2, 147].

«...көзінің қиығымен ғана Қайныкешті асығыс шолып өтті. Оның жанарына әлдеқандай жымысқы қылауды байқап, Қайныкеш те жиырыла қалды» [2, 149].

«Апырмау, сөзінен бұрын көзі сыр айтатын кім еді бұл?» «Шеген оны көзімен ұзатып көп тұрды» [2, 14].

«Бірақ, қатты ұқсайды екен. Әсіресе, көзі. Жаңағыдай жалт етіп қарағанда, ойпырмай өртеп жібере жаздайтын» [2, 146].

«Қоштасар сәт Шеген мен Марат асығыс қана көз түйістірді. Жанарларында: «Әлі жолығармыз, жолығамыз ғой» - деген бір-бірін де, өзді-өзін де жұбату бар» [2, 516].

«Оның да көзі кісіге күліп, жақсы көріп қарайды» [2, 52].

«Жымиып жылы жүзбен қарады. Әзілқой жанары күлім етіп, қайта бұғына қойды. Өкпелеген ыңғай танытып қыз бұртия қалды. Бірақ көзінде әзіл әлі бар» [2, 57].

«...мейірлі кішкене көздерінде мен бұрын байқамаған өзгеше жалтыл пайда болды» [2,61]

«Сұрарын сұрап алып, өзі Жәмихан мен маған алма-кезек көз жазбай қарады. Ол қараста бір жұмбақ сыр жатқанын ішім сезіп, әншейінде таңдайым тақ ете қалатын жауабымды айтуға да жүрексініп тосылып қалдым» [2, 63].

«Бірдеме десем, бар сөзді өз басыма бағыттап алармын деп, Жәмихан жұмған аузын ашпаған күйі жерден көзін алмады» [2, 67].

«-Бүбіш, көрпе төсесеңші апанның астына! – Салима жүк жақты қабығымен нұсқап еді, қызы түсіне қойды. Жіңішке қызыл ала құрақ көрпені теп-тез жайып үлгерді. Еңкейгенде мойнынан сырғып түскен қос өрім шашын сілки беріп Бүбіш Шегенге ұрлана жымиды, «кел, сен де көрпеге отыр, сен үшін де төседім» дегені тәрізді. Сөйткені ме, жоқ па, әйтсе де соның өзі, бір түрлі, баланың ішін жылытты. Неге өйткенін өзі де ұқпай, қызға Шеген жымың етті» [2, 68].

« «Ал, мен де амалсыз апаммен бірге кетіп барам» дегенді аңғартып, Бүбішке көзін асығыс бір тастап, Шеген де орнынан тұрды» [2, 70].

«Өңі бұзылып, Бәтжан реніштен жылап жіберуге шақ қалды. Өксікті үнінде «бәрі бүлінді ғой онда» деген шарасыздық пен өкініш шүпілдеп-ақ тұр. Көзінде: «Әлденелерді айтып сен бүлдіріп қоймадың ба?» - деген күдік те бар-ды» [2, 71].

«Сол екен бетінен сүйген: көзімен аймалап күлім-күлім етеді» [2, 50].

Сонымен қатар, Б.Нұржекеев шығармаларында әйел адам қарым-қатынасында кездесетін бет шымшу, ернін сылп еткізу, бет сызу, ернін шығару кинемалары да көптеп кездеседі.

Қ.Жұбанов күншығыс пен Кавказ халықтарының әдет-ғұрпындағы өзгешеліктер қатарында әйелдердің «ым тілін» атай отырып, аталмыш үлгілердің қазақ ұлтында да кездесетіндігін айтады: «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге қатысты арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы жүйе болмаса, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйелдердің специфик тілі болып табылады» [3, 41].

Бұл орайда, Б.Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үмітіндегі» Жамиханның, «Күнәлі махаббаттағы» Зереннің, «Ерлі-зайыптылардағы» Ілескүлдің атасы, қайынағаларымен тіке бетпе-бет сөйлеспей енесі арқылы ұғысуы мысалдарын көптеп ұшыратуға болады.

Сонымен қатар, жазушы қыз бен жігіттің бір-біріне деген іңкәрлігін, сезім бұлқыныстарын, ішкі дүниесінің кілтін мимикалық қозғалыс арқылы тамаша ашады.

Жазушы Б.Нұржекеев көркем шығармада әйел портретін өзіне тән кинемалар арқылы үйлесімді, шебер қолдана отырып жасай білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвервалды ишараттар, заттық әлем)» Алматы: Алаш, 2003. -328 б.

2. Б.Нұржекеұлы. Шығармалар жинағы. I-том.- Алматы: Жалын, 2006. -320 б.

3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.

ӘОЖ 37.026.9

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Туркменбаев Ә.Б., Сүйінбаева Г.М., магистрант

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі білім беру жағдайында мектепте физиканы оқытудың жаңа әдістеріне көшу қажет. Осыған байланысты физиканы оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану өзекті болып табылады, бұл пәнге қызығушылықты оятуға, пәннің күрделілігін сейілтпеуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада тиімді заманауи педагогикалық технологиялардың бір түрі ретінде оқыту үдерісінде интербелсенді технологияларды қолданудың әдістемесі қарастырылды.

Түйінді сөздер: оқытудың интербелсенді әдістері, уәж, технологиялар, құзыреттіліктер.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі міндеті оқушылардың тұлғалық дамуына қатысты оқыту мен тәрбиелеудің негізгі нәтижелері, оқушылардың рухани әлеуметтік және өндірістік іс-әрекеттегі шығармашылық әлеуетін іске асыру, өзін-өзі дамытуға дайындығы мен қабілетін дамыту болып табылады. Мектеп алдына қойылған міндеттердің ақпараттық-түсіндірмесінде оқытудың құралдары мен әдістеріне сүйене отырып, оқыту мәселелерін шешу мүмкін емес екені анық көрсетілген. Осыған байланысты интербелсенді оқыту мәселесі оқыту үдерісінде өзекті болып отыр.

Интербелсенді оқытудың тұжырымдамасы мен технологиясы өзара әрекеттесу құбылысына негізделген (interaction - өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету). Оқытудың интербелсенді технологияларының басты ерекшелігі - мұғалім ынталандыратын оқу үрдісінде оқушылардың ынтасы. Мұғалім дайын білім бермейді, оқушыларды өз бетінше іздеуге итермелейді [1].

Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда мұғалім мен оқушылардың өзара іс-қимылы өзгереді: мұғалімнің белсенділігі оқушылардың белсенділігіне жол береді, ал мұғалімнің міндеті оқушылардың ынтасы үшін жағдай жасау болып табылады. Мәжбүрлі интеллектуалдық белсенділік сияқты әсер пайда болады, өйткені оқу үдерісі технологиясының өзі оқушылардың ой-өрісін олардың қалауына қарамастан белсендіреді. Интербелсенді қызметке тарта отырып, оқушылар сыни ойлауды, қойылған міндеттерді әр түрлі көздерден алынатын ақпаратты талдау негізінде

өз бетінше шешуді, пікірталасқа қатысуды, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеуді, маңызды мәселелерді бірлесіп шешуді үйренеді.

Сонымен, мектепте интербелсенді оқыту мұғалім мен оқушылар арасындағы, сонымен қатар оқушылардың өздері арасындағы ерекше, көпжақты қарым-қатынас түрін қарастырады және келесі коммуникациялық өзара іс-әрекеттерді көздейді: «оқушы-оқушы» (жұптасып жұмыс істеу), «оқушы-оқушылар тобы» (топпен жұмыс), «оқушы-аудитория» немесе «оқушылар тобы-аудитория» (презентация, топтарда жұмыс), «оқушы-компьютер» (АКТ-ны қолдану) [2].

Оқытудың интербелсенді әдісі барлық оқушылар өзара бір-бірімен және мұғаліммен белсенді қарым-қатынас жасайтын жағдайларды ұйымдастыруға бағытталған. Өмірлік жағдайларды моделдеу және ұжымдық оқыту технологияларын пайдалану білім беру үдерісіне оқушының уәждік саласын енгізуге мүмкіндік береді.

Интербелсенді оқыту кезінде әрбір оқушы ұжымның басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы жалпы нәтижеге қол жеткізу үдерісінде пайда болатын белгілі бір әлеуметтік тәжірибе алады, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады [3].

Оқу іс-әрекетінің осы түрінің үлкен артықшылығы - сынып оқушыларын жалпы жұмысқа тарту. Қиыншылық мұғалімнің оқушылардың жұмысын ұйымдастыра білуіне және оларды тұрақты жұмысқа үйретуге байланысты туындауы мүмкін.

Мектептегі білім берудің басты мақсаты - оқушы тұлғасының тұтас дамуы. Жеке тұлғаның әлеуеттік ішкі қабілетін ашатын даму құралы дербес танымдық және ойлау қызметі болып табылады. Демек, мұғалімнің міндеті - сабақта қазіргі заманғы интербелсенді технологиялар ықпал ететін осындай қызметті қамтамасыз ету. Бұл жағдайда оқушы өзі таным жолын ашады. Білімді меңгеру - оның қызметінің нәтижесі [4].

Интербелсенді оқыту үдерісі барлық оқушылардың тұрақты, белсенді өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асырылады.

Интербелсенді оқыту әдістері көп. Әр мұғалім өз бетімен жаңа әдіс түрлерін ойлап табуы мүмкін. Интербелсенді технологияларды материалды меңгеру сабақтарында, білімді қолдану бойынша тәжірибелік сабақтарында, арнайы зертханалық сабақтарда да қолдануға болады, сондай-ақ сұрау немесе жалпылау кезінде де қолдануға болады.

Оқытудың дәстүрлі және интербелсенді әдістерінің мақсаттарын салыстыру:

Оқытудың дәстүрлі тәсілі оқытудың интербелсенді әдісі.

Мақсаты: оқушыларға білім беру және оларды мүмкіндігінше көп көлемде меңгерту.

Мұғалімнің міндеті - берілген білімді барынша толық және дәл айту.

Бір жақты байланыс әдісі.

Мақсаты: мұғалімнің оқушының өзі білуге, білім алуға және қалыптастыруға жағдай жасау.

Көпжақты байланыс әдісі.

Физика сабағында интербелсенді оқытуды жүзеге асыру үшін келесі технологияларды қолдануға болады:

- ұжымдық-жеке зерттеу технологиясы;
- ойын жаттығулары;
- эвристикалық әдістер;
- сыни ойлауды дамыту технологиясы;
- жобалық оқыту технологиясы;
- мультимедиа технологиялары.

Интербелсенді оқыту технологияларын іске асырудың негізгі формалары, әдістері, құралдары [5]:

- 1) интербелсенді сабақ;
- 2) ойын әдісімен оқыту;
- 3) пікірталас әдістеріне оқыту;
- 4) топтық оқыту;

- 5) жобалар әдісі;
- 6) интербелсенді тақтаны қолдану.

Сабақты динамикалы және шамадан тыс ерекше және қызықты ету үшін қандай нақты тәсілдер мен әдістерді қолдануға болады?

Негізгі бағыттардың бірі сынып құрамының шағын топтарындағы жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Мұндай шағын топтарда нақты жұмыс әдістерін пайдалану туралы ақпараттар көптеген дерек көздерінде кездеседі.

Білім беру жүйесінде әсіресе өзекті интербелсенді сұрау жүйесі. Мұғалім сабақтың кез-келген кезеңінде сыныпқа сауалнама жүргізу үшін заманауи технологияларды пайдалана алады. Бұл дайын сұрау тест тапсырмалары немесе түрлі тақырыптар бойынша жинақталған сұрақтар болуы мүмкін. Оқушылар сауалнамасында әр түрлі интербелсенді кешендерді қолдану бұл үрдісті сапалы, ең бастысы - өнімді етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар интербелсенді оқыту құралдары оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттырады және олардың білімді меңгеруге ынталандырады.

Оқу үдерісін қарқындатудың басқа бағыты интербелсенді оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды - компьютерлік оқыту құралдарын, ғаламдық ауқымдағы телекоммуникациялық интернет желілерін пайдалану болып табылады.

Әсіресе сабақта интербелсенді тақтаны тиімді пайдалану. Тақтаның көмегімен оқытудың маңызды ұстанымдарының бірі - көрнекілік сәтті жүзеге асырылады, өйткені ол суреттерді, сызбаларды көрсетуге, моделдерді жасауға және қозғалтуға, бейне және интербелсенді анимацияларды іске қосуға, маңызды сәттерді бөлуге және түрлі-түсті белгілер мен түсініктемелер жасауға, түзетулер енгізуге, кез-келген компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуге, одан әрі пайдалану және өңдеу үшін сабақ материалдарын сақтауға мүмкіндік береді [5].

Білім беру ақпаратының көлемін ұлғайтпай, тақтаны пайдалану арқылы оқушылар сабақты оқу және талқылау тақырыбына тереңірек енеді.

Материалды баяндау мен қабылдау эмоционалдық, сабақтың ақпараттық сыйымдылығы күрт артады, көп уақыт үнемдейді.

Сонымен қатар интербелсенді тақта - оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға арналған құрал ғана.

Өз сабақтарымызда біздер мұғалім қызметінің негізгі түрлерін болжайтын келесі нұсқаларда интербелсенді және мультимедиялық құралдарды қолданамыз:

1. Жаңа материалды түсіндіру:

- сабақ тақырыбы бойынша мәтіндік және графикалық материалдарды таңдау;
- оқу-дидактикалық презентация жасау;
- көрнекі тарату материалдарын жасау;
- мультимедиялық құралдар жасау.

2. Өткен материалды меңгеруді бақылау:

- бақылау және дербес жұмыстарды әзірлеу;
- тест тапсырмаларын әзірлеу;
- тірек конспектілерін әзірлеу.

3. Қосымша білім беру:

- материалды қайталау, ҰБТ-ға дайындау кезінде тест тапсырмаларын шешу;
- мектепте ғылыми жобалар мен әр түрлі сайыстарды өткізу үшін материалдар дайындау.

4. Өткен материалды бекіту.

5. Мультимедиялық материалдарды қолдану: тәжірибелерді түсіндіру, физикалық процестерді, құбылыстарды модельдеу.

6. Пән бойынша сыныптан тыс жұмыс.

Қазіргі уақытта педагогикада мұғалімге қажетті әдістемелік материалмен қоса берілетін барлық оқыту бағдарламаларының айтарлықтай тізімі бар. Әрине, әрбір

бағдарлама өз кемшіліктеріне ие, алайда олардың бар болу фактісінің өзі олардың талап етілгендігін және сөзсіз құндылығы бар екенін дәлелдейді.

Өз сабақтарымызда біздер мектеп кітапханасына келіп түскен электрондық ресурстарды қолданамыз: «Ашық физика», «Электрондық көрнекі құралдар кітапханасы», «Білімді бақылау» және т.б.

Бүгінгі таңда біздер физика сабақтарында интербелсенді технологияларды, интербелсенді әдістерді, формаларды, оқыту құралдарын қолдану оқу үдерісін жаңғыртуға мүмкіндік берді деп қорытынды жасай аламыз:

- оқушыларда физиканы оқуға деген уәж деңгейін арттыру;
- оларды нақты білімді өз бетінше меңгеруге үйрету, ол тәжірибелік қызметте қолдану үшін қажетті;
- оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды өз бетінше орындауға қажетті тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру;
- оқушылардың қоршаған ортаны тануға, әлеуметтік-мәдени ортаны игеруге уәждемесін дамыту;
- іс-әрекет негізінде тұлғалық маңызды мәселелерді шешу мақсатында пәндік білімдерді өзектендіру;
- оқушылар мен мұғалім арасындағы серіктестік қарым-қатынас жасау.

Жоғарыда айтылған әдістер, әрине, оқытудың интербелсенді әдістерінің барлық түрі емес, бірақ олардың барлығы сабақтарда жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде жатқан жүйелі-әрекеттік тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Дәл осындай тәсіл жаңартылған білім беру бағдарламасын игерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді және оқушылардың жаңа білімді, іскерлікті, құзыреттілікті, қызмет түрлері мен тәсілдерін дербес табысты меңгеруіне негіз жасайды. Сабақта заманауи интерактивті оқыту құралдарын қолдана отырып, оқушыларға оқуға оңай әрі қызықты және күн сайын олар жаңалықты тануға дайын, өйткені олар мұны өздері қалайды. Сондықтан мұғалімдер жаңа талаптарды іске асыруға болатын педагогикалық технологияларды меңгеруі қажет.

Интербелсенді оқыту технологиясы мұғалімге әрбір оқушының сабақтағы жұмысын үйлестіруге, оқу іс-әрекетін және танымдық тұлғааралық қарым-қатынасты байланыстыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өлімбаева А.С. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру тәжірибесінен //Білім-Образование. №2(8), 2002. - Б. 29-31.
2. Мускина А.Н., Бақыт А. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде интербелсенді әдістемені пайдалану тиімділігі //«Орта білім мазмұнын жаңарту аясында ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерін оқытудың тиімді жолдары» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жұмысы материалдарының жинағы. «Өрлеу» БАҰО» – Алматы, 2018. - Б. 22-25.
3. Бухарбаева Д.Е. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында физика пәнін оқытуда белсенді оқыту әдістерін тиімді қолдану жолдары //«Орта білім мазмұнын жаңарту аясында ғылыми-жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерін оқытудың тиімді жолдары» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жұмысы материалдарының жинағы. «Өрлеу» БАҰО» – Алматы, 2018. - Б. 97-102.
4. Суворова Н. Интерактивное обучение: новые подходы. - М.: Роспедагентство, 2005. – 116 с.
5. Иванова Л. Интерактивные формы обучения. - М., 2007. – 134 с.

ФИЗИКА КУРСЫНЫҢ «МЕХАНИКА» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Туркменбаев Ә.Б., Бармуханбетова У.Қ., магистрант
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін орта мектептерде физика курсын оқытуда компьютерлік модельдерді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі келтірілген. Оқу үдерісінде физикалық компьютерлік модельдерді қолданудың маңызды артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: компьютерлік модель, физика курсы, механика, эксперимент.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар адам өмірінің барлық жаңа салаларына енуде. Әсіресе, ақпараттық технологиялар білім беру үдерісінде қарқынды дамып келеді, мұнда компьютерлік технологиялар мен құрылғылар физикалық құбылыстардың компьютерлік модельдерін жасауға, түрлі тәжірибелер өткізуге, сондай-ақ эксперименттер нәтижелерін есептеуге, талдауға мүмкіндік бере отырып, білім беру үдерісінде таптырмайтын дидактикалық құралға айналууда.

Бұл ретте кейбір нақты эксперименттерді жүргізу үшін қажетті қымбат тұратын жабдықтар мен материалдар талап етілмейді.

Сондықтан қазіргі заманғы зерттеу физикалық зертханасын компьютерсіз елестету қиын. Компьютерлер өлшеу нәтижелерін өңдеу кезінде де, физикалық эксперимент жүргізу кезінде де баға жетпес пайда әкеледі.

Компьютерлермен қатар физикалық құбылысты немесе процесті көрнекі түрде көрсетуге және қарастыруға мүмкіндік беретін компьютерлік модельдеу де маңызды рөл атқарады.

Компьютерлік модельдеу әсерлі және есте қаларлық көрнекі бейнелерді жасауға мүмкіндік береді. Мұндай көрнекі бейнелер зерделенетін құбылысты түсінуге және маңызды бөлшектерді тиісті математикалық теңдеулерден гөрі көп дәрежеде есте сақтауға мүмкіндік береді [1].

Модельдеу абстрактілі заңдар мен тұжырымдамаларға анық түсінік беруге, тікелей бақылау арқылы зерттеліп жатқан құбылыстың нәзік жерлерін көру үшін оқушылардың назарын аударуға мүмкіндік береді.

Компьютер экранында модельдеу нәтижелерін графикалық бейнелеу оқылатын құбылыстың немесе процестің анимациясымен бір мезгілде оқушыларға мазмұнды ақпараттың үлкен көлемін оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл жағдайда компьютерлік модельдер физикалық зертхананы толығымен алмастырып, нақты экспериментті ығыстырмауы тиіс.

Жоғарыда айтылғандар орта мектептерде физика пәнін оқытуда компьютерлік модельдерді қолданудың өзектілігін көрсетеді.

Модельдеуші компьютерлік бағдарламалардың интерактивті сипаты модельдерді қолдану пайдасына маңызды дәлел болып табылады. Ақпаратты пассивті меңгеру кезінде оқушылар пәнге деген қызығушылығын тез жоғалтады.

Егер сізге бағдарлама жұмысын басқару қажет болған жағдайда, онымен жиі өзара іс-әрекет жасауға, оның сұраныстарына жауап беруге және шамалардың мәнін өзгертуге мүмкіндік беріледі [2].

Ең алдымен, жаңа материалды түсіндіру немесе эксперименттік есептерді шешу кезінде компьютерлік модельдерді демонстрациялық нұсқада пайдалану өте ыңғайлы.


«Открытая физика» компьютерлік қолданбалы пакетіндегі «Дененің ауырлық күші әсерінен қозғалысын зерттеу» моделін пайдалана отырып қарастырайық.

Бастапқы жылдамдықтың \vec{v}_0 векторының X және Y өстеріндегі проекциялары арқылы қалай қозғалатынын көрсету әлдеқайда жеңіл әрі көрнекі.

$$v_{0x} = v_0 \cos \alpha, \quad v_{0y} = v_0 \sin \alpha$$

«Открытая физика» компьютерлік қолданбалы пакетінде келтірілген модельдерді қолдану негізінде өткізілген «тұрақты үдеумен дене қозғалысын зерттеу» зертханалық жұмысын мысал ретінде келтіреміз. Бұл зертханалық жұмыста біз оқушыларға дененің бірқалыпты және бірқалыпты үдемелі қозғалысын зерделеуді ұсынамыз.

Жұмысты орындау кезінде оқушылар «Открытая физика» қолданбалы пакетін ашады, «Механика» бөліміне кіреді және «Тұрақты үдеумен дене қозғалысын зерттеу» моделін таңдайды. Оқушылар бұл модель жұмыс істейтін шарттарды мұқият қарап, модель параметрлерін өзгертудің түрлі мүмкіндіктерін өзгертіп зерделеп көреді (1-сурет).



Сурет 1 - «Открытая физика» қолданбалы пакеті

Сонымен, «Открытая физика» қолданбалы пакетімен жұмыс істеу барысында оқушылар алдында үлкен мүмкіндіктер ашылады.

Оқушыларға теориялық бөлім ұсынылған, онда барлық негізгі формулалар мен зерттелетін тақырып бойынша анықтамалар және тәжірибелік қадамдық нұсқаулар берілген. Сондықтан мұндай жұмыстарды орындау кезінде оқушыларда сұрақтар туындамайды.

Жұмыс барысында оқушылар алған нәтижені бақылап отырады. Сондай-ақ кейбір параметрлерді өзгертуге мүмкіндік беріледі, мысалы, жылдамдатуға және алынған суретті қайтадан көруге болады. Алынған нәтижелер негізінде белгілі бір қорытынды жасауға болады.

Жұмыс бойынша өз бетінше қорытынды жасай білу, оқушылардың жаңа материалды меңгергендігін көрсетеді.

Компьютерлік модельдер физикалық эксперименттік есептерді шешуде де маңызды орын алады. Өйткені физиканы оқу кезінде оқушылар үшін ең қиыны эксперименттік есептерді шығару болып табылады. Ал компьютерлік модельдерді қолдану кезінде бұл қиындық байқалмайды, өйткені компьютерлік модельдеудің басты мақсаты – оқушыға физика бойынша есептерді сынамалар мен қателер әдісімен емес, объективті негіздерге сүйене отырып – қарым-қатынастың, теңдеу мен байланыстардың берілген жүйесіне сүйене отырып шешуге көмектесу [3].

Шаңғышы қозғалысын зерттеу туралы мысал қарастырайық [4-5].

Есеп. Таудан сырғанайтын және трамплиннен баурайға секіретін шаңғышы қозғалысын зерттеңіз. Төбешіктер мен беткейлер берілген.

Шаңғышы секіретін төбешіктер мен беткейлер профилін (2-сурет) мына теңдеулермен берейік:

$$y = 0,015x^2, -160 < x \leq 30;$$

$$y = -(50x - 3000)^{0,5}, 30 < x < 1000.$$

Шаңғышы қозғалысын есептеу үшін төмендегі теңдеулер қолданылады:

$$a_\tau = g(\sin \alpha - \mu \cos \alpha),$$

$$\vartheta^{t+1} = \vartheta^t + a_\tau^{t+1} \Delta \tau,$$


$$x^{t+1} = x^t + \vartheta^{t+1} \cos \alpha \Delta \tau,$$

$$y^{t+1} = y^t - \vartheta^{t+1} \sin \alpha \Delta \tau,$$

$$\alpha = \arctg \frac{y_1 - y_2}{x_2 - x_1}.$$

Бағдарлама (есептеулер жүргізілетін) уақыт бойынша циклді қамтиды, онда уақыттың дәйекті сәттерінде шаңғышының координаттары мен жылдамдығы қайта есептеледі, ал нәтижелер экранға шығарылады (2-сурет).

```
uses dos, crt, graph;
const r=200; m=1; mu=0.2; g=10; dt=0.001; dx=0.1; pi=3.1415926;
var a,b,x1,x2,y1,y2,at,v,vx,vy,x,y,t : real; Gd, Gm,n : integer; tt : string;
BEGIN
Gd:=Detect; InitGraph(Gd, Gm, 'c:\bp\bgi'); b:=0.015; x:=-160; y:=b*x*x;
Repeat
inc(n); t:=t+dt; delay(1);
If x<30 then
begin x1:=x; y1:=b*x1*x1; x2:=x+dx; y2:=b*x2*x2; a:=arctan((y1-y2)/(x2-x1));
at:=g*(sin(a)-mu*cos(a)); v:=v+at*dt; x:=x+v*cos(a)*dt; y:=y-v*sin(a)*dt;
vx:=v*cos(a); vy:=-v*sin(a);
end else
begin vy:=vy-g*dt; x:=x+vx*dt; y:=y+vy*dt; end;
If x<30 then Circle(120+round(0.5*x),280-round(0.5*y),1);
If n mod 300=0 then Circle(120+round(0.5*x),280-round(0.5*y),3);
until (KeyPressed)or((y<0)and(y<-sqrt(50*x-3000))); x:=60;
Repeat
x:=x+1; y:=-sqrt(50*x-3000); Circle(120+round(0.5*x),280-round(0.5*y),1); until
x>1000;
Str(round(t*1000),tt); OutTextXY(40,330,tt); Readkey; END.
```



Сурет 2 - Шаңғышының қозғалысы

Pascal бағдарламалау тілін қолдану арқылы эксперименттік есептерді шығару кезінде оқушылар анимациялық суретті көреді, бұл олардың танымдық қызығушылығын арттырады.

Физикалық шамалардың параметрлерін өз бетінше өзгерте отырып, бұл жағдайда X және Y координаттары мен α бұрышының өзгеруінен, оқушылар жаңа түр өзгертілген анимацияны бақылайды.

Компьютерлік модельдерді қолдану оқу үдерісін дараландыруға, дағдылар мен машықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Компьютерлік модельдерді қолдану кезінде пайда болатын тағы бір мүмкіндік - оқушылардың дербестігін дамыту.

Оқушылар эксперименттік есептерді өз бетінше, саналы түрде шешеді (тақтадан немесе жолдастарының дәптеріндегі шешімдерді көшірмей), сонымен бірге оның пәнге деген қызығушылығы, оның пәнді меңгере алатынына деген сенімі артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдыкеримова Э.А. Динамикалық компьютерлік модельдерді практикада қолдану мысалдары // Қазақстан жоғары мектебі, 2004. №1. - Б. 133-142.
2. Полат Е.С. Современные информационные технологии в образовании. - М.: Академия, 2006. - 348 с.
3. Кормилицына Т.В. Вычислительный эксперимент и компьютерные модели в свободном программном обеспечении // Учебный эксперимент в образовании, 2010. №1. - С. 18-22.
4. Майер Р.В. Компьютерное моделирование физических явлений. - Глазов: ГГПИ, 2009. - 112 с.
5. Майер Р.В. Компьютерное моделирование: Учебно-методическое пособие. – Глазов: ГГПИ, 2015. - 531 с.

ӘОЖ 372.853

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ «АШЫҚ ФИЗИКА» ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛАР ПАКЕТІН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Туркменбаев Ә.Б., Хасан Ж.Қ. магистрант

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін орта мектепте «кванттық физика» бөлімін оқу кезінде «Ашық физика» қолданбалы бағдарламалар пакетін қолдану әдістемесі қарастырылған. Демонстрациялық эксперимент физиканың эксперименталды курсының негізгі құрамдас бөлігі болуы тиіс, әдетте, барлық негізгі физикалық ұғымдар

демонстрациялық эксперименттер арқылы көрсетілуі тиіс. Бұл мақалада күрделі теориялық материалдарды түсіндіру үшін демонстрациялық экспериментте қолданбалы бағдарламалар пакетін қолдану әдістемесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: кванттық физика, физикалық эксперимент, компьютерлік модель, виртуалды зертхана.

Физика табиғаттың жалпы заңдарын зерттейтін ғылым ретінде, көптеген технологиялардың ғылыми негізі ретінде қоғам мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта орта мектепте физиканы оқыту мәселесіне үлкен көңіл бөлінеді.

Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін оқытуға бөлінген сағаттардың қысқаруына байланысты пәндік-бейнелік көрнекілік рөлінің азаюы байқалады. Осындай қалыптасқан жағдайда физика пәнін оқыту кезінде оқытушылар мен мұғалімдер компьютерлік моделдер көмегіне жүгінеді.

Компьютерлік моделдеу физиканың кез-келген саласы бойынша эксперимент жүргізуге мүмкіндік береді: механика, электр және магнетизм, молекулалық физика, кванттық физика және басқа да бөлімдер.


Қазіргі кезеңдегі оқытудың дәстүрлі құралдарын дербес компьютер және соған сәйкес бағдарламаланған педагогикалық оқыту құралдары толықтырады және олармен бірге жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға бағытталған оқыту құралдарының жүйесін құрайды, оларды қолдану білім беру ақпараттық ортасында физиканы оқытуға жағдай жасайды [1, 2].

Оқыту құралдарының мұндай жүйесі оқу-әдістемелік әдебиеттермен, физика курсы бағдарламалық қамтамасыздандырумен және мұғалім мен оның оқушыларының еңбегін ғылыми ұйымдастыру құралдарымен бірге жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын пайдаланатын оқу-әдістемелік кешен құрайды [3].

Қазіргі уақытта оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіруге, оларды еңбек қызметіне пайдалануға байланысты мектептегі демонстрациялық эксперименттің дамуы ерекше маңызға ие.


«Лазерлер» тақырыбы бойынша сабақ электромагнитті сәулелену мен заттардың кванттық теориясы бойынша басты және білімді бекітетін сабақтардың бірі болып табылады. Бұл модельдің көмегімен лазердің жұмыс істеу принципін, түрлі процестерді көрсетуге болады: жұтылу, спонтанды сәулелену, мәжбүрлі сәулелену, сондай-ақ лазердің екі деңгейлі моделі (1-сурет).

Ядролық физикада атом ядросының байланыс энергиясы ұғымы маңызды рөл атқарады. Байланыс энергиясы ядролардың орнықтылығын түсіндіруге, ядролық энергияның бөлінуіне қандай процестер алып келетіндігін анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 1 – Лазерлер

«Нуклондардың байланыс энергиясы» моделінің көмегімен мұғалім нуклондардың ядродағы байланыс энергиясын ғана емес, сонымен қатар әр түрлі химиялық элементтердің изотоптарының саны мен тұрақтылығын көрсете алады (2-сурет).



Сурет 2 – Нуклондардың байланыс энергиясы


«Ядролық реакциялар» тақырыбын оқу кезінде «Ядролық реакциялар» моделінің көмегімен ядролық реакциялардың әр түрлі түрлерін көрсетуге болады (3-сурет).

Қолданбалы бағдарламалар пакетіндегі компьютерлік моделдеу ортасы негізінде шығармашылық зерттеулер жүргізуге, компьютерлік сыныпта физика бойынша зертханалық жұмыстарды құрастыруға болады, өйткені бұл эксперимент зерттелетін жүйе параметрлерінің экстремалды мәндеріне байланысты табиғи мүмкін емес жағдайларда жүргізілуі мүмкін. Сондықтан есептеу эксперименті денелердің жылулық сәулеленуін, фотоэффекті, Комптон эффектісін, элементар бөлшектердің толқындық қасиеттерін, электрондардың дифракциясын, ядролардың байланыс энергиясын, радиоактивтілікті және т.б. зерттеуде кеңінен қолданылады [4].



Сурет 3 – Ядролық реакциялар

«Сыртқы фотоэффект құбылысын зерттеу» виртуалды зертханалық жұмысының мақсаты - фотоэффект құбылысын сипаттайтын компьютерлік модельмен, зертханалық қондырғымен танысу; фотоэффект заңдылықтарын эксперимент арқылы тексеру (4-сурет).




Сурет 4 – «Сыртқы фотоэффект құбылысын зерттеу» виртуалды зертханалық жұмысы

Сонымен қатар, толқын ұзындығы мен түсетін жарықтың қарқындылығы, анод пен фотокатод арасындағы кернеу мөлшері мен полюсін таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Модель фотоэффектінің қызыл шекарасын анықтауға және тежеуіш кернеуді өлшеуге мүмкіндік береді.

Оқу эксперименті ғылыми-зерттеу жұмыстарының көмегімен мектепте оқу курстарында алған теориялық білім мен практикалық дағдыларды шығармашылық ізденістердің көмегімен біріктіруге мүмкіндік береді.

Оқу эксперименті оқушылардың топта өзара іс-әрекет жасау дағдыларын, ғылыми жобаларға қатысуын, ғылыми қызметке және болашақ мамандыққа деген қызығушылықтарын белсендіреді.

Қолданбалы бағдарламалар пакетін оқушылардың зерттеу жұмысында қолдану «ядролық күштерді зерттеу; изотоптар санын есептеу» әр түрлі массалық сандармен кез келген химиялық элементтердің изотоптарының ядросын қалпына келтіруге мүмкіндік береді, сондықтан оқушылар нақты химиялық элемент үшін тұрақты изотоптардың саны туралы, нуклондардың ядроғағы байланыс энергиясының және жаппай санның өзара байланысы туралы қорытындыға өздері келеді (5-сурет).



Сурет 5 – Ядролық күштерді зерттеу

Қолданбалы бағдарламалар пакетін қолдана отырып, компьютерде физикалық есептерді шығарған кезде мұғалім оқушыларға сабақта немесе үй тапсырмасы ретінде

эксперименттік есептерді ұсынады, оларды шешудің дұрыстығын компьютерлік эксперименттер арқылы тексеруге болады [5].

Компьютерлік эксперименттің көмегімен алынған нәтижелерді дербес тексеру оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады, олардың жұмысын шығармашылық етеді, кейбір жағдайларда оны ғылыми зерттеулердің сипатына жақындатады.

Қорытындылай келе, оқу үдерісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бірқатар іргелі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деп айтуға болады:

1) білім беру мазмұнын жаңарту, пәнаралық сипаттағы фундаменталды заманауи білім мен біліктердің рөлін арттыру, әр түрлі оқу пәндерінің байланысы мен интеграциялану деңгейін арттыру;

2) ақпаратты өз бетінше іздеу, жинау, талдау және ұсыну, стандартты емес шығармашылық тапсырмаларды шешу, қоршаған ортаның құбылыстарын моделдеу және жобалау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Файзуллаев А. Физиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: қыздар университеті, 2014. - 338 б.

2. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. - Орал, 2012. – 195 б.

3. Кавтрев А.Ф. Компьютерные модели в школьном курсе физики. // Информатизация образования, 1998. - № 2. - С. 41-47.

4. Кормилицына Т.В. Вычислительный эксперимент и компьютерные модели в свободном программном обеспечении // Учебный эксперимент в образовании, 2010. – № 1. – С. 18-22.

5. Кормилицына Т.В. Подготовка студентов-физиков к проведению компьютерного эксперимента в школе // Учебный эксперимент в образовании, 2010. – № 2. – С. 36-39.

ӘОЖ 612.6:613 (045)

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ФАКТОРЛАР

Сағындықова Э.У.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Оқу әрекеті үдерісінің барысында балалардың денсаулығын қалыптастыру мәселелері бойынша әдебиеттерді зерттеу мен сараптау және мектепте оқытуда денсаулықты сақтау технологияларын қолдану; Жасөспірім жастағы оқушылардың қазіргі уақыттағы денсаулығын сипаттау; Денсаулықты сақтау технологияларын оқыту үдерісінде қолдану жүйесін әзірлеу және апробациялау, «Мектептік ауруларды» сараптаудың нәтижесі; 6–9 сынып оқушыларының денсаулық жағдайына тексеру жүргізу; Жалпы білім беру мекемесі қызметінің теориясы мен практикасында оқушылардың денсаулығын сақтаудың негізгі жолдарын анықтау жолдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: Антропометриялық амалдар, Брок көрсеткіші, Мартинэ сынамасы, Гарвард «степ тесті», Штанге, Генчи сынамалары.

Статистика көрсеткендей, соңғы онжылдықта Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер денсаулығының нашарлау үрдісі байқалуда.

Адам денсаулығына әсер ететін ықпал етуші күштердің арақатынасына тең: генетикалық факторлар–15–20%; қоршаған орта әсері–20–25 %; дәрігерлік көмек деңгейіне тәуелді–10–15 %; адамдардың тіршілік ету салты және жағдайы–50–55 % [1,23 б].

2013 жылғы халық сырқаттанушылығының құрылымы мынадай үлестерді қамтып отыр (Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша): жұқпалы және паразит аурулар–3,0%, жүйке жүйесі аурулары–3,5%, көз бен оның қосалқы мүшелерінің аурулары–4,5%, қан айналымы жүйесінің аурулары–4,6%, тыныс алу мүшелерінің аурулары–41,8%, ас қорыту мүшелерінің аурулары–6,8%, тері мен шел жасушасының аурулары–2,8%, сүйек бұлшық ет жүйесі мен дәнекер тін аурулары–2,9%, несеп–жыныс жүйесінің аурулары–6,6%, жүктіліктің, босану мен туғаннан кейінгі кезеңнің асқынуы–2,6%, жарақаттар мен уланулар–6,5%, басқалар–9,4% [2, 69 б].

Жасөспірім шақ балалықтан ересек өмірге өтудің өтпелі кезеңі ретінде сипатталады, сол себепті де зерттеушілер жыныстық жетілу кезеңі саналатын 14–16 жас аралығындағы оқушылардың саулығына көп көңіл бөлуде. Жасөспірімдер ағзасының жеке физиологиялық ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы олардың білім игеруге қабілеттілігінен көрініс тауып, заманауи мектептің мәселелерімен, соның ішінде оқу үдерісін компьютерлендіру мәселесімен байланыстырылады. Соңғы жылдары педагогтар «мектептік аурулар» деген терминді қолданып жүр, ал дәрігерлер қазіргі мектептегі білім беруді жасөспірімдер денсаулығының нашарлауының басты себебі деп танып отыр және осы жағдайды оқыту үдерісіндегі инновациялық технологиялардың қолданылуымен байланыстырады. Әдебиеттік дереккөздер бойынша, статистикалық тұрғыдан дәлелденіп отырғандай, әр бесінші жасөспірімнің 14 жасқа қарай көруі нашарлап, әр сегізіншісінің дене сымбаты бұзыла бастайды, ал әр үшінші жасөспірімде тыныс алу жолдарының ауруы пайда болады.

Қалыпты дене сымбаты жасөспірімнің денсаулығы мен үйлесімді дене дамуының көрсеткіші саналады. Оның бұзылуының бірінші белгілері көп жағдайда байқалмай қалады, сондықтан балалар ортопед дәрігерге омыртқа бағанының коррекцияға өте қиын бағынатын, елеулі өзгерістеріне байланысты тап болып жатады. Мектеп оқушыларының арасында салауатты өмір салты туралы әңгімелер жүргізу мен жасөспірімдердің дұрыс дене сымбатын қалыптастыру бойынша заманауи алдын -алу шаралары сколиоз мәселесінің аса маңыздылығына негізделіп отыр [3,56 б].

Соңғы жылдары балалардың арасында офтальмопатологиялардың артуы байқалуда. Балалардың ауруға шалдығу көрсеткішімен бірге олардағы көрмеуге қатысты мүгедектік мәселесі де қоғамның әлеуметтік–экономикалық даму деңгейін сипаттай отырып, ең өзектілердің бірі болып қалып отыр. Көздің патологиясы балалар арасындағы бірінші реттік мүгедектіктің құрылымында 5–ші орын алады. Асқынған миопия мен туа біткен катаракта негізгі нозологиялар болып табылады.Әсіресе балалар алыстан көрмеу ауруымен жиі ауырады.

Медицина қызметкерлерінің, педагогтардың, әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының, жергілікті атқарушы биліктің бірлескен қарқынды әрекетінің және барлық халықтың белсенді қатысуының көмегімен ғана балалардағы көру мүшелерінің ауруларын төмендетуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады [4,66 б].

Соңғы жылдары жасөспірімдер мен жастар арасында етек жайған шылым шегу мен нашакорлық мәселесі әлемнің барлық елдері үшін ең өзекті болып табылады және ерекше айта кетерлік жайт, жастардың есірткіні қолдану жағдайлары көп елдердің, соның ішінде Қазақстан Республикасы үкіметінің де алаңдаушылығын тудыруда.

Жасөспірімдер мен жастар арасында шылым шегу мен есірткіні қолданудың тез таралуы, оны қалай да болса табуға итермелейтін есірткіге деген тәуелділіктің артуы, адамды рухани және физикалық тұрғыдан құлдырауға ұшырататын жағдай, мөлшерлемені арттыруға деген құлшыныс – осының бәрі ерекше дабыл қақтыруда [5,55 б].

Халықтың денсаулығы, оны сақтау мен нығайту әлемдік қауымдастықтың әлеуметтік және экономикалық даму жүйелерінде ерекше маңызға ие болып келеді. Әсіресе соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының өте нашарлап кетуі мамандардың ерекше назарын аударып отыр. Бұл, ең алдымен, мектепте оқыту мен әскерде қызмет етуге әзірлеуде, кәсіби міндеттерді атқаруда, репродуктивтік мүмкіндікті қалыптастыру мен жүзеге асыруда, демографиялық көрсеткіштердің жағдайына және басқа да жайттарға жағымсыз әсер етуде.

Биологиялық тұрғыдан қарастырғанда, балалар мен жасөспірімдердің ағзасы өсу сатысында, яғни дамудың аяқталмаған кезеңінде болады. 17 жасқа дейінгі уақытта онда қуатты морфофункционалдық қалыптасулар жүріп жатады, осыдан ағзаның жағымсыз әсерлердің ықпалына деген сезімталдығы артады. Оған қоса осы жас кезеңінде әлеуметтік әсерлердің біртұтас кешенінің (мектепке дейінгі мекемелер, мектеп, кәсіби білім, еңбек әрекеті) ықпалы мен бір-бірін алмастыруы қатар жүріп жатады. Ересектердің көпшілігі үшін байқалмайтын немесе елеусіз саналатын сәл ғана қарқындылық әсерінің өзі дамып келе жатқан ағзаға елеулі ықпал етіп, оның бейімделгіштік мүмкіндіктерінің төмендеуіне, морфофункционалдық ауытқуларға соқтыруы, оның алдағы даму үрдістеріне ықпалын тигізуі мүмкін.

Ресми статистиканың деректері бойынша республикада балалардың жалпы ауруға шалдығуы (100 мың халыққа есептегендегі тіркелген аурулардың саны) 1,2 еседей артқан. Соның ішінде балалардағы жүйке ауруларына шалдығу деңгейі республика бойынша 2011 жылы 100 мың адамға 3191,1 оқиғаны құраған. Қазақстан аумағын 5 жасқа дейінгі балалардағы неврологиялық аурулар бойынша аудандастыру көрсеткендей, ең төменгі деңгей Атырау (13,4 оқиға), Ақтөбе (22,7 оқиға), Батыс Қазақстан облыстарында тіркелген. Бұл облыстар 5 жасқа дейінгі балалар арасында жүйке ауруларының таралуы бойынша саулығы анағұрлым жоғары саналады. Неврологиялық аурулардың орташа деңгейіне Алматы, Қызылорда, Қостанай облыстары жатады, мұнда ол 1000 балаға шаққанда 42,8-ден 49,3-ке дейінгі ретті құрайды. Көрініп тұрғандай, неврологиялық аурулардың жоғары және өте жоғары деңгейлерін экологиялық және әлеуметтік факторлармен байланыстыруға, яғни химиялық әсерлердің баланың ағзасына түсіретін нақты жүктемесімен түсіндіруге болады [6, 25 б].

Қазіргі жағдайда балалар денсаулығының күрт нашарлауы баршаға белгілі жайт. Шартты түрде балалардың 40%—ға жуығын ғана дені сау деп бағалауға болады. Жылына 10–12 млн адам туберкулезге шалдығады. Соңғы 2 жылда ересектердің арасында ауруға ұшырау 26%—ға, ал балаларда 25%—ға артқан [7,13 б].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша жасөспірімдік кезең—бұл 10 жас пен 19 жас аралығы. Жасөспірімдік кезең адамның қалыптасып, дамуында ерекше орын алады. Ағзаның морфофункционалдық дамуы жалғаса береді, осыған қатысты жасөспірім ағзасының орта әсерлерінің әрекетіне деген жоғары сезімталдығы пайда болады.

Бұл кезеңде ағзаның қызмет атқарушы жүйелерінің сандық және сапалық үрдістерімен сипатталатын биологиялық доминант және жасөспірімдердің ересек қоғамға ауысуына қатысы бар әлеуметтік доминанттар ерекше маңызға ие болады.

Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығының қалыптасуы—ғылым мен қоғамның тарапынан көп назар аударуды қажет ететін, көп тізбектен тұратын қиын үдеріс. Ағзаның өсуі мен дамуының шиеленісті кезеңдерінің бірі саналатын осы жасөспірімдік кезеңде қыздардың репродуктивтік денсаулығының бұзылу қаупі көбейеді.

Жасөспірімдердің арасында жасанды түсік жасатудың саны арта түсті. Жасөспірімдік жүктіліктің 60%—ға жуығы түсік жасаумен аяқталады. Қазақстанда түсік жасатудың саны дамыған елдердегі осы көрсеткішпен салыстырғандағыдан әлдеқайда жоғары, 1000 жасөспірімге 39,7 тең. Барлық түсік жасатулардың 11%—ы жасөспірімдердің үлесіне тиесілі.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы тарап бара жатқан, толғандырып отырған мәселелерінің бірі – тіс шірігі (кариес). Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) көрсеткіштері бойынша, бүкіл әлемдегі мектеп жасындағы балаларда 60–90% және ересектерінде 100% тіс шірігі бар.

Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің арасында тіс шірігінің 2018 жылғы таралу көрсеткіші мынадай болды: Атырауда–99,66%, Шығыс Қазақстанда–92,3%, Оңтүстік Қазақстанда–98%, Батыс Қазақстанда–59%, Ақтобеде–90,1%, Қарағандыда–97,6%, Жамбылда–98,7%, Павлодарда–98,6%, Қостанайда–98%, Қызылордада–93%, Ақмолада–99,8%, Солтүстік Қазақстанда – 96%, Манғыстауда – 99%, Алматы қаласында – 89%, Астана қаласында–90%, Алматы облысында–71% [8,96 б].

Елбасы «Қазақстан–2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі ретінде «Ұлт денсаулығы–табысты болашағымыздың негізі» деп анықтады, ал аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын қалыптастыру оның басты құрамдас бөлігі болып табылады. Тұңғыш Елбасы атап көрсеткендей, біз балалар денсаулығын қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін енгізу мәселесін толықтай ойластыруымыз қажет. 16 жасқа дейінгі барлық баланы медициналық қызмет көрсетудің толық жиынтығымен қамту қажет.

Мектеп ұзақ уақыт бойы еліміздегі барлық балалар мен жасөспірімдерге білім беру мен тәрбиелеудің қоғамдық жүйесі болып келеді. Мектепте оқыту жеке тұлғаны қалыптастыру мен оған білім берудің ғана кезеңі саналмай, оқушының денсаулығын қалыптастыруға да бағытталуы тиіс. Мектепте оқу мерзімі балалар мен жасөспірімдердің ортаның қолайлы және қолайсыз ықпалдарына анағұрлым сезімтал болатын шағы саналатын, өсу мен дамудың қарқынды кезеңдерімен тұспалдас келеді. Осылайша мектептік кезең балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы қалыптасатын ең маңызды кезеңі болып табылады. Осы кезеңде аурулардың дамуы мен тұқымқуалаушылықтың детерминделген бейімділігінің сай келу қаупі, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен дамуының бұзылу жағдайы пайда болудың дәрігерлік–әлеуметтік қаупі де анық көрініс табады. Оқыту кезеңінде денсаулық жағдайының оқу жүктемесіне сезімталдығы өте жоғары. Мектеп кезеңіндегі тәуекел әсерлері үздіксіз, жүйелі және ұзақ мерзімді; тіпті олардың ең мардымсыз әсерінің өзі жинақталу қабілетіне ие. Оқу үдерісін қате ұйымдастыру салдарынан денсаулыққа зардабы қоса жүретін мектептік дезадаптация қалыптасады [9,85 б].

«Мектептік ауруларды» сараптаудың нәтижесі бойынша мынадай шешімге келуге болады: оқушылар денсаулығының нашарлауына ең көп үлес қосатын–созылмалы психоэмоционалды оқу күйзелістері. Олардың басты себептері: оқу мотивациясының төмендігі, оқудағы үлгермеушіліктер, шектен тыс ақпараттық жүктемелер, қателесуден қорқуы, өте үлкен жауапкершілікті сезінуі, еркін қозғалысқа деген табиғи қажеттіліктің шектелуі және т.б. Бүгінгі күні білім беру мекемесінің денсаулықты сақтауға бағытталған жұмысының басты бағыты: оқыту–тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруда денсаулықты сақтауға бағытталған жағдайлардың толық кешенін (күн тәртібін, тамақтандыруды, мектеп кестесін, оқушының қозғалыс белсендігін және т.б. оңтайландыру бойынша гигиеналық іс-шаралар) табу және жүзеге асыру; балалардың өзін салауатты өмір салтына, денсаулықты сақтау мәдениетіне үйрету арқылы денсаулықты сақтау мәселелерін шешу; оқушылардың жеке-типологиялық когнитивтік ерекшеліктеріне сай келетін сабақ берудің тәсілдерін іздестіру мен апробациялау.

Маңғыстау облысындағы оқушылардың денсаулық жағдайларын зерттеуге бағытталған ғылыми зерттеулер жоқтың қасы, бұл тақырып бізге қол жетімді әдебиеттерде сирек кездеседі. Зерттеушілердің негізгі назары бастауыш сынып оқушыларының ауруға шалдығу деңгейіне, физикалық дамуына және денсаулықты қорғай отырып оқытатын оқыту технологияларында болады. Алайда денсаулық жағдайының жасөспірімдік кезеңде қалыптасқан ауытқулары жас адамның маңызды биологиялық және әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыруына кедергі болады. Сондықтан

алдағы уақытта еңбектің, ақыл-ойдың, ел қорғанысының әлеуетін және болашақ ұрпақтың өсіп-өнуі мен денсаулығын анықтайтын өскелең ұрпақтың денсаулығына мемлекет пен қоғамның аландаушылығы түсінікті емес пе?! Осы айтылғандардың бәрі жеткіншектердің денсаулығын зерттеу және мектептегі оқыту үдерісінде денсаулықты сақтаудың заманауи технологияларын қолдану мүмкіндіктері ең маңызды саналатынына дәлел болып отыр. Осылайша бүгінгі күні «жасөспірімдердің өмір салты мен денсаулық жағдайына мониторинг жасау және денсаулықты сақтау технологиялары» сияқты бағыттарды зерттеу қажеттігі туындап отыр.

Денсаулық–баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не–күш жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек.

Денсаулық үшін өмірдің бір бөлімінде киюға болады. Денсаулықсыз өмір қызықсыз әлем деп есептеймін (М.Монтень) [10,52 б].

Балалардың денсаулығын бағалауда мына 4 белгі болуы керек:

- тексерген кезде қандай да болмасын аурудың жоқтығы;
- физикалық және психикалық дамуының жасқа сәйкес келуі;
- қызмет деңгейінің қалыптылығы;
- ауруға бейімділігінің жоқтығы.

МҒА (Медицина Ғылымдарының Академиясы) орталығының балалар мен жасөспірімдерге арналған гигиенасы және денсаулық сақтау институты балалар мен жасөспірімдерінің денсаулығын бағалауда заманауи кешенді схемасын жасады (тиісті топ денсаулығына сәйкес балаларды жатқызу).

Денсаулық жағдайына байланысты мынадай топтарға жатқызуға болады:

I топқа денсаулығының физикалық және психикалық дамуының қалыпты болуы, созылмалы және туа біткен ауруы жоқ дені сау өз жасына сәйкес балалар мен жасөспірімдер жатады;

II топқа балалар денсаулығында созылмалы аурулар жоқ, бірақ кейбір функциональдық және морфофункциональдық ауытқулар бар, орташа және өте ауыр жұқпалы аурулардан айығып, қайта қалпына келуге мүмкіншілігі бар, патологиялық созылмалы ауруларға шалдығуы мүмкін балалар жатады. Бұл топты 2 топшаға бөліп қарастырған: Бірінші: анасының туар алдындағы кедергілер (босанарда қансырауы, қан қысымының жоғарылауы мен төмендеуі, ата–анасының алкогольге тәуелділік, ұзақ су кету, ұрықтың дұрыс орналаспау) салдарынан туындау мүмкін өте аз созылмалы патологиялық аурулармен ауыратындар, бұл топта бірінші топтағы балаларға жақын. Екінші: эндокриндік патологиясыз балалардың жалпы физикалық дамуының тежелуі (аласа бойлылығы, биологиялық даму тұрғысынан артта қалуы), балалардың салмағының артық немесе кем болуы, тыныс органдарының өткір ауруларымен жиі немесе ұзақ ауыратын балалар, әр түрлі зақымданған жарақаттар мен операциялардың әсерінен балалардық кемтарлығы жатады;

III топқа жататындар: компенсация сатысында тұрған сирек асқынған немесе туа біткен созылмалы ауруларға шалдыққандар жатады. Бұл топтағылар жылына сегіз рет немесе одан да көп ауырады, яғни айына бір немесе одан да жиі көмекті қажет ететін жалпы денсаулығы қанағаттанарлық дәрежедегі балалар;

IV топқа субкомпенсация сатысында тұрған тумастан бұрын және одан кейін пайда болған өте ауыр созылмалы аурулар. Мұндай аурулардың көбі терапиядан өтуді қажет етеді;

V топқа декомпенсация сатысында тұрған сирек кездесетін өте ауыр созылмалы аурудан зардап шегіп жүрген балалар. Бұларға мүгедек балалар жатады. Олар үздіксіз терапияны қажет етеді.

Денсаулық топтары бойынша балаларды бөлу кеңінен педиатриялар пайдаланады, себебі бұл командада балалардың денсаулығының бір мезгілде бағалау үшін неғұрлым қолайлы болып табылады. Денсаулық сақтау топтары бойынша балалардың бөлудің маңыздылығы:

-халықтың денсаулығын сипаттап талдай отырып, топтардың саны мен статистикалық көрсеткіштерін алу;

-әр түрлі аймақтардағы балаларды бір уақытта бір аумақта салыстырмалы түрде топтау;

-балалар медициналық мекемелерінің және жеке дәрігерлердің алдын алу және емдеу жұмысының тиімділігін бағалау;

-денсаулыққа әсер ететін тәуекел факторларының әсерін анықтау және салыстыру үшін;

-ерте пайда болған ауруларды алдын- ала анықтап, уақытында емдеп, сауықтыруға мүмкіндік тудырады [2, 116].

Денсаулықты анықтау мақсатында мынадай негізгі әдістер қолданылады:

Қарау және тексеру—сау адамдарды тексерген кезде олардың саулық дәлелдемелерінің сипатына сапасына ерекше көңіл аударылады. Сонымен қатар қатер факторлары айқындалынады. Бұларға май басу, атеросклероз, қан қысымының көтерілуі, қант диабеті, метаболикалық иммунодепрессия, қатерлі ісік сияқты ауруларға себеп болатын факторларды жатқызады. Осыған орай негізгі қатер факторлары мыналар болмақ: артық дене салмағы, қимыл белсенділігінің шамалануы, дұрыс тамақтанбау, артериялық қысым деңгейінің жоғарылауы, психикалық зорлану, ішімдік пен темекіге деген үйірсектік [12,66 б].

Антропометриялық амалдар—бой, салмақ арақатынасы денсаулық көрсеткішінің бірі болып саналады. Адамның жасы мен жынысына орай оның бойына да белгілі бір салмақ сай келеді (кесте 2). Адамның өзіне тиісті салмағын анықтауда формулалар да қолданылады, бұлардың ішіндегі ең ыңғайлысы—«Брок көрсеткіші»[13,54 б].

Тік тұрғандағы (L_1) және отырған кездегі (L_2) бойды өлшеу.

Брок (Бругш) индексі—тиісті дене салмағы ($P_{ТДС}$), яғни бойға сәйкес салмақ мөлшерін анықтау көрсеткіші. $P_{ТДС}=L_1-n$; егер бойы 165см—ден қысқа болса, онда $n=100$ (гиперстениялық дене бітімі); егер бой ұзындығы 165–175 см арасында болса, онда $n=105$ (нормостениялық дене бітімі); егер бой ұзындығы 175 см-ден биік болса: $n=110$ (астениялық бітім). Дененің жас және бойға сай салмағы $P_{идс}$ —идеалды дене салмағы деп аталады (кесте 2) [14,63 б].

Оны есептеу (1) формулалары:

$$P_{идс}=(L_1 3-450)+жас 10,25+40,5 \text{ (ер балалар үшін);} \quad (1)$$

$$P_{идс}=(L_1 3-450)+жас 0,225+45 \text{ (қыздар үшін).}$$

Кесте 2 - Ұл балалардың денесінің көрсеткіші

Жасы	Бойы,см	δ	Кеуде шеңбері,см	δ	Дене салмағы, кг	δ
10	132,4	6,2	64,1	3,2	28,9	3,2
11	136,7	6,5	66,3	3,4	30,9	4,2
12	143,6	6,7	67,1	3,7	34,3	4,2
13	145,9	7,9	69,9	4,4	38,2	5,5
14	154,6	8,5	74,0	4,8	42,9	7,1
15	159,3	9,3	82,8	5,5	48,1	8,9
16	169,5	9,3	89,5	5,9	63,4	8,9
17	173,4	7,8	92,0	5,8	69,4	9,1
18	173,9	6,9	92,8	7,0	69,4	9,1
19	174,0	7,2	94,1	7,3	69,8	9,3

Физиологиялық амалдар. Адам денсаулығын бағалау мақсатымен жүктемелі сынама қолданылады. Солардың 2 түріне тоқталып кетсек:

1.Ең оңтайлы сынама–Мартинэ сынамасы. Бұл сынама бойынша адамның физикалық жұмыс істеу қабілетін (30 секунд арасында–20 рет жүреден отырып тұру), жүрек тамырлары жүйесінің жүктемеге етер әсерінің түрін бағалайды [15,45 б]. Қимыл еңбегіне деген қабілет жүктемеден кейінгі процент өлшемімен белгіленген жиіленген пульстің бастапқы өлшем шамасына деген қатынас сипатымен анықталынады (кесте 3).

$$\text{Пульс жиілігі} = \frac{\text{жиіленген } P \times 100}{\text{бастапқы } P}$$

2)

Пульс жиілігін мына (2) формуламен есептейміз:

20%–тен төмен болса, қимыл еңбегіне деген қабілеті өте жақсы, пульс жиілігі 25–30 % - жақсы, 50–75 % - қанағаттанарлық, ал 75 %-нашар [12].

Қыз балалардың денесінің көрсеткіші

Жасы	Бойы,см	δ	Кеуде шеңбері, см	δ	Дене салмағы,кг	δ
10	134,9	6,1	62,2	3,8	27,9	3,9
11	137,9	6,9	66,1	3,9	32,1	4,5
12	146,3	6,6	66,4	4,5	36,1	5,5
13	149,4	7,7	68,6	4,9	41,2	6,3
14	158,8	6,7	74,5	5,1	48,9	6,6
15	158,9	7,1	85,4	5,5	49,3	6,4
16	161,5	6,9	87,9	6,4	53,6	6,7
17	163,9	7,0	88,4	6,3	56,5	6,4
18	163,9	7,1	92,7	6,5	58,3	6,4
19	164,2	7,4	92,8	6,9	57,7	5,9

Кесте 3 - Мектеп жасындағы балалардың пульс жиілігінің көрсеткіштері

Жас шамасы	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
Пульс	92	90	88	86	84	82	80	78	76	72

2.Денсаулық жағдайын бағалауға қажет ақпаратты тек дене жүктемесі бітер тұста өлшенетін көрсеткіштер хабарлап қана қоймай, сонымен бірге қалыпқа келтірер кезде өткізілетін зерттемелер мәліметтері де білдіреді. Осы мақсатта Гарвард «степ тесті» сұрақтамасы қолданылады (кесте 4). Бұл тұста дене жүктемесі бір сатыға шығу қалпында беріледі. Саты биіктігі және дене жүктемесін орындау уақыты зерттемелер адамның жынысымен, жасымен және денесінің өсу – даму қалпымен байланысты болады [16,65 б].

Кесте 4 - Гарвард «степ тесті» сұрақтамасын өткізер кездегі саты биіктігі мен шығу уақыты (мин.)

Зерттелер топ	Саты биіктік (см)	Шығу уақыты (мин.)
ерлер (18 – ден үлкен)	50	5
әйелдер (18 – ден үлкен)	43	5
бозбалалар мен жеткіншектер (12 – 18 жас)	45	4
қыздар (12 – 18 жас)	40	4
балалар мен қыздар (8 – 11 жас)	35	3
балалар мен қыздар (8 жасқа дейін)	35	2

Тест (сұрақтама) нәтижелері, Гарвард «степ – тестісінің» көрсеткіші (ГСТК) ретінде шартты бірліктермен көрінеді. Мынадай теңдеуден мына (3) формуланы есептеп шығаруға болады:

$$\text{ГСТК} = \frac{t \times 100}{2(f_1 + f_2 + f_3)} \quad 3)$$

Гарвард степ–тест индексі (ГСТК).

Мұнда дене жүктемесін шынайы орындар уақытының өлшемі /t/ секунд деп беріледі.

$f_1 + f_2 + f_3$ –әр минуттің бірінші 30 секунд ішіндегі пульс жиындығы.

30 секундтық уақыт аралығындағы пульс қосындысын 1 минут ішіндегі жүрек соғысы санына ауыстыру үшін 2 цифрлы сан қолданылады, ал 100 өлшемі (ГСТК) мәнін бүтін санмен белгілеу үшін қажет. Дене жүктемесін орындағаннан кейін пульсты қалпына келтіру модельдігін (ГСТК) өлшемі сипаттайды. Нәтижені бағалаудың Гарвард степ–тест сұрақтамасы келесі кестеде келтірілген (кесте 5).

Кесте 5 - Гарвард степ–тест нәтижелерін бағалау

(ГСТК шартты белгілері)	Баға
55 – тен аз	жаман
55 – 64	орта шеннен төмен
65 – 79	орташа
80 – 89	жақсы
90 – нан астам	өте жақсы

Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын бағалауда қосымша Штанге, Генчи т.б. сынамалар да қолданылады [16, 24 б].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Избасарова А.Ш., Избасарова Р. Ш. Здоровый образ жизни и коррекция осанки у подростков // Вестник КазНМУ. – 2013. – №4(2). – С: 142.
2. «Маңғыстау облысы» 2009-2013. Статистикалық жылнамалығы // Маңғыстау облысының Статистика департаменті. – Ақтау, 2014. – 65 – 68 б.
3. Вахитова Г.А. Формирование здоровьесберегающих технологий у детей подросткового возраста в условиях негосударственного образовательного учреждения. Автореф. канд. дис. Уфа, 2007, 3 с.
4. Жатқанбаев Ж. Валеология // Оқулық – Алматы, 2007. – 25, 122 -125 бет.
5. Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков // М., «ГОЭТАР-Медиа», 2008 г., – С: 74-76.
6. Сәтбаева Х.Қ., Нілдабаева Ж.Б. Валеология // Оқу – әдістемелік құрал. – Алматы: Ғылым, 1999. – 25-26 б.
7. Сағымбаев Ә.Ү., Ақмырзаев М.М. Валеология (машықтану жұмыстары жинағы) // Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2008. — 50-51 б.
8. Айдаркин Е. К., Иваницкая Л. Н. Возрастные основы здоровья и здоровьесберегающие образовательные технологии // учеб. пособие. – Ростов н/Д: Изд-во ЮФУ, 2008. – С: 44, 102 - 104 .
9. Гуминский А.А., Леонтьева Н.Н., Маринова К.В. Руководство к лабораторным занятиям по общей и возрастной физиологии: Учеб. пособие для студентов биол. спец. пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1990. – С: 173-176.

10. Сатбаева Х.К., Нильдибаева Ж.Б.Абишева З.С. Валеология – наука о здоровье // Учебно – методическое пособие. – Алматы: Ғылым, 1999. – С: 28-31.
11. 2013 жылда Қазақстан Республикасы халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі. Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2013 году // Стат. жинақ. - Астана, 2014. – С: 15-16, 356.
12. Дубровский В.И. Гигиена физического воспитания и спорта // Учеб. для студ. сред. и высш. учеб. заведений. – М.: Гумманит. Изд центр Владос, 2003. – С: 32-33, 73-75, 241-243.
13. Ақмырзаев М.М., Ақмырзаев М.Н. Экология және валеология: (Қоршаған орта және адам денсаулығын қалыптастыру) Кіріктірілген арнаулы курс // Қабілетті оқушыларға арналған оқу құралы. – Алматы: «Нұрлы әлем» баспасы, 2004. – 34-35 б.
14. Сәтбаева Х.Қ. Нилдібаева Ж.Б., Абишева З.С., Хасенова Х.Х., т.б. Валеология // Оқу – әдіс-нәміс құрал. – Алматы: «Эверо» баспасы, 200. – 11 б.
15. Аканов А.А., Рахманов Б.Д. Ассоциация специалистов здорового образа жизни как новое направление реализации задач стратегии развития Казахстана до 2030 года // Пробл.и персп.формир. ЗОЖ: Мат.форума (1сезда) специалистов ЗОЖ.– Алматы, 17-18.10.2002 г. – С: 14-15.
16. Сеитова Р.С. Здоровьесберегающие технологии в педагогическом процессе // «Білім беру жүйесін жаңарту – Қазақстандық қоғамның тұрақты дамуының негізі» Облыстық Ыбырай Алтынсарин педагогикалық оқылымдарының материалдары. – Қостанай, 2011. – С: 143 – 146.

ӘОЖ 372.853

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Әлқуат Б.И., магистрант

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада математика пәнін оқыту барысында жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары қарастырылған. Жаңартылған мазмұндағы оқыту жүйесінің ерекшеліктері анық салыстырмалы түрде жазылып, оның тиімді жақтарын қарастырылды. Тақырып теориялық тұрғыда баяндалған. Инновациялық әдіс-тәсілдерге тоқталып оларға шолу жасалынды. Оқушылармен АКТ қолданылып, әр түрлі қызықты есептермен тапсырмалар орындайды.

Түйінді сөздер: инновация, әдіс-тәсіл, оқушы, ата-ана, есеп.

Білім беру саласында болып жатқан реформалардың басты мақсаты: еліміздегі білім беруді әлемдік стандартқа сай деңгейге жеткізу. Сондықтан бұрынғы дәстүрлі білім беруде білім беруші мұғалім болып саналса, бүгінгі білім саласына енгізіліп жатқан сындарлы оқыту ол оқушының дамуы мен білім алуына өзара тығыз ықпалдастық пен бірлескен жұмыстар арқылы жүзеге асырылып, мұғалім сабақта бағыт беруші болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. «Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез- келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету айтылғандай оқушының дамуы мен есте сақтауына ықпал ететін білім алатын ортасы мен сабақта қолданатын инновациялық тиімді әдіс-тәсілдер. Ол үшін ең алдымен өз пәнін жетік меңгерген, 45 минуттық сабағының 20-25 минутында өзі

сөйлеп, өзі түсіндіріп, өзі бағалайтын мұғалімнің ұстанымын өзгерту, сындарлы оқытудың теориялық негіздерінің мақсат-міндеттері мен маңызын түсінетін, ұстанымын өзгерткен мұғалім болуы қажетті.

«Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны негізгі құндылық есебінде атап көрсетеді. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануы мен сыныптағы іс-әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез-келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс». Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім», — деп атап өткендей, еліміздің болашағы мен оның дамуына үлес қосам деген әрбір патриот мұғалім сындарлы оқытудың теориялық негіздерін оқып-үйреніп, оны сабақтарындарында тиімді қолданып, табысты оқытудың негізі болып саналатын Шульманның үш көмекшісі: кәсіби түсінік, оқытудың тәжірибелік дағдылары, кәсіби-адамгершілік тұтастық қасиеттерін бойына сіңіруі қажет[1].

«Сапалы оқыту – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған кезде жүзеге асырылады. Сапалы оқыту оқушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады». Өмір бір қалыпта тұрмайды. Бір жылдың өзі төрт мезгілімен өзгеріп отырса, қоғамның алға дамуы, ақпараттық технологияның өмірімізге қарыштап енуі мектептегі оқытудың да өзгеріске ұшырауы мені де ойландырып, ілгері деңгей бағдарламасы бойынша білімімді жетілдіріп, оқыту мен оқуды жетілдіруді, мектебімнің мұғалімдерінің кәсіби дамуы мен оқытуды жақсарту бағытында жұмыстар жүргізіп келемін. Өз тәжірибемді жетілдіру мақсатында алдымен деректермен жұмыс жасауды бастап, дереккөздер : оқушылар, ата-аналар мен ұстаздардан дұрыс таңдалған сауалнамалар алу арқылы және мектептің даму жоспарындағы жылдық талдаулар нәтижесіндегі мектептің дамуына кедергі келтірген маңызды мәселелерді анықтау нәтижесінде 7 А сыныптың оқуы мен оқытуын жақсартуға ықпал ететүші зерттеу сұрағым пайда болды. Басты мәселе : оқушыларға күнделікті сабақта білім деңгейін бағалайтын 5 балдық жүйенің баланың дамуына, ынтасы мен қызығушылығының артуына ықпалының жоқ екенін зерттеу сұрақтары арқылы көз жеткіздім. Енді осы кедергіден шығудың жолы сындарлы оқытудағы оқыту үшін бағалау және оқуды бағалауды сабақтарыма енгізу арқылы білім берудің сапасын арттыру болып табылды. Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (Александр, 2001) [2].

Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин . Қалыптастырушы бағалау әрбір сабақта оқушының тақырыпты меңгертуге, білім дамытуға ықпал ететін оқу мен оқытуды жетілдіреді. Олар қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдіс-тәсілдері мен кері байланыстың түрлері. 7 А сыныппен математика пәнінде сабақтарымда жүргізілетін зерттеу сұрағым: «Топтық және жеке жұмыстарда қалыптастырушы бағалауды тиімді қолдану қалай ықпал етеді? ». Ен алдымен бағалау түрлерін әрбір сабағымда тиімді қолдана алуды назарға алдым. Бағалау түрлері : бақылау, интерпретация, қорытынды. Әрбір сабақта жаңа сабаққа кіріспе, жаңа сабақты меңгерту, жаңа сабақты бекіту кезеңдерінде қолданылатын әдіс- тәсілдер қалыптастырушы бағалаудың түрлерін қамтиды. Топтық немесе жұптық жұмыстар берілгенде, оқушылардың бірлескен жұмысы кезінде оқушыларымның тапсырманы

қаншалықты түсінгенін, оны ортада талқылауын: оқушы оқушыға түсіндіруі, топтың кедергіге тап болуы немесе мұғалімнен көмек сұрауы, мұғалімнің топтық жұмыстың алға жылжуына бағыт беруі барлығы жіті бақылау арқылы тиімді іске асырылып отырды. Бақылау арқылы сабақтың бір кезеңінің сәтті өтуіне рефлексия жасай алдым. Ендігі кезең оқушылардың бірлескен жұмыс нәтижесін ортада қорғау интерпретация немесе жекелеген оқушылардың логикалық қорытынды жасауы. Бұл кезеңде оқушыларымның сабағымды қаншалықты игере алғанын, оны оқулық немесе ресурстағы нақты мәліметтер ғана арқылы көрсетпей өзіндік танымы мен көзқарастары, интернет материалдары, логикалық ойының нәтижесін көрсете алады. Білім алушы оқушыларымның сыни ойлауы дамиды. «Мерсер сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін анықтады, олар:— пікірталастық әңгіме, оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды;— кумулятивтік әңгіме, мұнда оқушылар бір-бірінің үлесін сынамайды және сындарлылыққа негізделеді;— зерттеушілік әңгіме, ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сыни тұрғыдан ойлау арқылы жалғасады (Merсер, 2000)». Осы әңгіменің үш түріндегі зерттеушілік әңгіме есеп шартын оқып, оның шешу жолдарын бірлесіп талқылау барысында жиі орын олады. Осы жерде алынған мәліметтерге интерпретация жасау арқылы шешу жолдарын анықтап, бірлесе отырып, шешуге бағытталады[3].

Оқушыларыма берілген міндеттер (тапсырмалар) есте сақталып, оқушының қызығушылығын арттыру үшін олардың қабылдауы мен дағдыларына сай тапсырмалар қарастырамын. Олай болмаған кезде «Мұғалім оқушыларда Чиксентмихайи (2008) «өзіндік мақсат» деп атайтын және Райан мен Деки (2009) «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс. Басқаша айтқанда, оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады. Оқушыларымның жұмыстары бақыланып, олардың жұмысқа тиімді немесе логикалық қорытынды жасауына мен емес енді оқушылардың өзі баға беріп, қорытынды жасайды», - деп Топтарға бірілген тапсырма топ мүшелерінің қорғауының нәтижесінде, енді өзара кері байланысқа ұласады. «Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады». Оқушылар арасында бірін- бірі жақсы тыңдау мен түсінудің нәтижесінде енді көкейде туындаған сұрақтар қойылады. Бұл оқушылардың қаншалықты сабақты меңгеруге ұмтылысын, танымын, өзара бағалауына ықпал етеді. Блум токсономиясы ойлау деңгейінің алты сатысы білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау бөлімдері бойынша қойылған сұрақтар оқушының даму деңгейі мен білімді қалыптастыруға, білімді ары қарай дамытуға қалай ықпал етемін деген сұрақтарыма жауап аламын. Топтық жұмыстар барысында көбіне білу, түсіну, қолдану, талдау сұрақтары қойылып, сол сұрақтар төңірегінде пікірлесіп, ортақ шешімге келсе, ал жинақтау мен бағалау сұрақтары топтық жұмысты қорғау, жұмыс нәтижесінің бағалануы кезінде топтар арасында қойылады[4].

«Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- 1 -оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
 - 2 -оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
 - 3 -білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
 - 4 -оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;
 - 5 -оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
 - 6 -оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі-оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне жәнебағалауына ықпал етеді;
- 1) әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін
 - 2) тереңдетеді және шоғырландырады;

3) оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды» 7 А сыныппен жүргізіліп жатқан математика сабағындағы білім беру сапасын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан зерттеу жобамның негізгі бағыты осындай теориялар мен оқыту мен оқуды жақсатудың жолдарына негізделген. Сындарлы оқытудың теориялық негіздеріне сүйене отырып әрбір сабағымды сыни ойлана отырып, оқушылардың білімінің қалыптасуына ықпал ететін әдістерді қолданып өтуімнің нәтижесінде, оқушыларым айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Олар, ортақ проблеманы шешуде бірлесіп жұмыс істей алды, әдіс-тәсілдерді қолданып, ойлау дағдыларын, оны жеткізу дағдылары қалыптасты. «Автор орындығында» ойқорытса, «Алты қалпақ», «кубизм», «балық қаңқасы», «Болжау кестесі», «Фрайер», «температура өлшеу» т.б әдістер арқылы тапсырмаға логикалық қорытынды, интерпретациялар жасап, «Соңғы бес минут», «Тарсия», «Сэнгвич», «Плюс, минус, қызықты», «Білдім, білгім келеді, үйрендім» т.б тәсілдер арқылы сабақты меңгеру деңгейіне кері байланыстар жасап, «Блоб ағашы», «Табыс сатысы», «Күн, бұлт, жауын» т.б кері байланыс түрлеріне дағдыланып, өздерін өздері бағалай алды. Білім беру сапасын арттыру бағытында жүргізілген зерттеу жұмысымның барысында кедергілерге де кезіктім. Соның бірі оқушылар жаңа сабақты игерту мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сабақ мақсатын өздері қойып, бүгін не үйренетінін анықтағанмен, жаңа сабақты игеру барысында топтық жұмыста белгіленген уақыт жетпей қалды. Оның себебі, оқушыларға сабақ материалының қиындығы мен бұған дейін таныс болмауы әсер етті. Бұл кедергіден шығар жолдың бірі ұстаз Асхат Алимовтың мақаласындағы үй тапсырмасын берудегі «төңкерілген әдіс» түрін қолдану дұрыс деп таптым. Оқушыға келесі жаңа сабақ материалы үйден оқуға немесе сол тақырып пен өткен тақырыпты байланыстыратын тапсырмалар беріледі. Оқушы ізденіп, оқып келсе жаңа сабақта берілген ресурсты оңай қабылдап және тобындағы достарына да түсіндіре алып, топ жұмысын сәтті қорғай алады. Үйден жақсы дайындықпен келген оқушы басқа топтардың да жұмысын ыждақатты тындап, өзіндік сұрақтарын қойып, дұрыс баға бере алады. Екінші кедергі, оқушылардың математикалық сөйлеу дағдысының төмен болуы. Негізі математикалық есептер оқушыны алдымен үнсіз тыныштыққа, яғни жеке ойлануына әкеледі. Сондықтан сол жеке ойлауға дағдыланған оқушыларымыз ортақ пікірлесу мен талқылауға келгенде қажетсіз деп түсінді. Бірақ ылғи сөйлейге, белсенді оқушыны ғана тартпай, үнсіз ойлану мен есептеуге үйір оқушыларды қалыптастырушы бағалау арқылы ортаға тартып, аз ғана жетістігі мен талпынысын көтермелеу арқылы белсенділігін арттырдым. Осымен тоқталатын жоба емес, әлі зерттеу мен шешімін табу керек кедергілер кездеседі. Әрбір сабағымда өз жұмысыма рефлексия жасап, әріптестерімді сыншы дос ретінде сабағымға шақырып, қалыптастырушы бағалауға жақсы әдіс- тәсілдерді іздестіріп, білім берудің сапасын арттыру жолында жұмыстар жасай беремін.

Елбасының 2017 жылы 13 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» баяндамасында 21 ғасырдағы Ұлттық сана туралы бөлімінде әрбір Қазақстанның санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап көрсетті, соның бірі бәсекеге қабілеттік деп, халықаралық деңгейге жетудің жолдарын, олар үштілділік, компьютерлік сауаттылық пен мәдени ашықтық деп көрсетті. Сондықтан балаға білім беруде негізгі математикалық терминдердің үш тілді мағынасын ашып көрсетіп, үйретсек, оқушының өмірде қолданысқа енгізуде, ізденуіне пайдасын тигізері сөзсіз. Ол үшін, әрине, біз өзіміздің тілді меңгеруге деген қажеттілігімізді туындатады. Компьютерлік сауаттылыққа бүгінде 75 % мұғалімдер сауатты деп ойлаймын, математика сабағында электронды оқулықтар мен bilimland.kz сияқты сайттарға кіріп, математика, алгебра, геометрияның әрбір сабағына теориялық материалдар, видеолар, тестер, тапсырмаларды орындап, өзін- өзі бағалауына мүмкіндік беретін тапсырмаларды орындатып жүрмін.

Мәдени ашықтық – ол да заман талабы деп білемін. Өз ойын ашық айту, түсінбесе сұрақ қоюға дағдыландыру, түсінсе зерттеушілік әңгімеге негіз болар сұрақтар дайындауға үйрету, баланың танымын кеңейтіп, өмір туралы түсінігін дамытады. 4-

бағыты : білімнің салтанат құруы деп көрсетілген. « Білімнің салтанат құруы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді» . Бұл бағытта еліміздегі ұстаздар қауымының үлесі зор деп есептеймін. Бүгінгі жаңартылған білім беру жүйесіне көшу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар соның дәлелі.

Жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші ілгері деңгей. Екінші басылым 25 б
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей 32 б
3. Білім туралы Заң. Астана. Ақорда. 2007ж. 27 шілде. №319-ІІІ ҚР
4. « Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Н.Назарбаев 13.04.2017 ж.

ӘОЖ 372.853

БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Алмағамбетова А.¹, Таймуратова Л.У.²

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.,
Қазақстан

²Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Бейіндік оқытуға көшуде мұғалімге жоғары талап қойылады, яғни мұғалімдерді жаңа жағдайға сәйкес даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау қажеттігі туады. Аталған мәселені шешу кешенді түрде жүзеге асуы тиіс.

Түйінді сөздер: бейіндік оқыту, оқу әдістемелік кешен, мұғалім, оқушы, білім бағдарламасы.

Бейіндік мектеп – бейіндік оқытуды іске асыратын оқытудың институционалдық формасы болып табылады [1].

Бүгінгі күнде Қазақстанда 11 жылдық білім беру стандарттарын іске асыру жағдайында екі деңгейлік оқу бағдарламалары мен бейіндік оқытудың 10-11 сыныптардағы оқу пәндері бойынша қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарының оқу-әдістемелік кешендері дайындалды.

Бейіндік білім беру мекемесінің оқу жоспарын жасау барысында есте ұстайтын қағидаттар бар. Оның алгоритмі төменде көрсетілген (1-сурет).



Сурет 1- Бейіндік оқытудың оқу жоспарын құрудың алгоритмі

Жоғарыда көрсетілген бейіндік оқытудың оқу жоспарын құрудың алгоритмінің әр кезеңіне тоқталып өтейік:

1-кезең – мектеп бейінін анықтау. Оны анықтау оқушылардың қабілеттері мен бейімдеріне орай өздерінің және ата-аналарының сұраныстарына және оқу орнының мүмкіндіктеріне байланысты жүреді. Бірінші кезекте нақ оқушының өзінің қызығушылығы қойылады, ал мектеп басшысының және мұғалімдердің міндеті – оны мектеп мүмкіндігімен сәйкестендіру болып табылады. Оқушылардың бейімі мен қабілеті, сұраныстары мен қызығушылықтары бейіналды даярлық барысында түрлі әдістемелер арқылы анықталуы тиіс [2].

2-кезеңде мектеп тиісті бейіннің мазмұнын айқындайтын білім беру бағдарламаларын ұсынады, әрі ол бағдарламалардың баламалылығын қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде алдымен Базистік оқу жоспарына сәйкес міндетті және бейіндік пәндер анықталып, мектеп ұсына алатын білім бағдарламаларының тізбесі жасалады. Ол тізбе оқушылардың қызығушылықтарына орай толықтырылып, бағдарламалардың баламалы болуы ойластырылады. Ұсынылатын бағдарламалар тек бейін бағытына ғана емес, сонымен бірге жалпы дамытуға бағдарланған болуы керек.

3-кезеңде әр оқушы ұсынылған бағдарламалар ішінен өзінің сұранысына жауап беретіндерін таңдап, өзінің жеке оқу жоспарын жасайды. Одан кейінгі кезеңде оқушылардың жеке жұмыс жоспарлары сыныптар бойынша оқу жоспарларына біріктіріледі. Тиісінше сыныптардың оқу жоспарынан мектептің жұмыстық оқу жоспары құралады. Осылай еткенде ғана әр оқушының жеке даму траекториясы қамтамасыз етіледі.

Бейіндік оқытуды ұйымдастыру үшін алдымен бейіндік оқытуды іске асырудың моделін құру қажеттігі туындайтыны белгілі. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті А.А.Мұқатаев бейіндік оқытуды іске асырудың моделін ұсынған [3].

Осыған байланысты, қазіргі таңда білім бағыты бойынша дайындалып жатқан мамандар үшін, жоғарыда аталған модельді негізге ала отырып бейіндік оқытуды

ұйымдастыру жолдарын түсіндірсе, сонымен қатар, бейіндік оқытуға бағытталған бағдарламалар мен басқа да құжаттарды оқу процесі кезінде үйретсе, келешекте олардың бейіндік оқыту жөнінде толыққанды білімі болатыны белгілі.

11-12 сыныптардағы бейіндік оқытудың қалыптасқан мақсаттары және ұйымдастыру құрылымы ұйымдастырудың әр алуан түрлерін ұсынады. Бейіндік оқытуды таңдаудың негізі болып оқу мекемелерінің білім беру қорларымен қамтамасыздығы қаралады. Бейіндік оқытудың негізгі ұйымдастыру түрлеріне мектепшілік және желілік бейіндік оқыту жатқызылады. Болашақта жалпы білім беретін 12 жылдық мектептің жоғарғы сатысында бейіндік оқыту оқушылардың қабілетіне, бейіміне, дара ерекшеліктеріне және сұраныстары мен қажеттіліктеріне байланысты толыққанды білім алуын қамтамасыз етуге және құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз болар еді. Қазіргі таңда физика пәнін бейіндік мектепте оқытуды жетілдіру жолдары қарастырылып жатыр [4].

Барлық дамыған елдерде жоғары сыныптағы жалпы білім бейіндік болып табылады және бұл бағдарлама мектептердің соңғы екі оқу жылын қамтиды. Ондай елдердің қатарында Германия, Швеция, АҚШ, Канада, Франция, Италия, Англия, Қытай, Жапония және т.б. елдер бар. Және аталған елдерде бейіндік мектептерде оқитын оқушылардың саны қазіргі таңда 70 пайыздан кем емес.

Мысалы, Англияда бейіндік білім 12-13-ші сыныптарды қамтиды және оқушыларды жоғары оқу орындарына дайындайды. АҚШ-та бейіндік оқыту жүйесі орта мектептің соңғы 2-3 жылын қамтиды және үш бағыт бойынша: академиялық, академиялық емес және кәсіптік бағытта білім беріледі. Оның ішінде, бірінші бағыт - жоғары оқу орындарына түсуге, қалған екеуі – колледждерге түсуге мүмкіндік береді.

Бұл, біріншіден, педагог мамандарды даярлау саласында тиісті бағдарламалар және педагогикалық практика арқылы, екіншіден, мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде тиісті деңгейдегі теориялық және практикалық курстар арқылы, сол сияқты алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қорыту арқылы жүреді.

Бейіндік оқытуды жүзеге асыру үшін мұғалімнің қандай кәсіби білімі мен іскерлігі болуы керек?

-оқытудың тұлғалық-бағдарлық, жеке-даралық құзырлығының әдістемелік негізі мен оларды жүзеге асырудың механизмін;

-базалық және бейіндік деңгейіндегі пән бойынша білім мазмұнын,

-элективтік курстарды әзірлеу мен ұйымдастырудың әдістемесін;

-оқушылардың жобалық, ғылыми-зерттеушілік қызметін ұйымдастырудың әдістемесін білуі керек;

-өзінің білімін жетілдірумен айналасу керек:

1. Педагогикалық әдебиеттердің жаңалықтарын, оқытатын пән бойынша қосымша ғылыми материалдарды оқып-қарастыру.

2. Жаңа бағдарламалар мен оқулықтарды қарастыру, оның талаптары мен ерекшеліктерін анықтау.

3. Жұмыс дағдыларын компьютерде қолдану, сабақта оқытудың техникалық құралдарын пайдалану.

4. Ғылыми-зерттеу тақырыбында жұмыс жасау.

Педагогтар мен оқушыларды базистік оқу жоспарының бейінді компоненті бойынша қазіргі оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету бейіндік оқытуға көшудің өзекті және тез шешуді талап ететін мәселесі болып табылады. Бейінді компонент мазмұны мен білім беру стандартының талаптар жүйесіне сәйкес келетін курстар, оқу пәндері, модульдер, оқытылатын элективтік курстар жиынтығынан тұрады.

Оқу үдерісіндегі кәсіби оқыту тұжырымдамасы жүйелі өзгерістермен байланысты. Бейіндік оқыту жағдайында мұғалім қамтамасыз ету керек мәселелер:

- білім беру үдерісінде вариативтілік пен даралыққа бағыттау (білім беру аумағын жобалау);

- оқушыларда мемлекеттік стандарт компетенттілігін қалыптастыру мақсатында білім беру үдерісін іс жүзінде бағдарлап отыру;

- жоғарғы сынып оқушыларында кәсіптік таңдауды аяқтау және таңдалған сала бойынша кәсіптік білімді жалғастыруға қажет компоненттерді қалыптастыру.

Жоғары мектептегі бейіндік оқыту жетістіктері педагогтардың дайындығына, тәжірибесінің сапалық өзгерісіне байланысты. Мұндай сапалы өзгерістерге жататындар:

- пәннің мазмұнын бейіндік деңгейде меңгеру;

- сабақта қолданылатын және қолданылмайтын, біліктіліктің түрлері мен формаларының көптүрлілігін арттыру (оқушылардың зерттеу және жобалау жұмыстары, танымдық еңбекті ұйымдастырудың топтық және жеке түрлері);

- білімді бағалау жүйесінің өзгерісіне дайын болу;

- элективтік курстарды ұйымдастыру әдістерін меңгеру;


- оқытуда біліктілікті дамытудың мағынасын түсіну.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің сапалы өзгерісіне бірінші себебі парадигманың ауысымы, дәлірек айтқанда оқыту парадигмасынан оқу парадигмасына көшу болып табылады (2-суретке сәйкес).

Дәстүрлі оқыту жүйесінде басты субъект педагог, ол білім үдерісінің жүруін жобалаушы және басқарушы болып табылады. Бейіндік оқытуда білім алушы білім беру үдерісінің басты субъектісі ретінде көрінеді және ол өзі білім беру үдерісін жобалайды және бағыттап отырады [5].

Бұл өз кезегінде педагогикалық өзгерістердің ұйымдастырылуын негіздейді: егер бірінші жағдайда педагог пен білім алушының жеке іс-әрекеті қажет болса, екінші жағдайда білім алушының белсенділігі ғана қажет (мектеп аясында болуы міндетті емес), педагогтың жеке қатысуы міндетті емес.

Бірінші жағдайда педагог оқу бағдарламалары мен курстарын тікелей білім беру (трансляция) мақсатында жобалайды, екінші жағдайда білім алушыларға жеке білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында дамушы білім ортасын қалыптастырады.



Сурет 2—Оқыту парадигмасынан оқу парадигмасына көшу

Бірінші жағдайда оқыту кумулятивтік және сызықтық сипатта болады, екінші жағдайда ашық жүйе түзуші сипатта болады. Шынайы бағалау түрлерін қолдану мұғалім тарапынан педагогикалық жаңа бағытты талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Орталық Қазақстан. 2003. 27 желтоқсан. 3б.
2. Абдыкаримов Б.А., Мамерханова Ж.М., Соколова М.Г. Методическое пособие к изучению курса. «Педагогика профильного обучения». – Караганда, 2007. -243с.
3. ҚР Бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасы, Астана. 2010
4. Рахимжанов А.М. Профильное обучение: проблемы перехода и создание эффективной образовательной среды. //Білімдегі жаңалықтар. 2008. №1 С.10-11.
5. Мұқатаев А.А. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру. Қарағанды, 2009. 103б.

ӘОЖ 502/504

СОҢҒЫ ОН ЖЫЛДЫҚТАРДАҒЫ ЖЕР КЛИМАТЫНА ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бисенова Л.Е.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. мақалада қазіргі ғаламдық проблемалардың ішінде әсер ету аймағы да, әсері де шын мәніндегі ғаламдық сипатқа ие болып отырған климаттың жаһандық өзгеруі проблемасы, алғышарттары мен әсер ету ауқымы туралы, жылыжай құбылысының климат өзгеруіне әсері және аталмыш проблеманың қоғамдық өмірдің әлеуметтік, экономикалық сфераларына тигізетін зардаптары туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: климаттың өзгеруі, жылыну құбылысы, CO₂ концентрациясы, шөлейттену, жылыжай эффектісі.

Қоршаған орта жағдайы мен онда болып жатқан өзгерістер туралы ақпаратты адамзат қоғамы ерте кезден бері өз өмірінде, шаруашылық іс-әрекеттерді жүргізуде үнемі қолданып отырады. Соңғы жүз жылдан бергі уақытта табиғи ортаға бақылау тұрақты жүргізіліп келеді. Мұны метеорологиялық және фенологиялық зерттеулер нәтижесінен көруге болады.

Техниканың дамуымен бірге адамның табиғатқа тигізетін әсері де артып, оны өзгерту қарқыны өсіп отырған осы кезде адамзат қоғамы табиғат байлықтарын экономиканың барлық саласында пайдалану үшін геофизикалық ақпараттың маңызы мен қажеттілігі арта түсуде. Осындай ақпараттардың көмегімен түрлі іс-шараларды жүзеге асыруға керек ең тиімді табиғи жағдайларды анықтауға және шаруашылық жүргізу үшін қолайлы және қолайсыз факторларды болжауға, адамдардың тіршілігі мен шаруашылық іс-әрекетіне жағымсыз ықпал етуі мүмкін жағдайлардың әсерінің алдын алуға мүмкіндік туады.

Мұндай ақпараттардың құрамына қоршаған ортаны бақылау туралы мәліметтер, табиғи жағдайлардың, әсіресе алдымен климаттық жағдайлардың өзгерісіне болжау жасау кіреді.

Соңғы он жылдықтарда бүкіл әлемде адамзат қоғамының табиғи ортаға тигізетін әсері күрт өсіп, табиғатты есепсіз пайдаланудың өте үлкен апаттарға апарып соғатыны анықталып отыр.

Қыста қар орнына жаңбыр жауатын кезеңдер бұдан бұрын да тарихта болғаны кұпия емес. «Дождь идет в декабре» деген ақын өлеңінің жолдары мен «Қысты күні жаңбыр жауғаннан сақта ...» деген мақал сөзі осының дәлелі. Бірақ Жер планетасы дамуының геологиялық тарихы бойында ешқашан 1960-2010 жылдар арасындағыдай атмосферадағы СО мөлшері мен оның күрт өсуі фактысы ешқашан да байқалмаған. Міне нақ осы құбылыс соңғы он жылдықтар ішіндегі климаттың даму ерекшелігі болып отыр. Жер бетіне таяу атмосфера қабатындағы ауа температурасы көрсеткіштері бойынша ғана қазіргі климаттың өзгеруі жайлы айта салуға болмайды.

1930 жылдары Арктикаға жасалған «Челюскин» экспедициясы кезінде де ауа температурасы жалпы 20 ғасырдың орташа температурасымен салыстырғанда жоғары болды. Бірақ ол кезде атмосферадағы СО₂ мөлшерінің өте жоғары жиналуы байқалмаған және температураның өсуі тропосферада да, стратосферада да жүрген. Яғни бұл бүкіл атмосфералық бағанның біркелкі жылуын көрсетеді. Ал қазір жылыну құбылысы тек тропосферада байқалып, стратосферада керісінше суыну құбылысы байқалып отыр.

Сондықтан климаттың антропогендік бағытта өзгеруі температураның өсуімен емес, атмосфераның химиялық және физикалық құрамының өзгеруімен түсіндіріледі. Яғни адамзат қоғамы климаттық жүйеге тікелей әсер етіп отырған жоқ, ол атмосфераны шаң-тозаңмен ластай отырып, СО₂ мен метанның артуына негіз болады және жаңа жасанды газдар шығарып, ормандарды кесу арқылы альбедоны өзгертіп, самолеттерде ұшып, будақ бұлттарды көбейтуде. Осындай әрекеттер климатты жылытуы да (СО₂, метан, N₂O, т.б. жылыжай газдардың артуы), салқындатуы да (атмосфераның аэрозольдермен ластануы) мүмкін.

Әрине, антропогендік әрекеттердің әсерінен-отынды жаққан кезде-атмосфераны қыздыратыны ақиқат. Оған мысал ретінде қалаларға тән «жылы аралдарды» айтуға болады. Мұндай жерлердегі ауаның температурасы қаланың сыртындағы ауамен салыстырғанда 5°С жоғары болып келеді. Бірақ, ғаламдық масштабта бұл әсердің ролі жоқ десе де болады, себебі мұндай температуралық айырмашылық тіпті сол шағын аймақтың климатына да айтарлықтай ықпал ете алмайды.

Әлем ғалымдары климат өзгеруіне әсер етуі мүмкін деп есептелетін барлық факторларды, атап айтар болсақ, геологиялық және геомагниттік факторларды, соның ішінде атмосфераға қарқынды түрде жылу мен СО₂ бөлуші жанартаулар әрекетін, космостық шаң мен космостық сәулеленуді де назардан тыс қалдырмауға тырысуда.

СО₂ концентрациясын өлшеу оңай және мұндай бақылау-өлшеу жұмыстары әлемнің 300-ге тарта зерттеу станциялырында жүзеге асуда. Және нақты қай жерде өлшенетіні де маңызды емес, себебі СО₂-нің ауада тез тарап, басқа газдармен жылдам араласатыны белгілі. Сондықтан да адам ең алғаш көмір, содан соң мұнай мен газ өндіріп бастаған кезден бері СО₂-нің планеталық айналымына белсенді араласа бастады [1].

Қазіргі кездегі климаттың өзгеруіне дәлелдер. Барлық Қазақстан аумағындағы зерттелген аралықта (1894-1997), ауаның орташа жылдық температурасы 1,3⁰С көтерілді және 1961-1990ж. өткен отыз жылдыққа қарағанда жоғары болады.

Ақтөбе облысындағы жер шаруашылығы мен мал бағуға жарамайтын жерлер 70%-ға жетті. Тастап кеткен жерлер саны 320 мың гектар, «жапырылып» қалған мал жайылымдар көлемі-мың гектарға жуық. Облыстық аймақтық экология басқармасының мәліметтері бойынша Байғанин, Ырғыз және Шалқар аудандарының жерлері эрозияға ұшыраған.

Құрғақшық нәтижесінде ауыл шаруашылығына бөлінген жер 1991 ж. 220,7 млн гектардан 2001 ж. 90,9 млн, гектарға қысқартылды. Жердің азаюынан (жоғалуынан) негізгі дақыл егетін аумақ 1990 ж. 35,21 млн. гектардан 1990 ж. 15,3 млн. гектарға, ал астық егетін жер 23,4 мың гектардан 11,4 млн. гектарға қысқартылды.

Бұл жерлердің мелиорациясыз табиғи жолмен қалпына келуі үшін кемінде 20-30 жыл уақыт қажет.

Көшкін күшеюде - ғасырлар тоғысында Өзбекстанда он екі мыңнан астам учаскеде жылы 250 көшкін болғаны тіркелді, ал ерекше ылғалды жылдары олардың саны мыңнан асып, көлемі 30 текше метрден миллионға дейін барады. Ташкент, Самарқант, Қашқадария және Сұрхандария облыстарында Ферғана алқабында қауіпті жағдайлар аумағы жарты миллион гектар жерді алып жатыр.

Бұл мемлекеттің «Узбекгидрогеология» геологиялық кәсіпорынның мәліметтері.

Қазақстандағы көшкін, ал Ұлыбританияда су апаты күшейюде. Соңғы 53 жылда Ұлыбританиядағы үлкен су апаты жалғасуда. Қазіргі уақытта 5 мыңнан астам үй және жеке жер учаскелері батып кеткен. 26 өзен жағасынан шыққан, елдің 43 ауданы апаттық ауыртпашылық аймағы болып қалады [2].

Соңғы 30 жылда әлемдегі құрғақ аудандар көлемі екі еседен артық өсіп отыр. Австралияның тең жартысын алып жатқан шөл аймақтардың пайда болуына адамның әсері көп болады. Американдық және Австралиялық ғалымдар бұл тақырыпқа арнайы зерттеу жүргізіп, көшіп қонушылар бұл континеттегі пейзажды олардан бұрынғыға көп өзгерткендігін дәлелдеген. 125 мың жыл бұрын мұндағы климат өте дымқыл болған екен.

Климаттың өзгеруінің маңызы бар ма? Осы күнгі адамдар, көптен бері, «табиғат баласы» емес, бірақ оның өмірі мен іс-әрекеті климатқа тәуелді болып қалды және ландшафты-климаттық жағдайлармен анықталады.

Әлемде ылғи төтенше жағдайлар болып отырады. Олар адамдардың, жануарлардың шығындарымен ормандармен жайылымдарды құртуға әкеліп соғады. Мұндай құбылыстарды табиғи апат деп атайды. Олар өзінің бұзу күшімен және болжауға болмайтын салдарымен таң қалдырады.

Климаттың әсері тек тікелей температураға немесе ауаның дымқылдылығына емес сонымен қатар тамақ, су, өмір сүру жағдайына, баспанасына байланысты болады.

Адамның шаруашылық іс әрекеті климаттың өзгеруі мен ауа райы құбылыстарына байланысты болады. Адамзат белгілі бір дәрежеде жаңа климат эпохаларына ыңғайланады. Адамның іс әрекеті мен стратегиясы және өмір сүру әдісі климаттық жағдайларға тәуелді.

Ауыл шаруашылығынан басқа шаруашылықтың бірде бір түрі климаттық жағдайлардан қатты зардап шекпейді. Егер бұрын ауыл шаруашылық жұмыстары толығымен климаттық жағдайларға тәуелді болса ал қазір жыл сайын ауыл шаруашылығының дамуы мен өсуіне байланысты климаттың кері әсерін төмендету жайында іс шараларды жүргізу қолға алынып отыр.

Климат мұхиттағы балық шаруашылығына да әсер тигізіп отыр. Соңғы жылдарда балық өндірудің тез қысқарғаны байқалып отыр. Климаттың өзгеруі балықтардың миграциясының өзгеріп, олардың санының қысқаруына әкеліп соқты. Жылыну барысында кейбір балық түрлерінің солтүстікке ауысуы байқалады. Бұл жерде тек температураның көтерілуі ғана емес сонымен қатар теңіз балықтар үшін негізгі қорек фланктондардың көлемінің өзгеруі де әсер етті.

Барлық климаттық зоналардағы құрылыс объектілерін салуда климат «негізгі архитектор» болып табылады. Кез келген көлік түрі ауа райымен климатқа байланысты.

Ғалымдар мен климатолог-мамандардың пікірінше, климаттың қазіргі байқалып отырған өзгерістері емес, келешектегі өзгеру болжамдары қауіпті болмақ. Оның үстіне климатты зерттеу ісінде әлі шешімін таппай отырған мәселелер өте көп.

Солай бола тұрса да, 2009 жылы әлемнің климатолог ғалымдары өздерінің тұжырымды баяндамаларында соңғы онжылдықтар ішінде климаттың өзгеруіне әсер етіп отырған маңызды фактор антропогендік әрекеттер деген ортақ шешімге келді.

Жалпы адам әрекетіне, атап айтқанда оның ауаға шығарып отырған СО2 шамасына қарап (яғни әлемдік энергетика дамуына- көмірді, мұнай мен газды тұтыну мөлшеріне), болашақта климаттың қалай өзгередіні жөнінде болжам жасауға болады. Дәл осы себептер қазіргі кезде қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына түрткі болады деп күтілуде.

Себебі планетаның түрлі бөлігіндегі қалыптан тыс ауа-райы құбылыстарының, дауыл желдер мен нөсерлердің, су тасқындары мен құрғақшылықтың етек алуы, ең бастысы олардан келетін залалдар мен олардың табиғи ортаға тигізер зияны экологтардың басты проблемасы болып отыр.

Біздің аридтік аймақта орналасқан еліміз үшін бұдан туындайтын ең басты проблема ел территориясында құрғақшылықтың етек алуы мен шөлдену процестерінің қарқынды дамуымен қауіпті.

Бүкіләлемдік жылыну үдерісі басталып та кетті. Климаттың өзгеруі жөніндегі Үкіметаралық сарапшылар топтарының бағалауына сүйенсек (КӨҮСТ–МГЭИК), 1850 жылдан бері әлемді қамтитын Жер беті ауасының орташа температурасы шамамен $0,5^{\circ}\text{C}$ -ге жылынған.

Енді болашаққа көз салып білейік, бізге және бізді қоршаған ортаға, ілгеріде температураның көтерілуі қалай әсер етеді екен?

Ауа райының өзгеруі және ауыл шаруашылығы. Алда келе жатқан жылыну үдерісі адамзатқа тікелей қауіп төндірмесе де, кейбір көлденең әсерлері бар. Температураның ылғалдылық пен күн сәулесімен қамтамасыз болуының өзгеруі, ауыл шаруашылығы өндірісінің қалыпты ағымының бұзылуына негізгі себеп болып табылады. Ауа райының үлгілеріне орай, орташа әлемді қамтитын температураның жоғарылауы, теңіз деңгейінің көтерілуіне: ауыл шаруашылығына пайдалануға жарайтын егістік жер, орман, жайылым т.б. су басып кетуге және жағалаулардағы жерасты суларының тұздануына, теңіз дауылы немесе алапат ыстық табиғи апаттарының жиі қайталауына, сондай-ақ климаттық зоналардың полюстарға қарай жылжуына және құрлық беті едәуір бөлігіндегі топырақтық ылғалдың азаюына әкеліп соғады.

Жауын-шашын режимінің аймақтық шарттары өзгереді. Әлемді қамтитын ауқымды табиғаттағы су айналымының үдеуі күтілуде. Бұл жауын-шашынның көлемі көбейетінін, бірақ оның тез арада буланып, өсімдіктің даму маусымы кезінде ең қажетті кезеңде топырақ құрғап қалады деген сөз.

Бұрындары құрғақшылыққа душар болмаған аудандардағы қуаншылық немесе ұзаққа созылған аптап ыстықтар, таза ауыз су қорын азайтуы мүмкін. Бұл мәселе әсіресе кедей ел тұрғындарына нақты қауіп төндіреді, себебі олар қазірдің өзінде бұл тығырықтан әзер дегенде шығып отыр.

Ауа райы және егіншілікке жағдайлы ауа райының аумақтары полюстерге қарай ойысады (жылжиды). Температураның едәуір жоғарылауы экваториалдық аумақтарда емес, керісінше полярға жақын аудандарда болғандықтан, ауа райы аймақтарының жылжуы неғұрлым жоғарырақ ендіктерде мейлінше көзге ұрып тұрады. Қоңыржай ауа райы ендіктер аймағында (450 тан 600-қа дейінгі) жылынудың әрбір градусына жылжу мөлшері 200-300 км-ге шейін жетуі мүмкін. Қазіргі заманғы климаттық ендік белдеулер кейбір дәнді дақылдар үшін оңтайлы болып келгендіктен, мұндай жылжулар ауыл шаруашылық дәнді дақылдарын өндіру мен қажетті мал басын ұстауға күшті әсер етеді. Қайсыбір дәнді дақылдардың жетілуін шектейтін фактор (себеп) температура болып табылатындықтан, олардың өсуіне ұзағырақ уақытты керек етуі мүмкін. Мәселен, Канаданың кең далаларында орташа жылдық температураның әр градус Цельсийге көтерілуі дақылдардың жетілуі кезеңін 10 күнге ұзартуы ықтимал [3].

Жазғы құрғақшылықтың нәтижесінен қоңыржай белдеулеріндегі егін шығымы 10-30%-ға қысқарады. Сондай-ақ жылыну үдерісі топырақтың ылғалдылығын да азайтуға әкеліп соғады: орташа жылдық температура 10°C -ге көтерілгенде қоңыржай ендіктердегі булану қарқыны 5%-ға жуық көтеріледі. АҚШ-тың Ұланғайыр Жазығы сияқты қазіргі кездегі жетекшісі астық өндіруші аудандар ілгеріде қуаншылыққа жиі ұшырап және ыстық шарпуына жиірек ұрынатын болады.

Ауа райының табиғи құбылмалылығы шөл жерлердің пайда болу үрдісін тездетеді. Қуаншылықтың үдей түсуі және оқтын-оқтын өзгеруі топырақтың құнарсыздануына қатты әсер етеді де, қуаншылық ауа райы бар жерлердің шөлге айналуына апарып соғады.

Бұл Солтүстік Африканың Сахель аймағында ерекше айқын көрініс береді. Онда кейінгі онжылдықта жауын-шашын мөлшері 20-40%-ға кеміп, топырақтың құнарсыздануы бел алған еді. Сондай-ақ жауын-шашынның азаюы өсімдіктерге өз әсерін тигізеді: көпжылдық шөптер бар-ақ жылдыққа айналып, көшеттердің орнын шөп басып кетеді. Қатты желдердің ұзақ уақыт соққан кезінде топырақтың құнарлы жоғарғы қабаты құрып, топырақтың бұзылып кетуіне апарып соғады. Тропикалық дымқыл аудандардың өсімдіші жоқ егістік жерлері жауын маусымы басталған кезде артық мөлшердегі су ағысы кесірінен құнарлы беті шайылып кетеді.

БҰҰ-ның (ауа райының құбылмалылығы жөніндегі) Рамо конвенциясында ауа райының өзгеруіне байланысты жерлердің шөлге, айталу арасында байланыс бар екенін дәлелденді. Конвенциясының мойындауы бойынша «шөл және шөлейт аудандарда, немесе су басып кететін, қуаншылыққа бейім аудандар әсіресе ауа райының құбылып тұруының зардабын көп тартады» делінген [4].

Ауа райының өзгеруі адамзатқа теңдесі жоқ әсерін тигізеді. Ауа райы өзгерісінің әсерін болжау бойынша саяси және экономикалық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін, оның өзі бұл елдердегі ахуалдың ширығуына жол береді. Осындай саяси және экономикалық қиындықтардың туындауы, ауа райы өзгеруінің негізгі себептерімен айналысудың қажеттігін назардан тыс қалдырады.

Климаттың өзгеру проблемасы ойдан шығарылған жоқ, бұл өзіне жіті назар аударуды қажет етіп отырған ақиқат. Жер планетасы он мыңдаған жылдар бойы біртіндеп суық дәуірге қарай-жаңа мұз басу кезеңіне қарай аяқ басты да, бірақ кенеттен климаттың салқындауының орнына жылыну құбылыстары етек ала бастады-XXI-XXII ғасырда, ғалымдардың есептеуінше адам әрекетінен туындаған ғаламдық жылыну құбылысы күтіп тұр. Әрине ол өзгерістер (антропогендік) табиғи факторлармен қауыша отырып дамидынықтан, бір кездері мүмкін жылырақ, ал жекелеген жылдары салқындау климат алмасып отыруы даусыз.

Бұл жерде басты қауіп-қатер климаттың жылынуында емес, оның тигізетін салдарында болып тұр. Климат пен ауа-райы элементтері арасындағы табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы аса қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың күшеюіне және көбеюіне, Әлемдік мұхит деңгейінің көтерілуіне, көп жылдық мұз қабатының еруіне әкеліп соғады деген күдік бар.

Адамдарға, экономикаға, экожүйелерге осындай өзгерістерге өздері өмір сүретін аймақ аясында алдын-ала біртіндеп даяр болу керек. Климаттың өзгеруі проблемасындағы әрбір адамның, ұйымның, қаланың, аймақтың ролін түсіну жеткіліксіз, сонымен қатар осылардың климатқа тигізетін әсерін барынша азайтатын (жылыжай газдарының ауаға шығарылуын азайту, ормандарды сақтау) және климаттың өзгеруінің салдарларын барынша минимумдық шамаға келтіретін нақты іс-шараларды жүзеге асыру керек.

Сонымен, CO₂ концентрациясының артуы соңғы кездегі климаттың өзгеруінің маңызды себебі болып табылатыны белгілі болып отыр.

Осылардың ішінде әсіресе, көмір, мұнай, газ секілді қазынды отын түрлерін жаққан кезде көмірқышқыл газдың шығарылуының ролі ерекше. Жоғарыда, сондай-ақ, қазірдің өзінде климаттың басынан өтіп жатқан өгерістердің қандай екендігі және алдағы он жылдықтарда тағы қандай құбылыстарды күту керектігі туралы айтылды. Әрине бұл болжаулардың арасында адамзат алдында тұрған өзгерістердің арасында қолайсыз салдарлардың қолайлы процестермен салыстырғанда әлдеқайда артық екені байқалады.

Сондықтан да CO₂ мөлшерін ауаға бөліп шығарудың мөлшерін азайту бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған басты міндет болып табылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы бойынша қабылданған Климаттық доктринада және оны жүзеге асырудың Кешенді бағдарламасында атап көрсетілген.

Бұл құжаттарда климат өзгеруіне жай ғана бейімделу әрекеттері жеткіліксіз деп атап көрсетіледі. Қазақстандағы барлық антропогендік жолмен жүзеге асатын CO₂ шығару энергетикада, көлікте, өнеркәсіпте және тұрмыста көмір, мұнай, газды отын

ретінде пайдалану арқылы өтіп жатыр. Әсіресе, еліміздің территориясы орналасқан ендіктердің табиғи ерекшелігіне байланысты отынның көп бөлігі жылу алу үшін пайдаланылады.

Сондықтан, қазіргі әрбір сауатты азамат жылуды алып қана қоймай, алынған жылуды сақтау шаралары туралы да хабардар болуы тиіс. Себебі жылуды сақтау мәселесі бір мезетте 3 проблеманы шешуге көмектеседі:

Біріншіден, экономикалық—себебі отын күн өткен сайын қымбаттап, осыған байланысты жылу мен жарық үшін төленетін төлем мөлшері артуда.

Екіншіден, технологиялық—біздің еліміз әлімнің дамыған елдерінен экономиканың энергетикалық тиімділігі көрсеткіштері бойынша артта қалып отырғаны ешкімге де құпия емес. Бұл туралы өте көп айтылып келеді және жылу мен электр энергиясын үнемдеу тек ірі кәсіпорындар мен биліктің міндеті емес, тұрғындардың барлығынан талап етіліп отырған шарттылық. Себебі энергия тиімділігі—жылу мен электр энергиясын қазіргі заманғы талап бойынша өндіру емес, ол осыларды үнемдеп пайдалану, ысырапқа жол бермеу. Экономистер есептеп шығарғаны бойынша біздің елімізде 1 кВт/сағ электр экономиясын үнемдеуге кететін шығындар (мысалы жаңа жарық шамдарға көшу), осы 1 кВт/сағ энергия беретін отынды өндіруге, тасымалдауға және жағуға кететін шығындардан 3 есе кем екен. Демек, Қазақстан үшін көмір, мұнай және газды берекетсіз жаға бергенше, энергияны үнемдеп пайдалану қай жағынан алғанда да тиімді.

Үшіншіден, климаттық—дәл осы айтылып отырған жылу мен электроэнергиясын үнемдей отырып, әрбір адам климатқа түсетін антропогендік әсерлерді азайтуға қол жеткізе алады.

Әрине бұл мәселені шешудің тағы бір жол баламалы энергия көздерін өндіріске, өмірге енгізу. Дегенмен, біздің елімізде жаппай дәстүрлі емес энергетикаға көшуге әлі мүмкіндік жоқ.

ТМД елдерінде кеңінен қолданылып жүрген ШПИРЭ бағдарламасы аясында жүзеге асып отырған, О. Н. Сеневаның («Балтық достары», Ресейлік әлеуметтік-экологиялық одақ), М. К. Смирнованың (АРМО «Этас») ұсынған материалдарына негізделіп орындалды.

Жалпы біздің елімізде тұрғын үйлерде тұтынатын жылу мен ыстық су- басты энергияның пайдалану категориясы демек, ауаға басты CO₂ шығарушылар болып табылады.

Екінші орында газды пайдалану (жылу үшін немесе тамақ әзірлеу мақсатында), үшінші орында электр энергиясы шығындары тұр.

Тағы да экономистердің есептеріне сүйенсек, елімізде тұрғын үйлерде күрделі жөндеу жұмыстарынсыз-ақ, жылуды сақтаудың қарапайым шараларын қолдана отырып, жылына ауаға шығарылатын CO₂ мөлшерін 70 млн тоннаға азайтуға болады екен. Яғни бұл бүкіл Швецияның жыл сайынғы жылыжай газдары ретіндегі бөліп шығаратын көрсеткіштен де артық деген сөз. Ал егер осы тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізе отырып, сақтық шараларын қазіргі күн талабына сай орындайтын болса, бұл шама екі есеге дейін өседі деп отыр. Демек, алыс мақсаттар мен жуық міндеттердің арасында айырма жоқ. Яғни, бұл істе ірі кәсіпорындар, әкімшілікпен қатар, адамдардың да бірдей роль атқаратыны көрініп тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Герасимов И.П. Научные основы современного мониторинга окружающей среды//Изв. АН СССР. Сер. геогр. - 1975. - № 3. - С. 13 - 25.

2. А.О. Кокорин, Е.В. Смирнова, Д.Г. Замолотчиков. Изменение климата Книга для учителей старших классов.-Москва, 2013, С. 87-93

3. Израэль Ю.А. Глобальная система наблюдений. Прогноз и оценка изменений состояния окружающей природной среды. Основы мониторинга//Метеорология и гидрология. - 1974. - № 7. - С. 3 - 8.

4. Кондратьев К.Я. Глобальный климат. - СПб.: Наука, 1992. – 358

ӘОЖ 539 (66)

«МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКА» БӨЛІМІН БАСҚА ПӘНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Таймуратова Л.У., Исембай Г.С., Мухитова А.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Оқытудың ең маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың ғылыми дүниетанымын, материалистік көзқарасын, табиғат құбылыстарын дұрыс түсіндіре білу біліктілігін қалыптастыру болып табылады. Осыған орай жалпы білім беретін мектептегі білім мазмұны оқушылардың санасында дүниенің қазіргі заманғы ғылыми бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз ететіндей болуы тиіс.

Түйінді сөздер: жаратылыстану, жылу құбылыстары, молекула, химия, физикалық процестер.

Дүниетаным жеке тұлғаның (адамдарға, айналасындағы заттарға) қоршаған әлемге деген қарым-қатынасын анықтайды; онда құндылық бағдарлар жүйесі маңызды рөл атқарады.

Дүниенің ғылыми бейнесі табиғат, қоғам және ақыл-ой туралы білімдер мен көзқарастарды жиынтықтау формасы болып табылады.

Жаратылыстану пәндері үшін дүниенің жалпы ғылыми бейнесінің органикалық бөлігі ретіндегі дүниенің табиғи ғылыми бейнесін қалыптастырудың өзіндік мәні бар. Қазіргі кезде жаратылыс ғылымдарында физика жетекші орынға ие болғандықтан, дүниенің физикалық бейнесі әлемнің табиғи ғылыми бейнесінің ядросы болып табылады. Олай дейтініміз, физикалық заңдар мен теориялар, мысалы, химия, биология, география, астрономия сияқты басқа да ғылымдардағы құбылыстарды түсіндіруде негіз болып табылады. Бұл ғылымдардағы бақылаулар физика заңдылықтары негізінде құрылған құралдардың көмегімен жүргізіледі, ал олардағы шамаларды өлшеу тәсілдері физиканыкі болып табылады. Мысалы, химиялық және физикалық процестерді зерделеу барысында жинақталған ауқымды материал химиялық түрлендірулерді физикалық құбылыстардан ажыратуға болмайды деген қорытындыға алып келді. Тек бірге зерделеу барысында ғана оларды толық түрде танып білу мүмкін болады. Химияның зерттеу пәні заттың құрамы, құрылымы, қасиеттері, оларды алу және түрлендіру; алайда физиканың ең соңғы теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін қолданғанда ғана олардың мәніне терең үңілуге болады. Осылайша физика химияның мәліметтерін байыта және толықтыра түседі [1].

Молекулалар мен олардың қозғалысы және заттың үш күйі туралы материалды (дүниетану) қайталағанда, денелерді құрайтын микробөлшектер (молекулалар) үнемі қозғалыста болатынын баса айту қажет.

Жылулық қозғалыс – бұл бөлшектердің (молекулалар мен атомдардың) орасан зор жиынтығының ретсіз қозғалысы. Жеке бір ғана бөлшектің (молекуланың) қозғалысы жылумен байланысты болмайды. Тек орасан көп бөлшектердің қозғалысы ғана белгілі бір жылуды тудырады. Сондықтан молекулалардың жылулық қозғалысы (денелердің механикалық қозғалысымен салыстырғанда) – материя қозғалысының жаңа, неғұрлым күрделі физикалық формасы болып табылады. Оқушылармен бірге температура және оны

термометрмен өлшеу туралы дүниетанудан белгілі мәліметтерді еске түсіріп, оларға неғұрлым дәл түсініктеме берген тиімді (Кесте 1).

Кесте 1. Молекулалық физика пәнінің басқа пәндермен байланысы

Физика	Ауылшаруашылық еңбектері	Техника		т.б. еңбектену
		Бақылау	Жұмыс істеу	
Ішкі энергия. Энергияның механикалық және жылулық процестердегі айналуы	Астықты жинау, сақтау, өңдеу (5-7 сынып), шаңсорғыш	Үйкеліс, үйкелетін беттерді майлау (5-6 сынып)	Тесік тесу, қайрау (технология сабағы), металды өңдеу	Тамақ өнімдерін жылулық өңдеу

Жылу құбылыстары, жылулық қозғалыс бойынша бұрын өтілген материалға сүйенетін жағдайдағы пәнаралық байланыстар болатынын оқушылар біледі. Демек, отынның (бензин, керосин, ағаш отын және басқ.) да ішкі энергиясы болады.

«Жұмыс және жылу берілу» тақырыбын қарастырғанда оқушылардың Күннің сәулесі мен жылуының маңызы, ауаның жылу өткізгіштігі, ауаның қызуы мен салқындауы, желдің пайда болуы туралы дүниетанудан алған білімдеріне сүйенеді.

Процестердің суреттегі графиктерін математикадан алынған білімдерге сүйеніп түсіндіру. Көлемнің температураға байланысты өзгеру заңының аналитикалық түрін график бойынша анықтау

Ішкі энергия – физика курсындағы іргелі ұғым. Ол бірнеше жыл бойы (7-10 сыныптар) қалыптастырылады. Ішкі энергияны дененің немесе оның бөлшектерінің қозғалыс энергиясы ретінде анықтайды, өйткені жылулық құбылыстар деңгейінде ішкі энергияның басқа компоненттері өзгермейді. Ішкі энергияны өзгерту тәсілдерін қарастырғанда технология сабағынан белгілі фактілерді (тетікті егеумен егегенде, сым темірді көп рет майыстырғанда олардың қызатыны және т.б.) оқушылардың есіне салған дұрыс. Бұл ұғымды қалыптастыру үдерісіне оның 8 сыныптағы химия курсына оқытылуы оң ықпал етуі мүмкін.

Кез келген дененің механикалық энергиясымен қатар ішкі энергиясы да ың Күннің сәулесі мен жылуының маңызы, ауаның жылу өткізгіштігі, ауаның қызуы мен салқындауы, желдің пайда болуы туралы дүниетанудан алған білімдеріне сүйенеді.

Бұл тақырыпты өту барысында жылу өткізгіштік, конвекция туралы дүниетанудан алған білімдер пайдаланылады [2].

Ботаникада өсімдіктердің жасыл жапырақтарында органикалық заттар – қант пен крахмалдың түзілуіндегі жарықтың маңызына үлкен көңіл бөлінеді.

Физика курсына бұл білімдер қорытындыланады.

Пәнаралық байланыстар жылу мөлшері және меншікті жылу сыйымдылық ұғымдарын қалыптастыру кезінде де көрініс береді.

Энергияның сақталу және айналу заңын қарастыруды бастағанда оқушылардың назарын энергияның өзбетімен болмайтынына, өйткені энергия – дене күйінің сипаттамасы болып табылатындығына аударған дұрыс.

Сол сияқты «Заттың агрегаттық күйінің өзгеруін молекула-кинетикалық түсініктер негізінде түсіндіру» тақырыбының да физиканың басқа пәндермен байланыстары үшін үлкен мүмкіндігі бар.

10 сыныптың физика курсы химия курсымен келесі негізгі мәселелер бойынша байланысады: зат құрылысы жөніндегі атом-молекулалық ілім негіздері; іргелі ғылыми ұғымдарды қалыптастыру (молекула, атом, моль, мольдік масса және көлем, коваленттік байланыстар және т.б.); сақталу заңдарын зерделеу, оларды қолдану және Менделеевтің

периодтық заңы. Сипатына қарай бұл байланыстар хронологиялық (уақыттық) және мазмұндық болуы мүмкін. Оларды курстың өне бойында жүргізу керек.

10 сыныптың физика курсына «Молекула-кинетикалық теория» тақырыбын өткенде химиямен пәнаралық байланысты ескеру қажет (молекула, мольдік масса, Авогадро заңы және т.б.). «Физика 10» оқулығында 8 сыныптың химия курсына өткен молекулалық масса, моль және т.б. туралы материал берілген. Сондықтан бұл материалды қайталау ретінде кейбір жаңа фактілерді және физикалық есептер шешуді берген дұрыс. Алайда «молекула және атом» ұғымын нақтылау керек, өйткені 8-9 сыныптарда химия курсына, сонда-ақ 7 сыныптың физика курсына молекулаға дәл анықтама берілмейді. Химия курсына физика курсының есептерін шешу кезінде қажет болатын Авогадро заңын да қысқаша қайталайды. Оқушылардың 8 сынып химия курсынан алған білімдерін 10 сыныпта молекулалық физиканы өткен кезде пайдаланған жөн. Молекула массасын және зат мөлшерін зерделеуге арналған сабақты қайталау-жалпылау сабағы ретінде өткізген дұрыс.

Бұл тақырыпты өткенде молекула-кинетикалық теорияның негізгі теңдеуін қорытып шығарған кезде және одан газ күйінің теңдеулері мен дербес газ заңдарын алу кезінде математикадан алған білімдерге сүйену керек. Әсіресе математикалық білімдер газ заңдарына есептер шығарғанда және масса, жылдамдық және молекула қозғалысын сипаттайтын басқа да физикалық шамаларды анықтау кезінде жиі пайдаланылады.

Молекулалар туралы алғашқы түсінікті оқушылар 7 сыныптың физика курсынан алады. Бірақ онда берілетін түсіндірмені молекуланың анықтамасы деп есептеуге болмайды, өйткені онда молекула – заттың ең ұсақ бөлшегі дейтін негізгі белгісі көрсетілмеген.

«Термодинамика негіздері» бөлімінде жылу қозғалтқыштарын қарастыруда оқушылардың технологиядан алған білімдерін (7-9 сыныптар): іштен жану қозғалтқышының (ІЖҚ) құрылысы мен жұмыс істеу принципін, ІЖҚ түрлерін және олардың қысқаша тарихын, ІЖҚ-ның ауыл шаруашылығындағы маңызы мен олардың даму болашағын пайдаланған дұрыс. Ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте қолданылатын заманауи ІЖҚ-ы туралы кейбір мәліметтер келтірген дұрыс. Мысалы, автомобильдік карбюраторлық ІЖҚ-ның ПӘК (пайдалы әсер коэффициенті)-і 25%-ға тең, трактордағы (дизельдік) неғұрлым жетілдірілген қозғалтқыштарда және авиациялық бензиндік қозғалтқыштарда – 28-30%. Оқыту тәжірибесі көрсеткендей, оқушыларды әдетте ұшақтарға орналастырылған турбореактивті қозғалтқыштардың ПӘК-і туралы сұрақ қызықтырады. Ол тек 15-20%-ға тең, бірақ оны пайдалану үлкен жылдамдықтарға байланысты.

Жеке оқушыларға «Іштен жану қозғалтқыштарының дамуы» тақырыбына баяндама дайындауды тапсыруға болады [3].

Молекулалық физиканың негізгі зерттеу объектісі – өте көп молекулалардан тұратын физикалық жүйелер болып табылады. Мұндай жүйелерде дара молекулаға емес, тек тұтас жүйеге тән қасиеттер байқалады. Осы ерекшеліктер термодинамика және статистикалық физикада қарастырылатын арнайы зерттеу әдістерін талап етеді.

«Будың, сұйықтың және қатты денелердің қасиеттері» тақырыбында физика мен химияның пәнаралық байланысын жүзеге асыру көзделеді: кристалдық торлардағы байланыс типтері, техникадағы материалдарды өндіру және қолдану. Әсіресе оқушылардың назарын терминдерді дұрыс қолдануға және кристалдардағы байланыс типтері туралы кейбір мәліметтерді нақтылауға аудару қажет. 8 сыныптың химия курсы оқушыларда молекулалардың коваленттік және иондық байланыс типтері туралы білім қалыптастырады. Физика курсына бұл білімдерді кристалдардың физикалық қасиеттерін түсіндіруге пайдалану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақбаева Д.М. «Физика сабағындағы пәнаралық байланыстар» ОӘК, 2012
2. Таймуратова Л.У. Физикадағы пәнаралық байланыс. Оқу құралы. КМТИУ, 2019, 100б.
3. Федорова Н.Б., Кузнецова О.В., Поляков А.С. Межпредметная интеграция в курсе физики: учебно-методическое пособие. Ряз. гос. ун-т им. С.А. Есенина. – Рязань, 2010. – 108 с.

ӘОЖ 535.8

«ЖАРЫҚТЫҢ ШАШЫРАУЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ОҚУ ЭКСПЕРИМЕНТІН ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Таймуратова Л.У., Токтасинова Г.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Физика мектепте оқытылатын басқа пәндерден ерекше орын алады. Бұл пән оқушыларда табиғат туралы ғылыми көзқарасты қалыптастырады. Физика техниканың негізі бола отырып, оқушылардың ғылыми көзқарасын, шығармашылыққа бейімділігін дамытады.


Түйінді сөздер: физикалық эксперимент, тәжірибе, жарық.

Физика нақты эксперимент нәтижелерінің негізінде құрылған ғылым. Физикалық оқу экспериментінің көмегінсіз бұл пәнді оқыту барысында табиғи құбылыстар мен процестерді түсіндіруде ауыз толтырарлық қорытындылар жасай алмайтынымыз белгілі. Сондықтан, оқу эксперименті физиканы оқыту үлгісінің бір «қабырғасы» іспетті. Физикалық эксперимент оқыту әдістемесіне оқу эксперименті арқылы енгізіледі.

Физикалық эксперименттің ғылым мен техникадағы, ауыл шаруашылығындағы, тұрмыстағы аса маңызды рөлі оның физиканы оқыту үрдісіндегі де маңызын арттыра түседі. Эксперименттік зерттеулердің теориялық негіздері физиканың оқыту үрдісінде бірізділікпен берілу оның ғылыми зерттеу әдісі ретіндегі маңызын арттырады. Көптеген әдістемелік жұмыстар оқушылардың өлшеу икемділігін, ебейлігін қалыптастыру мәселелеріне арналған [1].

Ғылым мен техниканың дамуы өлшеу процесінің де өте қарқынды дамуына өз әсерін тигізуде. Қазіргі кезде өлшеу дәлдігіне қойылатын талап та өте жоғары.

«1 суретке сәйкес» көрсетілгендей, классикалық тұрғыдан қарастырғанда объектіден шамаға өту, яғни сан түріндегі өрнектелетін, одан соң санға, ал содан соң ғана математикалық тендеуге түрлене алады. Әрине керісінше процестің болуы да ықтимал, яғни өңделген математикалық аппараттың көмегімен өлшеудің негізінде зерттеу объектісінің анықтауға болады.




Сурет 1 - Математикалық әдіспен зерттелетін объект

Осыдан классикалық теорияны құрудағы эксперименттің қалыптастырушылық рөлімен қоса дәлелдеушілік қызмет атқаратыны айқын көрінеді. Зерттелетін құбылысты танып білуге қажетті және осы құбылысты сипаттайтын шамалардың бастапқы мәліметтерінің арасындағы сандық қатынастарды тек өлшеу арқылы ғана алуға болады [2]. Бұл тәсіл өлшеудің қалыптастырушылық рөлінің дәлелі. Дәлірек айтқанда, өлшеудің классикалық теориядағы бұл рөлі шектелген мағынада болады. Өйткені, классикалық механикаға дейін де өте үлкен денелердің қозғалысы зерттелген. Бірақ ғалымдардың жеткілікті дәрежедегі дамытылған математикалық аппараттарды меңгеруінен кейін ғана классикалық механика теория ретінде қалыптасқан болатын.

Егер, нәтижелер теориялық тұжырыммен дәлелденсе, онда зерттеу объектісі осы теорияға енеді. Бұл өлшеудің дәлелдеушілік қасиеті болып табылады, яғни алынған мәліметтерді берілген теориямен түсіндіретін белгілі табиғи құбылыстардың объектілер тобын анықтайды.


Физикалық оқу эксперименті оқытудың бір әдісі ретінде физика курсын жүйелі түрде оқытумен бірге пайда болды десе де болады. Бұл физиканың эксперименттік ғылым екендігін анығырақ дәлелдеп, оқушыларды физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды танып - білуде қолданылатын ғылыми - зерттеу әдістерімен таныстыру үшін ғана емес, сонымен қатар құр сөзбен көптеген табиғат құбылыстарын түсіндіру мүмкін еместігінен туындаған қажеттілік болатын. Соның себебінен алғашқы физика пәнінің оқулығында табиғат туралы ғылымды физикалық тәжірибелер арқылы түсіндірген болатын.

Жарықты өткізетін заттардың бөлшектері кішкентай антенналарға ұқсайды. Бұл процесс ағылшын физикасы Лорд Рэлея (Джон Уильям Стретт, 1842— 1919) атты Рэлей шашырауы деп аталады. 1-тәжірибе, ақ қағаз парағын үстелге салыңыз, ал оның жанында фонарик жарық көзі қағаз парағының ұзын жағының ортасында орналасатындай етіп орналастыру керек [3]. Екі түссіз мөлдір пластикалық стакан сумен толтырыңыз. Маркердің көмегімен стакандарды А және В әріптерімен белгілеңіз. Сүт тамшысын стаканға қосып, араластырыңыз. Көлемі 15х30 см ақ картон жапырағын қысқа ұшымен қосып, оның жартысын үйшік түрінде бүтіңіз. Ол сізге экран ретінде қызмет етеді. Қағаз парағының қарама-қарсы жағына экранды орнатыңыз. Бөлмені қарап, шамды қосып, экрандағы шам арқылы пайда болған жарық дағының түсін байқаңыз. Қағаз парағының ортасында, шамның алдына а стаканын қойыңыз және мынаны жасаңыз: фонарьдан су арқылы жарық өту нәтижесінде пайда болған экрандағы жарық дағының түсін байқаңыз; суға мұқият қарап, судың түсі қалай өзгергенін белгілеңіз. Экранда жарық сәулесімен пайда болған жарық дағының түсі, жолда ауадан басқа ештеңе жоқ, ақ немесе сәл сарғыш болуы мүмкін. Жарық сәулесі таза су арқылы өткенде, экрандағы дақ түс өзгермейді. Су түсі де өзгермейді. Бірақ сүт қосылған су арқылы сәуле өткеннен кейін, экрандағы жарық дақтары сары немесе тіпті қызғылт болып көрінеді, ал су көгілдір түске айналады. Неліктен?



Сурет 2 - 1-ші тәжірибеден көрініс

Электрмагниттік сәулелер сияқты, толқынды да, корпускулярлық қасиеттерге ие. Жарықтың таралуы толқын тәрізді сипатқа ие, ал оның затпен өзара әрекеттесуі Жарық сәулеленуі жеке бөлшектерден тұрады. Жарық бөлшектері-кванттар (әйтпесе фотондар), түрлі жиіліктегі энергия ұйытқысы болып табылады. Фотондар бөлшектер мен толқындардың қасиеттері бар. Фотондар толқындық тербелістерді бастан, Фотон өлшеміне сәйкес жиіліктегі жарық толқынының ұзындығы қабылданады. Фонарь-ақ жарық көзі. Бұл түстердің әр түрлі реңктерінен тұратын көрінетін жарық, яғни түрлі толқын ұзындығының сәулеленуі — қызыл, толқынның ең үлкен ұзындығы бар, көгілдір және күлгін, көрінетін диапазонда толқынның ең қысқа ұзындығы бар. Түрлі толқындардың жарықтық тербелістері араласқанда, көз оларды қабылдайды және ми бұл комбинацияны ақ түс ретінде түсіндіреді, яғни түстің болмауы. Жарық таза су арқылы өтеді. Бірақ сүтпен боялған су арқылы жарық өткен кезде, біз судың көгілдір, ал экрандағы жарық дақ — сары-қызғылт сары болғанын байқаймыз. Бұл жарық толқындарының бір бөлігінің шашырауы (ауытқуы) нәтижесінде болды. Шашырау серпімді (көрініс) болуы мүмкін, онда фотондар бөлшектермен бетпе-бет кездесіп, олардан секіріп кетеді, екі бильярд шары бір-бірінен секіріп кеткен сияқты. Ең үлкен шашырауға фотон ұшырайды, ол өзі сияқты бірдей бөлшектермен кездеседі. Сүттің кішкентай бөлшектері судағы қысқа толқын ұзындығы — көк және күлгін. Осылайша, сүтпен боялған су арқылы ақ жарық өткен кезде, қысқа толқынның шашырауынан ақшыл-көгілдір түс пайда болады. Сүт бөлшектерінде шашырағаннан кейін жарық шоғырынан толқындардың қысқа ұзындықтары негізінен сары және қызғылт сары түсті толқын ұзындығы қалады. Олар әрі қарай, экранға өтеді. Егер бөлшектің өлшемі көрінетін жарық толқынының максималды ұзындығынан артық болса, шашыраңқы жарық толқынның барлық ұзындығынан тұрады; мұндай жарық ақ болады.



Сурет 3 - 2-ші тәжірибеден көрініс

2 тәжірибе, бөлшектің концентрациясына шашырау қалай байланысты? 0-ден 10 тамшыға дейінгі судағы сүттің әртүрлі концентрациясын қолдана отырып, тәжірибені қайталаңыз. Су түсінің реңктерінің және су өткізіп алған жарықтың өзгеруін төмендетіңіз.

3-тәжірибе ортада жарықтың шашырауы осы ортада жарықтың жылдамдығына байланысты ма? Жарық жылдамдығы жарық таралатын заттың тығыздығына байланысты. Ортаның тығыздығы неғұрлым көп болса, онда жарық баяу таралады, әр түрлі заттардағы жарықтың шашырауын осы заттардың жарықтығын бақылай отырып, салыстыруға болады. Ауадағы жарық жылдамдығы 3×10^8 м / с, ал судағы жарық жылдамдығы $2,23 \times 10^8$ м / с екенін біле отырып, мысалы, сулы өзен құмының жарықтығын құрғақ құмның жарықтығымен салыстыруға болады. Бұл ретте құрғақ құмға түсетін жарық ауа арқылы, ал сулы құмға түсетін жарық су арқылы өтетінін ескеру керек. Бір реттік қағаз табақшаға құм құйыңыз. Табақшаның шетінен аздап су құйыңыз. Тәрелкедегі құмның әр түрлі учаскелерінің жарықтығын белгілеп, қай құмда шашыраңқы көп: құрғақ (онда құмдар

ауамен қоршалған) немесе дымқыл (құмдар сумен қоршалған) деген қорытынды жасаңыз. Басқа да сұйықтықтарды, мысалы, өсімдік майы сынауға болады.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мектеп бағдарламасынада көрсетілген оқу эксперименттерінің тақырып мазмұнына сай әрі түсінуге болатындай деңгейде болуы шарт. Оқу эксперименті сабақпен үйлесімді және бірізді болуы үшін осы тақырыптармен бағдарлама мазмұнының шегінен асып кетпей, кейбір қосымшалар енгізіліп отырады.

Мұнда жоғары сыныпта қайталанбайтын және көп көңіл аударарлық тәжірибелер тандап алынады. Бүгінгі күні физика пәні мұғалімдерінің басты мақсаты - мектеп бағдарламасына сәйкес тандап алынған жүйелі курспен тығыз байланыстағы оқу эксперименттерін жүргізу техникасың және оның әдістемесін жетілдіру болып отыр. Себебі, физика пәнінің ерекшелігі - ол эксперименттік ғылым екендігінде. Осы пәнді оқыту үрдісінде оқу экспериментін мүмкіндігінше жиі пайдаланған дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Құдайқұлов, Қ.Жаңабергенев. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Мұғалімдер мен студенттерге арналған құрал. А.: Рауан, 1998. 310 б.
2. Н.И.Павлов, В.И.Тыщук. Физический эксперимент в средней школе: библиотека учителя физики-М.: Просвещение, 1991. 69 б.
3. "Классная физика: <http://class-fizika.ru/op145-33.html>

ӘОЖ 53 (075.8)

ФИЗИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Таймуратова Л.У., Ахметова Ж.М.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Білім алушының өзіндік жұмысы оқу жоспарына сәйкес белгілі бір пәнді меңгеру барысында алған білімнің сапасын, тереңдігі мен беріктігін арттыруға, сонымен болашақ кәсіби қызметінде де қолдана алатын студенттің өзіндік іздену, өзіндік даму мен өзіндік жетілудегі қалыптастыруға бағытталған оқу үрдісінің маңызды бөлігі болып табылады.

Түйінді сөздер: семестр, модульдік рейтингтік жүйе, аралық бақылау, сынақ, емтихан.

Жоғарғы оқу орында білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасы үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық бақылау арқылы жүзеге асырылады. Семестр бойы екі бақылау нүктесі бойынша аттестаттау және қорытынды аттестаттаудың соңында семестр (сынақ немесе емтихан) болады [1]. Модульдік рейтингтік жүйе ағымдағы және қорытынды бойынша семестрлік баға алу мүмкіндігін іске асыру үшін құрылған. Қосымша сұхбаттасусыз немесе семестр соңында емтихансыз аралық бақылау болады. Осы жүйе аясында әрбір нәтижелері бойынша, семестрдегі оқу жұмысының белгілі бір балл саны, сомасы және өз рейтингілерін құрайды. Жеткілікті жоғары рейтинг сынақ немесе емтихан бағасын алуға кепілдік береді. Модульдік рейтингтік жүйеде семестрдің оқу материалы курстың логикалық аяқталған бөлімдерін ұсынатын 3-4 Модуль түрінде ұсынылған (кесте 1).

Модульдердің мазмұны келесі жұмыс түрлерін көздейді: дәрістерге қатысу; зертханалық жұмыстар мен жеке тапсырмаларды орындау; әр түрлі бақылау іс-

шараларына қатысу: модуль шеңберінде тест тапсырмаларын орындау; нәтижелерді қорғау, жеке тапсырмаларды қорғау (ағымдағы аралық (модуль бойынша) және қорытынды (семестрге) қатысу), аудиториялық жұмыс пен СӨЖ бақылау [2].

СӨЖ (студенттердің өзіндік жұмысы) бойынша тапсырмалар саны, оларды модульдер бойынша жинақтау және мерзімі орындау және есеп беру пәнді оқытудың күнтізбелік жоспарымен анықталады. Бұл жоспар кеңес беру кестесімен бірге лектор әр семестрдің басында хабарлайды. Тапсырма нұсқаларын кіші топта сабақ жүргізуші оқытушы бөледі, әдетте топ тізіміндегі нөмірлерді басшылыққа ала отырады. Орындалған жеке тапсырманы қорғау) оқытушымен әңгімелесу түрінде болады. Қалауы бойынша жұмыс бағдарламасында көзделген тапсырмалардың бірі сәйкес тақырып бойынша реферат жазуға болады.

Кесте 1 - Модульдердің мазмұны

Бірінші семестр	Екінші семестр	Үшінші семестр
1.Механика	1.Тербелістер	1. Атом ядросының физикасы
2.Молекулалық физика	2.Толқындық процестер	2.Статистикалық физика және термодинамика
3.Электр және магнетизм	3.Кванттық құбылыстар	3. Конденсірленген күй физикасы

Әрбір модульде қол жеткізу деңгейін бағалаудың объективтілігі қорытынды тесттер мен әңгімелесулер жүйесімен қамтамасыз етіледі (коллоквиумдар). Аралық бағалау, бірақ жұмысты тапсырар алдында оқытушыдан алдын ала кеңес алуға болады. Тапсырманы қорғау мерзімі өткеніне байланысты, бағалауға күнтізбелік жоспарда белгіленген күнге қатысты 0,5-тен 0,3-ке дейін төмендету коэффициенті қолданылады. Бағалаудың төмендеуін болдырмау үшін, жұмыс нәтижелерін және түсініксіз сұрақтарды алдын ала аяқтағанға дейін анықтайды. Міндетті жұмыс түрлері үшін алынатын балдардан басқа ең көп сома М) белгіленеді, мүмкін қосымша рейтингті көтеру: қиын тапсырмаларды орындағаны үшін, ғылыми зерттеулерге, олимпиадаларға қатысу, студенттік ғылыми конференция, жеке ауызша хабарламалар үшін дәрісте немесе практикалық сабақтармен балды көтеруге болады. Семестр соңында қорытынды рейтингті есептеу кезінде қосымша баллар неғұрлым жоғары баға алу үшін қосылады [3].

Дәрістерге, практикалық сабақтарға қатысу, егер бақылау жоспарланбаған жағдайда да рейтингке қосымша бал беріледі. Егер осы сабақта күнтізбелік жоспарда көзделмеген бақылау жүргізілсе, онда бағалар рейтингке қосымша үлес береді. СӨЖ ретінде: дәрісте көрсетілген үлгі бойынша жеке жағдайлар; кейбір оқулық шеңберінен шығатын заманауи физика мәселелері; физикалық эсерлердің практикалық қосымшалары және т. б. ұсынылуы мүмкін. Курстың теориялық бөліміне қатысты СӨЖ бойынша тапсырмалар конспектіні (қысқаша мазмұндама) жазу және ұсынуды көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережелері. [https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder15266/\\$20%20kaz.pdf](https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder15266/$20%20kaz.pdf)
2. Горлач В.В., Пластинина М.В., Иванов Н.А. Физика: СРС. Учебное пособие. – Омск: СиБАДИ, 2009. – 167 с.
3. <https://nsportal.ru/shkola/fizika/library/2015/10/13/metodicheskie-ukazaniya-po-organizatsii-i-metodicheskomu>.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Таймуратова Л.У., Қуандық Ж.А.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Жаңаша білім беру мазмұнына көшу жағдайында оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану, жаңа технологияны қолдану, педагогикалық қарым-қатынас стильдері, физика пәні оқытудың мақсаттарын ашу, пән мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі міндеттері бойынша теориялық білімдері тереңдетіліп, жаңа шетелдік инновациялық технологиялар мен оқытудың жаңа формаларын қамтиды.

Түйінді сөздер: мұғалім, белсенді оқыту, Блум таксономиясы, әдіс-тәсілдер, оқушы.

«Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблемалар әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгерістерге ұшыруда. Жиырма бірінші ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастыққа өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғынатын өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек». «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды.

Белсенді оқу - шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» (Блум, 1956) деп санауға болады.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Физика сабағында топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар мен дебаттар қолданылады. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, басқаларды оқыту нәтижелері бойынша таныстырылымдарды, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

Оқушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Сырттан көрсетілетін қолдау нөлге жеткенде ғана оқушылар жоспарлы нәтижеге қол жеткіздім деп айта алады. Егер оқушыларға өзі білетін дағдыларды ғана қолдануға рұқсат етілсе, олар ештеңені үйренбейді [1].

Оқушылардың дағдыларын дамытудағы өте маңызды аспектілердің бірі-оқушының әрекетін мұғалімнің дұрыс қабылдауы-қателерін түзету, ескертпелер айту және түсініктемелер беру. Мұғалім оқушылардың пікірлерінің дәлдігі мен орындылығына да назар аударуы тиіс, сонымен бірге оқушыларға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін де беруі тиіс, ал берілген тапсырма бойынша ескертпелер жасауда мұғалімнің әрекеті айқын болмаса да жылдам әрі шапшаңдыққа қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

Қазіргі заман мұғалімі заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісінде, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгергенде ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде танылатыны сөзсіз. Ендеше қазіргі заман оқушысы сыни ойлап, өзін-өзі бағалай алатын, алған білімін өмірде қолдана алатын жан-жақты тұлға болуы тиіс. Оқушыларға бағытталған белсенді оқытудың маңыздылығын сезіну және оқушылардың оқу сауаттылығы саласындағы нәтижелерін жақсарту үшін, оқу-тәрбие үдерісінде белсенді оқытудың көптеген стратегияларын қолдану тиімді. Белсенді оқытудың әдіс-тәсілдері оқу сауаттылығы саласындағы арнайы дағдыларды дамыту, бағалау, мысалдарды талдау және мәселелерді табысты шешу үшін қажетті дағдылар мен стратегияларды анықтау, мәселелерді шешуді іздеу стратегияларын ұғынуға мүмкіндік туғызады.

Белсенді оқыту оқушының оқу сауаттылығына қатысты ойлары мен дағдыларын дамытуды қолдайды. Тыңдаушыларға белсенді оқытудың бірнеше стратегиясын, олардың қайсысы белсенді оқытудың дағдыларын дамытуды қолдайтынын және бұл дағдылар қалай сәйкес оқыту стратегияларымен дамитынын анықтау үшін зерттеуге көмектесеміз. Біз қалай үйренеміз жайында өз пікірлерімізді айтамыз: кітап оқып, дәріс тыңдап және сұрақ қойып немесе ойын арқылы үйрене алатындығымызды, басқа адамдармен өз пікірлерімізді алмастыра отырып, басқа біреуден үлгі ала отырып, машықтана отырып немесе әрекеттерді өздігінен жасай отырып үйрене аламыз. Бұл дәрісханадағы белсенді оқыту идеясын қалыптастырады. Мысалы: Жұппен ойлаңыз. Жұппен ойлау тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және әріптестерімен талқылауға мүмкіндіктері пайда болады, қорытындысында олар талқылауға дайын болады. Неліктен жұппен ойлау белсенді оқытудың стратегиясы болып табылады? Белсенді не болды? Пікір алмасу біздің оқуымызға әсер етті, біз кітап оқудан емес, өзіміздің өмірімізден алынған тәжірибелерді талқылаудан үйрендік. Тыңдаушыларға белсенді болу мүмкіндігін беру үшін әртүрлі әрекеттер жасау қажет [2].

Оқушылар болашақта енжар емес, неғұрлым белсенді қатысушылар болып оқиды: Оқушылар оқуда белсенді түрде қатысқан кезде және ол үшін жауапкершілік алғанда, олар көп жаңа идеялар мен ақпараттарды ұғынады.

Адамдар әртүрлі әдістермен оқиды. Кейбіреулер көзбен бейнелеп шолу арқылы тезірек оқиды, басқалар ақпаратты естіген кезде сақтай алады, бұл кезде басқалары практикалық тәжірибенің көмегімен неғұрлым тиімді оқиды. Біз басқа адамдармен пікірлерімізді немесе ақпараттарды талқылау кезінде, біз зерттейтін нәрсемізден көбірек нәрселерді сақтай аламыз.

Біз шынайы өмірдегі үйренгенімізді пайдаланған кезімізде, біз зерттейтін нәрсемізден көбірек нәрселерді сақтай аламыз.

Біз бір нәрселерді зерттеп және басқаларды осыған үйретуге дайындалған кезімізде, біз неғұрлым тиімділікке сөзсіз үйренеміз.

Белсенді оқытудың тағы бір тәсілі ақылмандар сарабы. Оқушылар жұптарда немесе қысқа топтарда сұрақтарға жауап беру, сұрақтарды шешу, есептер шығару, идеяларды ойластыру үшін бірге жұмыс жасайды. Идеяның неғұрлым көп нұсқаларын ұсыну, әдеттегіден тыс идеяларды бөліп көрсету, және сынды жеңіп шығу. Процесстің соңына таман оқушылар идеяларды араластырып қалыптастырады, бұдан әрі ең жақсы идеяларды таңдап алады.

Белсенді оқытудың әдіс-тәсілдері ұстаздардың жаңаша ойлай алатын, өз мәселесін өзі шеше алатын адам тәрбиелеуге жәрдемдесуі, ұстаздардың дәстүрлі сабақ беруден өзгеруіне, балаға бағытталған сабақ процесін ұйымдастыра алуы, сабағын белсенді, оқушымен тең құқылы дәрежеде жүргізуі, жобаның философиясын терең меңгерген ұстаздардың шәкірттерін өз пікірін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізетін, рухани жағынан дамыған жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасауы болып табылады.

Оқушылар білімнің өмірдегі маңызын түсінеді, теория мен тәжірибені тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады. Оқушылардың білімге ынтасының болуы,

олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата білу. Оқу-тәрбие үдерісінде мынадай белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады.

«Борт журналы» стратегиясымен жұмыс жасау 5-10 минут мұғалім бүкіл аудитория бойынша дәріс оқиды. Оқушылар 20 минут ішінде өз «борт журналдарын» толтырады (түйінді сөздер, суреттер, формулалармен, тәжірибемен байланыстыра отырып. Оқушылар жұпта, сосын топта өз журналдарының мазмұнын талқылайды, бір-бірінің сұрақтарына жауап береді, түсінбеген жағдайларда – мұғалімнен кеңес алады. Мұғалім бүкіл сыныппен «борт журналдарын» талқылайды, жалпы сұрақтарға жауап береді.

Ойлан, жұптас, бөліс – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады.

«FILA» кестесінің I-II нұсқасымен жұмыс. Оқушылар топтарға бөлінеді. Барлығына бір мәтін беріледі. Сол мәтін бойынша арнайы кестені толтырады.

Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада). Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді. Мысалы:

Сұрақ қою қайтадан сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға бір – біріне немесе өзгеде оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А оқушы В-ға бірнеше сұрақ жазбаша дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В оқушы жауап береді. Екінші бөлімнен кейін керісінше В оқушы А оқушыға сұрақ қояды. Үшінші бөлімнен кейін екеуі С және Д оқушыларға сұрақ қояды.

«Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

- Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі [3].

- Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдың тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді.

Сабақты бекітуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдістер: Ыстық орындық - Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады (мысалы, Гордон Браун немесе жалғыз басты жас ана).

Оңай және қиын сұрақтар кестесі. Бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал

қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

«Сократтық семинар». Аквариумдағы алтын балық- екі айналымнан тұрады ішкі және сыртқы айналым. Ішкі айналым орындаушы, сыртқы айналым бақылаушы қызметін атқарады. Мәтін бойынша ашық сұрақтарды қолданылады. Сократтық семинар тыңдаушыларға мәтінді өзара бірлесе зерттеу үшін сұрақтарды қолдануға және сыни ойлауға мүмкіндік береді.

Оқу тәрбие үдерісінде бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады. Оқыту барысында оқушыларға егжей –тегжейлі мәтінді түсінуге, кейіпкерлердің ролін сомдауға, дұрыс түсінуге және алған білімдерін тәжірибемен байланыстыра қолдана білуге, пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруға мүмкіндік береді [4].

Біздің ойымызша, оқушылар бүгінгі күні шығармашылық тапсырмаларды орындауды табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді. Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту - бұл істеп жатқан ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту - бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту- бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді.

Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы біліктілік арттыру курстарында белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді. Оқыту тәсілдері оқушылардың табысын арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. К.Өстеміров, А.Айтбаева «Қазіргі білім беру технологиялары» - А.,2006ж.
2. Dweck C. Mindset: How You Can Fulfil Your Potential [Тип мышления: Как вы можете использовать свой потенциал], Robinson. 2012.
3. Hattie J. and Yates G. Visible Learning and the Science of How We Learn (Каким образом мы относимся к обучению и науке). 2014.
4. Knowles, M. S., Elwood, F, H and Swanson, R. A. The adult learner. 2012.

ӘОЖ 539.1. 372.8

«ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА» БӨЛІМІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Таймуратова Л.У., Женисбекова А. М., Шарабаева А. Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл тарауда атом ядросы физикасының негіздері мен ядролық энергетика қарастырылады. Ядролық физикада қолданылатын ғылыми-зерттеу әдістерімен оқушыларды таныстырып, оларға осы саладағы ғылыми, дүниетану көзқарастарын және ойлаудың ғылыми стилін қалыптастыратын соңғы жетістіктер туралы айту қажет.

Түйінді сөздер: ядро, байланыс энергиясы, радиация, атом бомбасы, ядролық эенргетика.

Жаңа материалды мазмұндау кезінде оқушыларға радиоактивтілік құбылысы жөнінде (ядроның күрделі құрылымы және атомдардың өзгермейтіні жөнінде) және 1910 жылы ағылшын ғалымы Ф.Соддидің, ядроның атомдық массасы бірге тең протондар сияқты бөлшектерден құралатыны жөнінде ой туғызған, изотоптарды ашқаны туралы естеріне салады. Бұл кезде мұғалім оқушылардың химия курсынан «изотоптар», «атомдық масса» түсініктерімен таныс екенін ескеруі тиіс. Оқушылармен әңгімелесу барысында «массалық сан» түсінігін енгізеді және олардың X сыныпта танысқан масс-спектрографтың құрылу принципін еске салады. Сондай-ақ, β -радиоактивтіліктің ядро құрамына электрондардың кіретіні жөніндегі ойға итермелегені жөнінде ескертеді. Дегенмен, бұл үлгі (модель) әлсіз болып шықты.

Одан әрі 1932 ж. Д.Чедвиктің, массасы бойынша протоннан елеусіз өзгешеленетін және заряды болмайтын жаңа элементар бөлшек – нейтронды ашқанын хабарлайды. Бұл өз кезегінде кеңестік физик Д.Д.Иваненко және одан тәуелсіз В.Гейзенбергке қазіргі таңда қабылданған ядроның протондық-нейтрондық моделін ұсынуға мүмкіндік бергені айтылады. Сонымен, қазіргі көзқарас бойынша атом ядросы протондар мен нейтрондардан құралады. Атом ядросындағы протондар саны Менделеевтің периодтық жүйесіндегі элементтің Z реттік номерімен анықталады, ал нейтрондар саны A массалық сан мен Z протондар санының айырмасына тең.

Ядроның протондық-нейтрондық моделімен таныстыра отырып, оны жеке мысалдармен нақтылау және ядролардың шартты түрде белгіленуімен таныстыру қажет. Мысалы, Не гелий ядросында (реттік номері 2, массалық саны 4) екі протон және $2=4-2$ нейтрон бар.

Оқушыларды нейтронның ыдырау процесімен таныстыра отырып, еркін протон – орнықты бөлшек болса да, оның ядроның ішінде (айналасындағы бөлшектердің энергиясы есебінен) нейтрон және позитрон мен нейтрино сияқты басқа бөлшектерге ыдырауы мүмкін екенін айтып кету қажет.

Протон мен нейтронның қасиеттерін тереңірек қарастыра отырып, қазіргі заманғы түсінікке сай әр түрлі зарядтық күйде - бейтарап (нейтрон) және зарядталған (протон) - болатын бір ғана ядролық бөлшек – нуклонның бары айтылады. Бұл курстың аяғына қалдырмай β - ыдырау механизмін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Резерфордтың α -бөлшектердің шашырауы бойынша тәжірибесін оқығанда оқушыларды ядроның заряды мен өлшемі сияқты сипаттамаларымен таныстырады. Физика курсының осы жерінде оқушыларды ядролық заттың тығыздығымен таныстыру қызығырақ болар еді. Ядроның өлшемдері бірдей, бір-бірінен өзара тең қашықтықта орналасқан бөлшектерден құралатынын айтылады, бұдан шығатыны әр бөлшекке өзара бірдей эффективті көлем сәйкес келеді.

Барлық ядролардың ядролық затының тығыздықтары бірдей болатынына оқушылардың назарын аудару керек.

Ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы. Ядролық күштер. Ядроның байланыс энергиясы, меншікті байланыс энергиясы түсініктеріне басымдық беру керек, өйткені бұл ядролық реакциялардың энергетикалық шығуын түсіндіру үшін маңызды. Байланыс энергиясын оқушылар жақсы түсіну үшін өзара әсерлесудің потенциалық энергиясы туралы (Жер және дене, электрон және ядро) естеріне түсіру және бөлшектердің кез келген орнықты жүйесінің (мысалы, молекула) байланыс энергиясы болатынын айту нәтижелі болады [1]. Дегенмен, байланыс энергиясы тек ядроға ғана үлкен мәнге ие болады.

Анықтамасы бойынша ядроның байланыс энергиясы ядроны құраушы нуклондағы кинетикалық энергия бермей-ақ ыдырату үшін жұмсалатын энергияға тең. Ядролар түзілгенде де дәл осы энергия бөлініп шығады (энергияның сақталу және түрлену заңына сәйкес).

Ядроның тыныштық массасының оны құраушы нуклондардың тыныштық массаларынан қосындысынан кем болатынына оқушылардың көңілін аудару керек, яғни

ядродағы бөлшектердің байланыс энергиясы теріс сан болады. Дегенмен, көбінесе оның модулін ескерумен шектеледі және келесі формуламен есептейді:

$$E_6 = [Zm_p + (A - Z)m_N - m_{\text{я}}] \cdot c^2 \quad (1)$$

Ядролық қару жаппай қырып-жою құралы ретінде қысқа мерзім ішінде әкімшілік орталықтарды, өнеркәсіп және әскери нысандарды, әскерлер тобын, флот күштерін талқандау, қоршаған ортаны радиоактивтік ластандыру, жаппай бүлдіру, суға батыру, т.б. мақсаттар үшін қолданылады [2].


Ядролық қару жарылған кезде оқушыларға мынадай зақымданушы факторлар пайда болатынын, оның адам баласына қандай зардап тигізетінін түсіндірген дұрыс деп есептейміз.

1. Екпінді толқын - өз жолында кездескен барлық нысандарға әсер етеді. Мысалы, 100 кт тротилдік эквиваленті бар ядролық жарық ауада жарылған кезде екпінді толқын жасырынатын орыннан сыртқа, жарылыс эпицентрінен 1,6 км қашықтықтағы адамдарды апатқа ұшыратып, 4,5 км радиустағы көп қабатты тас ғимараттарды толықтай қиратады [3].

2. Өтпелі радиация - (ядролық жарылыс кезіндегі гамма-сәулелену мен нейтрондар ағыны-әсері 10 – 15 с-қа созылады) сәуле ауруының пайда болуына әкеп соғады. 100 кт тротилдік эквивалентті ядролық жарық жер үстінде жарылған кезде жасырынатын жерден тыс орналасқан адамдар 1 км радиуста өлімге ұшырап, 1,7 км-де ауыр дәрежедегі, 1,9 км-де орташа, 2 км-ге дейін жеңіл дәрежедегі күйікке ұшырайды.

3. Электромагниттік импульс - (ядролық жарылыстар кезінде пайда болатын қысқа мерзімдік электр және магниттік өрістер) антенналарға, сымдарға, кабельдік тармақтар мен байланыс құралдарына әсер етіп, істен шығарады.

Дүние жүзіндегі ең бірінші атом бомбаларының бірінің салмағы 20 т. Бірінші жарылыс Аламогордодағы сынақ полигонында 1945 жылғы 16 шілдеде жасалды. 1945 ж. тамызда әр қайсысының қуаттылығы 20 кт болатын 2 атом бомбасы Жапонияның Хиросима (8 тамыз) мен Нагасаки (9 тамыз) қаласына тасталып, үлкен адам шығынына ұшыратты (Хиросимада 140 мыңдай, Нагасакида 75 мыңға жуық адам). 1, а-суретте атом бомбасының конструкциясы көрсетілген. Оның құрамына $^{235}_{92}\text{U}$ уран бөлшегі (1), 1-ші ретті нейтрондар көзі (2), бір уранның бөлшегі басқасының көмегімен атқылағанда бомба (3) жарылады.



Сурет 1 - а) Атом бомбасының конструкциясы; б) Сутегі бомбасының конструкциясы

Сутекті бомба. Басқарылмайтын термоядролық реакцияны жүзеге асыруға қажетті температура мен қысым атомдық бомбаны жару арқылы алынады. Осылайша атом бомбасының жарылысы термоядролық (сутекті) бомбаның жойқын қопарылысына ұласады. 1, б-суретте сутегі бомбасының конструкциясы көрсетілген. Алғаш сутегі бомбасы 1953 жылы Ресейде жүзеге асырылған.

Оқушыларға Қазақстан Республикасында ядролық қаруға тыйым салу туралы жасалып жатқан жұмыстарға, сол сияқты атом энергиясын пайдалануға байланысты экологиялық проблемалар туралы айту қажет. Осы ретте «Ядролық реактор. Ядролық

энергетика» тақырыбын оқыту барысында оны болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында мынадай оқыту жолдарын қарастыруға болады:

- Ядролық энергетика проблемасына оқушылардың практикалық-конференциясын ұйымдастыру;
- Ядролық энергия жайлы оқушылардың өз бетінше ғылыми-көпшілік әдебиеттерді оқуын ұйымдастыру;
- Оқушылардың патриоттық сезімін ояту барысында семинар-баяндамалар орындаттыру;
- Қазақстан атом бомбасының (Семей) сынақ полигоны, әртүрлі әскери қару-жарақтарды сынау аймағы («Азғыр», «Нарын»), ғарыш (Байқоңыр) айлағы болғандықтан, бұл тақырыптардың соңында атом бомбасының қатер-қасиеті, ядролық экология мәселелері нақты мысалдар ретінде түсіндірілуі;
- «Атом энергиясын бейбітшілік мақсатта пайдалану», «Атом электр станциясы», «Атом мұзжарғыш кеме» сияқты кинофильмдерді демонстрациялап, оқушыларға «киноэкскурсия» өткізу тиімді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов, А.Қ. Ядролық физика. Ақтау: КМТЖИУ, 2010.- 75 б.
2. Мартин Б. Ядролық физика және элементар бөлшектер физикасы, оқулық. 1-бөлім. Алматы, 2013
3. Кириков М.В., Алексеев В.П. Вопросы методики преподавания физики: Текст лекций / Яросл. гос. ун-т. Ярославль, 2000. 72 с

УДК 159.9

КОНЦЕНТРАЦИЯ ВНИМАНИЯ КАК ВАЖНЫЙ ФАКТОР УСПЕХА

Амангос Е.Б., студент

Научный руководитель: **Таджибаева Ж.А.**

Каспийский государственный университет технологий
и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Ақтау, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматривается внимание, особенности внимания, значение концентрации внимания в деятельности. Рассмотрены различные трактовки рассматриваемого понятия, обоснована актуальность и важность концентрации, методы повышения концентрации внимания и практическое применение.

Ключевые слова: внимание, концентрация внимания, учебный процесс, повышение производительности, рабочий процесс, умение фокусироваться.

В современном мире постоянно растет необходимость обработки информации. Нам требуется быть способными иметь адекватную реакцию в условиях, имеющих многочисленные стимулы. Тренировать нашу способность к концентрации превратилось в необходимость для того, чтобы иметь высокую степень производительности в работе и учебе. Из всей массы окружающих его предметов и явлений человек выделяет те, которые представляют для него интерес и соответствуют его потребностям и жизненным планам. Когда мы с интересом занимаемся различными видами деятельности, и естественно хотим достичь желаемого результата. Как выполнить эту работу, чтобы наши затраченные усилия и время не были потрачены напрасно? Естественно, успешность наших усилий зависит от многих самых разных факторов. Это и наличие определенных ресурсов - способностей, правильное выполнение, усидчивость, количество прикладываемых

усилий, а также так называемое в народе «везение-невезение», т.е. оказаться в нужное время и в нужном месте, и т.д.

В последнее время всё больше учёных и психологов говорят о наиболее важном базовом факторе продуктивности и успешности любой деятельности. Это наша способность к произвольной концентрации внимания. Концентрация внимания — это основа, база, фундамент любого практического действия!

В обучении — это умение полностью принять всю информацию от преподавателя или другого источника, концентрация значительно повышает воспринимаемость и обработку информации мозгом.

В бизнесе концентрация внимания — это степень целеустремленности и умение сосредотачиваться на главном.

В общении — это великое искусство чувствовать и понимать в разговоре не сколько себя, сколько другого человека. Человека рассеянного видно сразу по стилю общения. Он не может сосредоточиться на собеседнике, ерзает и подергивает руками и разными частями тела, глаза бегают по сторонам и не могут зафиксироваться на партнере. Его мысли перескакивают от одного к другому. Понаблюдайте за собой и за другими. Очень интересно в беседе оценивать на живых людях степень развитости концентрации внимания. Люди холерического темперамента, при всех своих других замечательных качествах, не в состоянии удерживать тему разговора более 8 секунд. Им неинтересно «долго» обсуждать одну тему — они прыгают по всем темам и областям жизни, как лягушка-путешественница...

В переговорах концентрация внимания — это умение не дать себя запутать и реализовать свои интересы. Это умение отслеживать ходы партнеров и проводить свою линию, удерживая в сознании всю необходимую информацию. Это наблюдательность и умение держать в сфере внимания все ходы партнеров.

В ораторском мастерстве — это умение при яркой и выразительной форме сохранять четкость мышления и глубокое содержание речи. Это искусство совмещать свой мыслительный процесс и ясное выражение этих мыслей, даже в условиях мешающих факторов.

Судьба, содержание жизни — тоже зависит от концентрации внимания. Известно, что на чем мы фиксируемся, то и реализуется в нашей жизни. Находим мы только то, что ищем. Все в нашей жизни создается дважды — сначала в уме, потом в реальности. Люди с негативным мышлением разумом находятся в постоянных проблемах — и в результате питают, поддерживают и выращивают эти проблемы своей энергией. Люди с позитивным мышлением — привлекают удачу, успех и формируют свою реальность.

Внимание это направленность человеческого сознания (или психическую направленность) на конкретные объекты и явления, обладающие для человека ситуативной или устойчивой значимостью. Также это понятие означает сосредоточение сознания, которое подразумевает под собой высокую степень чувственной, двигательной или интеллектуальной активности. Внимание может быть нескольких видов: непроизвольным, произвольным и постпроизвольным. Особенности внимания выражаются в его свойствах: объеме, концентрации, распределяемости, устойчивости, колебаниях и переключаемости[1]

Итак, концентрация — это состояние, которое мобилизует, фокусирует и концентрирует наши физические, психологические и духовные силы, способности, внимание, умения, профессиональные навыки и энергию на дело или совершаемое действие, которое является для нас приоритетом или центром, вокруг которого происходят определенные события! Улучшение концентрации внимания влечёт за собой повышение осознанности выполнения любой задачи, улучшение памяти и мышления, а также укрепление воли. Чем бы мы ни занимались в жизни, основой любого практического действия является концентрация внимания, и повышение её уровня — залог успеха в любом деле. От того, насколько хорошо мы умеем концентрировать внимание на

выполняемом деле, не отвлекаясь и не переключаясь, зависит его конечный результат и, по большому счёту, наша успешность.[1] Многозадачность — неплохое качество, востребованное при выполнении определённых функций и задач. Однако, будучи использованным постоянно, такой режим постепенно снижает способность длительно и продуктивно концентрировать внимание на какой-либо одной задаче. Концентрация полезна не только в плане дел, но и в плане исследований. Дело в том, что для того, чтобы изучить какой-либо объект или явление, тоже надо на нем сконцентрироваться. Долго на него смотреть, слушать, щупать, делать с ним что угодно — но только с ним. Маленькие дети, которыми мы все когда-то были, именно так, кстати, и изучают мир — то есть мы уже использовали когда-то концентрированное исследование мира. Надо просто снова начать этим заниматься.

Ресурсы человеческого тела и психики являются ограниченными. Они не бесконечны. И если вы пытаетесь вложить их в два дела одновременно — их не хватит ни на то, ни на другое. Для любого дела есть минимальное количество ресурсов, необходимых для его совершения. Вы должны отдать ему достаточно размышлений, внимания и усилий, чтобы оно начало совершаться. А если вы одновременно с этим пытаетесь делать другое дело, то ресурсов не хватит.

Поэтому многие дела нам кажутся психологически и физически невозможными. На самом деле мы просто не пробовали сконцентрироваться только на них. Потому что когда мы не сконцентрированы — ресурсов у нас не хватает и дело становится невозможным. А когда сконцентрированы — хватает и оно становится возможным. Одно и то же дело. Разница — только в нашей концентрации[2]

По причине отсутствия концентрации мы не доводим многие дела до конца и застреваем в них. Мы впадаем в зависимость от тех или иных действий не потому, что мы на них слишком заиклены, а наоборот — потому что мы недостаточно сконцентрированы на них. Например: интернет. Мы долго сидим в Интернете вовсе не потому, что мы не можем от него отвлечься. Мы долго сидим в нем потому, что мы хотим извлечь нужную и различную по содержанию информацию, однако не получаем, потому что недостаточно сконцентрированы. А если мы сконцентрируемся, то можем быстро извлечь нужную нам информацию из Интернета, переработать и потом можем заняться чем-нибудь другим.

В этом смысле становится даже не важно, на чем именно концентрироваться. Если дело, на котором мы концентрируемся, нам не нужно, мы быстро потеряем к нему интерес. Современные научные исследования в области развития внимания вывели следующие правила повышения концентрации внимания.

И так рассмотрим четыре правила, которые помогут стать успешными в ваших любых начинаниях.[3]



1. Главное – Однозадачность

Последние научные исследования убедительно показывают, что так называемый режим многозадачности, способность к работе в котором так сильно хотят видеть в своих сотрудниках многие работодатели, - это миф. По сути, это попросту неэффективное «рассеивание» концентрации внимания, которое приводит как к заметному ухудшению качества работы, так и к заметному ухудшению навыка концентрации внимания.

Когда мы концентрируемся на одной задаче, мы в неё полностью погружаемся: интенсивно над ней думаем, рассматриваем и изучаем, придумываем и пробуем разные варианты решения. То есть - максимально эффективно используем наши интеллектуальные и физические ресурсы. Когда же мы одновременно решаем сразу несколько задач, наше внимание «распыляется», рассредоточивается между ними, соответственно, качество начинает «прихрамывать». Когда нам, как тому Цезарю, приходится решать параллельно много задач, особенно в условиях ограниченности времени, качество их выполнения падает до критического уровня.

Самое, печальное, хронический режим многозадачности приводит не только к ухудшению качества работы, но и к ухудшению навыка произвольной концентрации внимания. Постоянно перескакивая с одной задачи на другую, мы попросту разучиваемся долго и продуктивно концентрироваться на чём-то одном.

Если хотите сделать что-то хорошо - старайтесь делать это, максимально сконцентрировав на нём своё внимание. Выделите себе время, которое вы можете сегодня потратить на эту задачу и занимайтесь только её решением. Все остальные дела отложите. Отключите телефон, закройте браузер, постарайтесь максимально себя изолировать от других отвлекающих факторов




Рисунок 1 - Направление энергии в одну задачу

Помните, самая эффективная стратегия деятельности – это принцип «одна задача – в один отрезок времени». Причём, это касается не только работы, это касается всех наших повседневных дел: досуга, общения, воспитания, занятий спортом.

2. Формируйте рабочую доминанту

Есть такая студенческая мудрость: «Сначала ты работаешь на зачётку, а потом зачётка работает на тебя» То же и с произвольным вниманием: когда мы некоторое время прикладываем волевые сознательные усилия по поддержанию нашего внимания, через некоторое время в нашем мозгу формируется устойчивый очаг возбуждения – рабочая доминанта. Благодаря этому очагу наше внимание становится по отношению к решаемой задаче непроизвольным. Это значит, что нам больше нет необходимости прикладывать усилия для его поддержания.

Благодаря нашим интенсивным усилиям на старте, мы некоторое время будем «катиться» по инерции, а наш мозг самостоятельно без усилий с нашей стороны будет поддерживать необходимый нам уровень концентрации внимания.

Лучше всего рабочая доминанта формируется на «свежую» голову: после сна, после прогулки, после небольшого перерыва, когда мы немного переключились и отдохнули. Но главное условие её успешного формирования – наше внимание должно быть максимально сконцентрировано на какой-то одной задаче, и мы не должны отвлекаться.

Вы замечали хоть раз бытовую рассеянность гениев? Рассеянность многих гениев – это обратная сторона их предельной концентрации внимания. Они настолько сконцентрированы на решаемой проблеме или задаче, что просто не обращают внимания на всё остальное. Долгое время концентрируясь на интересующей их научной проблеме, они формируют в своём мозге очень устойчивую рабочую доминанту, которая работает на них круглые сутки. Во многом благодаря именно этому они и достигают в своей деятельности выдающихся результатов.

3. Правильно дозируйте усилия

Представьте, что мозг – это тоже мышца, которую необходимо укреплять и развивать. Ему также необходимо давать правильную нагрузку и плавно её наращивать. Его также нельзя слишком перегружать и необходимо обязательно давать ему правильно отдыхать.

Наиболее известная и простая программа «тренировок» по развитию концентрации внимания и повышению работоспособности называется «Помидор». Суть её очень проста. Разбивайте свою работу на короткие циклы по 25 минут, в каждый из которых вы будете решать только одну задачу, предельно на ней сконцентрировавшись и сознательно не обращая внимания на всё остальное. Потом обязательный 5-ти минутный перерыв и

следующий 25-ти минутный подход. Через 4 подхода по 25 минут (т.е. через 2 часа) необходимо сделать получасовой перерыв и потом снова повторить.

В принципе, 4 часа в день – это максимум продуктивности среднестатистического человека. После чего концентрация внимания ощутимо падает вместе с продуктивностью. Если вы можете качественно концентрировать ваше внимание дольше – вам крупно повезло.

4. Потренируйтесь на дыхании

Есть один объект, который давно уже считается самым лучшим тренажёром для нашего внимания и развития навыка его произвольной концентрации. Это наше дыхание. Перед любой серьёзной задачей, уделите 10 минут времени, усадьтесь поудобней и постарайтесь всё это время максимально сконцентрировать ваше внимание на дыхании.

Вначале, чтобы было проще привлечь к нему внимание, умышленно сделайте несколько глубоких вдохов и выдохов, но потом старайтесь не вмешиваться в его естественный ход. Просто наблюдайте за своим естественным дыханием, пытаясь максимально сконцентрировать на нём своё внимание. Во время этого упражнения ваше внимание будет пытаться время от времени отвлекаться и соскальзывать на что-то другое: вы будете ловить себя на том, что уже некоторое время вы думаете о чём-то своём и совершенно не обращаете внимания на своё дыхание. Отнеситесь к этому спокойно и ни в коем случае не раздражайтесь по этому поводу.

Большинство людей на планете сталкиваются с той же проблемой. И только очень немногие люди в состоянии все 10 минут ни разу не сбиться с концентрации. Когда вы зафиксировали, что ваше внимание отвлеклось, спокойно, мягким усилием «верните» его снова на дыхание. 10 минут такой практики – это отличная разминка для нашего произвольного внимания! 10 минут такой практики отличная разминка для нашей последующей продуктивной работы. Наглядный жизненный пример, когда именно способность концентрировать внимание на задаче была решающей и определяла успех всей деятельности – это главный герой Форрест Гамп – одноименного фильма Роберта Земекиса (кстати, у этого героя есть реальный прототип). Страдая лёгкой степенью умственной отсталости, он, тем не менее, смог добиться выдающихся успехов в разных сферах жизни. Помните, как у него это получалось? Просто он всё своё внимание без остатка отдавал тому, чем занимался в данный момент, ни о чём больше не думая и ни на что больше не отвлекаясь. И этого было достаточно! [4]

У многих людей могут возникнуть мысли о том, мешает ли нам однозадачность в общении с окружающими нас людьми. Не идите на поводу у мифа, который утверждает, что однозадачность – это проявление неуважения к окружающим. Наоборот! Это то, что лучше всего покажет людям, что вы думаете и заботитесь о них.

Вы можете быть бесконечно занятым человеком и объявлять, что коллектив – это самое важное для вас. Но что толку в этих словах? Коллектив прекрасно видит, например, что вы постоянно опаздываете, не включаетесь в проблемы, возникшие в компании, общаетесь с сотрудниками на бегу. А всё потому, что одновременно сосредоточены на нескольких задачах. И желание вникнуть в потребности окружающих точно не на первом месте.

Уважайте всех, с кем имеете дело! Учитесь действительно слышать то, что вам говорят. Отвлекитесь на минуту от своих мыслей, сосредоточьтесь только на диалоге. Развивайте в себе заинтересованность. Собеседник сразу же проникнется к вам уважением и будет благодарен за внимание. Обычно ситуация противоположная. Директор или менеджер может даже не взглянуть на коллегу, обратившегося к нему с проблемой. Зато всегда повторяет, что к нему можно обращаться в любую минуту.

Зрительный контакт чрезвычайно важен! Не бойтесь смотреть на человека, при необходимости двигайтесь ближе. Комментируйте речь собеседника, задавайте уточняющие вопросы. Если время ограничено, заранее сообщите об этом. Скажите, что обладаете только десятью минутами, но все эти минуты посвятите полностью своему

коллеге! Спросите, как бы он сам хотел поступить в ситуации, которая его волнует. Такой непродолжительный диалог окажется очень продуктивным! За десять минут вы вникнете в суть проблемы, услышите точку зрения собеседника. Такого не произошло бы, выполняя вы несколько дел одновременно[5].

Таким образом, проблемы развития и концентрации внимания достаточно многогранны и глубоки. Нельзя рассматривать данный вид познавательных процессов только как составляющую деятельности. Нужно помнить и том, что внимание всегда необходимо нам в повседневной жизни, потому важно уметь сосредоточиваться на простых вещах, замечать даже мелкие подробности. Способность заниматься более сложной и результативной деятельностью зависит от умения концентрироваться. Потому что для таких дел нужно больше всего ресурсов, что может быть достигнуто только в результате концентрации. Ведь действительно, в результате концентрации многое невозможное становится возможным. Поэтому начинайте делать все дела сконцентрированно. Тогда каждое новое дело вы станете делать лучше, с интересом, и естественно расширится диапазон различных. И вы сможете добиться самых высоких результатов во всех областях своей жизни!

ЛИТЕРАТУРА

1. Маклаков А. Г., Общая психология: Учебник для вузов. Питер -2013г.
2. Панфилова А.П., Психология общения. Учебник, М-2014 г
3. Девора Зак “Однозадачность” книга <http://reportglobal.ru/vse/odnozhadachnost-devora-zak.html>
4. <https://theoryandpractice.ru/posts/9745-multitasking>
5. <https://delovoyimir.biz/sila-koncentracii-ili-glavnoe-kachestvo-velikih-lyudey.html>

ӘОЖ 811.512.122

С.ҚОНДЫБАЙ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДЕЙТҮРКІЛІК МӘДЕНИЕТІ

Ұзақбаев Н., студент

Ғылыми жетекшісі: Алтыбаева Г.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Серікбол Қондыбай мұраларындағы Маңғыстаудың дейтүркілік мәдениеті зерделенген.

Түйінді сөздер: Серікбол Қондыбай, Маңғыстаудың дейтүркілік мәдениеті, «Қырымның Қырық батыры» жыры, Қырым топонимі.

Маңғыстау өлкесіне қатысты кешенді зерттеу жүргізген талантты ғалым С.Қондыбайдың ғылыми мұрасын «Қырымның Қырық батыры» жырындағы әдеби және тілдік деректерге, топонимдер мен сакралды атауларға, мифологемалар мен прецеденттік мәтіндерге ғылыми сараптама жасау, ескерткіштерде сақталған көне жазба мұраларға графикалық, текстологиялық, лингвистикалық талдау жасау тәрізді кешенді де ауқымды жұмыстар құрайды. Мысалы, Қырым топонимінің құрамындағы Қыр компонентін Үстірт атауымен синонимдес деп тануы немесе «Асан Қайғы~Есен ата, Асан Қайғы~Қазтуған бір бейне ме?» деп зерттеуі Баба түкті Шашты Өзиз, Бәйтерек, Балқан тау, Жерұйық, Кемпіркосақ, Құмай, Ұмай мифологемаларының негізін сипаттайтын прецеденттік мәтіндерді талдауы, иттің түркілер санасындағы о дүниенің өкілі ретіндегі мифтік

бейнесін дәйектейтін иткөйлек, қызғанғаны қызыл итке жем болды, итжан т.б. модельдер арқылы талдауы т.б.

Атап айтқанда, С.Қондыбай мұрасында деректелген Маңғыстаудың тарихы туралы шежірелер, топонимикалық атаулар мен соған қатысты аңыздар, аңыз әңгімелер мен мифтік таным түрлері, көне дәуірден сақталып жеткен салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрлері, этнографиялық атаулар, би-шешендер сөздері, фольклордағы, жыраулар поэзиясындағы тарихи, тілдік, танымдық деректер Маңғыстау мәдени мәтінін, өлкенің руханиятының әлемдік контекстегі орны мен жалғастырушылық қызметін айқындайды.

Ұлт, тіл, мәдениет арақатынастарының, өзара байланысын зерттеудің жаңаша антропоцентристік парадигмасы С.Қондыбайға тілдік деректерді кешенді түрде, яғни қазақ халқының санасымен, дүниетанымымен, өмір сүрген табиғи ортасымен, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығымен, т.б. тұрғыда қарастыруға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Мысалы, қазақ тіліндегі өте бай ономастикалық қорда қазақ этносына қатысты орасан мол этнотанымдық ақпараттар жинақталғаны белгілі. Осымен байланысты антропоэлектік ұстанымда жүргізілетін лингвистикалық зерттеулердің нысаны ретінде қазақ тілінің аймақтық (регионалдық) жүйесін қарастыру белгілі бір шектеулі аймақ – жер-су аттарының сол өңірдің этномәдени, рухани тарихымен байланысын зерттеу болып табылады. Аймақтық деректер сол аймаққа ғана тән лингвотарихи, этномәдени, этнотанымдық тарихына қатысты және соның жалпы қазақ топонимиясына тән заңдылықтарды айшықтап, аражігін көрсетіп бере алады.

Мысалы, Маңғыстау атауы – қазақ тілі ономастикалық кеңістігіндегі түркі халқы мәдениетінде айрықша мәнге ие феномендік атау, 362 әулие мекен еткен ұлтымыздың бойтұмары.

Осы тұжырымды дәлелдейтін дәйек деп, Маңғыстау атауының сизнергетикалық қуатын бейнелейтін мифологиялық таным жүйесіне сәйкес ерте заманнан қазақ халқының, жалпы түркі әлемінің рухани құндылықтар (аксиологиялық) жүйесінен мықтап орын алған мәдени дерек екенін санаймыз. Ал, С.Қондыбай зерттеулерінде Маңғыстау өңірі топонимиясының лингвоменталды (этнотанымдық) кеңістігі мифтік танымға сай тарихи-топонимиялық қабаттар негізінде қалыптасқаны нақты дәйектеледі. Соның негізінде Маңғыстау феномені қазақ мәдени кеңістігінде рухани эталон, әулиеліктің (киеліліктің) бір метафорасы мен символы ретінде танылады; бұл феноменнің және оған қатысты Маңғыстау прецеденттік топонимінің мәдени-философиялық, тарихи-танымдық, діни, идеологиялық және аксиологиялық мәні дәлелденеді.

Ұлттық санада, қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихында қайталанбас және мәңгі өшпес өз орны бар Маңғыстау аймағында қалыптасқан мәдени-ұлттық сипаттағы С.Қондыбай жан-жақты көрсеткен эталондар, стереотиптер, мифологемалар мен т.б. ассоциацияға түсетін бейнелі оралымдар осы мәдени кеңістікте өмір сүруші тіл иесінің санасында біртұтастылық жүйені құрайды.

Маңғыстау Каспий және Арал теңіздері арасындағы жер жаралғалы дей-дей-түркілер мекені болған қазына жарты аралы. Түбектің Ақтау және Қаратауы Тұран даласынан Үстірт шыңдарымен оқшауланады. Осы табиғи үңгірлер, тас дәуірінде адамдар панасы болған (кейін жақсылап өңделген жер асты мешіттеріне, сопылық ілім орталықтары желісіне айналды).

Соңғы кездегі археологиялық ізденістер Маңғыстау аймағынан б.д.д. I, II мыңжылдықтарға жататын тас дәуірінің артефактылары мен алғашқы киіз үй тәрізді қорған қалаларда жүріп жатыр. Маңғыстау Ұлы Мақта (Жібек, Ноғай) жолының тіке теңіз қатынасына тиімді орын.

Маңғыстау 362 әулиелі киелі мекен, және «Ашық аспан астындағы мұражай» атағымен де белгілі. Мұнда Қазақстандағы архитектуралық, мәдени ескерткіштердің 70 пайыздан астамы шоғырланған.

Халық ақын-жыршысы, жырау Түмен Балтабасұлы (1884-1957) Маңғыстау тарихын: "...Бұл жерде кімдер кетіп кім қалмаған, Қара Жер қаза жетсе кімді алмаған?




Қызылбас, Қытай, Қыпшақ, Қырым, Қырғыз, Айладыр алтау болса, Қалмақ жетеу, Ерлерден ертедегі қалынған Жер...” - деп толғаған.

Маңғыстаудағы ата баба мұраларына мысал келтірелік.

1. Мол рухани мұра мысалы «Қырымның қырық батыры» немесе «Ноғайлық батырлары» аталған ерлік эпос, барлық дейтүркілік еуразия халықтарына ортақ рухани қазынаның бір бөлігі. Бұл 36 батыр династиясы туралы баға жеткісіз шығарманы Мұрын жырау Сенгірбеккұлы ел арасында түн асып төрт ай жырлағанының өзі миф. Бұл жазу сексен үш жастағы жырау аузынан Алматы қаласында Ұлы Отан соғысы жылдарында 1942 жылы жазылып алынды.

Серікбол Қондыбай жырдың ежелгі тамыры туралы: «...жырлар циклі XIV-XVI ғасырлардағы ноғай дәуірінің тарихи оқиғаларына байланысты қалыптасқан деген пікір әлдеқашан қағидаға айналып кеткен. Бірақ бұл жырдың жасы әлдеқайда үлкен, оған қазақ мифологиясының мәселелерін қарастыру кезінде көзіміз жетті. ...Жырдың құрылымы мен идеясының өмір сүру уақыты қазіргіден 1500-2500 жыл бұрынғы аралық, бірақ дәл «қазақ жыры» кейінірек қалыптасқан», деп тұжырымдайды.

Әлемдік эпостық жырлардағы стиль, ұйқас пен ырғақтың біртектілігі «Авеста» гаттарында, Гомер «Илладасында», «Игорь полкі туралы сөзде» өзгеріссіз сақталғандықтан Серікбол бұл ерекшелікті Ас, Сақ дәуірлерінен бері «мифологияның осы кезеңінде генеалогиялық, батырлық мифопоэтикалық бағыты ерекше тез дамыды» деп көрсетеді. Шындығында да «Мұрын жыраудан жазылған мұралар» жинағының бірінші бөлімінде «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» аталып: Аңшыбай батыр, Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұсахан, Орақ-Мамай, Қарасай-Қази тектік қатарын жырға қосса, екінші бөлім: «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» болып келесі тоғыз ұрпақтың ел қорғау тарихын жалғастыра жырлайды. Халықтық рухы зор эпос оқиғасы мен оны жырлау жағдайы мемлекеттіліктің ұйымдасу қуатына, қауымның мал-жан санының өсуі, сарбаздың әскери машығы мен қару-жарақ қуатының артуы кезеңінде ғана мүмкін болады. Жырдағы кейіпкерлердің генеалогиялық бір желіні құрайтындығына орай 36 ұрпақтың жиынтық жасы - 36*25 немесе 36*28,9 ~900-:-1062 жылды құрайды. Сондықтан «Ноғайлы» жырлары қалыптаса кезең IV-VI ғғ. Кейін XIV ғасырда қыпшақтардан бөлінген Ноғай ордасы жеке дәулет құрды деп пайымдауға болады.

2. Материалдық мұра мысалы туралы Маңғыстауда сол кездегі Қыпшақ-Оғыз тайпаларына жататын көптеген руналық таңбалар мен ру белгілерінің бар екендігін айтуға болады. Таңба жүйесі де мифтік артефакт. Бұдан мың жыл бұрын Махмұд Қашқари Оғыз таңбалары туралы мәлімет қалдырды, тіпті 22 оғыз таңбасының суреттерін хатқа түсірген. Өгіз ханның жаратылыс дамуын ұғынудың алғашқы түсініктеріне сәйкес келетін алты ұлының есімдерінің (Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз) символдары 24 Оғыз немересіне бөлінген. Мысалы, «Күн» таңба - ; «Ай» таңба - ; «Тау» таңба -  өлкенің әрбір мекеніндегі пантеондарында сақталған, олар 22 емес 40 тан аса нұсқада салынған. Олардағы мәйіт иесі туралы эпитафия түрік есімдерін тұрады [91].

Өкінішке орай, Орал-Алтай кеңістігіндегі тегі бір тайпалар ауыз әдебиеті туындылары мен шежіресі салыстыра зерттеуден тыс қалып келеді. Осы бағыттағы ізденіс бүгінгі күнге жеткілікті үйлестірілмеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұржанова О. С. Қондыбай шығармашылығы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмалары // II республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2006.

2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

3. Қондыбай С. Есен-Қазақ. – Алматы: «Үш Қиян», 2002.
4. Манкеева Ж.А. С.Қондыбайдың ғылыми мұрасындағы «ғаламның ұлттық бейнесінің» тұтастығы («Қырымның Қырық батыры» жырының тілдік деректері негізінде) // Серікбол Қондыбай шығармашылығы: жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмалары республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2013.
5. Спан Ә. Ерсарыдай ер болған // II республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2006.
6. Қондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы: «Нурлы
7. Қондыбай С. Мифология предказахов /Пер. с каз. яз. З.Наурызбаевой. – Алматы: «СаГа», 2008. кн. 4. - 472 стр.
8. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 444 бет.

ӘОЖ 811.512.122

С.ҚОНДЫБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ АҚИҚАТТАР ЖӘНЕ ДААЙЛАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Алтыбаева Г.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Серікбол Қондыбай мұраларындағы тарихи ақиқаттар және даайлар туралы түсінік зерделенген.

Түйінді сөздер: Серікбол Қондыбай, өлмес мұра, тарихи ақиқаттар, даайлар.

С. Қондыбай бізге көне әдебиетіміздің жеке-жеке жанрларына ғана емес, сол белгілі бір жанрда жазылған дербес шығарманың әрбір сөзіне байыпты оймен зер сала қарауды үйретеді. Мысалы, Қашаған Күржіманұлының «Атамекен» дастанын аталған ғалымның көзімен оқысақ, көне де терең жайттарға тап боламыз. Осы шығарманың белгілі этнограф, жерлесіміз Ж.Жылқышыұлы жариялатқан нұсқасында:

Жауларын жасқай ұрысып,
Біртіндеп төмен жылысып,
Үдере қазақ көшкенде;
Үйсін, Дулат – Ұлы Жүз,
Мұнарланған тау бойы –
Қаптата малын салған жер.
Арғын, Қыпшақ, Жаппастар,
Орта жерде – Сыр бойы –
Өзінің қалап қалған жер....
Сырдан төмен кең қоныс –
Еділ, Жайық, Жем, Сағыз,
Елек, Қобда саласын,
Мекен етіп кетіпті

Кіші Жүздің баласы, – делінген. Асты сызылған сөзге қарағанда көшкен ел «мұнарланған тау бойы» Алатаудың, Жетісудың арғы жағынан және биіктен келе жатыр. Қашекең:

Әзіреттің кең ойы,
Алты судың өн бойы,

Атамыз қонған жер екен, – дейді. Ақын нұсқаған бағытта өзі биікте және алты сулы ой жалғыз жерде бар. Ол – Ресейдің Кузнецк Алатауындағы Койбал ойпаты. Алты

өзеннің қазіргі аттары – Енисей, Абакан (жергілікті түркі тілді хакас халқы Ағбан дейді екен), Туба, Уйбат, Камышта және Аскиз. Бұл ойда көл де көп, біреуінің аты – Адайкель, келесісі – Чолпан. Ойды көмкерген тауларының аттары – Таз, Изых (Ысық?), Сабатай (Сабытай?), Самбыл (Жамбыл?), Саксор (Саксорқа?), Отпал (Отпан?), ол таулардың бауырайларынан Бабық, Аталық салалары бастау алады. Қазақ тарихын зерттеуші орыс ғалымы Н.А.Аристов алшындардың Алтай жақтан шыққанын, оларды қытайлар динлин (түркілік дегенге тілінің келгені болуы керек) деп атағанын айтып еді. Осы ғалымды қазақ тарихшыларынан М.Тынышбаев қолдап, сол жақтағы Чулым, Черкишь, Кеть, Бершь өзендерін ерте дәуірлерде Шылым, Шеркеш, Кете, Беріш руларының қоныстанғанын дәлелдеген.

Қашаған көрсеткен Кіші Жүз баласының мекеніне келсек, ол өңір қазіргі тарих ғылымында толықтай мойындалған, б.д.д. VII-III ғасырларға жатқызылған прохоров (осы мәдениеттің белгісі алғаш табылған Саратов қаласының маңындағы ауылдың аты) мәдениеті қалыптасқан аймақ. Осы мәдениетті бүгінгі қазақ және орыс тарихшылары даайлармен (бұл термин ғылымда дай түрінде аталып кеткен, бірақ Геродоттың өзі бас әріппен Дааі түрінде жазған) тығыз байланыстыруда.

Даайлар жөнінде қазақ тарихшылары Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров, олардың ішіндегі өз жерлестеріміз Е.Өмірбаев, Ү.Қыдыралин, С.Әжіғалиевтар терең ғылыми талдау жүргізіп, олардың Маңғыстау тарихына географиялық та, генетикалық та тікелей байланысты екенін дәлелдеген. Әрине, бұл мәселе жөнінде көрнекті орыс тарихшылары В.Струвенің, Б.Вайнбергтің, В.Ягодиннің еңбектерін үлкен құрметпен атап өтеміз.

Ал С.Қондыбай болса, ол бұл ғылыми мәселенің одан да терең қырларын зерттеп, елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Оның пайымдауынша даайлардың көрнекті тайпасы парндар (апарн деп те айтылады) қазақтың «Қырымның қырық батыры» эпосындағы Парпария батырдың ия, руластары, ия ұрпақтары. Бұл тұжырым – туған өлкемізді зерттеу жолындағы өте-мөте батыл қадам болып есептелінеді.

Біздіңше, ғалымның бұлай деуіне толық негіз бар. Мысалы, парн сөзі маңғыстаулықтардағы бүгіндері пайдаланылмайтын пара сөзіне өте ұқсас. Көрнекті шежіреші Алшын Меңдалыұлы өз еңбегінде атақты рубасы Саназардың сөзін келтіреді: «..., қызымды пара бәйбішелікке бере алмадым,...». Бұл сөзге қарағанда, маңғыстаулықтар ғұмырындағы ең бірінші некелескен әйелін ғана пара бәйбіше деп, ал ол қайтыс болып, кейін «қосы ауып» алғанын бәйбіше деп қана атаған. Шынында да, осы жолдар авторының бабасы Қожаназар үш некелі болған, бірінші анамыз қайтыс болып, екінші шешеміз Ақсолымға үйленген. Ал ол да қайтыс болған соң қосылған үшінші мамамыздың құлпытасында «Қожаназар байдың бәйбішесі Ақшолпан» деген жазу бар. Сонда парн атауы бірінші, үлкен дегенді білдіреді, қазір біздердің бір аталығымызды «аға баласы» деп ерекшелеуіміз сол кезден бар екендігі көрініп тұр. Жалпы көне парсы тілінде пар сөзі бір деген сан ұғымды білдіреді, ал қазақтардың түркілікпен аралас ирантілді де болғанын С.Қондыбайдың өзі дәлелдеген болатын.

Осы парндардың Аршақ атты қолбасшысы тарихта белгілі Парфия (жерлесіміз мұны да пар сөзінен құралған деп есептейді) мемлекетінде патшалық құрады. Аршакидтер де Әзіреттің ойынан келген сияқты, себебі Адайкөлден екі шақырым жерде, Ағбан өзенінің жағасында Аршақ деген ауыл бар, бүгіндері орыстар Аршаковқа айналдырып алыпты.

Бұл аршакидтер 200-300 жылдарда, біздер Шатыртаудағы, түркілер қазіргі Кавказ тауын осылай атаған, Адайкохы тауының бауырында, Шегем өзенінің жағасында жүргенде көрші армян мемлекетінің патшаларымен ұзақ уақыт құдандалы болған екен. Арғы-бергі тарихымызда теңдесі жоқ лингвистикалық мұра қалдырған армян-қыпшақ байланысы сол дәуірден бастау алған сияқты.

Бүгіндері біздер бір-бірімізге атадан қалған әдет бойынша оңашада ғана меңзейтін, жария емес түрде «хан тұқымы» аталатын руымыздың түбі сол аршакидтерден шығар, бір

ханның ұрпақтарына басқа ханның аяусыз екендігін білетін біздің шалдар арамыздағы ханзадаларды ғасырлар бойы «өз баламыз» деп жасырып келген сияқты.

Назарға ала кететін бір мәселе – даай және даһа (ғылыми мақалаларда дах деп те жазып жатады) терминдерінің бір ұғымды білдіретіндігі. Көне парсы тілінде, мысалы, сақтарды сақаһа деп жазады. Соған қарағанда, даай тайпасын көпше түрде көрсету үшін даһа терминін пайдаланған болулары керек.

Оңтүстік Үстірттегі Қазақстан шекарасынан 5-6 шақырым әріде, Қазақлы құдығының қасында Дахлы деген көне құдық бар. Қазақтардың, олардан бұрын даайлардың шеткі қоныстарын шымырауларының атымен белгілеу көрші елдеріміздің екі-үш мың жылдардан бері келе жатқан үрдісі екен.

Ендігі бір үлкен мәселе – «Қырымның қырық батыры» мен «Авестаның» өзара байланыстылығы. Әрине, С. Қондыбай осы байланыс жөнінде тіке пікірін білдірген жоқ, бірақ «Мұрын жырау мұралары» атты, біздіңше аяқталмаған, көлемді еңбегі ғалымның бұл көрнекті екі шығарманың арасында көрінбей жатқан, арнайы зерттеуді қажет ететін желілердің бар екендігіне нұсқаған меңзеулеріне толы. Қазіргі авестатанушылардың, әсіресе, ол эпостағы Ворукаш теңізін біздің Каспийімізге телитіндерінің (осылар Ворукаштарының біздің Балқаш екенін қашан түсінер екен?), арасында осы шығарманы даайлар жазған деп есептейтіндері баршылық. Жерлес тарихшымыздың ешкімнен тәуелсіз жеке өзі, аты әлемге әйгілі кәсіби зерттеушілермен тапа-тайлас қорытындыға келіп отырғанына көзіңіз жеткенде, оның терең тарихи біліміне, қуатты табиғи интуициясына қайран қаласыз, сол білім мен интуицияны қалыптастырған маңғыстаулық көне де жаңа ортаға разы боласыз.

С.Қондыбай ұлт тарихының күрделі мәселесі «қазақ» терминінің мәні, шығу уақыты мен алғышарттары сияқты сұрақтарға жауап беруге де талпынған болатын. Оның пайымдауынша бұл ұғым біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында Қара теңіздің солтүстігіндегі халықтың атауы ретінде пайда болып, кейін XV ғасырда сол халықтың генетикалық ұрпағы – бүгінгі біздің ұлтымыздың аты болып қалыптасқан.

Алайда, не себеппен екені белгісіздеу, қазіргі қазақтың кейбір біздер ірі деп танитын тарихшыларының өздері бұл ұғым беріде, ұлтымыздың өзімен бірге өмірге келді деп есептеуде.

С. Қондыбай бұл мәселе жөнінде жалғыз емес-ті. Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының өзінде аса көрнекті қазақ тарихшысы М.Тынышбаев Геродоттан бастап өз замандастарына дейінгі тарихшылардың мәліметтерін алшындардың өткеніне терең қисынмен байланыстыра отырып, осы мәселенің басын ашып берген. Сонымен бірге ұлтымыздың XX ғасырдағы айырықша интеллект иелерінің өкілі, ел мәдениетіне жүрек қалауымен риясыз еңбек еткен талғампаз талантты ғалым бір сөзінде осы алшындардың Геродоттың б.з.д. V ғасырдағы алазондары екендігін тап басып айтуға әлі де сақтық керек деген еді. Әрине, бұл үлкен ғалымның, мәселеге іштей көзі жете тұра, ғылыми әдепті сақтаған кәсіби ізеттілігі еді. Шынында да, басқа тарихи деректерді былай қойғанда, бұрынғы емес, бүгінгі грек тілінің өзінде ш және ы дыбыстары әлі жоқ көрінеді, кез келген таза гректі ұстап алып «алшын» деп айтшы десеңіз, ол «алзон» дейді екен.

«Жерлесіміз қазақ ғалымдарының ішінен бірінші болып, сол Қара теңіздің солтүстігіндегі халықтың ішінде алшындармен бірге қазақ руларынан үйсіндердің, атап айтқанда дулаттардың да болғанына назар аударып еді. Сөйтіп, бүгінгі орыс-қазақ археологиясындағы жұмбақты – Азау теңізі айналасындағы сақ қорғандарының неліктен Жетісудағы Есік, Бесшатыр қорғандарына өте ұқсастығын – шешіп берген. Біздіңше, ол дулаттар алшындармен бірге келген, себебі Қашекең айтатын Алшын, Кеншін, Үйшін – Үш жүз болып, Алтайдан бері ауғанда, үйсіндер өздері Алатау маңында қалуды шешсе де, әрі бара жатқан інілері алшындарға көмекке қасиетті Дулат атаның бір баласын, атап айтқанда Ботбайларды берген. Бұл көне сақ еліне етене салт болатын, мысалы, беріде адайлар Жем-Жайық бойынан Сауранға көшкенде аға баласы кетелердің бірсыпырасы (көшті «елде өлсейші» дегенге тыңдамай қарт Әжібай бастаған, біздің шалдардың біреуі

«Әжібай жақсы» деп, біреуі «жоқ, Арал (Әжібайдың баласы) жақсы» деп қоймай төбелесулері сол кетелерге деген шексіз ризашылықтан болулары керек) бірге кеткен. Сол адайлар заманында күндей күркіреген Хиуа хандығынан Маңғыстауды қайта тартып алуға аттанғанда, інілерімен бірге өлуге беріш пен таз кеткен. Адайлардың өздері Бөкей хан қалмақ пен казактардың қақ ортасынан жер сұрағанда аға балалары Тәзіке мен Қосайларды, ханның туған нағашылары Табынайларды атқа қондырған» дейді, өлкетанушы ғалым А.Еділхан.

Сол дулаттар кейінгі Ұлы Жібек жолының атасы – көне Сақ сауда жолының басталар жері Керттіні (бүгінгі Керчь) ұстап тұрған, Босфор атты патшалық құрған, Ботбайдың бір баласы Аспарух (С.Қондыбай сиқымдарға меңзейді) хандық династия қалыптастырған. Бұл Аспарагидтер Тараз қаласының маңындағы Аспара (көне иран сөзі, жылқышы деген ұғымды білдіреді) ауылынан шыққан сияқты, ол жерде күні бүгінде де ботбайлар тұратын көрінеді. Ботбайдың тағы бір ауылы – ескелділер сияқты, себебі орыстілді ғылыми жазбаларда эскель деп жазылады. – Еділ бойында Болгар патшалығын құрды. Дулаттар мен алшындар тек беріде ғана, біреуі жаңа патшалық құрамын деп Дунайдан әрі кеткенде, ал екіншісі Алаш елі боламын деп Еділден бері өткенде ғана бөлінді.

Дулаттармен бірге ошақтылар да болғанға ұқсайды, себебі алшындармен құдалықта осылардың аттары көп аталады, ең бастысы – бұлар күні кешеге дейін Ұлытауда бірге көшіп-қонып жүріп, Бұлақты-Өлеңтідегі қырғында бірге соғысқан деген Ә.Диваевтың қалдырған куәлігі бар.

Ғалым қазақтың көне эпостарындағы меңзеулерге сүйеніп «Қобан (қазіргі Кубань) жұрты» деген терминді ғылымға енгізді, сөйтіп Қарға бойлы Қазтуған жырлаған, тарих бетінен сүртіліп кете жаздаған «Алаң жұрты» сияқты біздің ауыз әдебиетіміз бен жад (жадымыздағы) тарихымыздағы ұғымдар қайта жаңғыртылды.

Жазба тарихтағы еуропалықтардың еңбектерінде «кашаг», «казах», «казахия», орыстардың жылнамаларында «касог», саяхатшы мұсылмандардың жолжазбаларында «шатырқазақ (кавказдағы қазақтарды атағаны)», «хазарқазақ (хазарлар еліндегі қазақтарды атағаны)» түрінде кездесетін атаулардың бәрі біздердің алғашқы мыңжылдықтағы ұлтымыздың (мүмкін мемлекеттеріміздің) көрші халықтар берген атаулары.

С.Қондыбай «қазақ» сөзінің этимологиясымен де тыңғылықты айналысқан, соны, бүгінгі ғылым мүлде күтпеген пікірлер айтқан. Осы жолдардың авторы бұл сөзді «шебер, тапқыр, ұғымды адам» дегенді білдіретін көне иран тіліндегі «һазағ» сөзімен байланыстырады. Осы көне тілде «хаймә» деген сөзбен киіз үйді, «хаймәнешин» деген сөзбен киіз үйде тұратын көшпелі елдің адамдарын атайды екен. Қазіргі әдебиетімізде сирек те болса кездесіп қалатын «қаймана қазақ» тіркесі сол ежелгі ирантілді кезімізден келе жатқан сияқты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 16 томдық. Алматы, 2010.
2. Меңдалыұлы Алшын. Адай шежіресі. Алматы. 2002.
3. Яценко С.А. Бывшие массагеты на новой родине – в Западном Прикаспии (II-IV вв. н.э.) //История и культура Арало-Каспия. Сборник статей. Выпуск 1. Алматы, 2001.с.
4. Еділхан А. Серікбол Қондыбай және «даай» мен «қазақ» мәселесі // Серікбол Қондыбай шығармашылығы: жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмалары республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: «Арыс», 2013.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. Санкт-Петербург, 2004.

6. Диваев А. Мавзолей Кок-Кесене (историко-археологическая заметка). Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Ташкент, 1905.
7. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
8. Акбердиева Б.Қ. Қазақ тіліндегі мифтік жүйе. Алматы: «Арыс» 2005.

ӘОЖ 581.144

ҚОС ЖАРНАҚТЫ ӨСКІНДЕРДІҢ IN VITRO ЖАҒДАЙЫНДА ӨСУ ЖӘНЕ ДАМУ ДИНАМИКАСЫН АНЫҚТАУ

Умирбаева З.Ч., Абдырова Д.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қос жарнақтылардан сәбіз (*Daucus*), баклажан (*Solanum melongena*) өсімдік түрлерінің биологиялық, физиологиялық даму ерекшелігі анықталып, зертхана жағдайында олардың онтоморфогенезі зерттеліп, әрбір жастық кезеңдерінің алғашқы легі анықталып, оларға сипаттама берілді.

Түйінді сөздер: фактор, морфометриялық көрсеткіштер, вегетативті мүшелер, Петри табақшасы, тұқым, динамика.

Ауылшаруашылық өсімдіктерін өсіріп, олардан жоғарғы сапалы өнім алу байырғы кезеңнен адамзаттың қызығушылығын арттарып келе жатқандықтан, олардың биологиялық ерекшеліктерін, яғни өсу және дамуын, физиологиясын зерттеу мақсаттары алға қойыла бастады. Өсімдіктің өсу мен дамуына әсіресе жарықтың, температураның, судың мөлшерінің айтарлықтай тигізетін әсері зор болғандықтан аталған қоршаған орта факторларын жан жақты зерттеуді қажет етеді. Сондай – ақ, мұндай өсімдіктерді одан әрі мәдени жағдайға енгізу барысында түрлердің онтоморфогенез ерекшеліктерін анықтау ең басты мәселе боп табылады [1].

Өсімдіктің тіршілік мерзімі өсу және көбею деген екі кезеңге бөлінеді. Бірінші – өсу кезеңіндегі жапырақтары, сабақтары, тамырлары қарқынды қалыптасып, көбейіп, бұтақтанады, түптенеді және гүл мүшелері қалыптасады. Екінші кезеңде өсімдік гүлденіп, жемістенеді. Өсімдік гүлденгеннен кейін ондағы физиологиялық және биохимиялық процестер өзгеріп, жеке өсу мүшелерінің (вегетативтік) ылғалдығы төмендеп, жапырақтағы азотты қосындылардың мөлшері күрт азаяды да, органикалық заттар сақтағыш (қор) орындарға шоғырланып, сабақтың ұзарып өсуі тоқтайды [2,3,4].

Ауылшаруашылық өсімдік тұқымдарының өсуі мен өну динамикасына және биологиялық даму ерекшелігіне жарықтың, әртүрлі температураның және судың әртүрлі мөлшерінің әсерін анықтап, in vitro жағдайында олардың жастық құрылымын зерттеп, сипаттама беру болып табылады [5,6,7].

Зерттеу объектілері мен әдістері қос жарнақтылардан сәбіз (*Daucus*), баклажан (*Solanum melongena*), өсімдік түрлері алынды. Зертхана жағдайында тұқымның өну қарқындылығын анықтау үшін алдымен тұқымның таза салмағы өлшеніп алынып, оның сапалығы анықталды. Тұқымның өнуі мен өсу динамикасын бақылау М.К. Фирсова [8] әдісі арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу объектілерінің онтоморфогенез ерекшеліктерін анықтау барысында Т.А. Работновтың [9] әдістемесіне негізделген И.И.Сикура және Л.П. Сырицаның [10] нұсқаулары пайдаланылды.

Жерасты мүшелерінің морфологиялық ерекшеліктері В.Г. Голубев [11], И.П. Игнатьеваның [12], И.Г. Серебряковтың [13], М.С. Шалыттың [14] және М.Г.

Тарановскаяның [15], И.О. Байтулиннің [16] әдістемелері арқылы зерттеліп, олардың тамыр жүйесіне нақты анықтама берілді.

Зерттеу жұмысы Маңғыстау экспериментальды ботаникалық бағының «Өсімдіктер физиологиясы» лабораториясында *in vitro* жағдайында жүргізілді.

Жұмыстың мақсатына жету үшін зерттеу объектілері ретінде мәдени дақылдардың 2 түрі сәбіз (*Daucus*), баклажан (*Solanum melongena*), асқабақ (*Pepo*) өсімдік түрлері алынды.

Зертханада тұқымдардың өнгіштігін анықтау 3 рет қайталанып жүргізілді (әр қайталану 100 данадан). Тұқымдар ылғалданған сүзгі қағаз салынған Петри табақшасына отырғызылып, 25 күн бойына 18⁰С, 22-25⁰С температурада зертханалық жағдайда өндірілді.

Тұқымдардың сапалығын бағалауға М.К. Фирсова [8] әдісі қолданылды. Тұқымдарды өндірудің зертханалық тәсілінің мәні мынада: тұқымдарды диаметрі 35 см шыны кристаллизаторға, ең алдымен, оның көлемінің 1/5 бөлігіне су құйылып, тиісті формалы сүзгіш қағаздың екі қабаты салынған Петри табақшасының төңкерілген жартысын орналастырылады.

Сүзгіш қағаздың жоғарғы қабаты 4 бөлік сегментке бөлінеді де, әр Петри табақшасына 100 данадан тұқымдар орналастырылады. Кристаллизаторлар шынымен жабылады да, бірақ оған ішкі жағына ауа жақсы ену үшін бір жапырақ дәке желімденіледі.

Ал 1000 дана тұқымдардың массасын анықтау С.С. Лишук [17] тәсілімен жүргізілді. Бұл тәсілдің мәні мынадай: Үш қайтара мың тұқымдарды санап, оларды дәлдігі 0,01 г дейінгі аналитикалық таразыға тартады (12,13-суреттер). Барлық үлгілер мүмкін болған орташа салмағының 3% дейінгі ауытқуымен алынып, онан кейін арифметикалық орта мәні есептеліп шығарылды.

Тұқымдар отырғызылған кристаллизаторлар мына төмендегідей жағдайларда болады:

1 - нұсқа. Зертхана бөлмесінің оңтүстік - шығыс терезесінен 0,5 м аралықтағы жарықта, ылғалмен толық қаныққан (20⁰С) температуралы жағдайда;


2 - нұсқа. Толық ылғалмен қаныққан, қараңғыда (18⁰С) температуралы бөлмеде;

3 - нұсқа. Тұрақты температуралы 25⁰С, катализаторда ылғалмен толық қаныққан, жарық термостатқа орналастырады. 1-3 варианттарда толық пісіп жетілген тұқымдар;

4 – нұсқа. Температурасы 20⁰С жарықта судың әр түрлі мөлшерінде (5мл, 10мл, 15мл).



Сурет 1 - Тұқымдарды жарық жағдайында Петри табақшасына отырғызу



Өсімдіктердің жалпы тіршілік циклы төрт кезең мен 9 жастық кезеңдерінен тұрады (1 - кесте).

Кесте 1 - Өсімдіктің жастық кезеңдері

Кезеңдер	Жастық кезеңдері	Индекстер (Уранов, 1973)
I. Алғашқы тыныштық күйі (латентті)	Тұқымның тыныштық күйі	SM
II. Прегенеративтік (виргинильдік)	1. Өскіндер 2. Ювенильдік өсімдік 3. Иматурлық өсімдік 4. Жас вегетативтік өсімдік	P J IM V
III. Генеративтік	1. Жас генеративтік өсімдік 2. Орта жастық генеративтік өсімдік 3. Ересек генеративтік өсімдік	G1 G2 G3
IV. Постгенеративтік (картаю)	1. Субсенильдік (ересек вегетативті) өсімдік 2. Сенильдік өсімдік	SS S

Төменде жекелеген өсімдік жастық кезеңдеріне өзіндік сипаттама берілді.

ӨСКІНДЕР - Тұқыммен байланысын сақтай отырып, ұрықтық құрылымын (тұқымжарнақ пен ұрықтық тамырды) қалыптастырады.

ЮВЕНИЛЬДІК ӨСІМДІК – Тұқыммын байланысын үзіп, негізгі өркен мен тамыр одан әрі дами түседі. Жапырақ пішіні ересек өсімдік жапырағына қарағанда анағұрлым ұсақ және әлсіз тілімделуімен ерекшеленеді.

ИММАТУРЛЫҚ ӨСІМДІК – Бұтақталу жүзеге асады. Ювенильдік кезеңнен ересек күйге өту барысында өркендік және тамыр жүйесі, жапырақ белгілерінің қалыптасуы жүзеге асады. Тамыр жүйесінің күрделеніп, тамырсабақтың түзілуі байқалады.

ВИРГИНИЛЬДІК ӨСІМДІК - Генеративтік мүшелері әлі дамымағанмен өркен және тамыр жүйесі ересек өсімдіктерге тән. Өркен және тамыр жүйесінде жаңатүзілістер қарқынды жүзеге аса бастайды.

ЖАС ГЕНЕРАТИВТІК ӨСІМДІК – Алғашқа генеративтік өркендері қалыптасады. Түзілген жас өркендер мен тамыр жүйесі одан әрі дамуын тежей бастайды.

ОРТА ЖАСТЫҚ ГЕНЕРАТИВТІК ӨСІМДІК – Жаңатүзілістер мен олардың тіршілігін жою процесі тең дәрежеде болады. Биомасса және тұқымның өнімділігі максималды жоғарлайды.

ЕРЕСЕК ГЕНЕРАТИВТІК ӨСІМДІК - Генеративтік функция әлсіреп (гүлтүзуші өркендер аз), тамыр және өркен түзілу процесі төмендеп, тіршілігін тоқтата бастайды.

СЕНИЛЬДІК ӨСІМДІК - Өсімдіктің тіршілікке қабілетті бөліктері азайып, өркендер мен жапырақ пішіні, мөлшері ювенильдік өсімдікке тән сипатқа ие болады. Көктеу бүршігі және жас тамырлар мен басқа да жаңатүзілістер толығымен жойылады.

Өсімдіктердің өскіндік кезеңінен генеративтік кезеңге дейінгі жастық кезеңдерін анықтап, оларға сипаттама беру үшін әр түрден 10 – ға жуық саны алынып, онтогенез сатыларын анықтауда мынадай биометриялық көрсеткіштер: өсімдіктің биіктігі, тамырмаңы жапырақ тақтасының ұзындығы мен ені, гүл мен гүлшоғырларының мөлшері, өсімдіктегі гүлдің түсі мен сандық мөлшері, гүл беруші өркендерінің жалпы саны, гүлдеу фазасының ұзақтығы өлшеніп, оларға бақылаулар жүргізіліп отырылды.

Әдістемелерге сүйене отырып, онтоморфогенез ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары әр түрлі жастық кезеңдерге өзіндік анықтама беріп және олардың суреттерін салу арқылы жүзеге асырылды.

Қосжарнақты тұқымдас өсімдіктердің онтоморфогенезі

Сәбіз (*Daucus*) өсімдігінің жастық кезеңдері

Өскін (Р) – Тұқым Петри табақшасында өнді. Бұл фазада ұсақ (0,3-0,5 мм), жұқа, нәзік пішінді тұқымжарнағы жетіледі. Жапырақ тақтасы әлсіз, ашық-жасыл түсті болып келеді. Тұқымжарнағы ұзындау келген (0,6-0,7 мм) жіңішке сағаққа бекиді. Қысқа, жіңішке (ұзындығы – 0,3 мм, диаметрі – 0,3 мм) гипокотиль даму барысында ұзындығы 0,8-1,5 мм-ге тең болатын негізгі тамырға бастама береді. Өскіндік кезеңде-ақ негізгі тамырдың тарамдалуы байқалады.

Ювенильдік кезең (J) – Өсімдікте тұқымжарнақ толық дамып жетілгеннен кейін, алғашқы бір нағыз жапырағы қалыптасады. Алғашқы жапырағы сағақты, жапырақ тақтасы үшке бөлінген, әр бөлігі жіңішке үшбұрыш тәрізді, ұштары үшкір келген. Өсімдіктің одан әрі даму нәтижесінде бірінен соң бірі 2-3-ші жапырақтары жетіледі. Пайда болған мұндай жапырақтар пішіні мен мөлшері жағынан алғашқы жапырақ тақтасынан едәуір ерекшеленеді. Олар өз кезеңінде ұзыннан жақсы жетілген сағақтарға бекініп орналасады. Бұл уақыттағы өсімдіктің ювенильдік биіктігі 4,3 – 5,6 мм шамасында болады. Гипокотиль одан әрі ұзарып (0,8-1,5 мм), қалыңдап, жуандай түседі. Бұл даму сатысында өсімдікке бірінші және екінші реттік бүйірлік тамырларының көптеп пайда болуы тән. Негізгі тамырдың базальды бөлігі қалыңдаған сайын, оның ұзындығы 2,3 мм-дей болады. Тарамдалған бірінші реттік бүйірлік тамырларының орташа ұзындығы - 1,5-1,9 мм болса, екінші реттік тамырлары 0,8-1,3 мм-ден аспайды (3-сурет).



Сурет 3 - Сәбіз өскінінің жастық кезеңдері

Имматурлық кезең (Im) – сәбіз өсімдігінің биіктігі 7,0-7,6 мм аралығында болады. Өсімдікте жетілген тамырманы жапырақтар саны 3-5ке жетеді. Жапырақ пішіні анағұрлым жетіліп, оның әр бөлігін құрайтын жапырақ телімдері одан әрі жіктеле түседі. Жапырақ тақтасының ұзындығы 1,0 – 1,8 мм, ені 0,1-0,3 мм аралығында болады. Бұл түрдің имматурлық кезеңінде негізгі тамырдың базальды бөлігі жіңішкеріп, мөлшері 0,4 мм шамасына жақындайды. Ал негізгі тамырдың топыраққа ену тереңдігі – 3,5 мм. Негізгі тамырдан тарамдалған бірінші және екінші реттік тамырлардың ұзындығы 0,1-0,4 мм-дей болады.

Өсімдіктің тамыр жүйесі жақсы дамыған, кіндік тамыр қалыптасады, еттілігі мен түріне қарай ұзартылған конус, цилиндр пішіндес болады.

Имматурлық даму кезеңінде осы қосалқы тамырлардың да тарамдалуы байқалады. Одан дамып шыққан кейбір ірі бірінші реттік бүйірлік тамырларының ұзындығы 1,3-1,6 мм аралығында болса, екінші реттік бүйірлік тамырларының ұзындығы 0,9 мм-ден аспайды.

Баклажан (*Solanum melongena*) өсімдігінің жастық кезеңдері

Өскін (Р) – Өскіннің көктеуі Петри табақшасының жағдайында. Қою жасыл түсті. Гипокотильінің ұзындығы 0,3 мм, одан әрі даму барысында негізгі тамырды қалыптастырады. Өскіндік кезеңде өсімдіктің негізгі тамырының әлсіз тарамдалуы байқалады. Негізгі тамырдың ұзындығы – 2,3 мм, одан бірінші реттік бүйірлік тамырлары тарамдалып, ұзындықтары 1,2-1,5 мм аралығында болады.

Ювенильдік кезең (J) – Өсімдік биіктігі – 4,3 мм, ені 0,2 мм-дей болады. Бұл кезеңде тұқымжарнағымен қатар алғашқы 2 нағыз жапырақ түзіледі. Жапырақ тақтасының ұзындығы 1,5 мм, ені 0,2 мм шамасында болады. Жапырақ ұзындығы 3,6 мм-ге жететін, ұзындау келген жіңішке сағаққа бекінеді. Сондай-ақ, бұл даму барысында ұрықжапырақшалары да одан әрі дами отырып, жапырақ тақтасының көлемі 0,8 мм, ені 1,1 мм шамасында болады. Сағағы қысқалау келген, ұзындығы 2,5 мм-дей (4-сурет).



Сурет 4 - Баклажан өсімдігінің жастық кезеңдері

Сондай-ақ, гипокотиль мен негізгі тамырдың базальды бөлігі өз кезегінде қалыңдап, жуандай түседі. Жақсы жетілген негізгі тамыры жіңішке, жіп тәрізді бүйірлік тамырлары дамиды. Негізгі тамырдан тарамдалған бірінші реттік бүйірлік тамырлардың ұзындығы 1,3 мм-ге тең.

Имматурлық кезең (Im) – Өсімдіктің биіктігі – 8,5-11,2 мм. Өсімдікте 4-6 жапырақ дамиды, жапырақ тақтасының ұзындығы 2,2-2,4 мм, оның ені 0,1 -0,2 мм аралығында. Бұл даму сатысында негізгі тамыр мен гипокотиль аймағының тамыры қалыңдай түседі. Тамыр мойнының гипокотиль аймағынан жіп тәрізді жіңішке 1-2, ал негізгі тамырдың базальды бөлігінен бірнеше ірі қосалқы тамырлары қалыптасып, негізгі тамырға параллельді бағытта өседі. Баклажан өсімдігінің тамыр жүйесі вертикальды қысқа тамырсабақты – шашақты тамыр жүйесін қалыптастырады [].

Кесте 2 - Топырақта өскен өскіндердің жастық кезеңдерінің 15 күндік, морфологиялық көрсеткіштері, мм

	Морфометриялық белгілер	Сәбіз	Баклажан
1	Өсімдік биіктігі (мм)	9,44±0,96	11,96±2,70
2	Жапырақ саны	4,4±1,14	4,8±0,83
3	Жапырақ ұзындығы (мм)	2,36±0,70	3,74±1,45
4	Жапырақ ені (мм)	0,74±0,15	2,32±0,69
5	Сағақ ұзындығы (мм)	0,7±0,4	2±0,67

Қос жарнақты өсімдіктерді онтогенездік бағытта өсіре отырып, оларды салыстыратын болсақ, яғни жапырақтары жақсы жетілген баклажан өсімдігінде $4,8\pm 0,83$ көрсеткіштікті көрсетті.

In vitro жағдайында жүргізілген тәжірибелердің нәтижесінде:

Толық ылғалмен қаныққан, қараңғыда (18°C) температуралы бөлмеде қойылған тәжірибедегі өсімдік тұқымдарының шығымдылығы мен өну қарқындылығына жүргізілген 25 күндік фенологиялық бақылау нәтижелерінің қорытындысы: тұқымның өну қарқындылығы баяу өну динамикасы баклажан өсімдігінің тұқымында (32 дана) жүзеге асты, яғни 18°C қараңғы бөлме алынған өсімдіктер ішінде сәбіздің 100 тұқымынан алғашқы 5-ші күні 20%, орташа пайызы 67%, баклажанның 100 тұқымынан өнгені алғашқы 8-ші күні 9%, орташа көрсеткіші 32% - ті құрады. Алынған пайызды көрсеткіштікті салыстыра отырып тұқымның өну динамикасының төменгі мәні баклажан тұқымында (32%) тән болды. Тұрақты температуралы 25°C , катализаторда ылғалмен толық қаныққан, жарық термостатқа орналастырады. Отырғызылған қос жарнақты өсімдік тұқымдары алғашқы 3-ші күннен бастап-ақ өне бастады. Тұқымдардың шығымдылығы әр өсімдіктің түрлік ерекшелігіне және тұқымның морфологиялық-анатомиялық құрылысына байланысты әр түрлі дәрежеде жүзеге асты. 25°C жарық термостат алынған өсімдіктер ішінде сәбіз өсімдігінің гипокотиль және колеоптиль үшін қолайлы болса, ал баклажан өсімдігінің жанама тамырының қалыптасуына ең қолайлы орта болып есептелінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Калекенұлы Ж. Өсімдіктер физиологиясы – Алматы, 2004. – 456 бет.
2. Әбілов Д.Ә. Өсімдіктердің түрі мен көктеуі. Алматы, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000 ж., 233 бет.
3. Мухитдинов Н.М., Бегенов Ә., Айдосова С. Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясы. Алматы, 1993, 340б.
4. Чайлахян М.Х. Регуляция цветения высших растений. М., 1988. 560с.
5. Холодный Н.Г. Физиологические основы питания растений. М., 1955г.
6. Рысина Г.П. Ранние этапы онтогенеза лесных травянистых растений Подмосковья. – М, 1973. - 215 с.
7. Рысина Г.П. К биологии прорастания семян и развития всходов некоторых лесных травянистых растений. //Бюлл. ГБС. - Наука, 1967. - Вып. 64. - С. 49 – 55.
8. Фирсова М.К. Методы исследования и оценки качества семян. – М.: Наука, 1975. – 365 с.
9. Работнов Т.И. Жизненный цикл многолетних травянистых растений в луговых ценозах //Труды Бот. Ин – та АН СССР, сер. 3, 1950, вып.6.
10. Сикура И.И., Сырица Л.П. Методика изучения онтогенеза //Рекомендация по изучению онтогенеза интродуцированных растений в Ботанических садах СССР. - Киев, 1990. - С. 9 – 16.

11. Голубев В.Н. К онтогенезу корневищ кистекорневых растений //Ботан. Журн. - 1956. - Т.41. - №2. - С. 248 – 256.
12. Игнатьева И.Л. Некоторые особенности мака восточного //Бот. Журн. - 1961. - Т.46. - № 9. - С. 13 – 16.
13. Серебряков И.Г. Жизненные формы высших растений и их изучение. - В кн.: Полев. Геоботан. Т. III. М. – Л: Наука, 1964. - С. 146 – 205.
14. Шалыт М.С. Методика изучения морфологии и экологии подземной части отдельных растений и растительных сообществ //Полев. Геоботаника. - М. Л: 1960. - С. 369 – 371.

ӘОЖ 372.858 (045)

ҚАРАЖАНБАС КЕН ОРНЫ МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ТАБИҒИ ФИТОЦЕНОЗҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Умирбаева З.Ч., Слах А.Н.

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «Қаражанбасмұнай» кен орынының физикалық-географиялық жағдайы мен ондағы табиғи флораның қазіргі экологиялық жағдайы зерттелінді. Мұнай қалдықтарының топырақ құрамына әсерін тигізіп қана қоймай, қсімдік жамылғысының фитоценоз құрамына да зор ықпалына тигізетіндігі анықталды. Зерттеулер барысында кейбір өсімдік түрлерінің морфометриялық көрсеткіштері анықталып, оларға салыстырмалы түрде сипаттама берілді.

Түйінді сөздер: фактор, фитоценоз, популяция, флора, морфометриялық көрсеткіштер, вегетативті мүшелер, мұнай қалдықтары.

Қазақстан өнеркәсібі дамуының басты бағыты – кен байлықтарымызды игеру, оның ішінде айрықша басымдылық мұнай мен газға берілген. Пайдасы мен бірге мұнай және газ өндірудің қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерлері де аз емес. Жерге төгілген мұнай қалдықтары мен алаулы оттықтар төңірегіндегі топырақты барынша ластауда, ол өз кезегінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне ғана емес, адамдардың денсаулығына да үлкен қауіп төндіруде. Сондықтан мұндай антропогендік факторлерге ұшыраған жерлердің топырақ және өсімдік жамылғысын зерттеп, ол жерлердегі түрлердің алуантүрлілігін сақтап қалу шараларын ұйымдастыру басты мәселе болып табылады.

«Қаражанбасмұнай» кен орыны Бозашы жартылай аралының солтүстік-батысында Каспий жағалауында орналасқан. Бұл аймақтың жері өзен-теңіз қалдықтарынан тұзды қабаттармен жамылған. Мұнда шалғындық тұзды теңіз жағасындағы жер көп кездеседі. Жердің қарашіріктігі аз. Жердің осындай болуына себеп тұнбалықтар санының аздығы, жазғы жоғарғы температуралар, профилдің карбонаттылығы мен тұздылығы [1,2,3].

«Қаражанбасмұнай» кен орынында үнемі ластанған және бұзылған жерлерге инвентаризация жасалады. 01.01.2017 жылы өткізілген инвентаризация бойынша сызық түрінде (жол баланысы, коммуникация сызығы, мұнай құбырлар трассасы және т.б.) және локальды (мұнай өндіру бөлігі, карьерлер, кезекші ауылдар және т.б.) механикалық бұзылыстар мен жердің деградациясы анықталады. Осындай механикалық бұзылыстар ұңғымаларда да анықталады [4,5].

Механикалық бұзыластар бұрғылау жұмыстары мен құрылыс жүйелері кезінде туындайды. Жердің ластануының бірнеше маңызды спецификалық ерекшеліктері бар:

Біріншіден, жер-ең аз қозғалатын орта. Яғни ондағы ластану заттардың миграциясы баяу өтеді.

Екіншіден, негізгі уландырғыш техногендік ингредиенттері бар және олардың ортамен байланысатын бастамасы (ауа, су, тамақ).

Үшіншіден, жерге түсетін техногенді химиялық заттар жермен байланысады да, жердің геохимиялық және морфологиялық трансформациясын шақырады.

Жердің ластануы. Өткізілген көрсеткіштер бойынша ауыл металлдар нормадан аспайды. Никель-0,16 ШРК, мыс -0,08 ШРК, күміс -0,01 ШРК (17-кесте). Ортақ мұнай өнімдер саны 0,2 ШРК деңгейінен аспайды [6].

Қазақстан Республикасының табиғи-шаруашылық жер фондасы бойынша кен орынның аймағы Арал-Каспий жағалауының қоңыр, құрғақ зонасында орналасқан. Қарастырылып отырған кен орынның аймағы өзен-теңіз тұзды қабат шөгінділерімен қапталған. Мұнда сорлар (қарапайым, теңізді) және шалғынды тұзды, құмды жерлер кеңінен таралған.

«Қаражанбас» кен орының өсімдік жамылғысы қатал климаттық жағдайға, құрғақшылық климаттың температуралық тербелістерінің тез өзгеруінен, жоғарғы ылғалдылықтың жетіспеуінен, топырақтың тұздалуынан, флораның кедейлігінен, биологиялық әртүрліліктің төмендеуіне бейімделген. Қазіргі уақытта өсімдік жамылғысының аймағы күрделі өсімдіктер процесстерімен және де басқа ландшафт компоненттерімен (рельеф, топырақ, грунтты суларымен) тығыз байланысты. Бұл жағдайға ксероголофитті көпжылдық (сарсазан, сорқаңбақ) және біржылдық (карелина, татарлы лебедасы, еуропалық солерос, Паульсена) сораң өсімдіктері тән [7,8].

Зерттеу объектілері мен әдістері

Зерттеу жұмысы Қаражанбасмұнай кен орнына маршрутты-рекогноскалық әдіс арқылы сәуір-мамыр айларында жүргізілді.

Алдымен зерттеу ауданының орналасқан жері мен климаттық жағдайына сипаттама беріліп, топырақ құрамы мен өсімдік жамылғысының фитоценоздық құрамы анықталып, жеке-жеке ботаникалық сипаттама берілді.

Ондағы өсімдіктер бірлестігіндегі доминантты өсімдіктер *Artemisia terrae-albae*-Тамыр жусан, *Limonium suffruticosum* –Бұташа кермек, *Salsola gemmascens* - Тытыр, бүртікті сораң түрлері болып табылады. Өсімдік атауларын жазуда Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. [9,10,11] еңбегі қолданылды.

Зерттеу жұмысы Қаражанбасмұнай кен орнынан әртүрлі қашықтықта белгіленген (5м, 15м, 25м, 35м) территорияларды жүзеге асырылды. Ең алдымен ауданның доминантты өсімдіктері анықталып, оларқа қысқаша ботаникалық анықтама берілді және белгіленген қашықтықта орналасқан территорияға арнай қазық қағылып ауданы 5м шаршыны құрайтындай етіп қоршалды да, ондағы өсіп тұрған өсімдіктер суретке түсіріліп, гербарийлер дайындалды.

Әртүрлі нүктеден алынған өсімдіктердің жерүсті және жерасты вегетативті мүшелерінің морфометриялық көрсеткіштері өлшеніп алынып, өзара салыстырылып қорытыланды.

Нәтижелерді талдау

4.0 Индустрия жобаларын іске асыру шеңберінде жабдыққа қойылатын ерекше талаптар бағдарламада индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының талаптарымен үйлестірілетін болады.

Ұзақ мерзімді перспективада шараларды табысты енгізу электрондық сауданың, акт және қаржы секторларының, сондай-ақ «жаңа экономика» салаларының рөлін күшейте отырып, экономиканың құрылымын біртіндеп өзгертуге алып келеді.

2. Цифрлық мемлекетке көшу

Сандық мемлекет

Сандық трансформация деректер негізінде проактивті қызмет көрсетуді қоса алғанда, жаңа бизнес-модельдердің пайда болуына алып келеді. Қызмет провайдерлері өз клиенттері туралы көбірек білетін болса, әсіресе дербес ұсыныстар клиенттердің қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін және тіпті клиенттердің өздері білмейтін қажеттіліктерін алдын ала болжайтын қызметтерді ұсына отырып жасай алады. Бұл транзакцияларды талдауға сүйене отырып, қандай да бір қызметке қажеттілікті болжай отырып, азаматтар мен кәсіпкерлерге қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Қызметтер көрсету және мемлекеттің азаматтармен және бизнеспен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін трансформациялау үшін негізгі бағыт ашық сәулет қағидаттарына (Open API) көшу болады, бұл ретте коммерциялық сектормен кооперацияның сапалы жаңа деңгейі құрылатын болады. Бұл үкіметтік емес және бизнес-қоғамдастыққа мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша «соңғы миля» бере отырып, Цифрлық инфрақұрылымға шоғырлана отырып, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ретте мемлекеттік емес ақпараттық ресурстар Мемлекеттік қызметтерді азаматтар мен кәсіпкерлер мемлекеттік қызметтерге бастамашылық жасай алатын және ала алатын өз экожүйелеріне интеграциялай отырып, фронт-енд болып табылады.

Мемлекет-азаматтарға

Азамат мемлекеттік органдарға қызметтер үшін өтініш білдірмеген кезде, ал мемлекет азаматтардың қажеттіліктерін түсіне отырып, мекемелерге физикалық бару

қажетсіз мемлекеттік қызметтер көрсету үшін олармен байланысатын басқару моделі іске асырылатын болады.

Бұл ретте, кез келген уақытта, кез келген жерде және кез келген құрылғыда (байланыс орталығы, веб-портал, зияткерлік мессенджерлер, мобильді қосымшалар, SMS-хабарламалар) ақпарат пен қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай «фронт-офис» құру жолымен омниканалдық қызмет көрсету моделін іске асыру үшін бүгінгі күні таратылған ақпараттық жүйелер мен коммуникация арналарын біріктіру жоспарлануда.

Осы модельге көшу азаматтарға қызметті бір арнадан (портал, мобильді қосымша немесе байланыс орталығы) бастауға және басқа арнада (мысалы, қол қою Халыққа қызмет көрсету орталығында болады) аяқтауға мүмкіндік береді.

Барлық процестерді (G2C, G2B, G2G) жетілдіру үшін бірінші кезектегі негізгі қағидат «paper-free» форматы бойынша өзара іс – қимылды іске асыру-қағаз құжат айналымын алып тастау, «бір өтініш»принципіне көшу болады. Тиісінше, ақпарат қағаз тасығыштарда ұсынылатын процестерді болдырмау үшін процестерді талдау, өмірлік жағдайларды сипаттау және ақпараттық жүйелерді интеграциялау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілетін болады.

Егер Gartner әдіснамасына сәйкес, «электрондық үкіметті» дамытудың ерте кезеңдерінде көрсетілген электрондық қызметтер саны тиімділіктің негізгі көрсеткіші болса, онда мемлекеттік қызметтер санының төмендеуі және онлайн түрде «жіксіз» көрсетілетін өмірлік жағдайлар санының өсуі тиімділіктің жаңа көрсеткіші болады. Осылайша, алғашқы есеп бойынша, осы шараларды іске асыру жақын арада 20 млн. астам анықтаманы толығымен алып тастауға мүмкіндік береді.

Бытыраңқы кадастрларды бір ақпараттық кеңістікке біріктіру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады, рәсімдерді автоматтандыру мынадай жолмен қамтамасыз етілетін болады: әрбір жаңадан пайда болған объект, үй немесе жол болсын, мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерінен өту кезінде картада оны жаңарта отырып, пайда болады. Енгізу нәтижесінде жер қатынастары, сәулет, құрылыс, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, геология, тұрғын үй-коммуналдық және ауыл шаруашылығы саласында халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы артады.

Негізгі іс-шара өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігін кеңейте отырып, Мемлекеттік қызметтерді тек қана электрондық нысанда жоспарлауды және одан әрі көрсетуді көздейтін «Digital by default» қағидатын іске асыру болып табылады.

Белсенді азаматтық ұстанымды білдіруге жәрдемдесу және халықтан кері байланыс құру мақсатында «Ашық Үкімет» және «ашық Парламент»қағидаттарын одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады. Тиісінше, «Ашық бюджеттер» - бюджет қаражатының жұмсалудың қоғамдық бақылау тетігі әзірленетін болады; «Ашық НҚА» - одан әрі жария талқылау үшін жарияланған нормативтік құқықтық актілердің және заң жобаларының Тұжырымдамаларының жобалары; «ашық деректер» - мемлекеттік құпияларға, дербес деректерге және Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген басқа да деректерге жатпайтын коммерциялық пайдалану үшін жария қол жеткізу деректері.

«Ақылды» қала

«Smart city» бастамасы-бұл азаматтардың инфрақұрылымын жетілдіру есебінен қолайлы қалалар құру үшін жағдайларды іске асыру.

Стратегиялық бағыт-қала қызметтерінің ресурстары мен жеке бастамалар қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін өзара іс-қимыл жасайды және ынтымақтасады және нақты уақыт режимінде контекстік ақпаратты талдау және енгізілетін технологиялар арқылы тұрғындар мен туристер үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Бастамаларды іске асырудан тиімділікті арттыру және шығыстарды оңтайландыру үшін сервистік интегратор ИОТ, Open API, жасанды интеллект және басқа технологияларды пайдалана отырып, жобалар тізбесін ұсынатын ЖАО үлгі

архитектурасын әзірлейді. Тәсіл тұрғынның басты бұрышына және оның көлік инфрақұрылымы, қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, әлеуметтік, Денсаулық сақтау және басқа салалардағы күнделікті қажеттіліктерін қояды. Құжат Қазақстанның барлық қалалары бойынша Smart city-ді іске асыру үшін қажетті міндетті шешімдерді айқындайтын болады, өңірдің басымдықтарына оқшаулау үшін түрлі факторларға байланысты жобалар ұсынылады.

3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру

Егер 2022 жылға қарай дамудың келесі кезеңдеріне қол жеткізілсе, бағытты іске асыруды табысты деп есептеуге болады:

1. 4G-Қазақстан халқын ұялы байланыспен сапалы, үздіксіз қамту.
2. Жеке тұлғалар мен компаниялардың деректерді берудің жаһандық желілеріне жаппай және жоғары жылдамдықты қол жеткізуі.
3. Киберқауіпсіздіктің ел деңгейінде жұмыс істейтін және дамып келе жатқан жүйесі және әрбір пайдаланушы, атап айтқанда, білікті кадрлармен және қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Цифрлық Жібек жолын жақын болашақта іске асыру бірқатар іс-шараларды қамтитын екі бастаманы көздейді-бұл байланыс желілерін жабуды кеңейту және киберқауіпсіздікті күшейту.

Байланыс желілерін және АКТ инфрақұрылымын жабуды кеңейту

Байланыс желілерін жабуды кеңейту контур қорғанысымен және ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін алдын ала отырып, деректерді берудің жаһандық желілеріне кеңжолақты қатынау инфрақұрылымын дамыту мәселелерін қамтиды. Деректерді берудің қолжетімділігі, тұрақтылығы және қауіпсіздігі осы бағдарламаның және ақпараттық технологиялар мен цифрландыру мәселелерімен байланысты басқа да бағдарламалардың барлық бастамалары үшін қажетті технологиялық негіз болып табылады.

Бастама спутниктік байланыс жүйесін жаңғыртуды, ауылдық елді мекендерге дейін талшықты-оптикалық байланыс желілерін дамытуды, транзиттік әлеуетті және цифрлық телерадио хабарларын тарату желісін арттыруды қамтиды.

Қазақстан Республикасының Ауылдық елді мекендерінде ТОВЖ, сондай-ақ спутниктік технологиялар базасында кеңжолақты және Интернетке қол жетімділікті қамтамасыз ету бірінші кезектегі маңызды міндет болып табылады. Осы мақсаттар үшін басым жобалардың бірі - мемлекеттік-жеке меншік әріптестік схемасы бойынша 1 200-ден астам ауылдық елді мекендерде талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу жоспарлануда. Қазақстан Республикасының Ауылдық елді мекендерінің ТОВЖ-ын жабу мемлекеттік органдар мен бюджеттік мекемелерді, 2,1 млн. астам жоғары жылдамдықты байланыстың қазіргі заманғы қызметтерімен қамтамасыз етеді. адамның жоғары жылдамдықты Интернет желісіне қосылудың техникалық мүмкіндігі болады.

Бағдарлама шеңберінде сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аудан орталықтарында жаңа буынның ұтқыр инфрақұрылымын (4G, ал болашақта 5G желілері) дамыту жоспарлануда. 4G-стандарт мобильді интернетке кеңжолақты қатынауды және деректерді беру жылдамдығының тиісті ұлғаюын болжайды.

Интернетке қол жеткізуді кеңейту үлкен деректер технологиясының дамуына қарай байланыс операторлары үшін неғұрлым тартымды болуы мүмкін. Қосылған пайдаланушылардан деректер массивтерін жинау және талдау басқалармен қатар пайдаланушылардың (жеке тұлғалар мен компаниялардың) артықшылықтары мен мүмкіндіктерін, сондай-ақ Абоненттің нарықтық динамикасын, өмірлік циклін және сыртқы жағдайлардың әсерін егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік береді.

Алайда үлкен деректер технологиясын дамытуда координация, біріктіру және күш-жігердің бірыңғай бағыты өте маңызды. Сондықтан үлкен деректерді дамытуда жеке тұлғалар, сондай-ақ корпоративтік сектор туралы деректердің ірі көлемі бар мемлекет маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің күш-жігерін шоғырландыру мен дамытуға үлкен деректерді талдаудың технологиялық орталығын – деректерді бірыңғай «жинау орнын»

құру және ұлттық және мемлекеттік ақпараттық ресурстардың сенімді жұмыс істеуін, сақталуын, сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде қолда бар бастамалар негізінде ықпал ететін болады.

Мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялар мен жеке ұйымдардың қажеттіліктері үшін ұтқыр байланыстың базалық станцияларының, спутниктік байланыс арналарының жұмысын, сондай-ақ бүкіл ел аумағында теледидарлық хабар таратуды «KazSat» және «KazSat-3» екі байланыс спутнигінен тұратын «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесі қамтамасыз етеді. «KazSat-2» аппаратын пайдалану мерзімі 2023 жылы аяқталғандықтан, осы мерзімге «KazSat-2R» ғарыштық байланыс жүйесін пайдалануға беру жөніндегі жұмыстар аяқталатын болады.

4. Адами капиталды дамыту

Кадрлардың біліктілігі саласындағы бағдарламаның берілген мақсаттарына қол жеткізу үшін үздік әлемдік практикаларға сәйкес білім беру жүйесі толық жаңартылады. Жаңа білім беру сандық экономиканың қажеттіліктеріне, ең алдымен, фактілер мен формулаларды үйренуден гөрі, ақпаратты талдау және ойлау креативтілігін дамыту дағдыларына назар аудара отырып, жауап беретін болады.

Орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беруде сандық сауаттылықты арттыру

Орта білім беруде жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін және сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мақсатында 2-сыныптан бастап «бағдарламалау негіздері» пәні кезең-кезеңмен енгізілетін болады. Сондай-ақ, бағдарламалар (5-11-сыныптар), бірінші кезекте, STEM-элементтерді (робототехника, виртуалды шындық, 3D-принтинг және басқалар) қосуды ескере отырып, бағдарламалау тілдерін қайта қарау бөлігінде өзектіленетін болады.

Дарынды жастарды дамыту және қолдау мақсатында тұрақты хакатондар, олимпиадалар мен конкурстар, сондай-ақ робот техникасы мен бағдарламалау бойынша әртүрлі үйірмелер өткізілетін болады.

Бұл ретте жаңа білімді жетілдіру және игеру үшін жаңа сандық технологиялар бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру тұрақты негізде қамтамасыз етілетін болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында орта білім беруге арналған ресурстар мен білімге студенттердің қол жеткізуін арттыру жөніндегі іс-шаралар (соның ішінде хакатондар, олимпиадалар, конкурстар және оларға дайындық инфрақұрылымы) өткізілетін болады.

Бұдан басқа, кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының талаптары негізінде Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары өзектіленеді. Жаңа үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары кодтау дағдыларын дамытуды ескере отырып, жобалау, әкімшілендіру және тестілеу саласында білімді меңгерген мамандарды даярлауға бағытталатын болады. Сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандардың Базалық сандық дағдыларына оқыту мақсатында «Информатика» пәні енгізілетін болады.

Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылар үшін біліктілікті арттыру курстары өткізілетін болады, онда АКТ-ны пайдалану бойынша құзыреттер көзделген. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында барлық мамандықтар бойынша «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін енгізуді ескере отырып, кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының талаптары негізінде Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары өзектілендірілетін болады.

Өндірісті қажетті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында АКТ саласындағы мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны қайта қаралатын болады.

Индустрия және білім беруді жақындастыру үшін елдің жоғары оқу орындарының оқу процесіне бюджеттен тыс қаражат есебінен елдің жоғары оқу орындары базасында құзыреттер орталықтарын ашу арқылы кәсіпорындардың өкілдері тартылатын болады. Бұдан басқа, кәсіпорындарда ЖОО-ның АКТ кафедралары ашылады, онда экономика салаларының АКТ-жобалары шеңберінде студенттер үшін курстар өткізілетін болады.

Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау))

Кадрларды қайта даярлау саласында жергілікті атқарушы органдар тұрақты негізде халықты, оның ішінде жұмыссыздарды цифрлық дағдыларға талап етілетін оқытуды және қайта оқытуды жүргізетін болады. Сондай-ақ бұл іс-шара шағын және орта бизнес өкілдерін қамтиды. Білім беру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қажетті дағдыларды алуға ниет білдірушілер үшін ашық білім берудің ұлттық платформасы құрылатын болады, ол онлайн курстар ұсынатын болады, бірінші кезекте, оларды құруға қазақстандық университеттердің үздік профессорлары мен өндіріс өкілдерін тарта отырып, қажетті инженерлік-техникалық бағыттар бойынша базалық дайындықты қамтамасыз ететін болады. Жалпы, бағдарлама бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін оқу орындары мен кәсіпкерлер арасындағы өзара іс-қимылды күшейту үшін мүмкіндіктер ашады.

5. Инновациялық экожүйені құру

2022 жылға қарай осы бағытты табысты іске асыру білдіреді:

1. Қазақстанда бастамашылық жасалған технологиялық стартап-жобалар санын және олардың жиынтық капиталдандырылуын тәртіпке ұлғайту.

2. Қазақстанда тез өсетін экожүйенің қажеттілігін қамтамасыз ететін Венчурлік капиталдың жеке кәсіби саласының болуы.

3. Халықаралық аренадағы қазақстандық стартаптардың» табыс тарихы», оның ішінде»экзиттер» [2]. Ұзақ мерзімді перспективада мақсаттар Қазақстанда жоғары капиталдандыруы бар «дара» және аз ірі компаниялардың пайда болуы үшін барлық жағдай жасау, сондай-ақ технологиялық кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін қажетті институционалдық жағдайлар да, инновациялық қызметті ынталандыру, венчурлік қаржыландыру, технологиялық кәсіпкерлікті құру мен дамыту шаралары да жасалатын болады. Инновациялық экожүйе жұмыс істеп тұрған технопарктер, венчурлік қорлар, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары негізінде де, құрылатын «Astana hub» технопарк базасында да құрылатын болады. Бұл орта бүкіл әлемнің идеяларын, технологияларын, сандық шешімдерді және талантты мамандарды тарту, сондай-ақ шетелде ат-жобаларымен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын белсенді тарту үшін жағдай жасауға арналған. Елде инновациялық экожүйені құрудың маңызды салдары Қазақстанда шығарылған технологиялар үлесін ұлғайту болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://digitalkz.kz/o-programme/>

2. Инновационная система Республики Казахстан - Астана, 2013

ӘОЖ 004(075.81)

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЖҮЙЕСІ

Қабылбай Г.Ж., магистрант, Есенова Г.Н., магистрант

Ғылыми жетекшісі: Сулейменова Б.Б.

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мұғалімнің қызметінде оқушының жетістіктерін тиімді бағалауды жоспарлауда бағалаудың мақсатын білу қаншалықты маңызды болса, оның жеке түрлерін білу соншалықты маңызды екендігі баяндалған.

Түйінді сөздер: критериялды бағалау, рубрика, дескриптор, тьютор, фронтальдық, дифференциалдау, диагностикалық, формативті, суммативті.

Оқушылардың оқу-танымдық жұмыстарының нәтижесі әділ бағалаудан көрінеді. Бағалау – білім, ептілік және дағдылардың игерілу дәрежесін анықтау. Ол сандық көрсеткіш, яғни шартты сан немесе балмен белгіленеді. Бұл ретте шынайылықтың маңызы зор. Өйткені, әділ баға оқушының ынтасын арттырады. Көтермелеп қойған баға шәкіртті қуанытып, қанаттандыруымен қатар, оның сабаққа деген немқұрайлығын тудырады. Әділетсіз қойылған бағаның әсері мол: баланың оқуға ынтасын арттыруы да, жігерін мұқалтуы да мүмкін.

Қазіргі кезде оқушылардың білімін бағалаудағы мына қателіктер сапаға кері әсерін тигізуде:

- кең пейілділік, орынсыз жомарттық, яғни бағаның ретсіз көтермеленіп қойылуы;
- тұрақты да қатаң өлшем-шектердің болмауы, яғни деңгейі төмен жауап үшін мұғалімнің жоғары баға қоя салуы немесе керісінше;
- орташа бағалау ұстанымын сақтау, «екілік» немесе «бестік» бағаларды қоймау;
- өткен сабақта алған бағаны сәл ғана көтеру, мысалы, оқушының «екілігінен» кейін «бестік» баға қою мұғалім үшін қиын сияқты көрінуі;
- әсіре қателік (оқытушының жеке пайымдауы бойынша ұнатқан оқушысына төмен, ұнатпаған шәкіртіне жоғары баға қоймайды) және тағы басқа.

Соңғы уақытта сабақ барысындағы оқушылардың білім-білігін, яғни, заманауи тілмен айтқанда, құзыреттілігін бағалауда бірқатар өзгеріс енді. Айталық, сындарлы оқу мен жазу әдістемелік технологиясында оқушылар бірін бірі бағалайды немесе мұғалімнің бастамасымен ортақ баға қояды. Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Критерийлік бағалау жүйесі - қандай да бір оқу материалы қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігін анықтайтын, іс жүзіндегі дағдылар қалыптасатын, оқу курсына бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін салыстыру мүмкіндігін анықтайтын жүйе. Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты — мектепте білім беру сапасын көтеру, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Рубрика – оқушы не үшін оқып жүргендігін, критерий – ол нені үйренуі керек екендігін, ал дескриптор – оқушы оны қалай орындау қажеттігін көрсетеді. Егер рубриканы қандай да бір төбе деп есептесек, критерий – баспалдақ, ал дескриптор – жоғары көтеріле отырып, сенімді түрде мақсатқа қарай жылжуға болатын жеке басқыштар. Оқыту процесінде бақылаудың фронтальдық, топтық және дербес формалары қалыптасқан. Оның тиімділігі мұғалімнің оларды дұрыс ұйымдастыруына байланысты.



Сурет 1 - Критериалды бағалау жүйесі

Фронтальдық (жаппай) бақылау жағдайында барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылар арасында ынтымақтастық, жолдастық сезім пайда болады, бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын толықтырады, орындалған жұмыстарды өзара тексеріп, іске асырады. Демек, ұжымдық іс-әрекетінде әлеуметтік құнды мотивтер қалыптасады.

Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Дербес бақылау бағдарламалап және дифференциялы оқыту барысында жақсы нәтиже береді. Дербес бақылауда оқушылар жауабының логикалық бірізділігіне, олар өз пікірлерін қалай байымдайды, қалай дәлелдейді, міне, осы мәселелерге аса көңіл аудару керек.

Оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. Өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды.

Баға "балл" есебінде көрсетіледі. Келесі кезекте баға және оның өлшемі қандай, соған тоқталамыз.

"5" бағасы - оқу материалын толық, дәл логикалық, бірізділікпен айтылған жауапқа қойылады;

"4" бағасы — оқу материалын толық біледі, бірақ болар-болмас кемшілігі бар жауапқа қойылады;

"3" бағасы — жауабы негізінен дұрыс, бірақ толық емес, білімінде кейбір проблемалар еске алынбаған жауапқа қойылады;

"2" бағасы — оқушы жауабында қателер, білімінде елеулі кемшіліктер бар жауапқа қойылады;

"1" бағасы — тексерілген оқу материалы бойынша білімі жоқ, толып жатқан өрескел қателер үшін қойылады.

Сынақ (зачет) - қорытынды бақылаудың айрықша түрі, ол белгілі бір тарау немесе тақырып бойынша атқарылған оқу жұмыстарының бүкіл өн бойында мұғалім қолданған тексерудің барлық түрлерін ескере отырып қойылады. Ол оқу бағдарламасының негізгі бөлімдері және тақырыптардағы білім, білік, дағдыларды жүйеге келтіру, тереңдету міндеттерін шешеді. Сынақ 1959 жылдан енгізілген.

Жеке бағдарлы оқытуда бағалаудың әр түрі мен әдістерін қолданудың маңызы зор. Оқушыларға өз білімдері мен дағдыларын көтеруге және алдағы уақытта қай бағытта жұмыс істеу керек екендігін анықтауға мүмкіндік туса, мұғалім оқушының оқу мазмұнын терең түсінуіне және оқып-үйренуде тәуелсіз болуына қажетті ақпараттарды алады [1].

Бағалаудың әр түрлі тәсілдерін, әдістері мен техникасын оқушылардың өтілген тақырыпты түсіну дағдыларын қалыптастыру дәрежесін анықтау мақсатында мәліметтер жинау үшін ұтымды қолдану мұғалімге оқытуды жүйелеуге мүмкіндік береді, яғни әр оқушының талабы мен мүмкіндігі ескеріледі, ал оқушы білім алуына және алдағы өміріне қажетті өзінің білімін, жоғары күзиреттілігін қалыптастыруын бақылайды.

Бағалау – оқыту мәселерінің диагностикасы мен жетістіктерін, кері байланысты, оқу процесіне қатысушыларды (сыныптағы оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, мемлекет) білім берудің жағдайымен, мәселелерімен, және жетістіктерімен таныстыруды өлшеудің негізгі құралы. Оқушының оқудағы жетістіктерін бағалау жүйесі – білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын бағалайтын оқу үрдісінің негізгі элементі.

Қазіргі кездегі мектептің білім беру жүйесінде бағалау, баға, белгі деген сөздер тек синоним түрінде қолданылады. Бірақ іс жүзінде олай емес.

Бағалау – оқушының оқу және танымдық қызметін бақылау, сонымен қатар білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқушы туралы ақпараттарды жинақтау, жазу, тіркеу және интерпретациялау процесі.

Баға – бағалау процесінің қорытындысы, бағалау бойынша іс әрекет немесе қызмет, кері байланыстың сапалы ақпараты.

Белгі – оқушының білім алудағы жетістіктерінің бағасын цифрмен, әріппен немесе басқа да түрде жинақтап өрнектейтін шартты – формальды символ.

Оқушының білім алудағы жетістіктерін тиімді бағалау мақсатында мұғалім бағалаудың мынандай түрлерін сәтті қолдануы тиіс: диагностикалық, формативтік (қалыптастырушылық), суммативті (жинақтаушы).

Диагностикалық бағалау – оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысы мен құзіреттілігінің қалыптасуының алғашқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе бір тақырыпты, тарауды оқытудың алғашқы сабағында жүргізіледі.

Диагностикалық бағалаудың мақсаты пән бойынша тақырыпты немесе тарауды оқуды бастарда оқытудың мақсатына қатысты оқушының алатын орны туралы ақпарат алу болып табылады. Диагностикалық бағалау мұғалімге оқушының сұранысы бойынша оқу жоспарын өзгертуге немесе алдағы уақытта оқып үйренуде туындайтын қиындықтарды жеңуді болжауға көмектеседі.

Диагностикалық бағалаудың бірінші буыны – оқушының бір тақырыпты, курсты оқығанға дейінгі жинақтаған білім қорына немесе дағдысы мен құзіреттілігінің деңгейіне сүйеніп, оның білім алу деңгейін алдын ала сараптау (алдын-ала тест алу). Бұл жұмыс мұғалімге жаңа тақырыптың қай бөлігінде оқушыға қиындық туындайтынын анықтауға және бұл қиындықтарды болдырмау қадамдарын жоспарлауға көмектеседі.

Педагогтар алдын-ала тест алудың мақсаттарының тізбегін анықтады:

- алғашқы білім мен тәжірибенің диагностикасы;
- алғашқы білім мен тәжірибенің өзектілігі;
- алғашқы білім мен тәжірибенің проблемалылығы;
- оқушылардың өз дайындық деңгейлерін өздігінен бағалауы;
- оқушының көзқарасынан пәннің маңызды аспектісін бөліп қарау;
- оқылатын тақырыпқа қызығушылық туғызу;

Алдын ала тестілеу диагностикалық бағалаудың жалғыз түрі емес екенін байқаймыз. Тақырыпты оқытудың алғашқы кезеңінде сол курс бойынша ой қорыту және болжам жасау үшін рефлексстік жағдайлар туындатуға болады. Бұл кезеңде тақырыпты, бағдарламаны, оқытылып жатқан курстан не күтетінін талқылау керек.

Диагностикалық бағалаудың екінші буыны – жаңа тақырып бойынша оқушының білімін, іс-әрекеті мен дағдысын, құзіреттілігін тексеру болып табылады. Мұғалім тестілеуді тақырыпты оқудың соңында жүргізіп, оқушы өтілген тақырыпты қаншалықты дұрыс қабылдағанын, құзіреттіліктерді меңгеру дәрежесі туралы ақпараттар алады.

Диагностикалық бағалау – оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысы мен құзіреттілігінің қалыптасуының алғашқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе бір тақырыпты, тарауды оқытудың алғашқы сабағында жүргізіледі.

Бағалаудың бұл түрі оқушыға да, мұғалімге де қазіргі жағдай мен талаптар туралы дұрыс көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Диагностикалық бағалаудың қажеттілігі мыналар арқылы анықталады:

- а) оқушылардың даярлық деңгейінің әр түрлілігі;
- б) оқыту мазмұнын тізбектей қалыптастыру;
- в) оқушының білім алу процесі мен оқытуда «таяу арадағы даму аймағына» сәйкес талаптар мен мүмкіндіктерінкөре білу қажеттілігі.

Оқушының білім алудағы жетістіктерін бағалаудың мақсаты алынған білім нәтижелерінің алдын ала жоспарланған деңгейге сәйкес келу дәрежесін анықтау болып табылады.

Бағалау - оқушының оқудағы мақсаты мен жетістіктерге жету критерийіне көңіл аудару және мұғалімнің әрекетін әр оқушыны жеке дамыту технологиясын жетілдіруге бағыттау, атап айтқанда:

- оқушыға ары қарай білім алуда дұрыс шешім қабылдауға қажетті ақпараттар беру (өз күшін қайда бағыттау, неге көңіл аудару, нені жақсарту, нені түзету, қай жағынан жетілдіру керек);
- оқушыға өзін өзі бағалау дағдысын қалыптастыру;
- оқушылармен үнемі кері байланыста болу;
- оқушыға ары қарай мақсатты түрде білім алу керек екендігін дәлелдеу;
- ақпараттарды беру;
- оқушыға оның жұмысының сапасы туралы;
- мектеп және елді мекен (аудан, қала, облыс, т.с.с) бойынша жалпы есеп беру саясатын қалыптастыру.

Оқушының жетістігін бағалау принциптері.

Мұғалімге өз қызметінде мынандай принциптерді басшылыққа алуға тура келеді:

Маңыздылық. Оқушының білім алудағы және іс – әрекетіндегі неғұрлым маңызды жетістіктерді бағалауға көңіл аудару.

Теңбе-теңдік. Оқушының білімінің, іскерлігінің, дағдысының, құндылықтарының, мақсаттағы күзиреттілігінің және оқудағы жетістіктерінің бағаларының сәйкес болуын қадағалау.

Шындық және әділдік. Нақты бағалау критерийін жасап жүзеге асыру. Критерий бағалауды және белгі қоюды оқушыға қысым жасау қаупінен арашалайды.

Интеграцияланған. Бағалауды жүзеге асыру жоспарлы және жан-жақты ойластырылған оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Ашықтық. Бағалаудың критерийі мен әдістерін тапсырманы орындамас бұрын хабарлау. Оқушылар бағалау критерийін жасауға да қатыса алады.

Қол жетімділік. Барлық білім алу процесіне қатысушылар үшін бағалау процесінің қарапайым және оның түрлері мен әдістерінің айқын болуына ұмтылу.

Жүйелілік. Бағалау процедурасын тізбектей және жүйелі орындау.

Мейірімділік. Оқушы мен мұғалімнің арасында жетістіктерді арттыруда серіктестік қатынаста болуға жағдай жасау.

Оқушының жетістігін бағалау түрлері.

Мұғалімнің қызметінде оқушының жетістіктерін тиімді бағалауды жоспарлауда бағалаудың мақсатын білу қаншалықты маңызды болса, оның жеке түрлерін білу соншалықты маңызды. Осы параметрлер бойынша бағалау мынандай үш түрге бөлінеді: диагностикалық, формативтік (қалыптастырушы), суммативтік (жиынтық, қорытынды).



Сурет 2 – Бағалау түрлері

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау — бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Оқушы сын тұрғысынан ойлау арқылы алдына мақсат қоя біледі. Әрі нәтижеге жетуге үлкен талпыныс болатынын уақыт байқатып отыр. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады. Сондықтан маңызды істі жауапкершілікпен атқарғанда ғана жұмыс жүйеленетіні белгілі [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.
2. <https://www.tarbie.kz/25664>

УДК 656.22

ЦИФРОВИЗАЦИЯ — ГЛАВНЫЙ ТРЕНД ЛОГИСТИКИ

Беркешева А.С., Жамаладинова А.А.

Актюбинский университет им. С. Баишева, г. Актобе, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы цифровизации логистических процессов и процесссов, связанных с движением товаров. О мероприятиях логистических операторов, которые используются для повышения эффективности процессов и внедрения новых технологий. Платформенное решение, максимальное ускорение, информационная технология WMS, как способы и методы сокращения времени для выполнения отдельных операций, в результате чего покупатель получает товар значительно быстрее.

Ключевые слова: Цифровизация, логистика, информационные технологии, перевозочный процесс, технологии перевозок.

Глобальное движение в сторону цифровизации трансформирует и логистическую отрасль. «Цифра» меняет каналы движения товаров, форматы поставки и процессы управления. Компании, вкладывающиеся в цифровые технологии, вырываются в лидеры отрасли. Однако в целом уровень диджитализации логистики остается невысоким. Развитие электронной коммерции и возрастающие требования к поставке — многоканальность, оперативность, прозрачность, точность — стимулируют ритейлеров и логистических операторов к повышению эффективности процессов и внедрению новых технологий. Приходится осваивать актуальные каналы и форматы доставки, анализировать большие данные, автоматизировать процессы, внедрять блокчейн и роботов. Логистическая отрасль становится одним из драйверов цифровизации [1].

Платформенное мышление.

Один из самых ярких трендов отечественной логистики — переход от отдельных решений к платформенным мышлениям. Знаковым примером платформенного решения стал сервис по поиску и подбору грузоперевозчиков (аналог Uber для грузового транспорта) и организации мультимодальных перевозок. При вложениях в разработку платформенных, а не отдельных решений, повышается эффективность использования массивов данных для создания новых сервисов и оптимизации логистики. Если отдельные программы и сервисы позволяют улучшить какой-то определенный бизнес-процесс, то

платформа способна решить сразу несколько задач. Платформы позволяют интегрировать бизнес-процессы участников цепочки, соединять производителей с потребителями, управлять складскими запасами и оказывать целый спектр других услуг. Цифровая трансформация не только меняет отдельные логистические компании, но и становится предметом диалога между государственными органами, ведомствами и бизнесом. В 2018 году было объявлено о создании единой цифровой платформы транспортного комплекса (ЦПТК), которую планируют запустить к концу 2019 года.

Максимальное ускорение.

В тренде — решения, направленные на ускорение поставки, одну из ключевых задач торговой розницы. Для офлайн-ритейлера при доставке товаров с нескольких различных складов, как собственных так и арендованных, или напрямую от множества поставщиков выгодно консолидировать все товары на одном складе (или распределительном центре) с последующей развозкой по магазинам сети. Тогда, применяя современные технологии, можно отслеживать и своевременно пополнять запасы продукции. Ускорить процесс доставки позволяет кросс-докинг — совокупность операций по перегрузу и распределению отправок из большегрузных автомобилей в малотоннажные для доставки до магазинов. Ускорение происходит за счет оперативной комплектации заказов без хранения на складе. При работе интернет-магазина доставка чаще всего осуществляется со склада до адреса клиента, и оперативность выполнения заказа является конкурентным преимуществом. В таком случае актуальна передача всей логистики одному 3PL-оператору по принципу фулфилмента – от получения и обработки заказа, до доставки клиенту. [2] Такое решение сокращает время выполнения отдельных операций, в результате чего покупатель получает товар значительно быстрее. Становится все более явственной необходимость более глубокой автоматизации процессов управления. Например, среди типичных проблем e-commerce-ритейлеров — отсутствие информации об остатках товаров в течение дня у всей цепочки поставок, что грозит сбоями в формировании заказов. Решить эту проблему позволяет автоматизация процесса контроля запасов в рамках всей цепочки поставок.

Информационная технология WMS.

Логисты помогают организовать процессы транспортировки того или иного товара по самым оптимальным условиям из всех имеющихся. Поэтому неудивительно, что в эту сферу постоянно внедряются новые технологии, большая часть которых относится к типу информационных, т.е. связанных с методами поиска, сбора, хранения, обработки, предоставления и распространения информации - это WMS. Данная информационная технология, разработанная логистической компанией «ЕМЕ», имеет следующее полное название – Warehouse Management System. Она объединяет под собой все автоматизированные комплексы и системы, которые направлены на контролирование складских помещений. Сегодня просто доставить какой-либо ресурс на склад и учесть его в товарной ведомости уже недостаточно. Нужно всегда иметь полное сведение об этом продукте, знать, когда он был привезен и где размещен, отслеживать срок годности или эксплуатации, управлять запасами, получая своевременную информацию о недостаточности тех или иных единиц и необходимости их пополнения. Если представить, что в маленьких помещениях площадью 500 кв. м. такое еще можно делать самостоятельно (хотя и здесь влияние человеческого фактора при налаживании товарного потока и возможность возникновения ошибки значительно увеличиваются), на гигантских складах площадью в 30000 кв. м. подобное оказывается уже просто неосуществимым. Именно поэтому информационная технология WMS начала применяться в логистике столь активно: она действительно позволяет оптимизировать все вспомогательные процессы. Например, приемка грузов вместе с этим комплексом, в рамках которого можно проводить автоматическую идентификацию (по штриховому кодированию, радиометкам и пр.), становится куда менее затратной в плане времени – всего 50 минут против 2 с половиной часов изначально. Кроме того, WMS позволяет сделать последовательной и

отлаженной работу каждого из сотрудников. Для этого в интерфейсе также имеются необходимые панели и разделы. Благодаря оперативному планированию удастся не только грамотно распределить задания как таковые, но и выстроить последовательность действий для эффективной разгрузки поступивших партий. [3] Таким образом тем компаниям, которые еще недостаточно активно используют в своих логистических процессах цифровые технологии, безусловно следует очень серьезно пересмотреть свои процессы управления, иначе лидирующие позиции в современном быстроменяющемся мире завоевать не получится. В эру диджитализации по прежнему остается актуальным формат отраслевой выставки, единой бизнес-платформы, где не только представлены новинки, но и встречаются к лицу грузовладелец и перевозчик, разработчик и пользователь.

ЛИТЕРАТУРА

1. Захаров К.В. Логистика, эффективность и риски внешнеэкономических операций - К.: ИНЕКС, 2000 - 237 с.
2. Марченко В.М. Методологические аспекты управления транспортными процессами при организации перевозки грузов // Российское предпринимательство.- 2006.- №10.
3. <https://www.retail.ru/articles/tsifrovizatsiya-glavnyy-trend-logistiki>

ӘОЖ 65.9 (2к) 37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТАРИФТІК САЯСАТ

Кайралапова Б.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мен осы ғылыми баяндамада жүк және жолаушы тарифтерінің бағасын төмендету үшін біршама мәселелер көтеріп, осы мәселелерді шешу арқылы ел экономикасының даму жолдарын көрсеттім. Мынадай ұсыныстар қарастырдым:

1. Маңғыстауда жүк вагондарын жасау зауытын салу керек. 2. Тұрақты клиенттерге, яғни контрагенттерге белгілі бір пайыз көлемінде жеңілдік жасау қажет. 3. Транзиттік, экспорттық жүк тасымалдауда көліктік - логистикалық орталықтарды дамыту керек. 4. Республикада жолаушыларға билет сатуда сервистік қызметті дамыту қажет. 5. Жаз мезгілінде пойыз санын көбейту қажет.

Түйінді сөздер: жүк тарифі, вагон, жүк, тарифтік арақашықтық, тарифтік нұсқау.

Теміржол тарифіне жүк және жолаушы тасымалдау үшін алынатын ақы мен қосымша алымдар, сонымен қатар оларды есептеу ережелері жатады.

Өндіріс пен кәсіпорындардың дамуына байланысты тарифтердің рөлі қарқынды өсе бастады. Тарифтің жалпы деңгейі мына мәселелерді қамти отырып қалыптасады:

- Негізгі құралдар тозғанда оның шығындарын жабу үшін;
- Жаңа құрылыстарды жоспарлы түрде финанстық қамтамасыз ету;
- Кадрларды дайындауға кеткен шығындарды жабу үшін;

Тариф бағасының өсуі мен көбеюі жекелеген көлік түрлері арасында жүк айналымын дұрыс ұйымдастыруға байланысты болады [1]. Жүк тарифтері есептеу таблицасының формасында құрылған. Таблицалар жүк тасымалдау қашықтығына байланысты дайын ақылар мен ставкалар негізінде құрастырылған. Тарифтік ставкасының орташа мөлшері мына формуламен анықталады:

$$T=C+П; [1,4]$$

Мұнда, С – тасымалдаудың өзіндік қоры;

П – тасымалдау процессіне қажетті кіріс;

Тариф деңгейін қалыптастыруға ықпал ететін мына факторларды алайық: тасымалданатын жүк түрі, тасымалдау жылдамдығы, қашықтығы, салмағы, жүк көтерілімдігі.

Жүк тарифтері былайша бөлінеді: жалпы, льготтық, жергілікті. Барлық жүк тарифі жөнелтілім түріне байланысты вагондап, ұсақ жөнелтілім, контейнерлік және рельстік жылжымалы құрам, өз осінде тасымалданатын жүктер үшін анықталады.

Теміржол көлігінде тасымалданатын жүктер тарифі Тарифтік нұсқауда көрсетілген.

№1 тарифтік нұсқау 2 бөлімнен тұрады:

1-бөлім. Тарифті қолдану ережесі, жүктер номенклатурасы;

2-бөлім. Жүк тасымалы үшін ақы мөлшерінің таблицасы;

№4 тарифтік нұсқау 3 кітаптан тұрады:

1- кітапта транзиттік қашықтықтар таблицасы;

2- кітапта теміржол пункттерінің, жолаушы аялдау пункттерінің алфавиттік тізімі;

3- кітапта маршрутты- транзиттік пункттер арасындағы қысқа қашықтықтар көрсетілген [2,3].

Есептеу ережесі

Жүк тасымалдау ақысын есептемес бұрын жөнелту стансасынан тағайындалу стансасына дейінгі тарифтік қашықтығы анықталады. Накладнойда көрсетілген жүк атауы бойынша оның группасы мен позициясын №1 тарифтік нұсқау, 1- бөлім бойынша анықтаймыз. Таксировка жасау үшін МЖС, ГК, ЛТ, ПВ кітаптарын пайдаланамыз.

МЖС - магистральды көлік торабын пайдаланғаны үшін;

ГК - жүк және коммерциялық жұмыстары үшін;

ЛТ - локомотив тартымын пайдаланғаны үшін;

ПВ - вагонды пайдаланғаны үшін;

Бұл кітаптың әрбірі қатынас түрелері, яғни жергілікті, импорт, экспорт бойынша құрылған және 105 схемадан тұрады.

Есеп №1.

Массасы 33 тонна ЕТСНГ 462031 болатын пластмасса өнімін Алматыдан Маңғышлаққа (3201-3300км) жабық вагонмен тасымалдау үшін қанша қаржы қажет? [6,7]

МЖС: $216,69 \times 337 = 73025 \text{тг}$

ГК: $7,834 \times 723 = 5664 \text{тг}$

ЛТ: $270,19 \times 372 = 100511 \text{тг}$

ПВ: $408 \times 104,44 = 42612 \text{тг}$

Барлығы: $73025 + 5664 + 100511 + 42612 = 221812 \text{тг}$

Есеп №2.

Маңғышлақтан Павлодарға (2871км) ЕТСНГ 211056, салмағы 54 тонна мотор бензинін нөмірі 74877218 цистерна вагонымен тасымалдау үшін қанша қаражат қажет? [6,7]

МЖС: $5,19 \times 367 \times 54 = 102855 \text{тг}$

ГК: $0,188 \times 723 \times 54 = 7340 \text{тг}$

ЛТ: $6,47 \times 390 \times 54 = 136258 \text{тг}$

ПВ: $2,5 \times 864 \times 54 = 116640 \text{тг}$

Барлығы: $102855 + 7340 + 136258 + 116640 = 363093 \text{тг}$

Осылайша жүк тарифтерін есептейміз [4,5].

Жолаушы тарифтері

Жолаушы тарифі—дегеніміз жолаушыны, бағажды және жүк бағажын тасымалдауға қатысты ақылар. Жолаушылар тарифі де жүк тарифтері тәрізді тасымалдау қашықтығына байланысты алынады. Сонымен қатар, вагон түріне (плацкорт, купе, СВ, общий) алынады. Мысалы, МАҢҒЫШЛАҚ-АЛМАТЫ бағытына билет құны плацкортқа 7000тг және билет табу өте қиын. МАҢҒЫШЛАҚ-АСТАНА бағытына билет құны

плацкарт вагон үшін 5000тг. АЛМАТЫ-АСТАНА бағытында ТАЛЫГО пойызының СВ вагондарына билет құны 20000-ға жуықтайды. Бұл әуе көлігі билетінің құнымен пара-пар. Мұндай бағалар жолаушы үшін өте қымбат. Әрбір жолаушы 36 кг-нан артық емес қол жүгін алып жүруге құқы бар.

Жүк тарифтерін есептегенде бұрын 50 км сайын есептесе, 2011 жылдан бастап әрбір 5 км сайын есептелінетін болды. Бұған себеп вагон тапшылығы. Вагон сатып алу үшін қаражат керек. Қаражатты тариф бағасын көбейту арқылы алып отыр. Осы мәселені шешу үшін Ақтау халықаралық көлік торабы болғандықтан Маңғыстау облысында жүк вагондарын жасап шығаратын зауыт салу қажет. Осы уақытта тариф әрбір 100 км сайын алынар еді. Егер тариф осы 5 км сайын есептелетін болып қалса ше , онда жүкті жеткізу жауапкершілігі артуы тиіс. Жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушының талаптарын қанағаттандыру қажет.

Қорытындылай келе, мен жүк тарифтерін арзандату үшін мынадай ұсыныстарды көрсеткім келеді:

1. Маңғыстауда вагон жасау зауытын салу қажет.
2. Тұрақты клиенттерге, яғни контрагенттерге белгілі бір пайыз көлемінде жеңілдік жасау керек.

3. Транзиттік, экспорттық жүк тасымалдауда көліктік-логистикалық орта—лықтарды дамыту керек.

Жолаушыларға қызмет көрсету жақсармаса да, билет бағасы күн өткен сайын қымбаттауда. Бұл қаржыны қарапайым жолаушы қалтасы көтере бермейтіні анық. Ол үшін мынадай өзгерістер енгізу қажет:

1. Республикада жолаушыларға билет сатуда сервистік қызметті дамыту қажет.

2. Жаз мезгілінде пойыз санын көбейту керек [6-11].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүк тасымалдау мен коммерциялық жұмыстардың негіздері. I-бөлім. Оқулық. Бекжанова С.Е., Бекжанов З.С., Битілеуов З.К. –Алматы, 2006.

2. Закон Республики Казахстан «О транспорте» от 21 сентября 1994 г. №156-ХІІІ.

3. Закон Республики Казахстан «О железнодорожном транспорте» от декабря 2001 г. №266-ІІ.

4. Тарифная политика железнодорожи Казахстана на перевозки грузов международном сообщении на 2004 фрахтовых год. –Астана. -2003.- ТОО Компания «Полиграфиздат».

5. Атамқұлов Е.Д., Жанғаскин Қ.Қ. Қазақстанның теміржол көлігі: Қайта құрылымдау және әлемдік экономикаға кіру жолдары. Алматы. Экономика. 2004ж.

6. Тарифное руководство № 1, часть 1. М.: ЗАО «Бизнес-Проект», 2003.

7. Тарифное руководство № 1, часть 2. М.: ЗАО «Бизнес-Проект», 2003.

8. Тарифное руководство № 2. М., 2001.

9. Тарифное руководство № 3. М., 2002.

10. Тарифное руководство № 4, книга 1,2,3. М.: Транспорт, 2001.

11. Международный железнодорожный транзитный тариф. М.: Транспорт, 1996.

МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАЛАРДА АРНАЙЫ СМАРТФОНДАР ЖӘНЕ ANDROID ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Көздібай Қ. Қ., магистрант

Ғылыми жетекшісі: **Жумадилова М.Б.**

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қай салада болмасын мамандық иесінің коммуникативтік мәдениеті болғаны жән, яғни ол диалог жүргізе білу, дұрыс қарым-қатынас жасай білу қабілетіне ие болуы қажет. Былайша айтқанда, кез келген мамандық иесінің коммуникативтік білікті болуы – жаңа заман талабы.

Зерттеу мақсаты: Оқытушылардың профилінің бірыңғай ақпарат алу жүйесін құру және ендіру. Оқытушы туралы толық ақпарат алуға, оқытушының жетістіктерін мобильді қосымша арқылы көре алады. Зерттеудің өзектілігі: Мобильді қосымшаның өзектілігі жылдан жылға артып келе жатыр. Сол себепті жобамды қолдануға қолайлы жасап жатырмын. Оқытушалар жайлы керекті мәліметті жылдам алуға қолайлы.

Түйінді сөздер: Android ортасы, мобильді қосымша, Java, Html, веб беттерді дайындау орталары.

Мобильдік қосымша бұл бағдарлама арнайы смартфондар және де басқа мобильдік құрылғыларды қамтамасыз етуге негізделген. Ең алғашқы мобильді құрылғылар телефондағы контактілер тізімін реттеуге және қызметке хабарлама жіберуді/қабылдауды орындады.

Ерекшеліктері:

- графикалық және видеоақпараттарды хабарлама арқылы жіберу ұзақтығы шектеусіз

- қосымша қозғалысының ыңғайлылығы

- қосымшада деректер жинау ыңғайлы (орналысқан жері, тілі және тағы басқа)

- интерактивті мүмкіндіктері шексіз

Мобильді қосымша интернеттен жүктеу мобильді қосымша интерактивті процеске қатысушыларды тартып қана қоймай, және жарнама ортасы да бола алады. Мобильді қосымшаларды құруға арналған программалық жабдықтарға тоқталайық.

Мобильді қосымша құру кезінде басты мына операциялық жүйелер қолданылды: Android, iOS, BlackBerry, HP webOS, Symbian OS, Windows Mobile және т.б. Қазіргі уақытта Android мобильдік қосымшаны әзірлеу, қарқынды дамып келе жатқан бағдарламалардың бірі болып табылады. Android операциялық жүйесі көптеген смартфондарда орнатылған, ондай смартфондарға: Samsung, Motorola, Sony, LG, Lenovo және т.б. Қазіргі заманда өзекті мәселелердің бірі ғаламтор - бағдарламалары тез дамып жатыр.

Android - ықшамды операциялық жүйе. Ол Linux ядросының негізінде жасалған және коммуникаторлар, планшетті компьютерлерге, санды ойнатқыштарға, қолсағаттарға арнап жасалынған. Алғашында бұны Android Inc. компаниясы жасап жатқанды, кейіннен бұл компанияны Google сатып алды. Содан кейін Google қазіргі кезде осы платформаның дамуына ат салысып жүрген Open Handset Alliance (ОНА) альянсын құруға ынта білдірді. Android Google кітапхана арқылы жасалынған басқару құрылғысымен Java-қолданбалар жасауға мүмкіндік береді. Android Native Development Kit Си және де басқа да бағдарламалау тілінде жазылған қолданбаларды жасай алады.

Android – операциялық жүйесі коммуникаторларға, планшеттарға, цифрлық ойнатқыштарға, цифрлық фоторамкаларға, қолға киетін сағаттарға, нетбук және

смартбуктарға, Linux ядросында жасалған операциялық жүйе орнатылған. Бағдарламаларды өңдеудегі негізгі тілдердің бірі Java. Бағдарламаны жасау үшін Eclipse ортасын қолданамыз, AndroidSDK мобильдік құрылысы SDK эмуляторы арқылы іске асады. Java объектісіне негізделген тіл. Бірінші орында ол қолданушыға жеңіл әрекеттестікті көрсетеді.

Android платформасы үшін қосымшаның бағдарламалау тілі – Java. Бірақ олар классикалық Java VM-де емес, ерекше Dalvik виртуалды машинада жасалынады.

Android үшін әрбір қосымша Dalvik машинасының ішінде бөлек процессте функцияланады. Жады мен басқару процесстеріне барлық жауапкершілік Android-қа негізделген. ол ресурстарды босату керек болса процесстерді тоқтатады немесе өлтіреді. Dalvik пен Android Linux ядросының шыңында орналасқан. Ол драйверлер мен жадыны басқару жұмысын қоса, аппараттық қамтамасыз етумен төменгі деңгейлі байланыспен айналысады.

Android жүйесінде қосымша құру ретін қарастырайық [1]. Android Project Wizard (Android жобалар мастері) Android қосымшаға керекті файлдардың барлығын құрады. Жаңа жоба құру үшін Eclipse қосамыз және келесі амалдарды жүзеге асырамыз:

1. File-New-Android Project (Файл -Жаңа -Андроид жоба) командасын орындаймыз немесе «а» әрпі бар бума сурет түріндегі андроид жоба құру белгішесін басамыз және Eclipse құрал-саймандар панеліндегі «қосу» таңбасын қосамыз.

2. Жоба атын береміз

3. Жоба сақталатын орынды таңдаймыз. Бұл жоба болғандықтан ауыстырып қосқышты Create new project in workspace күйіне қоямыз. Use default location жалаушасын қоямыз.

4. Жаңа қосымша үшін тұғырнама нұсқасын таңдаймыз.

5. Қосымша атын береміз. Біздің жағдайымызда ICE (Independent education class) деп атаймыз.

6. Java стандарттық пакетінің аттар кеңістігінің талаптарын қанағаттандыратындай пакет атауын береміз. Бұл жобадағы барлық кодтар com.example* атаулар кеңістігінің талаптарына сай келетін болғандықтан com.example.ies атын беруге болады.

7. Create Activity жалаушасына назар аударыңыз. Ол Activity қосу класын құруға болады.

8. Min SDK Version енгізу өрісінің мәндерінің дұрыстығына назар аударыңыз. Бұл өрісте API-дің минимальды рұқсат етілетін нұсқасын көрсетеміз

9. Next батырмасын басамыз.

10. Finish батырмасын басамыз.

Android - Java бағдарламалану интерфейсіне ие Linuxқа негізделген тегін операциялық жүйе. Android, OpenGL кітапханасын пайдалана отырып, 2D және 3D-графикасын ұстанады, сонымен қатар деректерді SQLite деректер қорында сақтайды. Әр Android-қосымшасы өзінің меншікті процесінде қосылады.

Android жүйесінің негізгі мүмкіндіктеріне тоқталайық:

Activity (Белсенділік, Қызмет) — Activity классымен ұсынылған және XML-файл түрінде белгіленген қолдану интерфейсі экранын ұсынады. (белгіленуді бағдарламалау арқылы да жасауға болады, бірақ қазір олай жасамайды). Android-қосымшасы бірнеше формадан тұруы мүмкін және қосымшаларды орындауда өзара қосылыса алады.


Intents (Намерения) — асинхрондық хабарлама, бұл дегеніміз басқа қызметтерден функция алу мүмкіншілігін тудырады. Қосымша қызметке тікелей сұраныс жасай алады немесе Android-тан тіркелген қызметтер сұрай алады. Мысалы, қосымша, Internet арқылы деректер алу үшін немесе браузерді қосу үшін сұрауы мүмкін.

Views (Представление, Түр, Басқару элементі, Компонент) — виджеттермен класс құратын қолданыс интерфейсі. Бұлар өзімізге таныс басқару элементтері: кнопкалар, мәтін кеңістігі, жалаушалар, қосқыштар және т.б.

Services (Қызметтер) — қолданыс интерфейсын қолданбай фондық талаптарды орындай алады. (мысалы, әуенді ойнату). Олар қолданушыны Android ескерту жүйесі арқылы ескертіп отырады.

Content Provider (Контент-провайдерлері) — қосымшаларға деректерді контент-провайдер арқылы жеткізеді. Сіздің қосымшаңыз басқа қосымшалармен дерек алмаса алады.

Broadcast Receiver (Хабарламаларды кеңінен тарататын қабылдағыштар) — жүйелік хабарламаларды қабылдайды, жүйе жағдайының өзгеруіне де әсер ете алады. Қосымша белгілі бір анықталған қабылдағыш ретінде де тіркеле алады, егер ондай хабарлама болған жағдайда ғана қосыла алады.



Сурет 1 - Android жүйесінің негізгі интерфейстері

Егер сіз өзіңіз Android басқармасын пайдалана отырып телефондарға қосымшалар ойлап тапқыңыз келсе, онда сізге жақсылап дайындалып, жұмысқа арналған барлық аспаптарды дайындап алу қажет [2].

